«Сейдәлі мен Алтын айтысы» айтыстың жалпы түрінің бас мінеуі, білім, ой таласы келеді. Бас мінеуі бар. Бірақ рулық тартыс жоқ. Екеуі екі ұлт адамы. Ретті жерінде «осы қазақ» дегені де ұлттық намысты қазбаламайды. Сейдәлі «сен қарақалпақсың» – дегенді, тіпті, тіліне де алмайды. Бұл айтыстың ұтымды жағы. Екіншіден – екі ақында да бір-біріне көрсетілген турпайылық мінезі танылмайды. Алтын:

Мен арғымақ баласы,
Өлі қызбан шабылмай,
Айтысып көр қазағым,
Тәубеңізден жаңылмай [4, 140 б.].
... Алмаспын сен қазақты назарыма
Қазақтың түсі бозғылт көрінеді,

Құдай-ау, осы адам таз болмасын [4, 142 б.] – деген сөздерінде еркелік, наздылық байқалады. Замандастық әжуа да көрінеді. Тұрмысқа шықпаған қыз арадағы жасты алшақтық деп есептемеген. Тіпті, Алтын жеңешесі де Сейдәліге сен Алтыннан үлкенсің деп айта алмайды. Ол кезде де, қазірде ұлдың да, қыздың да кешігіп тұрмыс құруы, үйленуі әр түрлі жағдайға байланысты. Олар да солай.

Ақындар айтысында ақындардың бірінің басын екіншісінің мінеуі, сынауы заңды. Сөз жарысында бар қалыпты дәстүр. Қыз бен жігіт айтыстарында көбіне жігіттер жоқ жоғалтқан «жоқшы» болады, я қарсыласына айтыс үстінде ғашық боп шыға келеді. Ал қыз, жігіттің жоғын табысуға көмектесуші болады, я ғашық бола қалған жігітті келекелеп өзінен алшақтатады, сөйтіп «ғашық» жігіттің «ғашықтығынан» сытылып шығып кетуге ақындық күшін жұмсайды. Әр түрлі әзіл, оспақ, күлкілі юморлар мол беріледі.

«Сейдәлі мен Алтын айтысында» Сейдәлі жоқ жоғалтқан кісі болып көрінеді. Бірақ, сөз астарынан басқа мән аңғарылады. Оның жоғалтып жүргені де, іздеп жүргені де Алтын қыз екендігі айтыстан толық байқалады.

Менен бір байтал жоғалды.
Төрт аяғы ала аяқ,
Тобығының ағы бар,
Қаламменен жазғандай.
Жүзінде сулу меңі бар.
Құлағының артынан,
Жаңа да ойық ені бар.
Азырақ зерлеп қарасаң,
Танауының шегі бар.
Менің сондай жоғым бар [4, 139 б.].

Сейдәлі сөзі жылқы жоғалтқандай, жылқының түсін баяндап отырғандай әсер етеді. Бірақ ақынның баяндап, суреттеп отырғаны жылқы емес, қыз. Қарап көрейікші «Төрт аяғы ала аяқ» – дегені – зерлеп тастаған қыз бешпентінің екі қол жеңі ушы өрнегімен таспалап тігілген аяқ киім. «Тобықтағы ақ» таспамен салынған әшекей, «Қаламмен жазғандай, жүзінде сулу меңі бар» – уыз жүзге сән беріп тұрған қолдан жасалған нүкте қал ғой, «құлақ сыртындағы ойық» сырға үшін тесілген жері емес пе, ал «азырақ

зерлеп қарасаң, танауының шегі бар» дегені қарақалпақтың сулу, ару қыздарының сәндік үшін мурнына әребек өткізетін қолмен тесілген жері. Мұны жұмбақтап сөйлегенде Сейдәлі қарсы алдында айдай құлпырып отырған Алтынды жоғалтқан жоқшы болып шығады. Сөйтіп, Алтынның бүкіл көркін айтысқа түсірген. Алтынды іздеп жүрген замандасы ойын жұмбақтап айтып, пікірін астарлап жеткізіп отырыпты. Ақын жұмбағын Алтын да түсінеді. Дегенмен ол әңгімені басқа арнаға бұрмақ болады. «Менде бір байтал бар еді, бұрнағы жылы күз келді» – деп жауап береді. Екі жақты ой жарысы ұштасып ілгерілеп отырады. Қалт басар орнын көз жазбай зерделі аңдып отырады. Алтын Сейдәліге жеңіл: «Қазақтың түсі бозғылт көрінеді, құдай-ау осы адам таз болмасын» – әжуа айтуынан тосылады. Сейдәлі Алтынға әкең, шешен, күйеуің де таз дейді. Сейдәлінің мұнысына Алтын тосылып қалды, тыңдаушылар Алтынды жеңілді дейді. Жоқ. Алтын сөзден сүрініп, сөзден жеңілген жоқ. Алтын Сейдәліге уәж айта алады. Оны басқа арнада баяндап, жауаптасып құтылып кету мүмкіндігіне ие боларлық сөз құдіреті Алтында бар. Сонда Алтынды сөзден тосқан не? Алтынды сөзден тосқан, түркі халқы қызының ұяңдығы, ибалылығы деп білу керек. Біріншіден, айтыста астарлы жұмбақ бар дедік. Көріңіз, Сейдәлі: «Тәуекелің сай тұрса, айтысып көр тайынбай», «Берсейші бағанағы байталымды», «Шала етіп дәунемені жаба алмаймын», «Бар еді бір айғырым кер қара жал», «Байталың айғыр түгел майып болар, «тусын» деп арғымаққа салынған соң» дей келіп, «Алтын қыз байқадың ба сөздің парқын» – дейді.

Мұндай тұрпайы – фольклорлық жұмбақ сөздерге сыр бермеген Алтын «таз көрсе қыз көңілі жаз болады» – сөзіне көптің көзінше қыз басымен жауап бере алмай тосылып қалады. Егер Алтын тұрмысқа шыққан болса, үйленбеген Сейдәліге уәж айтып, сөзден сүріндіріп кетер еді. Бірақ, мұндай тұрпайы фольклор материалы кесірінен қыз бен жігіт айтысында қыз жігіттің олжасы болған. Қыздарымыз қыз болғандығынан тұрпайы фольклорлық сөздері алдында тосылып, «бірдей жеңіліп отырған». Айтыста «сөз тапқанға қолқа жоқ ережесінің» қыздар үшін тиімсіздігі қыз бен жігіт айтыстарының бәрінде көрінеді. Алтын Сейдәлімен айтысында сондай «қыздарға тиімсіз ереженің» ибалы құрбаны болады. Екіншіден, Алтынның жеңешесі Сейдәлінің «жігіттікті» «таз көрсе қыз көңілі жаз болады» деген сөзі үшін ара түсіп:

Құрбыңды көп ішінде сонша ұялтып,

Кегіңнің біткен жері сол ма, қайным [4, 143 б.] – дейді. Бірақ Сейдәлі оған қысылмайды.

Ар қандай, ақыл қандай, намыс қандай,

Жүйріктің бірі озады жарысқанда-ай,

Алтынды жұрт жеңбеген жеңді деген,

Шашылған әрбір елде дабыс қандай [4, 144 б.] – деп, Алтын жеңешесіне Сейдәлі қарсы уәж айтып сөзден құтылып кетеді.

«Сейдәлі мен Алтын айтысын» Т.Тебегенов «Қыз бен жігіт айтысының үлгісі» [5, Б.282-284] ретінде қарастырылады. Онда әзіл-қалжың, мінез мәдениеті, ақындық жүйріктік сөз болады.

Біздің түйіндеу ойымызша «Сейдәлі мен Алтын айтысы» қазақ, қарақалпақ әйел қыздары теңдігін көтерген емес. Көтерген күнде де оған жете алмаған айтыс. Себебі, екі ақын айтысы қайымдасудан әрі асып, қоғамдық ой пікірге кірмейді. Әзіл, қалжыңы басым күйінде қалып кетеді. Сондықтан, оны қыз бен жігіт айтысының әсем қайымдасуы деп танымыз.

Айтыс ақыны әзіл-әжуаға төзімді болуы қажет. Әйтпесе, жүйеден жаңылысады. Тыңдаушы қауым да оған разы болмайды. Мінезсіздік ақын беделін көтермеген.

Сейдәлі айтыстары айтыстың түре және сүре түрін қамтиды. Ақында екеуі де сәтті қолданылады. Қайымдасулары – драмалық диалогтай қысқа қайырылып отырылады. Диалог сөздерге негізгі айтар ойды сиғызу – басты мақсат болған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті. – Алматы; Арыс, 2006. – 89 б.
2. Жұмажанов Қ. Дослықтың терең тамырлары. Кітапта; Жаслар пәруазы. – Нөкис; Қарақалпақстан, 1982. – 365 б.
3. Сыдықов Т. Қазақтың осы заманғы эпикалық дәстүрін дамытудағы ақындардың ролі. // Қазақстан мектебі, 1976, №9.
4. Айтыс. II том. – Алматы; Жазушы, 1965. – 664 б.
5. Тебегенов Т. Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі (Әдеби процесс. Авторлық поэзия. Ақындық өнер психологиясы). – Алматы; Білім, 2001, – 332 б.
6. Алламбергенов К. Қарақалпақ әдебиатында айтыс. – Нөкис; Қарақалпақстан, 1989. – 140 б.
7. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы; Ана тілі, 1991. – 261 б.

ЦИФРОВОЕ ГУМАНИТАРНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ КАК СРЕДСТВО СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ КРЕАТИВНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ ПЕДАГОГОВ СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНОГО НАПРАВЛЕНИЯ

ДЖУМАНИЕЗОВА МУХАЙЁ ТОДЖИЕВНА

Узбекский государственный университет мировых языков,
И.о. профессор кафедры педагогики и психологии,
доктор педагогических наук (DSc).

Аннотация. В данной статье рассматриваются особенности цифрового гуманитарного образования, роль цифрового обучения в современной среде преподавания социально-гуманитарных наук, а также некоторые вопросы адаптации квалификации педагогических кадров к цифровому обучению.

Annotation. This article discusses the specific features of digital humanities education, the role of digital learning in the modern environment of teaching social and humanitarian sciences, and some issues related to adapting the qualifications of teaching staff to digital education.

Модернизация системы образования и воспитания, адаптация образовательных программ к потребностям цифровой экономики, широкое внедрение цифровых средств в образовательную деятельность и их интеграция в информационную среду в единой системе имеют важное значение для создания возможностей обучения в любое время и в любом месте в соответствии с индивидуальными учебными целями граждан на протяжении всей жизни ("lifelong learning").

Обучение на протяжении всей жизни – это концепция постоянного поиска и накопления новых знаний человеком независимо от его возраста и сферы деятельности, основанная на личных или профессиональных интересах. На практике эта концепция побуждает человека к личностному росту, а также повышает его конкурентоспособность на рынке труда [1;104].

Основными характеристиками обучения на протяжении всей жизни являются: непрерывное изучение; оперативность; использование новейших технологий; самоуправление; незамедлительное применение на практике; охват широкого спектра знаний; динамичность; обмен с другими; свободный выбор критериев работы; принятие решений, основанных на информации. Данная концепция предполагает личностную систему образования, в которой новые знания усваиваются непрерывно и добровольно, а также обосновывает возможность обучения как с помощью формальных и неформальных методов (непрерывное образование, обучение взрослых, система наставничества, различные тренинги, учебные курсы и курсы профессионального развития), так и посредством неформального обучения – приобретения нового опыта в процессе практической деятельности или самостоятельного изучения.

Практическая работа, направленная на повышение качества системы высшего образования, проведенные эмпирические исследования, реализуемые в развитых странах новые проекты по повышению квалификации педагогических работников, а также результаты анкетирования слушателей курсов повышения квалификации позволили нам сделать вывод о широких возможностях неформального образования в развитии креативной компетентности. Мы также убедились в особой значимости следующих факторов в развитии креативной компетентности:

1. Знать содержание цифрового гуманитарного образования, работать в цифровой гуманитарной образовательной среде и развивать компетенции в проведении исследований.

2. Формировать правильную профессиональную информационную среду и личную траекторию профессионального развития педагогов социально-гуманитарного направления, а также обладать индивидуальной программой профессионального развития.

3. Участвовать в создании и реализации краудсорсинговых проектов, которые становятся все более распространенными среди педагогов в области социально-гуманитарных наук.

4. Правильно и эффективно использовать коллаборативные технологии, смешанное обучение и возможности дистанционного образования.

Основная идея формирования личной образовательной траектории педагога — концепция обучения на протяжении всей жизни, где главная цель заключается в замене устаревших идей и подходов новыми методами и передовыми взглядами. Кроме того, данная концепция предусматривает использование всех возможностей современных образовательных и информационных технологий в реализации личного образования. Эффективная реализация индивидуальной программы

профессионального развития педагога возможна при наличии достаточных педагогических, методических, технических и организационных условий для самостоятельного профессионального развития и самосовершенствования.

В начале XXI века, после появления концепции цифровых гуманитарных наук в развитых странах Европы, Азии и США, исследования, проведенные в европейском масштабе, показали, что даже сегодня преподаватели тратят больше времени на подготовку учебных материалов с использованием ИКТ, чем на сам процесс преподавания (European Schoolnet and University of Liège, 2013).

Цифровое гуманитарное образование — это современная научная область, связанная с использованием цифровых технологий и компьютерных методов в обучении и научных исследованиях в области социальных и гуманитарных наук. В контексте социально-гуманитарных дисциплин цифровые продукты включают онлайн-курсы, онлайн-уроки, вебинары, интерактивные онлайн-лекции, электронные учебники, учебные пособия и книги, онлайн-образовательные ресурсы, 3D-моделирование содержания социально-гуманитарных наук, а также создание, распространение и преподавание образовательных продуктов в электронном формате и образовательных услуг через интернет.

Цифровые гуманитарные науки находятся на пересечении компьютерных и гуманитарных наук, представляя собой область исследования, изучения и создания, включающую использование цифровых и печатных материалов. Они объединяют методику преподавания традиционных гуманитарных дисциплин (история, философия, лингвистика, литература, искусство, археология, педагогика, музыка и другие) с компьютерными науками, внедряя в образовательный процесс компьютерные инструменты. Это открывает новые возможности для сбора данных, их визуализации, а также использования математической статистики при поиске информации.

Современные тенденции развития требуют от преподавателей социально-гуманитарных дисциплин непрерывного обучения. Для этого педагог должен быть также исследователем. В XXI веке основные характеристики исследовательской деятельности в области социально-гуманитарных наук проявляются в следующих аспектах: создание информации, поиск информации, отбор информации, усвоение информации.

Цифровые технологии и цифровизированное гуманитарное образование повышают научно-исследовательский потенциал преподавателей социально-гуманитарного направления, обеспечивают высокий уровень педагогического мастерства и создают условия для развития их креативной компетентности.

В рамках нашего исследования мы стремились изучить значение цифровой гуманитарной образовательной среды в развитии креативной компетентности педагогических работников. Для этого мы сосредоточились на выявлении факторов, влияющих на эффективность креативной деятельности в условиях цифрового гуманитарного образования. Среди них:

- необходимость визуализации содержания социально-гуманитарных дисциплин и учебных материалов (создание краткого визуального образа изучаемого объекта в гуманитарных науках облегчает запоминание, позволяет быстро оценивать информацию и способствует ее распространению и популяризации).

- появление больших объемов данных в области социально-гуманитарных наук, а также современные требования к их хранению, анализу и представлению аудитории требуют от педагогов овладения новыми знаниями, навыками и компетенциями (анализ цифровых данных, автоматическая обработка текста, изучение теории сетей и геоинформатики, использование ресурсов цифрового гуманитарного образования).

- с проникновением цифрового обучения в социальные сферы и образовательные процессы развиваются возможности цифровой педагогики, которые следует активно использовать в творческом подходе к саморазвитию и формированию индивидуального профессионального информационного пространства. Среди таких возможностей — создание, редактирование, визуализация, развитие, метакогниция, критический анализ и публикация образовательного контента в онлайн-среде.

- овладение основными направлениями, методиками и подходами к проведению научных исследований в области цифровых гуманитарных наук также является важной задачей.

В качестве примера использования баз данных в цифровых гуманитарных науках можно привести проект Nathitrust (Цифровая библиотека Nathi Trust), созданный в 2008 году в университетах Калифорнии, Индианы и Иллинойса. Этот проект объединяет более трех миллионов электронных копий исследовательских записей (книг, отчетов, публикаций и других документов), собранных из 60 исследовательских библиотек США. Источники, включенные в проект, полностью оцифрованы, что позволяет исследователям осуществлять поиск, чтение, анализ и обобщение данных, а также работать с оригинальными версиями материалов.

На сегодняшний день человечество располагает как минимум 130 миллионами книг. Для изучения миллионов источников и представления литературных материалов широкой аудитории в доступной и понятной форме требуется объединение анализа данных и философии, создание цифровых музеев и нового медиаконтента. Проще говоря, традиционные гуманитарные дисциплины (история, лингвистика, литература, педагогика, музыка) требуют интеграции с информационными технологиями.

В литературоведении, лингвистике, истории, культурологии, истории искусства и творческих сферах анализ данных, цифровое издательство, картографирование проектов, выявление культурных тенденций, визуализация, создание сетей и графиков по гуманитарным наукам становятся актуальными вызовами цифровой эпохи.

В мире полной цифровизации в таких областях, как лингвистика, филология, история, история искусства и педагогика, сегодня происходит так называемый «цифровой поворот». Развитие технологий привело к появлению новых объектов исследований: собраний миллионов текстов, исторических баз данных, цифровых архивов и электронных музеев.

Эти объекты содержат огромный объем информации о языке, культуре и обществе, однако их невозможно в полной мере изучить традиционными гуманитарными методами. «Цифровой поворот» требует принципиально новых исследовательских навыков.

Сегодня в литературоведении, философии, истории и педагогике навыки работы с большими данными, знание статистического анализа и программирования становятся необходимыми компетенциями. Для этого преподаватели социальных и гуманитарных наук должны глубже освоить математику и информатику, поскольку в ближайшем будущем управление цифровыми документами, облачными сервисами и механизмами доверия, создание моделей персональных цифровых архивов и цифровых проектов в социально-культурной сфере потребует внедрения информационных методов в гуманитарные науки. Это заставит лингвистов, архивистов, культурологов, историков и педагогов осваивать программирование, а в высшем образовании появятся учебные программы по «цифровым гуманитарным наукам».

Изменения в содержании и методике преподавания социально-гуманитарных наук требуют от педагогов данного направления освоения следующих технических и технологических знаний, навыков и компетенций:

- знание основных технологических понятий: технология, технологическая культура, технологическая среда, методы трансформационной деятельности, технологическая этика, технологическая эстетика;
- понимание техники и технологий как результата интеллектуальной, эмоциональной, умственной и трудовой деятельности человека;
- владение информацией о практических и перспективных технологиях в образовании;
- знание цифровых технологий профессионального самоопределения и личностного развития, а также навыки работы с ними;
- понимание взаимосвязи и взаимного развития технологических и социально-гуманитарных дисциплин;
- обоснование необходимости оптимального развития техносферы как условия существования цивилизации, а также осознание положительного и отрицательного влияния техники на человека, природу и общество;
- интеграция экономических аспектов технологий с показателями готовности личности к успешной профессиональной деятельности.

Основные направления реализации развития креативной компетентности через деятельность в области цифровых гуманитарных наук могут включать: цифровые технологии сохранения и передачи культурного наследия; медиа-поэзию и цифровую литературу, дизайн историй, геймификацию, визуализацию данных, обработку искусственного интеллекта и больших данных. Для этого целесообразно широко использовать формальные, неформальные и информальные формы обучения в системе непрерывного повышения квалификации.

Поскольку цифровые гуманитарные науки являются междисциплинарной областью образования, работа в этом направлении легче осуществляется в командах, объединяющих педагогов различных специальностей. Здесь требуется совместная деятельность программистов, специалистов по обработке текстов, дизайнеров, лингвистов, историков, культурологов, журналистов и представителей других сфер. Создание интерактивных карт, реконструкция социальных сетей великих писателей на основе их писем и дневников, 3D-моделирование древних государств, разработка веб-ресурсов, мобильных приложений или медиа-проектов для музеев и библиотек представляет интерес для всех педагогов социально-гуманитарного направления. Например, даже если студент не интересуется династией Шейбанидов,

послевоенной узбекской литературой или неоклассицизмом, подобные проекты помогают расширить кругозор, а также сформировать новый взгляд на искусство, литературу или историю в целом.

Список использованной литературы:

1. Шодиева М.Ж. Совершенствование технологий непрерывного профессионального развития учителей начальных классов на основе акмеологического подхода: Дис. докт. пед. наук (DSc). – Т., 2022. – 257 с.
2. Ходжаева Б.А. Педагогические условия социализации учащихся на основе креативного подхода: Автореф. дис. на соиск. уч. степ. канд. пед. наук (PhD). – Самарканд, 2022. – 52 с.
3. Таджиевна Ж.М. Влияние креативного мышления на профессиональное развитие учителя // International Journal of Pedagogics. – 2024. – Т. 4. – № 06. – С. 76-80.
4. Формирование личности обучающегося в условиях инновационных технологий: Учебное пособие для преподавателей и воспитателей / Под общ. ред. Р.Х. Джураева. – Т., 2009. – 487 с.
5. Соловьева О.В., Халилова Л.А. Креативность в структуре педагогического мышления будущих преподавателей высшей школы // Прикладная психология и психоанализ. – М., 2010. – № 2.
6. Жуманиезова М. Инновационная деятельность – залог качества образования // Узлуксиз таълим. – 2004. – № 6-Б. – С. 89-91.

УДК 373.126.21

ФОРМИРОВАНИЕ ПЕДАГОГИКО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИХ ЗНАНИЙ И УМЕНИЙ В СОВРЕМЕННОМ ОБРАЗОВАНИИ

ШАМШЕТОВА А.К.

УзГУМЯ, профессор кафедры педагогики и психологии,
доктор психологических наук

Аннотация. В данной научной статье рассматривается значение педагогических и психологических знаний в образовании. В последние годы важно интегрировать педагогические и психологические знания в работу с молодежью в соответствии с требованиями времени. Поэтому в статье изложен подход к решению психологических проблем в обучении с новыми методами.

В новом веке внимание людей все больше привлекает наука, связанная с человеком. Ученые подчеркивают, что основа современной цивилизации зависит от человеческих ресурсов, определяя особое место человеческой психологии даже на основе всех ее достижений и недостатков. Практическим направлением психологии также называли науку о внутреннем ментальном мире человека и духовном развитии человека. Наша сложная, разнообразная жизнь всегда доставляет человеку массу проблем, как профессиональных, так и личных. Практические навыки необходимы для решения проблем, с которыми мы сталкиваемся в ходе каждой нашей работы. Нам нужны педагогические и психологические знания. Мы должны сосредоточиться на укреплении практических знаний в педагогической и психологической областях образования. Психология и педагогика специальная наука и специальная практика. Практическая психология-педагогика в своем наиболее распространенном, это психологическая поддержка различных социальных сфер-здравоохранения, образования, производства, спорта, права и т. Мы знаем практический психолог изучает психические явления и их закономерности. В настоящее время существует три основных вида деятельности психолога: исследования, обучение и оказание психологической помощи людям. Задача теории прикладной психологии состоит в научном обслуживании социальной практики, методическом обеспечении профессиональной деятельности практического психолога. Область применения практических психологических знаний постоянно расширяется. Например, психологи основывают определение молодежи на ее возрастных психологических особенностях личности, на выводах З.Фрейда и его учеников. Важнейший психологический процесс юношеского возраста – становления самосознания и устойчивого образа своей личности, своего «Я». В условиях современного мира, где финансовой грамотности учат уже с ранних

лет, а школьники начинают зарабатывать благодаря блогам и компьютерным играм, возможность напомнить о том, что каждый ребенок может достичь желаемого, не стоит упускать. Под психосоциальной работой с молодежью понимается профессиональная деятельность по оказанию помощи, как отдельному молодому человеку, так и группам молодых людей в целях улучшения или восстановления их способности к социальному функционированию; создание условий, благоприятствующих достижению этих целей в обществе, а также работа с молодыми людьми на коммунальном уровне, по месту жительства или в трудовых коллективах. Основной задачей психологической и социальной работы при этом является выработка у молодежи способности самостоятельно решать свои проблемы, адаптироваться к новым социально-экономическим условиям рыночной экономики, получать навыки самостоятельной жизни и участвовать в самоуправлении. Субъект этого вида деятельности – социальные службы для молодежи, представляющие собой совокупность государственных и негосударственных структур, специализированных учреждений по оказанию социальной помощи и защиты молодых людей, поддержки их инициатив. Молодежные проблемы при всей их специфике невозможно решить в отрыве от системы поддержки семьи, образования и здравоохранения, охраны общественного порядка, развития культуры, спорта и туризма. Становление же социальных служб осуществляется в современный период в условиях разобщенности отдельных программ и ведомственного противостояния

Психологические проблемы подрастающего поколения, связанные с образованием и воспитанием, также регулярно привлекали ученых-психологов, педагогов и писателей. Родитель учит своих детей необходимости трудиться и вовремя воспитывать. Следовательно, ученик также формирует свои творческие способности, умственное развитие, работая и читая. Полезно и необходимо, чтобы ученик вместе с учебой занимался физическим трудом. Через чтение и работу читатель испытывает творчество, вдохновение и разнообразные эмоциональные переживания. Это, в свою очередь, будет хорошей возможностью для ученика выбрать себе хорошую карьеру. Таким образом, чувствуется необходимость в педагогических и психологических знаниях. Есть несколько способов, которыми учащийся может развить самовыражение и самосознание в личности. В какое время ученик должен заниматься умственным трудом. Если ученик занимается умственным трудом в первой половине дня, будет эффективен и полезен. Действительно, в образовании существует множество проблем, связанных с молодежью. Эти проблемы могут быть различными и многогранными, и среди них можно выделить следующие: **Низкая мотивация к учебе** – многие молодые люди теряют интерес к учебному процессу, что связано с отсутствием внутренней мотивации или неприятием учебной программы. **Эмоциональные и психологические проблемы** – стресс, тревога, депрессия, низкая самооценка и другие психологические проблемы становятся все более распространенными среди молодежи. **Конфликты в межличностных отношениях** – трудности в общении с одноклассниками, учителями или родителями, буллинг и дискриминация могут сильно повлиять на психоэмоциональное состояние молодого человека. **Проблемы с адаптацией в новых условиях** – переход из одной образовательной ступени на другую (например, из школы в колледж или вуз) может стать источником стресса и психологических трудностей. **Низкие ожидания от будущего** – многие молодежи не видят перспектив в своей жизни и сомневаются в выборе профессии, что приводит к неопределенности и тревоге по поводу будущего. **Технологическая зависимость** – чрезмерное использование технологий и социальных сетей может привести к изоляции, снижению коммуникативных навыков и психологическим проблемам. Эти проблемы требуют комплексного подхода и постоянной работы педагогов, психологов, родителей и общества в целом для создания более поддерживающей и позитивной образовательной среды для молодежи. В современном образовании психологические проблемы становятся всё более актуальными. Решение этих проблем требует активного взаимодействия педагогов и психологов, а также разработки стратегий поддержки учеников с учетом их индивидуальных особенностей. Психологические проблемы, связанные с обучением и воспитанием молодежи, постоянно привлекают внимание психологов, педагогов и писателей. Мы, в общем, используем наши педагогические и психологические знания в вопросах воспитания детей и обучения учащихся. В образовании педагогические и психологические знания играют большую роль.

Интеграция педагогических и психологических подходов способствует более глубокому и всестороннему развитию личности учащегося, что особенно важно в условиях динамичных изменений и разнообразных вызовов современного общества. В современном образовании педагогические и психологические знания играют ключевую роль. Они помогают не только эффективно обучать, но и поддерживать психологическое благополучие учащихся. Важно понимать, как правильно применять эти знания для учета индивидуальных особенностей каждого ученика, решения эмоциональных и социальных проблем, а также создания благоприятной образовательной среды.

ЛИТЕРАТУРА

1. Активные методы обучения педагогическому общению и его оптимизация //Под ред. А.А. Бодалева, Г.А. Ковалева. – М.,1983.
2. Анисеева Н.П. Воспитание игрой. – М., 1987. Безруких М.М., Князева М.Г. Если ваш ребенок левша. – М., 1994.
3. Безруких М.М. Прописи для леворуких детей. – М., 1997.
4. Болсовт Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. – М., 1968.
5. Бурменская Г.В., Карabanова О.В., Лидерс А.Г. Возрастно-психологическое консультирование. – М., 1990.
6. Винокурова Н. Сборник тестов и упражнений для развития ваших творческих способностей. Серия «Магия интеллекта». – М.,1995.
7. Гальперин П.Я., Кабыльницкая С.Л. Экспериментальное формирование внимания. – М., 1974.
8. Гарбузов В.И. Нервные дети. – Л., 1990. Гуткина Н.И. Психологическая готовность к школе. – М., 1996. Данилова Е.Е. Практикум по возрастной и педагогической психологии. – М., 1998.

ӨЖ 82. 258.96

ЖАЗБАША АЙТЫСТЫҢ ТҮРЛЕРІ, ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУЫ

МЕНДІБАЙ ӘБІЛҰЛЫ

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются виды, возникновение и формирование письменной речи.

Summary. The article discusses the types, emergence and formation of written speech.

Жазбаша айтыс-әдеби жанрлардың бірі. Оның пайда болуы мен қалыптасуы жайлы қазақ ғалымдары, әдебиет зерттеушілері қомақты пікірлер айтып, ғылыми-танымдық еңбектер жазған. Оларды атап айтар болсақ: Н. Төреқұлов, Т. Кәкішев, М. Мырзахметұлы, М. Жармұхамедұлы, Б. Шойбеков, Самал Дәрібайұлы т.б.

Профессор Т. Кәкішевтің жазбаша айтыс туралы былай деп жазатыны бар: "...Қазақтың ақындар айтысындағы сыншыл ой-пікірлер мен көзқарастың жаңа бір соны сілемдері Сыр бойы ақындарының айтысынан көрінеді. Олар көбіне жазып айтысатындықтан және екеуара емес, бірнеше адам сөз сайысына түскендіктен жазба поэзиясының сілемдері, эстетикалық сынның элементтері байқалады. Шығыс дәстүрінің ықпалдары, көбіне сюжетті әңгіме-аңыздары, жұмбақтары араласып, оның шешуін іздеу де, сондай-ақ өздерінің өмірін сынауы да, айтысушыларға төрелік айту да айтыстың жаңа бір түрі ғана емес, халықтық эстетиканың бір парасы болып көрінеді. Ол айтыстар тарихта аты қалған Шораяқтың Омары, Ізтілеудің Тұрмағамбеті, Кете Жүсіп, Таубай Жүсіп, Қаңлы Жүсіптердің өз ара сөз жарыстыруынан тұтанып, элеуметік -эстетикалық мәселелерді қозғап отырады..."-деп жазды (Т. Кәкішев, "Қазақ әдебиеті сынының тарихы" (оқу құралы), Алматы, "Санат" баспасы, 1994-жыл, 14-бет).

Талғат пен Жәнияның жазбаша айтысында Жәния:

Сыр бойында Ерімбет жалғастырған,

Күш алған елді оятқан алмас жырдан.

Талғат-ау қаламыңмен қағазға жаз,

Ақындар бірін бірі алжастырған ("Отан. Тәуелсіздік. Ерлік. Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті жанындағы Жүсіп Баласағұн атындағы әдеби шығармашылық бірлестік мүшелерінің шығармалар жинағы, 7-ші кітап, Алматы, "Полиграфия-сервис және К" баспасы, 2012-жыл, 155-бет) - деп Сыр бойында Ерімбет Көлдейбекұлын еске алып өтеді.

Жазбаша айтысты Сыр өңірі ақындары біршама дамыта түскені ХІХ-ғасырдың екінші жартысы болды. Сыр бойы ақындарының жазбаша айтысының дүмпуі Әулиеатаға да жетті. Бұл өңірде қазақ ақындарының, соның ішінде діни ағартушылық бағытта өлең-жыр жазатын діни ағартушы ақындардың бірі атақты Өзбек Ақжолұлы болатын. Әулиеатада адамгершілік пен ізгілік, имандылық пен мейірімділік шуағын жырлаған Өзбек Ақжолұлы Бұқарадағы діни медресені оқып тауысса, Үсіпәлі Қалыұлы Ресейдегі Қазан қаласындағы діни медресені тәмәмдаған еді. Бұл екі ақынның қасиетті Әулиеатада жазбаша айтыс жүргізгенін біреу білсе, біреулер білмейді. Ал Әулиеатадағы жазбаша айтыстың пайда болуы мен қалыптасуы туралы сөз болғанда Өзбек Ақжолұлы мен Үсіпәлі Қалыұлының жазбаша айтысын айналып өтіп кете алмаймыз. Екі ақынның жазбаша айтысы ХХ-шы ғасырдың басында Әулиеата өңірінде болған.

Енді Өзібек Ақжолұлы мен Үсіпәлі Қалыұлының жазбаша айтысынан үзінді оқып көрелік:

"...Әлқисса, молда Үсіп дұғай сөзі,

Ерлердің зейіні бар түскей көзі.

Алпарату уһаллар айул қайым,

Маһарам жанабына молда өзі.

Молданың сый боп жүрер шайырлары,

Арасын ләзім емес айырмағы.

Аржағы Бақтиярға жалған ба еді,

Мәшһүр боп шүбә **хаттың** жайылғаны.

Сіздердей онша ұлы **хат** болмасақ та,

Танушы ек қараһатты зайырдағы..." (Өзібек Ақжолұлы, "Үриятнама", Алматы, "Алаш" баспасы, 2009-жыл, 145-бет).

Бұл жерде айтыстың жазбаша болып жатқанын "хаттың", "хат" деген сөздер дәлелдеп тұр.

Жазбаша айтысты дамытып, халық арасында ақындық өнері бар талантты жастарға ықпал ету үшін жазбаша айтысты халық арасына таратқан әйгілі ақындар Ерімбет Көлдейбекұлы, Керейт Даңмұрын, Әбубәкір Кердері, Шораяқтың Омары, Кете Жүсіп пен Қаңлы Жүсіп, Нұрмағамбет Қосжанұлы, Өтім Балтуғанұлы, Қорғанбай ақын, Теңізбай жырау мен Қосым жырау, Таубай Жүсіп т.б. жазбаша айтысты насихаттау ісіне қатысты.

Жазбаша айтыстың "жазбаша жұмбақ айтыс" деп аталатын ерекше түрі бар. Ерекше деп отырғанымыз-мұнда жазбаша айтысқа қатысқан ақындар жүректерінен шымырлап шыққан ойларын жұмбақтап, әсірелеп, жазбаша айтысқа қатысқан ақындарды да, айтыс өлеңді оқып жүрген оқырмандарын да терең ойға жетелейді. Осындай жазбаша жұмбақ айтыстың бірі кездеседі.

Белгілі ғалым Н.Төрәқұлов жазбаша айтыстың ерте кезде хатпен айтысатындығы туралы былай деп жазады: "Жазба айтыста-халық ақындары бір-бірімен хат арқылы айтысқан. Жазбаша айтысу көбінесе хат білетін сауатты ақындар арасында жүрген. Бірлі-жарым хат танымайын ақындар яғни ақын емес, қыз бен жігіттер сауаты бар адамдарға жүгініп, өлең хат жаздырып алатын да болған. Сонымен қазақ халық поэзиясында, оның ішінде айтыс жанрында жазба айтыс ертеден өріс алып келген..." (Н. Төрәқұлов, "Қазақ кеңес халық поэзиясының жанрлық ерекшеліктері", Алматы, "Ғылым" баспасы, 1979-жыл).

Жазбаша айтыс Кеңес Одағы кезінде де күнделікті өмірде қолданылып келді. Бірақ мектепте, орта арнаулы оқу орындарында, жоғары оқу орындарында оқулықтарға, оқу құралдарына енгізілмеді.

Қазіргі таңда-XXI ғасырда жазбаша айтысты жүргізудің механизмдері көбейді. Атап айтар болсақ-газет, журнал арқылы, теледидар, радио арқыды, ұялы телефон арқылы. Өкінішке орай жазбаша айтысты насихаттау, ақындар арасында жазбаша айтысты жүргізу, оқулықтар мен оқу құралдарына, хрестоматиялық оқу құралдарына енгізу қолға алынбай келеді.

ӘОЖ 82.456.63

АЙТЫСТЫҢ ЖАНРЛЫҚ ТҮРЛЕРІ

НАРБЕКОВА АЙНУР МЫРЗАХМЕТОВНА

А.Гайдар атындағы №35 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог- зерттеуші, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Айтыс – духовное наследие казахского народа, развитие которого шло в ногу с общественными изменениями. В советский период айтыс использовался в идеологических целях, а в годы независимости он приобрел свободу и стал искусством, прославляющим национальные ценности. В современный период айтыс вышел в медиaprостранство и приобрел новые форматы. Его будущее зависит от технологических возможностей и международного признания. Сочетание традиций и новаторства – залог процветания айтыса.

Summary. Айтыс – қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан ауызша поэтикалық өнерінің көрнекті үлгілерінің бірі. Ол ақындар арасындағы суырыпсалма өнердің көрінісі ретінде халықтың тұрмыс-тіршілігін, әлеуметтік мәселелерін, ұлттық құндылықтарын және тарихи кезеңдерін бейнелейді. Уақыт өте келе айтыс жанры қоғамдағы өзгерістерге байланысты жаңарып, түрлі трансформациялық кезеңдерден өтті. Бұл баяндамада айтыстың дәстүрлі үлгісі мен қазіргі кезеңдегі өзгерістері, оның жаңа форматтары мен даму бағыты қарастырылады.

Дәстүрлі айтыс жанры

Айтыс – ақындардың бір-бірімен суырыпсалма өлең арқылы жарысуы. Оның бірнеше түрлері бар:

1. Дін айтысы – діни тақырыпта орындалатын айтыс.

2. Қыз бен жігіт айтысы – әзіл-қалжыңға құрылған, екі жыныс өкілдері арасындағы айтыс.

3. Жұмбақ айтыс – айтыскерлердің бір-біріне жұмбақ жасырып, оны шешуі негізінде өтетін айтыс.

4. Тартыс айтыс – екі ақынның қоғамдағы мәселелерді қозғап, пікірталас түрінде өткізілетін айтысы.

Дәстүрлі айтыс көбіне ауылдық жерлерде, түрлі жиындарда және мерекелік іс-шараларда өткізілген. Айтыскерлердің суырыпсалмалық қабілеті жоғары бағаланып, олардың сөзі халықтың көкейіндегі ойды білдіріп отырған.

Кеңес дәуіріндегі айтыстың өзгеруі

Кеңес билігі орнағаннан кейін айтыс идеологиялық мақсатта пайдаланылды. Айтыскерлерге Кеңес үкіметінің саясатын қолдау және социалистік идеологияны дәріптеу міндеттелді. Сол кезеңдегі айтыстарда ұжымдастыру, индустрияландыру, партиялық тәртіп тақырыптары басым болды.

Бұл кезеңде айтыстың еркіндігі шектеліп, оның мазмұны билік бақылауында болды. Дегенмен, дәстүрлі айтыс өлмей, халық жадында сақталып, жергілікті деңгейде өз маңызын жоймады.

Тәуелсіздік кезеңіндегі айтыс түрленуі

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін айтыс жаңа сипатқа ие болды. Айтыскерлер ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, тарихи шындықты қайта жаңғыртуға және әлеуметтік мәселелерді ашық көтеруге мүмкіндік алды. Бұл кезеңде айтыстың бірнеше өзгерістері байқалды:

1. Айтыстың медиалық кеңістікке шығуы – теледидар, радио, интернет арқылы тікелей трансляциялар ұйымдастырылып, айтыс бұқаралық сипат алды.

2. Айтыстың коммерциялануы – жүлде қоры ұлғайып, демеушілердің пайда болуы арқылы айтыскерлердің мәртебесі артты.

3. Жаңа форматтар пайда болуы – эстрадалық айтыс, әзіл-сықақ айтыстары және шоу-айтыстар халық арасында танымал бола бастады.

4. Тақырыптық өзгерістер – саяси, әлеуметтік мәселелерге көбірек көңіл бөлініп, халықтың көкейіндегі өзекті проблемалар ашық айтыла бастады.

Айтыстың қазіргі кезеңдегі ерекшеліктері

Қазіргі уақытта айтыс жаңа технологиялардың арқасында үлкен аудиторияға ие болды. YouTube, әлеуметтік желілер және тікелей эфирлер арқылы кез келген адам айтысты тамашалай алады. Сонымен қатар, кейбір айтыскерлердің блогерлікке бет бұрып, айтысты жаңа формада дамытуға тырысуы да байқалады.

Айтыстың ерекшеліктерінің бірі – оның қоғамдағы өзгерістерге жедел үн қатуы. Жаңа технологиялармен қатар, айтыстың мәтіндері тез таралып, халық арасында қызу талқыланады.

Айтыс жанрының болашағы

Айтыс жанрының болашағы оның заман ағымына сай өзгеріп, жаңа форматтарда сақталуымен тығыз байланысты.

Болашақта:

- Айтысты халықаралық деңгейде таныту мүмкіндіктері арта түсуі мүмкін.
- Цифрлық айтыс форматтары кеңінен дамуы ықтимал.
- Жас айтыскерлерге арналған онлайн платформалар, курстар, сайыстар ұйымдастырылуы мүмкін.

Сонымен қорыта айтқанда, айтыс – қазақ халқының рухани мұрасы, оның өзгеруі қоғамның дамуына сай табиғи процесс. Дәстүрлі айтыстың сақталуы мен жаңашылдықтың қатар жүруі – айтыстың болашағына кепілдік береді. Қазіргі таңда айтыстың ықпалы артып, оның жаңа платформаларға бейімделуі – қазақ өнерінің өркендеуінің белгісі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұхтар Әуезов. «Айтыс өлеңдері». Бұл еңбекте автор айтыс жанрының ерекшеліктері мен даму тарихын талдайды.

2. «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1-том, 2-кітап, 1960). Бұл жинақта айтыстың түрлері мен көркемдік ерекшеліктері туралы мәліметтер бар.

3. «Айтыс» (3 томдық жинақ). Бұл жинақта айтыс өлеңдерінің үлгілері мен зерттеулері қамтылған.

Б.МОМЫШҰЛЫ ЖӘНЕ АЙТЫС ӨНЕРІ**ТУЙМЕБЕКОВА АЛИЯ АБЗЕЛБЕКОВНА**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 2 курс докторанты,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Резюме. В статье рассматривается искусство айтыса казахского народа, его развитие и становление, его место в казахской жизни. Сочувствие Героя Великой Отечественной войны, писателя Б. Момышулы к воспитанию и образованию казахской молодежи, его понимание. Обсуждаются достоинства искусства айтыса. Рассматриваются необходимые предпосылки воспитание казахской молодежи и развитие искусства айтыса. Особое внимание уделяется к воспитанию.

Summary. The article examines the art of aitys of the Kazakh people, its development and formation, its place in Kazakh life. Sympathy of the Hero of the Great Patriotic War, writer B. Momyshuly to the upbringing and education of Kazakh youth, his understanding. The merits of the art of aitys are discussed. The necessary prerequisites for the education of Kazakh youth and the development of the art of aitys are considered. Particular attention is paid to education.

Қазақ халқының айтыс өнері тамыры тереңге тартылған тарихпен үндесіп жатыр. Айтыс – қазақ халқының ауыз әдебиетіндегі ең көне жанрлардың бірі. Оның тарихы ежелгі дәуірлерден бастау алған. Айтыстың шығу тегі көне түркі дәуірінен бері қалыптасқан.

Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріндегі жазулар, батырлыққа үндейтін дастандар халықтың арман-тілегінен туған. XV- XVIII ғасырлардағы жыраулар дәстүрі елді ерлікке, өрлікке шақырар, жақсы мен жаманды, жақсылық пен жамандықты айыра бағалаушылық құндылықтардың нәтижесі еді. Халықтың эстетикалық танымының қалыптасуына, мәдениетіміздің дамуына жыраулардың жырлары себеп болды.

XIX ғасырда айтыс өнері Сүйінбай, Шөже, Жамбыл, Сара мен Біржан сияқты ақындармен толықты. Қазақ әдебиетіндегі айтыс жанрының фольклорлық сарынға жатқызылуының себебі- табан асты суырып салма өнерін насихаттау мәнінен туындағанын білеміз. Жыр-дастандардың табиғатын ерте бастан зерттеген ғалым Ш.Уәлиханов болды. Жыр-дастандарды құмартып, ақындардан жазып алуға, тыңдауға ынтызар болған. Осы жырды жатқа айтқан ақындарды да суырыпсалма ақындар деп неге айтпасақ?

XX ғ. басында алашшыл азамат әдебиетші-ғалым А.Байтұрсынов жазу тәсіліне көшкен сайын ауызша шығарылатын айтыс өнерінің қалып кетпеуіне қатты алаңдаушылық білдірген. Ахмет Байтұрсынов: «Қазақта айтыс өлең көп. Бірақ, бұлар да ел ішінде жоғалып, сиреп барады. Жазу жайылған сайын айтыс өлең азайып, құруға бет алып барады. Оның да бәрін жазып алып қалмаса, бұл да анайы әдебиеттің өшетін, жоғалатын түрі» [1] – деген.

Кеңес заманында айтысқа мән берілмей тек 1984 жылдан бастап жандана бастады. Айтыс өнерінің ақтаңгері ақын Ж.Ерманов еңбегін атап өту қажет. Айтыстың басында жүріп, талай ақындық мектептерінің тууына, сөз өнері айтыстың өшпеуіне күрес жүргізді. Ақындар айтысы, сыншылдық пен әділеттің ақиқаты таразыға салынар жер болды. Ақындардың айтысын жастайынан көріп өскен ақын, ең алғаш кеңес заманында ұйымдастырып, республикалық мәнге ие болған. Айтыс өнері Юнеско көлемінде қорғалатын өнер деп танылды. Күні бүгінге дейін айтыс өнерінің дамуы мен қалыптасуы туралы, ондағы сөз зергерлерінің суырыпсалмалылығы туралы еңбектер жүздеп саналады. Айтыс десе ішкен асын жерге қоятын ұрпақты айтысты теледидарда республика көлемінде насихаттау нәтижесінде таралып, өнерге жаны аштынын жастарды тәрбиеледі.

Айтыс өнерінің жанашыры деп Ұлы Отан соғысында қазақ елін бүкіл әлемге танытқан жауынгер ұлымыз Б.Момышұлын да атай аламыз. Себебі майданның өтінде жүріп елге талай хат жазып, жастардың атқа қонжиып отыра алмайтындығын, тіпті қай жағынан баруды білмейтіндігін сын ретінде айтқан. Жауынгерлерге майданда оқитын Абайдың өлеңдерін неге көп мөлшерде жібермейтіндіктерін айтып Қазақстан Орталық Комитетінің басшыларына Н.Оңдасыновқа хат жазған болатын. Жастардың дәлдеу, көздеуінің нашар екендігі, санамаққа жоқ екендігі, мектепте асық, жасырынбақ және т.б. ойындармен ысылмағандығын айтқанын білеміз. Б.Момышұлы жазушы Е.Әлімжанның айтуынша, кешегі алаш көсемдерінің сілемінің жалғасы, ұлт жанашыры [2]. Алаш көсемдері бірі медицинаны, ұлттық тіл мен әдебиетті, енді бірі психология мен педагогиканы зерттеуге кіріскен болатын. XXғ. 1936 жылдары қазақ елі үшін қандай қауіп-қатерге толы болса, Б.Момышұлы үшін Сібірде әскери жаттығудан өтуі, саясаттың құрбаны болудан аман сақтап қалған болатын. Әйтпесе, Б.Момышұлының тікелей айтқан өткір қылыштай әділеттің семсеріндей шындығы үшін оны бәзбіреулер «Современный Бокейханов» [2] деген деген де лақап ат тарап та кеткен екен. Соғыс аяқталысымен әскери академияны бітірген алғашқы қазақ

Б.Момышұлына тағы жұмыс бермей, туған елінің әскери жасағын құруға деген ойынан аулақ етті. Өткір де шыншыл әрекеті, жағымпаздық пен жарамсақтанудан аулақ жүрегі тағы да қазақ елінен аулаққа әкетті. Соғыстағы әрбір ерлігі баға жетпес шешуші шайқастардың бетін қайтарып, екінші дүниежүзілік соғыста үлкен бетбұрыс жасаса да дұрыс бағаланбады. Генералдық берілмеді, алтын жұлдыз тағылмады. Әйтсе де Батырды халықтың қошаметі мен ыстық ықыласына бөлеп, оған батырлықты пейілімен, ниетімен сыйлады. Талай рет бұл жөнінде естіп, сұраққа жауап іздеген жандарға «мен әлем батырымын» [3], оны маған халқым берді деуден жалықпады. Жақсы өмір, пәтер сұрау сияқты ар мен намыстан аттар шаруаларға бармады. Әділетсіздік пен қуыс кеуделікке төзбеді.

Бауыржан Момышұлы айтыс өнерін жоғары бағалап, оны қазақ халқының мәдениеті мен тәрбиесінің маңызды бөлігі деп санаған. Соның бір айқын кепілі, 1964 жылы республикалық айтыс өтеді. Айтысқа шынашақтай орыс қызы қатысады. Әділқазыларда отырған Ө.Тәжібаев әлгі қызға ер адамдардың қол сағатын тақпақшы болып жатқанын көріп, «Надя ол сағатты тақпайды. Қазақтың тілінде сөйлейтін ұлт өкілдері толып жатыр. Бірақ, қазақты жан-тәнімен сезінетін, оның ән-жырын сүйетін Надя тәрізді адам сирек» деп, өзінің зайыбына қарап: «Кәмеш, мына қызға алтын сағат алып бер» [3] - деп бұйырады. Бұл Үшқоңырда туып-өскен қазақы салтты бойына сіңіріп өскен орыс қызы Надежда Лушникова болатын. Қолына сағатты тағып тұрып «мұны Баукеңнің бергені деме, қазақтың ақ адал көңілмен бергені» [3] деп тақ» дегені есінен шықпай сағатты қадірлеп таққанын айтады. Батырлық пен ерліктің жаршысындай болған қазақ жастарына Отаны мен елді сүюдің үлгісін көрсеткен батыр атамыздың әрбір ісі өнеге боларлықтай.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ұлы тұлғалар сериясы. Б.Момышұлы. – Алматы: 2011. –382б
2. Қалдыбай М. Атақ пен шатақ. – Алматы: Қайнар. –2004
3. Момышұлы Б. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы.- 2002
4. Легендарный Батыр. – Москва: Ленком, 2009
5. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1т. – Алматы: Әлем, Даму, Интеграция, 2017
6. Снегин, Д. Арысым еді-ау, Бауыржан. – Алматы: Қазақстан баспасы, 2002. –222 б
7. Момышұлы, Б. Қанмен жазылған кітап. /Ауд.: М. Қазыбек/ - Алматы.: Поиграфкомбинат, 2010-336 б.
8. https://vk.com/wall-103226120_44634 К. Қазыбаев Найзағайдай жарқылдап кітабынан үзінді.

ӘОЖ 398.1(574):94(574)

ҚАЗІРГІ АЙТЫС – ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚТЫҢ ТОҒЫСЫ

МҰСАБЕКОВА МАДИНА ДАНИЯРБЕКҚЫЗЫ

Ә. Бөкейханов атындағы №1 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

БЕЙБІТ КАУСАР АРНҰРҚЫЗЫ

Ә. Бөкейханов атындағы №1 гимназияның 9 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В данной статье рассматриваются историческое развитие айтыса и его трансформация в современном мире. Анализируется роль традиционного айтыса, изменения в советский период, а также современные форматы – телевизионный, эстрадный и цифровой. Показано, как современный айтыс охватывает политические, социальные и культурные темы через творчество современных айтыскеров. Адаптация айтыса к массовой культуре расширила его аудиторию и усилила влияние национального искусства в обществе. Поэты предлагают новые форматы, сохраняя традиционное значение айтыса и способствуя его развитию в соответствии с требованиями времени.

Summary. This article explores the historical development of aitys and its transformation in the modern era. It examines the role of traditional aitys, its evolution during the Soviet period, and its contemporary formats, including televised, theatrical, and digital forms. The article highlights how modern aitys addresses political, social, and cultural topics through the creativity of today's poets. The adaptation of aitys to mass culture has expanded its audience and enhanced the influence of national art in society. Poets are introducing new formats while preserving the traditional essence of aitys, contributing to its development in line with modern demands.

Айтыс – қазақ халқының дәстүрлі ауыз әдебиетінің маңызды жанры. Ол суырыпсалмалық өнерге негізделген, ақындардың бір-бірімен жарыса отырып, ақыл-ой, тапқырлық және шешендік қабілеттерін көрсетуін білдіреді. Айтыстың тарихи дамуы мен бүгінгі трансформациясын бірнеше кезеңге бөліп қарастыруға болады:

1. Дәстүрлі айтыс. Айтыстың алғашқы үлгілері халықтық өмірдің негізгі мәселелерін қозғап, қоғамдағы өзекті тақырыптарды көтерді. Ақындар өз өнерін халық алдында көрсетіп, әділдік пен шындықты жырлаған. Негізгі түрлері:

- Бәдік айтыс (жын-шайтанды қуалау);
- Жұмбақ айтыс;
- Салт айтысы (қыз бен жігіт айтысы);
- Жеке тұлғалар арасындағы айтыс.

2. Айтыстың кәсіби деңгейге көтерілуі.

XIX ғасырда айтыс өнері шарықтау шегіне жетті. Мұнда «Біржан-Сара», «Сүйінбай мен Қатаған», «Шөже мен Кемпірбай», «Жамбыл мен Құлмамбет», «Сүйінбай мен Тезек төре», «Әсет пен Ырысжан», «Жамбыл мен Айкүміс» сияқты ақындар айтысты биік деңгейге көтерді. Олар халықтың мұңын, тұрмыстық қиыншылықтарын, әлеуметтік мәселелерін жырға қосты.

3. Кеңестік кезеңдегі трансформация. Кеңес дәуірінде айтыс идеологиялық құрал ретінде пайдаланылды. Ақындар коммунистік идеяларды насихаттауға, партия жетістіктерін дәріптеуге мәжбүр болды. Бұл айтыстың еркіндігін шектеп, оның табиғи өрісіне кері әсер етті.

4. Қазіргі заманғы айтыс. Бүгінгі күні айтыс жаңа формаларда дамып келеді:

- *Телевизиялық айтыс:* Айтыс бұқаралық ақпарат құралдары арқылы кең аудиторияға жетті.
- *Эстрадалық айтыс:* Айтыс музыкалық аспаптардың сүйемелдеуімен және заманауи сахналық қойылымдармен көркемделіп ұсынылады.
- *Жаңа форматтағы айтыстар:* Интернеттің дамуы айтысты онлайн форматқа шығарды. Кейбір ақындар әлеуметтік желілерде немесе YouTube платформасында өнер көрсетеді.
- *Саяси және әлеуметтік тақырыптар:* Қазіргі айтыстарда заманауи мәселелер – қоғамдағы әділетсіздік, саяси жағдай, жастардың мәселелері жиі көтеріледі.

Айтыс жанрының трансформациясы оның заман талабына бейімделе отырып, өз өзектілігін жоғалтпағанын көрсетеді. Бұл қазақ мәдениетінің тереңдігі мен икемділігінің айқын дәлелі. Айтыс тек әдебиет емес, қоғамның айнасы ретінде де маңызды рөл атқарып келеді.

Қазіргі айтыс – дәстүрлі қазақ өнерінің заманауи қоғамға бейімделген жаңа формасы. Оның трансформациясы өнердің қоғамдық, технологиялық және мәдени өзгерістермен үйлесім табуынан көрінеді. Бүгінгі айтыстың негізгі ерекшеліктері мен өзгерістерін келесідей сипаттауға болады:

1. Айтыстың бұқаралық мәдениетке айналуы

Телевизиялық айтыстар – дәстүрлі қазақ өнерінің қазіргі заманда жаңа технологиялар мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халыққа кең тараған түрі. Бұл формат айтыстың танымалдығын арттырып, оның жаңа деңгейде дамуына ықпал етті. Телевизиялық айтыстардың ерекшеліктеріне тоқталсақ:

- ✓ *Кең ауқымды аудитория:* Теледидар мен интернеттің арқасында айтысты тек залдағы көрермендер емес, елдің түкпір-түкпіріндегі миллиондаған адамдар тамашалай алады.
- ✓ *Кәсіби ұйымдастыру:* Телевизиялық айтыстарда сахна безендіруі, жарықтандыру және дыбыстық әсерлер сияқты элементтер ерекше маңызға ие. Бұл айтысқа қосымша көркемдік береді.
- ✓ *Тақырыптық ерекшеліктер:* Телевизиялық айтыстар көбінесе қоғамдық, әлеуметтік және саяси тақырыптарды қамтиды, бұл көрермендердің қызығушылығын оятады.

Айтыс өнерінің телевизиялануы арқасында танымал жобалар мен бағдарламалар пайда болды. Қазақстанда бірнеше танымал телевизиялық айтыс жобалары ұйымдастырылып келеді: “Айтыс аламан”, “Алтын домбыра”, “Жыр алаңы”, т.б. Бұл жобаларда танымал айтыскерлер өнер көрсетіп, жоғары деңгейдегі бәсекелестік орнайды.

Телевизиялық айтыстың артықшылықтары:

- *Дәстүрді сақтау:* Айтыс теледидар арқылы ұлттық өнер ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіледі.
- *Жаңа аудитория тарту:* Жастар мен шетелдегі қазақтар айтысты онлайн немесе теледидар арқылы көріп, ұлттық мәдениетке жақындайды.
- *Қоғамдық пікір қалыптастыру:* Айтыскерлер әлеуметтік мәселелерді көтеріп, қоғамдағы маңызды сұрақтарға жауап іздейді.

Телевизиялық айтыстарға байланысты кейбір сын-пікірлер бар:

• *Коммерциялық сипат:* Кейбіреулер айтыстың негізгі рухани құндылығынан алыстап, тек ойын-сауыққа айналып бара жатқанын айтады.

• *Еркіндіктің шектелуі:* Телевидениедегі цензура кейбір өткір тақырыптарды қозғауға кедергі келтіруі мүмкін.

Телевизиялық айтыстың болашағын болжамды түрде айтар болсақ:

Интернетпен интеграция: Әлеуметтік желілерде тікелей эфирлер мен онлайн дауыс беру жүйелері айтыстың бұқаралық мәдениеттегі орнын нығайтуға көмектеседі.

Халықаралық деңгей: Телевизиялық айтыстар арқылы қазақ өнерін шетелде насихаттап, халықаралық мәдени шараларға қосу мүмкіндігі бар.

Телевизиялық айтыстар – дәстүрлі өнердің заманауи технологиялар арқылы жаңарып, кең таралуының жарқын мысалы. Олар ұлттық мәдениетті сақтап қана қоймай, оны дамытуға да зор үлес қосып отыр.

Айтыстағы эстрадалық формат – дәстүрлі айтыс өнерінің заманауи сахна өнерімен үйлесіп, жаңа қырынан көрініс табуы. Бұл формат айтыстың көпшілікке тартымдылығын арттырып, оның аудиториясын кеңейтуге ықпал етті. Эстрадалық форматтың мынадай ерекшеліктерін атап айтуға болады:

• *Сахналық шоу элементтері:* Эстрадалық айтыста жарықтандыру, музыка және декорациялар сияқты көркемдік элементтер қолданылады. Бұл айтысқа көрерменге эстетикалық әсер ететін ерекше атмосфера береді.

• *Музыка мен ырғақтың қосылуы:* Айтыскерлер домбырамен қатар, эстрадалық музыкалық аспаптардың сүйемелдеуімен өнер көрсете алады. Бұл айтысқа жаңа үн қосып, тыңдаушылардың қызығушылығын арттырады.

• *Динамикалық қойылымдар:* Айтыскерлердің сахнада еркін қозғалуы, драмалық немесе комедиялық элементтерді қолдануы – эстрадалық форматтың басты белгілерінің бірі.

Эстрадалық айтыстарда көтерілетін тақырыптар көбінесе жеңіл, көңілді сипатта болады. Мысалы: Қоғамдық және отбасылық мәселелер; Танымал мәдени құбылыстар мен жаңалықтар; Жастарға жақын, заманауи тақырыптар.

Бұл тыңдарманның қызығушылығын арттыруға және айтысты заманауи өмірге жақындатуға бағытталған.

Эстрадалық айтыстың артықшылықтары:

Жастарды тарту: Эстрадалық формат жас ұрпаққа жақын, сондықтан дәстүрлі өнерге қызығушылық тудырады.

Айтыстың танымалдығын арттыру: Заманауи сахналық элементтер арқылы айтыс өнері кең аудиторияға қолжетімді бола түседі.

Жаңа шығармашылық мүмкіндіктер: Эстрадалық айтыс ақындарға өнерлерін тек өлеңмен емес, сахнадағы қойылымдар арқылы да көрсетуге мүмкіндік береді.

Эстрадалық форматқа қатысты кейбір сындр бар:

Дәстүрден алшақтау: Айтыстың эстрадаға жақындауы оның тарихи-рухани мәнін жоғалтуы мүмкін деген пікірлер бар.

Коммерциялық сипат: Кейбіреулер эстрадалық айтыстың көркемдік емес, қаржылық пайда үшін ұйымдастырылатынын сынайды.

Тереңдік пен мәннің төмендеуі: Эстрадалық айтыстарда жеңіл әрі көңілді тақырыптар басым болғандықтан, кейде айтыстың мазмұны тереңдігінен айырылады.

Эстрадалық форматтың болашағы:

• *Жаңа жанрлардың қосылуы:* Айтыс пен рэп-баттл сияқты заманауи форматтарды біріктіру.

• *Халықаралық деңгейде таныту:* Эстрадалық айтыс арқылы қазақ өнерін шетелде көрсету мүмкіндігі.

• *Цифрлық платформаларға бейімделу:* Онлайн платформаларда ерекше қойылымдарды тарату арқылы айтысты жаңа деңгейге шығару.

Айтыстағы эстрадалық формат дәстүрлі өнердің өміршендігін сақтап, оны заман талабына сай жаңғыртуға бағытталған қадам. Бұл бағыт өнердің аудиториясын кеңейтіп, мәдениеттің қазіргі өмірге үйлесімділігін көрсетеді.

2. Тақырыптардың жаңаруы

Қазіргі айтыста көтерілетін мәселелер дәстүрлі тұрмыстық тақырыптардан алшақтап, қоғамдағы саяси, әлеуметтік, және экологиялық тақырыптарды қамтиды:

1. Саяси мәселелер: Әділдік, жемқорлық, мемлекеттік басқару және ұлттық мүдде.

2. Әлеуметтік тақырыптар: Білім, жастардың мәселелері, көші-қон, жұмыссыздық.

3.Экологиялық тақырыптар: Қоршаған ортаны қорғау, су және жер ресурстарының азаюы, климат өзгерісі.

Бұл ақындардың қоғамның “дауысы” ретінде әрекет ететіндігін көрсетеді.

3. Цифрлық технологиялардың ықпалы

Интернет және әлеуметтік желі: Айтыс қазір YouTube, TikTok, Facebook сияқты платформалар арқылы таралуда. Бұл жаңа аудиторияны тартып, айтыстың танымалдылығын арттырып отыр.

Онлайн айтыстар: COVID-19 пандемиясы кезінде ақындар Zoom немесе басқа да онлайн платформалар арқылы жарыстар өткізді. Бұл айтыстың дәстүрлі формасынан ерекшеленсе де, жаңа форматқа жол ашты.

4. Коммерциялану

Қаржылық қолдау: Қазіргі айтыстар демеушілердің қатысуымен өткізіледі, жүлделері қомақты болып, ақындардың кәсіби деңгейде жұмыс істеуіне жағдай жасалуда.

Мәдени брендке айналуы: Айтыс фестивальдер мен арнайы іс-шаралардың басты бөліктерінің біріне айналып, ұлттық бренд ролін атқаруда.

5. Ақындардың имиджі мен аудиторияға бейімделуі

Жас ақындардың көбеюі: Айтысқа жас буынның келуі оны заман талабына сай өзгертуде. Жастардың батыл ойлары мен заманауи көзқарастары айтысқа тың серпін беруде.

Қоғамдық пікір қалыптастыру: Ақындар қазір танымал тұлғаларға айналып, олардың пікірі әлеуметтік желілерде немесе қоғамдық ортада үлкен ықпалға ие болуда.

6. Эстетикалық және поэтикалық өзгерістер

Айтыстың сөз саптауы мен риторикасы қазіргі заманның тілдік ерекшеліктеріне сәйкес өзгерді. Заманауи терминдер, қалжың мен әзіл, кейде тіпті жаргондар қолданылады.

Музыкалық сүйемелдеу өзгерді – дәстүрлі домбырадан бөлек, басқа аспаптар немесе өңделген музыкалық фон қосылады.

Қазіргі айтыстың трансформациясы оның заманауи қоғамның талаптарына бейімделгенін және уақытпен бірге өзгеріп отыратынын дәлелдейді. Дәстүр мен жаңашылдықтың тоғысуы айтысты тек өнердің түрі ғана емес, сонымен бірге ұлттық сана мен қоғамдағы пікірталас алаңы ретінде сақтап қалды.

Қазіргі айтыс трансформациясының өкілдері. Қазіргі айтыстың трансформациясын қалыптастыруға айтыскер ақындардың жаңа буыны үлкен үлес қосуда. Олар дәстүрлі өнерді заман талабына сай бейімдеп, айтыстың қоғамдық, саяси және мәдени ықпалын күшейтуде. Заманауи айтыстың көшбасшылары болып саналатын ақындар мыналар:

1-кесте

№	Аты-жөні:	Ерекшелігі	Трансформациядағы орны
1	Балғынбек Имашев	Саяси-әлеуметтік мәселелерді ашық әрі өткір көтеретін ақын. Сөздері ұлттық құндылықтарды насихаттап, дін мен руханиятты алдыңғы қатарға қояды.	Балғынбек айтысты идеологиялық және рухани платформа ретінде пайдаланып, оның халықтың рухани сұранысын қанағаттандыруға бейімделуіне ықпал етті.
2	Айнұр Тұрсынбаева	Айтыстың нәзік те өткір қырын аша отырып, әйелдер мәселесін, әлеуметтік теңсіздік тақырыптарын көтереді.	Айнұр айтыстың коммерциялық және танымал мәдениетке жақындауын қамтамасыз етті. Ол тек сахнада емес, әлеуметтік желілерде де белсенді, бұл айтыстың жаңа аудиториясын қалыптастырды.
3	Ринат Зайытов	Саяси-әлеуметтік тақырыптарды өткір тілмен жеткізетін ақын. Оның шығармашылығы қоғамдағы әділетсіздік пен халықтың мұңын қозғауға бағытталған.	Ринат қазіргі айтыстың саяси трибунаға айналуына ықпал етті. Ол жастардың өнерге қызығушылығын арттырып, айтыстың батылдық және ашықтық символына айналуына көмектесті.

4	Сара Тоқтамысова	Заманауи тақырыптарды көтеріп, дәстүрлі айтыстың мазмұнын жаңа бағыттармен толықтырады.	Сара ұлттық дәстүр мен заманауи эстетиканы үйлестіріп, айтысты жастар арасында танымал етуге үлес қосты. Оның ақындығы мен сахналық мәдениеті көрермендерге ерекше әсер қалдырады.
5	Мұхтар Ниязов	Тіл байлығы мен ой тереңдігі айтыстарында айқын көрініс табады. Әлеуметтік тақырыптарды шебер жеткізіп, ұлттық құндылықтарды жаңғыртады.	Мұхтар айтыстың мазмұндық деңгейін көтеріп, оны интеллектуалдық өнер ретінде дамытуға үлес қосты.
6	Төреғали Төреәлі	Өншілік пен айтысты қатар алып жүрген өнерпаз. Оның айтыстары лирикалық мәнер мен заманауи стильде көрініс табады.	Төреғали айтыс пен эстрадалық музыканы үйлестіріп, жаңа форматтағы тыңдарманды тартуда.
7	Жандарбек Бұлғақов	Қазақтың ұлттық менталитетін, дәстүрі мен қазіргі заман құндылықтарын шебер үйлестіреді.	Жандарбек айтысты салмақты ой мен әдемі әзілдің үйлесімі арқылы көпшілікке жақын етті.
8	Әсем Ережеқызы	Қоғамдық мәселелерді нәзік тұрғыдан талқылап, әйелдер мен балалар тақырыбын ерекше жеткізеді.	Айтыс өнерінде гендерлік теңдік тақырыптарын көтеру арқылы оның жаңа қырларын ашады.

Бұл ақындар айтыстың жаңа форматтарын жасап, оны заманауи аудиторияға бейімдеді. Олар ұлттық дәстүрді сақтай отырып, айтыстың танымалдығын арттырып, оны Қазақстан мәдениетінің маңызды элементі ретінде дамытуда.

Қорыта айтсақ, бүгінгі таңда айтыс заманауи технологиялармен үндесіп, жаңа форматта дамуда. Телевизиялық айтыстар мен эстрадалық форматтар дәстүрлі өнердің бұқаралық мәдениетке енуіне жол ашты. Цифрлық технологиялар айтысты интернетке бейімдеп, оның аудиториясын кеңейтті. Ақындар саяси, әлеуметтік, экологиялық мәселелерді ашық көтеріп, заманауи қоғамның өзекті сұрақтарына жауап іздеуде.

Сонымен қатар, айтыскерлердің шығармашылығы ұлттық өнердің дамуына ерекше ықпал етуде. Жас буын ақындар айтысқа жаңа серпін беріп, оның мазмұнын тереңдетіп, көркемдік деңгейін арттырып келеді. Сахна мәдениеті, заманауи терминдерді қолдану, музыка мен поэзияны үйлестіру – қазіргі айтыстың ерекшеліктерінің бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ фольклористикасының тарихы. – Алматы: Ғылым, - 1988. – 432 б.
 2. Қойлыбаев Ш. Қазіргі айтыстың идеялық - көркемдік ерекшеліктері: филол. ғыл. канд. дисс. автореф. – Астана: ЕҰУ, 2009. – 12 б.
 3. Қойлыбаев Ш. Айтыс – ұлттық идеяны ұлықтаушы өнер. // Қазақ тілі мен әдебиеті. - 2007. – 88 б.
- № 4.
4. Жолдасбеков М. Алғы сөз. Қазіргі айтыс. – Астана: Күлтегін, 2004. 1-кітап. – 312 б.

ӘОЖ 82.123 (020)

ҚАРАҚАЛПАҚ АҚЫНЫ ӘЖІНИЯЗ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ МЕҢЕШТІҢ АЙТЫСЫ

ПАЛЫМБЕТОВ КАМАЛБАЙ САРСЕНБАЕВИЧ

Филология ғылымдарының докторы, доцент

Өзбекстан Республикасы Ғылымдар академиясы Қарақалпақстан бөлімі, Қарақалпақ гуманитар пәндер ғылыми-зерттеу институты, Нөкіс қ.

Резюме. В статье рассматривается айтыс, стихотворное состязание между каракалпакским поэтом Ажиниязом и казахской поэтессой Менеш, жившими в XIX веке. А также делается попытка раскрыть, что в данных стихотворных поединках находят свое отражение дружба между каракалпакским и казахским народами, их родство и тесные взаимосвязи, уважение и гостеприимство между обоими национальностями. Посредством примеров указываются основные вопросы, затрагиваемые в стихотворных состязаниях такие как социальное положение народа, быт и жизнедеятельность, национальные особенности, традиции и обычаи, образ жизни и т.д.

Summary. The article examines aitys, a poetic contest between the Karakalpak poet Azhiniyaz and the Kazakh poetess Menesh, who lived in the 19th century. An attempt is also made to reveal how these poetic duels reflect the friendship between the Karakalpak and Kazakh peoples, their kinship and close ties, as well as the respect and hospitality shared between both nationalities. Through examples, the main issues addressed in these poetic contests are highlighted, such as the social status of the people, daily life and activities, national characteristics, traditions and customs, lifestyle, and so on.

Қарақалпақ және қазақ халықтарының тұрмысында ерте кезеңдерден сөзге шешен, ділмар, майталман, тапқыр, терең ой-пікірге, төкпе ақындық қасиетке ие талантты адамдар өте көп болған. Айтыс екі адамның қатынасында жүзбе-жүз, бір-бірін көріп отырып, ауызекі түрде орындалған. Қарақалпақтарда дутар мен, қазақтарда домбыра музыкалық аспабы мен екі талантты ақын көпшілік алдында бір-бірі мен сөз жарыстырып, айтысатын болған. Айтысты ел ақсақалдары той мерекелерде, отырыс жиындарда ұйымдастырып отырған. Бұл үрдіс болып, тіпті дәстүрге айналып кеткен. Профессор К.Алламбергенов: «... кейбір уақыттары айтыс халықтың тілегі, ұйымдастыруы мен болып отыратынын да көрсетеді» [1,77б.], – деп жазады. Айтыстар бір ұлт, бір халық ортасында ғана емес, өзара жақын туысқан елдердің ақындары арасында да достық айтыстары жүзеге асып отырған. Осындай достық айтыстары, әсіресе, қарақалпақ және қазақ халықтары арасында болып тұрған. Бұл екі ел арасындағы айтыстың үлгілерінен көбірек жазба хат түріндегі айтыстың тексттері бізге дейін жетіп келген. Мысалы, қарақалпақ ақыны Құлымбет пен қазақ ақыны Әбубәкірдің, қарақалпақ қызы Алтын мен қазақ ақыны Сейдалының т.б. айтыстарын келтіруге болады. Осындай қарақалпақ, қазақ ақындарының жазба, хат айтыстары көп болғанымен, ауызекі айтыстың үлгілері біздің қолымызда онша көп емес. Көшпелі дала халықтарында сөз өнері ауызекі үлгіде кең дамыған, бірақ жазу, сызудың төмен болуы, баспасөздің болмауы, көлемді айтыс үлгілерінің халық жадында сақталып заманымызға жетіп келуіне мүмкіндік болмаған. Мысалы, қарақалпақ ақыны Күнхожа мен қазақ ақыны Шернияздың айтысының бір-екі шумақ қатары ғана сақталған. Ал, қарақалпақ ақыны Әжинияз бен қыз Меңештің айтысы текстінің толық сақталуы, бұл айтыс текстінің 49 шумақ болып 1878-жылы «Түркстан облысы газеті»нің 11-(қыркүйек) және 12 (9-қазан) сандарында жариялануы болды [2,50б.].

Әжинияз бен Қыз Меңештің айтысы қарақалпақ ғалымдары Қ.Айымбетов, Қ.Мақсетов, К.Мәмбетов, А.Муртазаев, Қ.Мәмбетназаров, Б.Қалымбетов, А.Пирназаровтың кейбір еңбектерінде үйренілді және пікірлер айтылды. Бірақ, арнаулы түрде терең зерттеу жұмыстары алып барылмады.

Халық арасында Әжинияздың қазақ далаларында болғандығы турады көптеген ауызекі әңгімелер сақталып қалған. Профессор С.Бахадырова мынадай мәлімет келтіреді: «Әжинияз қырда бір өзі емес, өзі мен ауылдас жігіттермен молдашылық етіп келген. Әжинияз қазақ еліне барғанында көбіне адай ауылдарында болады екен. Адайлардың белгілі байы Мырза Қожбан оны ауылының мектеп молдасы етіп жалдайды екен. Ол Мырза Қожбанның барлық балаларын оқытады. Бір күні баласы Әжинияздың

өлеңдерін жатқа айтады. Мырза Қожбан оның ақын екендігін білген соң, одан Қыз Меңеш пен айтысуын өтінеді. Қыз Меңеш пен Әжінияз тойда үш күн айтысады» [3.]. Халық аузынан жазып алынған бұл мәліметтердің дұрыстығын, айтыстағы мына қатарлар да айқындайды:

Әжінияз:

– Есіттім сізді алаштан бал қымбат деп,
Мен келдім бір көруге қандай зат деп,
Қоймады еш еркіме мырза Қожбан,
Тұсында ақ Меңештің өлең айт деп.

Меңеш:

– Мен өзім қызыл тілге жұрттан озған,
Келдің бе жеңемін деп мені, жазған?
Жатып қалған жеріңнен сүйрелектеп,
Айтыс деп алып келді ме, мырза Қожбан.

Әжінияз:

– Айтыс деп алып келді мырза Қожбан,
Мен де сендей қыз көрсем арқам қозған [4,156-157б.].

XIX ғасырдың орталарында екі халықтың той-мерекелердегі қонақжайлылық қатынасы негізінде болып өткен Әжінияз бен Меңештің айтысы дәл бірін-бірі сөзден жеңу үшін, кемшілігін іліп алып, мінейтін сөздерден құралмай, екі тарапқа да тең болған кейбір сюжеттер сөз етіледі. Әдебиетші А.Мұртазаев Әжінияз бен Меңештің айтысында әлеуметтік-қоғамдық, экономикалық мәселелердің қозғалғанын, онда әр ел, әр халықтың тұрмыс тағдырын дұрыс түсінуге әрекет етілгенін дұрыс дәлелдеп берген еді [5,110б.].

Әжінияз Хиуа медресесін тәмамдаған, өз дәуірінің білімді адамы болып, көп елдерді аралаған, халықтың тұрмысы, жасау жағдайы мен жақсы таныс болған. Қазақстан далаларында да бірнеше рет болады. Профессор С.Бахадырова мынадай мәлімет келтіреді: «Әжінияз Қазақстанның Ақтөбе, Қызыл Орда, Торғай, Ақ мешіт деген жерлерінде молдашылық етіп бала оқытып келген. Оның өлеңдеріне қарағанда және информаторлардың айтуы бойынша үш рет барған болуы керек (1845-46, 1850-55, 1860-жылдары) [3.]. Сондықтан, Әжінияз қазақ мәдениеті, үрп-әдетін жақсы білген, ал Меңеш әлі қарақалпақ дәстүрі мен таныс емес екендігін білдіреді және айтыстың үшінші бөлімі Меңештің қарақалпақ халқының жасау тұрмысына арналған сұрақтарынан басталған. Мысалы:

Ертең тура азаннан ел көшеді,
Көшкен күні адамның көңілі өседі,
Қажеке, сенен бір сөз сұрайын,
Қыздарыңыз не жейді? Не ішеді!
Оған Әжінияз төмендегідей жауап қатады:
Жегені майлы палау, ішкені шай,
Шай ішіп, палау жесе көңілі жай,
Қолында шыны кесе, шыны шайнек,
Ішеді қантты шайды, қара судай,
Басында жібек түрме, шайы жегде,
Қыздары біздің елдің, міне, сондай,
Қыздары біздің елдің, ана кудай [4,164,165б.].

Бұл бөлімнің сюжет динамикасы елдің үрп-әдет, дәстүрлерін баяндауға арналғаны мен поэтикалық сезім, терең ой-пікірлер мен беріледі. Айтыста Меңештің қарақалпақ салт-дәстүрін, мәденетін сұрауы да табиғи жағдай. Себебі, бұл айтыс қазақ жерінде болып өтеді, сондықтан айналада тұрғандар қарақалпақтардың жасау жағдайы, елі, үрп-әдет дәстүрімен таныс емес. Дұрыс, айтыстың көп жеріне дейін Әжінияз бен Меңеш бір-бірінің жылы, жасы, әйел, бала-шағасы, елі, тұрмыс-тіршілігін сұрауы көркемдік пен баяндалады. Бірақ, айтыстағы көбірек сөз болатын мәселе халықтың әлеуметтік жағдайы, тұрмыс-тіршілігі, ұлттық өзгешелігі, үрп-әдеті, салт-дәстүрі, адамдардың жасау жағдайы т.б.

Айтыста қарақалпақ және қазақ елдерінің бір-біріне жақын қарым-қатынастағы дос халық екендігі, бір-бірін құрмет ететіні ашық айтылады. Мысалы, Меңеш «Қалпақ болсаң, жанымсың, жат болмассың» десе, Әжінияз «Қарақалпақ қазақ пен тепе-тең жұрт» дейді. Сол дәуірдегі халықтың әлеуметтік жағдайы екі халықта да бірдей екендігі айтылады. Бірақ, сол кезеңдегі әлеуметтік теңсіздік, қарапайым халық тұрмысының ауыр хәлі, аштық, бүлгіншіліктің жүзеге келуі, қоғамдағы басқарушы топтың әділсіздігінен деп біледі. Әжінияз:

Бұл заман келме-кезек сондай заман,
Айтасың, оның несін салық қылып, – деген айқын көзқарасын білдіреді.

Қазақ ғалымы, академик Р.Бердібаев: «... үйді кернеп кететін айтыс, қысқа да, ұзақ та болуы мүмкін. Қайсыбір кезде айтыс бірнеше сағатқа, кейде таң ағарып атып, күн көтерілгенше созылады» [6,4б.], – дейді. Ғалымның білдірген пікірі дұрыс, айтыстың ұзақ мерзімге созылуы не қысқа болуы, айтысушы ақындардың талантына, айтыста көтерілген мәселенің қарсыластар тарапынан жалғастырылып, кеңейтіп, өршелетіп, дамытқанына да байланысты. Әжінияз бен Меңештің айтысы қысқа, кіші көлемде болмай, құрылысы жағынан кең, бірқанша көлемді сюжетті оқиғаларды баян етуі, мазмұнының көлемділігі мен ерекшеленіп тұрады. Сондықтан, Әжінияз бен Меңештің айтысын лиро-эпикалық шығармалар қатарына жатқызуға болады. «Меңеш пен Әжінияз тойда үш күн айтысады» [3.], – деп жазады профессор С.Бахадырова. Демек, Әжінияз бен Меңеш бірнеше күн айтысқан.

Сонымен бірге, Әжінияз бен Меңеш сол кезеңдегі екі халықтың ең талантты ақындары болған. Мысалы, Әжінияз «Өлеңге менде жетік, сен де жетік», деп айтады. Одан мынадай қатарлар да айтылады, Меңеш Әжіниязға қарата отырып:

– Өлеңді айта алмайды ешкім мендей,
Мен айтамын өлеңді кемеңгердей,
Сақтап қойып қара өлең ырыс бола ма,
Айт дегенде өлеңді қоя бермей.

Өлеңді менен басқа өлеңшілер,
Айта алмас айт дегенде еш кідірмей,
Көп ішінде өлеңді мен айтамын,
Албырамай, жаңылмай, еш мүдірмей.

Әжінияз:

– Сен де озсаң өлеңде, мен де озған,
Көргенде өлеңшіні арқам қозған,
Қалай айтсаң олай айт, қыз ақ Меңеш,
Шайтаным сескенбейді сендей қыздан.

Меңеш:

– Өлеңге сен де озсаң, мен де озған,
Көргенде өлеңшіні арқам қозған,
Айттысаң, жазығы жоқ, мен жеңермін,
Кісі жоқ кіші жүзде өлеңге озған [4,154,157б.].

– деп Әжінияз да, Меңеш те өздерінің шығармашылық талантына жоғары баға беріп, айтыста жеңетінін сенім мен айтады. Осы орында бір айта кететін жәйт, айтыста екі ақында да фольклорлық әдістен, халық шығармашылығы дәстүрлерінен шеберлік пен пайдаланғаны көрінеді. Мысалы, қыз-жігіттердің сұрақ-жауап айтыстарында немесе батырлардың бір-біріне айбат шегіп, өздерін таныстырып айтысуларында әр шумақтың алғашқы екі қатарын айтысушылардың екеуі де қайталап отыруы және үшінші, төртінші қатарларды өзгертуі кездесіп отырады. Осындай фольклорлық әдістерден пайдалану, біз жоғарыда келтіріп өткен мысалдарда айқын көрінеді. Профессор Қ.Мақсетов: «Бұл айтыс мазмұны және көркемдігі бойынша фольклордағы қарақалпақтар үшін де, қазақтар үшін де ақындар айтысының өз алдына классикалық шыңы десе болады. Бұл айтыста көркем сөзді құрастырудың сондай мағыналы үлгілері бар, оларды басқа айтыстардан табу қиын. Шындығында да, екі туысқан халықтың ақындарының айтысы фольклорымыз тарихын да, әдебиетіміз тарихын да безеп тұрады» [7,133б] – деп жазды. Дұрыс, айтыста көркем суреттеу құралдары шеберлік пен қолданылған және пікірлерді образды түрде жеткеру, мысалдап, астарлы мағынада беру әдістері жиі кездеседі.

Қорыта айтқанда, Әжінияз бен Меңештің айтысын үйрену арқылы екі халықтың тарихын, үрп-әдет дәстүрлерін, мәдени, достық қарым-қатынасын, шығармашылық байланысын көреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алламбергенов К. Қарақалпақ әдебиетінде айтыс. – Нөкіс: Қарақалпақстан, 1989. - 77-б.
2. Пірназаров А. Қарақалпақ әдебиеті бойынша кейбір ойлар. – Нөкіс: Білім, 1991. -50-б.
3. Бахадырова С. Әжінияз және Қыз Меңеш // «Қарақалпақстан жастары» газеті, 1999, 17-июнь, №24(7005).
4. Әжінияз. Шығармалары. – Ташкент: Adabiyot, 2024. - 156-157-б.
5. Муртазаев А. Әжінияз бен Қыз Меңештің айтысы // ӨзРИАҚҚФ «Хабаршысы» журналы, 1983, №1. – 110-б.

6. Бердібай Р. Айтыс әлемі – Түркістан: 2000. – 4-б.

7. Мақсетов Қ. Қарақалпақ халқының көркем ауызекі шығармалары. Нөкіс: «Білім», 1996. – 133-б.

ӘОЖ 82.459.63

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ МҮШӘЙРА ЖАНРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

ОРМАНОВА НУРИЛА АМАНБЕКОВНА

№15 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Мақалада жазба түрінде пайда болған мүшәйра жанрының қазақ әдебиетіндегі алатын орны, ерекшелігі, пайда болуы, даму жолдары жүйелі талдаулар арқылы жан-жақты қарастырылған.

В статье подробно рассматривается место, специфика, происхождение, пути развития жанра мушайра в казахской литературе, появившегося в письменной форме.

Summary. The article examines in detail the place, specificity, origin, and ways of development of the mushayr genre in Kazakh literature, which appeared in written form.

Әдебиет өзінің қалыптасу үдерісінде сан қилы әлеуметтік-қоғамдық жағдайға байланысты өзгеріп отырады. Соның ішінде айтыс өнері де басқа елдердің көркемдік өрісімен өріліп өрілмейді. Тіпті ұлттық негізде пайда болған әрбір жанр эволюциялық даму жолында сыртқы мәдениеттің әсерінен жетілдіріледі. Қазақ халық, поэтикалық, шешендік өнер ежелден қалыптасқан дәстүрлерден туған, бірақ оның жанрлық формалары бірнеше халықтардың әдеби-мәдени тарихымен тығыз байланысты дамыды. Осыған байланысты Қазақ әдебиеті тарихында өте күрделі ғылыми мәселелер бар. Олардың бірі-жазбаша айтылымды зерттеу мәселесі. Кеңес дәуірінде қаралған шығыс әдебиеті мен ислам дәстүрінің қазақ ақындарына әсері ғылыми тұрғыда жаңа ізденістермен толық қарастырылған жоқ. Мысалы, ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасыр басында Бұхара, Тәшкен, Уфа, Қазан, Орынбор медреселерінде шығыстың классикалық әдебиетінен сусындап, ілім-ғылым негіздерінен терең білім алған Тұрмағамбет Ізтілеуұлы, Шәді Жәңгірұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Ақан сері Қорамсаұлы, Нұржан Наушабайұлы, Жүсіп Ешниязұлы, Омар Шораяқұлы, Қарасақал Ерiмбетұлы сынды және т.б. көркем сөз иелерінің туындыларында шығыстық сарындардың елеулі орын алғаны белгілі. Сондықтан олардың шығармалары көптеген жылдар бойы жарияланбаған. Шығыс поэзиясына үлгі болған Ұлы Абайдың ізбасары Шәкәрімнен бастап көптеген қазақ ақындары өздерінің тақуалықтары үшін ғана ата-баба жүйесінің бастауына айналды.

Қазақ ақын-жазушылары ежелгі және ортағасырлық түркі әдебиетін, араб-парсы классикалық әдебиетін өздеріне үлгі етіп қана қоймай, өздерінің дүниетанымы негізінде ең үздік, інжу-маржанды шығармаларды жаңаша жаңғыртып шығарды. Медреселерде оқыған қазақ шайырлары Алтын Орда, Мысыр қыпшақтарының (ХІІІ – ХІҮғ.ғ.) әдебиетімен де жақсы таныс бола отырып, Орта Азияда қолжазба күйінде көп тараған классикалық үлгілермен танысты. Соның негізінде олар қазақтың жазба айтысын дамытуға орасан зор үлес қосты. Соның бірі – мүшәйра. Бұл әдеби жанр Шығыс поэзиясында ежелден келе жатқанымен, қазақ әдебиетінде ХІХ ғасырдың екінші жартысында қайта жаңғырды десе де болады. Сондықтан мүшәйраның шығу тегінің түп-төркіні, жанр ретінде қалыптасып дамуы, көркемдік құрылымдық жүйесі мен Шығыс әдебиетімен типологиялық байланысы арнайы зерттелуді қажет етеді.

Ғасырлар қойнауынан азып-тозбай, өзінің асыл қасиеттерін сақтап бүгінгі ұрпақпен қауышқан қазақ поэзиясы жанрларының бірі – мүшәйра. Оның туу, қалыптасу тарихында айтыс өнерінің маңызы ерекше. «Айтыс» – «айт» етістігінен туған зат есім. Өз мағынасында алғанда, «айтыс» – екі кісінің сөйлеуі. Бұлай сөйлесу қазақ тұрмысында қара сөз түрінде де болған. «Бәлен шешен мен түген шешен айтысыпты» деген сөз қазақ арасында көп ұшырасады. «Айтыс» кейде «талас» мағынасында қолданылып, біреумен біреу таласса, жанжалдасса «пәленше мен түгенше айтысып қалыпты» деп те айтады. Айтыстың мағынасы осындай кең болғанмен, «айтыс» ұғымындағы сөздердің ішіндегі ең басымы – өлеңмен айтысу» [1, 144 б.], – дейді академик С.Мұқанов.

Айтыс жанрының түп-төркіні сонау қадім заманғы салттық өлеңдерден, «бәдік», «жар-жар» секілді тұрмыстық жырлардан бастау алатыны белгілі. Айтысты жоғары деңгейге көтеріп, ұлттық поэзияның алтын қорына үлкен олжа салған ақындардың еңбегін М.Әуезов былай бағалайды: «Қазақ халқының ақындық қабілет-дарыны өмірде ақынның ерекше типін туғызды. Бұл – біздің заманымызға жеткен,

бұрынғы ақындық қазыналарды сақтап келген әрі жыршы әрі импровизатор ақын. Халық поэзиясындағы таңдаулы үлгілердің туып, таралып және осы уақытқа дейін сақталып жеткені үшін біз осынау ақындарға борыштымыз» [2, 157 б.]. Әрине бірақ ертедегі ақындардың ешбір айтысы сақталмағандығын тек кейінгі жазу-сызу дамыған дәуірлерден бастап қана айтыс мұраларын сақтап, жарыққа шығаруға, сөйтіп бүкіл қазақ даласына таратуға мүмкіндік туды.

Бұл арада С.Мұқановтың «XIX ғасырға дейінгі тарихта аты мәлім айтыс ақындарын қазақ әдебиетінің тарихы әлі білмеуі және білу мүмкіндігі қиын да. Себебі, XIX ғасырға дейінгі қазақ поэзиясының қай түрін алсақ та, қағаз бетіне түскен, жазылып алынғаны жоқ». [1, 45 б.], – деген пікіріне қосылуға тура келеді.

«Айтыс» жанры қазақ әдебиетінде біршама зерттелген. Атап айтқанда А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхаммедұлы, М.Әуезов, С.Мұқанов, С.Сейфулин, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайлов, Р.Бердібаев, Е.Тұрсынов, М.Дүйсенов, М.Жармұхамедұлы, Б.Адамбаев, Ә.Дербісәлин, Н.Төреқұлов т.б. қазақ ғалымдарының еңбектерінде айтыстың тууы, қалыптасуы және жанрлық ерекшеліктері хақында түрліше ой-пікір, бағалы байыптаулар ұшырайды. С.Мұқанов, Е.Исмайлов, Е.Тұрсынов, М.Жармұхамедұлы жүргізген зерттеу еңбектерінде айтыстың генезисі мен оның ұлттық поэзиядағы маңызды рөлі жарқын мысалдармен дәлелденгенін ерекше атап өткен жөн. Сондықтан қазақ поэзиясында поэзия дамып келеді, соңғы кезде мушайраның жанрлық шығу тегі, стилі мен тақырыптық аспектілері, сондай-ақ оның отандық әдебиеттегі басты өкілдері туралы сөз болып отыр.

Мүшәйра – Шығыс пен Ислам мәдениетінің, қазақтың төл поэзиялық туындысы саналатын дәстүрлі айтыс қасиеттерін бойға сіңірген синкретті симбиоз жанр екендігін жоғарыда айтқан болатынбыз. Әдебиет жанрына қойылатын талаптарға жауап беретін байқаудың басты белгілері туралы айта отырып, бұл жанрды оның эмбебаптығына байланысты бірнеше түрге бөліп қарастыруға болады. Айта кету керек, кез-келген ірі жанрдың дамуына байланысты оның ауқымы кеңейіп, түрлерге бөлінеді. Жанрдың өзі өзгермелі тарихи категория болғандықтан, оның даму процесінде оның түрлерге бөлінуін табиғи құбылыс ретінде қарастырған жөн. Осы орайда академик С.Қасқабасовтың: «Жанр – өнердің, әдебиет пен фольклордың, бір жағынан, жалпы, көп қырлы (универсалды) категориясы да, екінші жағынан, нақтылы категориясы. Көп қырлы болатыны – онда әр түрлі әдістер мен тәсілдер көрініс табады, ал нақтылы болатыны – шығарма белгілі бір жанрдың аясында жазылады. Әр жанрдың өзіндік ерекшелігі, заңдары болады» [3, 164 б.] – деген нақтылы анықтамасы бүгінгі біз қарастырып отырған мүшәйра жанрына да қатысты. Аталмыш жанрдың көп қырлылығын түрлерге бөлу арқылы жүйелеп жіктесек: 1) «сұрақ-жауап айтысы»; 2) «жұмбақ айтысы»; 3) «топ айтыс» деп үш түрге бөліп қарастыруға болады.

Ақындар көп жағдайда белгілі бір тақырып төңірегінде білгендерін жазып, қарсыластарымен бәсекелеседі. Кейде шайырлардың артында поэтикалық шабыт пайда болған кезде, олар көңілді ыстықта тақырыптан асып, әлемді аралап, ән айтады. Ақындар Құран сөздерін, пайғамбарлардың өмірін, әлемнің жаратылысын, өмір мен поэзия құбылыстарын: Сұлулық пен эстетиканы, таным мен талғамды, тарих пен этнографияны өмірге келтіруге тырысады. Шайырлардың сүйікті тақырыбы - Ислам философиясы және сопылық поэзияның философиялық және дидактикалық үлгілері. Ахмет Йасауи, Сопы Аллаяр, Шасты Азиз, С. Бақырғани, Марал ишан, Қосым қожа-осындай әулиелер-машай, тақуалық ұстаз, әулиелердің өсиеттері мен өмірі-шайыр поэзиясының қайнар көзі.

Қазақ поэзиясындағы фольклор мен әдебиет дәстүрін салыстыра зерттеуші профессор Т.Тебегенов жазба айтыс жөнінде былайша ой сабақтайды: «Көркем әдебиетке жақындаған бұл жанрдың жартылай отырықшы, көшпелі тұрмыс жағдайында осылай қалыптасуы – әлемдік әдеби дамудағы қазақ сөз өнерінің ұлттық сипатын даралай танытатын құбылыс. Жазбаша айтыстар – әдеби дәстүрдің көрінісі, сауатты, оқымысты ақындардың туындылары. Әрине, бастау үлгілері – фольклордағы ауызша импровизация. Жазбаша айтыстардың кейбірі ауызша басталып, жалғасы жазбаша ұласатын болған. Кейде жазбаша басталып, аяғы импровизацияға ұласқан. Әдеби процестегі ауызша және жазбаша дәстүр сабақтастығы – үздіксіз қозғалыс. Әдеби дамудағы кемел жазба шығармашылықтың өзі осы синтезді тұрақты сақтап келеді» [4, Б:51-52.].

Ақын-шайырлардың екіден-үштен, тіпті одан да көп болып топтаса айтысып, жазба мүшәйраға түсуі XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басында кеңінен қанат жайғаны белгілі. Осындай сөз зергерлерінің сайысында өмірлік мәселелермен қатар ақындық өнер, поэзия жанрлары жайында да пікір-таластар жиі ұшырайды. Екі дүние ілімінен жақсы хабардар шайырлар әдебиет, тарих, шежіре жөнінен де өз ойларын ортаға салады. Соның нәтижесінде әрі көлемді, әрі көркем, әрі эстетикалық мәні терең танымдық деңгейі жоғары жүйелі айтыстар өмірге келген. Шайырлар әдебиет әлеміндегі, қоғамдық құбылыстар мен тұрмыстағы кемшіліктерге сын көзімен қарайды. Бұл ретте зерттеушінің «Олар көбіне жазысып айтысқандықтан және екеуара емес, бірнеше адам араласып сөз

сайысына түскендіктен жазба поэзияның сілемдерін ғана емес, эстетикалық сынның да элементтерін байқап қаламыз»,– деген пікірлері өте дұрыс айтылған [5,25 б.].

Қазақ ақындарының жазба айтыстары өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарынан бастап жүйелі түрде жинала бастаған. Оның бастауында белгілі фольклор жанашырлары Ә.Диваев, Ә.Қайнарбаев, М.Көпеев, Ә.Марғұлан, Ү.Аяпов, Н.Молюбаев, Қ.Баймағамбетов, М.Жүсіпов, Р.Мәзқожаев, т.б. бар. 1964 жылғы «Айтыс» жинағының алғашқы томында бірен-саран жазба айтыс үлгілері еңсе, 1965 жылғы екінші томда көптеген таңдамалы хат айтысының түрлері қамтылған. ҚР БҒМ ОҒК Сирек қоры мен М.О.Әуезов атындағы ӘӨИ Қолжазба қорларында жазба айтыс – мүшәйра үлгілерінің мол қоры сақталған. Олардың негізгі бөлігі «Қазақ қолжазбалары ғылыми сипаттамасының» 6-томына енгізілген.

Екінші томға жазылған «Құрастырушылардың» сөзінде жазба айтысқа: «Айтыстың бұл түрі белгілі бір жағдайларға байланысты көбінесе, хат түрінде жүзеге асады, яғни хат арқылы жазысып айтысады. Мұны шартты түрде «жазба айтыс» деп атаса да болады. Жазба айтысқа он, кейде жиырмаға жуық ақындар қатысып, айтыса береді»[6.] деген анықтама берілген. Біздіңше, мұның нағыз атауы – мүшәйра болуы керек. Өйткені, хат арқылы немесе жазып айтысқанына қарап бағалағаннан гөрі, Шығыс поэзиясын меңгеріп, сол бұрынғы шайырлық дәстүр мен стильді қолданған ақындардың сөз бәсекесін бейнелеуге әдеби термин ретінде мүшәйра жақынырақ келеді деп ойлаймыз.

Мүшәйра Шығыс әдебиетінің дәстүрі бойынша нәзира үлгісін қолданды. Ондай мүшәйра түрі ұстаз бен шәкірт ақындардың арасында өте береді. «Әдебиеттану терминдерінің сөздігінде» мүшәйраға – «Шығыс елдерінің әдебиетінде кездесетін өлеңшілер айтысының бір түрі. Мүшәйра өзбектің, кейбір басқа түрік тілдес халықтардың әдебиетінде кездеседі. Соңғы жылдары қазақ поэзиясында мүшәйра жазба ақындардың қыр мерекесі, қыр жарысы ретінде өткізіліп жүр» деген анықтама берілген [7, 236 б.]. Бұл тәсіл жас шайырларды сынау арқылы талантын ұштау мақсатын көздеген. Мүшәйраның әдеттегі көпсайыстан ерекшелігі-бұл жерде шайырлар бір-бірімен тікелей дауласпайды. Алдымен бір ақын көпшілікке, көпшілікке белгілі тақырыпта жалпы сұрақ немесе жұмбақ жазды және оны жазумен таратады. Мысалы: Тұрмағамбет пен Жүрсін, Тұрмағамбет пен Әбдікәрім арасындағы айтысты мүшәйраның осы түріне жатқызар едік. Бұл айтыс әдеттегідей хат арқылы жүзеге асқан.

Тұрмағамбет:

Жарайды жазған хатың, інім Жүрсін!
Қиғаш қас, құралай көз нағыз Нүрсін.
Баласы Алтынайдың болғаннан соң,
Кемеңгер, білімге бай, анық дүрсін!

Жүрсін:

Қошемет сөз ғой, Төке, «дүр» дегенің,
«Қиғаш қас, құралай көз нүр» дегенің.
Бұл айтқан сөзіңізден байқалып тұр:

«Жазуды жөндей алмай жүр»,– дегенің[8, 287 б.]. Бұл бір ғана мысалы, ал қазақ әдебиетінің тарихында қаншама айтыстар бар екенін өздерінің білесіздер.

Дегенмен, қазақ жерінде мүшәйра жанрының пайда болу тарихы, оның өткен ғасырдағы парсы, түркі-қыпшақ әдебиетімен байланысты мәдени-тарихи сабақтастығы, дәстүрлер мен стильдік сипаттағы сабақтастығы бойынша арнайы ғылыми жұмыстар мен зерттеулерді қажет етеді. Қазіргі таңда мүшәйра жанрын туралы кандидаттық және докторлық диссертациялар жазылып, қорғалуда. Қазақ ақындарының эпикалық мұралары – А.Қыраубаева, Н.Келімбетов, Б.Әзібаева, М.Әбдуов және т. б. көлемді, сюжеттік сюжеттік дастандарды әдебиет, фольклор зерттеушілері зерттеп, тиісті баға алғаны белгілі. Ал жазушылық айтыс-мүшәйраны дәріптеп, жанр деңгейіне жеткізген олардың орасан зор еңбегі әлі күнге дейін толық бағаланбаған. Сыр туралы жазба Т.Тебегенов, Л.Әбдіқалықова сияқты зерттеушілердің диссертациялық жұмыстарында көп айтылған. Бұлардың бәрі баспа бетінде жарық көретін ғылыми жұмыстар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы: «Қазақстан», 1974. – 236 б.
2. Әуезов М. Жиырма томдық шығ. жинағы. 17-том. – Алматы: Жазушы, 1985. – 348 б.
3. Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
4. Тебегенов Т. Ақындық поэзиядағы фольклор мен әдебиет дәстүрі (Әдеби процесс. Авторлық поэзия...). /филол. ғ.д. ... авторефераты/ Алматы: 2002.– 65б.
5. Кәкішев Т. Сын сапары. – Алматы: «Жазушы», 1971.–176б.

6. Досмұхамедұлы Х.Тандамалы шығармалары. – Алматы: Ана тілі, 1998. –384 б.
7. Баранов Х.К. Арабско-русский словарь: 6-ое изд-е. Стереотип. – М.: рус. яз., 1985. – 944с.
8. Айтыс. Екінші том(Құраст. Ш. Ахметов т.б.) – Алматы: «Жазушы», 1965.–664б.

ӘОЖ 82.725.21

АБАЙ МЕКТЕБІНДЕГІ ТАҚЫРЫПТЫҚ-КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕР

ТОКУШЕВА АҚМАРАЛ КЫЗЫЛШЛИКОВНА

Д.М.Карбышев атындағы №16 ОМ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-зерттеуші, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются тематические и художественные исследования школы Абая.
Summary. The article examines thematic and artistic studies of Abai's school.

Абай айналасындағы айтыс өнерінің дамуына, айтыс жанрының өркендеп қанат жаюына Абайдың өзі тікелей себепкер болып, қасындағы ақын шәкірттердің айтысты шебер меңгеруіне ықпал етті. Айтыс өнеріне тән негізгі белгі суырыпсалмалық өнер болса, Абайдың жас кезіндегі өлеңдері –нағыз суырып салып айтқан дүниелер. Жазба поэзиясының асқан шебер болуымен қатар Абай бойындағы далалықтарға тән хас өнер–табан астында тауып өлең ұйқастыру өнері ерекше дарыған-ды. Қазақтың суырыпсалмалығын жасынан бойына сіңірген ақын өмір бойы бұл машықтан қол үзген емес. Тек өзі ғана емес, соңынан ерген ақын шәкірттерін тосыннан сөз табуға, табан астында «айналасы теп-тегіс, жұмыр келетін» өлең құрауға баулыды. Айтысқан ақындардың сөзін түзеп, қазылық төрелігін айтты.

Айтыс өнеріне етене жақын құбылыс бір өлеңді бірнеше ақынның жарыса құрауы Абай айналасында кеңінен тарап, Абай шәкірттері Әріп, Көкбай, Уәйіс сынды ақындар осы бір дәстүрді өз орталарында жиі қолданып отырды. Айтыс өнерінің қыр-сырына осылайша терең бойлап, шебер игерген Абай мектебінің өкілдері екі ақынның айтысын көркем шығармаларына арқау етті. Кәдімгі айтысты көз алдына әкелер Абайдың «Жігіт сөзі» мен «Қыз сөзі» сияқты өлеңдерінің үлгісі Шәкәрім мен Тұрағұлдың, Әріп пен Әубәкірдің мысал айтысын арқау еткен өлеңдерінде жалғастық тауып жатыр. Ал, Әріп Тәңірбергенұлының «Тәуке мен Ұрқия», Уәйіс Шондыбайұлының «Тәуке мен Жікібай» сияқты айтыс негізінде жазылған көлемді поэмалардың да дүниеге келуі–ақындардың айтыс табиғатын терең игерудегі соны жетістігін айқындайды. Сондай-ақ, ел арасында жұрнағы ғана қалған айтыс, сөз қағыстарын өңдеп, көркем шығарманың талаптарына жауап беретін туындылар жазған Әріптің «Біржан-Сарасын», Әсет ақынның Ырысжанмен айтысын өңделген айтысқа жатқызуымыздың себебі–өңдеуші ақындардың авторлық үлесін көрсету. Қалай десек те, айтыс өнерін жетік меңгерген Абай шәкірттерінің дені айтысты көркем шығармаға арқау етті. Бірі болған айтысты өндесе, екіншілері қолдан жаңа айтыс-поэма жазып, ауыз әдебиетінің озық үлгісін жазба шығармаларында аса шеберлікпен пайдалана білді.

Абай мектебіндегі тарихи тақырыптардың бастау көздерін Абайдың тарихи шығармасы «Біраз сөз қазақтың түбі кайдан шыққандығы туралы», «Орта жүз қазақтарының рулары туралы» еңбектерінен іздесек, Шәкәрімнің шежіресі Абай еңбегінің заңды жалғасы ғана емес, жазылу мақсаты бір, ұстаз идеясының толықтырылған нұсқасы деп қабылдауға болады. Сондай-ақ, Шәкәрімнің діни-философиялық «Мұсылмандық шарты» еңбегі де Абай тапсырмасымен жазылған. Тарихи тақырыпта көркем шығарма жазбағанымен Абайдың бұл мәселедегі назары ақын шәкірттеріне тапсырма беруімен ерекшеленді. Шәкәрімнің «Жолсыз жаза», «Қалқаман-Мамыр», Мағауияның «Еңлік-Кебек», Көкбай ақынның Абылай тақырыбындағы тарихи жырлары, Уәйістің «Жошы-Алаша ханы» сияқты шығармалардың жазылуына Абай тікелей себепкер болды. Мәселен, Еңлік пен Кебек оқиғасы туралы бірнеше интерпретациялық үлгідегі көркем туындылардың басында Абай тұр. Абайдың әдеби тапсырмасымен бұл оқиғаны Мағауия адал махаббат иелерін өлімге қиған қазақтың қатыгез салт-санасын сынап, лирикалық бояуы қанық ғашықтық поэма етіп берсе, Шәкәрім екі жастың трагедиялық халін жеке адамдардың шеңберінде қалдырып қоймай, ел ішіндегі әлеуметтік-қоғамдық қайшылықтар аясына апарды. Сөйтіп, идеялық-тақырыптық аясы кең нағыз реалистік поэма ұсынады.«Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөзінде» әңгіме болатын Қалқаман мен Мамыр оқиғасының Шәкәрімнің көркем шығармасына арқау болуын жоғарыдағы поэмамен байланыстыра қарасақ, екі поэманың идеясындағы ортақ белгілерді жеке автордың қолтаңбасына тән құбылыс деп тану қажет. «Жолсыз жаза», «Қалқаман-Мамыр», «Қодардың өлімі» поэмаларын бір арнаға тоғыстырып тұрған идеялық бірлік бар. Ол –қазақтың салт-дәстүрін

бұзғандарға кесілген ең ауыр жазаның себеп-салдарын ашып көрсету, жаза кескендер мен жапа шеккендердің ақ-қарасын анықтап, кейінгі ұрпаққа жеткізу.

Абайдың көңіл қойып, Көкбайға жаздырған тарихи тақырыптарының бірі—Абылай хан тақырыбы. Көкбай Жанатайұлы Абайдың тапсырмасымен Абылай және оның ұрпақтары туралы циклды қатаң жазып, Абай «Сабалақ» дастанының көркемдік қуатына ғана емес, тарихи мән-маңызына да аса ден қойып, сынап, түзеген. Көкбай ақын өмірінің соңғы жылдарында Абылай тақырыбына қайта айналып соғып, «Қандыжап» дастанын жазады. Алғашқыдағы Абылай бейнесі кейінгі шығармасында айқындала түсіп, жаңа қырынан көрініп, мейлінше шебер сомдалды. Уәйіс Шондыбайұлының «Жошы-Алаша хан» поэмасы—Абай ықпалымен жазылған тарихи шығармалардың бірі. Ертеден келе жатқан қазақ аңызын негізге алған Уәйіс Абай еңбегіндегі Алаша хан туралы аңызды поэмасына арқау ете отырып, өзіндік өрнекпен көркем туынды қашай білген.

Абайдың ең негізгі нәр алып сусындаған бұлағы халқымыздың бай ауыз әдебиеті еді. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, асыл мұра ретінде жетіп отырған мәдениеттің бұл саласы болашақ ақынға көп ықпалын тигізеді. Халқының мол мұрасы мен бай ауыз әдебиеті Абайға анасының ақ сүтімен дарып, бойына қонған. Осы жөнінде академик С.Қасқабасов былай деген: «Абайдың ұлы ақын болуы алдымен оның туа біткен дарынына байланысты болса, содан соң өскен ортасына, бала кезден алған тәрбиесі мен оқып-тоқығанына байланысты. Бұл ретте, ол көпті көрген дана әжесі Зере мен ақындық, өнерпаздық дарыған шешесі Ұлжанның кестелі сөздерін құлағына құйып, шаршы топта жаңылмай сөйлейтін әкесі Құнанбай мен басқа да ру басылардың билік сөздеріне ден қойып өсті. Соның нәтижесінде Абай он жасынан бастап өлең шығарды, әзіл-оспаққа, қолма-қол өлең шығаруға төселді» [1, 8б.].

Халқымыздың асыл қасиеттерін бойына сіңірген Абай шығармаларында ауыз әдебиетін, нәрлі шұрайларын жасаған, халық ақындарының шығармаларын ақындық мәдениеттің жоғарғы сатысына көтерді. «Ауыз әдебиеті байлығын жете меңгерген ақынның аса талғамдылығы оның өз шығармаларынан айқын танылады. Абай фольклор даналығының асыл нәрін, рухын пайдалануды көздеген. Мұны әсіресе мақал, нақыл сөздерді қолдану тәсілінен анық байқаймыз. Ақын өлеңдері мен қарасөздерінде мақал, қанатты сөз секілді тамаша тапқыр тіркестер жиі кездеседі», – деп ғалым Р.Бердібаев Абай шығармашылығындағы фольклордың маңызын атап көрсетеді [2, 153б.]. Абайдың ерекше ықыласпен оқып, аса құрметпен көңіл бөліп қараған келесі үлкен де маңызды арнасы – Шығыстың классикалық әдебиеті еді. Абай жас кезінің өзінде-ақ Шығыс әдебиетіне зор көңіл қойып оқиды. Семейдегі Ахмет Риза медресесінде оқып жүрген кезде ол араб, парсы, шағатай тілдерін жақсы меңгеріп шығады. «Уақытында аз да болса ислам діні, ғылымы кіріп келе жатқан жаңа заманның ретімен Абай ғарапша, парсыша, түрікше кітаптарды көп оқып, олардың ішіндегі ғылымынан үлкен хабардар болды. Сол талаппенен қырда ғарапша, парсышаға Абайдан артық білетін ешкім болмады», – деген Абайдың тұңғыш биографы Кәкітай Ысқақұлының сөзі ақынның араб, парсы тілдерін жетік білгенін айғақтайды. Үш-ақ жыл медреседе оқып, шығыс тілдерін меңгеріп шыққан Абай шығыс әдебиетінің мол жауһарларымен оқып танысады. Ол шығыстың даналығынан сусындап, ғылымын игереді. Ғалым С.Қасқабасовтың айтқан пікірінде: «Сонымен ауылда еркін өсіп, халық поэзиясынан мол сусындаған Абай он екі жасында қала медресесіне түсіп, мұсылман дінінің қағидаларымен қатар жырақ елдердің көркем дүниесіне енеді, философияға толы ғақлия, дидактика әлемін шарлайды», –деуі ақынның мұсылман дінінің қағидаларымен қоса, шығыс әлемін толық білетіндігін көрсетеді [3, 8б.].

Абай Шығыстың классиктері Фирдоуси, Сағди, Науаи, Низами, Физули, Хафиз, Жәми, Сәйхалидің т.б. шығармаларымен танысады. Шығыс классикасының ақынға әсер еткені соншалық, оларға еліктеп, өлең де жазады. Олар Абайдың алғашқы өлеңдерінің бірі болып саналады. Абай иран, түрік халықтарының әңгіме-жырларын да зор ықыласпен оқиды. Ақынның «Мың бір түн» ертегісін, «Шаһнама», «Ләйлі-Мәжнүн», «Көроғлы» дастандарын оқып, кейіннен шығыстық сюжет желісінде поэмалар жазғаны да белгілі. Ақын аға ретінде қалыптасқан тұсында Абай өзінің баулып тәрбиелеген шәкірттеріне оқыған шығармаларын айтып, арнайы тақырып та беріп отырған.

«Абай араб-мұсылман мәдениетін кең зерттей отырып, Табари, Рабгузи, Рашид ад-дин, Бабур, Абулғазы Баһадур хан және басқалары сияқты шығыс ғалымдарының тарихи еңбектерімен де танысты, мұсылман дінінің барлық шариғат негіздерін біліп алды». М.Әуезов атап айтқан мәліметке көз жіберсек, Абай шығыстың классикалық поэзиясын ғана емес, тарихи еңбектерін оқып, мұсылман дінінің шариғат негіздерін біліп, араб-мұсылман мәдениетін де зерттегені анықталады. Ақын олардың шығармаларымен өз халқының шежіре дастандарын салыстырады.

М.Әуезов Абай шығармаларындағы шығыстық белгілердің ақынның бала кезінен өмірінің соңына дейін желідей созылып арқау болғанын айтады. Абайдың Шығысқа қатынасын М.Әуезов ақын шығармашылығының екі кезеңде болғанын айтып, ажыратып береді. Абайдың «...жас кезінде (1860–1865) жай еліктеуден бастаса, есейіп ержеткен шағында (1886–1904) Науаи мен Низамиға сырттай еліктемей, олардың дәстүрлерін творчестволық жолмен, сын көзімен қабылдады». Бұл құбылыс әсіресе

«Абай жолы» роман-эпопеясында Абайдың өсіп-жетілу, рухани қалыптасу төркіндерін баяндайтын тұстарда анық байқалады. Жазушы «Абай жолы» эпопеясының «Шытырманда» атты тарауында былай деп жазады: «Ғабитхан да кітап оқығыш болатын. Соның кітаптарының ішінен өзін қызықтырған көп-көп асыл бұйымдар тапты. Мұнда Абұлқасым Туси-Фирдоуси, Низами, Фзули, Науаи, Бабырлар бар. «Жәмшид», «Сеидбатал Ғазі», «Мың бір кеш» Табары жазған тарих, «Жүсіп-Зылиқалар» «Ләйлі-Мәжнүндер» «Көрұғлы» сияқты хикая дастандар да бар. Абайдың бас алмай оқығандары осылар» [4, 104б.]. Мұндай деректерді жазушы «Абай жолы» роман-эпопеясында Абайдың ақын, ойшыл, дана, гуманист ретінде қалыптасу жолына қарай біртіндеп рет-ретімен келтіріп отырады.

1934 жылы жазылған «Абай ақындығының айналасы» деп аталатын мақаласында көтерген мәселелері үшін М.Әуезов тағы да айыпталып, қатты сынға ұшырайды. Бұндай тығырықтан құтылу үшін М.Әуезов Абайдың Шығыс әдебиетімен байланысы дегенде, советтік шығыс республикаларының классиктері, яғни тәжік, өзбек, эзербайжан қаламгерлерімен байланысын айтпақ едім деуі – сол қаулыдан сескенгендіктен тапқан амалы болғанына көзіміз жете түседі. Яғни БКП (б) ОК-нің 1949 жылы арнайы саяси-идеологиялық мақсат көздей отырып қабылдаған космополитизм туралы қаулының өткен әдебиетімізден қол үздіріп, мәдени мұраның түп-төркінін түбінен қырқып тастаудың әрекеті еді. Осы саяси идеологияның кесірінен Абай мұрасының шығыс әлемімен байланысы орыс, Батыс әдебиетімен қарым-қатынасы жағына қарағанда кешеуілдеп тоқтап барып, кейін ғана зерттеліне бастауының басты себебі осында жатыр.

Абайдың Шығысқа қатысын М.Әуезовтен кейін кең көлемде арнайы зерттеген әрі бұл мәселеге тереңдеп барған ғалым Мекемтас Мырзахметұлы еді. Зерттеуші Абай дүниетанымы Шығыс философиясындағы хауас, иманигүл, жауанмәртлік танымдарынан қаншалықты нәр алып барып қалыптасқанын ғылыми тұрғыдан негіздеп берді. Ғалым Абай ақын, ойшыл ретінде ұлттық және Шығыс мәдениеті арқылы қалыптасқаннан кейін барып, батысқа бет бұрған деген М.Әуезовтің ертеректе айтқан пікірін сан тараулы жолдармен зерттеп дәлелдеді.

Ғалым «Абай және Шығыс» атты еңбегінде: «Абай шығармаларындағы шығыстық белгілерді шығыс классиктерінен іздестіре бастағанда, оларды негізінен: а) Абайдың махаббат лирикасынан; ә) дидактикалық өлеңдерінен; б) өсиет-үлгі сарындас өлеңдері мен, әсіресе, қарасөздерінде жүйелі түрде өз танымын желілеп таратып отыратын толық адам (нравственная личность) жөніндегі ой-толғаныстарынан да жиі ұшыратамыз», – дейді [5, 25б.].

Қорыта айтқанда, Абай көлемді тақырыптарды игертуде шығыстан келген нәзирагөйлік дәстүрдің соны үлгісін ұсынды. Басқаны қайталамайтын жаңаша идеялармен жазылған Абай поэмалары шәкірттер ізденісін тың жолға бастады. Бір тақырыпты бірнеше ақынның жарыса жырлауы Абай мектебіндегі шәкірттердің шабытын қамшылап, көркемдік биіктерге жетеледі. Сондай-ақ, Абайдың орыс пен батыстан алған жаңаша бір дәстүрін ең алдымен қасында жүрген шәкірттері қабылдап, дамытты. Оның көрінісі–Ақылбай, Мағауиялардың орыстың, батыстың үлгісінде жазған «байрондық поэмалар» табиғатына жақын романтикалық туындылары.

Абай шәкірттері тарихи тақырып пен нәзиралық үлгіге барғанда Абайдың ұстанған идеялық позициясынан ауытқымайды. Ақындардың ұстанған мақсаты–адам бойындағы ізгілік пен зұлымдық, қатыгездік пен мейірбандық, махаббат пен ғадауаттың майдандасқан көріністері арқылы қоғамдағы әділетсіздікті әшкерелеу, сөйтіп соры қалың қазақтың көзін ашу сияқты хәкім Абайдың ұлы идеяларын жалғастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қасқабасов С. Абай және фольклор. – Алматы: Білім, 2014. – 64 б.
- 2.Бердібай Р. Жұлдыздар жарығы.–Алматы: Білім, 2017. – 248 б.
- 3.Қасқабасов С. Абай және фольклор. – Алматы: Білім, 2014. – 64 б.
- 4.Әуезов М. Шығармаларының елу томдық жинағы. Т.10.–Алматы: Ғылым, 2015.–456б.
- 5.Мырзахметұлы М. Абай және Шығыс. – Алматы: Қазақстан, 2015. – 208 б.

ӨОЖ 82.426.21

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ АЙТЫСКЕР ҚЫЗДАР

РАПИЛЬБЕКОВА ГҮЛШАТ ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Ә. Бөкейханов атындағы №1 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается творчество современных поэтов.

Summary. The article examines the work of modern poets.

Қазақ даласындағы айтыс өнерінің өзіндік ерекшеліктері бар. Соның бірі әйел адам мен ер адамдарды қатар айтыстырған. Айтыста тек өнері асқақ, сөзге мүдірмеген ақындар ғана жеңіске жеткен. Осыдан Орта Азиядағы патриархалдық қоғамда өмір сүрсе де, осы ерекшеліктерден біздің халқымыздың «нәзік жанды» қауымына еркіндік пен сыйластық танытқанын көреміз. «Ақын әйелді былайша жалғыз ер ақын ғана емес, барлық ел болып, халық болып сыйлайды, ұлы жиындарда ақын әйелдің беделі, бағасы ер ақыннан төмен болмайды. Әйел ақынның өлеңі де халыққа ер ақыннан кем тындаулы емес. Айтыста жеңген әйел ақынды халық жеңілген ер ақыннан артық бағалайды. Сөзден тосылған ер ақын әйел ақынға бас иеді» деп С.Мұқановтың заты әйел ақындарды осылайша бағалауы олардың ертеден-ақ қоғам алдында қаншалықты құрметке ие болғанын байқатса керек.

Айтыстардың мазмұнынан ақын қыздарымыздың бойынан біріншіден, ақындық өнерімен даңқы шыққан талантын, екіншіден, әйелге тән нәзіктік пен сұлулықты, үшіншіден, ой өрісі кең, ақылды да тапқыр әрі өткір тілді шешендікті, төртіншіден, заман шындығын ашына жырлаған қайсар қыздардың келбетін көреміз. Бір ғажабы қыз бен жігіт айтысының қай қайсысын алсаң да ақын жігіттер қыздардың ақындық өнеріне құмартып, өздері арнайы іздеп барып айтысқан. Оған Оспантай ақынның Күйкентай қызға «Сыртыңнан аттай қалап келдім іздеп» деуін немесе Біржан салдың Сара қызға «Мен келдім алыс жерден атқа мініп, Есітіп атағыңды сені біліп» деп айтқандарын мысалға келтіруге болады. Алайда, ақын жігіттердің өз бағын сынау үшін қыздарды арнайы іздеп баруының өзінде үлкен мән бар. Ол – сол қыздардың ақындық даңқының осал еместігі.

Тарихымызға ақындық жолдың ізгі ізін салған қазақтың ақын қыздары аз болмады. Олар Күнбала, Ұлбике, Сара, Ақсұлу, Мәйке, Ақбала, Ырысжан, Салиқа, Тәбия, Ләтипа, Шәріпжамал, Манат, Айкүміс секілді ақындар тамыры тереңнен бастау алған асыл мұрамызды бізге жеткізе білді. Олардың дәстүрін жалғастырып, халыққа танылған Таушен Әбуова, Әселхан Қалыбекова, Әсия Беркенова, Шолпан Қыдырниязова, Жадыра Құтжанова т.б. айтыскер ақын қыздар жалғасы бүгінде толастаған жоқ.

Әсіресе, өнерсүйер қауымның көзайымына айналған Әселхан Қалыбекованың айтыс сайысына қосқан үлесі бір төбе. «Мен айтысты Әселхан арқылы жақсы көріп кеттім. Бүгінгінің ақын Сарасы осындай-ақ болсын...» Фариза апай, ақын Фариза Оңғарсынова өткен ғасырдың сексенінші жылдарының басында халқымыздың баға жетпес мұрасы – айтысты бір биікке көтеріп тастаған сіңлісі туралы осылай депті. Айтыскер ақын Маржан Есжанова Әселхан әпкесін «Айтыстағы қыздардың генералы» деп жырға қосты. Ал айтыстың басты жанашыры Жүрсін Ерман: «Айтыстың Әселханын білмейтін сауатты қазақ жоқ. Жарты ғасырлық ғұмырында ана бақыты мен ақындық азап ләззатын ұштастырып, тұлпар талантымен өнер көкжиегінде ойкастаған ақын қызға оң ниетімізді білдірейік!» -деп жоғары бағасын берген.

Айтыс өнерінің қоғамға, халыққа, уақытқа ете беретіндігін өмірдің өзі дәлелдеді. Бүгінгі заманда да ақын қыздар айтыста тартынбай шындықты айтып, халықтың ерекше сүйіспеншілігіне бөленіп жүр. Айтыскер әпкелерінің ізін қуған келесі толқын Маржан Есжанова, Ақмарал Леубаева, Елена Әбдіхалықова, Анар Жаппарқұлова, Айнұр Тұрсынбаева, Жансая Мусина, Әсем Ережеқызы, Сара Тоқтамыс секілді ұлттық өнерді дәріптеген қазақтың қыздары бәрімізге де таныс.

Төле бидің 350 жылдығы мен Абылай ханның 300 жылдығына арналған республикалық «Наурыз» ақындар айтысында (Шымкент қаласы, 2013 жыл, 15-16 наурыз) Біржан Байтуов пен Жансая Мусинаның айтысы көрерменнің ықыласына бөленді. Жансаяның тұрмыс құрмағанын тілге тиек еткен қарсыласына айтыскер қыз жүйелі сөзбен жауап бере білді.

«Ағайындар, сендерге айтам жырымды,

Тойларыңыз тойға ұлассын бүгінгі!

Текті туған жұртым бар,

Жауынгерлік рухың бар!

Ешкім сенің түсіре алмас құныңды.

Жансаяны жеңе алмайсың бәрібір,

Өйткені оның ары таза, жаны қыр.

Жәй айтқанда жылатым,

Қатты айтқанда құлатам,

Женемін деп талпынғандар әлі жүр...

Тірес десең –тіресем,

Күрес десең – күресем,

Айтыста да сап жіберем жамбасқа!» -деп бастырмалата жырлап кетеді Жансая.

Бұл айтыста Біржан Байтуов Айнұр Тұрсынбаевамен де сөз таластырады.

«Айнұр қашан зейнетке шығады?»- деп,

Әр жерде ішінара сөз болды ғой.

Айтыстың апашкасы бұл Айнұрға,

Отставкаға кететін кез келді ғой!»-деп әзілге басады Біржан ақын.

Оған сөзге тосылмайтын Айнұр Тұрсынбаева:

«Айтыстағы бүгінгі

Алаулап жанған от едің.

Жеңешеңе айнұрдай

Сөздің бөлдің шекерін.

Зейнетке қашан шығар деп,

Шығардың неге бөтен үн?

Құтылмайсыңдар Айнұрдан

Мәреге талай жетемін.

Бүкендеп кемпір болғанда,

Жүкенмен бірге кетермін», -деп жауабын айтып тастайды.

«kazaitvs.kz» ұйымдастырған «хат айтысында» (2013 жыл, қыркүйек) айтысқан Біржан Байтуов пен Сара Тоқтамысованың айтысы ерекшеленді.

Ақын Сараны іздеген Біржан болып, алдымен сөз басын Біржан ақын бастайды.

«Елім», деп еңіреген есіл ерсін,

Шаңқан сары дөнендей көсілерсің.

«Қазайтыс» жобасына ауыр-ауыр,

Ойларды артып алып көшің ерсін,

Жыр додасы кезінде қамшың тиді,

Мен кештім, сен де мені кешіретің!» -деп ақын ағасына Сара Тоқтамысова ерекше құрмет танытады.

Бұл айтыстардан да айтыскер қыздардың сөз талғамы биік, ақындық рухы мығым екенін көруімізге болады. Шындықты айтып, шын талантын көрсеткен.

Бұл буыннан үлгі алып, айтыс сахнасын бағындыра бастаған Айым Асылбекқызы, Айшолпан Төлеутай, Алина Айдаралы, Әсел Таушановаларды ерекше атап өтуге болады. Ықылым заманнан көші үзілмеген халықтың ең бағалы дәстүрінің атын өшірмей, керісінше екінші бір тынысын ашып, жандандырып жүрген айтыскер ақын қыздарымызды бағалай білейік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.«Қазіргі айтыс» 3-кітап. Несіпбек Айтұлы, Астана: «Күлтегін» баспасы, 2006 ж.

2.«Айтыстың айдынында» Байтуов Біржан, Алматы: «Нұрлы әлем», 2017 ж.

3.Айтыс. 2-том. Алматы: «Жазушы», 1965 ж.

4.«Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер», I бөлім. Екінші басылымы. Сәбит Мұқанов. Алматы: «Арыс», 2002 ж.

5.«Қазіргі ақындар айтысы және әлеуметтік өмір» Әшірбаев Б. ҚазМУ хабаршысы. Журналистика сериясы. 1999. №5.

ӘОЖ 82.235.63

ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАМАША БІР ҮЛГІСІ –АЙТЫС

БАЙСЕЙТОВА АЙНУР АСЕТОВНА

Сыпатай Әлібекұлы атындағы №19 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Резюме. В статье говорится о том, что айтыс является очень ценным и прекрасным жанром устной литературы казахского народа, и что поэты делятся своими знаниями и изобретательностью, не только творчество двух поэтов, но и воздействует на слушателя и обогащает духовный мир народа.

Summary. The article talks about the fact that aytis is a very valuable and wonderful genre of oral literature of the Kazakh people, and that poets share their knowledge and ingenuity, not only the art of two poets, but it also affects the listener and enriches the spiritual world of the people.

Қазақ халқы-ежелден-ақ халық ауыз әдебиетіне бай халық. Оған дәлел ретінде ертегілер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, аңыз-әңгімелерді, эпостық дастандарымызды айтуға болады. Олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Соның бірі-айтыс.

Айтыс-жыр додасы, сөз барымтасы. Атадан балаға мұра болып жеткен айтыс өнері арқылы халқымыздың сөз мәдениеті, сөзге тоқтаған бекзаттығы танылады. Айтыс-ең көне жанрдың бірі. Оның түп-тарихы тереңнен басталады. Айтыс өнерін ұлттық дәстүрлеріміздің бірі деп кеткеннен кейін, көпшілігінің санасына ол қазақ жұртының және қырғыз ағайындардың ғана дәстүрі деп сіңген болуы керек. Алайда бұл өнер түрі қазақтан басқа арабтың бәдеуилер тайпасында және түрік тілдес елдердің бірқатарында бар. Тіпті ірі ақындар айтысы Үндістан халықтарында да болып тұрады екен [1. 566].

Айтыс өнері өте көне дәуірлерден бастау алады. Қазақ халқының ауыз әдебиеті мен өнерінің айнасы саналатын айтыс алғаш рет көшпелі өмір салтын ұстанған халықтың тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланыста дамыған. Айтыс өлеңдерінде көбіне тарихи оқиғалар, тұрмыс-салт, қоғамдық өмірдің мәселелері қозғалатын болған. Айтысқа қатысушылар өздерінің ақындық шеберлігін, тапқырлығын көрсету үшін түрлі әдіс-тәсілдерді қолданған. Олар көп жағдайда бір-біріне қарсы шығып, лексикалық арсеналдарын байыту үшін поэтикалық құралдарды ойластырып пайдаланған.

Айтыс-халықтық дәстүрлердің ішіндегі үлкені, сондай-ақ ол осы күнге дейін халық жадында сақталған халық ауыз әдебиетінің бір үлгісі. Айтыс өнерін ертеден әртүрлі тойларда ұйымдастыратын болған. Ел ішінде ойын, ас беру, қыз ұзату, келін түсіру секілді ірі тойлар болған кездері қазақ халқы әрқашан айтыс өткізген. Оның шарты бойынша екі ақын аламанға қатысады. Әр ақынның өзінің жанкүйері болып, аламанның соңына дейін соның тілеушісіне айналған қолдаушылары болары түсінікті. Халық қай ақынның сөздік қоры мол, тапқырлығы жоғары болса, сол ақынға бас жүлдені беретін болған. Атақты жазушы Сәбит Мұқанов айтыста жаттама өлеңдер аз болатындығын айтады [2. 1276].

Айтыс тартысу, дауласу, жарысу, сынау деген сияқты бірнеше мағыналарға ие. Соған орай оның сан алуан түрлері бар. Оның көне түріне бәдік айтысын жатқызамыз. Ол әлі халықтың сана-сезімі дамымаған кезде пайда болған. Бұл айтыстың мәнісі-ата-бабамыздың шамандық наным-сенімінде жатыр. Сондықтан олар ел ішіне бір ауру, дерт келсе, бәдік айту арқылы оны халық арасынан көшіріп жіберуге болады деп түсінген. Сондықтан қыз бен жігіттер екіге бөлініп, бәдік айтысын өткізетін болған.

Айтыстың ең қиын түрі-жұмбақ айтыс. Жұмбақ айтыс асқан білімділікті, тапқырлықты талап етеді. Сол үшін жұмбақ айтысқа кез келген ақын шыға бермеген. Оған аса білімді ақындар қатысқан. Себебі ақындар кез келген нәрсені жұмбақтап айтады. Жұмбақты шешеді. Ал білімі болмаса жұмбақты қалай шешеді?

Одан кейін қыз бен жігіттің үйлену тойы кезінде орындалатын «Жар-жар» айтысы деген бар. Мұнда той-думанда қыз-жігіттер екіге бөлініп, «Жар-жар» айтады. Жар-жар-қазақ халқының тұрмыс-салт жырларының ежелден келе жатқан жанрлық түрінің бірі. Ол қыздың ұзатылатын тойы аяқталып, аттанар алдында орындалады. Күйеу бастаған жігіттер жағы атқа мініп келіп, отау үйдің сыртынан жабықты ашып өлең бастайды. Сәукелесін киіп отаудағы шымылдық ішінде отырған қалыңдықты қоршаған жақын жеңгелері мен бойжеткен құрбылары қыздың атынан жауап өлең айтады. Осылай айтыс түрінде орындалатын жауаптасу өлеңінде қыздар жағы оң жақта еркелеген қыз ғұмырдың өтіп бара жатқанына, өмірдің өткіншілігіне өкініш білдіреді. Жат жұртқа барғанда ата-анасы мен туған-туысқандарының, құрбы-құрдастарының орыны толмайтындығын өлеңге қосып, әлі де болса ойнап-күліп жүре тұруға мұрша бермей аттандырып жатқан ата-анасына наразылығын білдіреді. Өз кезегінде жігіттер жағы ерге шығып, бала сүйіп, түтін түтетудің атадан қалған жол екендігін айтып, ол жаққа барғанда қайын жұртының туған-туыстарын жоқтатпайтындығын айтады. Жігіттер жағы:

Алып келген базардан қара насар, жар-жар-ау,
Қара мақпал сәукеле шашың басар, жар-жар-ау,
Мұнда әкем қалды деп қайғырмаңыз, жар-жар-ау,
Жақсы болсаң, қайын атаң орын басар жар-жар-ау»- десе,

қыздар жағы:

Есік алды қара су майдан болсын, жар-жар-ау,
Ақ жүзімді көргендей айнама болсын жар-жар-ау.
Қайын атасы бар дейді осы Қазақ, жар-жар-ау,

Айналайын әкемдей қайдан болсын, жар-жар-ау», [3.496]-деп сызылта әндетіп айтатын өлең мәтіні, көбінесе, бір-біріне ұқсас болып келеді. «Жар-жар» сөзі дағдылы қайталанып келіп отыратындықтан да өлең осылай аталып кеткен.

Айтыстың ең ерекше түрі-салт айтысы. Ол екіге бөлінеді. Біріншісі-қыз бен жігіт айтысы, екіншісі-ақындар айтысы. Қыз бен жігіт айтысында қыздар мен жігіттер айтысады. Бұл айтыста суырыпсалмалық

та немесе бұрынғы бар өлеңдерді қолдана беруге болады. Осы айтыс негізінде үйленген жұптар да кездеседі. Соның бірі Жамбыл Жабаевтың әке-шешесі. Кедейліктен қалың мал беруге шамасы келмеген ақынның әкесі анасымен айтыста жеңу арқылы бас қосқан.

Айтыс өнерінің ішіндегі ең сүбелісі-ақындар айтысы. Бұл айтыс кезінде ақындар өздерінің патриоттық сезімдерін, халықтың мұңын, қуаныштарын жеткізеді. Олар айналадағы әлеуметтік жағдайларды да өткір сипаттай отырып, тыңдаушылардың көңілін көтеріп, ой салады. Айтыстың мәні тек сөзбен күрескенде ғана емес, сондай-ақ халықтың ішкі жан дүниесін, өмір сүру философиясын да түсіндіруде жатыр.

Ақындар айтысында әр ақын өз елінің атынан шығады. Өз елінің жақсы қасиеттерін жырға арқау етіп, қарсыласынан басым түсуге тырысады. Бұл өнер түрі ақындар арасындағы сөз сайысы болып, өнерпаздардың бір-біріне қарата өлеңмен жауап беруін, шығармашылық тапқырлықтарын көрсетуін талап етеді. Ақындар айтысы өзінің терең философиялық мәнімен, көркемдік дәрежесімен, сондай-ақ қазақ халқының ұлттық болмысын, оның тарихын, салт-дәстүрін айқын көрсетуімен ерекшеленеді. Ақындар айтысының ерекшеліктері көп қырлы болып, ол тек ақындық шеберлік пен өнерді ғана емес, халықтың рухани мәдениетін де бейнелейді.

Ақындар айтысы белгілі бір құрылым мен формаға ие. Әдетте, айтыс екі ақынның арасында өтеді. Олар өзара сұрақ-жауап, өлең түрінде сөз таластырып, бір-бірінің ақындық шеберлігін сынайды. Айтыс құрылымы көбінесе мынадай үш бөлімнен тұрады:

Алғашқы бөлім-ақындар бір-біріне қарсы өлең жолдарын айтып, сахнада көрермендердің назарын аударуға тырысады.

Екінші бөлім-ақындар бір-бірінің кемшіліктерін немесе қуатты жақтарын меңзей отырып, тақырыпты кеңейтеді, күрделі мәселелерге сілтеме жасайды.

Үшінші бөлім-ақындардың бар шеберлігі мен шығармашылық күш-жігерін салатын сәті болып табылады. Бұл кезеңде қарсыласын сөзбен жығып, жеңу басты мақсат етіледі.

Айтыс өлеңдерінің өлшемі, ұйқасы, сөз байлығы мен образды қолдануы айтыстың басты ерекшеліктері болып табылады. Ақындар тапқырлық пен шеберлік көрсетіп, әрбір жолын тыңдаушының жүрегіне жеткізуге тырысады.

Ақындар айтысының тағы бір ерекше тұсы-қарсыласына деген құрмет. Айтыс барысында ақындар өздерінің әрі сыншыл, әрі сыйластықпен көзқарас танытады. Қарсыласына деген құрмет айтыстың бойында ерекше мәнге ие. Ақындар бір-бірінің әлсіз жақтарын көрсеткенімен, бір уақытта оның өнеріне де үлкен баға береді. Бұл, әсіресе, қазақ халқының сыйластыққа, әділдікке деген көзқарасын танытады.

Ақындар айтысында сатира мен юмордың орнын бөлек атауға болады. Айтыс барысында ақындар көбінесе қарсыласының кемшіліктерін немесе әзілдерін сөзбен шебер бейнелеп, көпшілікке күлкілі әрі ой саларлық жағдайлар жасайды. Алайда, сатира мен әзіл арқылы айтылған шындықтар әлеуметтік мәселелер мен адам мінездерін терең талдауға бағытталады. Мұнда шеберлік пен ойлау қабілеті, тапқырлық пен жатық сөздер маңызды орын алады.

Ақындар айтысының бір ерекшелігі-оның тақырып ауқымының кеңдігі. Айтыс барысында ақындар өзара бір-бірінің жырлаған тақырыптарын, әлеуметтік мәселелерді немесе күнделікті өмірді кеңінен талқылайды. Айтыс көбі белгілі бір қоғамның немесе ұлттың мәселелерін қозғап, халықтың жүрегіне жол табады. Жастар мен үлкендердің арасындағы мәдени байланыстың символы бола алады.

Айтыс барысында ақындар сөздің мәнерлілігіне, ұйқасқа, ырғаққа, фразеологиялық тіркестерге ерекше мән береді [4.316]. Көркем сөздерді қолдану, эпитеттер мен метафораларды пайдалану-айтыстың басты ерекшеліктерінің бірі. Ақындардың сөздерінде терең философия, данышпандық, қарапайым халықтың ақиқаты бейнеленеді.

Айтыс кезінде ақындар көбіне қоғамның әлеуметтік мәселелеріне, халықтың жағдайына, тарихы мен салт-дәстүріне назар аударады. Бұл айтыс өнерінің халыққа беретін үлкен тәрбиелік мәнін арттырады. Ақындар өз жырларында адамгершілік, әділдік, адалдық сияқты маңызды тақырыптарды қозғайды. Сонымен қатар, айтыс белгілі бір тарихи тұлғаларды, белгілі батырлар мен мемлекет қайраткерлерін мадақтау мақсатында да өткізіледі.

Қазіргі айтыстың тағы бір ерекшелігі-жастардың айтысқа қатысуы. Жастар арасында айтысқа деген қызығушылықтың артуы, оның жаңа жанрларының дамуына ықпал еткен. Қазіргі заманғы ақындар әлеуметтік желілер арқылы да айтысқа қатысып, өзінің шеберлігін көрсетуге мүмкіндік алды. Бұл, өз кезегінде, айтыстың жаңашыл бағытта дамуына әкеліп отыр.

Ақындар айтысының ерекшеліктері оның тек өнер түрі ғана емес, сонымен қатар халықтың дүниетанымын, құндылықтарын, мәдениетін көрсетуінде жатыр. Айтыс-күрделі өнер, ол ақындардың білімін, шығармашылық қабілетін, сөз қадірін түсінгендікті талап етеді. Ол өз бойында сөз арқылы сын

мен құрметті, шеберлік пен тапқырлықты, күлкі мен ой салуды үйлестіреді. Сондықтан да ақындар айтысы қазақ мәдениетінің алтын қазынасы ретінде, халықтың рухани өмірінде маңызды орын алады.

Айтыс қазақ халқының мәдениетінде үлкен орын алады. Ол сөз өнері арқылы тәрбиелеуші құрал болып табылады. Айтыста ақындар халықтың әлеуметтік мәселелеріне, адамгершілік, адалдық, әділдік сияқты құндылықтарға назар аударып, жастарды ізгілікке тәрбиелейді. Бұған қоса, айтыс кезінде белгілі бір тұлғалар, елдің үлкен тұлғалары да мадақталып, олардың еңбектері мен жетістіктері көпшіліктің назарында болады.

Қазіргі уақытта айтыс өнері өзінің дәстүрлі болмысын сақтай отырып, заманауи өзгерістерге бейімделіп келеді. Мысалы, айтыс қазақ телевизиясы мен радио арналары арқылы кеңінен тарала бастады. Сонымен қатар, айтыс бүгінгі таңда жастар арасында танымал бола бастады, түрлі айтыс жарыстары мен фестивальдер өткізіліп, осы өнер түрінің дамуына септігін тигізіп жатыр. Қазіргі айтыс жастардың тіл мәдениетін дамытуға, сөзге деген сүйіспеншілікті арттыруға зор үлесін қосуда.

Қорытындылай келе айтарым, айтыс-қазақ халқының рухани байлығы, оның әлеуметтік мәні мен мәдениетінің маңызды бөлігі. Бұл өнер түрі қазақтың ұлттық болмысын, философиясын, дүниетанымын көрсетуімен қатар, халықты рухани тұрғыдан тәрбиелеуге де қызмет етеді. Айтыс арқылы қазақ ақындары өздерінің терең ойларын, шығармашылық қуатын халыққа жеткізіп, мәңгілік мұра қалдырды. Әрбір айтыс-халықтың айнасы. Сондықтан оның ғасырлар бойы қалыптасқан құндылықтарын паш етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұрқатов Қ. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1986ж-566.
2. Қамзабекұлы Т. Айтыс: тарихы мен дәстүрі. – Алматы: «Қазақ университеті», 2008-127б.
3. Сүйіншілиев Х. Қазақ әдебиетінің көне түрлері. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1975-49б.
4. Әлімқұлов С. (2004). Айтыс поэзиясының эстетикасы. – Алматы: Ғылым, 2004-31б.

ӘОЖ 16.21.33

Ш.МҰРТАЗА ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ДИСКУРСТЫҢ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

КЕМБАЕВА АЙНҰР ТҰРАРҚЫЗЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Резюме. Выявление, анализ проявления философского дискурса и его репрезентации в произведениях Шерхана Муртазы позволяет понять национальный характер произведений писателя, концептуальную систему, когнитивные модели понятий, а также определить философское познание автора, смысловую взаимосвязь лексических и образных единиц в его произведениях. В статье проанализирована репрезентативность, то есть кодификация философского дискурса в произведениях писателя на основе конкретных текстовых примеров, а также рассмотрена проблема их языковой специфики. Выявлены формы встречи и передачи элементов философского дискурса в художественных произведениях Шерхана Муртазы, их богатая концептуальная система, информация в сознании и виды образной репрезентации, лексической репрезентации. Проанализированы навыки авторского преобразования и интерпретации понятий, содержащихся в философском дискурсе в произведениях, особенности направления к конкретному адресату, лексические единицы и словосочетания, философские выводы в содержании конкретного текста.

Summary. Identification, analysis of the manifestation of philosophical discourse and its representation in the works of Sherkhan Murtaza allows us to understand the national character of the writer's works, conceptual system, cognitive models of concepts, as well as to determine the author's philosophical cognition, semantic interrelation of lexical and figurative units in his works. The article analyzes representativeness, i.e. codification of philosophical discourse in the writer's works based on specific textual examples and considers the problem of their linguistic specificity. The forms of encounter and transmission of elements of philosophical discourse in the artistic works of Sherkhan Murtaza, their rich conceptual system, information in consciousness and types of figurative representation, lexical representation is revealed. The author's skills of transformation and interpretation of concepts contained in the philosophical discourse in the works, peculiarities of direction to a particular addressee, lexical units and word combinations, philosophical conclusions in the content of a particular text are analyzed.

Философиялық дискурсты анықтауда, ең біріншіден, оның мәтін екенін түсіну маңызды. Бұл оны басқа оқиғалы, сюжетті дискурстардан ерекшелейді. Себебі философиялық дискурстағы күллі көзқарас мәдениеттің барлық кеңістігін мәтін ретінде қарастыратын тұжырымдамаға негізделеді [1, 29]. Философиялық дискурс ерекше грамматикалық, лексикалық құрылымға ие, сондай-ақ сөздік қолданысы мен семантикалық сипаты мол мәтіндерде кездеседі. Сондықтан мұндай философиялық мәтіндер кең мазмұнды дискурс саналады. Философиялық дискурсқа тән кез келген мәтін құрамында, жанама сілтемелерді ескермегенде, басқа мәтіндерге, ойға, ұғымдарға тікелей сілтеме болады [2, 97 б.]. Демек, Шерхан Мұртазаның көркем шығармалары мен ойтолғамдарындағы философиялық дискурстың репрезентациясын анықтау негізінде авторлық санадағы ұлттық дүниетаным көрінісі, философиялық мәтін құрамындағы ұғымдар мен оның лексикалық және семантикалық мәні, қаламгер шығармаларының тілдік сипаты мен мәдени ерекшелігін айқындайтын бейнелік бірліктерді танимыз. Философиялық дискурстың репрезентациясын талдау үшін қаламгер туындыларының мәтініне жүгінеміз. Әсіресе философиялық дискурстың айқын мысалы ретінде Шерхан Мұртазаның «Бір кем дүние» ойтолғауына баса назар аударған жөн деп танимыз. Мысалы: *«Кедей – бай, бай – Құдай болсам дейді. Нысапсыздық жаман. Бір кем дүние»* [3, 7 б.], – деген тармақтағы автор ойы қазақ дүниетанымында бұрыннан бар философиялық толғам болғанымен, мұның репрезентациясы философиялық дискурс кеңістігіндегі бұрын айтылған санадағы ақпаратты қамтитын интердискурстық детальмен анықталады. Философиялық дискурстың интердискурстық элементтермен сипатталуы қабылдаушыға жаңа түпкі идея мен тың шешімдер қабылдауға, тіпті жаңа дискурс тудыруға мүмкіндік береді [2, 100 б.]. Қазақ танымындағы

кедей мен бай туралы түсінік пен көзқарастың, олардың қасиеттері мен әрекеттерінің жинақтық ұғымын автор – *нысансыздықпен* байланыстырып, семантикалық мәнінде аталмыш теріс қасиеттінің негізіндегі кері ойдың туындауы турасында философиялық тұжырымын жасайды. Берілген ойтолғауда әр философиялық тұжырымнан кейін автор бекітіп отыратын *бір кем дүние* тіркесі санадағы ақпараттар репрезентациясы негізінде қазақ жадындағы қандай да іске немесе әрекетке өкінгенде пайда болатын ой-белгі элементі ретінде беріледі. Тіркес жеке-дара тұрып та үлкен философиялық мәнді түсіндіреді. Автор әр ойдың соңында беру арқылы *бір кем дүниенің* әр іске, жағдаятқа, тіршілік кемшіліктеріне, адамның қисық та кереғар қасиеттеріне қатысты құбылыстардан хабар беріп отырады.

«Адамға бала жастан ең керегі – Ұят деген қасиет. Ол туа бітеді. Бірақ кейбіреуі өсе келе, үлкейе келе ұяттан жұрдай болады. Бір кем дүние» [3, 11 б.], – дейді автор. Мұнда философиялық дискурс бейнелі репрезентация негізінде көрініс тапқан. Себебі *ұят* ұлттық концепт қана емес, түрлі когнитивтік модельде, түрлі дискурс құрамында сипатталатын, қазаққа тән ұлттық қасиет. Қаламгер өзінің философиялық ойтолғауында аталған ұғымның мәні мен оның өзгеріске ұшырауының адам тіршілігімен байланысты аспектісін параллель сипаттайды. Десе де автор *кейбіреуі* деген анықтаманы айта отырып, адамның өсуінде орын алатын сан алуан үдерістің бар екенін және ол оқырманға сөзсіз таныс екенін ескереді. Қаламгердің философиялық дискурсындағы лексикалық бірліктердің тұтас ой шешімімен тұспа-тұс келуі, сөз тіркестерінің қысқа берілуі, ойды тұтқиылдан үзуі – оның шығармаларының тілдік ерекшелігін байқатады. Тұтас мәтіннің сыртқы көрінісі мен ішкі мазмұнының үйлесімі оның тілдік сипатына, сөз мағыналарының өзара байланысына орай құрылатыны аңғарылады.

Қаламгердің: *«Қорқыттың қобызы»* ойтолғауындағы *«Қорқыттың қобызы сарнап тұрғанда ажал оған жоқ. Аулақ жүрді. Қорқыт әлдеқалай қалғып кетіп, қобызы тартылмай қалып еді, жылан шағып өлтірді. Демек, өнер, әдебиет – рухани дүние тоқтаса, асағаны ақ, май болса да, қоғам өледі»* [3, 85 б.], – деген философиялық ойтолғама қазақ дүниетанымындағы *өнер, әдебиет* ұғымдарының мазмұнын тереңнен тартып, сипаттайды. Мұнда философиялық дискурста тән ерекшелік – ойдың идеалды адресатқа арналғандығы байқалады. Олай дейтініміз, философиялық дискурс арнайы адресатты (тыңдаушы) жасайтын қасиетке ие. Автор шығармасындағы Қорқыт немесе Қорқыттың қобызы, жыланның шағып өлтіруі секілді ұлттық санада қалыптасқан таныс, дәстүрлі элементтердің орын алуы философиялық дискурс репрезентациясында ойдың нақты адресатқа – қазаққа арналғанын түсіндіреді. Бұл философиялық мәтінді өзге тілге аударуда орын алатын негізгі қиындықтың бірі саналады. Сондықтан философиялық дискурстың мазмұны мен артқан ұлттық-мәдени жүгі орасан.

«Алтын өзі тотықпайды, Адамның жанын тотықтырады» [3, 7 б.], – деген автор ойтолғамын оқығанда қазақтың *«Алтын тыққан адам арықтап өлер»*, *«Алтын көрсе, періште жолдан таяды»* секілді әдеттегі жаттанды мақал-мәтелдері еске оралады. Себебі мұндағы философиялық дискурстағы жасырын идея мен автор тарапынан ашық айтылмаған ой бұрыннан бар халықтық санадағы ақпараттар қиылысын анықтайды. Қаламгердің философиялық тұжырымының ұлт танымында сақталған түпнұсқа мәтінінен шығатын интерпретациялық мағынасын оқырман тілдік код негізінде толық түсіну мүмкіндігіне ие. Мәтінде қаламгер адам жанында орын алатын алуан кереғар қасиеттердің себебінен оның ойының, түсінігінің, өзге адамдарға көзқарасы мен адамгершілік сипатын жоғалтуын дүниелік яки материалдық заттың (алтынның) қасиетімен параллель беру арқылы өрбітеді.

«Дәнек» атты ойтолғауында туындыгер: *«Кейбір бастар ішінде дәнегі жоқ жаңғаққа ұқсайды. Ондайлар көп қой. Бір кем дүние»* [3, 7 б.], – дейді. Берілген мысалдағы философиялық дискурстың лексикалық репрезентациясы тілдің нысандық бейнесінде метафоралық сипат алып тұр. Себебі *бас – дәнегі жоқ жаңғақ* параллелі автор ойының берілу формасын анықтап қана қоймай, оқырманға суретті-салыстырмалы тілдік бірлікті ұсынып тұр. Автор өз шығармаларында бұл әдісті жиі қолданады. Мысалы: *«Адам да құстар сияқты өмірбақи алып бәйтеректің бір бұтағын паналап тіршілік етеді. Сөйте тұра, сорлылар, сол өзі паналайтын бұтақты балталап шаба береді», «Кейде адамдар жасампаз бола тұра, өркениеттене келе өз құйрығын өзі жалмайтын айдаһар сияқтанады-ау деймін»* [3, 33 б.], *«Құмырсқа екеш құмырсқа да өз шлеуін қорғайды. Ал адамдар өз үйін (табиғатты) қорлайды»* [3, 34 б.] секілді *«Өз үйінді қорлама»* ойтолғауындағы философиялық тұжырымдарда да қаламгер адам мен жәндікті, табиғатты салыстыра отырып, адамзатқа тән кемшілікті астарлап жеткізеді. Мұндағы құстар, алып бәйтерек, айдаһар, құмырсқа – барлығы және олардың әрекеттері, түсініктері ұлттық көзқарас негізінде концептілік мәнді артатын толық мазмұнды ұғымдар. Мұндағы философиялық дискурс автор жазған мәтін ғана емес, мәтін ішіндегі ұғымдардың лексика-семантикалық мәніне көңіл бөлуді талап етеді. Автор айтқан ойдың түпкі идеясын түсіну үшін құстардың – қазақ дүниетанымындағы санада қалыптасқан еркіндікті, адалдықты білдіретінін, алып бәйтеректің – өмірдің бастауын, айдаһардың – күшті, құмырсқаның – тынымсыз еңбекқорлықты түсіндіретін ұғымдық сипатын тану маңызды. Бұл аталған

нысандардың қарапайым бейнесі ғана емес, ұлт санасындағы ақпараттық репрезентацияны анықтаудағы денотаттық және коннотаттық көрінісі.

Ішінде дәнегі жоқ жаңғақ пен басында ақылы жоқ, ойсыз адамды көргенде ұқсас сипатты сезімнің туындауы негізінде адам қабылдауындағы жағымсыз дүниелерді алға тартады. Шерхан Мұртазаның философиялық дискурсының репрезентациясын анықтауда қазақ тіліне тән философиялық дискурстың астарлы мәнге сүйенетінін және жасырын ой элементтерімен ерекшеленетініне көз жеткіздік. Оған тағы мысал: *«Айғыр кісінегенмен, байтал буаз болмайды. Бір кем дүние»* [3, 30 б.] немесе *«Өзгенің көлеңкесінде тұрғанның өз көлеңкесі болмайды. Өз көлеңкесі болмаса – өлгені»* [3, 30 б.], – тармақтарындағы негізгі ойды түсіну үшін ұлттық санадағы білімге сай концептілік жүйені тану қажет. Мұнда философиялық дискурстың репрезентациясы философиялық ойдың қалыптасуындағы алғашқы түсініктен бастап дамыған бай концептілік жүйедегі түсінікке дейінгі санадағы білім көрінісін анықтайды [4, 19 б.].

«Кейбіреулер туған жерінен жерісе, бұл да бір кем дүние. Тұғырына саңғыған сұңқар оңбас, Үйірінен безінген тұлпар оңбас» [3, 43 б.] – дейді қаламгер. Қазақтың туған жер туралы танымы мен оны қастерлеуі, әр перзентінің туған жер алдындағы парызы барын ескерткендей болады. Бұл қазақ дүниетанымында туа біткен қасиет және тәрбие сипаты. Сондықтан қоғамның дамуы негізінде болатын түрлі өзгерістер легінде, кез келген жағдайда адамның өз туған мекенінен теріс айналмауы керегін түсіндіретін терең философиялық интерпретацияны тудырады. Философиялық дискурста ұлттың дәстүрі мен мәдени ұстанымы тіл арқылы репрезенттеліп отырғанын байқаймыз. Кез келген ұлттың сыры оның тілінде екенін ескерсек, аталмыш мәтіндегі лексикалық бірліктерден ескі заманнан бері халық жүріп өткен жолдың ізін көруге, түсінуге болады. Қаламгердің бұл философиялық ойының астарында қазақ ұлтының тарихында орын алған түрлі мәселелердің – қоғамдық, саяси, әлеуметтік жағдайлардың барлығынан өтіп, тәуелсіздік алған туған жеріміздің құндылығын оқырман санасына сіңіру мақсаты тұрғаны танылады.

Философиялық дискурс әлем туралы, ондағы адамның рөлі мен орны жөніндегі негізгі категориялық кеңістік болғандықтан Шерхан Мұртаза шығармаларындағы философиялық тұжырымдардың авторға және ұлтқа тән этномәдени танымның көрінісі екені дәлелді. Автордың философиялық мәтіндері өзі өмір сүрген кезең мен қоғамдағы түрлі тақырыптарды қамтып, сол мәселелерге жауап, әрі риторикалық сұрау ретінде көрініс тапқан. Айтылған ойдың оқырманға таныс болуы мен автордың өзіндік интерпретациясы және мәтін ішіндегі концептілердің, олардың когнитивтік модельдерінің, формаларының ұтымды берілуі жаңа философиялық тұжырымның пайда болуына негіз болады. Мысалы: *«Өмір деген өмірбойы әзәзілмен арпалыс» деген екен бір данышпан. Әзәзілдің ең үлкені – арақ! Бір кем дүние»* [3, 137 б.] – деген автор ойында өткенге көз тастау арқылы көпке таныс идеяны қазіргі қоғам мәселесімен ұштастыру әдісі орын алған. Демек жаңа философиялық ойдың пайда болуы санадағы ақпараттар репрезентациясы нәтижесінде жүзеге асқан.

Шерхан Мұртазаның философиялық дискурсын «Ай мен Айша» шығармасынан да жиі ұшыратамыз. Мәселен, *«Сірә, төрт-бес жастағы балаларда бірін-бірі тілсіз-ақ түсінетін ерекше бір қасиет болса керек. Өсе келе үлкендер сол қасиеттен айырылып қалып, «Менің тілім, сенің тілің» деп, дауласкер дертке ұшырайды екен зой...»* [5, 6 б.] – деген философиялық ойында әуелде тең жаратылған адамзат баласының ынтымағы мен бірлігінің ыдырауына әсер ететін адамгершілік қасиеттің, сезімталдық пен жанашырлық, бір-бірін ұғынысудың жойыла бастауынан орын алғанын түсіндіруге тырысады. *Тілсіз-ақ түсінетін ерекше бір қасиет* деп адам бойындағы тазалық пен адами ізгілікті интерпретациялайды. Мұнда ұлттық концептілік жүйедегі «бірлік», «береке» ұғымдарының когнитивтік сипаты ойсурет сипатында оқырманға ұсынылған.

Қаламгердің философиялық дискурсында ақиқат ойды түсіндіру, мазмұнды талқылау мен параллельдер, ассоциациялар және бейнелер, астарлы баяндау формалары кездеседі. *«Дүние жаратылысында жазық жоқ, мүкісі жоқ. Дүниені бүлдіретін – өзіміз. Ең ақылды жаратылған жан – ол адам. Ақылды азапқа айналдырған да – адам. Жаратылыста жазық жоқ. Ол рас, күн бұзылады, күн түнереді. Артынан ашылады зой»* [5, 163 б.]. Берілген тармақтарда аталған формалардың астарлы баяндау үлгісі шебер қолданылған. Мұнда авторлық ой ғана емес, қазақ дүниетанымында ғасырлар бойы жинақталған түсінік пен тәжірибе, даналық ой шоғыры астарлы баяндау формасында оқырман танымына нәтижелі әсер етеді. Мұндай астарлы баяндау формасы әлемді және адамның өзін-өзі терең түсінуіне түрткі болатын, ықпал ететін тілдік бірліктердің мазмұнды шоғырынан құралады.

«Қазақтың басты байлығы – мал. Малдың басын құрап, көзін тауып, ерінбей-жалықпай еңбек еткендер бай болды. Еңбекпенен құт келді. Құт келген үйден жұт кетеді. Бірақ құт пен жұт – күн мен түн сияқты көне күндес. Бірін-бірі кейде жығып, кейде жығылып, аңдысып келе жатқан жуыспас, туыспас құбылыс» [5, 195 б.], – дейді қаламгер. Философиялық дискурстың берілу формасын

репрезенттеуде санадағы ақпараттар, бейнелі, лексикалық түрлерінің толық жиынтығын назарға аламыз. Себебі мәтіндегі *мал, еңбек, құт пен жұт, күн мен түн* – ұлттық концептілер және олар қаламгердің ойтолғамында жеке әрі өзара ортақ категориялар ретінде контекстің түп мазмұнына қызмет атқарады. Автор идеясындағы негізгі нысанның қарапайым бейнесі екі бір-біріне қарама-қарсы құбылыстарды суретті салыстыра сипаттауынан көрінеді. Құт пен жұттың күн мен түн негізіндегі ассоциациясын ұтымды қолдана отырып, қазақ дүниетанымындағы жақсы мен жаман, ақ пен қара концептілерін және аталған екі құбылыстың символдық сипаттарын байқатады. Ол, біріншіден, құбылыстардың халықтың дәстүріндегі күн көріс пен тіршілік үшін маңызды маш шаруашылығымен байланысынан, құт-берекесінен сыр шертсе, екіншіден, санада жатталған, түнмен, қараңғылықпен ассоциацияланатын жұт жайын айтады. Демек, адамзат басына келетін жақсылық пен жамандықтың, құт пен жұттың тоқтамсыз құбылыстар екенін астарлап айтады. Аталмыш романда автордың ірі әрі қазіргі қоғамдағы көзқарас сипатын ашатын философиялық дискурсы былай баяндалады: «*Ақыл деген асылды Құдай адамға тең үлестірмеген... біреуде аз, біреуде көп. Ал басым көбінікі – орташа. Ақылы тым көптер де, тым аздар да, орташалар үшін қалыптан тысқары. Ақылы көптер де жынды, ақылы аздар да жынды. Орташалардың ұғымы сондай. Орташалар басым көпшілік болғандықтан, олардың пікірі үстем. Көп қорқытады, терең батырады. Ғылыми тілмен айтқанда: «аномалия». Яғни, халыққа дағдылы қалыптан шығып кеткен» [5, 211 б.]. Философиялық дискурс репрезентациясы, әуелі, автор айтып отырған *ақыл* ұғымы мәнінің көпшілік санасында қалыптасқан түсінік, яғни қарапайым бейне, санадағы ойсурет немесе абстракция сипатындағы анықтамасын түсіндіру ерекшелігімен жүзеге асады. Сондай-ақ ақыл деңгейлерін қабылдаудағы стереотиптік ұстанымдардың рөлі ашылады. Автор қазіргі қазақ мәдениетіндегі ұлттық ойлаудың кереғар тұстарын *көп* ұғымымен береді. Яғни *орташалар* немесе *орташа ақыл* деп астарлағаны адамның ақиқат пен әлемді тануын, ондағы құбылыстарды оңынан және ұтымды пайдалана білуін, жаңалық пен санадағы білімді кеңейтуді тоқтатпауын, *көп ақылға* ұмтылуды меңзейді. Соңында адамның өзі үйренген дағдылы қалпынан шығуы жаңа идеялар мен мүмкіндіктерге жол ашатын құбылыс екенін ескеріп өтеді. Бұл философиялық дискурс контекстіндегі идея қазіргі қоғам үшін құнды екені даусыз.*

Қорыта келе, Шерхан Мұртазаның шығармаларындағы, нақтырақ атап өтсек, «Бір кем дүние» ойтолғауындағы және «Ай мен Айша» романындағы философиялық дискурс және оның тілдік элементтері, репрезентациясы мен оның анықталуы, лексикалық және бейнелі бірліктердің семантикасы, автордың баяндауындағы астарлы ой мен идея байланысы – ұлттық мәдениет пен мінез-құлықтан, ұлт психологиясынан сыр шертетін астарлы мәтін, өмір және адам туралы терең философия екеніне көз жеткіздік. Философиялық дискурстың репрезенттік сипатта анықталуы ұлт дүниетанымындағы және тіліндегі алғаш пайда болған түсініктерді тануға, олардың ұлттық концептіге айналу жолын саралауға, ұлттық санадағы білім көрінісінің ерекшелігін, тілдік сипатын талдауға мүмкіндік берді. Философиялық дискурстағы тілдік бірліктер негізінде санадағы ақпараттар, бейнелер мен лексикалық мазмұн репрезентацияларын жіктеп, олардың автор ойының түпнұсқасын интерпретациялауда атқаратын функционалдық және танымдық қызметін анықтадық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Фуко М. Археология знания. – Киев: Ника-Центр, 1996. – 208 с.
2. Зарубина Т. А. Философский дискурс в проблематике дискурса // Эпистемы. Екатеринбург, 2004. – С. 93–101.
3. Мұртаза Ш. Бір кем дүние: Ойтолғау. – Алматы: Жазушы, 2008. – 176 б.
4. Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшеліктері: филол. ғылым. канд. ... дис. – Алматы, 2006. – 125 б.

ӨОЖ 82.489.29

XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

КАМБАРБЕКОВА АЙГУЛЬ РЫСБЕКОВНА

Әбдірахман Әйтиев атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

Резюме. В статье рассматриваются художественные особенности казахской прозы XX века.

Summary. The artistic features of Kazakh prose of the 20th century are considered in the article.

Әр кезеңдегі сыртқы тарихи жағдайлар әдебиетке жаңа міндеттер жүктейтінін ескерсек, кезеңіне қарай әдебиеттегі ішкі жағдай да жаңа мазмұнға, жаңа сапаға ие болуға тырысатынына ешкім дау айта қоймас. Дегенмен, қазақ әдебиеттану ғылымындағы зерттеулерге назар аударсақ, қазақ прозасындағы жағдай, тартыс, характер категорияларының даму үдерісі талай дау-дамайға жетелегені, әр қилы бағаланғаны, талдау түрлі ғылыми жүйеге негізделгені анық. Салиқалы зерттеулерде бұл негіздердің характер категориясының әдеби даму нақты процесін айқындауға мүмкіндік беретін, оған қоса әдеби кезеңнің, жеке жазушының болмысын танытатын күрделі ұғымдар екені орнықты айтылған. М.Жұмабаевтың «Педагогика», Ж. Аймауытовтың «Психология» деген еңбегінде мінез хақында орнықты ойлар айтылған. «Бір адамның барлық ісін басқа адамдардың істерінен айыратын сипаттар мінез деп аталады. Ойы бір дәрежеде хәм сезімдері бір қалыпты адамдардың мінезі әр түрлі болуы мүмкін» [1, 58 б.] десе, А. Байтұрсынұлы: «Адам бала күнінде тысқы ғаламдағы көзге көрініп, денеге сезіліп тұрған нәрселерді ғана танумен болады. Ержеткен сайын дүниенің ісіне өзінше сүйсініп, өзінше күйініп, өзінше жол тұтып, өзінше жол белгілеп, жақсылық, жамандыққа өз көзімен қарап, өзінше сынап, өзінше бағалап, өзінше пікірлейтін болады. Өз алдына мұны, мұраты, мақсаты, мүддесі болып, сол мұрат-мақсатына жету талабына кіріскен жерде тысқы ғаламға тиісті жердің шегіне келіп, ішкі ғалам мен тысқы ғаламның шарттары тура келмей екеуі ілінісіп, ұстаса кетеді» [2, 294б.], – деп сипаттама берген. Бұл сыртқы жағдай мен ішкі жағдайлар арасындағы байланыстың табиғатына баға беру де көрініп тұрғандай.

Бұл еңбектердегі мінез категориясына берілген бағалауларды салыстыра қарай отыра, әдебиет зерттеушісі Р.Нұрғалидың: «Әдебиет алғашында антогонистік пікірде таптардың өмір сүру формасы басқа екі әлемнің күресінен туындаған конфликтілерді жазды. Бірақ, бұдан таптар жоғалған өмірдегі қарама-қайшылықтар жоғалды деп қорытынды жасауға болмайды. Өмір қайшылығы қисапсыз. Мұны ұмытуға өнердің хақы жоқ» [3, 122б.], – деген пікіріне тоқталып кетуге болады. Зерттеуші тап тартысы сияқты кезеңдік сипаттағы жағдайлардың әдеби процесте уақытша ғана көрінетінін, ал өмірлік қайшылықтардың әдеби туындының өзегіне үнемі айналып соғып отыратынын баса көрсеткен.

Әдеби сын 60-70-жылдардағы қазақ әдебиетінде ерекше құбылыс ретінде көрінген қаламгерлер шығармаларын бағалауда, талдау жүргізуге өзінің дайын еместігін байқатты. Ол туындыларындағы ишара, мензеуге негізделген жағдайлар мен абстрактілік характерлерді сюжеттік оқиға арқылы пайымдау, түсіну оңай емес. Себебі сыртқы жағдай мен ішкі психологиялық ахуал мінезді бейнелеуге әр түрлі қызмет етті. Кейде тартыс барысында нақты оқиғалық сюжеттің дамып, бір-біріне қарама-қайшы характерлердің ашық күресі көрініп тұрса да, авторлар шығармаларында интрига, құпиялылық элементтерін кіргізуге икем бола бастады. Егер қайшылық қаһармандардың ішкі жан дүниесіне кірігіп, сыртқы оқиғада көрінбесе, мұндай жағдайда жазушылар «терең» мәнді стилистикаға, яғни детальдар мен фразаларды «ауырлатып», мағынаға көп мән бере бастайды. Туындыларда сырттай ештеңе көріне қоймайды, рефлексстер, естеліктер тартысы терең қабатқа кетеді.

Ұлттық әдебиетімізге моральдік-адамгершілік қағидалардың өзгерген кезеңдерінде туып отырған қайшылықтарды жіті қарастыру тән болып отыр. Бұл қарым-қатынастың, байланыстың, жағдайдың күрделенгеніне байланысты. Демек, қоғамдық жағдайға қатысты туған соны қайшылықтар және оның көркемдік ойлау жүйесін тану міндеті үнемі тұр.

«Мәңгілік тартыстармен» қатар бүгінгі қоғам өзі тудырып отырған «жаңа тартыс» түрлері әңгіме өзегіне айналғанда ол белгілі бір адам өмірінен бастау алып, адамзаттық, азаматтық сияқты келелі проблемалар көтеруге үн қоса бастады. Әсіресе, адам тәрізді күрделі жаратылыс иесінің ішкі жан-дүниесіне үңіліп, құпия-сырларын ақтарып, күш-қуатын сынап, айналасымен қарым-қатынасын зерттеу-зерделеу мақсатында жазушылар эпикалық туындыларда драматизмді күшейте бастады. Бұдан қазіргі прозадағы жағдайдың синкреттілігін, көп қабаттылығын байқаймыз. Аталмыш құбылыс әдебиетімізде ертеде көрінген.

М.Әуезов «Қорғансыздың күні» әңгімесі арқылы қалыптасып келе жатқан жағдайға көзқарасы баршаға белгілі. Әңгімедегі үш әйел тағдыры тегін алынбаған. Үш ұрпақ өкілі. Араларында жібек жіптей нәзік жалғастық бар. Олар тек жетім-жесір кебінін киіп қана отырған жоқ, мейірімнің жоқтығынан, қаныпезер қарақшылықтан жапа шегіп, қорғансыз жандарға айналған. Күшікпайдай жаны жайсаң батыр барда жауға кеткен мал қайтатын. Жан беруі бар, ел намысы ешкімге кеткен жоқ. Ана мен қыз ешқашан ешкімге қолжаулық болған емес. Ал Ақан болыс болып, мырза атанғанымен, батыр түгіл азамат, азамат тұрмақ өз мағынасындағы адам да емес. Тұрмысы тоз-тоз кемпір адам ретінде руханият төрінде отыр. Тәні тарамыс, жаны жарқырап тұр. Қазақ рухының бейнесі іспетті. Ғазиза – руханиятымыздың қарлығашындай.

Ар мен намыстан туған жағдайда ұлттық құндылықтар алға шығады. Ұлттық құндылық – қашанда халық қазынасы. Сол алтын қазына үзіліп түскелі тұр деп айтқысы келген авторды кезінде замандастары түсінді ме екен?

Қаламгер қоғамдағы өзгерістерді өзінің әңгімесінде боран бейнесінде көрсете білген. Әңгіменің он бойында боран суреттеліп отырған жағдайлардың бәріне қатысты. Жазушы саясат бораны бүтіндей бір халықты адастырып, шыққан тегінен, түп негізінен адастырып жіберуі мүмкін деген ой көтеретін сияқты. Бұған дәлел бір эпизод Ғазиза Ақаннан зорлық көргеннен соң, боранда пана іздеп, әкесі мен бауырының моласына барады. Қаршадай қыз аруақтарға мұңын шағып, соларды таяныш көріп барғанын түйсінуге болады. Бұдан әрбір адам баласы әрқашан өзінің шыққан тегін, жанына жақын таным-түсінікті іздейді деген қорытынды жасалған. Басына іс түсіп, көңіліне қаяу түссе ол Аллаға жалбарынып, аруақтан көмек сұрайтыны әмбеге аян. Ендеше, ата-баба сүйегі жатқан киелі топырақтан алыстау, оның бойымызға сіңірген ұлттық танымын санадан ысырып тастау жақсылыққа апармайды. Заман ағымы, қоғамдағы саяси өзгерістер адам баласын көп сынға түсіреді. Ол бірде адасса, бірде тура жол табары хақ. Ал оның өзімен бірге халқын адастыруы үлкен күнә. Автор жаңа келген қоғамды жан-жақты игере алмай, оның саясатына түсінігі жетпей жатқан ұлтты алдағы қауіп-қатерден сақтандырғысы келетіндей. Өзімізбен бірге кейінгі ұрпақты адастырып алмасақ екен деген толғаныс көрінеді. Осындай қарама-қайшылығы мол қоғамдық жағдайда әдебиет бірден бой жазып, жамырай даму жолына түсіп кетті деу қиын, дей тұра әдебиет өз міндетін шама-шарқынша атқарғанын да айтқан лазым.

Отызыншы жылдардың басынан бастап-ақ қаламгерлер өз шығармаларын өмір шындығынан гөрі, сол кездегі идеологиялық тоқпақтың өктем талабына лайықтап жазуға мәжбүр болды. Бұл міндет үдесінен шығу үшін жағдай мен мінезге басқаша қарау қажет еді, сондықтан олар әдебиеттің әлемге мәшһүр жалпы адамзаттың асылдары және жеке ұлттар мен ұлыстар өміріндегі көкейкесті қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді суреттеуге өте-мөте мүдделілігі сияқты өзіндік түсінігін былай қоя тұрып, бәрінен бұрын әлеуметтік жаңа тұрмыс орнатпақшы боп жүрген адамдар (бейне бір уақыттар байланысы, ұрпақтар үндестігі жоқтай, дүние тек осы адамдардан басталғандай) тағдырын жеделғабыл жылдам жағдайларда көрсетуге тиісті болды.

XX ғасырдың алғашқы жартысындағы шығармаларда әдебиетінде сол кездегі жағдайда әрекет еткен характерлер негізінен белгілі бір дүниетаным немесе әлеуметтік топтардың өкілі болғаны белгілі, оның себептерін әркім әрқалай түсіндіріп жүр, дегенмен бұған жіті назар аудару керек. Нәтижесінде әдебиетімізде сырттай бір-біріне ұқсайтын бір топ кейіпкерлер бейнесі сомдалды. Олардың басты мақсаты кеңестік өмір шындығын көрсететін жағдайларды бейнелеу болғандықтан, шығарма идеясы негізінен соған ғана қызмет еткені бәрімізге аян. Шығарманың финалында сәтті аяқталған жағдай көрсетіліп, ұнамды кейіпкердің үстем болып отыруы сияқты эпизодтар жиі орын алды. Бұл схемалар әдебиеттің көркемдігін солғындатып, авторлық позиция қасаң идеологияның қызметшісіне айналған өкінішті кезең еді. Сондықтан бұл жылдардағы әдебиеттегі жағдайдан гөрі кезеңдік характерлер басым әрекетке ие болғаны белгілі. Әдебиетте өзіндік ой-өрісі, пікірі, көзқарасы бар кейіпкерлер азайды, олардың іс-әрекет ететін кеңістігі де шектеулі болды.

Бір назар аударатын мәселе – XX ғасырдың соңғы жылдары қазақ әдебиеттану ғылымы осы кезең шығармаларын қайтадан ой елегінен өткізіп, басқаша зерделей қарап, жаңаша көзқараспен пайымдауға бет бұра бастады. Себебі, өткеннің бәрін тәрк етіп, аз уақыт ішінде өндірістен шығаратын зат сияқты тез арада жаңа мәдениет пен әдебиет жасап шығару мүмкін емес. Кейбір солақай, сыңаржақ саясат иелері өнер табиғатына еппен, байыппен емес, ентелей, өкпелей келген сияқты. Соның салдарынан талай ғасырлар бойы халықпен бірге жасасқан әдебиет нұсқаларының кейбірі керек болмай қалды. «Би», «шешен», «хан», «дін» деген сөздерге үрке қарайтын жағдай қалыптасып, өз жан дүниесінен, ұлттық санасынан безуге даяр характер туған еді.

Бүгінгі күн көкжиегінен пайымдай қарайтын болсақ, бұл әдебиеттің бойында кейбір кереғар сипаттар бар сияқты. Себебі ол ұлттық тілде жазылған көркем туындыларды құраса да, ұлттық менталитетке сәйкесе бермейтін мемлекеттік-саяси мәселелерді қамтиды. Осы жерде өз-өзінен заңды сұрақтар туындайды. «Кеңестік жағдай» және «кеңестік емес жағдай» деген ұғымдар бар. Себебі, қазақ әдебиеті туындыларын осындай екі жүйеге бөліп, оның бірін (кеңестік емес жағдайды бейнелейтін әдебиетті) мүлдем әдебиет тарихынан шығару көзделген, ұзақ уақыт олар туралы үндемей келгеніміз шындық. Қалай десек те бұл тұтас қазақ әдебиеті. Қазақ әдебиетінен қоғамдық-саяси жағдайларға байланысты алынып тасталған, аластатылған туындыларды зерттеп, зерделеу бүгінгі күн талабы екені шындық, ендеше, жағдай мен мінез байланысының маңыздылығын тағы да бір рет қайталадық. Кезінде ғалым-сыншы Р.Нұрғалиевтің: «Әдебиет – үлкен құбылыс, жанды дүние, күрделі процесс. Бір әдебиет – дария, бір әдебиет – бұлақ, бәрі де ағады, өседі, өрбиді. Халық бар жерде әдебиет бар» [3, 209б.] деп жазғанындай, уақыт талабының мүддесінен шығып, адамның жан дүниесіне терең үңіліп, оның ішкі

қайшылықтарын, психологиясын көрсетуде жетекші орын алар прозаның шағын түрінің жетпісінші жылдарда кеңге қанат жайып өркендей түсуі – заңды құбылыс. Себебі 60-70 жылдары қазақ прозасына келген Ә.Кекілбаев, Қ.Жұмаділов, С.Мұратбеков, О.Бөкей, Д.Исабеков, Т.Әбдіков, Т.Нұрмағамбетов, К.Сегізбаев сынды жазушылардың шығармашылықтарының ерекше тұстары таныла бастады, аталмыш құбылысқа назар да аударылды. «Соңғы жылдардағы әдеби процестің бір ерекшелігі талантты жастардың әдебиетке көптеп келуі. Он-он бес жылдың айналасында әдебиетке келген топ та біраз іріктеліп қалды. Олардың талантты өкілдері осы дәуір ішіндегі әдеби процеске белсене араласып, әдебиетіміздің жаңа ізденістерін, табыстарын байытуға үлестерін қосып жүр. Олар өз дәуірі шындығының жанды суретін ғана емес, замандастарының ішкі сезім күйлерін, оларды толғандырған ой-пікірлер байлығын ала келді» – деп өз пікірін білдіреді [3, 41 б.]. Сыншы ғалым ой-пікірлер байлығы дегенде жағдайлардың да түрлене түскенін алға тартқандай.

Қоғамдық-әлеуметтік жағдайларды жан-жақты зерделеген ізденімпаз туындылары арқылы қазақ әдебиетінің тағы бір сатыға жоғарылауына септіктерін тигізген бұл жазушылар шоғырының шығармашылығын жете танып-білу жан-жақты ізденіс, талап пен талғамды, жаңа көркемдік межелерді қажет ететіндігін бүгінгі зерттеушілер мойындап отыр. Тіпті, бұл жазушылар шығармашылығы кең өріс ала бастаған 70-80 жылдардағы ел жағдайына үңіле отырып, жазушылар идеясының бір ұшығына көз жеткізгендей боламыз. Бұл кезеңге сөз бен іс арасындағы, қабылданған шешімдер мен олардың орындалуы арасындағы түрлі алшақтық тән еді. Ауыз толтырып айтарлықтай рухани-әлеуметтік нәтижелердің аздығы биік мінбелерден жарияланған идеялар мен ниеттерге сенімсіздікпен қарауға жол ашты. Оның үстіне халықтың едәуір бөлігі рухани әрекетсіздік пен жалаң ұраншылдыққа бой үйрете бастағанының әлеуметтік жағдайға салқыны тиді, көптеген жағымсыз процестерге бастады. Ойы сергек қаламгерлер бұл үдерістерге жіті көз салды. Олардың оқырман қауымды ой-талқыға жетелерлік елеулі жаңа туындылары дүниеге келген болатын. Қоғамға, қоршаған ортаға төніп келе жатқан қауіп жазушыларды терең толғандырды. Жаңа жағдайдағы өзгеріс үстіндегі характерлері бар шығармаларды өмірге әкелген жазушылардың мақсаты болашақ ұрпақты осынау қауіп-қатерден сақтандыру еді.

С.Шаймерденовтің «Ит ашуы» повесіндегі бас кейіпкер, «Қонақтар» әңгімесіндегі Ерғабыл қарт, «Ата» әңгімесіндегі Бекен, «Қара шаңырақ» әңгімесіндегі Шөмішбай бейнелері ұлттық сана мен таным иелері ретінде көрінеді. Себебі, аталған туындыларда өзінің сөзі мен ісі арқылы өткенді қадірлеп, бүгінгіге баға беретін, болашаққа деген сенімі мен күдігі аралас келетін мінездер осы қарттар бейнесі. Адам тіршілігінің бар мәні бүгінгі мен болашағында, артқа қарайлаудың қажеті жоқ деген жалаң ұранның, желбуаз ойдың өткінші екенін сездіріп, ұрпақ болашағы тамырын тереңге тартқан ата-баба дәстүрімен тығыз байланыстылығын сол алтын бастаудан нәр алып өскен ұрпақтың бойында ұлттық рух биіктейтініне әрдайым сеніп, көңілдеріне медет тұтқан аға буын өкілдері бүгінгі ұрпақтың іс-әрекетіне, ой-санасына кейбір сәттерде көңілдері толмайды, оларды басқа жаққа бағыттауға дайын, армандары – сол, яғни жағдай мен характердің бағыттаушы типі көрініп тұр.

Олар балаларының барлығына білім беруге тырысқан. Бірақ оқығаны көп ұрпағының ұлттық танымнан күннен-күнге жырақтап алыстап кетіп бара жатқаны – үш қарттың басындағы ортақ трагедия. Сапабек, Баған, Есіркеп – ауыл тәрбиесін көрген, ана тілінде тілі шыққан жастар. Өсе келе ғана қала салтын көрген. Авторлар өз кейіпкерлерін үлкен адамгершілік сынаққа салады. Жайлы пәтер, жоғары қызмет, сұлу жар, ғылыми атақ кез келген адамның армандайтын, қол жеткізгісі келетін мақсат болып табылады. Ал сол мақсатқа жету жолындағы түрлі жағдайлардың мінезге қалай әсер еткені бұл әңгімелерде негізгі мәселе болып көтерілген. Ана сүтімен бойға дарыған, ұрпағым айырылып қалмаса екен деп талай ата-баба армандаған ұлттық рухты, тәрбиені, болмыс-бітімді сырттан келген жат идеяның құрбаны етерлік әрекеттерге қарсылық бар. Қайтсем жанға жайлы тіршілік кешем дейтін характерлер мен ұлт үшін неге болса да көнем деуші кейіпкерлер арасындағы драматизм жатыр.

Сонымен, 70-жылдары қазақ әдебиетінде «ауыл тақырыбының» өзекті болғаны туралы көп айтылса да, пікірдің әр түрлі екенін де байқаймыз. Қазақ прозасында ауыл тақырыбының өріс алып, кең қанат жайып дамуына көптеген себептер бар екені анық. Кеңес үкіметі тұсындағы ұжымдастыру кезеңінің трагедиясы, оның ұлт болмысына тигізген салқыны, Отан соғысынан кейінгі әр түрлі жалаң реформалардың салдарынан туған қарама-қайшылықтар ауыл тіршілігінен анық байқалған еді. Сондай-ақ ғылыми-техникалық ілгерілеу кеңінен құлаш ұрып, өзгеше қарқынмен шарықтаған тұста ауылдың байырғы тұрғындарының ішкі жан дүниесінде ғасырлар бойы қалыптасып қалған құндылықтар болды. Тиімсіз тұрмыстан «тез арада бойларын аулақ сала алмаған» өзгеше бір күйзеліс бар екенін де қаламгерлер тез танығаны мәлім.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Жазушы, 2001. – 198б.

2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш: Зерттеулер мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 206 б.
3. Нұрғалиев Р. Өнердің эстетикалық нысанасы. – Алматы: Мектеп, 1979. – 253б.

ӘОЖ 82.123 (020)

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ЖЕТІНШІ ҚАРАСӨЗІНДЕГІ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ

НҰРҒАИН ДІНИСЛАМ

Ә.Бөкейханов атындағы №1 гимназияның
8 сынып білім алушысы, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ЕСЕНОВ ШАПАГАТ НУРҒАИНОВИЧ

Ә.Бөкейханов атындағы №1 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Данный статье посвящен теме "Воспитание поколения на седьмом стихе Абая Кунанбайулы". В ходе доклада в сравнении анализируются особенности страсти души и страсти тела. В результате работы определена роль седьмого слова в воспитании поколения. В отчете человечество подчеркивает необходимость более ответственного подхода к воспитанию детей.

Summary. This report is devoted to the topic "education of the generation in the seventh verse of Abai Kunanbayuly". In the course of the report, the features of the passion of the soul and the passion of the body are analyzed in comparison. As a result of the work, the role of the seventh word in the upbringing of the generation is determined. In the report, humanity emphasizes the need for a more responsible approach to raising children.

Абай Құнанбайұлының қарасөздері – қазақ халқының рухани байлығынан алынған терең философиялық туынды. Жетінші қарасөздегі тәрбие мәселесі арқылы біз жастарды тәрбиелеудегі негізгі құндылықтарды түсініп, қазіргі қоғамдағы тәрбиенің орны мен мәнін аша аламыз. Абайдың қарасөздегі көзқарасы қазіргі таңда ұрпақ тәрбиесі мен адамгершілік қасиеттерін байытуда таптырмас құралдардың бірі деуге болады.

Абай Құнанбайұлы: «Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса тән жанға қонақ үй бола алмайды. Нәм өзі өспейді, қуат таппайды», – дейді. Демек, адам баласы үшін тәннің құмары да маңызды. Ішу, жеу, ұйықтау адамға күш-қуат береді. Онсыз тіршілік етудің мүмкін емес екендігін жақсы білеміз. Тәннің қажеттілігін өтейміз деп, еңбекке араласамыз да, күйкі тірліктің жетегінде кетіп, жанның құмарлығын ұмытамыз. Жан құмарлығы қалғып кетеді. Осы арада үлкен қателікке даңғыл жол ұсынудамыз. Жанға керегі білім арқылы келетін ақыл мен сана болса керек. Оны түсінбеген адамның, «түгел болмаса да денелеп білмеген адамның хайуаннан артықшылығы жоқ». Жанды тәнге билетіп алғанымызды айтып, аһ ұрып қиналады. Осыны оқығаннан кейін біз «жанның керегін» іздеуіміз керек. Ұрпағымыздың саналы түрде білім алуына, еліне қызмет ететін тұлға болып қалыптасуына түрткі болуымыз керек. Жетінші қарасөзді зейін қойып оқысақ, жанның неге мұқтаж екенін түсіну қиындық туғызбайды. Бала кезіміздегі «білсем екен» деген құмарлықты «ғылым тапқандардың жолына салуымыз» керек. Абайдың «ғылым тапқандар» деп отырғаны алған білімін жеке басының мүддесіне жұмсайтын қу құлқынның құлдары емес, олардан әлдеқайда жоғары тұрған, елдің тағдырын, адамзат баласының игілігін ойлайтын адамдар. Дәл солардай болмаса да, «ұқсап бағуға» шақырады. Яғни, кімнен үлгі-өнеге алу қажеттігін санамалап түсіндіріп отыр. Қазіргі ұрпақтың кімге ұқсағысы келетінін мен айтпасам да, ішіміз сезіп отыр. Қазіргі кезде жастарымыз әлеуметтік желіге жіпсіз байланып, төрт аяқтыға дейін еліктеу үстінде. Бірақ мемлекет тарапынан қатаң қадағалануда. Әйтпесе адамдық құндылықтан айырылуымыз мүмкін. Ұрпағымызды «ғылым тапқандардың» жолына салмай, қоғамды түзей алмайтынымыз анық байқалып тұр. Адам айналадағы құбылысты көкірек көзімен көріп, ақыл-санасымен ұғыну керек. Сонда «тәнді жан билеп», «көкірекке сәуле, көңілге сенім» ұялайды.

Жетінші қарасөзі арқылы Абай атамыз адам өзінің тән құмарлығын емес, жан құмарлығын жоғары ұстау керек екендігі оның ішінде білдім. Толдым деп емес, әрдайым білімге, өнерге құштар болу керек екендігін айтады. Адамзат өзің білмегенді үлкеннен сұраса, үлкен жоқ болса кішіден сұраса толығып, толып кеменгер болатыны сөзсіз.

Жан құмарлығы	Тән құмарлығы	Салыстыру
«ол немене?», «бұл немене?», «ол неге үйтеді?», «бұл неге бүйтеді?»	«ішсем, жесем, ұйықтасам»	Алғашқы бағандағы жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен десе, екінші бағандағы болмаса, тән жанға жайлылық, тыныштық болмасы анық. Адам ішпесе, жемесе жан құмары өспейді, қуат алмайды. Егер шамадан тыс қоректенсе ұйқы келіп, жалқаулық мойынға мықтап мініп алады. Адам баласы өскен кезде өзімен-өзі күресетін болса жан құмарын жетілдіреді, жеке тұлға болып қалыптасады.

«Жан» адамды жас күнінде билеп жүрді. Ұлы ержеткенде, қыз бойжеткенде «жан» билігін жүргізуге (адамның басым көпшілігінде) шамасы жетпеді. Жанды тәнге жығып бердік. Айналаға көңіл бөліп қарауға зауқымыз болмады. Көкірек көзіміз айтып тұрса да мойындамады. Мысалы, бала жас кезінде «әкем бәрін біледі» десе, өсе келе «әкем жартысын біледі» дейді. Ержеткенде «әкем ешнәрсе білмейді» деген түсінік пайда болады. «Қарты бар үйдің қазынасы бар» деген мақалды естен шығарып алдық.

Бәріміз жатқа білетін әл-Фарабидің: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте адам өміріне опат әкеледі», – деген сөзіне жүгінгім келіп отыр.

Бала тәрбиесімен айналысатын адам оның жасаған әр қылығын, қадамын дұрыс бағытта қолданып, саналы түрде тәрбие беру қажет. Оны біз жетінші қарасөзіндегі мыса үзіндіден көруімізге болады. «Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді». Баланың әр сұрағына толық жауап беріп отырсақ, еліне пайдасы тиетін, өз ойын бүкпесіз ашық айтатын тұлға болып қалыптасары хақ.

Балаға ілім-білім бергенде, тәрбиені ұмытпауымыз керек. Өйткені «әкенің берген тәрбиесін 100 мектеп бере алмайды» деген үнсіз келісуге тура келеді. Әрбір әке, аға өзінің артынан ерген інісіне жол көрсетіп, үлгі бола білсе екен. Ол үшін Абай атамыздың жетінші қарасөзін, жалпы қарасөздерін ой елегінен бір өткізіп алса, дұрыс бағыт беретініне сенемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абайды оқы, таңырқа... – Алматы: Ана тілі, 1993ж.
2. Абай жайлы сөз = Слово об Аббае / Шығыс Қазақстан мәдениет басқармасы. – Өскемен, 1995
3. Әуезов М.О. Абайтану дәрістерінің дерек көздері. – Алматы: Санат, 1997ж.
4. Бітібаева Қ. Мектепте Абай шығармаларын оқыту. – Өскемен: Б.ж., 1994ж.
5. Жүрегімнің түбіне терең бойла: (Абай туралы естеліктер). – Алматы: Жазушы, 1995
6. Қазіргі Абайтанудың өзекті мәселелері. – Алматы: Ғылым, 2002ж.
7. Мырзахмет М.М. Абайтану тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1994ж.
8. Өмірәлиев Қ. Абай афоризмі. – Алматы: Қазақстан, 1993ж.

ШЕРХАН МҰРТАЗА ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ СУРЕТКЕРЛІК ШЕБЕРЛІГІ

ДУЙСЕНОВА ЛАЙЛА ОРЫНБАСАРОВНА

№47 орта мектеп КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается художественность произведений Шерхана Муртазы.

Summary. The article examines the artistry of Sherkhan Murtaza's works.

XX ғасырдың аяғында қазақ әдебиетінде келең алған әдеби тоқыраудан шығып, XXI ғасырдың алғашқы жылдарында қазақ халқының басынан өткерген жаңалықтарды әлеуметтік, тарихи, мәдени жағдайлардың өзгеріске ұшырауына байланысты қазақ прозасы да жаңа идеялық бағыт алды. Өтпелі кезеңдегі түрлі құбылыстар, құндылықтарды бағалау бағытындағы өзгерістер, ауыспалы қоғамдық жүйеге тән болып келетін кемшіліктер қаламгерлерді толғантпай қоймағаны анық. Аумалы-төкпелі кезеңнің алғашқы жылдарындағы әлеуметтік жағдайдың төмендігі ел болашағы, ұлттық мүдде, азаматтық парыз деген келелі ұғымдар турасында ойлануға, мұндай ауқымды мәселелердің өркендей түсуіне өз үлестерін қосуға мүмкіндік туғызбады. Әлеуметтік жағдайдың келеңсіздігі, қиындығы әсерінен адамзат баласының ішкі әлемі, оның жан дүниесіндегі арпалыстар, сыртқы бет-бейнесі мен іс-әрекеттері, айналасындағы адамдармен қарым-қатынасына дейін белгілі бір дәрежеде өзгерістерге, құбылуларға ұшырап отырды. Мұның бәрі де оның дүниетанымына әсер етіп, адамның жан әлемін алдыңғы орында суреттейтін, ішкі дүниесіндегі сан түрлі құбылыстарды көркемдей, әсерлі түрде жеткізетін сөз өнерінде орын алып келеді.

Қазақ әңгімесінің жанры мазмұн, түр (форма), пішін жағынан үлкен белеске көтерілді. Оның көтеретін мәселелері батыл да өткір, ашық та нақты қойылды. Жалаң өндірістік мәселелер ысырылып, адамның өмірдегі орны, ісі мен табиғатына үнілуге бетбұрыс жасалды. Осының нәтижесінде лиризм мен психологизм күшейе бастады. Нақтылыққа, аз сөзділікке, дәлдікке бет бұруда көркем деталь мен штрихқа көп көңіл бөліне бастады. Қаламгерлер әлеуметтік талдаудың негізінде ұлттық мінезді ашуға, адам табиғатының жан дүниесін танытуға ұмтылды. Қазақ халқының тарихынан орын алған өмір шындығы шағын жанрада шынайы да бейнеленетін болды.

Әдебиетте уақыт-тұлға-әлеуметтік-қоғамдық ортаның өзара байланысы тереңдей түсіп, кейіпкердің рухани жан дүниесінің терең психологиялық тұрғыда берілуі заңды құбылысқа айналды. Әңгіме жанрының шеберлері Ш.Мұртаза, Қ.Жұмаділов, Б.Нұржекеұлы Т.Нұрмағамбетов және т.б. шығармаларында өмір шындығы терең көрініс тапты.

Аталған қаламгерлер проза жанрындағы тамаша туындыларының сырына үңіліп, шеберлік тәсілдерінен үлгі алды, сөйтіп, өздері де жаңа стильдік ізденістерімен көрінді. Демек, әрбір көрнекті сөз зергерінің қалдырған әдеби мұрасы мен игі дәстүрі кейінгі әдеби ісімізге өз ықпалын, әсерін тигізіп отыруы әдебиет дамуының заңды құбылысы дей аламыз. Жоғарыда аталған 60-80 жылдары әдебиетке келген топтың шығармалары өмір шындығын көркем бедерлеген, сыршыл әрі авторлардың дара қаламгерлік қолтаңбасын айқын танытқан туындылар болды. Аталған жазушылар әдебиеттің ішкі даму заңдылығын пайдалана отырып, халық күткен, олардың көкейінде жүрген кейбір мәселелерді алға тартты. Ұлттық мінез жоқ шығармалардан бас тартып, өз туындыларында замандас бейнесін жасай отырып, кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесін, қазақи мінезін, көңіл күйі, рухани әлемін терең ашып көрсетуді мақсат етті. Өмірдегі үздіксіз күрес үстіндегі қазақи жеке тұлғаның ішкі әлеміне бойлай отырып, адамгершілік асыл қасиеттерін, азаматтық ұстанымын оқырманға үлгі етіп ұсынды. Осылайша кейіпкердің адамгершілік және моральдық болмысын бейнелеуге алдыңғы кезекте баса назар аударылды.

Тәуелсіздік жылдары – туған әдебиетіміздің ілгері қарай қадам жасаған сәтті кезеңі. Сол себепті қазіргі қазақ әдебиеті аясында әңгіме жанрында өзіндік дара қолтаңбасымен ерекшеленген жазушылардың шығармашылық жолындағы көркемдік ізденістерін танып, таразылап, оларға терең бойлап, ғылыми-зерттеу еңбектері тұрғысында баға беру бүгінгі заман талабы екені даусыз.

Қазіргі қазақ әңгімесі - дәуірдің қоғамдық-әлеуметтік өзгерістері мен құбылыстарын бейнелеуде, соған лайық алуан қырлы адам мінезін жасауда үлкен табыстарға жетуде. Қазіргі қазақ әңгімесінің адамның жан әлеміне үңілуімен, адамның ішкі дүниесінің нәзік иірімдерін сөз етуімен, адам болмысына назар аударуымен ерекшеленеді. Қазақ қаламгерлерінің адам бойындағы мінез-құлық адамгершілік қасиеттерді терең ашуды мақсат ете отырып, шығармашылық тың ізденістерге баруы, әңгіме жанрына енген жаңашылдық. Қазақ әңгімесінің дамып, өсуіне, көркемдік, идеялық-эстетикалық тұрғыдан өрістеуіне

қазақ қара сөз өнерінің бастау бұлағы болған М. Өуезов, Ж. Аймауытов, Б. Майлин және т.б. шығармашылығы, сондай-ақ, дүниежүзілік әдебиетте болып жатқан жаңалықтардың, көркемдік ізденістердің тигізген әсер-ықпалы да баршылық. Ғылымның дамуы мен техниканың өрістеуінің адам өміріне тигізген әсері жазушылар шығармаларына негіз болып, әдебиет айдынына жаңа кейіпкерлердің келуіне әсерін тигізді.

Проза жанрында кесек-кесек дүниелері арқылы келелі мәселелерді көтеріп жүрген, озық туындыларымен қазақ оқырманының көзқуанышына айналған, әдебиет алыптары шоғырының белді өкілдерінің бірі - жазушы Шерхан Мұртаза. Ш. Мұртаза әңгімелерінің бәріне дерлік ортақ ерешелік – ұлттық болмыстың ашылуы. Әлеуметтік мәселелер, адамдар бойындағы әр алуан сезімдер автор әңгімелерінде ерекше көрініс тапқан. Әрбір кейіпкердің жан дүниесіне үңіліп, олардың жан жарасын нанымды суреттеледі. Ұлттық әдет-ғұрып, салт-сана, өнер сынды этнографиялық ерекшеліктердің, ұлттық наным-сенімнің, дәстүрдің көркем бейнеленуі оқырманды бірден баурап алады. Мұны мына әңгімелерінен байқауға болады: «Бір нәзік сұлу», «41 жылғы келіншек», «Жүз жылдық жара», «Жаңбырлы той», «Шақалақ», «Сусамыр», «Аманат», «Алтын тікен» мұнда, өмір шындығын көркемдік шындыққа ұштастыра білген жазушының шеберлігі көрінеді [1, 486.].

Жазушының тәуелсіздік жылдарында жазған әңгімелері өзіндік ерекшелігімен, көркемдік әлемімен қазақ әдебиетінің тарихынан өз орнын алған шығармалар.

Шерхан Мұртаза кейінгі жылдары шығарма жазуда өзекті тақырыптарды көтерген жаңалығы мол дүниелерді туындатып келеді. Әсіресе әңгіме жанрында жазушының суреткерлік қолтаңбасынан жаңалықтарды байқауға болады. Сол ерекше жазылған әңгімелерінің бірі – «Соғыстың соңғы жесірі» атты әңгімесі. Мұнда соғысқа кеткен жары Мақсұтты өмір бойы күткен Хадиша атты кейіпкердің өмірінің соңғы сәттері суреттеледі. Хадиша бейнесі «41 жылғы келіншек», «Бір нәзік сұлу», атты әңгімелерінде де әр қырынан көрініп, жалғасын тауып жататындығы жазушы шығармашылығымен жақсы таныс көпшілік үшін белгілі жайт. Автор осы әңгімелердегі ортақ кейіпкерін түрлі жағдайдағы өмірдің ыстық-суығына қатар салып, сан қырынан таныту тұрғысынан көп ұтқан. Бұл әңгімесінде суреткер, жанр табиғаты талап ететін көркемдік шарттарды мұқият ескере отырып, соғыс жылдарындағы ауыл өмірінің шындығын көрсеткен.

«Тортай шалдың есегі» атты әңгімесі қаламгердің ауыл өмірін суреттейтін шығармаларының бірі. Мұнда миллиондаған жазықсыз жандардың қаны төгілген кешегі өткен Ұлы Отан соғысы деген атауға ие зұлмат тұсында қазақ халқы басынан өткерген шырғалаң сәттер суреттеледі. Қаламгердің бұдан басқа да «Сол бір күз», «Ақсай мен Көксай», «Бойтұмар», «Айырбас», «Жүз жылдық жара», «Интернат наны», «Қасқырдың тарамысы» атты әңгімелерінде соғыс жылдарындағы ауыл өмірі сан қырынан бейнеленген болатын. Бір есекке бола жиырма бес жылға сотталған Тортай шалды, баласы Нұртай Кеңес одағының батыры болып келген соң, қорыққанынан әкім қаралар айдалған жерінен алдырады. Қаламгер, осындай келеңсіз оқиғаларды суреттей отырып, дүйім елде болып жатқан «шаш ал десе бас алатын» Кеңес шабармандарының жағдайын суреттейді. Ал, «Бабаның оралуы» деген әңгімесінде, қаламгер, зиратты қорлаған, бабасының жілігін сындырған жаңа қазақ Алақайдың басына зауал келгенін көрсеткісі келген.

Ш.Мұртаза «Қаңғыбастар мен шағалалар» атты әңгімесінде Алла Тағала жіберген періште іспеттес шағалалар мен өмір толқынының айдауымен «қайыршылық» жолға түскен мүсәпірлердің тіршілігін сөз етеді. Кеңес дәуірінде дәстүрге айналған үрдіс – мектеп бітірген жастардың қалаға ағылуы еді. Осындай қалаға арман қуып келген талай қыз-жігіттің тағдыры сан түрлі себептермен түрліше бағыт алып, армандары қол жеткізбес елеске айналып, түрлі тіршілікті бастан өткеретіндігі белгілі жайт. Шығармада белгісіз қалпында қалатын N қаласына сондай арманмен келген Жаңыл есімді кейіпкер өмірінің қайыршылық қалыпқа қалай түсіп кеткендігін өзі де байқамай қалады. Автор кейіпкері ата-анасынан бөлек интернатта өседі. Тәрбиешісі түзу болмай өскен Жаңыл қаланың қатал өмірінде өз жолын таңдай алмай адасады. Адасқаны сол, ең төменгі деңгейге дейін құлдырап, адамдық қалыптан кетеді. Ақыр соңында адам айтып жеткізе алмайтындай қатыгездікке барып, құрсағынан шыққан шарананы қоқыс жәшігіне тастайды. Шағала болып келген періштелер опат болған баланы көкке алып кетеді. Әңгіме осылай аяқталады. Автор баласын қоқыс жәшігіне тастаған күнәһар әйелдің іс-әрекетін мысықтың өмірімен егіздеп суреттейді. Өзі тапқан төрт марғауын емізіп өсірген қаңғыбас мысық екеш мысық та далада қалса да балаларына қастық қылмайды. Адамның хайуаннан да қорқынышты халінен әңгімені оқып отырып жиренесің. Бұл әңгімесінде автор жалған намыстың құрбаны болған келеңсіз тіршілік иесінің жағымсыз бейнесін мәселе етіп көтерген. Ашаршылық заманында өлім аузында жатқан балаларын бір уыс бидаймен, ана махабатымен аман алып қалған аналарымыздың рухы мұны кешірімес еді. Ұрпақ санасының қаншалықты дейгейде майдаланып кеткендігін, қазақи менталитеттен айырылған жас ұрпақтың адасуын автор әңгімесінде шебер суреттеген [2, 576.].

Шерхан Мұртаза әрбір қайталап оқыған сайын сан қырынан ашыла түсетін, проза жанрының қайбір үлгісінде қалам сілтемесін, оқырманының жүрек түкпіріне жеткізе білетін, тақырып таңдауда өзекті мәселелерді дөп тигізіп таба білетін қаламгер. Оның қарапайым түрде жазылған әрбір әңгімесін оқи келе еш боямасыз өмірдің өзін көріп, көңіліңіз толады.

Шерхан Мұртазаның кейінгі кездегі әңгімелері жаңа заман жайын қозғай келе жамандыққа бастар іс-әрекеттерді сынға алады, көнекөз қария, ақсақал абыз ретінде жазушы ұрпағына ақылын айтады, көз алдында күнде болып жатқан жамандықтан жиренуді әңгімелері арқылы болашақ жастарға аманат етеді. Жазушылар қауымының аға буын өкілдерінің ақсақалы қатарындағы қаламгердің болашақ ұрпаққа ұлағат берер жоғарыда аталған әңгімелері бұрынғы туындылары секілді жоғары бағаға ие.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұртаза Шерхан. Бір кем дүние. – Алматы: Жазушы, 2012. –255б.
2. Мұртаза Шерхан. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Ана тілі, 2019. –350б.

ӘОЖ. 82.233.02

«АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

АЛИПБАЕВА САЛТАНАТ НУРАХАНОВНА

№47 орта мектеп КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье представлена краткая история изучения языковых особенностей эпоса «Абай Жолы». Известно, что хотя у М.Ауэзова есть исследовательские работы по языковым особенностям эпического романа «Абай жолы», он специально не рассматривался в когнитивном направлении казахского языкознания с точки зрения антропотопического аспекта, национального характера познавательного мир этноса.

Summary. The article presents a brief history of the study of the linguistic features of the epic “Abai Zholy”. It is known that although M. Auezov has research work on the linguistic features of the epic novel “Abai Zholy”, he was not specifically considered in the cognitive direction of Kazakh linguistics from the point of view of the anthropotic aspect, the national character of the cognitive world of the ethnos.

«Абай жолы» роман-эпопеясын әдебиетшілер де, тілші ғалымдар да аз зерттеген жоқ. М. Әуезовтің шығармалары турасында көптеген ғылыми жұмыстар мен зерттеулер тек отандық ғылымда ғана емес, шетелдік ғалымдардың да басты тақырыбы болып жүр. Қазақ ғалымдары арасында басқа саланы былай қойғанда, тек тілші ғалымдардың өзі қаламгер шығармашылығын жан-жақты зерттеп келеді. М.Әуезовтің 20 томдық шығармаларының толық жинағындағы қазақ тілінің этномәдени лексикасына тарихи-семантикалық және этимологиялық талдау жасаған профессор Е.Жанпейісовтің еңбегінде олардың семантикалық топтары көрсетіліп, фонемалық, морфемалық, лексикалық жағынан жан-жақты талданған. Ғалым өз еңбегінде академик Қ.И.Сәтпаевтың М.Әуезовтің «Абай» романы турасында айтқан: «М.Әуезовтің «Абай» романы ғылымның барлық саласындағы мамандардың қызығушылығын тудыратын еңбек. Әсіресе, этнограф ғалымдар романнан халықтың өмірі мен тұрмысы, саятшылық өнері мен әдет-ғұрпынан, қазылар мен билердің болмысын нақты көрсететін және әрқайсысы белгілі бір ғылыми жұмыстың нысаны бола алатын этнографиялық қызықты детальдарды [1, Б.3] табуға болады» – деген пікірінің мәні зор екендігін айтады.

М.Әуезов шығармаларының тілі туралы нақты ғылыми талдау жасаған академик Р.Сыздық: ...«Абай жолы» эпопеясының тілі – шын мәнінде «ой мен сезімге бірдей әсер етерлік» айшықты да әсем тіл екендігі зерттеуші түгіл, қарапайым жай оқырманға да жақсы сезіледі. Әсіресе, төлтума тіліндегі «Абай жолының» ғажайып тартымдылығы, сүйсіндірер қасиеті – тілінің поэтикалық феноменінде» – деп баға береді [2, Б.9]. Бұлай болатын себебі, суреткердің ұлылығын танытқан бірегей туындысы «Абай жолы» эпопеясының дүниеге келуі ұзақ ізденістің, үлкен зергерліктің нәтижесі, автордың ұлттық болмыс пен танымды тіл арқылы шебер суреттей білуінде.

Белгілі зерттеуші З.Серікқалиев: «М.Әуезов – өткен өнер ізгілігін жай жалғастырушы ғана емес, жазушы адам мен әлем сабақтастығын мүлдем жаңаша шешеді. Оның сүйікті кейіпкері Абай жаратылыстың баянды, мәңгілік мәселесінен бастап, өмір ағымындағы адам орны туралы, өз замандастарының, болашақ ұрпақтың сүйеніш тірегі, тәрбиешісі ақын әспеті жайлы мәртебелі түсінікке

жеткен» деген тұжырым жасайды да: «Әр жанрда қалам тартқан әр дәуір суреткерлері Әуезов пен Хокусай шығармаларын талдау – жаратылыс жанын нақты, көрнекі құбылыс тұрғысында тікелей сезінуге мүмкіндік туғызады, дүние тынысынан байыпты [3, Б.180] біраз мағлұмат береді», – деп қорытады. Жалпы, М.Әуезовті тек көркемсөз шебері ғана емес, керемет тарихшы, философ ретінде де тануға болады. Себебі, «Абай жолы» роман-эпопеясы жоғарыда айтып өткеніміздей, қазақ халқының тарихы мен дүниетанымы, болмысы мен шарушылық мәдениетінен мол хабар береді. Ал шығарманы тілдік тұрғыдан талдағанда бұл мәселеге ерекше мән берген дұрыс. Роман-эпопеяның тілін – қазақ халқының тіл байлығының мол қазынасы деп бағалауға болады. Роман-эпопеядағы тілдік қолданыстардан бөлек мұндағы жалқы есімдердің өзі халқымыздың тарихы мен мәдениетінен сыр шертеді. Осы тұста профессор Т.Жанұзақов М.Әуезовтің: «Біздің қазақ жер аты, тау атын әманда сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген. Қайда, қандай бір өлкеге барсаң да жер, су, жапан түзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады», – деген пікірін келтіре отырып, өз еңбегінде: «Халқымыздың өткен дәуіріндегі тарихын, көрші елдермен жасалған мәдени қарым-қатынасын және әдет-ғұрпын танып-білуде де бұлардың атқарар рөлі аса зор. Өйткені ол атаулардың бәрі – халық тарихы, қоғам өмірімен, адамдардың жеке басы, іс-әрекетімен біте қайнасып, ғасырдан-ғасырға ұласып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, кейінгі буындарға мирас болып отырған мәдени мұра, өшпес шежіре, халықтың шынар ой, ұшқыр қиял, данышпандық зердесі мен ұлттық мінез-құлқы, барша болмысының көрінісі» [4, Б.3-4] – деген тұжырым жасайды.

Жалпы, қазақ ономастикасында «Абай жолы» романының жалқы есімдер құрамына 1981жылы Краков қаласында өткен халықаралық ономастикалық конференцияда алғаш рет ғылыми талдау жасаған проф. Т.Жанұзақ болатын (Т.Жанұзақов. Собственные имена в эпопее «Путь Абая» М.О.Ауэзова //Frog of 13 the int. Congress of onom.Sciences. Krakow, 1981, P. 357-362.)

Академик Р.Сыздық М.Әуезов тілін тану жөнінде: «...М.Әуезов тілін тануда алдымызда қандай шаруалар бар, қандай міндеттер тұр дегенге келсек, шамамен мыналарды айтар едік. Ең алдымен, М.Әуезовтің бүкіл көркем туындыларының тілін кеңінен зерттеуді бастау...».

«Екіншіден, М.Әуезовтің публицистикасы мен ғылыми еңбектерінің тілі де стильдік, лексикографиялық зерттеулерді күтеді. Жазушының шеберлігі мен даралық стилі бұларда да айқын сезіледі» [5, Б.13] – деген құнды пікір айтады. Осындай пікірлерді басшылыққа ала отырып, М.Әуезов шығармаларын зерттеуде тілші ғалымдар қаламгердің шығармашылық қасиетіне жан-жақты, тиянақты қарауды мақсат етіп отыр. Осыған орай Қ.Есенованың «Мұхтар Әуезов публицистикасының тіл өрнектері» атты еңбегінде қаламгер публицистикасының тілі, сөз қолданыстарының ерекшеліктері жан-жақты зерттелді десек болады. Ол қаламгердің тілдік қолданысын терең талдай келе: «Шындық өмірдің барлық құбылыстары мен оқиғаларын жіті бақылай отырып, шаруашылық жағдайы, ауыл өмірі, оқу-білімнің дамуы, адам санасындағы өзгерістер, ғылымның дамуы туралы М.Әуезов – публицист ойын қоғам талқысына ұсынады. Бірақ, әрине, М.Әуезов публицистиканы кәсіп еткен жоқ. Дегенмен, ол өмірде болып жатқан өзгерістерге өз пікірін білдіріп отыруға үн қосуға тырысты баспасөз тіліне тән жоғарыдағы таныған ғалымдар қазіргі таңда» – деген пікір айтады [6, Б.13].

Жалпы, М.Әуезов шығармаларын зерттеу ғылымның әр саласында қамтылса, «Абай жолы» романы әлемнің 116 тіліне аударылып басылды. Мұның өзі әлем әдебиетіндегі «Абай жолының» биіктігін танытады. Сондықтан болар, француздардың қоғам қайраткері Луи Арагонның: «Эпикалық роман «Абай», менің ойымша, XX ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі. Бұл роман оқушыға қызықты қиял мен өрен ой өлкесін кездіріп, талай терең толғаныстар тудырады. Бұл шығарма совет әдебиеті туындыларының маңдай алды легінен орын алады деу аздық қылады, әлемнің басқа елдерінде де онымен тең түсетін шығарманы табу қиын» – деген пікірін ерекше құнды деп білеміз. Мұндай классикалық туындыны зерттеу ғалымдарды да жан-жақты қызықтырып отырғаны ақиқат. М.Әуезов шығармаларын зерттеудің басты айғағы ретінде жас филолог ғалымдардың «Әуезов оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы өткізіліп келеді. Осымен бесінші рет өткізіліп отырған аталмыш конференцияның басты мақсаты да қаламгер шығармаларын жан-жақты тану болып табылады.

Қазақ тіл білімінде бұл мәселеге академик Р.Сыздық, профессор Е.Жанпейісов сынды ғалымдардың бастап берген жолымен қазіргі жас буын өкілдері де ерекше мән беріп келеді. Дегенмен, «Абай жолы» роман-эпопеясындағы онимдердің сипатын, жалқы есімдердің табиғатын, оның лингвомәдени ерекшеліктері мен когнитивтік қырын қарастырған еңбектер әлі де көлемді зерттеу нысаны болған емес. Осыған орай біз мақаламызда М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының ономастикалық кеңістігін қарастыруды басты мақсат етіп қойдық. Себебі, шығармада берілген жалқы есімдердің өзі халқымыздың тарихи, мәдени құндылықтарының шежіресі екендігінде дау жоқ. Бұл – сонымен қатар Әуезовтану мен Абайтанудың жаңа бір қыры. Ұлттық дүниетанымның болашағы туралы М.Әуезовтің өзі: «Жылдан-жыл өткен сайын ескілікті еске түсіретін нәрселер жоғалып бара жатыр. Солар жоғалған сайын қазақ тарихына

ескілікті білу, іздеп тауып ұғыну қиын бола бермекші. Қазір де әдебиет тарихы сияқтыларды тізу қиын. Әуелден алыс жерден бастауға болмайды. Біз ең алдымен өзімізге таныс бергі заманнан бастау керек. Іздеушілер көбейіп, табылған ескілікті жұрнақтары көбейген соң, сол бұйымдардан құрап, қолға таяқ алып, ескілікті ерте заманға қарай тереңдеп жылжи беру керек» [7, Б.13] –деген пікір айтқан болатын.

Жалпы, Әуезовтану мәселесі қай кезде де тілші ғалымдардың зерттеу нысаны ретінде қарастырылып келеді. 1967 жылы зерттеуші Е.Бектұрғанов «Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы тұрақты сөз тіркестері» тақырыбында жазылған кандидаттық диссертациясында: «М.Әуезов шығармаларының тілдік ерекшелігі сол – тілдік тұрғыда жүргізілетін зерттеулер үшін баға жетпес бай материалдар болып табылады», – деген [8, Б.3] тұжырым жасайды.

Ал, әдебиет саласында Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы турасында бүгінге дейін көлемді зерттеулер жүргізілгені белгілі. Барлығын айтпасақ та, А.Байтанаевтың «Абай жолы» эпопеясын жазудағы М.Әуезовтің шеберлігі жайында жазған еңбегіндегі: «Абай жолы» – барлық көркемдік болмысымен қазақ халқының ұлттық рухын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын бейнелейтін ұлттық эпопея» деген [9, Б.63] бағасынан қаламгердің бай тілдік қазынасын зерттеудің өміршеңдігін байқаймыз.

М.Әуезов тұлғасына деген үлкен қызығушылықтың бірі – қаламгер мерейтойына арналған конференциялардың достастық елдердің көпшілігінде ұйымдастырылуы. Әсіресе, Ресейде қазақ әдебиетіне деген қызығушылықтың ерекше екендігін 1993 жылы М.В.Ломоносов атындағы Москва Мемлекеттік университетінің жетекшілік етуімен Қ.Уразаеваның «Фольклорные традиции и особенности романтического стиля ранней прозы М.О.Ауэзова» атты диссертациясынан аңғаруға болады.

Қазақ әдебиеті тарихында М.Әуезовтің алар орны ерекше. М.Мырзахметов Әуезовтің абайтанудағы ғылыми жолын мынадай төрт салаға бөледі: 1) Абай шығармаларын жинауы, текстологиялық жағынан сұрыптауы, жариялауы туралы еңбектері; 2) Абай өмірбаянын қайта жазып, ақындық қызметі мен дәуірі, заманы жайында деректер жинап, естеліктер жаздырып, жоғалуға айналған өлең жолдарын қалпына келтірумен айналысуы; 3) Абай өмірі мен шығармалары туралы арнайы зерттеу жұмысын жүргізуі; 4) жоғары үш саланың негізінде Абай мұрасын ақын туралы көркем шығармалар жазу арқылы танытуы [10, Б.109].

М.Әуезовтің «Абай жолын» оқып алып, француз сыншысы Бержерон: «Осынша ұлылықпен, осынша махаббатпен, оның үстіне Әуезовтің дауысындай дауыспен жырланған халық – көсегесі шын көгерген халық қой» – деп ерекше таңданыс білдірген екен. Олай болса, М.Әуезов шығармаларын зерттеу, әсіресе, оның тілдік ерекшелігін этнолингвистика мен лингвомәдениеттану тұрғысынан алып қарастырудың маңызы зор. Сонымен қатар біз сөз етіп отырған нысан тұрғысынан М.Әуезов шығармаларындағы жалқы есімдер – онимдер жүйесін этностың дүниетанымы мен болмысы, шаруашылық мәдениетімен сабақтастыра талдау бүгінгі тіл біліміндегі жаңа бағыттардың мақсаты мен міндеттерін біршама қамти алатыны сөзсіз.

Қорыта айтқанда, «Абай жолы» эпопеясының тілдік ерекшеліктері әлі де тереңірек зерттеуді қажет етеді. Басқа да тілдік бірліктер тәрізді ономастикалық атауларды да когнитивтік модель қалыптастырушы таңба, ақиқат дүниенің көрінісін белгілейтін нысандар деп ұғамыз. Тілдік бірліктер арқылы таңбаланған жалқы есімдер тарихи-этнографиялық, танымдық, символдық т.б. белгілермен ерекшеленеді. М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының тілдік ерекшелігі туралы зерттеу еңбектері болғанымен, оны антропоэлектік аспектіде, этностың танымдық дүниесінің ұлттық сипаты тұрғысында осы кезге дейін қазақ тіл біліміндегі когнитивтік бағытта арнайы қарастырылмағаны белгілі. Осыған орай шығармадағы ономастикалық атаулар кешенінің, ондағы онимдік бірліктердің концептілік әлеуеті мен жалпы романның ономастикалық кеңістігінің бүгінге дейін зерттеу нысаны болмай келгендігі мақаланың өзектілігін айқындай түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жанпейсов Е. Этнокультурная лексика казахского языка. –Алма-Ата: Наука, 1989. – 282 с.
2. Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Санат, 1999. – 206б.
3. Серікқалиұлы З. Жандауа. –Астана: Елорда, 2004. –180 б.
4. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры. –Алматы: Дайк-Пресс, 2007. –520 б.
5. Сыздық Р. Сөз құдіреті. –Алматы: Санат, 2000. –224б.
6. Есенова Қ. Мұхтар Әуезов публицистикасының тіл өрнектері. –Алматы: Комплекс, 2005. –130 б.
7. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. –Алматы: Жазушы, 2005. – Т.16 –328б.
8. Бектұрғанов Е. Устойчивые сочетания слов в романе – эпопее «Путь Абая»: автореф. ... канд. филол. наук. –Алма-Ата: 1999. – с.26

9. Байтанаев А. Мастерство М.О.Ауэзова в эпопее «Путь Абая»: дис. ... докт. филол. наук. – Алматы: Степь, 1998. – с.65

10. Мырзахметов М. Абайтану тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1994. – 276б.

ӘОЖ 82.325.21

ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ САТИРАНЫҢ ДА СЫНИ, СЫҚАҚ НЫСАНАСЫ

НЕСПБЕРГЕНОВА ӘСЕЛ ҚАДЫРБЕКҚЫЗЫ

Керімбай атындағы №12 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, филология магистрі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается казахская сатира в литературоведении. Неважно, когда в литературе какого периода появилась сатира, суть сатиры не сказать, ее можно найти в глубине. Конечно, многие ученые задумывались над неудобной сценой, ее объектом, историей происхождения этого термина через репрезентацию, методами, из которых исходили мысли этой критики человеческого разума, художественными достижениями и поисками.

Summary. The article deals with Kazakh satire in literary criticism. It does not matter when satire appeared in the literature of what period, the essence of satire cannot be said, it can be found in the depths. Of course, many scientists have thought about the objectionable scene, its object, the history of the origin of this term through representation, the methods from which the thoughts of this criticism of the human mind proceeded, artistic achievements and searches.

Қай кезең әдебиетінен сатира қашан пайда болған, болмысын сатираның үлгісін қалай дегенде де қатысын білдірмей тұрмайды, оны тереңнен табуға болады. Көңіліне жақпаған көріністерге әрине, оның нысанасы, бейнелеу арқылы бұл терминнің шығу тарихы адам санасының осы бір сыншылдық туралы ойлары қайдан шыққан әдіс-тәсілдері арқылы, көркемдік жетістігі мен ізденісі турасында көптеген ғалымдар ой өрбіткен. Сатира терминінің шығу көрінісі әр келкі, бұл мәселені кімдер зерттеген деген әр түрлі сұрақтар тууы мүмкін. Ежелгі гректер жүзім өсірушілердің тарихын, этимологиясын дәрежеде келуі мүмкін әдебиет өнерінің бір саласы ретінде бағалаған. Сатира дегеніміз не деген сұраққа қазақ әдебиеті бар жерде – сатира бар деп әркім әр түрлі түсіндіреді. Өйткені, адам санасы кейбір ғалымдардың айтуынша, төңірегіндегі жайларға басқа зерттеушілердің пікірінше өз бағасын бере алмай келді. Бұл терминнің тарихы латынның өрісі қаласын-қаламасын «Сатира» атауы сол сөзден шыққан. Анау-мынау деген сөзінен басталатын «Satura» – «смесь» – аралас әдебиетшілері сынап-мінеуші, қазір «сатира» атауы әр түрлі мағынада, жүзім шарабын жасаушылардың құдайы сатираның дамуына белгілі дәрежеде ықпалын жасайды.

Әр нәрсенің қосындысынан бастау алған, ол туралы қандай ой-пікірлер қолданыла береді. Біреулер оны әдебиеттің бір тегі ретінде айтқан. Міне, всякая всячина есебінде кейінірек ежелгі осындай Рим әшкерелеуші сипаты бар шығармаларды, біреулер сатираны нақты бір өмір елестерін сауалдардың төңірегінде Дионистің ән салып, би билеп жүргенін көз алдымызға енді болмыс сәттерін суреттеп, тағы біреулердің ұғымынша, сатира – жағымсыз болмыс, құбылыс атаулыны күлдіріп, көңілдендіріп жүретін жол серіктерін «өмірдің жағымсыз құбылыстарын күлкілі етіп отырады».

Бұл түрдің үлкен теоретигі Я.Эльсберг – ««Saturios»» сынап-мінеп, әшкерелейтін әдеби шығарма деп атаған. Мысалы, Д.Н.Ушаковтың редакциялауымен «Satura» деп атаған «Орыс тілінің түсіндірме» сөздігінде көркем әдебиеттің бір түрі деп түсінеді. С.М.Бондидің басқаруымен 1940 жылы «Сатира» – болмыстың жағымсыз құбылыстарынан шыққан сатира – келемеж түрінде көрсететін «Сатира–болмысты әдебиет пен өнерде әдеби шығарма» делінген» [1, Б.45]. «Поэтикалық терминдер сөздігінде» көп зерттеген көрсетудің бір әдіс-тәсілі» деп жазды.

1941 жылы шыққан «Шетел сөздерінің сөздігінде» сатираның қоғамдағы жағымсыз қоғамдық дерттерді келемеж етуді әдебиет зерттеушілерінің пікірлері бір арнаға былай делінген болатын. Сөйтіп болмыс, құбылыстарды немесе әшкерелеуді мақсат ететін әшкерелеуші әдеби шығарма» дейді. Болмыстағы жағымсыз құбылыстарды ащы күлкіге айналдыратын үшіншісі үшін – әшкерелеуші әдеби шығарма болатын. Адам бойындағы ұнамсыз қылықтарды байыптар болсақ, осы пікірлердің жазылатын көркем әдебиеттің бір түрі» деп анықтайды [2, Б.25]. Сол сияқты басылған «Сатира – жазып, айтып

берудің әдіс-тәсілі әр түрлі (роман, әңгіме, фельетон, эпиграмма т.б.) мінез-қылық, әдеп-тәртіптерді қарасөзбен немесе өлеңмен берген [3, Б.110]. Біреулер үшін сатира – шынында да сатира – алымды да, А.П.Квятковский: «Сатира – әдебиеттің бір тегі ретінде де «сатира» – сынап, ақын-жазушыларымызды әшкерелеуді, күлкі етуді мақсат етіп, күлкіге жығу, келемеж ету бәрі де қате емес. Бастан аяқ күлкілі ситуацияға ниетімен жазылатыны жөнінде шығармалары әдебиеттің дербес болмыс-құбылыстарды бағалап, оларда өмірді зерттеп білудің сатирада ащы кекесін, күлкі ету, шалымды нәрсе, оның өмір сүре білу, оларды берудің әдіс-тәсілі ретінде бағалаған. Мазак қылу, жокқа шығару, саяды, бәрі де оның осы пафосын мойындайды. Көріне алады, соларға қарай негізделіп, бірақ олардың бірі үшін сатира – суреттеп берудің өзіндік эстетикалық әдебиеттің бір тегі (род), екіншісі сықақтық пафоспен жазылған үшін–өмірдің жеке елестерін ғана деп түсіндіреді. Мысалы, сатираны суреттеп, таза сатиралық бір тегін құрайды, төртіншісі үшін – кездейсоқтыққа, түсінбестікке, көркем әдебиеттің формаларын пайдаланылады, өзіндік түрі көрініс табу мүмкіншілігі мол, карикатураға, гротеск, сарказм, иронияға иек артады.

Үкім айту, адам қиналысын аңдау принциптері, көркемдік әдіс-тәсілдері таза сатиралық туындылардың адам жүрегінің түкпіріне олардың әрқайсысы сатираның қабатына қарай үңілу, көңілділік пен күрсініс шарттылыққа, әсірелеуге негізделеді, тенденциялық пен қатаң әділдік, лирикалық сезім мен ғылыми талдау тоғысып жатады. Эпосқа да, лирикаға да, драмаға да жатпай, сөйтіп сатира әдебиеттің өзіндік дербес тегін қарама-қайшылықтардың әр қырын, әр қасиетін айтып отыр. Объективтілігі бола бермейтін бірлігінен туындыларындағыдай қолданылады, олардың түсінудің, оқушыға деген қатыссыздық туындайды. Белгілі бір сатирик көркем әдебиеттің тегі арқылы шығармасының ерекшелігі құрайтындығының басқа да сырлары бар, осылардың қайсысында көзқарасы, күрсініс-күйзелісі сезілмейді, қай тұрғыда, қай ретте болса да, пайдаланғанына шығармаларын оқығанға қарай осы эпостық объективтілік жағы аңғарылады. Аристофан сатирасында сатирада, эпостық авторға, қайғылы үн, Щедринде бейтараптық өмірді трагедиялық «Абай жолы» сияқты эпостық тұрғыда сезіну негізінде Гогольде күйзеліс, Чеховта яғни, сатира қиялдауға, шаржға, күрсініс басым дейтіні де сондықтан.

Сол сияқты таза сатиралық болмыс-құбылыстарға үңілу, шығармаларда өмір құбылыстарын зерттеу, автор мен лирикалық көрсетуде өзіндік әдіс-құралдары кейіпкердің араласу, суреттеу дәрежесі де әр қилы. Сатира – болмысқа эстетикалық сөз етіп отырған жағымсыз құбылыстар қатысының өзіндік ерекшеліктері бар. Осы жағынан эпостағы объективтілікті жөніндегі бағалау, өзіне тән табиғаты жан дүниесі, ішкі сезімі сыр-сипаты бар дербес әдебиет тегі суреттеледі. Сондықтан ол драма да емес. Лирика туындыларындағыдай характерлер қақтығысына құрылатын, барынша драма белгілері де сатирадан ақтарыла ашылмайды, тек реніші, кейісі аңғарылады да ойнауға лайықталатын түгел қояды. Сатираны драмаға да сыналып отырған фактімен тели салуға болмайды, лирикадағы елестер мен образдарды суреттеп, жан терезесін берудің құралы, поэтикалық айқара ашуды ұштастыра келіп, онда құбылысқа автордың қатысы, сахнада табыла бермейді. Өйткені, ерекше сырттай суреттеліп, бәрінде, барлық түр, жанрында автор да, оқушы да көрінбейді. Олардың қатысы оқиға оларға тәуелсіз түрде пайдаланыла береді. Сатираның жеке бір ісі өтіп, М.Әуезовтің «Абай жолы», Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлкесі» жатады. Бір әдісі ретінде ғана қолданылады, сатира жеке бір эпизод, образдарды І.Жансүгіровтің омырауы есіктей болып, «Жолдастары» – қарны дастарқанға сүйретіліп отыр, эпостық шығармалар баяндаушылық бұған берген қымыз, Ықсан молдасын былай суреттейді. Тек бір сабадан сатирада бір сабаға қотарылған сияқты, өзі бұрыннан құрсақты молда болмайды. Іші кеңіген сайын айы жақындаған майдан көзі бітіп, «Қымызға келгенде түп жоқ кісі–ноғай мұрны, пікірі белгілі сипаттап берудің әдіс-тәсілі дәрежеде әйелдей айналып отыра алмай білдіріледі. Сондықтан сатира жаурыны тұтасып, басы ит бастанып эпос бола алмайды. Құбылысты зерттеп білудің тек сүйретіліп отыр. Әдіс-тәсілі ретінде көрінетіні де ыңқ-ыңқ етеді. Сөйлесе қоздайтын рас. Бұл сапада ол қойдай мекіренеді» [4, Б.111].

Ілияс романының «Сары ала қаз пәтуасы» бөлімінде эпостық, лирикалық, автордың елестетуінше драмалық шығармалардың Шалматай, Есентай қажылар да осылайша солардағы сатиралық әдіспен белгілі болды. Мысалы: «Тығыз сары Есентай қажының иектен сүмірейте суреттелген бұғағы. Бұл қажының қымызды асып, шүйдесі шодырайып, сөйтсе де майдан екі көзі айналып жұтқан сайын беті берен кеткен. Олардың кей беттері сатиралық шымылдықтың тозығы сияқтанады» [4, Б.111].

Осы сияқты М.Әуезов Қарқаралы әдіс-пафоспен жазылған. Майырларды бір-ақ белгімен суреттеп, ретінде қолданылған. Шүйдесі қып-қызыл, екі қатпар мысалы, Ілияс: Ықсан молада сырт белгілерімен атайтын. Алдына келген «тарғақ майыр» десе, мынаның аяқты жерге қоймайды. «Алқамды лелла» деп дуанының әміршісі, орыс ұлығы бір кекіріп алады да, атаулы өз атымен атамай басына сондықтан мұның атын неше бірақ төңкереді... Саққа мінгізіп кеп, өзі үлкен үйелмендей кісі. Қызылсары майырды былай үшкірленіп қалған. Мойны мен қалыпты сипаттайды: «Үлкен көк көздері бірде «шапыраш» майыр, қылылау келген. Бет-аузын бірде «жүндес» майыр, қалың бұйра сары сақал бірде «піскен бас» майыр

басқан. Құнанбай, Алшынбай айналасы болып тұратын. Оны ақылсыз деген болжаммен мұны қазақ, өзге майырлар сияқты майырдың тілмашы Қасқаныв Мұқаң. Жалғыз-ақ, бұрынғы: «сұлу майыр, «семіз майыр» деп «сақалы шошайған, өзі қағілез келген немесе бетінің секпіліне қарап, қылп-қылп еткенінді қойшы осы сыртқы түсі, түгі талай ата атауға өз-өзінен сұранып, кісі еді деп алып, тұрушы еді.

Көркем шығармалар ішіндегі Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлкесіндегі» деп атайды. Көбінесе, сол «піскен бас» сатиралық роман мен повесть те, майыр деуші еді. Осы Жұман бай, Күреңкөз қажы «піскен бас» арық сұр» Құнанбайға сатираның әшкерелеу пафосы мен «ін аузында отырған образ, характерлерді, болмыс, ақ көт торғай жазылатын көркем шығарма сияқты» дегізіп, оларды оқырмандар, сөз жоқ сатираның өзіндік бір түр тағы әшкерелейді [5, Б.37].

Әр жанрда жазылған сатиралық туындылардың жалпылағыш, төңірегінде де талай сатира жүр. Мысал да, пародия, шарж, екені рас. Сатиралық әңгіме мен осының бұл – сатира екені де даусыз, сатиралық дүниелерді, бұл – әдебиеттің сатира түрі» деген эпиграмма да, фельетон, памфлет бәрінде де сатира бір жерге үйіп қойып, «бұл не?» десек, жеке бір факті, елестерді суреттеп, үйлесімді, бәрі де көркем туынды. Жауапты естір едік. Оның үндесімді түрді «Сатира» деген атаудың бұлардан қалайды, карикатураны, сарказм, берудің құралы, тәсілі ретінде ғана қолданылған.

Сатира нақты жанрлар түрінде де – бәріне де әдемі тіл, әдеби аңар, стильдік тенденция өзіне тиімді, шарт есебінде көркем шығарма деп оқиды.

Әшкерелеудің тілдік, стильдік яғни, сатира – көркем шығармалардың туындылар өзінің бітім-сипатымен, бір түрі жиынтық аты.

Жағдайда ортақ қазақ әдебиеттану ғылымында сатираны белгілері тигізетін барлық залалды жайлар бар ұлттық сөз өнерінде де мысалмен дәлелдейік. Сатира әр алуан, кездесетін жалқаулық, берекесіздік, масылдық сондықтан да, даралық – сол халықтың наным-сенімімен, сатираның ескірмейтін объектісі шаруашылық жайымен, қоғамдық қатынаста көрінетін географиялық ортасымен, қайта өмірдегі мол міннен бір сөзбен айтқанда, ойсыздық т.б. бұл қай қоғамда да ұлттық таным-мінезімен, психологиясымен тығыз байланысты.

Оның негіздері мен дамуы негізделсе, қоғамдық жағдайдан нәр алады. Сондықтан әр кезеңде, профессор Темірбек Қожакеев сынды ғалымдар көтерген үлкен басты мәселелер сатирада да жанрлық ерекшеліктерін, жүйесін, өз көрінісін, бейнесін тауып жатады. Жан-жақты зерттеген ғалым ретінде филология ғылымдарының докторы Т.Қожакеев айтқан адамдық құндылықтар қай кезде де сан сорақыдан, көп көргенсіздіктен маңызды. Әдеби дәстүрмен сабақтас көкейкесті, сондықтан да әдіптелгенмен, шығармашылықтарындағы көркемдік мәселесі бірінші кезекте, зерттеушіні ізденістерін айқындауда, адамдық құндылықтарға кереғар келетін маңызды ғылыми тұжырымдар жасады, зияны болып табылады. Ойымызды бүгінгі таңдағы көкейкесті бір ғана сараңдық, болмасын сатираның атап өту әділдік болар еді, тұрақты нысанасы.

Қорыта айтқанда, ақындық сатира – халқын сүйген, оның болашағына алаңдаған көптеген мәселелерді қозғады. Сондықтан, ақын әдейі көптеген саналы да, сапалы да бетбұрыс жасайды, оған зәрулік пен қажеттілікке қатысты себеп болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Эльсберг Я. Үлкен совет энциклопедиясы. – Алматы: Жазушы, 2011. –285б.
- 2.Ушаков Д.Н. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 2009. –227б.
- 3.Бонди С.М. Поэтикалық терминдер сөздігі. – Алматы: Ғылым, 2003. –249б.
- 4.Жансүгіров І. Шығармалар. – Алматы: Жазушы, 2001. –155б.
- 5.Әуезов М.Әр жылдар ойлары. – Алматы: КМӘБ, 2015. – 552б.

ӨОЖ 82.419.31

АҚАН СЕРІНІҢ ӨМІРІ МЕН ТАҒДЫРЫ

ТӨЛЕБАЕВА АЙГЕРІМ ҚҰРМАНАЙҚЫЗЫ

Мағжан Жұмабаев атындағы №29 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы

Резюме. В статье рассматривается исследование творчества Акан сери.

Summary. The article deals with the study of Akan Seri's creativity.

Ақан серінің өмірі мен тағдыры, шығармашылығы жайлы мағыналы зерттеу жүргізген, көркем туындыларды дүниеге әкелген атақты Мағжан ақын, жазушы Ілияс Жансүгіров «Құлагер» поэмасын, Ғабит Мүсірепов «Ақан сері –Ақтоқты» драмасын, Сыдық Мұхамеджанов «Ақан сері – Ақтоқты» операсын, халық жазушысы Сәкен сері Жүнісов «Ақан сері» романын және ғалымдар Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Есмағамбет Ысмайылов, Айқын Нұрқатов, Қажым Жұмалиев, Ханғали Сүйіншәлиев, Серік Негимов, Қабіболла Сыдықов, Гүлшат Мәдібаева сияқты ғылымға ғұмырын арнаған адамдар арнайы зерттеу еңбектерін жазды.

Ұлы дала төсінде ағартушылық, сал-серілік мәдениеттің талантты өкілдерінің бірегейі, бүкіл түркі халықтарының мақтанышы – Ақан сері Қорамсаұлының артына қалдырған сан-саналы шығармашылығы, өткір пікірлері–адамзаттың құндылығын бағалауға тұрарлық ерекше мұра.

1988 жылы Қазақ Ғылым академиясының М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында дайындалған Ақан серінің творчестволық мұрасы өнертанушы Қ.Жүзбасовтың алғы сөзімен «Өнер» баспасында басылып шықты. Сондай-ақ, 1993 жылы Көкшетауда өткен Ақан серінің туғанына 150 жыл толуына байланысты мерейтойдың қарсаңында өкен ғылыми-практикалық конференцияның материалдары «Ақан тағылымы» атты жинақ болып шықты.

Ақан серінің өмірі мен шығармашылық қызметіне арналған алғашқы зерттеу жұмысын жүргізіп, көлемді де, мазмұнды «Ақан сері» атты очерк жазған қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаев болатын. Ақан сері жөнінде кейінгі жазғандар сол Мағжанның очеркіне сүйене отырып, жазатын болған. Мағжан Жұмабаев Көкше өңірінен шыққан «алты алашқа аты шыққан ақындарымыздың» атын атай келіп, былай деген: «Бұл ақындардың ішінде адамның іскерлігін алдымен өзіне аударатыны–Ақан сері. Сөзінің сұлулығы, тереңдігімен демейміз, өмірінің сұлулығымен» [1, 318б.].

1972 жылы шыққан Қазақ Совет энциклопедиясында былай делінген: «Ақан сері, Ақжігіт Қорамсаұлы – ақын, қазақ халқының дарынды әнші композиторы» [2, 200б.]. Әрине, мұнда Ақан серіге берілген сипаттама күмән туғызбайды.

Қазақ әдебиеті мен музыка саласында ерен еңбектері бар, айтулы ғалымдарымыз Есмағамбет Ысмайылов, Ахмет Жұбанов, Қажым Жұмалиев, Айқын Нұрқатов, тағы да басқа әдебиетшілер Ақантану жолында үлкен еңбек сіңірген. Солардың бірі де, бірегейі белгілі мемлекет қайраткері, айтулы да, ардақты ақын Кәкімбек Салықов 2008 жылы ұлы сазгер, әншінің шығармаларын жинақтап, құрастырып, «Ақан сері» деген атпен еңбегін жарыққа шығарды. Бұл Ақан серінің ең толық шығармасы [3].

Атығай, қарауылдың болысы Шоғармақты өлтіре сықақ етеді. Осы өлеңдері мен «Замана адамында» сері ел билеген әкімдерді «Кей жаман мал бітті деп әкім болар», – деп әшкерелейді. Қонысынан айрылған елдің мұң-мұқтажын ақын халық атынан айтады. Мемлекет 2 думаға шағынады, әділдік, үміт күтеді.

Өмірінің соңғы кезеңінде жазылған өлеңінің бірі – «Қаратай». Ақан сері ауылы қонысынан айрылып, орнына Комаровка селосы орнағанда, ескі мекенге барып жүрген Қаратайды (Ақан серінің мінген аты) егінге түсті деген сылтаумен ұстап алып, сатып жіберіпті. Ат пен иесінің диалогы түрінде жазылған бұл өлеңде қуғыншы 4 орыстан қашып барғанда «бүбірнай» (выборнай) Көшербайдың рақым етпегені, судьяның әділ үкім шығармағаны айтылады. Соңында: «Орыс пен қазақтың алдым несін?! Тәңір берген әркімнің несібесін. Ол түгіл жан салмаған Құлагердің, сөйлейді граммофонда әңгімесін», –деп, «Құлагер» әнінің сол заманда пластинкаға түсірілгенін ескертеді.

Өлер алдында шығарылған «Мінәжат» өлеңінде иман тілейді. Ақан сері –өмір шындығын үлкен суреткерлікпен жырлаған заманының асқақ ақыны ғана емес, мұңшыл да, сыршыл, лирикалық тебіреністі сазымен, әншілік-орындаушылық өнерімен танылған өзгеше дарын иесі. Оның композиторлығы ақындығынан кем түспейді. Әділіне көшсек, «Ақан сері» атанып, кезінде жұртшылыққа кең танылуы, атак, даңқының шартарапқа жетуі – әншілік-композиторлық өнерінің жемісі.

Жасынан халықтың ән-күйінен сусындап, өзіне дейінгі әншілік дәстүрді толық меңгерген Ақан сері бергін келе, жігіт шағында серілік құрып, өзі де ән шығарады. Көкшенің сұлу табиғатына көз тігіп, оны албырт сезімді, әсерлі музыка үнінен бөлейді. Осы әншілік өнерде Ақан сері жалғыз болмайды. Айналасына әнші-күйші жастарды жинап, өзгеше бір өнерлі топ болып ел аралайды. Ақын, әнші серілердің бәрімен достасады. Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Естай, Иман Жүсіп, Құлтума сияқты атақты ақын-әншілер Ақан серінің ең жақын достары болған. Олардың бәрі Ақан серінің әншілік өнеріне игі әсер еткен, композиторлық талантын жетілдіріп, шеберлік, суреткерлік талғамын шындай түскен. Ол қазақтың ұлттық өнерін профессионалдық биікке көтеріп, дәстүрлі өнердің классикалық үлгісін жасады.

Сан қырлы дарындылық, поэзия мен музыканың тел қозыдай табысуы, өзіне ғана тән нақыш, жоғары деңгейдегі орындаушылық шеберлік–Ақан сері шығармашылығына тән басты-басты қасиеттер. Қазақ мәдениетінің алтын қорына Ақан серінің елуге жуық музыкалық, поэтикалық мұрасы енген. Ақан

сері шығармалары поэтикалық тұнықтығымен, образдар әлемінің тереңдігімен, поэтика және музыка тілінің шырайлығымен, айрықша талғампаздығымен, нақыштық тазалығымен ерекшеленеді.

Оның шығармашылық болмысының басты қасиеттері – өмір шындығын боямасыз жырлауы, психологиялық иірімдерге толы, эмоциялық бояуының қанықтығы. Шығармаларының басым бөлігін қамтитын кеңінен танымал көңіл-күй және махаббат лирикаларында ғажайып табиғат суреттері мен нәзік мұң, өмір қиыншылықтары туралы трагедиялық пайымдаулар шынайы да шымыр қатар өріліп жатады. Оның стиліндегі жоғары жетістігі – кең тыныстылық, ән иірімдерінің нәзіктігі, әуен әсемдігі, интонация суреттерінің молдығы, сазының биік те, асқақ ырғақтары мен қайырымдарының ұзақтығы.

Ақан серінің «Ақтоқты», «Алтыбасар», «Тер қатқан», «Мақпал», «Балқадіша», «Сырымбет», «Майда қоңыр» т.б. әндері әйел жанының сұлулығын жарқырата көрсетуімен бірге, махаббат құдіретін асқақтата суреттеуімен де құнды.

Кеңінен танымал бұл әндер әйелдер образының галереясын жасап, шынайы махаббат рухын ту етіп көтереді. Ақан сері ақын-әнші ғана емес, саңлақ аңшы, атбегі де. Ақынның сүйікті досына, қимас өмірлік серігіне айналған сәйгүлігі мен қыран құстарына арналған.

Ақынның «Маңмаңгер», «Қараторғай», «Көкжендет», «Құлагер» әндерінде Ақан серінің ішкі жан дүниесіндегі бұрқаныс, қан жылаған жүрек, телегей теңіз мұң мөймілдеп тұрғандай. Ақан сері басындағы трагедиялық күй кез келген жүректі толқытады. Әсіресе, «Құлагердегі» экспрессивті интонация, толқыған мұңлы әуен, драмаға суарылған қайғылы оқиға шынайылығымен бурайды. Ән ақын өмірінің трагедиялық сәтін бейнелеумен қатар, сол қоғамдағы өнер адамдарының тағдырын қамти отырып, өзі өмір сүрген қоғамның әділетсіз бет-бейнесін ашады.

Бүгінгі жас ұрпақ сол асылдарымыз бен жүйріктеріміздің өнердегі, өнегелі жолдарынан ғибрат алып, терең зерделеп жатса, ол дәстүр жалғастығының заңды ерекшелігі болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мағжан Жұмабаев. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 447б.
2. Қазақ Совет энциклопедиясы. – Алматы: Ғылым, 1972. – 647
3. Салықов К. Ақан сері. – Астана: Фолиант, 2008. – 208б.

ӨОЖ 82.256.89

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ АҚЫНДЫҚ ТҰЛҒА МӘСЕЛЕСІ

АБИЕВА МЕРУЕРТ МЫРЗАХМЕТОВНА

Болтай батыр атындағы шағын орталықты орта мектебі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы

Резюме. В статье рассматривается проблема личности поэта в науке казахского литературоведения.

Summary. The article examines the problem of the poet's personality in the science of Kazakh literary criticism.

Жалпы, ақындық тұлға проблемасы қазақ әдебиеті ғылымында кейбір мақалалар мен еңбектерде тиіп-қашты сөз болғанымен, әдеби категория ретінде жан-жақты алынып, бүге-шегесіне дейін зерттеле қойған жоқ. Ақындық тұлға мәселесі қозғалған жерде, көбіне – ақынның жеке басына тоқталу, портреттік жағына, өмір жолына үңілу басым түсіп жатады. Оның творчествосын талдағанда, негізінен лирикалық кейіпкер тұрғысынан зерттеу басты критерий ретінде алынып келеді. Ал, ақын творчествосындағы нақты автордың көрінуі, яғни ақындық тұлғаның айқындалу процесіне тоқталу жағы бізде кемшін түсіп жатыр десек қателесе қоймаймыз...

Ақынның ішкі толғанысы, заманға, қоғамға өмірлік құбылысқа деген көзқарасы, наным-сенімі, танымы оның өлеңдерінен көрініс табатыны белгілі. Ақын сыртқы дүние шындығын өз сезімінің мазмұны арқылы танытады. Поэзиядағы ақын тұлғасы – өзі өмір сүрген уақыттың жиынтық, хәм көркем бейнесі десек, бұл туралы А.Байтұрсынов былай деп көрсетеді: «Ақындар ғалымдар сияқты болған оқиғаны, яки нәрсені болған күйінде, тұрған қалпында бұлжытпастан айтып, дұрыс мағлұмат беріп, ақиқаттауға тырыспайды, тұрған нәрсе тұрған күйінде, болған оқиға болған күйінде ақынға өте үйреншікті, жай қалыпты, жабайы көрінеді. Оның бәрін ақындар өз көңілінше түйіп, өз ойынша сезіп, өз ұйғаруынша

суреттеп көрсетеді. Сол өзі ұйғарған түріндегі ғаламды сөзбен көрсетуге бар өнерін, шеберлігін жұмсайды, сөйтіп шығарған сөзі көркем сөзді шығарма болады. Оны шығаруға жұмсайтын өнердің аты ақындық болады» [1; 406б].

Атақты түркі дәуірінің мәдени мұрасы саналатын Орхон-Енисей сынтас ескерткіштері туралы сөз қозғасақ та, бұл проблема ежелден қалыптасып келе жатқан канондық қалыптан ауытқи қоймағанын зерделейміз. YIII ғасырда тасқа бәдізшілер арқылы қашалған «Күлтегін», «Тоныкөк» ескерткіштерінің мән-мазмұны бірін-бірі толықтырып қана тұрған жоқ, ол мұралардың баяндалу тәсілдері де бірдей. Ұлы қағандар мен алып батырлар атынан баяндалатын бұл тасқа таңбаланған ғажап жазба ескерткіштің өзінде жыр тіліне жақындатып жырлап отырған жыршының немесе жылнамашының да «мен» арқылы... Асан қайғыша, Бұқарша шешен сөйлеп, толғап кету, мақалдап кету немесе жоқтау айту, тіпті ерлік жорықтарды жырлап кету бар» [2; 186] екенін жоққа шығара алмаймыз. «Яғни, XY ғасырдағы сияқты «мен»-нің тасасында тұрып айтушы-шежіреші» [2; 186] бар, дегенмен «ескеркіштердің авторлары да анықталған жоқ. Біздіңше, олар– Йоллығ-тегін мен Тоныкөк» [3; 186].

Тізеліні бүгілдірді,

Бастыны жүгіндірді, –

дейтін поэтикалық оралымдар жыраулар поэзиясына ғана емес, XX ғасыр басындағы Мағжанның түркілік танымына да шөгіп, өшпес рухы қонғаны сезіліп тұр.

Бірақ, бұған қарап бұл ескеркіштерді тудырған жандарды жеке-дара образы айқындалған, стилі қалыптасқан ақындық тұлға деп қабылдау мүмкін емес. Түркі заманына дейін де халық әдебиетінің дамуына сай сақталып келген ауыз әдебиетіне тән элементтер бұл ескеркіштерде жалғасып қана қойған жоқ, ол кейінгі дәуірлерге де сәулесін түсіргені шындық. Сондықтан да тас ескерткіштердегі шешендік толғау үлгісі кейінгі жорықшы жыраулық дәуірлерде де, Абай мен Дулат, Шәкәрім мен Ахмет, Мағжан мен Сұлтанмахмұт кезеңінде де өз сипатын таныта алды.

Ақын тұлғасының даралану сипаты XYIII ғасырда жыраулық дәстүрді алға апарушы Ақтамберді, Үмбетей, Тәтіқара, Бұқар, Шал шығармаларында жан-жақты дами түсті. Суреткер тұлғасы ақынның жеке адам ретіндегі ішкі жан-толқынысы XY–XYII ғасырлардағы орта ғасырлық поэзияға қарағанда мүмкіндігінше ерекше көркемдік тұрғыда толығып, жаңа арнада дамыды. Дегенмен, жыраулық поэзиядағы ұлттық, жауынгерлік рух XYIII ғасыр ақындарының шығармаларында да терең із қалдыра отырып, олардың тұлғалануы жаңа қырынан таныла түсті.

Ал XX ғасыр басындағы Мағжан, Шәкәрім, Сұлтанмахмұт поэзиясына келсек те, ақындық тұлға интимдік сипат алып, іштей күрделене түсті. Лирикалық қаһарманның рухани болмысы даралана келіп, ақынның жеке басына қатысты жайттар көмескі тартып, ішкі жан-дүниесінің қатпарлары қуатты арна тапты. Ақтамбердіден бастаған лирика астары Бұқар мен Шалда ғана емес, Дулат пен Абайда жалғаса келіп, Шәкәрім мен Мағжан лирикасында тұңғыық тартып, сол соңғы жыраулар жырымен сарындас қана емес, желілес жыр жолдарын дүниеге әкелді. Ішкі мұң (Мағжан), Ақтамбердінің «Жалғыздық сені қайтейін!» дейтін наласымен сабақтасып жатыр.

Батыр жырау Ақтамбердінің «Күлдір-күлдір кісінетіп» деп басталатын ұзақ толғауы–қазақ халқының далалық өмірі, ұлттық мінезі, болмыс-бітімін таныта, суреткерлік шеберлігін шыңдай өзіне дейінгі жыраулардың, әсіресе, XY–XYII ғасырлардағы толғаулардан мағынасы терең лирика тудырғанына дәлел бола алады.

Өзім бір бөлек жайласам,

Жігіттен нөкер сайласам,

Ойпаң жерге он отау,

Қыраң жерге қырық шатыр тігіп,

Қонағымды жайғасам!

Барлық ақындық арман-мақсатын ғана емес, бүкіл бір халықтың мінез-құлқы мен бет-бейнесін өзі тудырған лирикалық тұлғаның бойына жинақтау арқылы Ақтамберді жырау тұлғасын жаңаша қырынан кескіндеді. Мұндай лирикалық тұлға жасауға бет алу жаңа ақындық тұлғаның аренаға шыға бастауы десек артық емес. Өлбетте, бұған Бұқар, Ақтамберді секілді сыры терең, танымы тұңғыық жыраулар мақсатты түрде емес, тек интуициямен жеткенін мойындаймыз. Бір ғажабы, мақсатты жыраулық толғамнан гөрі, ақындық интуициямен келген сырлы да жұмбақ сезім кейінгі Мағжан, Сұлтанмахмұт секілді сезімтал ақындарға әсері мол болды.

XY–XYII ғасырлар поэзиясында жырау тұлғасы негізінен ерлік, батырлық, ел қорғау тұрғысында көрінсе, XYIII ғасыр поэзиясында мұнымен бірге әлеуметтік, тұрмыстық, философиялық тақырыптарда ақын тұлғасының жан-жақты ашылуына ықпал етті. Ақынның бұлай даралануы Бұқар, Ақтамберді шығармаларынан анық байқалады. Бұқар шығармаларының даралық сипатын, оның өзіне дейінгі және өз заманындағы ақындардан оқ бойы озық екенін, қайталанбас қолтаңба шеберлігі қалыптасқан ақын

екендігін басқа ғалымдар да зерттеп дәлелдеген. «Қазақстанның қай облысында, қай өлкесінде болсын, шығармалары өз атымен аталып, өзінің авторлығын сақтаған, сол кезде өмір сүрген бірінші ақын, тарихи адам–Бұқар жырау» [5; 166].

Бұл екі тұстас жырау тұлғасы туралы сөз қозғаған тұста олардың творчестволарындағы ұқсастық пен стильдік айшықтар бірін-бірі толықтырып қана қоймайды, ұлттық поэзия өрісін кеңейтіп, «европалық лириканың озық үлгілерінің деңгейінде» өресін танытып, кейінгі Абай мирас еткен, Шәкәрім, Ахмет, Мағжан, Сұлтанмахмұт үлгі тұтқан лирика биігіне «санасыз түрде» көтерді. Бұл тұрғыдан ой жібергенде Бұқар бағзы жыраулар жырларын байыпта отырып, өзіне ғана тән жыр соқпағын салды.

Бұған дәлел–жырау толғауларынан өзге үзік-үзік кепте бізге жеткен таза лирикалық өлеңдері. Әсіресе, атақты «Әлемді түгел көрсе де» деп келетін өлеңі хақында таңданбасқа болмайды. Бұл–Бұқардай дарынның дидактикалық толғау мәнеріне жат, мүлде тың ой, сырлы сезімді жалғастыра туындатқан ғажап туындысы.

Бес тармақты, бір түйдектен, үш-ақ шумақтан тұратын лирикалық туынды адамзат баласына ғана тән тұңғыш сезім сырын ашуға, дүниенің жұмбағын тануға ұмтылған жанның–лирикалық кейіпкердің құпия да, құдіретті тұлғасын мүсіндейді. Оның өзін өлеңде тылсым түйсікпен сезінесін.

Әлемді түгел көрсе де,
Алтын үйге кірсе де,
Аспанды жұлдыз аралап,
Ай нұрын ұстап мінсе де–
Қызыққа тоймас адамзат!

Жырау толғау түріндегі қалыпты жыраулық дәстүрді бұзады, әрі ескі өлең үлгісін місе тұтпайды. Халықтық қара өлең мақамын сақтамайды. Бес тармақтан тұратын шумақта бір-ақ ойға табан тіреп, үзілмес бір сезімге бой алдырады. Бұрыннан белгілі жыраулық тұлғаның орнын ендігі жерде лирикадағы ақын образы алмастырады. Ақын тұлғасының өзі көмескі. Ол жалпыға қарата айта отырып, өз бейнесін жасыра түседі. Алдыңғы кезекте жыраулардағыдай ақын тұлғасы көрінбейді. Ақын арманын, ақын аңсарын аңдатар «Өмірге тоймас, үмітін қоймас», адамзатқа тән образы айқындала береді. Бұқардың зор талант құдіретінен туған қас шеберлік те, болашақ жаңа әдебиетке соны соқпақ салған сұңғылалығы да осы образдылықта. Ұлы жыраудың Абай, Ахмет, Шәкәрім, Мағжан лирикасымен үндесу сыры да осы жағынан дей аламыз. Бұқар өлеңдерінде образға мән беру, образға ден қою сияқты шартты сипаттарға ойысу белең ала бастады. ХҮІІІ ғасырдағы ақындар мектебінің соны сипаты ХХ ғасыр басындағы Шәкәрім, Ахмет, Мағжан, Сұлтанмахмұт және басқа көптеген ақындардың ұлттық поэзияның көкжиегіндегі ерекше орнын айқындап берді.

Ақындық тұлғаны поэзияда ақын образынан тереңдей іздемей, керісінше өлеңнің сыртқы факторлары–қай жерде, қай уақытта, қандай жағдайда, кімге арналғаны, протатипі кім деген тұрғыдан іздеу–түбірінен қате түсінік. Бұл нағыз ақынның адамдық, ақындық тұлғасын таныта алмайтын алдамшы, әрі адастыруға жол беретін бағдар. Мұның өзі ақын тұлғасын айқындауда шектелушілікке, зерттеу субъектінің ауқымын тарылтушылыққа ұрындырады. Өлеңде объективтік рөл ғана атқаратын, ақынның сырттай қатысын ғана білдіретін мұндай факторлар ақын образын ашуға, ақындық тұлғаның жан әлемін жаюға ешқандай да қызмет атқара алмақ емес.

Қай қырдан ой жіберсек те, қай қырынан үңілсек те ақынның ақындығын, яғни ақындық даралығын, ақындық даналығын танытатын поэзиядағы ақындық тұлға мәселесі үнемі бірінші кезекте кесе-көлденең тұрары талассыз шындық. Сондықтан лирикалық тұлға мен ақындық тұлға әдеби категория ретінде жеке-дара өмір сүргенмен, тұтас тұлға ретінде бірін-бірі толықтырып, бір-біріне рухани дем беріп отырады.

Қорыта айтқанда, жалпы, тұлғаға (личность) байланысты бір ақиқатты мойындауға тиіспіз. Әдебиет теориясы ғылымында ақындық тұлға ұғымы нағыз қас талант, дара дарын шығармашылығы қарастырылған жерде ғана сөз болары, соны сипат ашылары хақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Ақ жол. –А., 1991. – 490б.
2. Өмірәлиев Қ. ХҮ- ХІХ ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. –А., 1976. – 356б.
3. Жолдасбеков М. Асыл арналар. –А., 2002. –345б.
4. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. –А., 1988. –453б.
5. Жұмалиев Қ. ХҮІІІ- ХІХ ғасырлардағы қазақ әдебиеті. –А., 1999. –376б.

ЕТІСТІК ШАҚТАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

СЕЙІТБЕКОВА МЕРУЕРТ ИСМАЙЛОВНА

№53 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье речь идет об изучении времен глаголов в казахском языкознании.

Summary. The article is about the study of verb tenses in Kazakh linguistics.

Қазақ тілі білімінің зерттеушілері саны жағынан да, жарияланған еңбектерінің көлемі жағынан да басқаларынан оқшауланатын саласы – тіліміздің грамматикалық жүйесі. Олай болуы түсінікті де, өйткені тілдің грамматикалық құрылысынан азды-көпті болса да хабардар болмай тұрып, тілді білу, ол жайында мәнді пікір айту мүмкін емес.

Тіліміздің грамматикалық жүйесін зерттеу ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталады. Қай кезде болса да морфологияның өзекті, ең басты мәселесі сөздерді әр түрлі лексико-грамматикалық топтарға, кластарға бөлу болғандығы белгілі. Сөздерді бұлай бөлу жыл санауымыздың алдындағы V-IV ғасырдағы көне Үндістан лингвисті Болини грамматикасынан, байырғы Греция ойшылдарынан бері қарай айтылып келе жатқаннан да білеміз. Тілдегі сөздердің есім, етістік, шылау деп үш класқа бөлу де сол заманда басталған болатын.

1930 жылдардан бастап морфологиялық жеке мәселелеріне арналған шағын көлемді әсіресе сол кездегі баспасөз беттерінде, әсіресе сол кездегі ғылыми – педагогикалық журналдар – «Төте оқу», «Ауыл мұғалімі», оның орнына келген «Халық мұғалімі» журналдары беттерінде жиі- жиі көріне бастады. Осы он жылдықтың аяғына дейін жеке сөз топтарына, қосымшаларға арналған отызға тарта мақала жарияланыпты. Олардың көпшілігін Қ.Жұбанов, Х.Басымов, Ш.Х.Сарыбаев, Н.Сауранбаев, С.Аманжоловтар жазған.

Тек 40 жылдар ішінде ғана морфологиядан етістіктің есімше, етіс, шақ, көмекші етістік, сын есім шырайлары мен үстеу арнайы зерттелді.

1950 жылдан бері қарайғы уақыт ішінде морфологияның жеке мәселелеріне қатысты жүзге тарта ғылыми мақала, 20-ға тарта монографиялық зерттеулер мен кітапшалар жарық көрді. Олардың ішінде етістікке арналған Ы.Мамановтың, А.Қалыбаевтың, И.Ұйықбаевтың, осы жолдар авторының Н.Оралбаевтың, Т.Ерғалиевтың [1] еңбектерін атауға болады.

Етістік баяндаушылардың қазақ тіл білімінде зерттеуін А.Байтұрсынның еңбектерінен бастағанымыз жөн. Автор 1914 жылы Орынбордан шыққан «Тіл құралы» оқулығында етістік сөз табына мынадай анықтама береді: «Кей сөздер нәрсенің істейтін ісін айтады. Мәселен: арт, тарт, ал, ұр, саба, соқ, қорық, күрес, маңыра, сок, сүз, таста, шық, жық, ас, ал, төз т.б.мұндай сөздер етістік сөздер деп аталады.

Етістік сөздердің сұрауы не етпек? Не істемек? Не қылмақ? Не болмақ? Етістіктің жалпы сұрауы не етпек?

1915 жылы Орынбордан шыққан «Тіл құралында» етістікке: «Етістік дегеніміз» - заттардың еткен - етпеген істерін көрсететін сөздер» дейді.

30 жылдардағы Қ.Жұбанов бастаған тіл мамандарының тіл біліміне, етістіктің зерттелуіне қосқан үлесі зор. Н.Т.Сауранбаевтың көсемшелер жайлы т.б.еңбектерінде жан -жақты баяндалды.

Көмекші етістіктердің көмекшілік, жақ вид категориялары турлы Ш.Х.Сарыбаев (1938), И.Я.Мамановтардың (1947), И.Ұйықбаевтың (1956), Г.Қарабаев (1953), С.Аманжоловтардың (1958) арнайы зерттеу жұмыстары жарық көрді.

Етістіктің синтаксистік функциялары М.Балақаев пен Н.Т.Сауранбаевтың 1954 жылғы Т.Ерғалиев есімше категориясы туралы, М.С.Тоқатғұловтың есімшелер туралы кандидаттық диссертациясында, О.Төлегеновтың [2] жай сөйлемінің баяндауыштары туралы кандидаттық диссертациясында, И.Ұйықбаевтың (1959), А.Әбілхаевтың (1962) еңбектері етістікке арналады.

Профессор Н.А.Баскаков (1956) еңбегінде етістік баяндауыштардың рай категориясын қарақалпақ тілінде, Қ.Неталиева (1963) кандидаттық диссертациясында қазақ тілі тұрғысынан зерттейді. Сөз тудырушы аффикстерді зерттеген Н.А.Баскаков (1952) өзінің «Қарақалпақ тілі» еңбегінде сөз тудырушы аффикстерді екі топқа: лексикалық сөз жасаушылар, грамматикалық сөз жасаушылар деп бөледі. Бұл жерде етістікке байланысты айқын көрсетілген.

Н.А.Баскаков түбір етістіктердің бәрін негізгі, туынды лексикалық категория деп қарайды, олар тиісті тұлғасыз сөйлемде қолданылмайды, ол үшін қызметіне сай грамматикалық форманы қажет етеді.

Өзінің бірнеше монографиясында етістік түбірлерін негізгі, туынды деп арнайы зерттеп жүрген. А.Қалыбаева, Р.Хасенова 1971 жылғы «Етістіктің лексика-грамматикалық сипат» еңбегінде етістіктің лексика - грамматикалық сипаты деп, тілдің екі үлкен салалары тұрғысынан таниды. Автор негізгі етістік болсын, туынды түбір етістік болсын оларға лексикалық мән-мағына болуымен қатар, оларға бірсыпыра грамматикалық категорияларды береді.

Қазақ тілі білімінде етістік туралы елеулі зерттеулер жүргізілді. Етістік түбірлері жайлы нақты пікір айтқан профессор К.Ахановтың 1972 жылғы «Грамматика теориясының негіздері» кітабы болды. Етістікке байланысты оның тарихы мен диалектологиялық ерекшеліктерін зерттеуде профессор С.Аманжолов, Д.Доскараевтың еңбектері ерекше.

С.Е.Мамановтың (1952), А.М.Щербактың (1961), Қ.М.Насиловтың (1959), И.А.Батмановтың (1959), С.Муталипаевтың (1956), Г.Айдаровтың (1959), Ғ.Мұсабаевтың (1959), А.Ысқақовтың (1992), Э.В.Севортянның (1962), Н.Оралбаевтың т.б. еңбектері мен әр кезде жарық көрген т.б. еңбектер етістіктің қыр-сырын ашудағы үлкен зерттеулер болды.

Қорыта айтқанда, 1967 жылы «Қазақ тілінің грамматикасы» атты екі том еңбек басылып шықты. А.Ысқақовтың морфологиялы ғылыми пән ретінде оқыту және оны зерттеу, 40 жылдардан басталады. Соның қорытындысы ретінде «Қазіргі қазақ тілі, морфология» деген атпен 1974 жылы оқулық ретінде жарық көрген кітабы т.б. көптеген еңбектері бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ерғалиев Т. Қазақ тіліндегі есімше категориясы. А.,1958, 3-104 бб.
2. Төлегенов О., Выражение сказуемого и его основные типы в простом личном предложении современного казахского языка., АДК., А.,1955., 3-13 бб.

ӘОЖ 81.259.58

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ДИСКУРС ПЕН МӘТІН ПРАГМАТИКАСЫ

САПАРБАЕВА ГУЛЬНАРА СЕРГАЗИЕВНА

М.Маметова атындағы №27 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
модератор, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ӘДІЛЕТ АРАЙ

М.Маметова атындағы №27 орта мектебінің 10 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются дискурсивная и текстовая прагматика на казахском языке.

Summary. The article deals with the discursive and textual pragmatics in the Kazakh language.

Тіл біліміндегі антропоцентристік бағыттағы ғылым салаларының бірі -прагматикалық лингвистика. Прагматикалық лингвистика саласы тілі біліміндегі бүгінгі күнде қарқынды дамып келе жатқан ғылыми зерттеу бағыттарының ішіндегі өзіндік зерттеу нысанасы және табиғатына байланысты ерекшеленіп тұратын саласы.

Адам өзін қоршаған органы танып білуде, тілдік бірліктерді пайдаланады және екінші біреумен қарым-қатынасқа түседі. Қарым-қатынасқа түсу барысында айтушы немесе тыңдаушы бір-біріне хабар береді, сипаттап айтады, дәлелдеп береді, сеніміне кіруге тырысады, сұрақ-жауаптармен алмасады, ұсыныс айтып, уәде береді немесе келіспейтіндігін білдіретіні секілді сан түрлі іс-әрекеттерде сөйлесіс негізінде өзара тілдесімді белгілі бір бағытта дамытады. Міне, осындай айтушы немесе тыңдаушы, жазушы немес оқырман, адресант пен адресаттың арасындағы қарым-қатынастың алғышарттары мен ұйымдастырылуы прагматикалық лингвистиканың зерттеу нысанасына айналады. Адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы өте күрделі құбылыс. Сондықтан да тіл біліміндегі зерттеуші лингвистер қарым-қатынас түрлерін жіктеу барысында олардың бір жақты бола алмайтындығын атап өтеді. Себебі, қарым-қатынас кезінде түрліше жағдайлар орын алуы мүмкін. Осының негізінде оны жіктеу де әр түрлі болғандықтан, қарым-қатынасты жіктеуде әртүрлі өлшем негізге алынады.

Прагматика мәселесі қазақ тіл білімінде өзіндік орны белгіленге дейін бұл тұрғыда қазақ тіліндегі белгілері туралы сөз болған. Қазақ тілінің алғашқы грамматикасын жазған, қоғам қайраткері, Алаш азаматы А.Байтұрсынов «Айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. Оның үшін айтушы сөйлейтін тілін жақсы қолдана білуі тиіс» –деп көрсеткен еді[1,186.].

Тіл біліміндегі зерттеуші ғалымдар арасында прагматикаға байланысты, прагматиканың тіл біліміндегі орны, атқаратын қызметі, өзге ғылым салаларымен байланысы секілді сан-салалы мәселелерге өздерінің пікірлерін білдірген. Б.Қалиұлы прагматикалық лингвистикаға байланысты орыс тілінде берілген мына анықтамаларға талдау жасай отырып, өз пікірін білдіреді.

«Бұл үш сөздікте прагматика туралы екі түрлі пікір айтылған» – деп, ғалым, бірі – «Тілдік бірліктер мен оларды қолданушылар арасындағы қатынас» десе, екіншісі–«тілдік бірліктердің сөйлеу кезіндегі қызметі»-дегенді білдіреді деп, осы айтылған ғылыми тұжырымдардың дұрыс екендігін көрсете отырып, ғалым ойын төмендегідей етіп сабақтайды. «Прагматика тілдік бірліктердің қызметі мен қолданысын, адам мен тілдік бірліктердің өзара қарым-қатынастарына да көңіл аударады» –десе [2, 2166.], еңбектің енді бір жерінде ғалым «Прагматикалық лингвистика – тіл білімі ғылымының бір саласы. Ол белгілі бір тілдегі тілдік таңбалар мен олардың жүйесін тілде қолданудың теориясы мен практикасын зерттейді» –дейді [2,205]. Ғалым ойын одан әрі сабақтай отырып, «Сайып келгенде, прагматика (гр.pragma) терминінің төркінінде «іс», «әрекет» деген ұғым жатыр. Сөйлеу де, жазу да әрекет. Тілдік бірліктердің жұмсалуды, олардың қарым-қатынастық, функциялық қызметін тіл білімінің прагматикалық лингвистика (қолданыстың тіл білімі) деп аталып саласы қарастырады. Прагматикалық зерттеу-лингвистикалық зерттеулердің ішіндегі ең негізгі бағыттарының бірі»-деген тоқтамға келген[2,2156.].

З.Ерназарова «Субъект-прагматиканың негізгі категориясы»-деген мақаласында, «Тіл бірлігінің коммуникативті-прагматикалық аспектісін зерттеуде жеке адам бағдарын ұстану мына екі мәселені есепке алуды қажет етеді: 1) жеке адамның сыртқы дүниені қабылдауының тілдік көрінісі ретінде қарау; 2) жеке адамның уәждемесі мен мақсаты жүзеге асыру құралы ретінде қарастыру. Прагматикадағы «жеке адам» ұғымы сөйлеу актілерін дүниеге келтіруге, қалыптастыруға және қабылдауға негіз болатын барлық қабілеттер мен белгілердің жинақтығы құрайды» – деп, прагматиканы зерттеудегі негізгі мәселені атап көрсетсе [3,486.], ғалым келесі бір еңбегінде «Прагматиканың негізінде сөйлеу жағдаяты мен конвенциялық ережелердің шарттарын есепке ала отырып, жүзеге асыратын, екі жақты әрекет жатыр. Әрекетті тудыру, оның стратегиясы мен тактикасын, яғни көріну құралдарының түрін анықтау – сөйлеушінің мақсаты. Мақсатқа сай таңдалған құралдардан құрылған мәтінде немесе сөйлеу әрекетінің таңдалған түрінде жиі қайталанатын ерекшеліктер мен белгілер, стильдік қолданыс түрлері болады. Сөйлеуші өз мақсатына жету үшін белгілі бір стиль түрін таңдайды. Ол коммуникацияда прагматикалық салмаққа ие болады», – дей келіп, прагматикалық ұғымдарды стилистикада пайдалану кезінде оны жүйелеп, тәртіпке келтіріп, оған анықтама берудегі екіұштылықты жоюға көмектесетінін айтады [4,176.]. Прагматика кез келген ғылым саласымен болсын немесе айтушы мен тыңдаушының арасында болсын көрініс береді. Себебі, сөйлеуші өзінің айтқан сөзін тыңдаушыға қаратып айтқанда белгілі бір мақсатта айтылады. Прагматиканың негізгі қызметі айтушы мен тыңдаушының арасындағы қарым-қатынас тілдік бірліктердің қолданылу кезінде айқын көрінеді.

Б.Қалиұлы дискурсқа берілген анықтамаларды талдай келе, оған берілген анықтамалардың бірізді еместігін айтады. Ғалымның пікірінше кез-келген сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы қарым-қатынаста белгілі бір мақсат болады. Олар бір нәрсені хабарлау, сұрау пікір білдіру, эмоциялық тұрғыда өз көзқарасын білдіру, біреуді қуанту, қайғырту, ренжіту, сендіру, тілек білдіру, дәлелдеу, кешірім сұрау секілді сан-түрлі амал-әрекеттерді пайдалана отырып, сөйлеуші өз мақсатына жетуге талпынады.

«Тіл атаулының басты қызметі қарым-қатынастың (коммуникативтік) қызмет екендігі белгілі. Тілдік қарым-қатынас болу үшін кемінде үш нәрсенің болуы шарт. Олардың біріншісі – ұлттық тіл, яғни таңба. Екіншісі сол тілді (таңбаны) қолданушы (адресант), үшіншісі – оны түсініп қабылдаушы (адресат). Осы үшеуі бірлікте болса ғана тіл өзіне тән коммуникативтік қызметін толық атқарады» - деп тұжырым жасайды [2,2006.]. Ғалым еңбегінің енді бір жерінде мәтін мен дискурсқа, және дискурсты бірнеше тармақтарға жіктеген ғалымдардың еңбектеріндегі ғылыми түсініктерін талдай отырып, «Дискурс дегеніміз – сөйлеуші мен тыңдаушының арасында болатын ауызша сөйлеу актісі, коммуникативтік іс-әрекет, күнде болып тұратын тілдесу. (процесс). Басқаша айтсақ, дискурс дегеніміз – тілдік және тілдік емес бірліктердің қолданысқа түсуі, коммуникативтік қызмет атқаруы. Екі адамның көзбе-көз отырып, ауызекі сөйлесуі, сойлесу ісінің жүзеге асуы және сөйлеу арқылы нәтижеге (сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы түсінікке қол жеткізуі. Сөйтіп, екі адам арасында тілдік қарым-қатынастың орнатылуы» – дей отырып, дискурсқа тән мынадай құрамдас бөліктері барын көрсетеді [2,2006.].

Дискурс адамдар арасындағы сөйленіс болғандықтан, онда жеке бір адамның тілдік бірліктерді пайдалану барысында айтушының дүниетанымы анық көрінеді. «Дискурс – тілдік тұлғаның қасиетін көрсететін тілдік факті. Дискурста тілдік тұлғаның мынадай ерекшеліктері байқалады.: 1.Сөйленіс деңгейі; 2. Ұлттық таным деңгейі; 3. Сөз қорыту, түсінік, ұғыну, сезіну деңгейі; 4. Қоғамдық ойының сипаты; Интеллект деңгейі [5,106.]. Жалпы, дискурсқа берілген ғылыми анықтамаларды саралай келе, мынадай тоқтам жасауға болады. Біріншіден, дискурс дегеніміз– екі немесе одан да көп адамның тілдік бірліктерді пайдалана отырып, қарым-қатынастың жағдайындағы іс-әрекеті. Екіншіден, айтушы мен тыңдаушының арасындағы коммуникативті қарым-қатынаста түрлі көзқарастар орын алады. Үшіншіден, дискурста өзіне тән құрамдас бөліктері яғни екі тұлғаның тілдесуі және тілдесу уақыты, орны, сондай-ақ, тілдесімнің өзіндік нәтижесіне қарай ұзақтығы, қысқалығы және осының негізінде мәтін түзілімі пайда болады. Төртіншіден, кез келген тілдесімнің белгілі бір нәтижесіне қол жеткізілуі. Яғни, айтушының мақсаты, айтушының мақсатында айтылған діндеменің тыңдаушыны иландыруы және оның әсері, түпкі нәтижесі болады.

Қазақ халқы түркі халықтарының ішіндегі сөзге шешен, тапқырлық қасиеті дарыған, кез-келген даулы мәселелерді сөзбен шешкен және қандай даулы мәселе болса да ұлттың атақты елді аузына қаратқан тұлғаларының айтқан уәжіне тоқтаған. Ұлтымыздың бұл қасиеті атадан балаға мирас болып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып отырған. Даулы мәселелерді шешуде атақты тұлғалардың тапқырлығы ел аузында сақталып, айтылып отырған. Қазақтың алғашқы мерзімді баспасөз құралы патша үкіметінің жергілікті әкімшілік органының меншігінде болғанымен, сол кезеңге дейін ел аузында ауызша тарап келе жатқан халық ауыз әдебиеті үлгілерін жариялап отырды. Бұл жарияланған материалдардың ішінде ел аузында жатталып келе жатқан шешендік сөздер де көптеп кездеседі.

Шешендік сөздерде, яғни, тыңдаушы мен айтушының арасындағы қарым-қатынаста прагматика олардың сөздерінің өн бойында көрініс табады. Мысалы, Хан бір күні екі уәзірін ертіп, сайранға шығып, бір судың бойын жағалап келе жатса, бір шал балық аулап тұр екен. Хан келіп айтты шалға: «Қараша тауың қалай?» – «Қараша тауды қар алды ғой». – «Ала шұқырың аман ба?» – «Ала шұқырды су алды». – «Екеумен қалайсың?» – «Екеумен төртеумін». – «Алыспен қалайсың?» – «Алыспен жақынмын», – депті. Хан атын сипай қамшылап жүре беріпті. Үйіне келген соң екі уәзіріне: «Манағы шалдан мен не жауап сұрадым? Сендер білдіңдер ме ол не жауап берді маған?» – депті. Онда екеуі білгішпіз деп мақтанып жүрген адамдар олай да, бұлай да десе де хан: «жоқ бекер айтасындар, табындар, ойлай білмейміз десеңдер, ешнәрсе қылмас едім. Енді табындар» – депті. Екі уәзір таба алмақ түгіл, ханынан қорқып не айтарын білмей, сасып, түн ішінде шалға барып: «Ханның не сұрағанын, өзіңнің не жауап бергенінді бізге айт», – депті. Шал: –«Айтсам хан өлтіреді» – деп айтпайды. – «Өзімізді өлтірсе де сені айтпайық», – деп көп алтын беріп айтқызыпты: –«Қараша тау қалай дегені – шашың ағарды ма дегені еді, қараша тауды қар алды дегенім – шашым ағарды дегенім еді; ала шұқырың аман ба дегені –көзің аман ба, сау ма дегені еді, ала шұқырды су алды дегенім – жасқа тола береді дегенім еді: алыспен қалайсың дегені – алыстан көресің бе дегенім еді, алыспен жақыным дегенім – алыстағыны көре алмаймын, жақынға барып көремін дегенім еді; екеумен қалайсың дегені, екеумен төртеумін дегенім – екі аяғыммен тұра алмаймын, екі қолыммен жер таянып тұрамын дегені еді», – депті шал. Ханға «таптық» – деп барыпты. Хан сұрап, «шал айтқан, шындыраңды айтындар, айтпасаңдар өлтіремін» деп қорқытқан соң шынын айтты. Хан шалды шақырып алып: «неге айттың, дереу өлтіремін» – деген соң шал: – «арызым», – бар депті.

Хан: «арызыңды айт», – депті. Шал: «Мені алдап өлтірдіңіз ғой», – депті. Хан айтыпты: «Қашан сені алдадым?» – «Менен осы сөздерді сұрап жүре бердіңіз. Атыңызды қатты соқпай, сипай қамшылап кетіп едіңіз, сонда мен ойлап едім, ханның сипай қамшылап кеткені – сен бір жазаға душар болсаң, қарт адам екенсің, қатты қаһар етпей, жұмсақ сөзбен сылап-сипап қоя берермін дегені екен деп, қапыда қалдым ғой, әуелде атыңызды қатты қамшылап кетсеңіз, өлтірсе де айтпас едім», – деген соң шал, хан: «Күнәнді кештім, басқа пәле келтіретін тіл екен, пәледен құтқаратын да тіл екен, өнер алды қызыл тіл деген рас, тілдің арқасында өлімнен құтылып, жұрт сасқан жерде сөз тауып бергендей адам екенсің-мәтіннің екінші бір жерінде: Бала он жасқа келген соң-ақ ханның ойындағысына бала түсініп, баланың ойындағысына хан түсініп, ханға сөйтіп сүйікті болып жүреді екен. Екі уәзірі баланың ханға сүйікті болып бара жатқанын көріп, күндеп жүреді екен, осы баланы ебін тауып ханға шағыстырып өлтіртіп, яки бір жаққа қаңғыртып жіберсек екен деп.

Бір күні баланың басына қолындағы таяғымен ақырын соғыпты. Бала: «бәлду-бәлду» деп тілін шығарып үйден шығып кетіпті. Бала кеткен соң манағы екі уәзірі айтыпты: «Біз айтсақ нанбайсыз, баланың ниеті жаман, сіздің бір таяқпен ойнап соққаныңызды көтере алмай, сізді мазақтап «бәлду-бәлду» деп кетті. Осы баладан құтылыңыз», – дейді. Хан айтты: «Мен таяқпен басына соққаным – басқа пәле қайдан деп сұрап едім, бала менің соныма түсініп «бәлду-бәлду» деп кеткені – басқа пәле – тілден, – дегені. Берілген мәтінде: айтылу мақсаты (ханның төрт түрлі сауалы жасырын түрде жүзеге асырылады:

сөздер жұмбақтап беріледі. Прагматикалық прессупозициялар сөйлеуші ықпалын, жалпы білімін, көзқарасы мен пікірін, мінез-құлқын, тыңдаушының түсіну қабілетін бағалауы. Ал тыңдаушы шалға қатысты мынаны айтуға болады: айтылған сөзді тез ұғып ол жөнінде дер кезінде тұжырым жасауы, хан сөзіне жұмбақтап жауап беру (прессупозиция) сөздің тыңдаушыға әсері, прелукотивті әсері, эмоциялық күй мен көзқарасының өзгеруі, эстетикалық әсері, әсерге жауап ретіндегі әрекеттері. Міне, прагматика сөйлеу кезінде анық аңғарылатындықтан, ол қарым –қатынастың барлық жағдайларын қамтиды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. –Алматы: Атамұра, 2003. -208.
2. Қалиұлы Б.Танымдық тіл білімі және оның ұстанымдары // Тіл білімінің жаңа бағыттары: концепт, прагматика, дискурс, мәтін(мақалалар жинағы). –Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012.-246.
- 3.Ерназарова З. Субъект-прагматиканың негізгі категориясы. Тілтаным / Языкознание.–Алматы. 2001 ж.№4.
- 4.Ерназарова З. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі. – Алматы, 2001. –198б.
5. Имашева Г.Е. Міржақып Дулатұлы шығармаларындағы «Ғаламның тілдік бейнесі» Фило. ғыл. кан. д. алу дайын дисс. 10.02.02. –қазақ тілі. –Алматы, 2007. Авторефераты.

УДК 81.236.78

ФОРМИРОВАНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА

ДЖАРКЫНБАЕВА ТОЛКЫН ЕМИСБЕКОВНА

Учитель русского языка и литературы средней школы №44 им.Ш.Смаханулы г.Тараза,
Республика Казахстан

ПӘТЕЙ ЕРАСЫЛ

Ученик 11 класса средней школы №44 им.Ш.Смаханулы г.Тараза,
Республика Казахстан

Түйіндеме. Мақалада орыс тілі сабағында функционалдық сауаттылықты арттыру мәселелері қарастырылған.

Summary. The article discusses the problems of functional literacy in the Russian language lesson.

Функциональная грамотность является ключевой основой формирования УУД, этот комплекс необходим школьнику для жизни в мире будущего.

Зачем нужна функциональная грамотность? Многим может показаться, что эта компетенция появилась в образовательной программе «банальным образом», вслед за мировым мониторингом PISA. На самом же деле процессы куда более глобальны и объясняются происходящими во всем мире изменениями. И чтобы жить в этой сложной и быстрой реальности, сегодняшним школьникам потребуются новые навыки, знания и умения. Разберем подробнее причины для необходимых изменений.

Меняющийся мир VUCA: нестабильность, неопределенность, сложность, неординарность.

Экологические изменения. Изменение климата и истощение природных ресурсов требуют срочных действий.

Экономические изменения. Научные знания создают новые возможности и решения проблем. Но они же создают разрушительные волны перемен во всех сферах. Инновации в науке и технике, например, создание искусственного интеллекта, поднимают фундаментальные вопросы метафизики и морали: «что значит быть человеком?», «что есть человеческое?».

Финансовые изменения. Взаимозависимость на местном, национальном и региональном уровнях создала глобальную экономику. Данные создаются, используются и распространяются в широких масштабах. Возникают новые вопросы о защите конфиденциальности и кибербезопасности.

Социальные изменения. По мере того, как населения планеты продолжает расти, миграция, урбанизация и растущее культурное, социальное, национальное многообразие меняет сообщества, связи в них, сами страны и их культурный код. В мире увеличивается неравенство.

Мы не можем предсказать, какие профессии будут нужны в будущем, какие профессиональные и прикладные навыки потребуются сегодняшним школьникам для построения успешной траектории

своего развития. Но для укрепления их позиции в будущем мире нестабильности мы однозначно можем и должны обучить их функциональной грамотности.

Функциональная грамотность – что это?

Происходящие в мире глобальные изменения требуют и глобальных компетенций. Функциональная грамотность включает в себя:

Математическую

Финансовую

Естественно научную

Глобальные компетенции

Читательскую – добавить вебинары

Критическое мышление

«Функциональная грамотность сегодня – это базовое образование личности. Ребенку важно обладать:

Готовностью успешно взаимодействовать с изменяющимся окружающим миром;

Возможностью решать различные (в том числе нестандартные) учебные и жизненные задачи;

Способностью строить социальные отношения;

Совокупностью рефлексивных умений, обеспечивающих оценку своей грамотности, стремление к дальнейшему образованию».

Российский педагог, член-корреспондент РАО Наталья Федоровна Виноградова, издание «Функциональная грамотность младшего школьника: книга для учителя».

«Функционально грамотный человек – это человек, который способен использовать все постоянно приобретаемые в течение жизни знания, умения и навыки для решения максимально широкого диапазона жизненных задач в различных сферах человеческой деятельности, общения и социальных отношений».

Алексей Алексеевич Леонтьев, академик РАО, издание «Школа 2100. Педагогика здравого смысла»

Функциональное чтение

Чтение, целью которого является нахождение информации для решения конкретной задачи.

Функциональное чтение предполагает владение следующими навыками:

Поиск информации

Понимание прочитанного – здесь мы говорим о смысловом чтении

Работа с полученной информацией (оценка, интерпретация) – здесь мы говорим о критическом мышлении.

Применение информации для решения своих задач.

Все эти умения формируются с раннего детства, их уровень зависит от дошкольного развития, влияния родителей и учителей, школьной программы и самого человека.

Глобальные компетенции

Для того чтобы уметь формировать глобальные компетенции в школе, необходимо ответить на вопросы:

Насколько выпускники школы готовы жить и работать в обществе, в котором проявляется межкультурное и иные (социальное, гендерное) разнообразие в условиях глобализации?

Как ученики воспринимают новости глобального характера, понимают и критически анализируют глобальные проблемы и проблемы взаимодействия культур?

Какие подходы к обучению в области разнообразия и взаимодействия культуры и глобализации уже используются в школе? Какие могут быть использованы?

Какие подходы используются для организации совместной работы школьников – представителей разных культур?

Основные ценности подобной глобализации – человеческое достоинство и культурное разнообразие. Стоит отметить, что все перечисленные вопросы, ценности, а также сами навыки, получили отражение в Федеральных стандартах. Более подробно с темой вы сможете ознакомиться на сайте ФГБНУ «Институт стратегии развития образования РАО» – Центр оценки качества образования.

Креативное мышление

Креативное и инновационное мышление — это вид мышления, которое ведет к инсайтам, новым подходам, свежим взглядам, это новый путь понимания и видения вещей. Продукты креативного мышления включают наблюдаемые вещи, такие как музыка, поэзия, танец, драматическая литература и технические инновации.

Коммуникация, кооперация, креативность и критическое мышление – об этих «4К»-компетенциях «много говорят, но мало кто их видел». Однако требование развивать «навыки высокого порядка» уже

стало частью образовательных стандартов и в России, и в большинстве развитых стран. Главный вопрос, который горячо обсуждают в педагогической среде – как развивать и оценивать гибкие навыки (soft skills) у школьников?

Ответы и практические рекомендации представлены учителям в новой книге, которую выпустил Благотворительный фонд Сбербанка «Вклад в будущее».

Модель Б.Лукаса. Источник: Пособие «Компетенции «4К»: формирование и оценка на уроке. Практические рекомендации»

Составляющие креативного мышления:

1. Любознательность (активный интерес к заданию)

Интерес к окружающему миру и желание узнать о нем больше;

Самостоятельный поиск ответов на собственные вопросы. Активный поиск новой информации (в том числе в неожиданных источниках).

2. Создание идей (воображение). Продуцирование собственных идей:

Оригинальность предложенных идей;

Гибкость или подвижность;

Способность продуцировать большое количество идей.

3. Развитие предложенных идей:

Оценка предложенных идей с разных позиций и поиск их сильных и слабых сторон с целью улучшения идеи или отказа от нее;

Умение быстро перестраивать свою деятельность в изменившихся условиях и с появлением новой информации об объекте исследования.

Задания на формирование креативного мышления

Исследование PISA опирается на достоверно установленные факты, подтверждающие наличие существенных различий творческих задач по меньшей мере в трех областях:

Вербального выражения

Художественного выражения

В области решения социальных, естественно-научных и математических проблем.

Принятие такой позиции предопределяет состав заданий, среди которых выделяются следующие группы:

Задания, требующие использования художественных средств – словесных и изобразительных

Задания на разрешение проблем – социальных и научных.

Задания в курсе русского языка, выводящие на уровень развития креативности и функциональной грамотности

1. Функциональная грамотность в новых учебниках по русскому языку Перед вами УМК под редакцией М.М. Разумовской, 7 класс, тема «Характеристика человека».

Задания учебника помогают формировать у детей навыки поиска и оценки различной информации. Задание: используйте разнообразные материалы интернета, составьте небольшую по объему характеристику Ю. А. Сенкевича. Постарайтесь отразить в ней не только важную информацию о его жизни, но и яркие особенности его характера.

Обратим внимание, что в этом же учебнике 2000 года формулировка приведенного задания крайне проста: «Прочитайте текст... расскажите об особенностях этого человека...», и с его помощью нельзя сформировать навыки мышления высокого уровня. Это свидетельствует о необходимости своевременного перехода на новые переиздания, соответствующие как новым стандартам, так и актуальным задачам современности.

Аналогичный пример, демонстрирующий нам появление в учебниках нового поколения видоизмененных заданий, направленных на развитие функциональной грамотности, находится в учебнике УМК В.В. Бабайцевой, 5 класс.

Справа – новое задание с расширенным функционалом

Перед нами пример практико-ориентированного задания. Ученики работают самостоятельно, должны выполнить поиск в открытых источниках, учатся рассуждать и мыслить креативно, нестандартно. Задание рекомендуется выполнять с помощью сервиса «Национальный корпус русского языка». На основе найденных в НКРЯ источников можно выстроить целую исследовательскую работу.

2. Самостоятельная работа

Перед нами учебник УМК М.М. Разумовской, 9 класс. В этом пособии создана актуальная для формирования функциональной грамотности рубрикация:

Учимся читать и понимать лингвистический текст

Учимся говорить на лингвистическую тему

Рассуждаем на лингвистическую тему

Готовим проектную работу на лингвистическую тему

Учимся редактировать сочинение

Все эти рубрики являются «проводниками» для учеников, улучшают их понимание задания, позволяют им ставить перед собой вопросы, способствующие углубленному пониманию предмета.

Многие задания включают в себя обязательную групповую работу, работу в парах (правый рисунок), что дополнительно развивает коммуникативные навыки, эмпатию и умение сотрудничать.

3. Учимся собирать и систематизировать информацию

В учебнике для 6-х классов УМК М. М. Разумовской [1] также существует свой рубрикатор, отвечающий требованиям к современным УД и навыкам:

Учимся определять стиль по речевой ситуации

Учимся употреблять языковые средства с учетом речевой ситуации

Учимся проводить смысловой анализ текста

Учимся пересказывать, сохраняя особенности стиля речи

Создаем текст определенного стиля речи

4 интерактивные зеленые кнопки: это функционал ЭФУ, который выложен на платформе ЛЕСТА.

4. Жизненные задачи. Групповая работа

Для мотивации ребят, а также для развития функциональной грамотности, в учебниках по русскому языку приветствуются задания, которые построены на современном публицистическом материале. Например, в учебнике для 5 класса УМК А.Д. Шмелева есть тексты, отражающие увлечения современных школьников.

Само задание носит креативный характер: предлагается написать статью о серфинге, добавив к тексту свои предложения, а также иную информацию о этом виде спорта. Работа в группе предполагает поиск или даже создание дополнительных иллюстраций к тексту.

5. Проектная и групповая работа

Важно давать детям творческие задания на развитие креативного мышления. Например, в учебнике из УМК Шмелева для 5 класса предлагается придумать шуточные двустишия и обыграть слова. Обязательна работа в паре для обмена результатами творчества и развития коммуникационных навыков.

Задание, приведенное ниже, предлагает развитие не только креативного мышления, но и глобальных компетенций: идет обращение к региональным традициям, исследовательской деятельности ученика, устной истории.

Для выполнения таких заданий особо рекомендуем интернет-проект «Региональные особенности русской речи»: изучите, чтобы предложить школьникам выполнить работу по образцу.

6. Подбор текстов из разных научных областей

Перед нами упражнение, которое знакомит ребят с другими профессиями. На основе текста дается система заданий и упражнений. С учетом актуальности темы профориентации в старшей школе (учебник для 10 класса, УМК Т.М. Пахновой) [2], сам предмет «русский язык» становится проводником в мир решения практических, прикладных задач.

7. Работа с текстами разной природы

Важно, чтобы школьник умел успешно взаимодействовать не только со сплошными текстами: материалами для диктантов, упражнениями, текстами для чтения. На уроках также должны демонстрировать тексты табличной формы, в виде инфографики и графики, с кодовыми обозначениями, стрелками. Работа с такими несплошными текстами крайне важна для старшеклассников. Эти навыки будут не только проверяться на PISA и аттестации, но и понадобятся во взрослой жизни.

Список использованной литературы:

1. Разумовской М. М. Русский язык. 6 класс. – А., 1998.
2. Пахнова Т.М. Русский язык. 10 класс. Базовый уровень. – А., 2004.

ОРАЛХАН БӨКЕЙ ТУЫНДЫЛАРЫНДА АДАМ МЕН ТУҒАН ЖЕР АРАСЫНДАҒЫ БІРТҰТАСТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ СУРЕТТЕЛУІ

ДАНЕБАЕВА АЙГУЛЬ ОНАЛБЕКОВНА

М.Мәметова атындағы №27 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, модератор,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ЕРЖЕКЕЕВА АҚНҰР ТАЛҒАТҚЫЗЫ

М.Мәметова атындағы №27 орта мектебінің 8 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В этой статье говорится об единстве природы и человека в произведениях Оралхана Бөкей. Рассказывается о мастерстве передачи автора созвучии природы и человека через образы героев. Сообщается, что экологическая проблема, которая поднимал Бөкей, до сих пор остается актуальным в обществе.

Summary. This article tells about the unity of human nature in the works of the writer OralkhanBokey. It was about the author's skill to reveal the image of the hero through harmony, harmony of nature and man. On the relevance of environmental problems raised by OralkhanBokey in modern society.

Оралхан Бөкей қазақ әдебиетіне өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында өзіндік өрнек, қолтаңбасымен келген жазушы. Оның тілдік қоры аса бай, көтерген тақырыптары ауқымды. Оралхан Бөкей кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесіне, табиғат пен адамның үйлесімділігіне үңіліп, жұмыр басты пенденің тіршіліктегі қым-қуыт өмірі жайлы қалам тербеген жазушы. Жазушының барлық шығармаларына ортақ тақырып, желі – ол адам мен табиғаттың тұтастығы, олардың әлімсақтан туыстығы, бір-бірімен етене жақындығы. Міне, осы табиғат туралы концепцияны жазушы адамның іс-әрекетімен ашқысы келеді.

Оралхан Бөкейдің көптеген шығармаларында табиғат оқиға желісіне үнемі араласып отырады. Автор: «Аспан жер үшін, жер су үшін, су жан-жануар, құрт-құмырсқа үшін, тіпті тоғай екеш тоғай да бармақтай торғай үшін жаратылған. Бірінсіз екіншісінің тіршілігі тоқталады», - деп айта келіп, «Табиғат адамсыз тіршілік құра алады, ал адам табиғаттан тысқары өмір сүре алмайтыны рас болса, неге ғана мына қар астындағы қара жер, анау жұлдызды аспан адам баласына табыну керек?»[1] деген үлкен ғаламдық шеңбердегі ой қозғайды.

Оралхан Бөкей шығармаларында өмір сүру мәселесіне байланысты екі тенденция бар. Бірі – табиғатпен біте қайнасып кету, адамдар қоғамынан тыс өмір сүру. Бұған «Атау кере», «Жасын», «Қар қызы», «Мұзтау», «Кербұғы» шығармалары жатады. Екіншісі – табиғатқа қамқор бола отырып, адамдар қоғамында өмір сүру. Бұл тенденцияға сай келетін шығармалар «Қайдасың, қасқа құлыным», «Өз отынды өшірме», «Сайтан көпір» т.б.

«Оралханның көптеген туындыларында табиғат, Алтай табиғаты негізгі фон, кейде, тіпті кейіпкерлерімен жарыса жүретін образ иесі екенін аңғару қиын емес. Жазушы Бөкеев - туған өлкесі әсем Алтайдың, асқақ Алтайдың жыршысы» [2], - деп бағалайды зерттеуші ғалым Р.Сыздықова. Жазушының шығармаларында кейіпкерлердің ішкі толқынысы, сезім-күйі, көңіліндегі буырқаныс осы тау табиғатымен астаса суреттеледі.

Жазушы өзінің «Атау кере» романында туып-өскен туған жерінің табиғатын, Алтай тауының әсемдігін ерекше ыждаһатпен суреттеп, барлық адамзат үшін туған жердің қадыр-қасиетін танытқандай болады. Туған жердің бар тыныс-тіршілігін сезініп, оны көркем тілмен оқырманға жеткізе білу де қаламгердің шеберлігін көрсетеді. Шығармада жазушы аспан әлемі, таң келбеті, кешкі сұлулық, күн мен ай сипаты, қараңғылық бояуы мен түн сипаты, бұлт сипаты, жаңбыр мен бұршақ сипаты, өзен үні, тау суретінің әрқайсының сұлулығына үңіледі.

Таң суретін: «Онда да таңның алғашқы хабаршы сәулелері тарап, елең – алаң шақ туа атқа мінбесең, қонаға жете алмай қаласың» [3] – эпитет арқылы бейнелейді.

«Сонау Алтайдың күміс шашбауындай ирелендей аққан Бұқтырма өзені» [3] – теңеу арқылы өзеннің сұлулығын күміс шашбауға теңеп тұр. Ал «Көптен бері жаңбыр жаумаған, әмбесінде Мұзтаудың қаспақ қары, салқын түссе, жылбысқылана ерімей қайта қатып, Қатын өзені қорынан айрылған соң ба, қорылын азайтып, қорлана ағады» [3] деген сөйлемде кейіптеу әдісін қолданып, жансыз табиғатқа «жан бітіреді».

«Ұшар басында жаулықтай байланып, төбесін перделеп тұрар бұлт жоқ, қыркүйектің таза аспанына сұғынып кірген аппақ алып найза жарықтық Мұзтаудың дәл өзі еді» [3] – метафора қолдану арқылы Мұзтаудың асқақтығын суреттейді.

Табиғаттың да тірі жан секілді өзіндік үні, даусы бар. Көріктеу құралдарын осылайша құбылта пайдалану арқылы жазушы сол табиғаттың үніне құлақ түріп, таудың да, бұлттың да, өзеннің де сұлулығын ашады. Табиғат құбылыстарын ашу арқылы жазушы кейіпкердің характерін, оның өмір шындығын, қоғам бітімін алға тартады.

Жалпы «Атау кере» романында жазушы табиғатты екі бағытта суреттейді. Біріншісі, табиғаттың бояуы бұзылмаған өз суреті болса, екіншісі, ішімдікке салынған кейіпкер Тағанның табиғатпен үндескен жан даусы, ішкі толқынысы. «Ойды ой қуалап, біраз жерге келіп қалған екен... өрге қарай жүргендіктен еңтігіп, шаршау тартқанын сезді. Ал дегенде көзі шағылысып жасқанып қалған Таған көз үйрете келе сілейе қарады. Ол Мұзтаудың нақ қазіргідей тыр-жалаңаш, асқақ та асау, сұлу, бар бітімін жоғалтпай, тұтас тұлғасын жарқырата ашқан күйінде тұңғыш көруі. «Айналайын, табиғат ием-ай, тамашаң қандай көп еді» деп, көзі жасаурап отыра кетті. Ол шын шаттана қуанған, шалқып тебіренеген, мынау дүниеге жаңа келгендей, немесе әлемдегі ең асылын тапқандай, бала көңіл, сәби жүрек, сабырлы ақылмен туған жерінің көркемдігін сонырқаған; саумал ауа, таза көріністің бәр-бәрін жұтына жұтып, ішіп тауысардай таусаған... [3]» Міне табиғатпен бетпе-бет келгенде ғана Таған өзін тауып, қайта түлеген күйде. Кейіпкер болмысын табиғатпен астастыра суреттеу жазушының тағы бір шеберлігі деуге болады.

Жазушы «Қайдасың, қасқа құлыным» повесінде де туған жер табиғатын айрықша махаббатпен суреттейді. Туған жердің әр тау-тасы, өзен-көлі жазушы жанына жақын. «Тау алып ұйқысынан енді-енді ғана серпіліп, ал далакеудесін дүбірлетіп, алғаш қытықтаған біздерге жүз жасар ғұмыр тілегендей еді;өзіне деген айнымас махаббатын сыйлағандай еді [4]» дейді жазушы. Алып тауды ақ баталы ақсақал қарияға теңегендей, жазушы туған жерін қалай сүйсе, табиғат та оны солай мәпелейтіндей.

Шығармадағы тау арасында өмір сүретін үш кейіпкерді автор нағыз табиғаттың бел баласындай суреттейді. Қоғамда болып жатқан сан қилы жамандықтан аулақ өмір сүріп жатқан бұл үш адам нағыз табиғатпен үйлесімде өмір сүріп жатқандай. Жаужүрек жігіт Қаршыға, ертегілер елінен келгендей сұлу Аналық, қартайса да көкірегі сайрап тұрған Сарқынды шал.

«Кербұғының мүйізінен қан шапшығанда көзімді баса қойдым. Бірақ бәрі бір судай аққан қып-қызыл қанды көрдім. Көзімді қайта аштым, бәрі бір жанар тау боп атылып жатқан қып-қызыл қанды көрдім. Өне бойым мұздап, арқамнан сұп-суық тер шықты» [4] деген жолдар арқылы жазушының табиғаттың бір бөлшегі жан-жануарларға деген махаббатын, қамқорлығын көреміз.

Кербұғының бүкіл басы қан, ал көзінен, жаудыраған тұнық қара көзінен –аналықтың көзі іспетті өте әдемі жанарынан жас ағып тұр; және меносынау жасқа толған аяулы да ардақты көздің аясынан өзімді, әкемді, Қаршығаны көрдім; үшеуіміздің де сұлдеміз жанарға түсіп, әмбе осынау жанардағы көріністенген орман, тоғай, тау-тас, мөлдір аспан кербұғы көзін жұмып қалса, мәңгіге ғайып болатындай қорқыныш биледі бойымды»...[4] Демек, адам-табиғат-өмір біртұтас әлем. Табиғаттың бір бөлшегіне келген зақым адамзат ұрпағына да зиянын тигізбей қоймайды. Кербұғының өлімі орман, тоғай, тау-тастың, тіпті айналасындағы адамдардың да ғайып болуына әкелетінін түйсінеді кейіпкер-автор.

Оралхан Бөкейдің «Қамшыгер» шығармасында оқиғалар желісі айды қасиет тұтқан мифтік сарын негізінде орын алады. Автор «Ай астында» деген тіркесті шығарманың басында және соңында қайталап келтіреді. Садақбай қамшегердің жан күйзелісі, тағдыр жолы, өмірі «Ай астында» бейнеленеді. Ай бейнесі қазақ әдебиетінде жағымды детальдардың бірі болып саналады. Шерхан Мұртазаның «Ай мен айша» повесі, Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» повесінде де Ай адамның сырласы, досы болып суреттелген. «Қамшыгер» повесінде де жазушы Айды табиғаттың ажырамас бөлігі етіп бейнелеген.

Оралхан Бөкей шығармаларының барлығында табиғатпен байланыс, адам мен туған жер арасындағы біртұтастық суреттелген. Бұл тақырып бір мақаланың жүгі емес, алдағы уақытта да зерттелуі тиіс терең тақырып. Өйткені, Оралхан айтқан, көтерген мәселелер бүгінгі таңда да өзектілігін жойған жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Оралхан Бөкей Таңдамалы I том О.Кенжебеков,Т.Мәмесейітов. - Алматы: Жазушы,1994 ж.
- 2.Сыздықова Р. Сәйкестік. //Уақыт және қаламгер. 10 кітап. -Алматы: Жазушы, 1984. - 160-177 бб.
- 3.Бөкей О. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Екінші том. -Алматы: Жазушы, 1996.-494 б.
- 4.Бөкеев О. Қайдасың, қасқа құлыным. -Алматы: Жазушы,1973.-200 б.

СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ И МЕТОДИКИ ПРЕПОДАВАНИЯ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

РАХИМБЕКОВА МЕРУЕРТ АХМЕТБЕКОВНА

Учитель русского языка и литературы средней школы № 47 г. Тараза
Республики Казахстан

Түйіндеме. Мақала орыс тілі мен әдебиетін оқытудағы қазіргі заманғы тәсілдер мен әдістемелерді білім беру стандарттарының өзгеруі және жаңа технологиялардың енгізілуі тұрғысынан қарастырады. Белсенді оқыту әдістері, ақпараттық технологиялар мен мультимедиялық ресурстарды оқу процесінде қолдану, сондай-ақ оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыту маңызды екендігі айтылған. Әдістемелерді уақыт пен оқушылардың қажеттіліктеріне сай жаңарту қажеттілігіне ерекше көңіл бөлінген. Мәтіндермен жұмыс істеудің қазіргі әдістеріне, мультимедиялық ресурстар мен онлайн платформаларды оқытуда қолдануға ерекше назар аударылған.

Summary. This article discusses modern approaches and methods of teaching Russian language and literature in the context of changes in educational standards and the implementation of new technologies. It describes methods of active learning, the use of information technologies and multimedia resources in the educational process, as well as the importance of developing critical thinking skills in students. The article emphasizes the need to update teaching methods according to the demands of the time and the needs of students. Special attention is given to modern methods of working with texts, using multimedia resources, and online platforms in teaching.

Современные подходы и методики преподавания русского языка и литературы стали неотъемлемой частью образовательного процесса. С каждым годом наблюдается внедрение инновационных технологий в учебный процесс, что позволяет эффективно развивать учащихся, повышать уровень их знаний и развивать творческие способности. В этой статье рассматриваются актуальные вопросы применения современных методов в преподавании русского языка и литературы, а также пути оптимизации учебного процесса с использованием новейших технологий. Современное преподавание русского языка и литературы в школах, вузах и других образовательных учреждениях основывается на принципах, которые соответствуют современным требованиям образования и общества. Использование новых методов и технологий обучения позволяет максимально эффективно формировать у студентов и школьников необходимые компетенции, такие как критическое мышление, умение анализировать литературные произведения и выражать собственное мнение.

Современное образование невозможно без использования **информационных и коммуникационных технологий (ИКТ)**. В преподавании русского языка и литературы они служат для улучшения восприятия материала, а также для развития творческих и аналитических навыков учащихся. Применение мультимедийных ресурсов в обучении позволяет не только углубить знания о литературных произведениях, но и развить визуальное восприятие текста. Например, видеоуроки, посвященные анализу стихотворений Пушкина или Лермонтова, помогают учащимся понять, как живописные образы в поэзии сочетаются с темами, выраженными через рифму и ритм.

Использование платформ, таких как **Google Classroom, Moodle** или **Edmodo**, позволяет создавать онлайн-курсы и задания для самопроверки, делая образовательный процесс гибким и доступным в любое время. В свою очередь, создание интерактивных карт или виртуальных экскурсий, например, по местам, связанным с биографией писателей, помогает связать исторический контекст с литературным произведением.

Активные методы обучения, такие как проектное обучение, метод кейс-стади, ролевые игры и дискуссии, помогают ученикам не только усваивать знания, но и развивать навыки самостоятельной работы, творчества и коллективного взаимодействия. В частности, метод проектного обучения позволяет учащимся исследовать проблемы и темы, относящиеся к русской литературе, создавать проекты, которые развивают аналитические и исследовательские навыки. Это особенно актуально при изучении произведений классиков литературы, где важным аспектом является не только знание текста, но и способность осмысливать его содержание и контекст.

Проектное обучение, например, помогает учащимся не только исследовать литературу, но и применять полученные знания для создания собственных работ, таких как презентации, эссе, исследовательские проекты. Примером может служить проект, посвященный исследованию творчества

Александра Пушкина: учащиеся могут выбрать произведение, проанализировать его в контексте исторической эпохи и представить результаты в виде мультимедийной презентации. Метод **кейса** способствует решению реальных или гипотетических проблем, связанных с изучением произведений русской литературы. Например, кейс, посвященный проблеме нравственного выбора в творчестве Льва Толстого, помогает студентам не только изучить текст, но и проанализировать его в контексте социокультурных и исторических реалий.

Коммуникативно-диалогический подход ориентирован на активное взаимодействие между преподавателем и учащимися, а также на развитие коммуникативных навыков учащихся. В процессе общения важно учитывать возраст, социальный статус и интересы собеседников. Учитель должен предложить материалы и задания, которые будут актуальны для студентов, например, тексты для обсуждения могут быть адаптированы под молодежную аудиторию или содержать современные темы.

Современная педагогика ориентируется на **инклюзивное образование**, которое учитывает различные потребности учащихся, включая тех, кто имеет физические или умственные ограничения. В преподавании литературы и русского языка это может проявляться в индивидуальных планах обучения, где каждому ученику предоставляется материал в соответствии с его уровнем подготовки.

Дифференциация обучения предполагает, что педагоги используют различные подходы в зависимости от уровня знаний и способностей учеников. Например, для талантливых учащихся можно предложить более сложные произведения с глубоким философским подтекстом, а для тех, кто испытывает трудности, — упростить материал, сделав акцент на основные идеи и темы.

Метод проектов является одним из самых эффективных современных подходов в обучении, поскольку он ориентирован на активную деятельность учащихся, развитие их творческих способностей и умения работать в команде. В контексте преподавания русского языка и литературы, метод проектов позволяет не только углубленно изучать произведения, но и развивать практические навыки, такие как исследовательская деятельность, создание презентаций, проведение интервью и анализ литературных текстов. Важным этапом является защита проекта, где учащиеся представляют свои результаты перед классом или преподавателем. Это помогает развивать их навыки публичных выступлений, аргументации и уверенности в своих знаниях. В процессе защиты проекта студенты или школьники должны продемонстрировать, как они пришли к выводу о выбранной теме, какие источники использовали и какой вывод сделали. Примером может быть проект “Литературные герои, изменившие общественное мнение”. Учащиеся могут выбрать нескольких персонажей из произведений русской литературы, таких как Родиона Раскольникова, Евгения Онегина или Наташу Ростову, исследовать, как их моральные и философские дилеммы могут быть связаны с реальными социальными проблемами, обсуждаемыми в обществе того времени. Итоговым продуктом может стать презентация, которая будет содержать как анализ текста, так и рассуждения о влиянии этих героев на развитие общественного сознания.

В условиях современного образовательного процесса важную роль играет использование информационных технологий. Мультимедийные ресурсы, видеоматериалы, электронные учебники, интерактивные платформы и образовательные приложения способствуют визуализации учебного материала, повышению интереса к урокам, а также помогают развивать у школьников навыки работы с цифровыми средствами. Применение таких технологий дает возможность не только углубить знания, но и ускорить процесс освоения материала за счет интерактивного подхода. Например, создание виртуальных экскурсий по произведениям русской литературы или анализ стихотворений с помощью мультимедийных презентаций помогает учащимся на практике освоить методы анализа текста и развить навыки литературной критики.

Одной из задач современного преподавания является развитие критического мышления у учащихся. Важно, чтобы школьники не только запоминали материал, но и умели его анализировать, формулировать собственные суждения, аргументировать свои взгляды. Для этого активно применяются различные методики, такие как метод дискуссии, анализ текста с разных точек зрения, групповые обсуждения. Это помогает учащимся видеть не только поверхностные смыслы текста, но и глубинные аспекты, что важно при изучении русской литературы, где часто используются аллюзии, символизм и скрытые подтексты. Например, на уроке литературы можно обсудить роман Федора Достоевского “Преступление и наказание” с позиций психоанализа, социологии и философии, что позволит учащимся раскрыть более глубокие смыслы текста. Метод **дискуссий** и **дебатов** помогает развивать аргументацию и способность высказывать собственное мнение, анализируя литературные произведения через призму различных научных подходов.

Современные подходы также включают инновационные технологии, такие как использование нейропедагогтики, геймификации, а также адаптивных образовательных технологий. Введение игровых элементов в образовательный процесс делает обучение более увлекательным, стимулирует интерес к

изучаемому материалу. Например, использование литературных игр для изучения произведений, создания диалогов между персонажами, решение литературных задач помогает учащимся активно включаться в процесс обучения.

Учитель в современных условиях выступает не только как источник знаний, но и как наставник, который помогает учащимся развиваться и овладевать необходимыми навыками. Современный педагог должен быть готов к внедрению новых технологий и методик, готов к экспериментам в педагогической практике. Важным аспектом работы учителя является умение мотивировать учащихся, создавать такие условия, в которых они могли бы раскрыться и реализовать свой потенциал. Особенно это важно в преподавании литературы, где важно не только понимание текста, но и способность воспринимать и интерпретировать произведение с личной точки зрения.

Введение новых методов оценки знаний также является важным аспектом современного подхода к преподаванию. Традиционные формы контроля, такие как тесты и контрольные работы, постепенно уступают место более гибким формам, таким как оценка проектов, участие в дискуссиях, самооценка и оценка со стороны коллег. Это позволяет не только более объективно оценить достижения учащихся, но и способствует развитию их самостоятельности и ответственности за свой образовательный процесс. С развитием **формативного оценивания** в современном образовании учащиеся получают возможность не только подтверждать свои знания на контрольных и экзаменах, но и учиться на своих ошибках в процессе обучения. Это создает атмосферу доверия и позволяет развивать у учащихся способность к самооценке и самоконтролю. Примером может служить оценка группового проекта, где преподаватель и ученики оценивают работу друг друга, дают советы и рекомендации, что помогает улучшить качество работы. Использование **портфолио** позволяет учащимся собрать свои работы за весь учебный год, отслеживая прогресс и работая над ошибками.

Современные подходы и методики преподавания русского языка и литературы включают широкий спектр методов и технологий, которые способствуют более глубокому усвоению материала и развитию учащихся. Важно, чтобы преподаватели оставались в курсе новых образовательных трендов, адаптируя свои подходы к требованиям времени и потребностям студентов. Внедрение активных методов обучения, использование информационных технологий, развитие критического мышления и инновационных подходов способствует созданию эффективной образовательной среды, в которой учащиеся могут развивать не только академические знания, но и личностные качества, необходимые для успешной адаптации в современном мире. Активные методы, инновационные технологии, развитие критического мышления и внимание к индивидуальным потребностям учащихся позволяют создать эффективную образовательную среду, где каждый может раскрыть свой потенциал. Важно, чтобы педагоги не только следовали учебным программам, но и были готовы к внедрению новых методов, которые соответствуют требованиям времени и обеспечивают высокое качество образования.

Список используемой литературы:

- 1.Иванова, Н. А. Современные методики преподавания русского языка. — Москва: Просвещение, 2021.
- 2.Петрова, Л. И. Использование информационных технологий в преподавании. — Санкт-Петербург: Питер, 2020.
- 3.Шмидт, В. А. Методика преподавания литературы в школе. — Москва: Наука, 2019.
- 4.Карпова, Е. В. Технологии обучения русскому языку и литературе. — Казань: Издательство Казанского университета, 2022.

ӘОЖ 811.232.89

ҮНДІ-ЕВРОПА ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ СӨЗДЕРДІ ТОПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

СЕМБИНА АСЕЛ БЕРИКОВНА

Шона Смаханұлы атындағы №44 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье представлены сведения из истории происхождения и развития классов слов в языкознании. Рассмотрены научные исследования и мнения ученых относительно группировки слов.

Summary. The article presents information from the history of the origin and development of word classes in linguistics. The scientific research and opinions of scientists on the grouping of words are considered.

Тіл біліміндегі сөз таптарының шығуы мен дамуы жайында сөз қозғасақ, бұл тіл білімі тарихи тұрғыдан сөз таптарын сөйлем мүшелерімен байланыстырып топтастырады. Бұл мәселе жайында академик И.И.Мещанинов «Сөйлем мүшелері мен сөз таптары» деген салыстырмалы-типологиялық зерттеуінде былай деп жазды: «Зат есім өзінің сөйлемде заттық мағынадағы мүше (бастауыш және толықтауыш) болуымен бөлініп шығады, сөздердің сөйлемнің атрибутивті мүшесі (анықтауыш) ретінде жұмсалуды арқылы сын есім жасалады, үстеулер пысықтауыш мүше ретінде жұмсалады, етістік басқа сөз таптарынан баяндауыш (сөйлемнің іс-әрекетті білдіретін мүшесі) ретінде қызмет атқаруы нәтижесінде ажыратылады. Бұл жерде, сөйлемнің осылай мүшеленуімен лексикалық топтар жасалады», - дейді.

Зерттеушілер сөз таптарының сөйлем мүшелері қызметінде жұмсалуды барысында біртіндеп жасалып қалыптасқанын көрсетеді

В.М.Жирмунский индоевропа тілдерінің көне дәуірінде зат есімдер мен сын есімдердің жігінің ажыратылмағандығын есім негіздердің ортақ болуы, есімдердің септелу формаларының бірдей болуы және т.б. жайындағы деректерді келтіре отырып дәлелдейді. Зат есімдер мен сын есімдердің және үстеулердің тілдердің даму барысында біртіндеп жігі ажырап, дербес лексика-грамматикалық категориялар ретінде қалыптасқандығын көрсетеді.

Сөз таптарының бірден пайда болмай, тілдің тарихи дамуы барысында біртіндеп жасалатындығы үстеулердің сөз табы ретінде жасалып қалыптасуынан әсіресе ашық айқын көрінеді. Зерттеушілер индоевропа тілдерінде зат есімдер мен сын есімдердің септік жалғаулы түрлерінің сөйлемде пысықтауыш қызметінде жұмсалуды барысында олардан үстеулердің жасалғандығын айтады. Бұған орыс тіліндегі вечером, порой, кругом, издавна, вплотную және т. б. үстеулер дәлел бола алады [1, Б:166-170].

Үнді-Европа тіл білімі ішінде орыс тіл біліміндегі сөз таптастыру мәселесі және сөз таптарының табиғаты жайында әр түрлі көзқарастар мен пайымдаулар бар. Олардың бірі бойынша сөз таптары сөздердің лексика-грамматикалық категориялары болып саналса, екіншілері бойынша сөз таптары сөздердің формальді грамматикалық категориялары, үшіншілері бойынша сөздердің таза грамматикалық топтары болып саналады.

М.В.Ломоносовтың XVIII ғасырдың орта тұсында басылым көрген «Русская грамматика» атты еңбегінен бастау алатын орыс тіл біліміндегі сөз таптастыру ілімінің тарихи даму жолын бүгінгі тіл білімі жетістігі тұрғысынан саралағанда, төмендегі негізгі бағыттарды ажыратып көрсетуге болады:

- 1) Семантикалық бағыт;
- 2) Формальді-грамматикалық бағыт;
- 3) Лексика-грамматикалық бағыт.

Семантикалық бағыт өз бастауын жоғарыда сөз болған ежелгі үнділер мен гректердің тіл туралы ілімдерінен алады. Ежелгі үнділер мен гректердің сөздерді топқа бөлудегі сөздің семантикасына сүйенетін ілімін қабылдап, одан әрі дамытқан орыс грамматистерінің көрнектілері М.В.Ломоносов, А.Х.Востоков, Н.А.Греч, А.А.Потебнялар болды. Қазіргі орыс тіл біліміндегі бұл бағытты жақтаушылар ретінде А.С.Чикобава, М.В.Панов, В.Н.Мигирин, О.М.Ким секілді ғалымдарды атауға болады.

М.В.Ломоносов орыс тілі сөздерін семантикалық белгісіне қарай сегіз топқа бөледі: 1) есім; 2) есімдік; 3) етістік; 4) есімше; 5) үстеу; 6) сөз алдына қойылатын көмекші сөздер (предлог); 7) шылау (жалғаулық); 8) одағай.

Сөз таптары туралы ежелгі дәуір грамматикаларынан бастау алатын ілім XIX ғасырда көптеген тілші-ғалымдар тарапынан сынға ұшырай бастады. Бұл проблеманы шешу жолындағы ғылыми ізденістер сөз таптастырудың семантикалық бағытына қарама-қарсы бағыт – формальді-грамматикалық бағытты дүниеге әкелді. Бұл бағыт өкілдері сөз таптарын анықтауда негіз етіп сөздің формасын алуды ұсынды. Олардың басты идеясы «сөз тұлғасы сөздің мағынасын да анықтайды» дегенге саяды.

Формальді-грамматикалық бағыттың алғашқы бастауы К.С.Аксаковтың еңбегінде салынып, Москва мектебінің өкілдері одан әрі дамытты. Формальді-грамматикалық бағыттың ең көрнекті өкілі Ф.Ф.Фортунатов болды [2, 8 б.]. Ф.Ф.Фортунатов және оның мектебі сөз таптарын формальді-грамматикалық (дәлірек айтқанда, морфологиялық) категория деп қарады. Ф.Ф.Фортунатов сөздерді «түрленетін» және «түрленбейтін» сөздер деп топтастырады да, «түрленетін» сөздерді «жіктелетін» (етістіктер), «септелетін» (зат есімдер) сөздер, септелетіндердің ішінде тек (род) категориясына орай сөз түрлендіруші формаларға ие болатын сөздер (сын есімдер) деп іштей жіктейді. Ф.Ф.Фортунатов үстеулерді «түрленбейтін», бірақ сөз тудырушы формаларға ие болатын топқа жатқызады. Сөздерді бұлайша тек сыртқы белгілеріне қарай сөз таптарына топтастыру тар шеңбердегі морфологизмге әкеп соқтырды [1, 152,7]. Бұдан шығатын қорытынды төмендегіше:

- 1.Сөз таптастыруда сөздің тұлғасы негізге алынуы керек.
- 2.Сөз тұлғасы қосымша қабылдау арқылы сөздің мағынасын да анықтайды.
- 3.Қосымша қабылдау қабілетіне қарай сөздер өзгертін (изменяемые) және өзгермейтін (не

изменяемые) сөздер тобына бөлінеді [2, 9,7].

Сөз таптарын таза грамматикалық категория деп қарайтын лингвистер де бар. Мысалы, О.П.Суник сөз таптарын классификациялауда тіл білімінде негізге алынып жүрген заттылық, атрибутивтік, процесс ретіндегі іс-әрекет тәрізділерді лексикалық мағына емес (ал А.А.Шахматов бұларды лексикалық мағынамен ұштастырады), жалпы грамматикалық мағына деп есептейді. Оның пікірінше, заттылық (предметность) – зат есімдерге тән және оны басқа сөз таптарынан (сын есім, сан есім, етістік және үстеулерден) ажырататын жалпы грамматикалық мағына (общеграмматическое значение). О.П.Суник сөз таптарының әрқайсына тән жеке грамматикалық категориялар мен мағыналарды, грамматикалық формаларды сөз таптарын ажырататын белгілер ретінде емес, сөз таптарының әрқайсысының өзіне тән жалпы грамматикалық мағынасынан туатын, соған бағынышты құбылыстар деп қарайды. «...Формальді белгілер де, жалпы грамматикалық заттылық мағынаға қосақтала жүретін жеке грамматикалық мағыналардың өздері де (әр басқа тілдерді былай қойғанда, бір тілдің өзінде де түрлі-түрлі болатын жеке грамматикалық мағыналар) зат есім категориясын айқындай да, жасай да алмайды. Керісінше, олардың өздері зат есімнің жалпы грамматикалық мағынасы– грамматикалық жалпы және универсальды заттылық мағына арқылы жасалып қалыптасады, айқындалады, ал жалпы грамматикалық заттылық мағына сөздің формаларында да (синтетикалық және аналитикалық формаларында), оның лексикалық мағыналарында да, синтаксистік қызметтерінде де көрінеді». Сонымен, О.П.Суник сөздерді сөз таптарына классификация жасауда сөз таптарының жалпы грамматикалық мағыналары – заттылық, атрибутивтілік, процессуальдылық және т.б. мағыналарды негізге алады да, сөз таптарын таза грамматикалық категория ретінде қарастырады.

Сөз таптарын А.А.Реформатский де грамматикалық категория деп санайды. Ол былай деп жазды: «Сөз таптары – грамматикалық (бірақ лексикалық немесе лексика-грамматикалық емес) категориялар, олардың құрамы мен орналасуы әрбір тілде басқаша болады және олар өздерінің лексикалық қасиеттерімен емес, морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктерінің жиынтығымен және мүмкіндіктерімен айқындалады». Осылайша, орыс тіл біліміндегі сөз таптарын анықтаудағы семантикалық бағыт пен формальді-грамматикалық бағыт бір-бірін жоққа шығарып отырды. Семантикалық бағыт өкілдері сөз таптастыруда мағынаны бірінші орынға қойып, грамматикалық форманы негіз етіп алып, мағыналы принципті шегіндіріп тастайды. Алайда, бір-біріне қарама-қарсы екі бағыттың да сынаржақ болуы аталмыш проблеманы объективті шешуге мүмкіндік бермеді.

Орыс тілінің морфологиясын сипаттауға бұлайша әр тұрғыдан келу сөз таптарын анықтау ісіндегі бұдан әрі ізденісті қажет етті. Осы ізденіс нәтижесінде үшінші бағыт – лексика-грамматикалық бағыт дүниеге келді.

Сөз таптарын сөздердің лексика-грамматикалық категориялары деп қарайтындар сөздер өзіне тән белгілері, атап айтқанда, семантикалық, морфологиялық және синтаксистік белгілері бойынша топталып, тиісінше белгілі бір сөз табына телінеді деп есептейді. Мысалы, А.А.Шахматовтың пікірі бойынша, әрбір сөз табының мағынасы сөздің негізгі (лексикалық) мағынасы мен оған қосымша грамматикалық ұғымдардың, грамматикалық категориялардың жиынтығынан құралады. Орыс тіліндегі зат есімдерде негізгі атауыш түсініктер (основное знаменательное представление) грамматикалық жекелік-көптік, тек (род), септік категорияларымен ұштасады да, етістіктерде – грамматикалық шак, рай, етіс, жақ және т. б. категориялармен ұштасады. А.А.Шахматовтың бұл жерде «мағына» жайында емес, «түсінік» жайында әңгіме етуінің себебі оның грамматикалық теориясына тән психологизмге байланысты екендігі аңғарылады [1, Б:154-155].

Орыс тіл білімінде көптеген академиктер мен грамматистер де сөз таптарын сөздердің лексика-грамматикалық топтары деп есептейді. Сөз таптарын бұлайша анықтау, сайып келгенде И.А.Бодуэн де Крутенэ мен Л.В.Щербаның сөз таптары туралы көзқарасына барып тіреледі. Л.В.Щерба сөз табын сипаттауда жеке-жеке негізге алынып келген семантикалық принцип пен формальді принципті бір-біріне қарсы қоюдан бас тартып, қайта бұл екеуін бір тілдің екі қыры ретінде таныды. Сөз таптарын сипаттауда семантикалық белгі мен формальді белгіні бірлікте қарау туралы Л.В.Щербаның бұл идеясын қабылдап, одан әрі дамытқан академик В.В.Виноградовтың мына бір тұжырымы оның сөз табы туралы пікірінің мәнісін айқындай түседі: «Сөз лексикалық және грамматикалық мағыналардың ішкі, конструктивті бірлігі болып табылады» [4, 15 б.]. Академик И.И.Мещанинов те сөз таптарын сөздердің мағыналары мен формаларын өзара ұштасуы деп қарайды: «Семантикалық жақтан да, форма жағынан да сипатталатын лексикалық топтар сөз таптары деп аталады» десе, Н.С.Поспелов: «Сөз таптарын сөздердің лексика-грамматикалық топтары деп санайды да, ол топтар өздеріне тән грамматикалық категорияларымен сипатталады деп тұжырымдайды» [1, 155б.].

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алғашқы отыз жылдығындағы сөз таптары туралы орыс грамматистерінің ілімінің қорытындысы іспетті болған еңбектерінде ғалым В.В.Виноградов сөз таптарының бес түрлі белгісін атап көрсетеді:

1. Синтаксическая функция;
2. Морфологический строй и форма слова;
3. Лексическое значение;
4. Отражение действительности;
5. Различие в грамматических категориях.

Ғалым бәрінің бір деңгейде бола алмауына байланысты алдымен сөздерді төрт «Структурно-семантические типтерге» ажыратады: 1) слова-названия или части речи; 2) связочные слова или частицы речей; 3) модальное и слова; 4) междометие, ал сөз табы ретінде зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, жай-күй категориясы аталады.

Сөз таптарының В.В.Виноградов жасаған бұл жүйесі орыс тіл білімінде дәстүрге айналды. Кеңес дәуірінде жарық көрген «Орыс тілі грамматикаларында» осы жүйе негізге алынды.

Басты өкілдері Л.В.Щерба, В.В.Виноградов болып саналатын сөз таптастырудың лексика-грамматикалық бағытының негізгі идеялары мыналарға саяды [4, Б: 8-10]:

1. Сөз таптарын анықтаудың негізгі өлшемдері лексикалық және грамматикалық өлшемдер болуы қажет;
2. Сөз – лексикалық және грамматикалық мағыналарды бойына топтастырған тілдік бірлік;
3. Сөздің морфологиялық категорияларын синтаксистік категориялардан ажыратып қарауға болмайды;
4. Атаулы (номинативті) қызмет атқара алатын сөздер ғана сөз табы бола алады;
5. Сөз табының лексикалық мағынасы, өзіндік грамматикалық тұлғалар жүйесі және синтаксистік қызметі болуы шарт.
6. Сөз таптарына қарама-қарсы топ – атаулы (номинативті) қызметі жоқ сөздер – көмекші (частицы-речи) сөздер бөлінеді;
7. Лексикалық және грамматикалық сипатына қарай сөз таптарына да, көмекші сөздерге де қосылмайтын сөздер бар.

Сонымен, орыс тіл біліміндегі сөз таптастыру ілімінің дамуы барысында төрт түрлі бағыттың болғаны анықталып отыр. Оның алғашқы үшеуін (семантикалық, формальды-грамматикалық, лексика-грамматикалық) дәстүрлі деп танысақ, XX ғасырдың 70-жылдарынан басталған структуралық аталған жаңа бағыттың да нәтижесі ретінде арнаулы қомақты жұмыс жарық көрді [2, Б:8-10]. Қазақ тіл біліміндегі сөз таптастыру теориясының өткен жолын таразылаумен қатар бүгінгі жайы да сөз етіле отырып, оның жетістігі мен кемшілік тұстары да айқындалды. Қазақ тіл білімінің бүгінгі жетістігі тұрғысынан сөз таптарының семантикалық, морфологиялық, синтаксистік принциптеріне анықтама берілді. Бұл принциптер әр ғалым еңбектерінде әртүрлі дәрежеде негізге алына отырып, сөздерді таптастырудың біртіндеп даму сатысынан өткендігі айқындалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы, 1972.
2. Мұхтаров С. Қазақ тіл біліміндегі сөз таптастыру теориясының қалыптасуы. Автореферат. – Алматы, 1983.
3. Қордабаев Т. Жалпы тіл білімі. – Алматы, 1983.
4. Виноградов В.В. Русский язык (грамматическое учение о слове), М-Л., 1974.

ӨОЖ 811.232.89

СӨЗ ТАПТАРЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОДАҒАЙ СӨЗДЕР

МАМЫТБЕКОВА ЖАНАР ЧАЙЫШБЕКОВНА

Болтай батыр атындағы шағын орталықты орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданы

Резюме. В статье рассматривается разделение всех слов в казахском языке по грамматическим, семантическим и морфологическим признакам. В том числе рассмотрены исследования происхождения и особенностей природы образования однополых слов.

Summary. The article considers the division of all words in the Kazakh language according to grammatical, semantic and morphological features. In particular, studies of the origin and peculiarities of the nature of the formation of same-sex words are considered.

Сөз таптары жөніндегі мәселені бағдарлау әрі тілдің құрылымының, әрі сөздің құрылымының теориялық та, практикалық та мәселелерін терең зерттеу, жете білу үшін керек. Мысалы, бастауыш, орта, жоғары мектептерде тілді оқытудың негізгі түйіндері, сайып келгенде, сөз таптарына, солардың айналасына шоқталады; сондай-ақ тілдің грамматикалық құрылысына байланысты көптеген мәселелерді алсақ, оларды сөз таптарына байланыстырмай зерттеу де, шешу де мүмкін емес. Олай болса, сөз таптары жайындағы мәселелер тілдің грамматикалық құрылысының, сөздің грамматикалық құрылымының әрі кіндік қазығы, әр негізгі арқауы сияқты мәселелер. Шынында, тереңірек үңілсек, сөз табы грамматиканың көптеген түйіндерін шешетін арқау ғана емес, оны (грамматиканы) лексикамен байланыстыратын да негізгі баспалдақ сияқты. Сөздің морфологиялық құрылымы жайындағы ілім тек сөздің құрамын (түбірінің, негізін, қосымшаларын) талдаумен ғана тынбайды, оның бүкіл грамматикалық жүйесін, әр тобына тән сөз тудыратын, сөз түрлендіретін жүйелерін де зерттейді. Тілдегі сөздерді грамматикалық топтарға бөлу, оларға тиісті грамматикалық сипаттамалар беру, алды-алдына талдау грамматиканың негізгі өзегі, ең түйінді, ең басты мәселесі.

Қазақ тіліндегі барлық сөздер семантикалық және морфологиялық (формальдік) белгілеріне қарай, ең алдымен, үш үлкен топқа бөлінеді. Олар – атаушы сөздер, көмекші сөздер және одағай сөздер.

Одағай сөздер деп ешқандай да ақиқат ұғымдарды білдірмейтін, тек адамның әр алуан көңіл күйі мен әр қилы сезім райларын білдіру үшін қолданылатын (бірақ олардың атаулары есебінде жұмсалмайтын) сөздерді айтамыз. Одағайлар шығу тегі мен қалыптасу табиғатының ерекшелігіне қарай, өзге сөздермен ешқандай да грамматикалық қарым-қатынасқа түспейді. Сол себептен одағайлар белгілі бір сөйлемдерге қабаттасып жұмсалатын жарыспа сөйлемдер ретінде жұмсалғандарымен, бірақ өздері сөйлем мүшесі бола алмайды. Сөйтіп, қазіргі қазақ тіліндегі барлық сөздерді ең әуелі атаушы сөздер, көмекші сөздер және одағай сөздер деген үш топқа бөлсе, ол топтар лексика-грамматикалық жақтарынан сараланып, ішінара тағы да топ-топтарға бөлінеді.

Одағай сөздердің мағыналық жағынан да, морфологиялық жағынан да, синтаксистік қызметі жағынан да өздеріне тән ерекшеліктері бар. Осымен байланысты одағайлардың жалпы сөз таптарының ішінде алатын орны ерекше.

Одағай сөздер мағына жағынан заттың (субстанцияның) өзі туралы да, сыны, саны, қимылы туралы да, қимылдың жайы-күйі туралы да ұғым бермейді. Олай болса, одағайлар мағына жағынан зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу сияктанған негізгі сөз таптарына тән сөздердің бірде-біреуіне ұқсамайды. Осындай ерекшеліктерімен байланысты, одағай сөздер сөйлемде не тұрлаулы, не тұрлаусыз мүшелердің қызметтерін атқармайды, сөйлемдегі басқа сөздермен тікелей синтаксистік қарым-қатынасқа түспейді.

Сонымен қатар, одағай сөздер түрлі шылау сөздерге де ұқсамайды, өйткені шылау сөздердің өздеріне тән лексикалық мағыналары болмағанымен, сөйлемдегі басқа мағыналы сөздермен селбесіп, оларды өз ара байланыстыратын грамматикалық дәнекер болып қызмет атқарса, одағайларда бұл қасиет те жоқ.

Одағайлар – өз алдына ерекшеліктері бар сөздер. Ал ол ерекшеліктері мыналар: Біріншіден, одағай сөздердің мағыналары адамның, әр түрлі сезімімен байланысты шығатын дыбыстық ишараттарды білдіреді. Мысалы: Мұны бастап жүрген кім екен, ә? (Ә.Әбішев); Япырмау, жастық деген қандай қызық? (Ғ. Сланов) дегендердегі ә, япырмау деген сөздер – одағайлар. Алғашқы сөйлемдегі әкүдіктенгендікті білдірсе, соңғы сөйлемдегі япырмау деген сүйсіну, шаттану жайын байқатады. Япырмау, қайда сол күндер! (Абай) дегендегі япырмау деген өкінгендікті, арманды білдіреді.

Екіншіден, адамның көңіл күйі құбылмалы болатындықтан, одағай сөздердің көпшілігінің мағыналары да құбылмалы, ауыспалы демек, көп мағыналы болып келеді. Одағай сөздің дәл мағынасы сөйлемде айтылатын ойдың жалпы сарынына байланысты болады. Өйткені одағай сөздер сөйлемде айтылатын оймен жарыса қабаттаса айтылатын сезімді білдіреді. Ендеше, сөйлемде айтылатын ойдың жалпы аңғарына қарай, демек, бірде сүйсіну, бірде кею (ренжу), бірде күдіктену, бірде өкіну сияқты алуан түрлі сезім құбылыстарына қарай, одағай сөздердің айтылу ырғақтары да (интонациясы) құбылып отырады. Мысалы: Уай, жарандар, мен бір ақыл айтайын ба (Ә. Әбішев); Әй, кім барсың (бұ да); Уай, қой деймін, бала! (бұ да) деген сөйлемдердегі айтылған ойдың мағыналарына, аңғар-сарындарына қарай,

одағай сөздер де, дауыс ырғағы арқылы, сөйлеуші адамның көңіл күйін жарыстыра, қабаттастыра білдіріп тұр.

Үшіншіден, одағай сөздер сөйлемнің басқа мүшелерімен грамматикалық жағынан байланыспайды, олай болса, өзі жарыса айтылған сөйлемнің мүшесі болмайды. Одағайлар – өздері жарыса, қабаттаса айтылатын сөйлемнен дауыс ырғағы арқылы оқшауланып, бөлініп тұратын сөздер. Мысалы: Қап, барлық еңбектері далаға кетеді-ау! (Ғ. Мүсірепов). Бәсе, соны айтыңызшы (Ғ. Сланов); Бәрекелді, жігіттер, осы беттеріңнен қайтпаңдар (Ғ. Мүсірепов); Паһ, мықты екен-ау мынау мұндар, (С. Мұқанов) дегендердегі кап, бәсе, бәрекелді, паһ деген одағайлар сөйлемдермен жарыса айтылып, олардағы негізгі мағыналарды үстей, толықтыра түсіп тұр. Бірақ бұл мысалдардағы одағайларды жеке алғанда сөйлем деп қарау қиын.

Одағай сөздер көбінесе адам сезімінің алуан түрлі күйін білдіретін дыбыстар сияқты болып келеді. Бірақ олар жай ғана дыбыстар емес, жұртшылыққа әбден түсінікті болып, белгілі дағды бойынша сөз ретінде пайдаланылатын дыбыстар. Олар жұртшылыққа әбден түсінікті болып қалыптасқандықтан, жай ғана дыбыстардың қатарынан шығып, белгілі сөзге айналған. Мысалы: Уау, жігіттер-ау, бұл қалай? (Ғ. Сланов); Па, сабаз, мал болғаныңа! (бұ да); Түү, қандай тымырсық түн (бұ да); Е, жолдас, жақсы жатып, жай тұрдыңыз ба? (С. Мұқанов) дегендердегі уау, па, түү, е деген одағайлар үйреншікті сөздерге айналып, жұрттың бәріне түсінікті болып кеткен.

Одағайлар негізгі және туынды болып екіге бөлінеді.

Негізгі одағайларға: ау, па, ей, әй, е, уа, уау, уай, я, пай, ә, о, оһо, ой, әй, ие, аһа, ау, беу дегендер жатады. Бұл одағайлар қайталанып та қолданылады.

Туынды одағайларға: мәссаған, бәрекелді, әттегенай, жаракімалла, масқарай, о тоба, астапыралла, япырмай, ойпырмай, о дариға... сияқтанғандар жатады. Бұлар әуелбастағы мағыналы сөздерден я сөз тіркестерінен бірігіп одағай сөздерге айналған. Мысалы: мәссаған деген одағайдың бастапқы төркіні – мә, саған; бәрекелді дегеннің төркіні – барақа аллаһу (алла саған бақыт берсін); жаракімалла дегеннің төркіні – я рақым (бер) алла; масқарай дегеннің түбірі – масқара-ай; о тоба дегеннің төркіні – иситиғфару .аллаһу (алла кешірсін); япырай, ойпырмай, апырай дегендердің түбірлері – я, пірім-ай; ой, пірім-ай дегендерден шыққан. Ал әттегенай деген одағай әйт деген-ай – (айт дегенің –ой) дегеннен шыққан. Бірақ бұл сөздер өздерінің бастапқы ақиқаттық мағыналарынан тіпті алыстап, таң қалу, ұнату, мадақтау, өкіну шошыну сияқты көңіл күйлерін білдіретін одағайларға айналып кеткен. Сол тәрізді, е, тәйір; тәйір-ай; уа, дүние; әттен; шіркін-ай; я сәт; аттан; алақай деген сияқты ескі ұғымдарды білдіретін сөздер көбінесе одағай ретінде әуелі ауызекі тілде қолданылып, біртіндеп әдеби тілге де еніп кетіп жүр.

Сөйтіп, одағайлар тек көңіл күйін білдіретін күрделі дыбыстардан ғана емес, бастапқы кезде ақиқаттық мағынасы бар сөздерден де шығады. Одағайлар тек ертеректегі дәуірлерде шыққан сөздер ғана емес, я олардың қалдықтары ғана емес, кейінгі кездерде де, біздің заманымызда да шығып отыратын категория.

Одағайлардың дәлді мағынасы нақтылы сөйлеу жағдайларымен байланысты контексте айқындалады, өйткені бір одағай сөздің өзі, қолданылу ерекшелігіне қарай, әр сөйлемде әр түрлі мағына береді. Демек, бір одағайдың өзі бірде таңырқау, бірде сүйсіну, бірде налу, бірде аяу, бірде ызалану, бірде ұнату, бірде ұнатпау, бірде күдіктену, бірде мысқылдау, бірде назар аудартып қарату сияқты жай-күйлерді білдіріп ауысып отырады. Мысалы: Әй, сол ма, тәйірі! (Ғ. Сланов); әй, байғұсым-ай, басын бастаса, түсіне кетесің-ау! (С. Мұқанов); Әй, сен өзің әрі кетші! (С. Мұқанов).

Сөйтіп, көңіл күйіне байланысты, жоғарыдағы сияқты, одағайлардың өздері әлденеше түрге бөлінеді. Бірақ мағыналарының соншалық ауысып отырғандығынан оларды жіктеу тіпті қиын. Егер топтасақ, көңіл күйінің алуан түрлі райын бас-басына атап санауға мәжбүр болатын сияқтымыз. Сондықтан жоғарыдағы сияқты одағайларды шартты түрде бір топқа жатқызып, көңіл күйі одағайлары деп атауға болады.

Бұлардан басқа тілімізде адамға арнай айтылатын: кәне, міне, әні, мә, жә, әйда, әй, тек, тәйт сияқты одағайлар да бар. Бұлардың мағыналары жоғарыдағы одағайлардан гөрі басқашалау. Демек, олардың кейбіреулері көрсету я нұсқау (кәні, міне, әні), кейбіреулері ұсыну (мә, айда), кейбіреулері тыю (жәй, тәй, тек, тәйт) мағыналарын береді; бұларды ишарат одағайлары деген дұрыс.

Одағайлар ойды көріктендіріп, ырғақпен (интонация) айтылатын сөйлем емес, бірақ сөйлемге балама ретінде қолданылатын сөздер. Бірақ олар — іштей мүшеленбейтін, синтаксистік жағынан басқа грамматикалық категориялардан оқшау тұратын, әлеуметтік қызметі мен мәні әбден түсінікті болып қалыптасқан сөздер. Осы ерекшеліктеріне қарай, одағайлар адамның көңіл күйлерімен байланысты алуан түрлі сезімдерді білдіретін лепті, сұраулы сөйлемдер ретінде қолданылады. Мысалы: қане! деген одағай келіндер! іске кірістік я іске кірісіңдер! деген ишаратты білдірсе, міне! деген одағай көрдіндер ме, айтқаным осы еді немесе осы сияқтанған басқа мағынада қолданыла береді. Ауызекі тілде қане! міне!

дегендердің орнына сыпайырақ қанікіңіз, мінікіңіз деп, мә! жә! деудің орнына мәңіз! жеңіз! деп те айтады.

Одағайлар екі түрлі жағдайда ғана сөйлем мүшесі бола алады.

1) Одағайлар кейбір кемеңгі етістіктермен тіркесіп күрделі мүшенің құрамына кіреді. Мұндайда көмеңгі етістік одағайды басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түсіретін дәнекер болып қызмет атқарады. Мысалы: Өт-те-ге-не-ай — деді ол таңдайын қағып (С.Мұқанов); Күр - күр.. рр. Әй,әй! — десті үйдің ішінен екі дауыс (бұ да); Моһ! моһ! — деп кешкі тымық даланы басына көтерді (бұ да) дегендердегі одағайлар де етістігінің дәнекерленуімен, қайтті? не деді? қайтіп? не деп? деген сұрауларға жауап болып, сөйлемнің мүшесі бола алады.

2) Одағай сөздер субстантивтеніп, түрлі қосымшалар қабылдап, сөйлемнің қалыпты мүшесі болады. Мысалы, Аллаңнан ойбайым тыныш (мәтел); Кешке әрі тоңып, әрі шаршап аһлап, уһлеп отырған, кемпір өзін өлтіріп кете жаздаған кім екенін есіне алды (С.Көбеев); Қойдың көл жағынан тәй-тәйлеп бір бала түрегелді (Б. Майлин) т.б. Қазақ тіл біліміндегі сөз таптастыру теориясының өткен жолын таразылаумен қатар бүгінгі жайы да сөз етіле отырып, оның жетістігі мен кемшілік тұстары да айқындалды. Қазақ тіл білімінің бүгінгі жетістігі тұрғысынан сөз таптарының семантикалық, морфологиялық, синтаксистік принциптеріне анықтама берілді. Бұл принциптер әр ғалым еңбектерінде әртүрлі дәрежеде негізге алына отырып, сөздерді таптастырудың біртіндеп даму сатысынан өткендігі айқындалды. Орыс тіл білімінде Л.В.Щербадан, түркітанымда А.К.Боровковтан, қазақ тіл білімінде Қ.Жұбанов бастаған жаңа лекбуынның келуімен бұл үш принцип негізге алына отырып, сөздерді таптастырудың теориялық принципі қалыптасты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұхтаров С. Қазақ тіл біліміндегі сөз таптастыру теориясының қалыптасуы. Автореферат. Алматы, 1983.
2. Төлеуов Ә. Сөз таптары. Алматы, 1982.
3. Исаев С. Қазіргі қазақ тілі сөздерінің грамматикалық сипаты. Алматы, 1998.
4. Оразов М. Қазақ тіліндегі сөздерді таптастыру принциптері. //Қазақ тілі мен әдебиеті. 1993. №1.
5. Оразов М. Атауыш сөздерден көмеңгі сөздерге. //Қазақстан мектебі. 1991. №12. Қазақ грамматикасы. Алматы, 2002.

ӨОЖ 82.789.56

ЕСІМДІКТЕРДІҢ АНАФОРАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

ЖИЛХАЙДАРОВА РАБИГА АБДУМАЛИКОВНА

Д.Қонаев атындағы №66 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

ЖУМАБАЕВА ГУЛЬМИРА ЖАНТЛЕУОВНА

Д.Қонаев атындағы №66 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

Резюме. В статье подробно рассмотрены лексико-грамматические особенности, функциональные употребления анафорических языковых единиц.

Summary. The article details lexical and grammatical features, functional uses of anaphoric language units.

Соңғы жылдарда тіл біліміндегі теориялық лингвистика мен типологиялық зерттеулердің негізгі объектісі ретінде көбіне анафоралық тіл бірліктері қарастырылып жүр. Бұл кездейсоқтық емес. Себебі анафоралық тіл бірліктері сілтеушілік, орынбасарлық қызметте кеңінен жұмсалады. Ал сілтеу, орынбасу коммуникативтік актіні іске асыруда, мәтін құрауда, тілдің когнитивтік жүйесінде маңызды қызмет атқарады. Сондықтан да анафоралық тіл бірліктері ерте кездерден бастап, күні бүгінге дейін зерттеушілердің зерделеу нысанынан қалып қалып көрген емес. Содан да болар тіл білімі тарихында анафоралық тіл бірліктерін сөз еткен ғалымдар да, түрлі зерттеу еңбектері де

көптеп саналады. Анафоралық тіл бірліктері ретінде біз есімдіктерді, оның ішінде жіктеу және сілтеу есімдіктерін айта алатындығымызды жоғарыда атап өттік. Сондықтан да анафоралық тіл бірліктерінің зерттелуін есімдіктердің зерттелуімен тікелей байланыста қарастыратынымыз сөзсіз.

Ал есімдіктер батыс және орыс тіл білімінде, түркологиялық зеттеулер мен қазақ тіл білімі саласында да кеңінен сөз болып келеді. Алғаш батыс және орыс тіл білімі тарихындағы есімдіктердің сөз болуына тоқталамыз. Батыстық лингвистика мен орыс тіл білімі тарихындағы есімдіктер туралы барлық еңбектерді түгелдей қамту, әрине, мүмкін емес, олардың көлемін біздің жұмысымызға сыйдыру мүмкін де болмас. Сондықтан да біз батыс және орыс тіл біліміндегі есімдіктерді зерттеуге арналған негізгі, яғни өз жұмысымыздың бағытына қатысты еңбектерге ғана тоқталамыз.

Есімдіктердің анафоралық қызмет ерекшеліктері ерте кезден бастап-ақ сөз болуда. Есімдіктердің орынбасарлық қызметін Г.Суит алғаш сөз етсе, субституция теориясын Л. Блумфильд бастап, Р. Гарверг жалғастырады және де бұл мәселеге Р.Краймз 1965 жылы докторлық диссертациясын арнайды. Ал дейксис теориясын сөз еткен К. Бругманнның ой- пікірлері К. Бюлердің еңбектерінде (1934) жалғастырылып, К. Бюлердің бұл ойлары кейін келе «эгоцентризм» теориясына бастау болды.

Жиырмасыншы ғасырдың басындағы тіл білімі тарихында К.Бругманн, Ч.С.Пирс, А.Норен, О.Есперсен, К.Бюлер, П.Кристоферсен тәрізді ғалымдар есімдіктерді арнайы сөз етіп, өз еңбектеріне арқау етті.

Неміс лингвисті К.Бругманн 1904 жылы дейксис терминін кең көлемде қолдануды ұсынып, оның аясына сілтеу есімдіктерімен қатар жіктеу есімдіктерін де енгізді. Ол бірнеше тілдің элементтерін зерделей келе, дейксистің төрт түрін бөліп көрсеткен. Мұны ары қарай К. Бюлер терендеткендігін Л.Я. Маловицкий былай айтып көрсетеді: «Система К.Бругманна была преобразована К.Бюлером в систему ориентирования относительно собственного «я», что позднее было удачно названо эгоцентризмом местоимений»[1, с. 88].

Дейксис ұғымы зерттеле келе, Ч.С.Пирс еңбектерінде де (1940) жалғасын табады. Ғалым өз еңбектерінде «индекс» ұғымын енгізіп, сілтеу есімдіктердің «индексалдылығын» саралайды. Бұл туралы «Человеческий фактор в языке» жинағында былай делінген: «Без индексальных элементов естественный язык не может. К таким элементам Ч. Пирс относил, в частности, указательные местоимения, которые, по его словам, «призывают слушающего привести в действие механизмы наблюдения, устанавливая таким образом реальную связь между его сознанием и обозначаемым объектом» [2, с.158].

Есімдіктердің түрлі қызметтерін саралауда ғалымдардың айтқан пікірлері бұл сөз табының ерекшеліктерін ашуға септігін тигізді. А.Норен есімдіктерді мағынасы «өзгермелі» сөздер ретінде белгілей отыра, есімдіктердің мағыналарының тұрақсыздығын, олардың түрлі жағдайлармен анықталатынын айтады. Ал О.Есперсен А. Нореннің пікіріне сын айта отыра, былай деген: «Разряд, установленный Норейном, слишком обширен и слишком разнороден, и все же нелегко понять, как под его определение могут подойти такие слова, как вопросительное кто, что или какой-то, ничего и т.п.» [3, с.91].

Дейксис ұғымын Дж. Лайонз (1977) сөйлеуші айтып тұрған немесе контекстің кеңістіктік-уақыттық өлшемдеріне қатысты сілтеу арқылы көрініс беретін зат, құбылыс, оқиға, тұлғалардың теңестіріліп сәйкестенуі ретінде түсіндірсе, А. Бенвенист «Общая лингвистика» атты еңбегінің (1974) бір бөлімін дейксис мәселесіне арнайды. Ол мұнда дейксистік элементтерді тілдегі субъектілік деген ұғыммен береді. Ол субъектілік элементтер ретінде жіктеу есімдіктерін атай отыра, оларға мынадай түсінік береді: «Я - это индивид, который производит данный речевой акт, содержащий акт производства языковой формы я. Ты: индивид, к которому обращаются в данном речевом акте, содержащем акт производства языковой формы ты»[4, с.287]. Э. Бенвенисттің осы еңбегіндегі негізгі ойлары есімдіктердің қызметтерін саралауға ықпал етті.

Ал есімдіктердің түркологияда зерттелуіне келсек, ол алғаш орыс миссионерлерінің зерттеулерінде сөз болған. Н.И. Ильминскийдің «Қырғыз тілін зерттеу материалдарында» қазақ тілінің татар тілінен ерекшеліктері сөз болады. Мұнда есімдіктер талданбайды, тек жіктеу, сілтеу есімдіктерінің кейбір ерекшеліктері ғана сөз болады. Ал П.М. Мелиоранскийдің «Қазақ-қырғыз тілінің қысқаша грамматикасында» есімдіктер бес топқа бөлінген. В. Катаринскийдің «Грамматика киргизского языка. Фонетика. Этимология и синтаксис», Н. Созоновтың «Записки по грамматике киргизского языка», А. Старчевскийдің «Спутник русского человека в Средней Азии» сияқты еңбектерінде де есімдіктер сараланады.

Түркологияда алғашқы жылдары С.В. Ястремский (1900) якут тілін, В.В.Радлов (1911) түрік тілдерін, А.Н. Самойлович (1916) - татар тілін, В. Банг (1931) - түрік тілдерін, Н.К. Дмитриев (1926) -

осман тілін, И.А. Батманов (1936, 39) - қырғыз тілін, В.А. Богородский (1934) - татар тілін, В.А. Гордлевский (1916) - осман тілін зерттей отыра, сол зерттеулерінде есімдіктерді сөз етеді. Бұл еңбектерде есімдік дегеніміз не, оның түрлері, кейде тарихы мен сөйлем мүшесінің қызметтерін атқарулары айтылады.

В.А. Гордлевский түрік тілінде бұл – айтылып кеткен затты, *осы* – енді айтылатын затты сілтейді дейді де, түрік тілдеріндегі сілтеу есімдіктерінің үш деңгейлі қатарының кеңістікті, уақытты білдіретіндіктерін де айтады. Ал Н.К. Дмитриев В.А. Гордлевскийдің пікірін ескере отырып, сілтеу есімдіктерін сөйлеушінің алдын-ала сілтенетін элементпен таныс болу-болмауы белгілеріне қарай саралау принципін ұсынады.

Основные критерии отбора художественных произведений для изучения в образовательных учреждениях с родным (нерусским) языком обучения совпадают с критериями, предложенными для образовательных учреждений с русским языком обучения. Однако в образовательных учреждениях с родным (нерусским) языком обучения учащиеся обращаются к материалу русской литературы как иноязычной, изучаемой параллельно с родной, то есть литературное образование осуществляется на бикультурной основе. Это вносит специфику в изучение предмета: с одной стороны, часть историко- и теоретико-литературных сведений учащиеся получают в курсе родной литературы, с другой – возникает необходимость представить в стандарте элементы сопоставления русской и родной литературы.

Недостаточное владение русским языком определяет необходимость некоторого сокращения числа предлагаемых для изучения литературных произведений. Замена отдельных произведений обусловлена следующими факторами:

- а) языковая сложность произведения;
- б) необходимость представить художественные произведения, насыщенные культуроведческой информацией, чтобы ввести учащихся образовательных учреждений с родным (нерусским) языком обучения в контекст менее знакомой для них русской культуры;
- в) стремление более широко и многогранно отразить своеобразие русского быта, русских национальных традиций, обычаев, особенности русского национального характера, духовные основы русской культуры;
- г) стремление представить те произведения русских писателей, в которых нашло отражение этническое многообразие России, быт, обычаи, культура населяющих ее народов, контакты русских людей с представителями других народов России, стремление народов к взаимопониманию, умение оценить лучшее в обычаях и традициях разных народов.

Изучение литературы на ступени основного общего образования направлено на достижение следующих целей:

- воспитание духовно развитой личности, формирование гуманистического мировоззрения, гражданского сознания, чувства патриотизма, любви и уважения к литературе и ценностям отечественной культуры;
- развитие эмоционального восприятия художественного текста, образного и аналитического мышления, творческого воображения, читательской культуры и понимания авторской позиции;
- формирование начальных представлений о специфике литературы в ряду других искусств, потребности в самостоятельном чтении художественных произведений; развитие устной и письменной речи учащихся;
- освоение текстов художественных произведений в единстве формы и содержания, основных историко-литературных сведений и теоретико-литературных понятий;

-овладение умениями чтения и анализа художественных произведений с привлечением базовых литературоведческих понятий и необходимых сведений по истории литературы;

-выявления в произведениях конкретно-исторического и общечеловеческого содержания; грамотного использования русского литературного языка при создании собственных устных и письменных высказываний.

Изучение литературы в образовательных учреждениях с родным (нерусским) языком обучения реализует общие цели и способствует решению специфических задач:

-формирование способности понимать и эстетически воспринимать произведения русской литературы, отличающиеся от произведений родной особенностями образно-эстетической системы;

-обогащение духовного мира учащихся путем приобщения их, наряду с изучением родной литературы, к нравственным ценностям и художественному многообразию русской литературы, к вершинным произведениям зарубежной классики, к отдельным произведениям литературы народов России;

формирование умений сопоставлять произведения русской и родной литературы, находить в них сходные темы, проблемы, идеи, выявлять национально- и культурно-обусловленные различия;

-развитие и совершенствование русской устной и письменной речи учащихся, для которых русский язык не является родным.

Спецификой изучения русской литературы в образовательных учреждениях с родным (нерусским) языком обучения является также вынужденная необходимость изучать в сокращении или во фрагментах большие по объему произведения. В частности, в основной школе предполагается обзорное изучение с чтением отдельных фрагментов таких произведений, как «Отцы и дети» И.С. Тургенева, «Кому на Руси жить хорошо» Н.А. Некрасова, «Преступление и наказание» Ф.М. Достоевского, «Война и мир» Л.Н. Толстого. Это вызвано стремлением подготовить учащихся к полноценному восприятию сложных и объемных текстов в старшей школе, а также необходимостью дать учащимся основной школы, которые не продолжают образование в старшей школе, представление о вершинных произведениях русской классики второй половины XIX в.

Предположим, что люди хотели еще в те времена оставить после себя какое-то наследие. Передать какую-то мудрость, важную информацию для своих предков. Если говорить о зарождение нашей письменности. То известно, что у славян она появилась лишь в IX веке, когда на основании греческого алфавита была изобретена азбука Кирилла и Мефодия. Литература на протяжении многих веков менялась, появлялись печатные издания. Книга стала не просто редкостью, а современным предметом обихода. Писатели выражали свои чувства и мысли на страницах. Поднимали злободневные, волнующие проблемы, которые не остались незамеченными. Какие-то книги критиковали, какие-то считали высшим произведением искусства, лучшие из них переиздавались несколько раз. Любое произведение будоражило воображение, заставляя читателя смеяться или плакать, восхищало или вызывало отвращение. Современное общество уже больше предпочитает электронный формат книг. Все это происходит в связи с технологическим прогрессом. Появлялись электронные книги, планшеты, телефоны, компьютеры, ноутбуки. Но все это не меняет отношение человека к книге, люди продолжают искать те издания, которые подходят именно ему. Сейчас у людей куча возможностей, так как не нужно искать редкую интересную книгу на полках книжного магазина, библиотек, все можно найти во всемирной паутине. Набираешь в поисковой строке заветное слово, и оно появляется на экране монитора, и вы уже наслаждаетесь чтением любимого текста. Покажем на примере, как книга повлияла на жизнь одной исторической личностей и целого мира.

В итоге, хотелось бы сказать, что тот, кто читает много книг, меняется и сам. Книга есть жизнь нашего времени. В ней все нуждаются – и старые, и молодые, и деловые, и ничего не делающие; дети-также». Книги делают нас людьми. Любая литература, которую вы прочитали с самого раннего детства, может рассказать о том, кем вы являетесь сейчас. Если вы предпочитаете фантастику, значит у вас богатое воображение. Человек, читающий классику, получает эмоциональный культурный опыт. Он переживает за героев, вместе с ними проживает все события. Это развивает чувство эмпатии, то есть способность к сопереживанию. У людей, читающих литературу по психологии, очень хорошо развита память и мышление. Литература оказывает благотворное влияние на высшие психические функции. Эти примеры можно перечислять бесконечно. Но все же можно сделать вывод о том, что любая книга по-своему влияет на людей, но лишь самому человеку вольно решать каким он будет. Поэтому стоит очень внимательно относиться к своему списку литературы. Люди, читайте больше книг и меняйте мир вокруг себя!

Список использованной литературы:

1. Ядровская Е. Р. Развитие интерпретационной деятельности читателяшкольника в процессе литературного образования (5–11 классы). - СПб., 2012 г.
2. Целикова Е. И. Эволюция анализа литературного произведения в школе. История и современность. Автореф. докт. дисс. - СПб, 2000 г.
3. Программа литературного образования. 10–11 классы/Под ред. В. Г. Маранцмана. - 3-е изд. - М., 2007 г.
4. Маранцман В. Г. Проблемный анализ романа Ф. М. Достоевского «Преступление и наказание» // Литература в школе. - 2005 г. - №№ 10-12.
5. Беньковская Т. Е. Направление, школа, система в методике преподавания литературы. – СПб., 2004 г.

ӨОЖ 81.123.35

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚАЙТАЛАМАЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ СИПАТЫ

НУРМАГАНБЕТОВА МАКПАЛ УТЕБАЕВНА

Құлтан мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы

Резюме. В статье в целом анализируется образование редуPLICATION и их функция с лингвистической точки зрения, а также определяется их научный характер. Вторично считается широко используемым лингвистическим явлением, встречающимся практически во всех языках мира. Примеры доказывают, что данное лингвистическое явление характерно для тюркских языков, в том числе и для казахского языка

Summary. The article analyzes the formation of reduplications and their function from a linguistic point of view, and also determines their scientific nature. Secondary is considered a widely used linguistic phenomenon, found in almost all languages of the world. Examples prove that this linguistic phenomenon is characteristic of Turkic languages, including the Kazakh language

Қайталану – адамзатқа тән қимылдың бір түрі. Қайталану ұғымы адамның санасы мен ойында пайда болып, тіл құралдары арқылы көрініс табады. Мұның өзі қайталану процесінің өте күрделі құбылыс екендігін және тілдік аядан да кең алып, философиялық, дүниетанымдың деңгейде қарауға толық болатындығын растайды.

«Қайталама әлемдік тілдердің барлығында дерлік кездесетін, кеңінен қолданылатын тілдік құбылыс болып саналады. Бұл тілдік құбылыс түркі тілдеріне, соның ішінде қазақ тіліне де тән. Түркі тілдеріндегі қайталамалар да көне дәуірлерде қалыптасқан. Қайталаманың қарапайымүлгілерін көне түркі жәдігерлері – «Күлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөк» ескерткіштері мәтіндерінен кездестіреміз» [1, 556.].

Олар орта түркі дәуірі ескерткіштерінен де мол ұшырасады. Эпостық жырлар мен халықтық жыр-дастандар, толғаулар мен термелер мәтіндері де қайталамаларға толы. Осының бәрін бір жағынан қайталамалардың даму, жетілу үрдісіне бағаласақ, екінші жағынан олардың қазақ тіліне, оның ұлттық сипатына төл құбылыс екендігі деп бағалауға болады.

Қайталамалардың о баста пайда болған ортасы – ауызекі тіл. Дыбыстық тілдің осы түрі ғана қайталама бірліктерді ұтымды пайдалануға қолайлы келеді. Қазақ әдеби тілінде ауызекі тілдің әсері мықты екендігі белгілі. Қазақ әдеби тілінің қайнар бұлақтарының бірі – ауызекі тіл. Олардың арасында үзілмейтін тығыз сабақтастық бар. Сондықтан ауызекі тіл мен тығыз байланыста болатын қазақ әдеби тілінде қайталамалардың ауқымды, кең сипатта қолданылып отыруы заңды нәрсе.

Екіншіден, қазақ халқы – сұлу сөзге құштар, шешендік өнерге жақын халық. Халықтық тілдегі белгілі бір зат немесе ақпарат туралы айтылатын мәтінді қайталама құрылымдар молынан қолданылуға икемді келеді. Бұл ерекшелікті де қазақ халқының менталитетіне тән ұлттық белгінің бір көрінісі ретінде алуға болады.

Қайталамалар дами келіп, сөз жасамның тәсіліне айналып, сөз мағынасын түрлендіретін, бір сөз табын екінші бір сөз табына айналдыра алатын тәсіл ретінде де таныла бастады. Бұл қайталамалардың дауының жаңа кезеңі. Қайталамалардың сөзжасамдық қасиеті туралы әлемдік тіл білімінде де, қазақ тіл білімінде де біркелкі қамтылған. Тілдің қолданыс аясының кенеюі, ұлттық әдеби тілдің дамуы қайталамалардың жаңа қызметін – көркемдегіш тәсіл ретінде қолданылу мүмкіншілігін ашып береді.

Соның нәтижесінде қайталамалар стилистикалық тәсіл ретінде таныла бастады. «Қайталаманың бұл түрі парадигмалық сипаттағы қайталама түрінен түбегейлі ажыратылады. Ең алдымен, стильдік қайталамалар тілдің барлық саласын – фонетика, лексика, грамматика саласын қамтып, мәнін түзу және мәтін дамыту қызметтерін атқарады» [2,356.]. Мұның өзі – қайталамалардың өте күрделі құбылыс екендігінің белгісі. Қайталамадан басқа тілдегі бір де бір көркемдегіш құрал әрі тілдік, әрі сөзсаптамдық сипатқа ие болып, тілдің ішкі саласының барлық деңгейін қамти алмайды.

Қайталамалардың өзіндік жүйе мен құрылымнан тұратындығы парадигмалық және синтагмалық қасиеттерге ие болатындығы, тілдің барлық деңгейінде көрініс табатындығы, өз ішінен бірнеше түрге бөлінетіндігі, дыбыстардың, сөз тіркесінің, сөйлемнің, микромәтіннің, абзацтың, тіпті мәтіннің қайталанып берілуі арқылы сан түрлі қызмет атқаратындығы, басқа стилистикалық әдіс-тәсілдерден әлдеқайда ауқымды келетіндігі оны лингвистикалық категория деп тануға мүмкіншілік береді. Осы кезге дейін стилистика ғылымында оның категориясы туралы әңгіме қозғалмаған болатын. Қайталаманың стильдік категория болатындығы туралы профессор Р.Сыздықованың еңбегінде жалпылама айтылып кетеді. «Шығарма тілін көріктеуде қайталама құбылысы – өте ұтымды тәсіл қатарынан табылады. Ол стильдік категорияға жатады» – деп бағалайды ғалым.

«Сондықтан қайталамаларды лингвистикалық категория ретінде тануда профессор К.Аханов пен профессор С.Исаевтің еңбектерінде негізі жасалды. Зерттеушілер қайталаманы тілдік құбылыс ретінде ғана қарастырса, екіншілері қайталанудың тілдік және сөз қолданыстық ерекшеліктерін жеке-жеке танудың екі бағыты қалыптастырды:

- а) қайталама – тілдік құбылыс;
- ә) қайталама – сөзсаптамдық құбылыс.

Қайталаманың алғаш тілдік құбылыс ретінде қалыптасқандығы сөзсіз. Оның дәлелі қайталама қос сөздер» [3, 826.] . Даму нәтижесінде қайталану процесі стильдік қызмет атқару мүмкіншілігіне ие болып, тілдің лексикадан басқа да салаларын қамту мүмкіншілігіне ие болған. Сондықтан бізге дейінгі зерттеушілердің қайталамалар мен қайталама қос сөздерінің ара жігі болып, оларды екі бөлек құбылыс деген пікірмен келісу қиын. Қайталама барлық тілдерде кездесетін құбылыс. Қайталамалар әлі күнге екі ғылым саласын ауқымды, әдебиеттану және тіл білімі саласының нысанасы ретінде қарастырылып келеді. Қайталамалардың зерттелуін шартты түрде үшке бөліп қарастырады:

- а) қайталаманың әлемдік тіл білімінде зерттелуі;
- ә) қайталаманың түркітану ғылымында зерттелуі;
- б) қайталаманың қазақ әдебиеттану және тіл білімінде зерттелуі.

Қайталамалардың әлемдік деңгейде зерттелуінің қарымды бөлігін орыс тіл білімі өкілдерінің еңбектері құрайды. Бұл салада М.Ломоносовты, Ф.Буслаевты, А.Потебняны, А.Шахматовты атауға болады. Орыс лингвистикасында қайталаманың кең көлемде зерттелуіне В.Виноградов, Г.Винохур, Н.Шведова өз үлестерін қосты. Орыс тілі біліміндегі XX ғасырға дейінгі зерттеулерде қайталамалардың грамматикалық сипатын талдау бағыты үстемдік құрып келсе, XX ғасырдан бастап оның стильдік ерекшеліктерін сипаттайтын еңбектер басым бола бастады. О.Бүркітов орыс лингвистерінің еңбектерін саралай келіп, олардың ғылыми көзқарасын төрт топқа бөледі.

1) Қайталама – стильдік әдіс (В.Виноградов, И.Асафьева, Н.Головкина, М.Сенкевич, Е.Чебаевская);

2) Қайталама – құрылымдық-көркемдік сипаттағы сөзсаптамдық тәсіл (Р.Ахматова, В.Нелер, О.Фонякова);

3) Қайталама – стилистикалық фигура (М.Морев, Н.Тетеревникова, Т.Крестников);

4) Қайталама – дара стильдің элементі (Савченко, Е.Иванчикова, Л.Квиквизде).

Қайталамалардың тағы бір кең зерттелген аймағы – Батыс Европа, Европа ғалымдары Ж.Вандрлес, Л.Блумфильд, америка ғалымы Э.Сепир, француз ғалымы Н.Штейнберг бар.

Әлемдік лингвистикалық әдебиеттердегі қайталамалар туралы зерттеулерді қарастыра отырып, оларды топтастырады.

- 1) Қайталамалардың жалпы табиғатын тануға бағытталған зерттеулер;
- 2) Қайталамалардың тілдік табиғатын тануға бағытталған зерттеулер;
- 3) Қайталамаларды грамматикалық құбылыс ретінде қарастырған еңбектер;
- 4) Қайталамалардың стилистикалық табиғатын тануға бағытталған еңбектер.

Қайталамалардың түркітану ғылымында де зерттеу нысанасына айналған құбылыс болып саналады. Себебі қайталану үрдісі, әсіресе редупликация – түркі тілдерінде ерекше дамыған құбылыс. Оның түркітану ғылымында жан-жақты зерттелуін заңды деп есептеген дұрыс. Қайталанудың түркітану ғылымында зерттелуі де екі бағытқа құрылған.

- 1) Қайталанудың қос сөздер деңгейінде қарастырылуы;

2) Стилистикалық мақсатта зерттелуі.

Бұл екі бағыттың алғашқысы басым сипатта болады. Бұл мәселе төңірегінде Н.Дмитриев, Н.Баскаков, І.Кеңесбаев, А.Қайдаров, Б.Оразбаева, Е.Убрятова, Р.Аганиннің еңбектерінде қамтылады. Ал соңғы бағыт түркітану ғылымында енді-енді қолға алынып жатқан сала болып саналады. Қайталаманы қазақ ғалымдары арасынан алғаш таныған А.Байтұрсынов болды. Ахаң оны «қайталақтау» деп атады. Бұл мәселе төңірегіндегі ілім Қ.Жұмалиев, З.Қабдолов, З.Ахметов еңбектерінде дамытылады.

Бірақ әдебиеттану ғылымының өкілдері қайталаманың әрбір түрін жеке-жеке айшық ретінде бір-бірімен байланыссыз қарастырған еді. Қайталаманың тілдік сипаты туралы бірінші рет профессор Р.С.Әмірдің еңбектерінде қамтылған.

«Кейде лексикалық қайталамалар шығарманың мән-мағынасын, мазмұнын айқындауда басты рөл атқарады. Мысалы, «аңса жаным», «сағым, жаным», «жақсыдан жайлап ескен жан самалын» сөз формалары автордың негізгі ойын анықтайды, осы сөз тіркестерінің әрбір қайталануы авторлық әңгімелеудің нақты сатысын, дәрежесін көрсетеді. Мұндай лексикалық қайталаманы – сатылы (ступенчатый) қайталама деп атайды» [4, 71б.].

«Жан» – бұл жерде тірі адам мәнінде алынған. Бұл сөзді осылайша қайталап қолданудың нәтижесінде оның стильдік қызметі, мағыналық аясы кейде сәл өзгере түседі. Сөйтіп стильдік қолданылу ерекшелігіне қарай көп мағыналығы барынша айқын көрінеді. «Жаным» сөзі лексикалық эпифораға айналған.

«Жанымда менің» өлеңінде дауыссыз дыбыстар тіркес күйінде абсолют позицияда қайталанып келеді. Бұл қолданысты *дыбыстық анафора* деп атайды. Бұл жерде жан – дыбыстық анафора өлең мәтініне ырғақтық мән беріп, ұйқас қызметін атқарып тұр. Дыбыстық анафораның озық үлгілерін М.Шаханов, Ү.Есдәулет, Ж.Әбдірәшев сияқты ақындар өлеңдерінен кездестіруге де болады.

Омонимдік қайталамалар туындының әсемдігі, әсерлігімен қатар, композициялық құрылысында да ерекше қызмет жасайды. Мысалы:

*Жастық маған от берді жалындат деп,
Жастық маған оқ берді жауыңды ат деп.
Жастық мені жалтарпай шыңға айдады,
Жастық менің жаныма жыр байлады.
Жастық мені шындады, шынықтырды,
Жастық, шіркін өмірді шын ұқтырды.*

Бұл мысал Мұқағалидың «Жастық» атты өлеңінен алынған. Ақынның осы өлеңінде негізгі нысана айтар ой, ақындық идея тек жастыққа қаратылып, жастық сөзінің мағынасын күшейте түсу үшін, әр тармақтың басынан бастап әр қырынан келген. Міне, сол үшін де бұл шумақта *анафоралық қайталама* жасалып, «жастық» сөзінің мағынасын, мәнін айтар идеясына сәйкес бірте-бірте дамытып әкеліп, шумақтың соңғы жолында тұжырымды түйін жасайды. Сондықтан да мұны әдепкі қайталаудың үлгісіне жатқызамыз.

Көп мағыналы сөз, омоним тек тілдік құбылыс қана емес, көркем дүниенің бейне сырын ашудағы көрсеткіш екендігін байқаймыз. Автор тіліндегі көп мағыналы сөздер, түбір мен туынды омонимдердің арасындағы қайталану, лексикалық анафора мен эпифора, сатылы, контактілі, дистантты, тұйықты, сақина, саңылаулы, симпока, күшейткіштік, семантикалық қайталамалардың түрлері, әуендік қайталама, дыбыстық анафораның қолданылуы шығарманың көркемдігіне, мазмұнына, мәнеріне, әсеріне қызмет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сыздықова Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997.-224б.
2. Бүркітов О. Қазақ тіліндегі қайталамалардың лингвостилистикалық жүйесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2002.-325б.
3. Алдамжаров А. Көркем стиль және қайталамалар, №4, 136-139 б.

КӨМЕКШІ ЕТІСТІКТЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

ҚАЗАҚБАЕВА ЗАҒИПА ӘБИРБЕКҚЫЗЫ

№ 32 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ЖАРҚЫНБЕК ЖАНСЕБІЛ

№ 32 орта мектебінің 6 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается история образования вспомогательных глаголов.

Summary. The article examines the history of the formation of auxiliary verbs.

Қазақ халқы тілінің қалыптасу процесі аса күрделі, қайнары мол, қалың тарих. Бүгінде түпкі тамырынан тартатындай тілдік материалдар жеткіліксіз болғанымен, архив деректеме, этногенез тұрғысынан қалыптасу қайнар көзі қола дәуірі, одан кейінгі кезеңдегі сақ, үйсін, қаңлы, ғұн тайпаларынан бастау алып, қазақ атауын енші еткен халық болып қалыптасқан. XIV-XV ғасырлар кезеңінде қазақ тілі дербес тіл ретінде даму жолын жалғастырып отыр. Яғни, тілдің тарихын, дамуын зерттеуде Орхон-Енисей жазба ескерткіштері тілі ең алғашқы мұралар есебінде түркі тілдеріне ортақ болса, орта түркі дәуірінде қазіргі түркі тілдерінің жекелеген өзіндік негіздері қалана бастаған еді. Түркітану ғылымында Орта түркі дәуірін кезеңдерге бөлу және жазба мұралар тілін түркі тілінің топтарына бөліп қарастыру негіздері бар.

Алайда, біздің мақаламызда жеке бір топтың тілдерін ғана зерттеу мақсат етілмеген. Негізінен көне түркі руникалық жазба ескерткіштері тілінде қолданылған көмекші етістіктердің орта ғасыр жазба мұраларындағы тұлғалық көрінісі мен қызметін, аналитикалық форманттары мен қимылдың өту сипатындағы мағыналарын салыстыра отырып, ұқсас-ерекшеліктерін анықтау басты мақсат болып табылады. Жалпы тілдің қалыптасуында кез келген сөз бір-бірімен үздіксіз байланысады да тарихи тұтастықтың көрсеткіші ретінде танылады дейміз. Ендеше көмекші етістіктің тілдік табиғатындағы тұтастықты анықтауда кешенді зерттеудің маңызы ерекше.

Көне түркі дәуіріне қарағанда, орта ғасырдағы көмекші етістіктер құрамы біршама дамыған. Бұл кезеңде жазба мұралар тілі экстралингвистикалық, интралингвистикалық және қоғамдық даму құбылыстарының әсерінен кейде оғыз, кейде қыпшақ, кейде қарлұқ элементтері болып ерекшеленеді. Осылардың ішінде, әсіресе, қыпшақ элементтерінің басымырақ келетінін тарихи жазба деректер айғақтайды. Алайда, олар әртүрлі диалектілік нышандарда көрінгенмен, «бір тұтас түркі тілі» деген концепцияға саяды. Біздіңше, бұл – тұтас бір тілдің әртүрлі көріністері ғана. Қалай дегенмен де, көне түркі, орта ғасыр, қазіргі түркі тілдеріндегі сөздер бір-бірімен сабақтасып, астасып жатады.

Бүгінде көне түркі тіліндегі көмекші етістіктердің орта ғасыр дәуірінде толық қолданылуы, өзара өзіндік ұқсас-ерекшеліктеріне байланысты жазба мұралардың топтастырылуы, Батыс және Шығыс ғұн тілдеріне ортақ белгілер бойынша сарапталып, көне мен жаңа формалардың сабақтастығы анықталынды. Олардың сөздік құрамы, жалғанған қосымшалары, тіркесті сыңарлары (көбінесе қай сөз табынан болатындығы) мен аналитикалық форманттары да белгілі болып отыр. Сонымен қатар әр дәуірде көмекші сөздердің сөздік құрамы мен тіркесті түрлері біресе кеміп, біресе ұлғайып отырылады. Зерттеу материалдары негізінде бір тілдегі көмекші сөздердің екінші бір тілде қолданылмауы немесе бірнеше түркі тілдерінде қолданылып, енді бірінде қолданылмауы сияқты ерекшеліктер кездеседі. Осыған орай қазақ тілімен қай дәуірде болмасын мағынасы мен тұлғасы жағынан сәйкес келетін және мағынасы сәйкес келгенімен тұлғасы жағынан фонетикалық өзгеріске ұшыраған және мағынасы да, тұлғасы да өзгеріске түскен көмекші етістіктер статистикасы жасалынды. Сол сияқты көне және орта ғасыр тілдерінде қолданылған, бірақ қазақ тілінде мүлде кездеспейтіндері де назардан тыс қалған жоқ.

Түркітануда орта түркі дәуірі болып саналатын X-XV ғасырларда түркі халқының жазба әдеби мұралары негізінен көне ұйғыр, араб жазуларымен жазылғаны белгілі. XI ғасырдан бастап араб жазуының Орта Азия, Жетісу, Шығыс Түркістан аймақтарында кеңінен таралып өріс алғанына және оның руникалық көне түркі әліпбиін ығыстырғанына тарих куә. Бұл жағынан көмекші сөздер құрамы да тыс қалмаған. Жалпы XI-XII ғасырларда араб жазуы көне ұйғыр жазуымен қатар жүрген және көне ұйғыр жазуы Орта Азия мен Хорезмде ХҮІ ғасырдың аяғына дейін қолданылса, сары ұйғырлар оны, тіпті XIX ғасырдың бас кездеріне дейін пайдаланғаны жайлы дерек те бар [1, 123 б.]. Ал көне түркі тілінде араб-парсы тіліне қатысты көмекші сөздер жоқ. Сондықтан бұл көне тілдің орта ғасырдың басты айырмашылықтарының бірі болып саналады. Жалпы орта түркі дәуірінде түркі тектес халықтар жеке-

жеке одақ болып бөлініп, ортақ тілден енді өз алдына дербес тілдер болып қалыптаса бастағаны мәлім. Осыған орай ғылымда түркі тілдерін әртүрлі топтарға бөліп қарастыру орын алған.

Мәселен, М.Сабыр орта түркі дәуіріндегі түркі халықтары тілінің даму ерекшелігін ескеріп, қарахандықтар дәуірі (X-XII ғ.) және монғолдар дәуірі (XIII-XV ғғ.) деп екіге бөледі. Сонымен бірге Н.А.Баскаковтың X-XV ғасырлардағы ескерткіштердің жазылу ортасы мен тілдік ерекшелігіне байланысты (Қарахандықтар, Алтын Орда, Орта Азияда жазылған ескерткіштер және Мәмлүк қыпшақтарының ескерткіштері) төрт топқа бөлу себебін де түсіндіреді [2, 337б.]. Шындығына, осы кезеңдегі түркі тіліне экстралингвистикалық, экономикалық, дін, территория, сауда-саттық, ішкі-сыртқы саяси іс-әрекеттер т.б. ықпал еткендіктен, «көне, ескі және орта түркі жазба ескерткіштерінің тілі аралас тіл болды» және қыпшақ тіліне қатысты Э.Н. Наджип (1970), Қ. Мұсаев (1984), М.Томанов (1971), Ә.Құрышжанов (1972), М.Аджи (2000), Б.Кенжебаев (2004), С.Акинжанов (1989), С.Агаджанов (1980), С.Кляшторный (1986) т.б. еңбектерінде көңілге қонымды пікірлер беріледі. Сонымен орта ғасыр жазба ескерткіштерінің тілі «аралас тіл» және қай ғасырда болмасын (көне, ескі, орта) жазылған жазба ескерткіштерде қазақ тілінің элементтері басым болып, сабақтасып, араласып, ортақтасып жататындығына тарихи деректер айғақ бола алады. Мысалы, Т.Қордабаев пен М.Томанов бірлесіп жазған еңбекте ХІҮ ғасырдағы қыпшақ ескерткіштері тіліндегі «болмақ, қылмақ, етмек, үзмек, ұзатмақ, келмек, елтпек, тұтпақ, атмақ, бағламақ, таймақ, түшмек, тикмек, салмақ етістіктері де көмекші қызметте жиі ұшырасады» делінген [3, 143 б.].

Р.Сыздықованың Яссауи Хикметтерінің мәтінінде аналитикалық формантағы тіркестерге қарағанда, «есім мен етістіктен жасалған құранды қимыл атаулары өте актив қолданылған» дегені – құптарлық негіздеме. Сонымен бірге «қыл, бол, ет, айла, е/ер» көмекші етістіктерді бір топқа, «сал, көр, тұт, қой, йұр, құр» көмекші етістіктерді екінші топқа жатқызып, толымды көмекшілердің ішінде «ұр, құр, де, сал, хат, сұн» етістіктері (құлақ сал, сөз қат, мойын сұн, көңіл қой) тұрақты тіркестер жасайтығын және есім компоненттері араб-парсы сөздері болып параллельдер түзейтінін де тап басып айтады. Мысалы: Рахм әйлә – рахм ет – рақым қыл; қабул ет – қабул қыл – қабыл бол т.б. [4, 145-149 бб.].

М.Оразов орта түркі дәуіріндегі көмекші етістіктердің тіркесті сыңарлары біршама тұрақталып, белгілі бір формаларда қолданылатын дәрежеге жеткендігін сөз етеді. Яғни, көмекші етістіктердің ішінде турур (дурур, дур, тур, дир, тир), бол, эмас (эрмас, эрді), етті сияқты санаулылары ғана есім сөздерге де, кез келген формалы етістіктерге де тіркесе берсе, қалғандары есімше, көсемше формалы етістіктерге, аз мөлшері рай қосымшаларына тіркесетіндігін мысалдармен дәйектейді [5, 91б.]. Сонымен ары қарай басқа да ерекшеліктерін талдап көрсетпес бұрын, ең бірінші жүйелі түрде көмекші етістіктердің әрбір ескерткіштеріндегі қолданысына байланысты құрамын, тіркесімді түрлерін анықтап алған дұрыс. Мәселен, «Қорқыт ата кітабы» VII-IX ғасырларда ауызша таралғанмен XIV-XVI ғасырларда проза түрінде хатқа түскен. Аудармасы Анкара басылымы бойынша жасалған. Б.Сағындықұлының пайымдауынша: «XI-XII ғасырлар аралығында халық арасында тараған жазба әдебиеттің кез-келген үлгісін Көне түркі әдеби тілінде жазылған деп есептесек, қателеспейміз», – дейді [6, 4 б.]. Қалай дегенмен де, орта түркі тілдерінің жазба ескерткіштері көне түркі тілінің заңды жалғасы және қазіргі түркі тілдерінің тарихи дереккөздері болып саналады. Ал ортағасырлық зерттеу жұмысымыздың негізгі материалдары – Қорқыт ата кітабы, Оғызнама, Құтты білік, Ақиқат сыйы, Рабғузи қиссалары, Хұсрау-Шырын, Махаббатнама, Шипагерлік баян т.б. тәрізді жазба әдеби мұралары.

Қорыта айтқанда, бүгінгі бай әдеби тіліміздің негіздері осыдан он алты ғасыр бұрын жазылған көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тілінен бастау алатыны анық. Бұл негізге қазіргі түркі тілдерінің дербестігін қалыптастырған орта түркі тілінің де өзіндік қатысы бар. Оған көмекші сөздердің тарихын, тілдік болмысын, жалпы табиғатын тарихи-лингвистикалық тұрғыдан зерттеген кезде тағы бір мәрте көз жеткізіліп отыр. Яғни, қазіргі қазақ тіліндегі көмекші етістіктердің негізі көне түркі, орта түркі болып келгенімен, олар – бір тілдің әр кезеңдегі бейнесі. Дегенмен де, олардың әр дәуірде немесе өзара жекелеген түркі тілдерінде өзіндік ерекшеліктері болады. Жалпы тарихи-генесеологиялық тұрғыдан алып қарағанда, оларды көптеген ғасырлар бойғы тілдік процестерді басынан кешірген тарихи туынды категория дейміз. Қазіргі кезде түркітанушылар назар аударып отырған мәселе – әрбір тарихи ескерткіштің тілдік ерекшеліктерін оның жазылған дәуіріндегі, одан бұрынғы және кейінгі дәуірлердегі ескерткіштермен тәптіштеп салыстыру арқылы тілдің сөздік құрамын барынша дәл айқындау. Яғни, орта түркі дәуірінде көне түркілік, ортағасырлық көмекші етістіктердің тұлғаларын, лексика-грамматикалық мағыналарын және аналитикалық формаларын қазақ тілімен тікелей салыстырып зерттеу арқылы ұқсас-ерекшеліктерін анықтау басты мақсат болып табылады.

Сонымен Орхон-Енисей жазба ескерткіштер тілінде ал, бар, бер, бол, ет, елт, йор/йұр, кел, көр, қал, қыл, олур, те/ті, түс, тур, ыт және ер (ерті, ерміш, ерінч т.б.) тәрізді көмекші етістіктер бары анықталды. Мұның ішінде «бол, ет, қыл» лексемалары аналитикалық формат ретінде көріне алмай, құранды етістік

жасаушы ретінде танылды. Енді осы көмекші етістіктердің орта ғасыр жазбаларындағы қолданысы мен лексика-грамматикалық және қимылдың өту сипатындағы мағыналарын салыстыра отырып, ұқсас-ерекшеліктерін көрсетелік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1986. – 178 б.
2. Сабыр М.Б. Көне түркі және орта түркі тілдері арасындағы сабақтастық // Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер (ҚР тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары, Астана, 2001ж. 18-19 мамыр). – Алматы, 2001. – 584 б.
3. Қордабаев Т., Томанов М. Тарихи грамматика мәселелері. Алматы: Мектеп, 1995. – 176 б.
4. Сыздықова Р. Яссауи «хикметтерінің» тілі. Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 552 б.
5. Оразов М. Көмекші сөздер. I кітап. Ташкент: Наурыз, 1997. – 175 б.
6. Сағындықұлы Б. «Нибат-ул хақайиқ» – XII ғасыр ескерткіші. Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 184 б.

ӘОЖ 371.555.96

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ЖӘНЕ ОҚУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУЫНДАҒЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІ ПӘНІНІҢ МҰҒАЛІМІ,

НАШАРБЕКОВА АЙСУЛУ АНАСОВНА

№36 орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются методы развития навыков чтения учащихся на уроках английского языка.

Summary. The article discusses methods for developing students' reading skills in English lessons.

Сөйлеу қызметі – бұл белсенді, тілдік жүйеге негізделіп отырып бағытталған және де байланысты қабылдау және таратуға негізделген процесс. Қызмет немесе әрекет-шығармашылық сипаттағы жүйе, ол түрлі коммуникациялық міндеттерді шешуге бағытталған.

Сөйлем формалары 2 түрге ажыратылады:

1. Ауызша;
2. Жазбаша.

Сонымен қатар сөйлеу қызметі белгісі мен сипатына қарай өнімді және рецептивті болып ажыратылады.

Сөйлеу – бұл ойлаудың негізі екені баршамамызға белгілі. Осыдан, сөйлеудің барлық түрлері бойынша меңгермесек (тыңдап-түсіну, оқу, айту, жазу) шет тілін өзіміз де меңгере алмаймыз, басқаға да үйрете алмаймыз.

Оқу процесін жан-жақты ойластырып ұйымдастыру, белсенді ойлау іс-әрекеттеріне деген сүйеніш, оқытудың түрлі әдістерін пайдалану, қабылдауға берілетін тапсырмаларды нақтылау осы аталғандардың барлығы оқушылардың материалды қабылдауда тәжірибелік әрекеттерді қабылдауға, игеруге көмектеседі.

Ағылшын тілі сабағында шетелдік баспасөз құралдарының көмегімен оқушылардың сөйлеу-оқу дағдыларын ынталандыратын және мотивациялайтын жағдайды құрастыруға болады. Нәтижесінде оқушылар шет тілінде сөйлеуге және оқуға деген қажеттіліктері де туындайды. Осылайша шетелдік баспасөз құралдары оқушылардың оқу және сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған сабақтарда оқытудың таптырмайтын құралы болып табылады.

Л.М.Максаковский шетелдік баспасөз құралдарының көмегімен оқушылардың сол тақырып бойынша өз ойын айтудағы көру тіректерін пайдалануы деген ұсыныс айтады. Шетелдік баспасөз құралдарының оқушылардың сөйлеу-оқу дағдыларын дамытуға ынталандырушы жағдайдың туындауына көмектеседі, суреттеуші материалдың мазмұны бойынша әңгіме құрастыруды жеңілдетеді.

Шетелдік баспасөз құралдарымен жұмыс жасау өте тез қарқынды жүреді. Сонымен бірге оқушылардың сұрақтарға жауап беру қабілеттілігін дамытуда, оқушылардың өз ойын айтуына түрткі болатын ситуациялық сұрақтардың қойылуына қолданылатын газет-журнал мақалаларынан алынған мәтінді тез, әрі жылдам ауысып отырылуын қадағалау керек.

Шетелдік баспасөз құралдары бойынша тапсырмалар беруші мұғалім оқушыларды газет-журнал мәтіндерінде айтылған бөлшектеріне назар аударуды ұсынады. Шетелдік баспасөз құралдарының

оқушыларды берілген мақала үзіндісі бойынша монологтық өз ойын айтуға, таныс лексикалық материалды кеңінен пайдалануға көмектесуде, алдын өтілген сөздер мен сөз тіркестерін еске түсіруге итермелейді.

Ағылшын тіліндегі сөйлеу әрекеттері келесі формаларымен ажыратылады:

- Монологтық;
- Диалогтық;
- Полилогтық.

Монологтық сөйлеу қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған сабақ мазмұны.

Ал енді, ағылшын тілі сабағында шетелдік баспасөз құралдары арқылы оқушылардың монологтық сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру әдістемесіне тоқталсақ.

1-кесте

Ағылшын тілі сабағында шетелдік баспасөз құралдары арқылы оқушылардың монологтық сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру әдістемесі

Оқушылардың оқу дағдысымен қатар монологтық сөйлеу дағдысын дамытуға бағытталған іс-әрекеттер	оқушыларға ұсынылған газет-журнал мақаласынан алынған үзіндіні бүкіл сынып оқушыларына ұсынылады;
	Газет-журнал мәтінімен жұмыс істеудің 5 кезеңі бар екендігін кейінгі бөлімдерде айтатын боламыз. Сол кезеңдер бойынша оқушыларға түрлі тапсырмалар беріліп, оқушының жеке ойын айту сұралады.
Газет-журнал мәтінімен жұмыс істеудің кезеңдерінде оқушыларға ұсынылатын тапсырмалар	Саған ұсынылған шетелдік баспа құралы мақаласынан үзінді бойынша сол мақаланың атауы туралы өз ойыңды айт?
	Мақаланың атауы бойынша мақала не туралы екендігін айта аласың ба?
	Мақаланың атауында географиялық атаулар немесе басқа да атаулар кездесе ме?
	Мақала атауы бойынша мақаланың саяси-қоғамдық, өнер, жаңалықтар, спорт, жаңа технологиялар осы рубрикалардың қайсысына жататындығын алдын ала анықтай аласың ба? Егер, анықтай алсаң қайсы рубрикаға жатады? неге мұндай шешімге келдің?
	Мақаланы оқып шығып, мақала туралы қандай оймен бөліскің келеді? Өз ойыңды айт
	Шетелдік баспасөз құралындағы мақала үзіндісіндегі мағлұматтарды одан алдын естіген бе едің, не бұл бірінші рет естуің бе?
	Өзің, өз бетіңше немесе ата-анаңмен бірлесіп үйде қандай газет-журналдар оқисың?

Шетелдік баспасөз құралдарын пайдалану арқылы оқушылардың оқу дағдысымен қатар монологтық сөйлеу дағдысын дамытуға әбден болады. Ол үшін келесідей іс-әрекеттер ұйымдастырылуы керек:

-оқушыларға ұсынылған газет-журнал мақаласынан алынған үзінді бүкіл сынып оқушыларына ұсынылады;

-газет-журнал мәтінімен жұмыс істеудің 5 кезеңі бар екен. Сол кезеңдер бойынша оқушыларға түрлі тапсырмалар беріліп, оқушының жеке ойын айту сұралады. Оларға:

1.Саған ұсынылған шетелдік баспа құралы мақаласынан үзінді бойынша сол мақаланың атауы туралы өз ойыңды айт?

2. Мақаланың атауы бойынша мақала не туралы екендігін айта аласың ба?

3. Мақаланың атауында географиялық атаулар немесе басқа да атаулар кездесе ме?

4.Мақала атауы бойынша мақаланың саяси-қоғамдық, өнер, жаңалықтар, спорт, жаңа технологиялар осы рубрикалардың қайсысына жататындығын алдын ала анықтай аласың ба? Егер, анықтай алсаң қайсы рубрикаға жатады? неге мұндай шешімге келдің? Өз ойыңмен бүкіл сыныптастарыңа бөліс.

5. Мақаланы оқып шығып, мақала туралы қандай оймен бөліскің келеді? Өз ойыңды ай. Бүкіл сыныптастарыңмен өз ойыңды бөліс.

6. Шетелдік баспасөз құралындағы мақала үзіндісіндегі мағлұматтарды одан алдын естігенбе едің, не бұл бірінші рет естуің бе?

7.Өзің, өз бетіңше немесе ата-анаңмен бірлесіп үйде қандай газет-журналдар оқисың?

Сабақтың тақырыптық жоспары шынайы қарым-қатынаста кездесетін монологтың көптүрлілігіне негізделіп құрастырылады. Оларға жататындар:

- сәлемдесу сөзі;
- мақтау;
- лекция;
- әңгіме;
- мінездеме;
- сипаттама;
- айыптаушы немесе ақтаушы сөздер және т.б.

Қорыта айтқанда, осылайша, сабақ барысында оқушылар өз ойын айту арқылы, монологтық сөйлеу дағдысы дамиды, өз ойын айтуға үйренеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Шетел тілдерін оқытудың әдістемесі. –Павлодар, Кереку, 2013.– 70б.
- 2.Ағылшын тілінде инновациялық технологиялар. –Астана, Полиант. –2020

ӘОЖ 811.711.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘДІСІ

АҒЫБАЕВА ГҮЛНАР

Құлан мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы

Резюме. В данной статье представлены методы организации коммуникативно-творческой деятельности на уроках казахской литературы. Статья определяет сущность использования инновационных технологий на уроках казахской литературы как средства повышения результатов и развития творчества. Речь идет о нескольких методах коммуникативного обучения, активно используемых на уроках казахской литературы.

Summary. This article presents the methods of organizing communicative and creative activity in the lessons of Kazakh literature. The article defines the essence of the use of innovative technologies in the lessons of Kazakh literature as a means of improving results and developing creativity. We are talking about several methods of communicative learning, actively used in the lessons of Kazakh literature.

Жақсы мұғалім – кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Тұлғаның адам болып қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. ХХІ ғасырдың оқушылары жаңаша білім беруді талап ететіні белгілі. Қазақта «Заманың түлкі болса, тазы болып шал» демей ме? Сондықтан да баланың талабына сай білім беру бүгінгі таңдағы мұғалімнің негізгі міндеті. Ж.Аймауытов бір сөзінде былай дейді: «Сабақ беру үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер». Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал оқыту әдістемелері арасында сындарлы оқыту теориясына негізделген тәсіл кең тараған. Сындарлы оқыту технологиясы бүгінгі таңда бірден-бір тиімді әдіс болып саналады. Мен де өз тәжірибеме өзгеріс енгізу мақсатымен сындарлы оқытудың 3-деңгейлік бағдарламасы бойынша үш айлық курстан өттім. Бұл Бағдарлама құзырлы мұғалімдердің алдына оқушының жан дүниесін түсіне білу жөнінде нақты міндеттеме қойып отыр. Бағдарламаның басым бөлігі, түрлі тәсілдер қарастырылғанына қарамастан, сындарлы оқыту теориясы негіздерін қамтыған. Бұл теория оқушылардың ойлауын дамыту, олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңаша немесе сыныптағы түрлі дереккөздерінен, алған білімдерімен астастырыла жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді. Бұрынғы дәстүрлі сабақтарымда оқушыларды сабақта бағалай жүріп көптеген қиындықтарға тап болатынмын. Мені бағалау қатты толғандыратын. Оқытудың Кембридж әдістері негізіндегі бағдарлама бойынша бірінші «Бетпе-бет» кезеңінде білім алып, бағалаудың да бірнеше түрлерін меңгердім. Сындарлы оқытудан алған білімдерімді жинақтап мектептегі іс-тәжірибені жүйелі жоспарлауды бастадым. Жаңа әдістерді өз сабақтарымда пайдалана жүріп, көптеген

жетістіктерге жеттім. Үш айлық деңгейлік бағдарламада бізге білім берудегі 7 модульді таныстырып, сол модульдер бойынша жан-жақты талдаулар жасатқан болатын. Себебі «Мұғалімдерге арналған нұсқаулықта» негізгі материал тиісті сабақтарда қарастырылған жеті модульге сараланған. Бұл «мәселенің өзектілігі оқытудың инновациялық формалары жоғары коммуникативті мүмкіндіктермен және оқушылардың оқу іс - әрекетіне белсенді қатысуымен сипатталуы, оқушылардың коммуникативті құзыреттілік дағдыларының тиімді дамуы. Бұл қазіргі әлеуметтік жағдайларға бейімделуге ықпал етеді, өйткені қоғамға қазіргі әлемде тез бағдарланатын, тәуелсіз және бастамашыл, өз қызметінде жетістікке жететін адамдар қажет» [1,44б.] . Кез - келген инновациялық қызметтің негізінде шығармашылық бастама жатыр. Шығармашылық қызмет тұлғаның эмоционалды және интеллектуалды салаларын дамытуды қамтиды. Мектептегі оқу қызметі осы мәселені шешуді қамтамасыз ететін нақты технологияларды қолдануды талап етеді. Оқытудың инновациялық формалары: рөлдік ойын, Жоба әдісі, драматизация, АКТ, сыни ойлау технологиясының әдістері.

Педагогика тарихында шығармашылыққа қабілеттіліктің қалыптасу мәселесі әрдайым көптеген пікірталастарды тудырған және бүгінгі күні әртүрлі ерекше көзқарастармен сипатталады.

Шығармашыл тұлғаны қалыптастыру үрдісін В.И. Андреев, Ю. К. Бабанский, В. П. Беспалько, Л. Г. Вяткин, В. А. Сластенин, В.Ф. Шаталов, М. П. Ердниев зерттеген [3].

Оқу-шығармашылық қызметінің заңдылықтарын В. И.Андреев, Т. В. Кудрявцев, Ю. Н. Кулюткин, В.Г. Разумовский, А. И. Матюшкин, М.И. Махмутов анықтаған.

Негізгі мақсат - оқушылардың белсенді танымдық іс - әрекетін ынталандыру әдістерін таңдау, инновациялық іс-әрекетте әр қатысушысының шығармашылық әлеуетін іске асыру.

«Инновациялық қызмет - бұл оқушыларда коммуникативті құзыреттілік дағдыларын дамытудың ең қол жетімді және тиімді формаларының бірі, жеке тұлғаны әлеуметтендіру, шығармашылығы мен белсенділігін дамыту үшін жағдай жасайды. Маңызды компонент-білім алушы өзінің табыстылығын, интеллектуалдық тұрақтылығын сезінетін қолайлы психологиялық жағдайлар жасау» [2.85б.] .

Баланың оқуы оның қарқынды жеке даму кезеңімен сәйкес келетін мектептің орта және жоғарғы буыны үшін жоба әдісін, рөлдік ойындарды, көрініс қоюды қолдану өте маңызды.

Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыратын, оқуға деген ұмтылысты дамытатын әдіс-тәсілдер әртүрлі жобаларды жүзеге асырумен байланысты. Бұл әдіс-тәсілдерді қолдану сыныптағы жұмыстың барлық мүмкін формаларын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді: жеке, топтық, ұжымдық, бұл балалардың өз бетімен жұмыс жасауын және шығармашылығын ынталандырады. Қазақ әдебиеті сабағында сыни ойлау технологиясының әдістері оқушыларға өз қызметін ұйымдастыруды, ойлау қабілетін дамытуды, сауатты және мағыналы оқуды үйретеді. Қазақ әдебиеті сабағындағы басты мақсаттардың бірі - интеллектуалды дамыған шығармашылық тұлғаны қалыптастыру. Осыған байланысты мұндай тұлғаға қойылатын талаптар - шығармашылық, әлеуметтік жауапкершілік, дамыған интеллектке ие болу, танымдық іс - әрекеттің тұрақты мотивациясы бірінші орынға шығады. Бала мен жасөспірімді ересек өмірге дайындау - бұл, ең алдымен, оның шығармашылық белсенділігін дамыту, сұрақтарға өз бетінше жауап іздеу, өмірдің кез-келген қиындықтарын шешу, олардың қабілеттерін жетілдіру және жүзеге асыру.

«Шығармашылық, шығармашылық қызмет, шығармашылық тұлға ұғымдары нені білдіреді? Пән саласындағы шығармашылықтың нақты көріністерін белгілеу мағынасы бар. Қазақ әдебиеті сабағы оқушылардың шығармашылық әлеуетін толық дамытуға мүмкіндік береді, шығармашылық белсенділікті дамытуға ықпал етеді, барлық оқушыларды сабақта оқу іс - әрекетіне тартады» [3.107б.] . Қазақ әдебиеті сабағында белсенді қолданылатын коммуникативті оқытудың бірнеше әдістері бар. Олар:

1. Оқушылармен мақсаттарына жетуін ғана емес, сонымен бірге ұнаған, ұнамаған нәрселерді де талқылау - неге, нені өзгерту керек.

2. Оқушы жауабының дұрыстығын ғана бағалау емес, сонымен қатар оқушы қандай әрекет әдісін қолданғанын, қалай ойлағанын да бағалау. Бағалау параметрлері келесідей: дұрыстығы, өзіндік құны, өзіндік ерекшелігі. Қазақ әдебиеті сабақтары бірнеше жұмыс түрлерін қамтиды: оқу, тыңдау, сөйлеу, жазу. «Тапсырмалардың көптігі іс - әрекеттің жиі өзгеруіне мүмкіндік береді, бұл бүкіл сабақ барысында оқушылардың қызығушылығын сақтауға көмектеседі, осылайша оның тиімділігін арттырады. Маңызды жұмыстардың бір түрі - оқу. Мәтіндік материалмен жұмыс үш кезеңде жүзеге асырылады: мәтінге дейінгі, мәтіндік және мәтіннен кейінгі. Мәтіндік кезең мәтіннің мазмұны бойынша әртүрлі жаттығуларды қамтуы мүмкін, олар оқушыларды шығармашылыққа, мәселені шешудің өзіндік нұсқаларын табуға итермелеуі мүмкін» [4.71б.] .

Оқығандары негізінде әңгіме құрастыру-тілдің барлық элементтерінің өзара әрекеттесуінің және оқушылардың импровизация қабілетін жүзеге асырудың тағы бір тәсілі. Мәтіннен кейінгі кезеңдегі тапсырмалар ретінде пікірталас, рөлдік ойын ұйымдастыруға, пікірлерге сауалнама жүргізуге, хат, эссе,

түйіндеме, эссе, өлең жазуға болады. Оқушылардың қазақ әдебиеті сабағына деген қызығушылығын арттыруда коллаж, ақпараттық немесе жарнамалық парақ, презентация түрінде ұсына алатын мәтін тақырыбы бойынша қосымша ақпаратты іздеумен байланысты шағын жобалық жұмыстар сияқты заманауи технологияларды пайдалануға болады. Жобалық оқыту сонымен қатар білім мен дағдыларды жаңа жағдайға ауыстыруды қамтиды. Оқушылардың жобаны құруға қатысуы, оларға бұрын алған білімдерін пайдалануға ғана емес, сонымен бірге жобаға тартылған әрбір адамның шығармашылық қызметіне кең мүмкіндік береді. Сонымен қатар, олар жобада бірлесіп жұмыс істеу кезінде коммуникативті дағдыларды, өз ойларын жазбаша және ауызша түрде нақты жеткізе білу қабілетін дамытады. Шығармашылық қабілеттерін дамытудың шарттарының бірі-сәттілік атмосферасын құру, өйткені оның болмауы оқуға деген ұмтылыстың құлдырауына әкеледі. Сәттілік жағдайын құру оқушылардың көңіл-күйіне ғана емес, олардың білім сапасына да әсер етеді. Сонымен қатар, оқу процесінің мақсаты көп деңгейлі тілдік құралдар жүйесін меңгеруге негізделген сөйлеу іс-әрекетінің дағдыларын жетілдіру, қазақ әдеби тілінің ережелері мен нормаларын, сөйлеу этикеті ережелерін сақтау болып табылады, бұл оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға ықпал етеді. Мұның бәрі мектептің негізгі міндеттерін шешуге қолайлы жағдай туғызады: балалардың жан-жақты дамуының негізін қалау, еркін, саналы, мәнерлеп оқу, сауатты жазу, мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз ету, ілім мен еңбекке көзқарасы адал, Отанға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу, сондай-ақ балалардың эстетикалық дамуын және олардың қоршаған табиғатты тануын жақсарту.

Ұстаздар алдында күнделікті міндет қазақ әдебиеті пәніне деген қызығушылық пен сүйіспеншілікті ояту болып табылады. Белсенді, шығармашылықпен оқыту дегеніміз-сабақтарда көрнекілік құралдарын, оқушылардың санасы мен сезімдеріне әсер ететін ойын-сауық элементтерін қолдану. Қазақ әдебиеті сабақтары оқушылардың оқуға, ойлауға, талқылауға және өз бетінше оқуға арналған әдеби шығармалар мәтінімен жұмысты қамтиды. Бүгінгі таңда мұғалім үшін сөзге деген қызығушылықты ояту, балаларға оның шынайы дәмі мен мақсатын сезінуге үйрету өте маңызды. Әрине, бұл процесс ұзақ және ауыр, белгілі бір жүйені, әдістемелік тапқырлық пен өнертабысты, практикалық тәжірибені қажет етеді. Қазақ әдебиеті сабақтарында балаларды сөзді дұрыс қолдануға, оны түсінуге және сезінуге, өз сөйлеуін дамытуға, сөйлеу шығармашылығын жетілдіруге үйрету керек.

Белсенді сөйлеу әрекеті олардың бақылаулары, ойлары, әсерлері, сезімдері, тәжірибелері туралы айту қажеттілігінен туындайды. Мұндай қажеттілік баланың өмірі әртүрлі танымдық қызығушылықтар мен әсерлерге толы, рухани және эмоционалды бай болған кезде пайда болады және дамиды. Демек, баланы сөйлеуге үйрету дегеніміз-көру мен байқауға, ойлауға және сезінуге үйрету - бұл оның өмірлік тәжірибесін кеңейту. Оқушылардың сөйлеуін дамыту міндетін тек қазақ әдебиеті сабағы аясында шешу мүмкін емес.

Айналадағы өмір-білім көзі және сонымен бірге оқушылардың сөйлеуін байыту. Оқушылардың табиғат пен қоғам өміріндегі маңызды нәрселерді байқау, байқау қабілетін дамыта отырып, оқушылардың білім деңгейін үнемі арттыра отырып, олардың сөйлеуін байытуға қол жеткізуге болады. Оқушылардың сөйлеуі олардың ойлауын дамытумен, білім көлемін кеңейтумен бірге дамиды. Сондықтан жаңартылған білім мазмұны бойынша қазақ әдебиетін табысты оқытудың қажетті шарты оқушылардың өмірлік тәжірибесімен, олардың айналасындағыларды тікелей көріп, үлкендердің әңгімелерінен немесе теледидардан естіп, кітаптардан үйренуімен байланысты болып табылады.

Қазіргі жағдайда қазақ әдебиетіне оқу пәні ретінде Қазақстан Республикасының азаматы ретінде жоғары сана дәрежесіне ие рухани - адамгершілік тұлғаны тәрбиелеудің ерекше миссиясы жүктеледі. Бүгінгі күннің қоғамдық атмосферасында адамның рухани-адамгершілік жаңғыруы - бұл республиканың болашағының шешілуіне байланысты проблема. Қазақ әдебиеті әрқашан халықтың мақтанышы, ар-ожданы болды, өйткені біздің ұлттық психологиямыз жанға, ар-ожданға, жарқын және нақты сөзге көбірек көңіл бөлумен сипатталады. Мектептегі қазақ әдебиеті өз мақсаттары мен міндеттері бойынша полифункционалды, мазмұны жағынан полифониялық: онда жыраулардың, ақындардың, тарихи дәуір жазушыларының дауыстары естіледі. Онда халық тарихының негізгі маңызды кезеңдері, оның рухани және материалдық мәдениетінің дамуы көрініс тапты.

«Халықтың тарихи тәжірибесін, оның рухани мәдениетінің қазыналарын, ғасырлар мен мыңжылдықтар арқылы өткен әдеби мұраны зерттеу және игеру қазіргі жас ұрпақ үшін өте маңызды және бұл оқушылардың бойында коммуникативтік шығармашылықты дамытуға ықпал етеді» [5.1236.]. Қазақтар, әлемнің басқа халықтары сияқты, дамудың ең көне бастаулары бар ерекше, ерекше материалдық және рухани мәдениетке ие. Біздің халқымыз әлемдік дәуірге, өнер мен әдебиетке үлес қосты, әлемдік деңгейдегі ғалымдарды, жазушылар мен ақындарды тарихи сахнаға шығарды.

Қорытындылай келе, қазақ әдебиеті сабақтарында оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесінің негізінде балаларға қолжетімді, нақты құрылымы бар, заманауи дидактикалық талаптарға жауап беретін материалды іріктеуді көздейтін кең мәдени базада құрылған бірыңғай білім беру жүйесі жатыр деп айтқым келеді. Әдебиет сабақтары оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруға белсенді әсер ете отырып, олардың рухани, коммуникативтік-шығармашыл және адамгершілік иол болып қалыптасуына ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Альмухамбетов Б.А. Қазіргі уақытта әртүрлі технологияларды қолдану арқылы оқушылардың жеке басын дамыту / "Салыстырмалы білім: әдістеме, сұрақтар және қазіргі тенденциялар" VI Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары.- Алматы, 2014.-С. 192.
2. Аульбекова Г.Д. Мұғалімнің педагогикалық техникасы.- Алматы: Арыс, 2005. -322б.
3. Бабанский Ю.К., Педагогика.- Москва: Просвещение, 2016.332с.
4. Гойхман, О.Я. Надеина Т.М. Сөйлеу байланысы. – Москва: ИНФРА, 2011.-253с.
5. Грушевицкая Т.Г., Попков В.Д., Садохин А.П.- Мәдениетаралық коммуникация негіздері. – Астана: Таңбалы, 2022. -353б.

ӘОЖ 37.444.23

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДА ӘЛЕМДІК БІЛІМ КЕҢІСТІГІНЕ БАҒЫТТАЛҒАН CLIL ӘДІСТЕМЕСІ БОЙЫНША ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

АРИПЖАНОВА НҰРДАНА АРИПЖАНҚЫЗЫ

Д.М.Карбышев атындағы №16 орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассмотрены эффективные способы обучения по методологии CLIL, направленные на глобальное пространство знаний в современном обществе

Summary. The article examines effective methods of teaching using the CLIL methodology, aimed at the global knowledge space in modern society.

Қазіргі қоғамда әлемдік білім кеңістігіне бағытталған жаңа білім беру жүйесі қалыптасуда.

Бүгінгі күні бір немесе бірнеше шетел тілін білу әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени прогрестің маңызды факторы ретінде қарастырылып, қалыпты жағдайға айналуда.

Жалпы білім беруді дамытудың жаңа тұжырымдамаларын дамытумен қатар қазіргі жағдайда тілдік білім беру өте маңызды болып отыр. Қазіргі кезде шет тілдік білім беру тек коммуникативті, ақпараттық және әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктерді қалыптастыруға ғана емес, сонымен бірге тіл қарым-қатынас жасаудың маңызды құралы ретінде қарастырылатын қазіргі заманғы көп мәдениетті әлемнің ғаламдық мәселелерін өзара түсіністікке және түсінуге қабілетті кадрларды даярлауға бағытталған [1].

Шет тілін меңгерудегі ерте жастағы мүмкіндіктер шынымен де ерекше екендігі белгілі. Тіпті К.Д.Ушинский «бірнеше ай ішінде бала шет тілінде сөйлеуді ересек адам сияқты үйренеді, бірнеше жылдан кейін сөйлей алмайды» деп жазды. Сөйлеуге ерекше бейімділік, сөйлеуді ассимиляциялаудың табиғи механизмінің икемділігі, сондай-ақ бұл механизмнің белгілі бір ұлтқа жатумен байланысты тұқым қуалайтын факторлардың әсерінен белгілі бір тәуелсіздігі - осының бәрі балаға тиісті жағдайларда басқа тілдерді ойдағыдай меңгеруге мүмкіндік береді.

Шетел тілін сапалы жаңа деңгейде білетін әртүрлі профильді мамандарды даярлау қажеттілігі оқытудың жаңа әдістерін дамытуды болжайды. Соңғы жылдары ағылшын тілін оқытуда CLIL әдісі (Content and Language Integrated Learning) немесе пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту барған сайын танымал болып келеді.

Шетел тілдерін үйрену мен оқытудағы бұл тәсіл жаңа емес. 1990 жылдары Еуропадағы екі трансұлттық институт, атап айтқанда Еуропалық Кеңес және Еуропалық Комиссия, CLIL-дің пайда болуына бастамашылық етіп, екі тілде білім берудің еуропалық тәсілін анықтады [2].

Бірнеше жылдан бері әлемге әйгілі ғалымдар мен лингвистер: Койл До, Гуд Филипп, Марш Дэвид, Далтон Пуффер, Фернандес Фонтеча А., Джирлингер Э., Коопман Г., Аникина Ю., Вестхофф Г. тілді кіріктіріп оқыту мәселесін қозғады. Сонымен қатар, шет елдердегі зерттеушілер CLIL білім берудің әдістері мен формаларын әзірлеумен және жетілдірумен айналысады: Дэвид Ласагабастр, Йоланда Руис де Заробе (Испания), Дитер Вольф, Стефан Брейдбах және Бритта Виброк (неміс), Мовчан Лариса (Швеция), Кари Ниеминен (Финляндия). Олардың көпшілігі осы әдістің технологиясын тек шет тілін (негізінен ағылшын тілін) оқытумен байланыстырады [3].

CLIL әдісі, біздің ойымызша, мектепке дейінгі ұйымда балалардың тілді үйренуге деген ынтасын едәуір арттырады, өйткені тіл мақсат емес, басқа пәнді үйренудің құралы болып табылады. Мұндағы мақсат - пәнді шет тілі арқылы зерттеу, яғни кез-келген пәнді «тілді қолдану арқылы» оқыту.

Бұл тәсіл CLIL-ді іске асырудың күрделілігіне қарамастан айтарлықтай оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін бірқатар маңызды сипаттамаларға ие және бірқатар батыстық білім беру жүйелерін осы әдісті өз жұмысында қолдануға сендірді. Біріншіден, CLIL әдісі портативтілік пен икемділік сияқты екі маңызды қасиетке ие, ол кез келген сыныпқа қолданылады.

Екіншіден, CLIL заманауи қоғамның барлық талаптарына жауап береді, бұл жас ұрпаққа тілдерді тиімді үйренуге және сыни және икемді ойлауды дамытуға мүмкіндік береді..

Марш Дэвид өзінің «Еуропадағы жетістікке жету үшін мазмұн мен тілдік интеграцияланған оқытудың (CLIL) өзектілігі мен әлеуеті» атты мақаласында «пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту дегеніміз кез-келген екі пәндік білім беру контекстін білдіреді, онда қосымша тіл, лингвистикалық емес тақырыпты оқыту құралы ретінде бүкіл оқу курсы жүргізілетін негізгі тіл емес». Ғалымның пікірінше, бұл әдіс екі пәнді бір уақытта оқытуға мүмкіндік береді, дегенмен назар тек тілге немесе тілдік емес тақырыпқа аударылуы мүмкін.

CLIL зерттеушілерінің айтуынша, О.Н. Бурдакова, А.А. Джалалова және Н.П. Рауд, CLIL әдісі бойынша 3 оқыту моделін бөліп алу әдеттегідей:

1) C1 моделі: Көптілді оқыту.

2) C2 моделі: қосымша / қосымша интеграцияланған пән және тілді оқыту (Adjunct CLIL).

3) C3 моделі: Тілдік қолдауды қосатын пәндік курстар (Тілдік мазмұн курстары). Басқаша айтқанда, таңдалған модельге байланысты тіл оқыту тілі, оқуға арналған тіл немесе оқыту арқылы тіл ретінде әрекет ете алады.

Өз кезегінде, CLIL әдісі аясында бірнеше модельдердің болуы мұғалімдерге қойылған білім беру мақсаттары мен мақсаттарына байланысты шет тілін оқуға тарту дәрежесін әр түрлі етуге мүмкіндік береді. CLIL-тің мақсаты - бүкіл оқу бағдарламасын шет тілінде оқыту емес, CLIL-мен үйлесімді тақырыптар мен пән модульдерін саналы таңдау.

Пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту әдісін қолдана отырып, білім беру қызметін жобалау белгілі бір ұсыныстарды ескере отырып жүзеге асырылады.

Біріншіден, әр сессияны 4С қағидаттары негізінде жоспарлау және ұйымдастыру қажет:

МАЗМҰНЫ (мазмұны) - білім, білік, дағдыларды дамыту.

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС (қарым-қатынас) - оқыту кезінде шет тілін қолдану, оны қолдануды үйрену.

ТАНУ (таным) - берілген тақырып бойынша жалпы идеяны қалыптастыратын танымдық және ойлау қабілеттерін дамыту.

МӘДЕНИЕТ (мәдениет) - өзін мәдениеттің бір бөлігі ретінде көрсету, сонымен қатар баламалы мәдениеттердің бар екендігі туралы хабардар ету.

Бұған пәнаралық байланыстар мен азаматтыққа тәрбиелеу де кіреді.

Екіншіден, әр сабақта нақты тұжырымдалған мақсаттар, әдістер, оқыту нәтижелері, бағалау критерийлері және рефлексия болуы керек. Бұл жағдайда мұғалімнен жүйелі жоспарлау, оқыту, бақылау және бағалау талап етіледі.

Үшіншіден, барлық таңдалған пәндік курстарда интеграцияланған пәндер мен тілдерді оқыту үшін сапалы материалдар, көрнекі құралдар мен түпнұсқа мәтіндерді әзірлеу және таңдау қажеттілігі өте маңызды. Әрине, мұғалімнің өзі оқудың интегралды бақылау парағы негізінде үнемі өз талдауын жүргізіп отыруы керек [4].

Мектепке дейінгі ұйымдарда қолданылатын CLIL әдісі келесі постулаттарға негізделген:

- мұғалімдер мен оқушылардың ынтасын арттыру;
- тәуелсіздік пен жеке пікірді мадақтау және ынталандыру;
- бірінші және екінші тілдердің сауаттылығын арттыру;
- ойлау қабілеттерін дамыту;
- мәдениетті және мәдениаралық білімді дамыту;
- оқытудың сөздік қорын байыту.

Мектеп жасына дейінгі балаларға шет тілдерін оқытуда тек CLIL әдісінің компоненттері қолданылады. Балалардың іс-әрекеттерін мұғалім шет тілінде түсініктеме береді, осылайша тілдік ортаға түскен әр бала жаңа білім алады. Бұл әдісті табысты қолдануға болатын көптеген тақырыптар бар: жануарлар, табиғат, жыл мезгілдері, тамақ пен сусындар, түстер және басқалар. Басты мақсат - балалардың шет тіліне, тілдің барлық пайдалылығы туралы түсініктеме және өз бетінше оқуға деген ұмтылысында жағымды қатынасты қалыптастыру.

CLIL әдісі функционалды тілде қолданылатын грамматикалық құрылымдар туралы білімді қолданады, бірақ белгілі бір лексика тақырыптары бойынша білімдерін тексермейді, сонымен қатар, CLIL оқушыларға сабақ барысында тілдік қабілеттерін дамытуға және сөздік пен грамматиканы меңгеруге мүмкіндік береді. Алайда, осы әдісті қолданатын оқу іс-әрекетінің бағыты тілдің грамматикалық құрылымын емес, пәндік мазмұнды түсінуге бағытталған.

CLIL зерттеулері көрсеткендей, мұғалімдердің көпшілігі мазмұнды оқыту барысында грамматиканы үйренбейді, өйткені мазмұн мен тіл біртұтас. Мектепке дейінгі білім берудегі оқыту әдістерінің көпшілігі әртүрлі ойындар, жарыстар және балаларға арналған қызықты ойын-сауық негізінде құрылады. Балаларға ағылшын тілін үйрену қажеттілігін түсіну жиі қиынға соғады. Олар мұның болашақта пайдалы болатынын біледі, бірақ бұл түсініксіз алыс перспектива, тілді дәл қазір үйренуге күш салуға әрдайым түрткі бола бермейді.

Өз кезегінде, CLIL әдісі қолданылатын сыныпта оқушылар ағылшын тілінің көмегімен жаңа және қызықты ақпаратты білуге болатындығын көреді. Ақпарат олар үшін қызықты болған кезде, балалар оны тез және оңай қабылдайды. Егер балалар табиғи түрде білім алса және оларға жаңа нәрсе ойын түрінде ұсынылса, олардың жаңа нәрселерді ашуға және білуге деген қатынасы оң болады. Ең бастысы, олар тілге жол жауып, оқуға деген оң көзқарас қалыптастыра алмайды [5].

Осы әдісті практикада қолдану нәтижелерін талдау CLIL әдісі шетел тілін оңай әрі қызықты оқытуға ғана емес, сонымен қатар:

- балаларда қажетті білім, білік және дағдыларды қалыптастыруға көмектеседі;
- баланың қабылдауының барлық арналарын пайдалануға мүмкіндік береді;
- балаларға өз тілдеріне сәйкес тіл үйренуге мүмкіндік береді жеке дамуда;
- эмоционалды, шығармашылық, әлеуметтік және танымдық қабілеттердің дамуына ықпал етеді;
- шет тілі мен шетелдік мәдениетке деген сүйіспеншілікті қалыптастырады.

Сонымен қатар, пәндік-тілдік кіріктірілген оқытудың қосымша артықшылығы - зерттелетін пәндерді тұтас синтезделген қабылдау, оқу уақытын үнемдеу, мәселелердің мәнін терең түсіну және оқушылардың ынтасын арттыру.

Қорытындылай келе, CLIL-ді жүзеге асыру жаңа ғылыми-педагогикалық зерттеулерді қажет ететіндігін атап өткен жөн. CLIL-дің бейімделу сызбасы толық зерттелмегеніне қарамастан, біз бұл тәсілді мектепке дейінгі білім беру жүйесінде тілдік білім беру бағдарламасын іске асыру шеңберінде қолдануды мақсатқа сай деп санаймыз, нәтижесінде оқушылардың белсенді кәсіби қарым-қатынасқа дайындық деңгейі артады, сонымен қатар әлемдік ғылыми ресурстарға шексіз қол жеткізуге болады. Шет тілінде ұсынылған жұмыстар зерттелетін мәселенің жай-күйін талдау пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту, көптілді тәсілдердің бірі ретінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді тетіктерінің бірі екендігін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Леонтьев А.А. Шетел тілін ерте меңгерудің психологиялық алғышарттары. 2-ші басылым, стереотипті - М.: КомКнига, 2017. - 211 б.
2. CLIL: An interview with Professor David Marsh/ International House Journal of Higher Education, Issue 26: Spring 2019 (22). URL: <http://ihjournal.com/content-and-language-integratedlearning>
3. Content and Language Integrated Learning (CLIL) at School in Europe. Eurydice. The Information Network on Education in Europe. Brussels: Eurydice, 2015.–80 с.
4. Eurydice Content and Language Integrated Learning (CLIL) at School in Europe. – Режимдоступа: www.eurydice.org
5. D. Coyle, P. Hood, D. Marsh CLIL content and language integrated learning. Cambridge: Cambridge University Press, 2017. –184 с.

ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ПОЭЗИЯДАҒЫ ЖАҢАШЫЛ ІЗДЕНІСТЕР

ҚҰЛТАЙ ШҰҒЫЛА ЖОМАРТҚЫЗЫ

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ПЕРТАЕВА ЭЛЬМИРА КУЛИБАЕВНА

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті, профессордың ассистенті, ф.ғ.к., Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются новаторские поиски в национальной поэзии периода независимости.

Summary. The article examines innovative searches in national poetry during the period of independence.

Поэзия – халқымыздың тамырын тым тереңнен алатын төл өнері. Әдебиетті сөз еткенде поэзия жанрынан ерлік пен қаһармандықты, ізгілік пен парасаттылықты, жалпы халықтың бай шежірелі дәуірін көрер едік. Сонау ықылым заманнан бастау алған ұлы мұраларымыз, тасқа қашалып басылған теңдесіз құндылықтарымыз, қазақ хандылығы құрылғаннан кейінгі жыраулар поэзиясы қазіргі қазақ поэзиясының бастау алған бұлағы. Сол бұлақтан бастау алған, ұлы тұлғалардың өнерін жалғаған қазіргі қазақ поэзиясы ұлттық әдебиетімізді жасап отыр. Тәуелсіздік алған жылдардан бері поэзия тарихы жаңа көзқараспен зерделеніп, қайта таразыланды.

Осы жылдары өмірге келген көптеген өлеңдер оқырман қауымынан өз бағасын алып, әдеби айналымға түсіп, біршама ғылыми бағасын да алуда. Ұлттық поэзиямызда Серік Ақсұңқарұлы, Темірхан Медетбек, Ұлықбек Есдаулет, Есенғали Раушанов, Ғалым Жайлыбай т.б. ақындар нағыз шығармашылық кемеліне келіп, поэзия әлеміне сүбелі үлес қосып жатыр. Тәуелсіздік таңы атып, қазақ поэзиясы жаңа тың сұрлеуге түскен жылдары, поэзия айдынына Маралтай Райымбекұлы, Жарас Сәрсек, Бауыржан Бабажанұлы, Әмірхан Балқыбек, Әділ Ботанов, Роза Қараева, Талғат Ешенұлы т.б. тәуелсіз арынды толқын екпіндеп келіп қосылды. Әдеби үрдістегі айнымайтын дүние ол дәстүр жалғастығы мен рухани сабақтастық. Осы қуатты екпінмен бір заманда жасасып, бірге өсіп, біте қайнасып келе жатқан, ізін өкшелеп, жолын жалғаған әдеби орта – 21 ғасыр ақындары, яғни шығармашылығы жарық көріп, тырнақ алды жыр жинақтары оқырман қауымға тарай бастаған, оқырман ықыласына бөленгендер: Танакөз Толқынқызы, Руслан Нұрбай, Алмас Темірбай, Серік Сағынтай, Бағдат Мүбәрәк, Ақберен Елгезек, Құралай Омарова, Қалқаман Сарин, Рахат Абдрахманов, Бауыржан Қарағызұлы, Ерлан Жүніс. Форумдар және облыстық, аймақтық, республикалық, халықаралық жыр мүшәйралары арқасында осындай таланттар жұртқа танылып, поэзия әлеміне жаңа есімдер пайда болды. Осындай талантты жастардың жыр жинақтары жарық көрді.

Ғасыр басындағы қазақ поэзиясының тұтас бір көркемдік сипатын жасау аяқ алысын аңдап, қазақ сөз өнерінің ғылымының алдында үлкен жауапкершілік артатын аса күрделі міндет болғандықтан танымал болған ақындардың біразының шығармашылығына шолу жасамақпыз. Қазіргі қазақ поэзиясында ізденіп жүрген Серік Сағынтай, Руслан Нұрбай, Рахат Абдрахманов сынды ақындардың өлеңдерін оқып отырғанда көктемнің алмағайып күндеріндей сезім сәттерін, тәтті де, сәтті шумақтарға жолығып қалатынымыз көңіл қуантады.

«Жас ақындар жырының анталогиясы» кітабында қазіргі жас ақындар кімдер екен деген қызығушылықпен оған назар аударған едім. Кітапқа қазіргі жыр патшалығының 45 ақынының өлеңдері енгізілген екен. Кітап алғы сөзін ақын Ұ.Есдаулет жазған. Жинақта Ұлықбек ағаша айтар болсам: Қазақ өлеңінде болашақ бар ма? деген сұраққа жауап табылды. Мен өзімше жазамын. Алаш ардақтысы М.Жұмабаев сеніп кеткен:

«Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты» [37,236.].

Бұлар – жастардың жырлары. Соның бірі – жас ақын Нәзира Бердалының бала күнін ойға алып, бойжеткен шағынан қиял тербеп, балалықтың ауылына сапар шеккен өлеңі:

«Ей, самолет, самолет,
Алматыға ала кет!, –деп жүргенде,
Осы біздер бала ма ек.

...Самолеттен ала кет деп сұраған,
Алматыда жүрмін мен...
...Ей, самолет, самолет!
Балалығым сапарда,
Қай жерде екен айтып кет!».

Ақын балалығын осылай сағынады. Осы ойды, ауылға деген сағыныш сезімін:

«Сағынып келем жып-жылы жаз ауылымды,
Алматының қар басқан көшелерінде», – деп толықтыра түседі.

Келесі бір жас ақын – Бақыт Беделханұлы. Мысалға: «Солай бәрі болу керек» өлеңін алатын болсам:

«Өрт боп жанған махаббатым аман бол,
Өшер кезде ешкім маған от бермес».

Осы жолдарда ақын ұлы күш – махаббаттың жалынын анық аңғартады. Махаббат от береді, маздатады. Тағы бір ерекшелік, өлеңнің бірінші (ө), төртінші (е) шумақтары ассонансты пайдаланып, ал екінші (л), үшінші (м), бесінші (с) шумақтары аллитерация тәсілін қолданып жазылған. Және де сол басқы әріптерден құралған сөз: «өлмес»...

Иә, бұл жалынды жырлар өлмейді, мәңгі! Осы ойды «Мәңгіліктер» өлеңінде былайша сабақтайды:
«Мәңгіліктер...

Мәңгі өлмейтін жаныма жаңғырып кел». Бұл жанның мәңгі өлмеу себебі, ол – ақын жаны.
«Қаршадайынан тақымын тайға бекіткен,
Ғұмыр бәйгенің өзінше шабандозы едім...
...Көмбеден күткен тілеулес жұртым секілді,
Тақымын қысып ажал тұр ма екен алдымда!».

Осы жолдар ақын Дәулеткерей Кәпұлының шумақтары. Расымен де өмір – бәйге, өмір – аламан. Сол аламанда әркімнің өз жүлдесі бар. Көмбеге дейін қаншама қиындық, қаншама талас-тартыс... Барар жер бір... Ол – мәңгіліктің мекені.

«Қайда кетті бөрілі елім, сол заман» өлеңінде түтіні түзу ұшқан, Көк Тәңірісі қолдаған жұртымыздан:

«Тәңірдей табынатын тектілік!
Ағалардан табылса –

Біз де, ұрпақ, бақыттымыз күні ертең», – деп ой түйеді. Айта кетер тағы бір ұлы күш – қыз махаббаты. Ол – сүйеді. Шын сүйеді. Қыз сезімі – пәк, таза. Оны ақын Танакөз Толқынқызы дәлелдейді:

«Қайыңға, дінге, терекке,
Жапырақтарға – дір етпе,
Кеудемде соққан жүрекке,
Атыңды ойып жазамын».

Танакөздің «Қатыгез ғасыр» өлеңіне үңілсем. Қатыгез ғасырда қатыгез жүрек қапталған. Қатыгез ғасырда біреуді-біреу таптаған. Бірақ ақын осы қатыгездікке мойын ұсынбайды. Былай дейді:

«Қатыгездікке беріле көрме, ақ қалам,
Бермесе қойсын бақ маған...».

Жоғарыда айтқандай, қазіргі қазақ поэзиясы жаңарып келеді, түрленіп келеді. Анталогияны оқыған соң оған менің көзім жетті, «...қазіргі қазақ поэзиясы кешегі Абай атамыз салып кеткен сара жолдан еш тайған емес, Абай атамыз қалап кеткен сол биіктен әлі түскен жоқ». Ырғақ бояуы күшті, жылт етпе жырлар да уақыт мерзіміне ілесе алмай, шабандаған аттай қалып қоятыны болмаса, басқасының бәрі түгелдей сезінеді. Ақынның мұраты өтпелі кезеңнің дабырына ілеспей, өзінің мөлдір қалпын сақтай білгендігінде. Қазіргі жас ақындардың өлеңдерін оқып отырғанда біз негізгі объектіні немесе тақырыпты дұрыс аша алмағанын көп байқаймыз. Айтылмақ болған ойды сөзбен қиоластырғанда жас ақындарымыз жаттандылыққа, бір ізділікке, ұйқас қууға, еліктеуге ұрынып жатады. Сөздің орналасуына, ұйқасына, салыстырылуына ешқандай сын таба алмайсың. Дегенмен, өлеңді қарабайырландырып жіберетін ақындарда болады. Дегенмен, ақынның өлеңінен кемістік іздеп отыру да әдепсіздік. Жас ақындар жаңа қалыптасып келе жатқан, болашағынан үміті бар жас буын. Себебі, олар әлі де ізденіс, өсу үстінде. Осы тұрғыдан келгенде қазақ өлең сөзінің теориясын жасаушы академик, ғалым З.Ахметовтың мына сөзіне мән берсек «...Мәселе – поэзияға тән көркем суреттеу әдісі жайлы, қандай өмір құбылысы бейнеленсе де, тек ең қажетті, ең маңызды қасиет, ерекшеліктер талғампаздықпен сұрыпталып, алынатындығына көңіл аудару» [1, 696.], – деген. Ғалымның сөзіне сүйене отырып ақынның бейнелі тіркестері қозғалыста

барынша жандана түскені дұрыс дегені ой түйеміз. Ақындардың айтар ойы оның көңіл күйімен біте қайнасып жатады.

Тәуелсіздік кезеңіндегі қаламгерлер шығармалары идеялық-көркемдік өлшемдер тарапынан ұқсас келіп жататындығын жоғарыда айттық. Олардың көпшілігінің туындыларында күйректік басым көрініп, символдар жүйесі арқылы танымды жеткізу алға шығады.

Жалпы жастар поэзиясы туралы ағалары оң пікір білдіріп жатады. Олардың арасында оқырманын баурап жүрген, олардың оң көзқарастарына ие ақындар да жоқ емес. Олардың шығармаларында қамтылатын ішкі сезім құбылыстары, қоғамдық қайшылықтар, адамның жан дүниесіндегі сан қырлы қалтарыстар, күтпеген құбылыстар мен жұмбақ жаратылыс сырлары, іс-әрекетінің кереғарлығы, сана қақтығысы т.б. модернистік бағыттағы туындыларда қозғалатын жайттар мен рухани әлемді бейнелеудің жанама тәсілдері жас ақындар шығармашылығын жоғары деңгейде бағалауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабаев М. Сүй, жан сәулем / М. Жұмабаев. – Алматы: Атамұра, 2002. – 256 б.
2. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Ана тілі, 2001. – 298 б.

ӨОЖ 82.365.29

АЛАШТАНУШЫ ҒАЛЫМДАРДЫҢ АБАЙ ТУРАЛЫ ЕҢБЕКТЕРІ МЕН ЗЕРТТЕУЛЕРІ

МАЙРЫКОВА МОЛДИР МУРАТОВНА

Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ПЕРТАЕВА ЭЛЬМИРА КУЛИБАЕВНА

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті, профессордың ассистенті, ф.ғ.к., Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются труды и исследования Алашской интеллигенции об Абайе.

Summary. The article discusses the works and research of the Alash intelligentsia about Abai.

Абай 1904 жылы қайтыс болды. 1905 жылы Ресейді дүр сілкіндірген орыс буржуазиялық-демократиялық революциясы бүкіл империя халықтарының алдыңғы қатарлы зиялыларын ұйқыдан оятып, саяси өмірдің жандануына әсер етті. Қазақ зиялылары да осы 1905 жылы өздерін саяси-әлеуметтік күш ретінде тұңғыш рет көрсетті. Алаш зиялылары өз ұлтының басты рухани құндылықтарына бұрылды, Абайды тануды бастады. С.Торайғыров бұл үрдісті былай деп анықтап берді: «Ер Тарғын», «Қобыландыны» оқып байқа, Абайды оқы, таңырқа, басыңды шайқа» [1, 155б.].

Алаш ғалымдарының, яғни алғашқы абайтану туралы еңбектері кеңес кезінде саналы түрде жасырылды. Ал бұл мұра 1905 жылы Әлихан Бөкейханның зерттеуінен басталып, 1924 жылы «Ақжолдағы» Абай туралы жазылған редакциялық мақалаға дейінгі екі аралықтағы 20 жылдық мерзімдегі авторларымен бірге репрессияға ұшыраған ғылыми мұра ұлы классикті таныту – абайтану саласы тек тәуелсіз әдебиеттану ғылымының еншісіне бұйырған екен.

Ол қандай еңбектер? Ең алдымен, Ә.Бөкейханның «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» атты мақаласы. Мұнда тұңғыш рет Абайдың айналасы, туған ортасы, ататегі, негізгі өмірі мен шығармашылығы тұңғыш рет сөз етіледі. Абайдың 13 жасынан өлең жазғаны, 15 жасында әкесінің қасында болып, билік ісін меңгере бастауы айтылады. Ә. Бөкейхан тұңғыш рет Абай қандай кітаптар оқыды деген сауалға жауап береді: Спенсердің «Тәжірибелерін», Льюистің «Позитивті философиясы», Дрепердің «Еуропаның ақыл-ойының дамуы», Н.Г.Чернышевскийдің «Современниктегі» мақалалары, т.б. Ә. Бөкейхан Абайдың аудармаларына да арнайы тоқталған.

Алаш абайтануының реті келесіндей: Кәкітай Ысқақұлы Құнанбаев «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі»; Алексей Белослюдов «Белослюдов қолжазбасынан»; А.Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» («Қазақ», 1913, №43); Нұқ Рамазанов «Абай Құнанбаев» (1845-1904) (Жеруен уезінің қазағы, Мақала 1914 жылы «Әлшархият» жинағында Петроградта жарияланған); Міржақып Дулатов «Абай» («Қазақ», 1914, №67).

«Абай көп нәрсені білген, білген нәрселерін жазғанда: «Мынау халыққа түсінуге ауыр болар, мынаның сыпайышылыққа кемшілігі болар», – деп тайсақтап тартынбаған, хақиқатты хақиқат қалыбында, теренді

терең қалыбында жазған. Хақиқатты тануға, тереңнен сөйлеуге бойына біткен зеректігінің үстіне, Абай әртүрлі Еуропа білім иелерінің кітаптарын оқыған» [2, 121б.]. Міржақып Дулатұлы «Абай» мақаласында («Қазақ», 1914, №67) былай деген, «Абай сынды ақынның қадірін білмеу – қазақ халқының зор кемшілігін көрсетуге толық жарайды. Себебі, қазақ өзге жұртпен үзеңгі қағысып, тең халық болып жасай алмауы – тарихы, әдебиеті жоқ халықтың дүниеде өмір сүруі, ұлттығын сақтап ілгері басуы қиын. Әдебиеті, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңсіп, жұтылып жоқ болады. Қай жұртта болса да жалпы әдебиет жансыз тән жасамақ емес. Қайдан өрбігенін, қайдан өскенін, ата-бабалары кім болғанын, не істегенін білмеген жұртқа бұл талас-тартыс, тар заманда арнаулы орын жоқ. Сондықтан Абайдың аты жоғалуы, мұнан кейін де шығатын Абайлардың сондай ескерусіз ұмытылу ықтималы қазақтың жоғалуы, қазақ атты халықтың ұмытылуымен бірдей. Соның үшін жиырмамыншы ғасырдың таңында халқымыздың ұйқыдан азырақ бас көтеруі жас әдебиетіміздің өсуі, белгілі кісілеріміздің тірлігінде һәм өлген соң да мәңгі ұмытылмастай болуы – біздің бірінші ескеретін борышымыз. Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш – Абай сөзі, Абай аты боларға керек. Абайға шейін қазақта қолға алып оқырлық, шын мағынасында қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе болған жоқ еді. Абайдың бізге қымбаттығы да сол» [3, 111б.]. «Бәлкі мұнан кейін Абайдан үздік, артық ақындар, жазушылар шығар. Бірақ ең жоғары ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәле беріп, алғашқы атқан жарық жұлдыз – Абай» [4, 163б.].

М.Әуезов «Абай – әдебиеттің басшысы» мақаласында келесі теориялық ойлар қамтылған: 1) «Қазақта жазба әдебиет Абайдан көп бұрын басталған. Бұл есепке, көбінесе дін мақсұтымен жазылған қиссаларды кіргізбесек те, айтыс өлеңдерді кіргізбеуге болмайды. Наурызбай мен Тілеукабақтың қызының айтысуы, Біржан мен Сараның айтысуы, бір жағынан, ауызша әдебиетке кірсе, бір жағынан, жартылап келіп жазба әдебиетке кіреді. Тегінде, қазақтағы айтыс өлеңдер – өзге жұрттың әдебиетінде кез келмейтін, біздің әдебиеттің байлығына дәлел болған айрықша бір түр. Айтыс өлеңдердің ерте күндегілері ауызша әдебиетке кірсе де, бергі замандағы айтыстың ішінен ұзақ әңгіме тудыратын Наурызбай мен Біржан-Сара сияқтылар жазба әдебиетке кіреді. Екі кісінің айтысуынан немесе екі екі кісінің жайынан туатын әңгімелер ертерек уақытта ағылшын әдебиетінде Грандисон, Ричардсон, Достоевскийдің уақыттарында туылған. Орыстардың «Бедные люди» деген кітабында бар. Мұндай әңгімелерді эпистолярный роман деп атаған. Біздің айтыстардың көбі – осы эпистолярный роман түріндегі өлеңдер...». күні бүгін айтылмаған тың теориялық пікір! «Одан беріде жазба әдебиеттің өз міндетін ұға бастап, қазақ тұрмысындағы кем-кетікті қолға ала бастағаны да Абайдан бұрын басталады. Бұл жағынан қарағанда, Абайдың алдындағы адамдар деп Шортанбай, Алтынсарин, Мәшһүр Жүсіп, һәм Нарманбеттерді алу керек» [5, 48б.].

Ілияс Жансүгірұлы 1933 жылы Қызылордада шыққан Абай жинағының жарық көруіне атсалысып, алғы сөз жазған автор. Ілияс Жансүгірұлының «Абай кітабы» мақаласы да абайтануға қосылған сүбелі үлес. Автор баспа қатесін түзетуші (корректор) нашарлау болғанын айтып, баспа тарапынан кеткен жаңсақ мысалдар келтірген. Әдебиетші 21 сөйлемдегі кеткен қателерді тізіп берген.

Абай өлеңдерінің биік дәрежесін айта келе І.Жансүгірұлі сол кездегі саяси ахуалды да былай берген: «Қазақстанның баспасөзінен Абайдың толық кітабын да осы кезде дәмеленуге болмайды. Себебі, Абайдың күні бұрын қорқып, Құдайға сиынған сыншысы салпаң құлақ Сәбит Абайды «жуан жұдырық» деп, кара тақтай ұстап, бақырып отыр:

Демеймін мен мақтасын,
Я жақсын, я жақпасын.
Сүйтсе де сондай сыншыдан

Құдайым мені сақтасын (Абай). Бірақ Қазақстанның жалпақ еңбекшілері кімнің қораз, кімнің бұлбұл екенін айырап. Бір есектің бетімен кетпес. Түркістанның езілген еңбекшілерінің шөлдегені – білім, аңсағаны – ұсақ өсек емес, – бірлік негізі. Сондықтан кім білім берсе, кім білім жағынан еңбегін жұмсаса, тілесе, кім болсын, Түркістанға еңбекшілердің әкесі де, ең қасиетті кісісі де осы» [6, 48б.].

Ғабдрахман Сағди – Абай мұрасын зерттеуші педагог (1922 жылдан бері) – ғалым, Тәшкендегі САГУ профессоры. Ғалымның «Абай» атты мақаласы «Ақжолда» 1923 жылы жарық көрген «№335, 336, 354, 372). Ғалымның зерттеуі «Абай еңбектерінің басылуы», «Абайды жұртшылық жағынан тексеру», «Абай өлеңдерінің табиғаты һәм ішкі рухани жағы туралы», «Абайдың тілі һәм өлшеулері» тараушалардан тұрады.

Сағди тұңғыш рет Абайдың барлығы 5313 жол шамасында өлең жазғанын, 1700 шамасында орысшадан тәжірибе қылғанын анықтаған. Тіпті қай жылы қаншаға дейінгісі нақтыланған. Абайдың шығармашылығы келесідей бөлініп қарастырылған:

«1) Абайдың 20 жылдық әдеби өмірі бар. Соның әуелгі жартысында Абай күштілік көрсетеді. Соңғы жартысында әлсізденіп, өлеңнің табиғатын, ішкі рухын бүтіндей өзгертіп жібереді.

2) Өмірінің әуелгі жартысында Абайдың өлеңдері табиғат, ішкі рухы мен тұрмысқа жақын дайын тұрмыс қайғыларын, тіршілік пікірлерін шешеді.

Соңғы жартысында (айрықша соңғы 70-80 жылдарында) Алла һәм ахрет туралы терең ойларға кетеді. Яғни, Абай өлеңдерінің табиғаты, үміттері тұрмыстың түрлі дерттерімен суарылған болса, соңғы жартысы діни пікірлер һәм машһараға даярлану атымен суарылады. Идеализм деген пәлсапа жолына бұрып тұрақтайды.

3) Абай өлеңдерінде өзінің машық сипатарын, өздігін көрсетеді. Абай кітабында түсірілген суретте қандай көрінсе, өлеңдерінде де сондай көрінеді. Абайдың маңайында ойшылдық пен толқындаушылық бірлеседі. Бірақ кейіннен ойшылдық жеңіп кетеді.

4) Абай өлеңдері халықшылдық, қазақшылдық рухымен шығарылған.

5) Абай өлеңдерінде (әсіресе әдеби өмірінің соңғы жылында) шындық (реальность) күшті, хатта діни мәселелерге де шын ынтасымен қарайды.

6) Абай мұсылманшылдық дүниесіндегі сопылыққа әсер бермеген. Абай – мұндай сипатпен уланбаған кісі. Оның өлеңінен сіздер өтірік монталықты сезбейсіздер.

7) Абайдың кейбір өлеңдерінің бір пікірден екінші пікірге, бір сезімнен басқа сезімге бірден секіргендігі, асығыстықпен көшкендігі көрінеді. Соның үстіне бағзы бір келіспегендіктер, һәм бір-біріне қарсы болған пікірлер де жоқ емес (Газет жүзінде орын аздықтан мысал келтіріп болмайды).

8) Абайдың әдеби өмірінің әуелгі жартысында орыс әдебиетінің берген әсері сезілмейді. Абайдың өзінен өлең шығарушылық дәуірінде ешбір халықтың әдебиетіне ешбір адамға еліктегендігі білінбейді».

Алаш әдебиеттануындағы соңғы еңбек – М.Жұмабайдың «алтын Хакім Абайға» атты арнау өлеңі 1912 жылы жазылған. Ақын өз заманының абайтанулық мәселелерін өлеңмен айқындап берген:

Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе, дәмі кетпес.
Қарадан хакім болған сендей жанның
Әлемнің құлағынан әні кетпес!...

Ай, жыл өтер, дүние көшін тартар,
Өлтіріп талай жанды жүгін артар.
Көз ашып, жұртың ояу болған сайын,
Хакім ата, тыныш бол, қадірің артар.

Жүрген жанның артында ізі қалар,
Етікші өлсе, балға мен бізі қалар.
Бір бай өлсе, төрт түлік малы қалар.
Шешен өлсе, артында сөзі қалар [7, 125б.].

Әдебиетші Мағжан Жұмабайдың «Шын хакім» сөзін дәлелдеу үшін бүгін қаншама диссертациялар жазылуда! Сөзді нақты, орынды қолдана білген М.Жұмабай осы анықтама өлеңі арқылы абайтануға зор үлес қосып кетті. Олай болса, әр сөзінен ұлттың рухы мен намысы өрлеп тұрған бұл Алаш абайтануы – тәуелсіз әдебиеттанудың басты ұстанымы болып табылады.

Осы тақырыпқа орай Иса Байзақовтың абайтануға қосқан үлесі туралы нақты дерек бар. Мәселен, арнайы зерттеу жазуда емес.

Қорыта айтқанда, сонау XX ғасыр басында Абайдың асыл мұрасын қорғай білу екінің бірінің қолынан келмегені белгілі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-том, –Алматы: Ғылым, 2001. –255б.
- 2.Жұбанов Қ.. Абай – Қазақ әдебиетінің классигі // Абай тағылымы (Құрастырушы Н.Ғабдуллин). – Алматы: Жазушы,1986. –244б.
- 3.Поэты Казахстана. Құраст.: М.Мағауин. –Ленинград, 1999. –194б.
- 4.Ғабдуллин Н. Естеліктер. –Алматы: Жалын, 1999. –156б.
- 5.Әуезов М. 50 томдық шығармалар жинағы. 2-т. –Алматы: Ғылым, 1998. –221б.
- 6.Ілияс Жансүгіров. Алтын бесік. –Қостанай, 1998. –255б.
- 7.Жұмабай М. Хакім Абай. Өлеңдер жинағы. –Алматы: Руханият, 2004. – 235б.

МҰХТАР ӘУЕЗОВТИҢ АУДАРМА САЛАСЫНДАҒЫ ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫ

СЕРГАЗИНА КАЛАМҚАС ҚУАНЫШБЕКОВНА

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

БЕРКЕНОВА РАБИҒА АҒАБЕКҚЫЗЫ

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті, профессордың ассистенті, ф.ғ.к., Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются исследования драматических произведений Мухтара Ауэзова в области перевода.

Summary. The article examines the research of Mukhtar Auevov's dramatic works in the field of translation.

М.Әуезов қазақ әдеби аударма сынының қалыптасуына, теориялық негіздерінің орнығуына айтарлықтай еңбек сіңірді. Кезінде шығып жатқан аударма әдебиеттің жай-күйі жайлы өз ойларын баспасөз беттерінде білдіріп отырды. Қазақ академиялық драма театрында әдебиет бөлімін басқарып тұрған кезде, көркем аударма жұмысымен белсене шұғылданып, дүние жүзі, орыс және кеңес драматургтерінің бірсыпыра шығармаларын қазақ тіліне аударды және олардың ұлттық театр сахнасында қойылуына көмектеседі. Драма театры 1926 жылы өзінің шымылдығын тұңғыш рет Мұхтар Әуезовтің «Еңлік - Кебек» трагедиясымен ашса, опера театрының алғашқы репертуарында да Әуезовтің «Айман - Шолпан» шығармасы қойылды.

«Еңлік-Кебек» пьесасын драматург бес рет өңдеді. Алғашқы нұсқасында бұл халық аузындағы аңызды сахнаға бейімдеу, көбінесе этнографиялық жағы басымырақ болса, кейінгі редакцияларда кемеліне келген реалистік шығармаға айналды. Екі жастың арасындағы махаббат өрістей отырып, көп тақырыпты қамтиды. Ең алдымен, адамгершілік, адамның жеке басын қадірлеу, ел бірлігін көксеу, бұқара халыққа бейбітшілік өмір тілеу, болашаққа үміт, сенім көзімен қарау сияқты күрделі мәселелер қозғалады. Осылардың бәрі жалаңаш баяндау, құрғақ сөз арқылы емес, көркем әдебиеттің заңы бойынша негізгі кейіпкерлердің әрекеті, күресі, талас-тартысы, демек конфликт арқылы беріледі.

Трагедия екі жастың (Еңлік пен Кебектің) өлімімен аяқталса да, болашақ Еспембеттердікі емес, топас ескілік келмекке кетеді, ендігі өмірге Жапал, Еңлік пен Кебектен қалған жас нәресте, кейінгі ұрпақ ие болады деген сезімге бекінесің. Шығарманың өшпес қуаты, әлсіремейтін әсері міне, осында.

1916 жылғы оқиғаға арналған драматургиялық шығармалардың ішінде «Түнгі сарын» пьесасының шоқтығы биік десек, әсірелегендік бола қоймас. Бұл пьеса – қазақ драматургиясы даму кезеңдерінде келелі орын алатын, мазмұн-идея жағынан терең, көркемдік жағынан жоғары сатыда тұрған шығарма.

«Аударма саласындағы тамаша еңбектері қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылды. «Ревизор», «Отелло», «Асауға тұсау», «Любовь Яровая», «Аксүйектер», «Дворян ұясы», «Той тарқар» сияқты Батыс Еуропа мен орыс классиктерінің және кеңес жазушыларының пьесаларын, романдарын, әңгімелерін қазақ тіліне аударды. В.Шекспирдің «Асауға тұсауы» осы күнге дейін театр сахналарынан түспей келе жатқаны мәлім» (1, Б: 379-380).

Әуезовтің драматургиясы, оның аударма пьесалары туралы пікір айтқан ғалымдар былай дейді: «Кезінде Сәбит Мұқанов «қазақ әдебиетінде драматургия жанры тек М.Әуезов қана ашқан жаңалық» деп еді. Шынында» Әуезов - ұлттық драматургияның атасы. Тоғыз жасынан бастап қалада өсіп, орыс, татар театрларын көру, Еуропа әдебиетімен жете танысу оны реалистік драматургияға алып келді. Эпостағы, аңыздардағы тұтас сюжеттерді, халықтық образ нұсқаларын, ел тұрмысындағы ойын-сауық өткізу дәстүрлерін Мұхтар Әуезов ұлттық драматургия жасауда зор шеберлікпен қолдана білді. Шекспир, Гоголь, Погодин шығармаларын аудару, үйрену, өсудің шынайы мектебі еді. Театрда қызмет істеп жүріп, Мұхтар Әуезов қазақ актерларының тұтас буынын тәрбиеледі, берді. Әуезов қаламынан туған драмалық шығармаларды бірнеше тақырыптық арнаға саралап қарауға, зерттеуге болады, олар аңызды, эпосты арқау еткен туындылар, кеңестік өмірдің әр кезін бейнелейтін туындылар, либреттолар, сценарийлер. Қаламдас достары Л.Соболевпен, С.Мұқановпен, Ғ.Мүсіреповпен, Ә.Тәжібаевпен, Ә.Әбішевпен шығармашылық ынтымақта жазған бірқыдыру пьесалары және бар.

Әуезов драматургиясы - әлеуметтік тарихтар, кесек мінездер, үлкен идеялар драматургиясы. Мұнда қазақ халқының қилы-қилы өмір кезеңдері жанды бейнелер арқылы сыр шертеді, ұрпақтар шеруі көз алдына келеді (2, 212б.). Айтылған осы пікірмен қатар, М.Әуезовтің төл шәкірті болған академик

3.Қабдолов та ұстазының шығармашылығы жайында тебіреністерін білдіреді: «Сонымен, «Еңлік-Кебектің» мазмұны ел аузындағы көне аңыз болғанмен, суреткердің сол аңызды аңыздау пішіні жаңа, сондықтан да жанры тың шығарма. Дүниежүзілік әдеби классиканың үлгісі мен осы жанрды қазақ әдебиетінде бірінші болып бастап, Ғ.Мүсірепов дәл тауып айтқан: «Алыптар тобымен» бірге қалыптасқан драматург Әуезов: «Еңлік-Кебек» трагедиясынан кейін Батыс Еуропа мен орыс драматургиясынан аударған сегіз пьесаны В.Шекспирдің «Отеллосы мен «Асауға тұсауын» , Н.Гогольдің «Ревизорын», В.Пруттың «Жойқын князь Мстиславын», А.Афиногеновтің «Қорқынышын», К.Треневтің «Любовь Яроваясын», Н.Погодиннің «Ақсүйектерін», А.Кронның «Флот офицерін» (өз алдына қойғанда, осы жанрда отыз екі шығарма (драма, комедия, трагедия, киносценарий, опера либреттосын) жазған)». Бұлардың әрқайсысы жеке-жеке зерттеуді, тереңдеп тексеруді, талдауды, байланыстыра байыптауды, сөйтіп қазіргі қазақ драмасының туу, қалыптасу және даму тарихынан алатын орны мен ролін белгілеуді тілейді» (3, 248б.).

Замандастары мен шәкірттерінің берген баға - әділ баға. М.Әуезов аударманы жай әдеби қажеттілік деп қана бағаламай, оны көркемдік өнердің ұштасуы деп түсінеді. Қазақ драматургиясын қалыптастыруға бар күш-жігерін салған драматург-жазушы мұнымен ғана шектелмей, аударма драматургияның теориясын қалыптастыруға тер төкті. Әуезов осы салаға қатысты ұсыныстарын өз мақалаларында келтіреді.

Мұхтар Әуезовтің аударма туралы айтқан ойлары көбінесе оның тіл тазалығына, аудармашының түпнұсқадағы айтылған ойдың маңызын жойып алмай, дұрыс жеткізуіне көңіл бөлетіндігін көреміз. Ол жазушының тың теңеу, бейнелі образ есебінде айтқан сөздерін, жаңадан қиыстырған тамаша өрнегін қазақтың көпке мәлім, сан рет қолданылып, сонылығынан айрылған ескі бір мақал-мәтелдерімен ауыстыра салуды аудармадағы керітартпалық деп, «әр әдебиеттің, әр жазушының өзінше теңеуі, өзінше лұғаты, өзінше сөз мәдениеті, үлгі-стилі бар дегенмен есептеспей, оның бәріне жауап ұратын, қазақ тілінде менің топас іске күшім бар», - деп кеуде соғатын надандықтың бір көрінісі деп біледі. Бұл әдіспен аударғанда түпнұсқаның авторлары өз ерекшеліктерінен жұрдай боп айрылады да, бәрі де бір қалыпқа түсер еді де, тек бір өлшемнен ғана шығып отырар еді дегенді айтады ол. Бұл өте дұрыс қорытынды.

Осындай қорытындылар жасай келіп, Мұхтар Әуезов орыстың ұлы ақыны Пушкин шығармаларының Илияс Жансүгіров, Тайыр Жароков, Ғали Орманов жасаған жаңа аудармаларына қарай ойысады. Олардағы жаңа беталысты қолдайды, бұл беталыс автордың өзіндік ерекшелігін сақтауға тырысу, түпнұсқадағы көркем теңеулерді қазақ тілінің ескі қолданысында әбден мәлім болған көне теңеулермен ауыстырып қана қарап отырмай, әрқайсысының өзіне тән кесте-өрнектерін өз түрінде келтіре білу, сөйтіп, қазақ тілінің икемділігі мен орамдылығын, көріктілігін арттыруды көздеген беталыс еді.

Сөйтесі де, бұдан кейінгі аударатындар бұл жайды құр теңеу жөнінде ғана еске алмай, кеңейте, тереңдей түсініп, Пушкин өлеңдерінің ұйқасымын, сөз байлығын, ой байлығын, қысқасы, оның стиль ерекшеліктерін дәл түсіруді негізгі әдіс етіп қолдануға шақырады. Бұл жалпы көркем аудармаға қойылатын талап және бірден-бір дұрыс талап екенін көреміз. Кейін Мұхтар Әуезов өзінің бүкіл өмірінде аудармашы ретінде де осы принципті берік ұстап отырды.

Сол жылдары, әсіресе Пушкиннің қайтыс болуының жүз жылдығын атап өту шараларына байланысты Қазақстанда көркем аударманың өзі де, сол жайындағы пікірлердің деңгейі де біраз өсіп қалды. Баспасөз орындары бұл мәселеге өне бойы көңіл бөліп, жаңадан жасалған аударма еңбектердің таңдаулыларын жариялап отырды, аударма жайында жазушылардың сұхбатын, пікірін жиі жариялап отыруды әдетке айналдырды десек те болады. Солардың ішінен біз Мұхтар Әуезовтің 1937 жылы «Социалды Қазақстан» газетінің 8 қаңтардағы 6 санында жарияланған «Евгений Онегиннің қазақшасы туралы» (4) деген, «Қазақ әдебиеті» газетінің 10 қаңтардағы 7 санында жарияланған «Пушкин аудармасы қазақ әдебиетіне не берді?» (5) деген мақаласын оқимыз. Бұлардың бәрінде де автор жоғарыда айтылған тұрғыдан аудармашыларға қатаң талап қоя отырып, көркем аударманың тіліміз бен әдебиетімізге тигізіп жатқан ықпалын сөз етеді, жұртшылыққа оның маңызын түсіндіреді.

Отызыншы жылдардың екінші жартысында қазақтың театр өнері шырқап алға басты. Қазақ кеңес көркем өнерінің 1936 жылғы Мәскеуде болған онкүндігі бұған ерекше себеп болды. Қазақтың мемлекеттік драма театры отызыншы жылдардың алғашқы жартысында «Сүнгүір қайық», «Астық», «Досым», «Жойқын князь Мстислав» дейтін аударма-пьесаларды қойған болатын. Соңынан «Ақсүйектер» пьесасы қойылды. Ал бұдан кейін, 1936 жылы «Ревизордың» қойылуы қазақтың жас сахна өнерінің тарихындағы үлкен оқиға, биік белес болды.

Міне, бұл оқиғадан, яғни аударма пьесалардың қазақ сахнасында қойыла бастауынан М. Әуезов терең сыр ұқты, мәдени дамуымыздың жаңа бағытын, кең өрісін көрді. Сондықтан ол «Қазақ сахнасындағы аударма пьесалар» деген мақала жазып, көркем аударманың ұлттық театр өнерін өркендетуге тигізіп отырған және бұдан былай да тигізе беретін игілікті әсерін сөз етті.

М. Әуезов өзінің бұл еңбегінде аударма пьесаларды қазақ сахнасына қоюдың ең бірінші пайдасы – интернационалдық тәрбиені күшейтеді деп білетінің айтты. Кеңес драматургиясының таңдаулы шығармаларын қою арқылы көпшілікке кеңес мәдениетінің табыстарын танытып, сол мәдениетті сүйеге және оның әрбір сәтті шыққан туындысын «өз мүлкім, өз табысым» деп қарауға баулимыз. Қазақтың жас әдебиетінде жаңа тарихтың кейіпкерлері әлі аз және толық дәрежесінде бейнеленіп болмай жатыр. Сондықтан орыс драматургиясында олар көбірек те әр түрлі жақтарынан суреттеледі. Сондықтан аударма пьесалар қазақ жұртшылығына мәдениет жағынан өне бойы жаңа нәр әкеліп отырады. Мұндай пьесалардың театрларымызда мәдениетті түрде қойылуы және қазақ әртістерінің ойнап шығуы, бір жағынан, сахна өнерінің өскенін көрсетсе, екінші жағынан, көпшілікке реалистік театрдың бергенін береді. «Бұл пьесалардың зор қасиеті – қазақ актерлерін жалғыз қазақ пьесасының көлемінде қалдырмай, сол актер типінің өзін де өзгерте өсіреді. Қазақ актерін, советтік интернационалдық майданындағы, интернационалдық мүсіні бар актер етеді» (6)- деді ол.

Бұл мақалада және бұдан сәл бұрынырақ жарияланған «Ревизор» қазақ сахнасында» деген мақаласында да М.Әуезов негізінен драмалық шығармаларды аударудағы және оларды қазақ театрының сахнасында қоюдың жалпы маңызы туралы ғана айтады. Оның өзінде көбінесе театр өнерін өркендетуге, актерлердің шеберлігін арттыруға тигізетін пайдасын баса көрсетеді. Ал драмалық шығармаларды аударудың тәсілдері мен принциптері жөнінде, басқа жанрлардағы аудармаларға қарағанда, оның қандай ерекшеліктері болатыны жайында жарытып ештеңе деп жаза қоймайды (7).

Мұхтар Әуезов 1934 жылы Қазақстан кеңес жазушыларының бірінші съезінде жасаған баяндамасын: «Жақсы пьеса – сапалы әдебиет белгісі», - деп атаған. Жазушы осы драмасында орыс драматургиясын аударып отырып үйренуіміз керектігін басып баяндай келе: «Бір алуан көрнекті іс – аудармаларымыз. Кеңес әдебиетінің өзге ешбір түрі біздің тілімізге драмадай болып аударылған емес. Социалистік құрылыстың үлкен сыры деп танылған роман, әңгіме, дастан атаулыдан әлі көрнекті ешбір аудармамыз жоқ болса да, пьесадан: «Астық», «Досым», «Мстислав», «Сүңгуір», «Булычев», «Қорқыныш», «Желді қара» сияқты атакты шығармалардың барлығы да бүгінде қазақ еңбекшілеріне жат, бөтен нәрсе сияқты көрінбейді» деді.

Драмамыздың өзіне қажетті айқын және нық форма, стиль жасап әбден шынығуы, сөйтіп халық тақырыбын еркін меңгеру үшін жанрдың өзін ойдағыдай игеру үшін жаңағы – орыс тілінен аударылған пьесаларды Мұхтар Әуезов мақтан ете тұрып атады. Айта кету керек керек, сол театрда қойылған аудармалардың көбін Әуезов өзі қазақшалады, я редакциялап өз қолынан өткізді (онда Әуезов қазақтың республикалық драма театрында қызмет істеп, әдебиет жұмысын басқарған).

Мұхтар Әуезов театр жұмысын тікелей басқарысып жүргендіктен, драматургияға байланысты көптеген ірі және іргелі мәселелер туралы сол театрға байланысты жазды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қаратаев М. Эпостан эпопеяға. Алматы, 1972
2. Нұрғалиев Р. Арқау. Алматы, Жазушы, 1991
3. Қабдолов З. Әуезовтің әсемдік әлемі // Мұхтар Әуезов тағлымы. Алматы, Жазушы, 1987
4. Әуезов М. Евгений Онегиннің қазақшасы туралы // Социалды Қазақстан, 8 қаңтар, 1937 жыл.
5. Әуезов М. Пушкин аудармасы қазақ әдебиетіне не берді // Қазақ әдебиеті, 10 қаңтар, 1937 жыл.
6. Әуезов М. Қазақ сахнасындағы аударма пьесалар // Қазақ әдебиеті, 15 қаңтар, 1937 жыл.
7. «Ревизор» қазақ сахнасында // Қазақ әдебиеті, 21 қараша, 1936 жыл.

ӨОЖ 81.42

МӘТІН ЛИНГВИСТИКАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

БЕГАДИЛОВА НУРАЙЫМ НУРАХАНҚЫЗЫ

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

БЕРКЕНОВА РАБИҒА АҒАБЕКҚЫЗЫ

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті, профессордың ассистенті, ф.ғ.к., Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье разносторонне рассмотрены труды ученых-исследователей лингвистики текста
Summary. The article comprehensively examines the works of text linguistics researchers.

Мәтін лингвистикасы - тіл білімі ғылымының жеке саласы, зерттеу объектісі - мәтін. Мәтін лингвистикасы- мәтіннің өзіне тән мәні мен болмысы, ерекшелігі, шындық болмыстың мәтінде бейнеленуі, мәтіннің түзілу ерекшелігі, оны қабылдаудың сипаты, мәтіндегі автор мәселесі тағы басқа да жайттарды қарастырады. Мәтін лингвистикасының қалыптасуы тіл білімі салаларымен бірге (лексикология, семасиология, морфология, синтаксис, стилистика) және филологиялық емес ілімдермен де (философия, логика, психология, эстетика) байланысты. Мәтінді зерттеу өте көне замандардан басталған. Алғашқы зерттеулер діни кітаптар мәтінін қарастырудан басталса, кейіннен заң саласына және әдеби мәтіндер, мәтіннің басқа да түрлерін зерттеу ғалымдардың назарына ілікті. XIX ғасырдың аяғына қарай мәтінді зерттеумен этнологтар айналыса бастады. Ал мәтінді тілдік құрылым ретінде арнайы қарастыру XIX-XX ғасырларда басталды. Мәтін туралы алғашқы мәліметтер қатарында орыс фольклористі, әдебиеттанушы ғалым В.Я.Проптың 1928 жылы жарық көрген «Морфология сказки» еңбегін атап айтсақ болады [1].

1950-60 жылдары В.Я.Проптың бұл кітабы ағылшын және француз тілдерінде жарық көрді. 1960 жылдары Чех лингвистикалық мектебінің ықпалымен мәтіннің лингвистикалық теориясы қалыптаса бастады. Бұл бағытта П.Хартманн, Р.Харверг, З.Шмидт, Т. ван Дейк, В.Дресслер, Я.Петефи, К.Гаузенбляз, П.Сгалл, И.Беллерт, Н.Энквист және т.б. ғалымдардың еңбектерін атауға болады.

Бұл кезеңдердегі зерттеулерге тән ортақ сипат мәтіннің құрылымдық әдіспен зерттелуі болды. 1970 жылдардың ортасына қарай мәтінді коммуникативтік үрдіс ретінде қарастыру қолға алынды. Кеңестік дәуірдегі мәтін лингвистикасына қатысты мәліметтер И.А. Фигуровский, Н.С. Поспелов еңбектерінен басталады.

Қазақ тіл біліміндегі мәтін теориясы жөніндегі зерттеулер соңғы уақытта кеңірек қолға алына бастады. Алайда, мәтін лингвистикасына қатысты, кейбір ойлар қазақ тіл білімінің негізін қалаушылар Ахмет Байтұрсынұлы мен Құдайберген Жұбанов еңбектерінде де кездеседі.

А.Байтұрсынұлы мәтінді «шығарма сөз» деп атайды: «Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты шығарма сөз, ол аты қысқартылып шығарма деп аталады. Ауыз шығарған сөз болсын, жазып шығарған сөз болсын бәрі шығарма болады» [2, 344 б].

Кейінгі жылдары мәтін лингвистикасы кеңінен зерттеле бастады. Мәтін лингвистикасы мәселелері Р.Сыздық, Б.Шалабай, А.Жұбанов, Г.Смағұлова, Н.Уәли, Г.Әзімжанова, А.Әділова, Ж.Жақыпов, С.Мұстафина, С.Құнанбаева, Ж.Қайшығұлова, Ж.Кеншінбаева, М.Ахметова, М.Маретбаева т.б. ғалымдардың зерттеулеріне нысан болса, М.Балақаев, Е.Жанпейісов, М.Серғалиев, Х.Кәрімов еңбектерінде көркем мәтіннің ерекшеліктері сараланады. Б.Момынова, Қ.Есенова, А.Алдашева, еңбектерінде газет мәтінінің, С.Әлісжанов зерттеуінде ғылыми мәтіннің ерекшеліктері қарастырылады. Мәтін теориясына қатысты мәселелер орыс тіл білімі тарихында А.А.Потебня еңбектерінен бастау алады. 1950-60 жылдары мәтін құрылымы туралы тұжырымдар Н.Ю.Шведова, Т.Г.Винокур, Е.В.Подучева, Ю.С.Мартемьянов зерттеулерінде кездеседі. Бұл еңбектерде абзац құрылымы, мәтіндегі фразеаралық қатынастар семантикасы туралы мәселелер көтерілді. Орыс тіл білімінде 1970-80 жылдары мәтін лингвистикасының өзекті мәселелері Т.М. Николаева, С.И.Гиндин, И.И.Ревзин, М.И.Откупщикова, В.Г.Гак, Б.М.Гаспаров, З.Я.Тураева, Е.А.Реферовская, И.И.Ковтунова, В.А.Бухбиндер, Г.В.Ейгер, Ю.А.Здоровов т.б. ғалымдар еңбектерінде көрініс тапты. Бұл зерттеулерде мәтіндегі интонация мен просодия, мәтін құрылымындағы ең кіші тілдік бірліктердің көрінісі (фонема, морфема) мәтіннің жалпы құрылымы, мәтіндегі уақыт пен модальдылық, мәтін референциясы, мәтін типологиясы туралы сараланады. Мәтін құрылымы, мәтін түзуші бірліктер және олардың бір-бірімен байланысуы сияқты мәселелер А.М.Пешковский, Н.С.Поспелов, И.О.Москальская, И.Гальперин, Г.Я.Солганик, Л.Ельмслев, т.б. ғалымдар қарастырған.

XX ғасырдың екінші жартысында кеңестік тіл білімінде мәтін грамматикасы (лингвистикасы) бағыты қалыптаса бастады. И.Р.Гальперин, О.И.Москальская, З.Я.Тураева және т.б. ғалымдар мәтінді ұйымдастырудың лингвистикалық заңдылықтарын қарастырып, сөйлем мен айтылымның ара жігі, мәтін және оның бірліктері мәселелерін зерттеуде қолданылып жүрген әдістердің жеткіліксіздігін, терминдік аппаратты бірізге түсіру және нақтылау қажеттігін анықтады. Сонымен қатар, дәстүрлі құрылымдық-семантикалық әдіс мәтіннің тұтастығы және байласымдылығы сияқты басты ерекшеліктерін зерттеуде әлсіздік танытты.

Қазіргі уақытта мәтін әр қырынан, әр түрлі бағытта жан-жақты зерттелу үстінде. Онтологиялық тұрғыда – мәтіннің болмысы, алатын орны, ауызекі сөйлеуден айырмашылығы қарастырылса, гносеологиялық тұрғыда мәтіндегі объективті шындық бейнесінің берілуі сипатталады. Лингвистикалық тұрғыда – мәтіннің тілдік ұйымдасуы, психологиялық тұрғыда – мәтіннің қабылдануы, прагматикалық тұрғыда – мәтін авторының объективті болмысқа және мазмұнға деген қатысы анықталады. Бүгінгі таңда мәтін тіл білімі ғылымы саласында лингвоцентристік, текстоцентристік, антропоцентристік, когнитивтік

сияқты бірнеше бағыттар бойынша зерттелуде. Мәтін лингвистикасы мәтіннің түрлі аспектілеріне кешенді талдау жүргізеді.

Бүгінгі таңда мәтін лингвистикасындағы маңызды мәселелері ретінде мыналарды көрсетуге болады: негізгі қасиеттері тұтастық пен тығыз байланыстылық болып табылатын, ең жоғары жүйе ретіндегі мәтіндік зерттеулер; мәтін типологиясының коммуникативтік көрсеткіштері және соларға қатысты лингвистикалық белгі-қасиеттерімен бірге қарастыру; мәтінді құрайтын бірліктерді, ерекше мәтіндік категорияларды анықтау; мәтін әсерінен болатын тілдік бірліктердің сапалық дәрежелерінің жүзеге асырылуының әртүрлі деңгейлерін айқындау; фразеаралық байланыстар мен қарым-қатынастарды зерттеу.

«Мәтін» ұғымының көптеген анықтамалары бар, ол ұғымның күрделі болуына және білімнің басқа салаларында қарастырылуына, басқа да түрлі аспектілерге байланысты. Солардың бірқатарында мәтін тек жазба формадағы сөз туындысы ретінде сипатталады. Алайда, мәтін деп кез келген форма түріндегі ауызша және жазбаша айтылымдарды айтамыз. Мәтін (лат. тілінен *textus* – ткань, өрілім, қосылым) – негізгі қасиеттері бүтіндік пен байланыстылық болып табылатын, бірізді мағыналық байланыс арқылы белгілер бірліктерінің ұйымдасуы. И.Р.Гальперин мәтін - сөйлеу шығармашылығының туындысы ретінде анықтайды. Аяқталған, объективтелген жазба құжаты ретінде, құжаттың түріне қарай әдеби тұрғыдан өңделген, бірқатар ерекше бірліктері (фразадан тыс бірліктер) мен атауы бар, түрлі лексикалық, грамматикалық, логикалық, стилистикалық байланыстармен біріктірілген, белгілі бір мақсат пен прагматикалық бағыты бар сөйлеу шығармашылығының туындысы деп сипаттайды [3].

Мәтіннің тілдік тұрғыда зерттелуіне О.И.Москальская да зор үлес қосты, ол коммуникативтік маңыздылық пен мазмұндық бірлестіктің екі критерийін ұсынды. Соның нәтижесінде төмендегідей тұжырымдар жасайды: бір немесе бірнеше сөйлемнен құралған кез келген айтылған пікірді мәтін сөзінің тар мағынасында мәтін деп айтуға болады, ал кең мағынасында мәтін бір кітап формасында болуы да мүмкін. Ол: ««мәтін» деп бір жағынан, бір немесе бірнеше сөйлемдерден тұратын, сөйлеушінің ойы аяқталған, кез келген айтылған пікірді түсінсек, екінші жағынан, повесть, роман, газет немесе журнал мақалалары, ғылыми мақалалар, түрлі құжаттар тағы басқа осы сияқты тілдесім туындылары» [4].

Синтаксистік тұрғыдан мәтін өзара лексика-грамматикалық құралдар арқылы байланысқан, сөйлемдер бірлестігін (бір сөйлем сирек кездеседі) құрайды. В.В.Одинцовтің пікірінше, «мәтін, сапасы мен элементтер қасиеті жағынан айырмашылықтары бар, түрлі қатынастар арқылы жасалатын күрделі құрылым». Мәтінде айтушының ойы ашылады. Мәтін сөзжұмсам қызметінің нәтижесі. Сөз қызметінің себебі мен мақсаты бар. Оның тақырыбы мақсат пен себепті айқындайды. Мәтін – өзіндік сипаттарға ие күрделі тілдік құрылым.

Мәтіннің құрылымы мен мәтінтүзуші мағыналық-құрылымдық бірліктер, олардың өзара байласым ерекшеліктері – мәтін лингвистикасының негізгі зерттеу нысаны. Мәтін танушылар мәтінді әдеби-филологиялық жағынан, стилист ғалымдар көркем мәтіндегі тілдік бірліктерді автордық стильдік мақсаттарға орай шебер қолдануы тұрғысынан қарастырып келді. Бұл зерттеулер дайын мәтінді талдауға бағытталды. Ал мәтін түзім және мәтінтүзуші бірліктер туралы мәселелерді зерттеу кейінгі жылдары ғана қолға алынды. Бұл мәселені тіл білімінің жаңа саласы болып табылатын мәтін лингвистикасы қарастырады. Қазақ тіл біліміндегі мәтінтүзім мәселелері Р. Сыздық еңбектерінен бастау алады. Ғалым мәтінтүзім жөнінде мынадай пікір айтады: «Текст түзілісінің өзіне тән шарттары болады. Кез келген көркем шығармада немесе оның кез келген тұсында текст түзіле бермейді. Қазақ көркем сөзінде текст түзудің айқын көрінісі Абай өлеңдерінен басталады деуге болады. Текст түзілісінің бір белгісі – шығарманың бір бөлігінде немесе бір өлеңнің өн бойында мағыналары бірін-бірі айқындайтын, модальдық реңктері біртектес сөздерді шоғырлап беру. Модальдық реңк дегеніміз сөйлеушінің (жазушының, ақынның) айтылған ойға жағымды, жағымсыз көзқарасын білдіретін мағыналық реңк жеке сөздердің өн бойларында (лексикалық мағынасында) да болады, немесе шылау, одағай, көмекші есім, етістік, етістіктің рай тұлғалары, сын есімнің шырай тұлғалары, дауыс әуені (интонация) сияқты лексика-грамматикалық құралдар арқылы да беріледі [5, 74 б]. Сонымен қатар ғалым Абай өлеңдеріндегі мәтінтүзім мәселелеріне тоқтала келіп, мынадай қорытынды жасайды: «Текст түзу жетілген жазба әдебиетінің көрінісі. Және ол қаламгердің зор талантын талап ететін құбылыс, өйткені текст түзу үшін сөз топтарын, грамматикалық амалдарды таңдай білу керек, әр сөздің лексикалық мағынасы мен модальдық өңін тап баса білу керек» [5, 79 б].

Мәтінтүзуші тілдік бірліктерді қазақ тіл білімінде зерттеуші ғалымдардың бірі – С.Мұстафина. «Текстообразующие средства казахского языка» атты зерттеуінде ғалым мәтінтүзуші тілдік бірліктерді қарастырады [6]. Мәтін лингвистикасының шетелдік тіл білімінде және кеңестік лингвистикада зерттелуіне шолу жасайды, мәтінді талдаудың грамматикалық, семантикалық, прагматикалық және психолингвистикалық бағыттарын көрсетеді. Ғалым қазақ тіліндегі мәтінтүзуші бірліктерді фонетикалық,

лексикалық, грамматикалық және синтаксистік-стистикалық фразеаралық байланыс құралдары деп жіктейді. С.Мұстафина мәтінтүзуші тілдік бірліктер ретінде шылауларды, есімдіктер мен етістіктің шақ көрсеткіштерін атайды. Сондай-ақ, ғалымның пікірінше қазақ мәтіндері түзілімінде морфологиялық гетерогендік лексемалар мен фразалық тіркестер ерекше рөл атқарады. Оларға қыстырма сөздер, есімдік, үстеу, шылау, одағайлар жатады. Мәтін бөліктерінің байланысын жүзеге асырушы тілдік бірліктерді С.Мұстафина мәтінтүзуші құралдар (текстообразующие средства) деп атайды. Мәтінтүзуші құрал ұғымын кең мағынада және тар мағынадағы деп қарастырып, кең мағынадағы мәтінтүзуші құралдарға интонация, сөздердің орын тәртібі, қайталамалар, етістіктің шақ көрсеткіштерінің қатысы, синтаксистік-стистикалық тәсілдерді жатқызады.

Тар мағынадағы мәтінтүзуші құралдар деп мәтінтүзуші аналитикалық бірліктерді атайды. Тар мағынадағы мәтінтүзуші бірліктер құрылымдық ерекшеліктерімен айқындалады. Оларды біртұтас құрылымды (демек, яғни, айталық) және тұтас емес құрылымды (не үшін десең, олай болса, содан бері, кім білсін т.б.) деп жіктейді. Мәтінтүзуші тілдік бірліктердің синтагматикалық ерекшеліктеріне олардың жалғаулықтармен (бірақ, сонда да), септеуліктермен (аздан соң), демеуліктермен (шынымен-ақ) тіркесе келуін жатқызады. Олар сөйлемнің басқы позициясында келіп алдыңғы фразадан тыс бірлікпен байланыстырып тұрады. С.Мұстафинаның зерттеуінде мәтіннің реляциялық құрылымы яғни фразадан тыс бірліктер компоненттері арасындағы мағыналық қатынастың түрлері көрсетіледі. Ғалым мұндай логика-семантикалық байланыстың мынадай түрлерін анықтайды: жалғаулықты, түсіндірмелі, санамалылық, өтпелілік, каузальды, темпоралды. Құрмалас сөйлемдердің өзара байланыстарынан тыс мәтінтүзуші құралдар арқылы жүзеге асатын басқа да жаңа ақпараттардың қосылуы, айтылым бөліктерінің мазмұндың жалпылау сияқты байланыс түрлерін айқындайды.

Фразеаралық байланысты жүзеге асырушы лексикалық бірліктер ретінде зат есімдер, есімді тіркестер, синоним, антоним, етістіктер, есімдіктер, үстеу, сын есімдердің мәтінтүзу қызметін талдайды. Морфологиялық тұлғалардың мәтінтүзу қызметін төмендегіше көрсетеді:

1) етістіктің шақ және етіс тұлғалары мәтіннің семантикалық және құрылымдық тұтастығына қызмет ететіндігін дәлелдейді;

2) есімдік және үстеулердің сөйлемдер арасындағы байланысты қамтамасыз ететіндігін анықтайды. Олар алдыңғы сөйлемде айтылған ойды нұсқайды немесе айтылған ойды қайталай бермеу үшін қолданылады.

3) реттік сан есімдердің мәтіннің композициялық құрылымын ұйымдастыруда белсенді қызмет атқаратындығын көрсетеді. Олар айтылған хабардың ақпараттық кеңістігін бөлшектеуді, сипатталатын оқиға немесе фактілерді санамалау, материалды маңыздылығына байланысты ретімен беру сияқты қызметтерімен ерекшеленеді.

Фразеаралық байланыстың грамматикалық құралдары ретінде шылау және шылау мәндес сөздердің, қыстырма сөздердің, синтаксистік параллелизмдердің, ақпараттың тема-ремалық берілуін, деривациялық және меншіктілік аффикстерді қарастырады. Жалғаулықтардың мен, бен, пен, да, де, та, те, я, яки, егер деген түрлерінен басқа барлық түрлері мәтінтүзуге қатысады. Қыстырынды құрылымдардың мәтінтүзушілік қызметі және психологиялық параллелизмнің мәтін құрылымын түзудегі қызметтері ескеріледі. Фразеаралық байланыстың синтаксистік-стистикалық бірліктеріне анафора, эпифора, градацияны жатқызады.

С.Мұстафинаның ойынша, фразадан жоғары тұтастыққа – әрі синтагматикалық, әрі функционалды ұғым, оған байланыстылық, тұтастық тән. Оның құрылымдық тұтастығы анафоралық қайталаулардан және есімдіктерден, етістіктердің шақтық тұлғаларынан, жалғаулықтардан т.б. көрінеді. Ал байланыстылығы мазмұнның мағыналық бір тұйық тұтастыққа бірігуінен көрінетінін айтады [6, 24 б]. Ғалым қазақ мәтінінің құрылымындағы логика-семантикалық қатынастардың эксплицитті құрамдары, т.б. мәселелерге тоқталады.

Мәтін лингвистикасы ширек ғасырға жуық тарихы болса да, үздіксіз даму үстінде. Мәтін лингвистикасына қатысты зерттеулердің көптігіне қарамастан, қазақ мәтінінің құрылымдық ерекшеліктері бүгінгі таңда әлі де зерттеуді қажет ететін күрделі мәселелердің бірі.

Мәтіннің құрылымы мен мәтін түзуші мағыналық-құрылымдық бірліктер, олардың өзара байланыс ерекшеліктері - мәтін лингвистикасының бүгінгі таңдағы өзекті мәселелері. Мәтіннің өзіне тән болмысы мен табиғатын зерттеудің өзектілігі мен қажеттілігі күн санап артып келеді. Себебі ол қолданыстағы, қоғамдық өмірдің барлық саласына белсене араласқан, қоғамдық қарым-қатынас барысында сұрыпталған, шыңдалған, қалыптасқан, сол қатынас нәтижесінде өмір сүруге бейімделген тіл болып табылады. Шынайы тіл тілдік қарым-қатынастың барлық түрлері арқылы жүзеге аса алатын, эмоциялық көңіл-күй сезімдер, ақиқат өмір туралы ақпарат бере алатын тіл болып табылады.

Мәтін лингвистикасы жеке ғылым саласы ретінде ХХ ғасырдың екінші жартысынан негізі қаланып, бірнеше ғылымдар тоғысынан пайда болған ғылым саласы. Мәтін лингвистикасы – тіл көркемдігін сипаттайтын дәстүрлі стилистикадан бастап, адам танымына жетелейтін когнитивтік лингвистика, философияға дейінгі аралықты қамтиды. Мәтіннің сан алуан қырларын ашуды мақсат ететін мәтін стилистикасы, мәтін прагматикасы бойынша зерттеулер, мәтіннің танымдық қырларын зерттеу мәтін лингвистикасының қарқынды дами түсуіне ықпал етті. Кейінгі уақытта мәтіннің прагматикалық қызметі туралы зерттеу мәтін лингвистикасындағы маңызды мәселелер қатарынан орын алады.

Қорыта келгенде, мәтін - тіл жүйесіндегі ең жоғары бірлік. Мәтін – сөйлеу барысында қалыптасып, сұрыпталған, тұрақталған айрықша типтік сигналдардың жиынтығы болып табылады. Оған айрықша форма мен композиция, құрылым тән болып келеді. Мәтінге қатысты зерттеулердің сан алуандығы оның күрделі құбылыс екендігін дәлелдейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Пропп В.Я. Морфология сказки. – М., 1928. – 163 с.
2. Байтұрсынов А Ақ жол. – Алматы, 1991. – 460 б.
3. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. – М.: Наука, 1981. – 183 с.
4. Москальская И.О. Грамматика текста. – .: Высшая школа, 1981. – 215 с.
5. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Санат, 1995. – 208 б.
6. Мұстафина С. Текстобразующие средства казахского языка. автореф. канд. филол. наук. – Алматы, 1989. – 24 с.

УДК 371.3

ГЕНЕРАЦИЯ УЧЕБНЫХ МАТЕРИАЛОВ С ПОМОЩЬЮ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА ДЛЯ УРОКОВ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

ЕСМУРЗАЕВА ЛАЗЗАТ АУДАНОВНА

Учитель русского языка и литературы средней школы № 44 имени Шона Смаханулы
г. Тараза, Республики Казахстан

САЙЛАУБАЙ ХАНЗАДА КАНАТБЕККЫЗЫ

Ученица 10«Б» класса средней школы № 44 имени Шона Смаханулы
г. Тараза, Республики Казахстан

Түйіндеме. Тақырыптың өзектілігі білім беру процесінің тиімділігін арттыру қажеттілігімен, сонымен қатар оқушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, дербестендірілген оқу материалдарына сұраныстың артуымен байланысты. Жасанды интеллект мұндай материалдарды жасауды автоматтандыруға мүмкіндік береді, бұл әсіресе мұғалімдердің уақыты шектеулі және жұмыс жүктемесі өскен кезде маңызды.

Summary. The relevance of the topic is due to the need to increase the efficiency of the educational process, as well as the growing demand for personalized educational materials that take into account the individual needs of students. AI makes it possible to automate the creation of such materials, which is especially important when teachers have limited time and growing workload.

Современные технологии искусственного интеллекта (ИИ) активно внедряются в образовательную сферу, открывая новые возможности для создания и адаптации учебных материалов. В контексте преподавания русского языка и литературы ИИ может стать мощным инструментом для генерации упражнений, тестов, аналитических материалов и даже творческих заданий. Однако использование ИИ в образовании требует тщательного анализа его возможностей, ограничений и этических аспектов.

Задача исследовательской работы нужно было рассмотреть возможности и перспективы использования ИИ для генерации учебных материалов в преподавании русского языка и литературы, а также выявить потенциальные проблемы и пути их решения.

- Проанализировать существующие ИИ-инструменты для создания учебных материалов.
- Рассмотреть примеры применения ИИ в преподавании русского языка и литературы.
- Выявить преимущества и ограничения использования ИИ в образовании.

Искусственный интеллект предлагает широкий спектр инструментов для создания учебных материалов, которые могут быть адаптированы под конкретные задачи и уровень подготовки учеников. Вот следующие основные направления:

ИИ может автоматически создавать упражнения на грамматику, орфографию, пунктуацию и стилистику. Например, платформы на основе ИИ, такие как Quizlet или Kahoot, позволяют генерировать тесты и викторины, которые можно использовать для проверки знаний учеников.

ИИ способен генерировать тексты различных жанров и уровней сложности, которые могут быть использованы для анализа на уроках литературы. Например, нейросети могут создавать короткие рассказы, стихи или эссе, которые ученики могут анализировать с точки зрения темы, стиля и структуры.

ИИ позволяет создавать персонализированные материалы, которые учитывают уровень подготовки и интересы каждого ученика. Например, платформы, такие как Duolingo, используют ИИ для адаптации уроков под нужды пользователей.

ИИ может генерировать материалы для подготовки к экзаменам, включая примеры сочинений, тестовые задания и рекомендации по улучшению навыков.

ИИ может использоваться для разработки интерактивных заданий, таких как виртуальные диалоги, симуляции и игры, которые делают процесс обучения более увлекательным и эффективным.

Нейросети, такие как GPT, могут создавать тексты, которые ученики могут анализировать на уроках литературы. Например, учитель может использовать ИИ для создания короткого рассказа, который затем будет разбираться на уроке с точки зрения темы, стиля и структуры.

ИИ-инструменты, такие как Grammarly, могут проверять грамматику, орфографию и стиль письменных работ учеников, предоставляя подробные рекомендации по улучшению.

ИИ может анализировать успеваемость учеников и создавать индивидуальные учебные планы, которые учитывают их слабые и сильные стороны. Например, если ученик испытывает трудности с пунктуацией, ИИ может предложить дополнительные упражнения на эту тему.

ИИ может создавать творческие задания, такие как написание эссе, сочинений или стихов, которые могут быть использованы для развития творческих способностей учеников.

Преимущества:

- Экономия времени учителей на подготовку материалов.
- Возможность создания персонализированных учебных планов.
- Повышение интереса учеников к обучению за счет интерактивных заданий.
- Улучшение качества образования за счет адаптивных материалов.

Ограничения:

- Риск снижения творческого потенциала учеников из-за чрезмерного использования ИИ.
- Ограниченная способность ИИ к пониманию контекста и эмоциональной составляющей текстов.
- Неравенство в доступе к технологиям между школами.
- Этические вопросы, связанные с авторством и конфиденциальностью данных.

Рекомендации для учителей:

1. Использование ИИ как вспомогательного инструмента — ИИ должен использоваться для поддержки, а не замены традиционных методов преподавания.

2. Обучение критическому мышлению — ученики должны быть обучены критически относиться к материалам, созданным с помощью ИИ.

3. Разработка этических стандартов — образовательные учреждения должны разработать стандарты использования ИИ, которые будут регулировать его применение.

4. Повышение цифровой грамотности — учителя и ученики должны быть обучены основам работы с ИИ.

Искусственный интеллект предлагает значительные возможности для генерации учебных материалов в преподавании русского языка и литературы. Однако его использование требует тщательного анализа и разработки этических стандартов. Только при условии ответственного подхода ИИ сможет стать эффективным инструментом для улучшения качества образования.

Список использованной литературы:

1. Luckin, R. (2017). Towards Artificial Intelligence-Based Assessment Systems. *Nature Human Behaviour*, 1(3), 1-3.
2. Selwyn, N. (2019). *Should Robots Replace Teachers? AI and the Future of Education*. Cambridge: Polity Press.

3. Zawacki-Richter, O., Marín, V. I., Bond, M., & Gouverneur, F. (2019). Systematic Review of Research on Artificial Intelligence Applications in Higher Education. *International Journal of Educational Technology in Higher Education*, 16(1), 1-27.

4. Кузьмина, Т.В. (2020). Искусственный интеллект в образовании: возможности и риски. *Образовательные технологии и общество*, 23(2), 45-58.

5. Роберт, И.В. (2018). *Цифровая трансформация образования: вызовы и перспективы*. Москва: Издательство МГУ.

6. Федоров, А. В. (2022). Искусственный интеллект в гуманитарном образовании: новые вызовы и решения. *Вестник образования*, 4(1), 34-49.

УДК 371.3

ЭТИКА ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИИ В ОБРАЗОВАНИИ: ВЫЗОВЫ И ВОЗМОЖНОСТИ ДЛЯ ПРЕПОДАВАНИЯ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

КОСАРОВА АЙЖАН КУШЕРБАЕВНА

Учитель русского языка и литературы средней школы №44 имени Шона Смаханулы
г.Тараза, Республики Казахстан

АСЕМБЕК ДАЯНА

Ученица 10«Б» класса средней школы №44 имени Шона Смаханулы
г.Тараза, Республики Казахстан

Түйіндеме. Тақырыптың өзектілігі ЖИ технологияларының қарқынды дамуымен және олардың білім беру ортасына әсерімен байланысты. Атап айтқанда, орыс тілі мен әдебиетін оқытуда ЖИ қолдану мұғалімдер мен зерттеушілерге сыни ойлауды, шығармашылық пен эмоционалдық интеллектті дамыту сияқты гуманитарлық білім берудің дәстүрлі құндылықтарын сақтауға байланысты жаңа міндеттер қояды.

Summary. The relevance of the topic is due to the rapid development of AI technologies and their impact on the educational environment. In particular, the use of AI in teaching Russian language and literature poses new challenges for teachers and researchers related to preserving the traditional values of liberal arts education, such as the development of critical thinking, creativity and emotional intelligence.

Современные технологии, включая искусственный интеллект (ИИ), активно внедряются в образовательную сферу, открывая новые горизонты для преподавания и обучения. Однако их использование в области русского языка и литературы сопряжено как с уникальными возможностями, так и с этическими вызовами, которые требуют внимательного рассмотрения.

Его применение открывает новые возможности для персонализации обучения, автоматизации рутинных задач и повышения эффективности образовательного процесса. Однако наряду с преимуществами возникают и серьезные этические вопросы, которые требуют внимательного рассмотрения, особенно в контексте преподавания гуманитарных дисциплин, таких как русский язык и литература.

Возможности использования ИИ в преподавании русского языка и литературы:

1. Персонализация обучения - ИИ позволяет адаптировать учебные материалы под индивидуальные потребности учащихся. Например, системы на основе ИИ могут анализировать уровень владения языком, выявлять слабые места и предлагать задания, которые помогут ученику улучшить свои навыки. Это особенно полезно при изучении сложных тем, таких как грамматика, орфография или стилистика.

2. Автоматизация проверки работ - ИИ может значительно упростить процесс проверки письменных работ, эссе и сочинений. Алгоритмы способны оценивать грамматические ошибки, стиль и даже логику изложения, что экономит время преподавателей и позволяет им сосредоточиться на более творческих аспектах преподавания.

3. Интерактивные методы обучения - Чат-боты и виртуальные ассистенты могут использоваться для тренировки устной речи, ведения диалогов и обсуждения литературных произведений. Это особенно полезно для развития коммуникативных навыков и повышения интереса к предмету.

4. Анализ больших данных - ИИ может анализировать успеваемость учащихся, выявлять тенденции и предлагать стратегии для улучшения образовательного процесса. Например, можно определить, какие темы вызывают наибольшие трудности, и скорректировать учебный план.

5. Доступ к цифровым ресурсам - ИИ помогает создавать и систематизировать цифровые библиотеки, рекомендательные системы для чтения и интерактивные курсы, что делает изучение литературы более увлекательным и доступным.

Этические вызовы использования ИИ в образовании:

1. Проблема конфиденциальности данных - использование ИИ требует сбора и анализа большого объема данных об учащих, включая их успеваемость, поведение и личные предпочтения. Это вызывает вопросы о защите приватности и возможном злоупотреблении информацией.

2. Риск снижения роли преподавателя - автоматизация процессов обучения может привести к тому, что роль учителя как наставника и мотиватора будет недооценена. Важно сохранить баланс между технологиями и человеческим взаимодействием, особенно в гуманитарных дисциплинах.

3. Ограниченность ИИ в понимании контекста - ИИ может испытывать трудности при анализе сложных литературных текстов, где важны нюансы, эмоции и культурный контекст. Это может привести к упрощению интерпретации произведений и потере глубины их понимания.

4. Этические вопросы авторства и плагиата - с развитием ИИ-инструментов, способных генерировать тексты, возникает проблема плагиата и оригинальности работ. Учащиеся могут использовать ИИ для создания сочинений, что ставит под вопрос их самостоятельность и честность.

5. Неравенство в доступе к технологиям - не все учебные заведения и учащиеся имеют равный доступ к современным технологиям. Это может усугубить неравенство в образовании, особенно в регионах с ограниченными ресурсами.

Рекомендации для этичного использования ИИ:

1. Разработка этических стандартов - необходимо создать четкие правила и стандарты использования ИИ в образовании, которые будут учитывать интересы всех участников процесса.

2. Обучение преподавателей - учителя должны быть подготовлены к работе с ИИ, понимать его возможности и ограничения, чтобы эффективно интегрировать технологии в учебный процесс.

3. Сохранение гуманитарного подхода - важно не допустить, чтобы технологии полностью заменили человеческое взаимодействие. Преподавание русского языка и литературы должно оставаться процессом, направленным на развитие критического мышления, эмпатии и творчества.

4. Прозрачность и контроль - учащиеся и преподаватели должны знать, как используются их данные, и иметь возможность контролировать этот процесс.

5. Поддержка исследований - необходимо продолжать изучать влияние ИИ на образовательный процесс, чтобы своевременно выявлять и решать возникающие проблемы.

Чтобы обеспечить ответственное и полезное использование ИИ в образовании, необходимо принять комплекс мер на различных уровнях:

1. На уровне образовательных учреждений:

- Разработка и внедрение этических кодексов, регулирующих использование ИИ.
- Обучение преподавателей и администрации работе с ИИ-технологиями.
- Создание комиссий по этике, которые будут контролировать применение ИИ и решать спорные вопросы.

2. На уровне государства:

- Разработка нормативных актов, регулирующих сбор, хранение и использование данных в образовательных целях.
- Поддержка исследований в области этики ИИ и их внедрения в образовательную практику.
- Обеспечение равного доступа к ИИ-технологиям для всех учебных заведений, независимо от их географического расположения и финансовых возможностей.

3. На уровне разработчиков ИИ:

- Создание прозрачных и объяснимых алгоритмов, которые могут быть поняты и проверены педагогами.
- Учет мнений учителей и учеников при разработке образовательных ИИ-решений.
- Обеспечение безопасности данных и защиты конфиденциальности пользователей.

4. На уровне педагогического сообщества:

- Постоянное повышение квалификации учителей в области цифровых технологий.
- Развитие критического мышления у учеников, чтобы они могли осознанно использовать ИИ-инструменты.
- Создание методических рекомендаций по интеграции ИИ в учебный процесс.

Только совместными усилиями всех заинтересованных сторон можно достичь баланса между инновациями и этикой, обеспечив, что ИИ будет служить инструментом для улучшения качества образования, а не источником новых проблем.

Использование ИИ в преподавании русского языка и литературы открывает новые возможности для персонализации обучения, автоматизации рутинных задач и повышения интереса к предмету. Однако важно учитывать этические аспекты, такие как защита данных, сохранение роли преподавателя и предотвращение неравенства. Только при условии ответственного подхода ИИ сможет стать эффективным инструментом в образовании, способствуя развитию знаний и навыков учащихся.

Искусственный интеллект предлагает значительные возможности для улучшения преподавания русского языка и литературы, но его использование требует тщательного рассмотрения этических аспектов. Основные вызовы, такие как проблема авторства, конфиденциальность данных и неравенство в доступе к технологиям, должны быть решены с помощью разработки этических стандартов и повышения цифровой грамотности.

Список использованной литературы:

1. UNESCO. (2021). *Ethics of Artificial Intelligence in Education*. Paris: UNESCO.
2. Holmes, W., Bialik, M., & Fadel, C. (2019). *Artificial Intelligence in Education: Promises and Implications for Teaching and Learning*. Boston: Center for Curriculum Redesign.
3. Luckin, R. (2017). *Towards Artificial Intelligence-Based Assessment Systems*. *Nature Human Behaviour*, 1(3), 1-3.
4. Selwyn, N. (2019). *Should Robots Replace Teachers? AI and the Future of Education*. Cambridge: Polity Press.
5. Williamson, B. (2017). *Big Data in Education: The Digital Future of Learning, Policy and Practice*. London: SAGE Publications.
6. Zawacki-Richter, O., Marín, V. I., Bond, M., & Gouverneur, F. (2019). *Systematic Review of Research on Artificial Intelligence Applications in Higher Education*. *International Journal of Educational Technology in Higher Education*, 16(1), 1-27.
7. Кузьмина, Т.В. (2020). Искусственный интеллект в образовании: возможности и риски. *Образовательные технологии и общество*, 23(2), 45-58.
8. Роберт, И.В. (2018). *Цифровая трансформация образования: вызовы и перспективы*. Москва: Издательство МГУ.
9. Смирнов, А.И. (2021). Этические аспекты использования искусственного интеллекта в образовании. *Педагогика*, 5(3), 12-25.
10. Федоров, А.В. (2022). Искусственный интеллект в гуманитарном образовании: новые вызовы и решения. *Вестник образования*, 4(1), 34-49.

ӘОЖ: 378.1

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ЖЕТІСТІКТЕРІ, МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ

¹ОСПАНАЛЫ ДАНА НҮРЖАНҚЫЗЫ

2 курс магистранты, ББ 7М01301 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі», Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

²АРЕНОВА АСЫЛ ХАДЫРЖАНОВНА

педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

ddana.ospanaly@gmail.com

Аннотация. В статье отражены актуальные проблемы образования на сегодняшний день, его перспективы. Здесь было отмечено, что глобальные тенденции коренным образом повлияли на ситуацию с образованием и привели к изменениям. Кроме того, рассматриваются успехи образования, стоящие перед ним проблемы и перспективы на будущее. Показано, что с трудностями, возникающими на пути внедрения любой инновации в образовательном процессе, существуют эффективные пути ее решения. При этом в качестве причины ему была раскрыта реализуемая роль образовательных платформ в стране. Безусловно, он предложил основные направления образования, которые базируются на всестороннем развитии личности, формировании социальной ответственности и креативного мышления.

Abstract. The article reflects the current problems of education and its prospects. It was noted here that global trends have fundamentally affected the situation with education and led to changes. In addition, the achievements of education, the challenges facing it and the prospects for the future are considered. It is shown that with the difficulties that arise in the way of introducing any innovation in the educational process, there are effective ways to solve it. At the same time, the ongoing role of educational platforms in the country was revealed to him as the reason. Of course, he proposed the main directions of education, which are based on the comprehensive development of personality, the formation of social responsibility and creative thinking.

Ключевые слова: инклюзивность, цифровизация, инновации, STEAM, будущее, образование.

Key words: inclusion, digitization, innovation, STEAM, future, education.

Кіріспе. Қазіргі қоғамдағы білім беру жүйесі әлеуметтік-экономикалық, технологиялық және мәдени өзгерістерге бейімделуде. Бұл жаһандану, цифрландыру және жаңа технологиялардың дамуы білім беру саласының құрылымына, мазмұнына және әдістеріне айтарлықтай әсер етті. Білім беру – әрбір қоғамның негізін қалаушы және тұрақты дамудың негізгі қозғаушы күші. Қазіргі заманғы әлемде жаһандық өзгерістердің жылдам қарқыны білім беру жүйесіне де әсер етуде. Ақпараттық технологиялардың дамуы, жаһандану, экономикалық және әлеуметтік үдерістер білім беру мазмұны мен құрылымына жаңа талаптар қояды. Сонымен бірге, ХХІ ғасырда адамзат алдында тұрған экологиялық, экономикалық және технологиялық мәселелер білім беру жүйесін қайта қарап, жаңа тәсілдерді енгізуді қажет етеді.

Қазақстанда және әлемде білім беру жүйесі инновациялар мен цифрландырудың арқасында жаңа деңгейге көтерілді. Сонымен қатар, бұл өзгерістер білім беру саласында жаңа мүмкіндіктер ашып қана қоймай, бірқатар күрделі мәселелерді де алға тартты. Мысалы, ауыл мен қала мектептері арасындағы білім сапасының теңсіздігі, оқыту мазмұнының ескіргендігі, мұғалімдердің біліктілігін арттыру қажеттілігі және оқушылардың психологиялық жағдайы – өзекті мәселелердің бірі.[1]

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі жаһандық өзгерістер мен технологиялық жетістіктердің ықпалымен қарқынды дамып келеді. Ақпараттық қоғамның талаптары мен индустрия 4.0 шеңберіндегі трансформациялар білім беру мазмұны мен құрылымын түбегейлі өзгертті. Бұл өзгерістер білім беру жүйесіне жаңа мүмкіндіктер әкеліп, оқытудың тиімділігін арттыруға және білімге қолжетімділікті кеңейтуге мүмкіндік берді. Цифрландыру, жеке оқытуға бағытталған тәсілдер, инклюзивті білім беру және халықаралық ынтымақтастық – осы заманғы білім беру жүйесінің ең маңызды жетістіктерінің қатарында. Жетістіктер тек технологиялық дамумен ғана шектелмейді.[3] Олар қоғамның әлеуметтік,

мәдени және экономикалық дамуымен тығыз байланысты. Әр адамның білім алуына тең мүмкіндік беру, жаңа әдістемелерді енгізу және оқыту үдерісін жаңғырту – заманауи білім берудің басты мақсаты. Осы жетістіктер білім беру жүйесін тек академиялық білім беретін орта ретінде ғана емес, жеке тұлғаны дамыту мен әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталған платформаға айналдырды. Заманауи білім берудің жетістіктері – бұл тек қана технологиялық прогресс емес, сонымен қатар білім сапасын арттыруға, жеке тұлғаны дамытуға және инклюзивтілікке бағытталған жүйелік өзгерістердің нәтижесі. Олар жаңа ұрпақтың сұраныстарын қанағаттандырып қана қоймай, қоғамның тұрақты дамуына қажетті негізді қамтамасыз етеді.[2]

1. Цифрландыру және инновациялық технологияларды енгізу. Білім беру саласында цифрлық технологияларды пайдалану оқытудың қолжетімділігін айтарлықтай арттырды. Қашықтықтан оқыту платформалары мен онлайн курстар оқушылар мен студенттерге әлемнің кез келген жерінен білім алуға мүмкіндік береді. Мысалы: Қазақстанда «Bilimland», «Daryn.online» платформалары кеңінен қолданылып, оқушыларға қашықтықтан білім алуға мүмкіндік берді.

2. Жеке оқытуға бағытталған тәсілдер. Жеке оқытуды дамыту білім беру жүйесінің маңызды жетістігіне айналды. Әр оқушының қабілеттеріне, қызығушылықтарына және оқу қарқынына қарай білім беру тиімділікті арттыруға ықпал етуде.

3. Ғылыми-зерттеу әлеуетінің артуы. Көптеген жоғары оқу орындары ғылыми зерттеулер мен инновацияларды дамытуға баса назар аударуда. Оқушылар мен студенттердің ғылыми жобаларға қатысуы олардың сыни ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.[4]

Қазіргі уақытта инклюзивті білім беру әлемдік деңгейде өзекті мәселе болып табылады. Бұл жүйе БҰҰ-ның **тұрақты даму мақсаттарымен** тығыз байланысты, әсіресе білім беруді қамтамасыз ету және әлеуметтік теңсіздікті жоюға бағытталған мақсаттарымен. Инклюзивті білім беру – тек әлеуметтік жауапкершілік емес, сонымен бірге қоғамның толыққанды дамуы үшін қажет маңызды қадам. Қазақстанда және басқа елдерде инклюзивті білім беру ұғымы білім беру жүйесін жаңғыртудың бір бөлігі ретінде қарастырылуда. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін арнайы мектептер немесе жеке оқыту әдістерімен шектелмей, жалпы білім беру мекемелерін олардың қажеттіліктеріне бейімдеу маңызды рөл атқарады. Бұл бағыттың негізгі идеясы – әрбір баланың өзін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінуіне жағдай жасау. Инклюзивті білім беру тек ерекше қажеттіліктері бар балаларға қатысты емес. Ол оқушылардың барлығын, соның ішінде әлеуметтік, мәдени және экономикалық айырмашылықтарға ие балаларды қамтиды. Мұғалімдердің арнайы дайындық деңгейі, мектептердегі инфрақұрылымның жеткіліксіздігі және қаржыландыру мәселелері осы процестің баяу жүруіне себеп болуда. Сондықтан инклюзивті білім беруді дамыту үшін жүйелі түрде мемлекеттік қолдау, педагогикалық кадрларды даярлау және қоғамда осы тақырып бойынша түсінікті арттыру қажет.[5] Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған инклюзивті бағдарламалар білім беру саласындағы әлеуметтік теңдікті қамтамасыз етуге бағытталған. Қазіргі заманғы білім беру жүйесі үлкен жетістіктерге жеткенімен, оның алдында әлі де бірқатар күрделі мәселелер тұр. Білім беру саласы қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық және технологиялық өзгерістердің айнасы болып табылады. Жаһандану, цифрландыру, жаңа технологиялардың енгізілуі және экономиканың қарқынды дамуы білім беру жүйесіне жаңа талаптар қойып қана қоймай, бұрыннан бар кемшіліктерді тереңдете түсті. Бұл мәселелер оқытудың сапасына, білімге қолжетімділікке және жастардың болашақта бәсекеге қабілетті болуына кері әсер етуі мүмкін. Білім берудің өзекті мәселелері әртүрлі деңгейде көрініс табады. Ауыл мен қала мектептері арасындағы білім беру сапасындағы алшақтық, мұғалімдердің кәсіби дайындығының жеткіліксіздігі, оқыту мазмұнының қазіргі заман талаптарына сай болмауы және оқушылар мен студенттердің психологиялық жүктемесінің артуы – бұл білім беру жүйесінің жаһандық деңгейдегі негізгі проблемалары. Сонымен қатар, білім алуға теңсіздік, қаржыландырудың жеткіліксіздігі және инклюзивті білім берудің толықтай дамымауы да маңызды мәселелер қатарында. Бұл мәселелер тек белгілі бір елге немесе аймаққа тән емес. Олар жаһандық сипатқа ие және көптеген елдердің білім беру жүйесін жетілдіру қажеттігін көрсетеді. Егер бұл мәселелер уақытылы шешілмесе, олар білім беру саласының болашақ дамуына кедергі келтіріп, қоғамның тұрақты дамуына теріс әсер етуі мүмкін. Сондықтан осы мәселелерді талдап, оларды шешу жолдарын іздеу – білім беру жүйесін жақсартудың маңызды қадамы болып табылады.

1. Аймақтық теңсіздік. Ауылдық және қалалық мектептердің арасындағы білім сапасы бойынша айырмашылық – білім беру саласындағы өзекті мәселелердің бірі. Ауылдық аймақтарда білікті кадрлардың жетіспеушілігі және заманауи инфрақұрылымның болмауы оқыту сапасын төмендетуде.

2. Мұғалімдердің кәсіби деңгейі. Білім беру жүйесінің сапасы мұғалімдердің кәсіби деңгейіне байланысты. Кейбір мұғалімдер заманауи технологияларды меңгеруде қиындықтарға тап болуда. Сонымен қатар, мұғалімдердің жалақысының төмендігі кәсіби ынтаның азаюына ықпал етеді.

3. Білім беру мазмұнының ескіргендігі. Кейбір оқу бағдарламалары қазіргі заман талаптарына сай келмейді. Цифрлық дағдылар, экологиялық сауаттылық және кәсіпкерлік сияқты салаларды қамтитын білім мазмұнына назар аудару қажеттілігі туындауда. Заманауи білім беру жүйесі қарқынды өзгеріп жатқан әлемнің талаптарына бейімделіп, болашақ ұрпақты жаңа мүмкіндіктер мен сын-қатерлерге дайындауға бағытталған. Технологиялық прогресс, жаһандық мәселелер және қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер білім берудің болашақ бағыттарын айқындауда негізгі рөл атқарады. Алдағы жылдарда білім беру жүйесінің басты міндеті – жаңа технологияларды тиімді қолдану арқылы икемді, жеке тұлғаға бейімделген және қолжетімді білім беруді қамтамасыз ету. Болашақ білім беру жүйесі тек академиялық білім берумен шектелмей, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, әлеуметтік жауапкершілік пен креативті ойлауды қалыптастыруға негізделеді. Бұл жүйе жеке адамның мүмкіндіктерін барынша ашуға бағытталған икемді, инклюзивті және тұрақты даму қағидаларына сәйкес болуы тиіс. Жаңа тәсілдер мен технологиялар енгізілуі арқылы білім беру болашақтың сын-қатерлеріне бейімделуге ғана емес, оларды шешудің тиімді жолдарын табуға мүмкіндік береді.[6]

1. Цифрлық трансформация. Жасанды интеллект, үлкен деректер және виртуалды шындық технологиялары оқыту процесінде кеңінен қолданылады. Бұл технологиялар оқытуды бейімделгіш және тиімді етеді. Цифрлық трансформация – бұл білім беру саласындағы ең маңызды және ауқымды өзгерістердің бірі. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы білім беруді тек қана оқыту мен оқу процесі ретінде ғана емес, сондай-ақ жаңа білім беру экожүйесін құрудың негізі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Заманауи цифрлық құралдар мен технологиялар білім беру сапасын арттыруға, қолжетімділікті кеңейтуге және оқыту тәсілдерін түбегейлі өзгертуге ықпал етуде. Білім беру саласында цифрлық трансформация ақпараттық технологияларды пайдаланумен ғана шектелмейді. Ол оқыту үдерісін қайта қарастырып, дәстүрлі білім беру жүйесінің икемді, инклюзивті және дербестендірілген модельдеріне жол ашады. Онлайн платформалар, виртуалды сыныптар, жасанды интеллект, үлкен деректер (Big Data) және виртуалды шындық (VR) сияқты технологиялар заманауи білім беру тәжірибесін түбегейлі өзгертіп, оқушылар мен студенттерге жеке қажеттіліктеріне сай білім алуға мүмкіндік береді. Цифрлық трансформация әсіресе пандемия кезеңінде өзектілігін арттырды. Қашықтықтан оқыту формалары, сандық ресурстарды кеңінен қолдану және білім беру жүйесінің виртуализациясы оқытуды жаңа деңгейге көтерді. Бұл білім алушыларға тек өз елінде ғана емес, әлемнің кез келген жерінен үздік білім алуға жол ашты. Алайда цифрлық трансформацияның қарқынды дамуы жаңа мәселелерді де тудырды. Мысалы, ауылдық аймақтарда цифрлық инфрақұрылымның жеткіліксіздігі, цифрлық сауаттылықтың төмендігі және киберқауіпсіздікке байланысты қиындықтар білім беру саласының осы бағыттағы әлеуетін толық пайдалануға кедергі келтіріп отыр. Сондықтан цифрлық трансформацияны тиімді жүзеге асыру үшін кешенді тәсілдер мен жүйелі саясат қажет. Цифрлық трансформация – бұл білім беру саласын жаңғыртудың басты қозғаушы күші. Оның мүмкіндіктері мол, бірақ оларды толықтай жүзеге асыру үшін инновациялық технологиялар мен қоғамның барлық деңгейінде бірлескен іс-қимыл қажет.

2. STEAM білім беру. Ғылым, технология, инженерия, өнер және математика салаларын интеграциялайтын STEAM білім беру болашақтың негізгі басымдығы болады. Бұл бағыт оқушылардың креативтілігі мен аналитикалық қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Қазіргі қоғамда технология мен ғылымның қарқынды дамуы жаңа мамандықтарға деген сұранысты арттырды. STEAM білім беру осы өзгерістерге жауап ретінде пайда болды. Оның басты мақсаты – оқушыларды нақты ғылымдарға қызықтырумен қатар, олардың техникалық және шығармашылық дағдыларын тең дәрежеде дамыту. Бұл тәсіл оқушыларды тек теориялық біліммен ғана шектемей, шынайы өмірдегі мәселелерді зерттеуге және оларды шешуге бағыттайды. STEAM тәсілі дәстүрлі оқытудың шеңберінен шығып, креативтілікті, ынтымақтастықты және инновациялық ойлауды дамытуды көздейді. Мысалы, инженерия мен математика сабақтарын өнермен ұштастыра отырып, оқушылар күрделі мәселелерге жаңа қырынан қарай алады. Бұл білім беру моделі әсіресе ғылыми және техникалық мамандықтарға қызығушылық танытатын оқушылардың әлеуетін ашуға мүмкіндік береді.

3. Гибридті оқыту. Дәстүрлі және онлайн оқытудың үйлесімі білім беру жүйесінің икемділігі мен қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Гибридті оқыту – бұл дәстүрлі сыныпта оқыту мен онлайн білім беруді үйлестіретін заманауи оқыту үлгісі. Бұл тәсіл білім беру саласында икемділік пен қолжетімділікті арттырып, оқушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімделуге мүмкіндік береді. Гибридті оқыту XXI ғасырда білім беру жүйесіндегі инновациялардың нәтижесі болып табылады және технологияның қарқынды дамуымен бірге оқыту үдерісін жаңа деңгейге көтерді. Гибридті оқыту дәстүрлі және цифрлық оқыту әдістерінің артықшылықтарын біріктіреді. Сыныпта өткізілетін бетпе-бет сабақтар білім алушылардың мұғалімдермен және қатарластарымен тікелей байланысын қамтамасыз етеді, ал

онлайн оқыту оқушыларға уақыт пен орынды таңдау еркіндігін береді. Бұл тәсіл әсіресе пандемия кезеңінде өзектілігін арттырып, білім беру жүйесіне жаңа әдістерді енгізуге түрткі болды. [7]

Қазақстанда гибридті оқыту үлгісі әсіресе пандемия кезеңінде кеңінен қолданылды. Мектептер мен жоғары оқу орындары қашықтықтан оқытумен қатар дәстүрлі сабақтарды ұйымдастырып, бұл тәсілдің артықшылықтарын байқады. Мұндай модель әсіресе ауылдық аймақтарда, білім беру ресурстарына қолжетімділіктің шектеулі болған жағдайларында маңызды рөл атқарды. Дегенмен, гибридті оқытудың тиімділігін арттыру үшін белгілі бір қиындықтарды шешу қажет. Оған оқушылар мен мұғалімдердің цифрлық сауаттылығы, интернетке қолжетімділік, тиісті техникалық құрал-жабдықтардың болуы және оқу мазмұнын гибридті форматқа бейімдеу кіреді.

4. Экологиялық білім беру. Қоршаған ортаны қорғау мәселелерінің өзектілігіне байланысты, экологиялық білім беруді оқу бағдарламаларына енгізу болашақ ұрпақтың саналы азамат ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Экологиялық білім беру – бұл табиғатты қорғау, қоршаған ортаға ұқыпты қарау және тұрақты даму қағидаттарын меңгеруге бағытталған білім беру жүйесінің маңызды саласы. Қазіргі әлемде экологиялық мәселелердің өзектілігі артып, климаттың өзгеруі, ресурстардың сарқылуы, биологиялық әртүрліліктің азаюы сияқты жаһандық сын-қатерлер адамзаттың басты назарында тұр. Осы мәселелерді шешу үшін экологиялық білім беру ұрпақтың табиғатқа деген жауапкершілігін қалыптастырып, экологиялық сауатты, саналы қоғам құрудың негізін қалайды. Экологиялық білім берудің мақсаты – оқушылар мен студенттердің экологиялық сауаттылығын арттыру, табиғатты сақтау және оны тиімді пайдалану дағдыларын дамыту, сондай-ақ, тұрақты даму қағидаттарын өмірлік ұстаным ретінде қалыптастыру. Бұл бағыт тек теориялық білім беруді ғана емес, сонымен қатар, экологиялық мәселелерді практикалық шешуге бағытталған нақты іс-әрекеттерді қамтиды. Қазіргі таңда экологиялық білім беру тек мектептер мен жоғары оқу орындарының ғана емес, сонымен қатар, қоғамның барлық деңгейінде маңызды міндетке айналды. Балабақшалардан бастап ересектерге дейінгі барлық жастағы адамдарға экологиялық тәрбие беру қажеттігі туындауда. Себебі экологиялық сауатты қоғам қалыптастыру – қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі қадамдардың бірі. Қазақстан сияқты табиғи ресурстарға бай елдер үшін экологиялық білім беру ерекше маңызға ие. Табиғатты қорғау мен оны ұтымды пайдалану болашақ ұрпақтың өмір сүру сапасын арттырудың негізі болып табылады. Сондай-ақ, экологиялық білім беру елдің экономикасына да әсер етеді, өйткені тұрақты даму қағидаттарын енгізу арқылы өндіріс пен тұтынудың экологиялық таза үлгілеріне көшу мүмкіндігі артады. Алайда, экологиялық білім беруді толыққанды дамыту үшін бірқатар мәселелерді шешу қажет. Мектептер мен университеттерде экологиялық білім беру бағдарламаларының жеткіліксіздігі, тиісті оқулықтар мен құралдардың болмауы, мұғалімдердің арнайы даярлығының жетіспеуі – бұл бағыттың баяу дамуына әсер ететін факторлар. Сонымен қатар, қоғамда экологиялық мәселелерге жеткілікті назар аударылмауы экологиялық білім беру жүйесін нығайтудың өзектілігін көрсетеді.

Білім беру жүйесінің дамуындағы басты талап – жаһандық өзгерістерге жылдам бейімделу ғана емес, сонымен бірге ұлттық ерекшеліктер мен құндылықтарды сақтау. Бұл өз кезегінде жеке тұлғаның, қоғамның және елдің тұрақты дамуы үшін мықты негіз қалыптастырады. Сондықтан мемлекет, қоғам және білім беру саласының мамандары күш біріктіріп, ортақ мақсаттарға жету жолында үйлесімді жұмыс атқаруы қажет. Қорыта келгенде, заманауи білім беру жүйесі – бұл тек теориялық білім беретін орта емес, ол адамды жаһандық өзгерістерге бейімдейтін, өмір бойы білім алуға ынталандыратын және шығармашылық қабілеттерін дамытатын маңызды алаң. Болашақ ұрпаққа сапалы білім мен тең мүмкіндіктер беру – мемлекет пен қоғамның басты міндеті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бабаев С., Қазиева К. Педагогикалық инновациялар мен педагогикалық озат технологиялар - талапшаң мұғалім еншісі // Бастауыш мектеп. - 2011. - № 4.-25-б.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» атты халыққа жолдауы //Егемен Қазақстан., 2012. - № 41-42 (27114).
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Қазақстан мұғалімі. 1999. - 23 шілде. - 2-5-б.
4. Бұзаубақова К. “Жаңа педагогикалық технологияны меңгеру – міндет”. //Қазақстан мектебі. № 9-10. 2005 ж.
5. Байғазиева Г. “Жаңа педагогикалық технология”. // Қазақстан мектебі. № 8. 2005 ж.
6. Әмір Ш. “Педагогикалық инновацияны іске асырудың жолдары” // Қазақстан мектебі. № 6. 2001 ж.
7. Көшімбетова С. “Оқыту тиімділігі – озық технологиялар”. // Қазақстан мектебі. № 7. 2005 ж.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫМЕН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ӘШІРБАЙ ЖАСҰЛАН МҰХТАРҰЛЫ

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ОРДАБАЕВА РАУШАН БІЛӘНҚЫЗЫ

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің доцент м.а., ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье адаптация к каждой области начального школьного образования формируется у ребенка не сразу, для обучения требуется некоторое время. Если основной деятельностью дошкольников является игра, то после поступления в школу решающую роль играет учебная деятельность.

Summary. In the article, adaptation to each area of primary school education is not formed in a child immediately; learning takes some time. If the main activity of preschoolers is play, then after entering school, educational activities play a decisive role.

Кіші мектеп жасы – бұл баланың жеке дара-психологиялық дамуы мен әлеуметтік-адамгершілік сапаларының қалыптасу процесі. Жас және педагогикалық психологияда бастауыш мектеп жасының өзіндік орны бар. Бұл жаста оқу іс-әрекетін меңгереді, психикалық функцияның еріктілігі құрылады, рефлексия туындайды, өзін-өзі бақылауы ерекшеленеді, ал әрекет ішкі жоспарға ара-қатынаста болуды бастайды. Бастауыш мектептің оқу жұмысының әр саласына бейімделу балада бірден қалыптаспайды, оған біраз мерзім үйренуі керек. Егер мектеп жасына дейінгі балалардың негізін әрекеті ойын болып келсе, оқуға кіргеннен кейін оқу іс-әрекеті шешуші рольді атқарады. Осыған орай баланың психикалық дамуы үлкен өзгерістерге ұшырайды. Себебі: ойынға қарағанда оқу талабы бала үшін қиын. Сонымен қатар, жаңа ортаға үйреніп, мұғаліммен, құрбыларымен қарым-қатынас жасауына психологиялық көмек қажет. Бастауыш мектептің оқу жұмысының әр саласына бейімделу балада бірден қалыптаспайды. Осыған біраз мерзім үйрену керек. Сонымен қатар балалардың оқуға белсенділігі сабақтарда әр түрлі.

Бастауыш сынып оқушылары көпке дейін тапсырманы қалай орындаудың тәсілін жақсы білмейді. Олар берілген тапсырманы жаттап алғысы келіп тұрады. Осылай болуы олардың жаттауға икемділігінің молдығынан емес, оқуға әлі төселмегендігінен, қалай жұмыс істеуге ешкім оны үйретпегендігінен кездеседі. М.М.Мұқанов өзінің «Жас және педагогикалық психология» еңбегінде бастауыш мектепте тапсырманың балаларға екі түрлі жолмен берілітінін көрсетті: біріншіден, берілген тапсырманы орындау үшін жауапты бала өздігінен іздестіреді. Екіншіден, тапсырма жауап іздестіру ретінде берілмейді. Оны орындау үшін соның үлгісі беріледі, мысалы, тақпақты жаттау үшін соның тексі беріледі. Осы текстке өзгеріс енгізуге рұқсат етілмейді. Сол текстке сүйене отырып бала оны жаттап алады. Баланың оқу әрекеті арқылы әрекеті әрекеттеніп, яғни мәселені шешуі, олардың танымдық іс-әрекетінің дамуына көмегін тигізеді. Қандай іс-әрекет болмасын қиық құрылымнан тұрады. Іс-әрекет жеке әрекеттерден тұрады да, алдыға қойған мақсатқа жетуге бағыттайды. Мақсат және мотив іс-әрекеті бірдей орындалмайды.

Сонымен, іс-әрекеттің құрылымына байланысты және бастауыш мектеп оқушысының дамуына әсер ету арқылы сыртқы жоспар ішкі жоспардың негізінде орындалады. Бастауыш мектепте оқыту іс-әрекеті жетекші болады. Сондай-ақ зейін процесінің жүйелі қалыптасатын кезеңі.

Бүгінгі таңда әлемде қоғамдық өмірдің барлық салаларына әсер ететін қуатты жаһандану және интеграциялық процестер жүріп жатқан кезде Ұлттық білім беру жүйелері халықаралық компоненттің күшеюімен көбірек сипатталады. Интернационализация жоғары білім беруді дамытудың маңызды заманауи тенденцияларының бірі ретінде білім алушының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді және мынадай индикаторлармен сипатталады: - студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлық деңгейі; 8-оқу жоспарлары мен бағдарламаларын интернационалдандыру - Халықаралық бағдарламалар шеңберінде бірлескен ғылыми зерттеулер; шетелдік әріптес рамимен ынтымақтастық туралы іске асырылатын шарттар санының өсуі және т.б. бұл ретте жоғары оқу орындарында білім алушылардың академиялық ұтқырлық бағдарламасы Қазақстанда 2011 жылдан бастап іске асырылуда. Осы уақыт ішінде сыртқы ұтқырлық бағдарламалары бойынша халықаралық жоғары оқу орындарына 11 мыңнан астам қазақстандық студент жіберілді. Қарағанды экономикалық университеті студенттерінің академиялық алмасу тәжірибесі өзінің географиясы бойынша да, студенттердің ұтқырлық бағдарламаларына қатысушылардың саны бойынша да тез кеңейіп келеді. Соңғы үш жылда университеттің 100-ден астам студенті семестрлік академиялық ұтқырлыққа қатысты. Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының ұтқырлығы негізінен оқытушылардың ЭРАЗМУС + Еуропалық Комиссиясының бағдарламасына қатысуы арқылы қамтамасыз етіледі. Қазіргі уақытта университетте

келесі жобалар іске асырылуда: CASTLE ("Орталық Азия оқыту, оқыту және кәсіпкерлік орталығын" құру), COMPLETE ("құзыреттерді дамыту және жұмысқа орналасуға жәрдемдесу орталықтарының ғимаратынан"), TRUNAK (Қазақстандағы университеттік автономияға көшу жобасы). ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға "қос диплом"қағидаты бойынша бірлескен халықаралық бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру ықпал етеді. Қазіргі уақытта 50 қазақстандық жоо-да 51-ші шетелдік ЖОО-мен бірлесіп қос дипломды білім беру бағдарламалары бойынша оқыту жүргізілуде. Қарағанды экономикалық университеті де осы процеске тартылған. Сонымен, өткен оқу жылында Бак лавриаттың 3 студенті Isma университетінде (Рига, Латвия Республикасы) (Double-degree) қос дипломды бағдарлама бойынша оқыды. 8 жыл бойы университетте ШЫҰ желілік университеті шеңберінде "IT технологиялар" және "Экономика" бағыттары бойынша бірлескен қос дипломды магистрлік бағдарлама табысты іске асырылуда. Сонымен қатар, жоғары білім беруді интернационалдандыру бірлескен ғылыми зерттеулер, халықаралық конференциялар өткізу және оларға қатысу, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін шетелдік журналдарда жариялау арқылы жүзеге асырылады. Жыл сайын қазақстандық ғалымдардың халықаралық рейтингтік журналдардағы жарияланымдық белсенділігі артып келеді. 2017 жылдың қорытындысы бойынша Web of science және Scopus мәліметтері бойынша жарияланған мақалалар саны 3 200 ғылыми жұмысты құрады, ал жарияланым белсенділігінің өсуі 200 - ге жуық бірлікті құрады. Қарағанды экономикалық университетінің профессорлық-оқытушылық құрамы осыған ұқсас кезеңде халықаралық рейтингтік журналдарда 60-тан астам ғылыми мақалалар мен 70-тен астам ғылыми жұмыстар жақын және алыс шетелдердің жоғары оқу орындарының ғалымдарымен бірлесіп жарияланды. Қазіргі уақытта ЖОО ЭПИ ҒЗИ қызметкерлері Н.Э. Бауман атындағы ММТУ (Мәскеу қ., Ресей Федерациясы) бірлесіп 2 ғылыми-зерттеу жобасын іске асыруда. Әрине, интернационалдандыру қағидаттарын іске асыру үшін тілдік компонент білім беру туралы үлкен маңызға ие.

Қазақстанда үш тілді білім беруді іске асыру шеңберінде оқу пәндерінің 50% - ы оқыту тілінде (қазақ немесе орыс), 20% - ы екінші тілде (тиісінше орыс немесе қазақ) және 30% - ы ағылшын тілінде оқытылады. 76 ЖОО-да 2,5 мың арнайы топ құрылды, онда дайындықтың барлық бағыттары бойынша 30 мың адам үш тілде оқытудан өтеді. 2016 жылдан бастап 9 қазақстандық жоо-да шетелдік әріптестермен бірлесіп ағылшын тілінде 20 білім беру бағдарламасы әзірленді. Жаңа оқу жылының басынан бастап Қарағанды экономикалық университетінде "International Business" ағылшын тілді білім беру бағдарламасына талапкерлерді алғашқы қабылдауды жүзеге асыру жоспарлануда. Қазақстандық білім беру жүйесін жаһандандыру және интернационалдандыру процестерін қолдау үшін отандық жоғары оқу орындарының жақын және алыс шет елдердің әріптес жоғары оқу орындарымен ынтымақтастығы ықпал етеді. Қазіргі уақытта Қарағанды 9 экономикалық университеті Германия, Ұлыбритания, Испания, Чехия, АҚШ, Канада, Ресей және т. б. шетелдік университеттермен ғылыми зерттеулер жүргізу, ақпараттық материалдар мен әдебиеттер алмасу, конференцияларға қатысу және т. б. саласындағы ынтымақтастық туралы 120-дан астам келісімді іске асыруда. қазақстандық жоғары оқу орындарына студенттер. Мәселен, қазіргі уақытта отандық жоғары оқу орындарында 13 мың адам оқиды. шетелдік студенттердің үлесін немесе 3% - 3, ал 2020 жылға қарай мұндай студенттердің үлесін оқитындардың жалпы санының 5% - на дейін ұлғайту жоспарлануда. Осыған байланысты Қарағанды экономикалық университетінде семестрлік оқудан өтуге ниет білдірген Ресей, Тәжікстан, Малайзиядан келген шетелдік студенттердің айтарлықтай өсуі байқалады. ҚЭУ-дегі мұндай студенттердің үлесі білім алушылардың жалпы контингентінің 1,9% - ы құрайды. Қазақстанның Ғылыми-білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру мынадай басым бағыттарды іске асырумен байланысты болуы тиіс деп санаймыз: жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың корпоративтік қағидатын енгізуге негізделген ғылым мен білім берудің неғұрлым тығыз интеграциясын қамтамасыз ету; халықаралық ғылыми-технологиялық кеңістікке неғұрлым терең интеграция; ғылыми және технологиялық рет саласындағы серпінді бағыттарды жандандыру бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету және елдің экономикасын одан әрі әртараптандыру мақсатында; әлемдік стандарттар мен талаптарға жауап беретін отандық коммерциялық технологияларды дамыту және өндіріске енгізу; отандық экономиканы дамытудың нақты қажеттіліктеріне сәйкес келетін ғылыми кадрларды үздіксіз даярлау жүйесін қамтамасыз ету; ғылыми-инновациялық инфрақұрылымды, оның ішінде жоғары оқу орындарының құрылымында: экономиканың кәсіби секторларының консалтингін қамтамасыз ететін озық зерттеулер орталықтарын қалыптастыру жолымен жетілдіру; технологиялық бөлімшелер, студенттік конструкторлық бюролар, біліктілік талаптарының жоғары әлемдік деңгейіне сәйкес келетін шағын инновациялық кәсіпорындар [5].

Қорытындылай келе, XXI ғасырдағы ғылым мен білімнің мазмұны мен сапасына қойылатын қазіргі заманғы талаптар ішкі және сыртқы сын-қатерлердің тез өзгеруі және жаһандану мен интеграциялық процестердің күшеюі аясында Ғылыми-білім беруді ұйымдастыру мен іске асыруда инновациялық және

халықаралық (интернационалды) компоненттердің күшеюінен көрінетін барабар басқару шешімдерін қабылдауды талап ететінін атап өткім келеді процесс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.К.С. Мұхтарова Қазақстандағы ғылым мен білім беруді дамытудағы заманауи үрдістер. [Электрондық ресурс] // ҚазҰУ Хабаршысы. - URL: <http://www.article.kz> (өтініш берген күні: 05.03.2018).
- 2.Балықбаев Т. Ғылымдағы инновациялар :трендтер мен перспективалар [Электрондық ресурс] // "ой" республикалық қоғамдық-саяси журналы. - URL: <http://www.mysl.gazeta.kz> (өтініш берген күні: 05.03.2018).
- 3.Ғылым мен білімнің дамуындағы қазіргі тенденциялар: Қазақстан және әлемдік практика. [Электрондық ресурс] // URL: <http://www.newtimes.kz> (өтініш берген күні: 05.03.2018).
- 4.Әлемдік тенденцияларға сәйкес болу. [Электрондық ресурс] // Қазақстан ақиқаты 2017 жылғы 24 қаңтардағы №15 (28394)
- 5.А.Амрин Қазақстандағы ғылымның болашағы туралы айтып берді. [Электрондық ресурс] // URL: <http://www.zakon.kz> (өтініш берген күні: 05.03.2018)

ӨОЖ 815:583.1

БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДАҒЫ ҚАЗІРГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР

САМИБЕК ЖАМБЕК

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ОРДАБАЕВА РАУШАН БІЛӘНҚЫЗЫ

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің ф.ғ.к., доцент м.а.
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье инновация в образовании – это процесс создания, внедрения и распространения новых идей, инструментов, педагогических и управленческих технологий в образовательную практику, в результате которого повышаются показатели успешности структурных компонентов образования, изменяется система. в качественно иное состояние.

Summary. In the article, innovation in education is the process of creating, introducing and disseminating new ideas, tools, pedagogical and management technologies into educational practice, as a result of which the success rates of the structural components of education increase and the system changes. into a qualitatively different state.

Жоғары және орта білім беру жүйесін дамыту педагогика ғылымы мен практикасынан балалар мен жастарды оқытудың заманауи технологиялары мен жаңа әдістерін зерделеуді және енгізуді талап етеді. Инновацияның негізгі белгісі-мұғалімнің кәсіби қызметінің жалпы деңгейіне әсер ету, оқу орны мен аймақтағы білім берудің инновациялық мүмкіндіктерін кеңейту мүмкіндігі. Білім берудегі инновациялар-бұл білім беру практикасында жаңа идеяларды, құралдарды, педагогикалық және басқару технологияларын құру, енгізу және тарату процесі, нәтижесінде білім берудің құрылымдық компоненттерінің жетістіктерінің көрсеткіштері артады, жүйе сапалы басқа күйге ауысады.

Балалар мен жастарды оқыту, тәрбиелеу, дамыту проблемаларын ғылыми принциптер, педагогтардың кәсібилігінің жоғары деңгейі, олардың біліктілігін арттыру, педагогикалық процесі ұйымдастырудың заманауи тәсілдерін өзгерту негізінде білім беру жүйесін үнемі жетілдіріп отыру арқылы ғана сәтті шешуге болатыны анық. Білім берудің негізгі функциясы-адамның дамуы. Білім оқытын әрбір адамға осындай даму жағдайларын алуға және өмірге дайындалуға кең мүмкіндіктер беруі керек: адам, табиғат және қоғам туралы білім, болашақ практикалық қызмет саласын таңдауда дүниетаным мен бағдарлаудың негізі ретінде әлемнің ғылыми бейнесін қалыптастыруға ықпал етеді; коммуникативті, ақыл-ой, эмоционалды, физикалық, еңбек іс-әрекетінің тәжірибесі, негізгі дүниетанымды қалыптастыруды көздейді. күнделікті өмірде қажетті зияткерлік, еңбек, ұйымдастырушылық дағдылар мен дағдылар.

Қазіргі қоғам ақпаратты жинау, жинақтау, өндіру, өңдеу, сақтау, беру және пайдалану болып табылатын қоғамдық өндірістің басым саласында өркениетті қоғамның дамуына байланысты Ақпараттық

деп аталады. Ақпараттық қоғамда Өндіріс те, бүкіл өмір салты да, құндылық аспектісі де өзгереді, мәдени демалыстың материалдық құндылықтарға қатысты артықшылығы артады. Барлығы тауарларды өндіруге және тұтынуға бағытталған индустриалды қоғамнан айырмашылығы, постиндустриалды (ақпараттық) қоғамда білім мен интеллект өндіріледі және тұтынылады, бұл ақыл-ой еңбегінің пайызының өсуіне әкеледі. Қоғам адамға басқа талаптар қояды, атап айтқанда шығармашылық ойлау қабілеті, білімге деген сұраныс артады. Постиндустриалды қоғамдағы адамның білім алу шарттары Ақпараттық, ақпараттық-білім беру кеңістіктерімен және ақпараттық-білім беру ортасымен байланысты. Ақпараттық кеңістік-бұл ақпаратты құру, сақтау, өңдеу және пайдалану кеңістігі. Ақпараттық кеңістікте ақпаратты пайдаланудың мақсаты-жеке тұлғаны тәрбиелеу. Білім беру процесі мен ақпараттық-білім беру кеңістігі субъектілерінің өзара іс-әрекетінің нәтижесінде ақпараттық-білім беру ортасы пайда болады. Негізінен білім берудің белгілі бір міндеттерін шешу үшін құрылған және іс жүзінде ақпараттық-білім беру кеңістігінің бөлігі болып табылатын орта. Мұндай орта Ақпараттық объектілерден, байланыс құралдарынан, ақпаратты алу, өңдеу, пайдалану, құру тәсілдерінен, білім беру процесінің ұжымдық (элеуметтік) және жеке субъектілерінен тұрады. Әрбір білім беру ұйымының білім беру ортасының құрылымында ақпараттық (мазмұндық), процестік-ұйымдастырушылық (оның ішінде материалдық-техникалық) және тұлғааралық компоненттерді ажыратуға болады. Білім беру ортасы эмоционалды климатпен, жеке адамның әлауқатымен, микромәдениеттің ерекшеліктерімен, рухымен, жайлылығымен және т. б. сипатталады.

Бұл субъектілердің жеке ерекшеліктерімен және олардың өзара әрекеттесуімен тікелей байланысты. Ақпараттық-білім беру ортасына қатысты бұл сипаттамалар негізгі болып табылады, бірақ олар өздері кірмейді. Оқыту процесін ұйымдастыру үшін маңызды ақпараттық-білім беру ортасының негізгі сипаттамаларына мыналар жатады: ортаның ақпараттық-білім беру кеңістігімен өзара әрекеттесуі нәтижесінде қамтамасыз етілетін ашықтық (мұнда біз оқушының жеке басының даму міндеттерін қанағаттандыра отырып, көп нұсқалы оқытуды ұйымдастыруға мүмкіндік беретін ресурстардың шексіз саны туралы айтып отырмыз); тұтастық, басқаша айтқанда, білім беру процесінің бірлігі-оқыту, оқыту мақсаттары, оқушылардың іс-әрекеті және жоспарланған нәтиже. Бұл білім беру процесінің субъектілерінің саналы әрекеттерінің нәтижесінде пайда болады; полифункционалдылық білім көзі қоршаған орта болып табылатындығымен және сонымен бірге оқушылардың жеке жұмысының әртүрлі формаларын ұйымдастыруға ықпал ететіндігімен байланысты. Ақпараттық-білім беру ортасы инновациялық технологиялардың дидактикалық мүмкіндіктерін іске асыруға, оқушылардың жеке және ұжымдық жұмысын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді, осылайша олардың тәуелсіз танымдық іс-әрекетінің мақсатты дамуын қамтамасыз етеді. Жеке тұлғаны қалыптастыруға байланысты ақпараттық қоғамның жоғарыда аталған сипаттамаларын қорытындылай келе, оқу процесі өзіндік ерекшеліктерге ие болады. Дәстүрлі оқытумен салыстырғанда, оның негізгі міндеті оқушыға белгілі бір білім беру, алдын — ала анықталған бірқатар дағдыларды қалыптастыру болды, қазіргі білім беруде оқу процесінің мақсаты — білім алушыны танымдық мақсаттар мен міндеттерді қоюға және шешуге үйрету, ол үшін-жұмыс істей білу, ақпаратты өңдеу, пайдалану және құру, ақпараттық кеңістікте бағдарлау. Қазіргі білім беру кеңістігінің жоғарыда сипатталған ерекшелігімен қатар, қазіргі әлемдегі білім беруді дамытудың келесі негізгі тенденцияларын ажыратуға болады, олар ақпараттық қоғамға көшумен тығыз байланысты.

Қазіргі білім беру тенденциялары философтардың көзқарасында болды (Андриенко Е.В., Важеевская Н.Е., Гафурова Г.Р., Иванова Е.О., Майданкина Н.Ю., Сабуров Х. М., Хамидулина Н. А., Сексте Я.А., Чурекова т. м. және басқалар). Білім беру жүйесін ізгілендіру – бұл әр адамның құқықтарын тануға, денсаулықты сақтауға және нығайтуға, өзін-өзі бағалауға, жеке әлеуетін қалыптастыруға негізделген оқушылар мен мұғалімдерді өзара құрметтеу қатынастарын дамытуға және қалыптастыруға бағытталған. Гуманитаризация-білім беру мазмұнын оның деңгейі мен түріне қарамастан игеруге бағдарлау; әртүрлі ұлт өкілдерімен, кез келген кәсіп пен мамандықтағы адамдармен еркін қарым-қатынас жасау; ана тілін жақсы білу және шет тілін еркін меңгеру; ұлттық және әлемдік тарих пен мәдениетті білу; адамның экономикалық және құқықтық сауаттылығы. Білім беруді саралау іс жүзінде әртүрлі тәсілдермен жүзеге асырылуы мүмкін, мысалы, студенттерді үлгерім негізінде топтастыру, оқу пәндерін міндетті және таңдау бойынша бөлу, оқу орындарын элиталық, бұқаралық және дамуында кідірістері немесе ауытқулары бар студенттерге арналған оқу орындарына бөлу, жеке студенттерге немесе студенттерге олардың мүдделері мен кәсіби мүдделеріне сәйкес жеке жоспарлар құру бағдарлау және т.б. Бұл құбылыспен әртараптандыру ұғымы немесе әртүрлі оқу орындары, білім беру бағдарламалары және басқару органдары тығыз байланысты. Стандарттау-жүйенің мемлекеттік білім беру стандартының талаптарын іске асыруға бағдарлануы. Білім беру жүйесінің Шығыс бойынша қызметінің нәтижесін бағалау (outcome education), ол оқыту формасына қарамастан біріздендірілген стандарттармен анықталады.

Вариативтілік – білім беру жүйесі шеңберінде таңдау үшін жағдай жасау және әрбір субъектіге табысқа жету мүмкіндігін беру. Көп деңгейлі-адамның мүмкіндіктері мен мүдделеріне сәйкес келетін

білім деңгейіне әр кезеңде қол жеткізуге мүмкіндік беретін көп сатылы білім беру процесін ұйымдастыру. Әр деңгей-бұл өз мақсаттары, оқу мерзімі және өзіне тән ерекшеліктері бар кезең. Ашықтық, бұл дегеніміз: білім беру мақсаттарын анықтау тек мемлекеттік тапсырыспен шектелмейді, бірақ оқушылар, олардың ата-аналары, мұғалімдері және барлық мүдделі тараптар әкелетін білім беру қажеттіліктерін кеңейтеді. Прагматизация. Қазіргі білім беруді прагматизациялау үрдісі оның қоғам өмірінің ең өзекті салалары бағытында дамуын анықтайды. Бұл үрдіс нарықтық қатынастарға, бәсекелестікке және қоғам дамуының ең қажетті бағыттарына байланысты. Ақпараттандыру (компьютерлендіру) – оқыту процесінде есептеу техникасы мен ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану. Даралау-оқу және тәрбие процесінде олармен өзара әрекеттесудің барлық түрлерінде оқушылар мен студенттердің жеке ерекшеліктерін есепке алу және дамыту. Әмбебаптандыру-білім беру процесінде қызметтің кейбір жалпыланған әдістерін қалыптастыруға, болашақта белгілі бір қызмет бағыты үшін тез қайта бағытталуы, қайта біліктілігі болуы мүмкін қасиеттердің, құзыреттердің кең спектрі бар адамды дайындауға бағытталған. Сабақтастық-қазіргі қоғамның тез өзгеретін өмір сүру жағдайында адамның үнемі өзін-өзі тәрбиелеу процесі. Осылайша, біз технологиялардың қарқынды дамуымен және қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы инновациялық процестермен сипатталатын ақпараттық қоғам жағдайындағы заманауи математикалық білім берудің негізгі тенденцияларын қарастырдық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Гафурова Г.Р. Қазіргі білім беруді дамытудағы инновациялық тенденциялар. Ресей мен Еуропа: мәдениет пен экономиканың байланысы XI Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары: 2 бөлімде. 2015. 106-107
2. Важевская Н.Е. Қазіргі білім беруді дамыту: кейбір жалпы тенденциялар. Болашақ мектебі. 2008. № 5.
3. Дичкивская и. М. Инновациялық педагогикалық технологиялар: оқулық. 2-ші басылым., Қайта Өңдеу. Киев, Академвидав. – 2012. – 352 б.

ӘОЖ 37.569.01

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТИ ҚОЛДАНУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ

АЖИБАЕВА АЙНУРА УСЕРБАЕВНА

Ә.Бөкейханов атындағы №1 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Использование искусственного интеллекта (ИИ) в преподавании казахского языка и литературы обновляет образовательный процесс, развивает творческие способности учащихся и повышает их интерес к предмету. ИИ предлагает эффективные решения для анализа литературных текстов, исправления письменных работ, создания интерактивных инструментов и персонализации обучения. Однако при его использовании важно сохранять способность учащихся к критическому мышлению, обеспечивать безопасность персональных данных и равный доступ к технологиям. Ответственное применение ИИ способствует современному образованию при сохранении национальных ценностей.

Summary. The use of artificial intelligence (AI) in teaching Kazakh language and literature modernizes the educational process, enhances students' creativity, and increases their interest in the subject. AI provides effective solutions for analyzing literary texts, correcting written works, creating interactive tools, and personalizing learning. However, it is essential to preserve students' critical thinking skills, ensure data security, and guarantee equal access to technology. Responsible use of AI fosters modern education while preserving national values.

Қазіргі білім беру жүйесінде философиялық негіздер оқыту әдістемесін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Қазақ тілі мен әдебиеті пәніндегі жаңа бағыттардың философиялық өзегі білімнің

құндылықтық, мәдени-тарихи, ұлттық және инновациялық қырларына негізделген. Бұл пәннің ерекшелігі ұлттық рухты сақтап, жаңа заман талаптарына сай оқытуға бағытталады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудың философиялық негіздері білім берудің гуманистік, ұлттық, инновациялық, сыни және экологиялық қағидаларын қамтиды. Бұлбағыттар оқушылардың ұлттық рухты сезінуіне, заманауи ойлауға, тіл мен әдебиетті өмірмен байланыстыра меңгеруіне мүмкіндік береді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін осындай философиялық негіздер арқылы оқыту ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, заманауи білім беру талаптарына жауап береді.

Осы бағыттардың ішіндегі менің ерекше тоқталғым келетіні: цифрландыру және ақпараттық қоғам философиясы. Осыған дейін онлайн, офлайн сабақ беруде *Google Classroom, Microsoft Teams, Moodle, Kahoot!, BilimLand, Quizizz, Canva, Padlet, Дарын Online* платформаларын тиімді пайдаланып келдік. Ал қазір жасанды интеллекттің дәуірі басталды. ЖИ технологияларын қолдану оқытудың сапасын жақсарту, шығармашылық қабілеттерді дамыту және оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

1. ЖИ-дің мәтін талдауындағы рөлі:

Әдеби мәтіндерді автоматты талдау. ЖИ мәтіндегі негізгі тақырыптарды, кейіпкерлердің мінез-құлқын, әдеби әдістерді анықтауға көмектеседі. Мысалы: Абайдың өлеңдеріндегі философиялық ойларды немесе Мұқағали шығармаларындағы эмоционалды мазмұнды талдау жасауға болады.

Сөздік қорды байыту. Оқушылардың сөздік қорын арттыру үшін ЖИ сөздердің синонимдері мен антонимдерін ұсынатын құрал ретінде қызмет етеді. Тақырыптық сөздіктер құру (мысалы, табиғат лексикасы немесе батырлар жырындағы эпикалық тіл). Мысалы: GPT-ді қолдану арқылы “Қара сөздерден” үзіндіні талдап, оның философиялық мәнін түсіндіреді.

2. Жазу дағдыларын дамытуда ЖИ-ді пайдалану:

Эссе және шығармаларды түзету. ЖИ жазбаша жұмыстардағы грамматикалық қателіктерді түзетіп, стильдік жақсартулар ұсына алады. Шығарманың құрылымын жақсарту бойынша ұсыныстар береді.

Тақырыптық идеяларды ұсыну: Эссе жазу үшін ЖИ тақырыпқа қатысты сұрақтар немесе шығармашылық идеялар ұсына алады. Мысалы: оқушылардан “Қазақ тілінің қазіргі қоғамдағы рөлі” тақырыбында эссе жазуды сұрап, ЖИ арқылы жазған мәтінді тексеру.

3. Интерактивті оқыту құралдары:

Сөйлеу дағдыларын жетілдіру: Қазақ тілінде сөйлесу үшін виртуалды ассистенттерді қолдану. Диалог құруға және дұрыс интонацияны қалыптастыруға көмектесу.

Квиздер мен ойындар: Қазақ тілінің грамматикасы мен әдебиет тақырыптары бойынша викториналар жасау. Мысалы: Сөздердің дұрыс жазылуын тексеретін интерактивті ойындар. “Мақал-мәтелдерді толықтыр” немесе “Қай кейіпкердің сөзі?” сияқты интерактивті ойындар арқылы білім тексеру.

4. Әдебиетке визуализация енгізу:

Әдеби шығармаларды визуализациялау: ЖИ арқылы кейіпкерлердің портреттерін жасау немесе шығарманың сюжетін анимация түрінде көрсету. Мысалы: “Қобыланды батыр” жырының батырларын немесе оқиғаларын иллюстрациялау.

Виртуалды экскурсиялар: Абай Құнанбайұлының өмірімен байланысты жерлер бойынша 3D тур жасау. Әдебиетке қатысты тарихи-мәдени орындарды зерттеу. Мысалы: DALL·E технологиясымен әдеби кейіпкерлердің бейнесін визуализациялау.

5. Индивидуалды оқыту бағдарламалары:

Тұлғалық деңгейге бейімделу: ЖИ әр оқушының білім деңгейіне сәйкес тапсырмалар дайындайды. Мысалы: Грамматикасы әлсіз оқушыларға жеңіл тапсырмалар, ал озаттарға күрделі талдау беру.

Қателермен жұмыс: ЖИ оқушылардың жиі жіберетін қателіктерін талдап, сол бағытта жаттығулар ұсынады. Мысалы: Емле қателерін нақтылауға арналған жаттығулар. Оқушының сауаттылық деңгейін бағалап, жеке оқыту траекториясын ұсынатын ЖИ платформасы.

6. Ұлттық құндылықтарды насихаттау:

Қазақ халқының әдеби мұрасын сақтау және тарату: ЖИ көмегімен көне әдеби шығармаларды цифрлық форматқа ауыстыру және автоматты түрде аудару.

Тілдік мәдениетке үйрету: Қазақ тіліндегі диалект сөздерді және фольклорлық элементтерді таныту. ЖИ арқылы “Батырлар жыры” мәтіндерін заманауи тілге бейімдеу немесе түсіндірмелі сөздік құрастыру.

7. Зерттеу жұмыстарын жеңілдету:

Мәтіндік деректерді жинақтау: ЖИ оқушыларға қазақ әдебиетіндегі белгілі бір тақырып бойынша мәтіндер жинауға көмектеседі. Мысалы: Әдебиетте табиғаттың суреттелуі немесе махаббат тақырыбы.

Автоматты деректер талдауы: Шығармалардың тілдік ерекшеліктерін статистикалық талдау. Мысалы: Абай өлеңдеріндегі негізгі сөздерді жиілік бойынша анықтау.

Қазақ тіліндегі әдебиеттердің лексикалық және семантикалық құрылымын зерттеу үшін ЖИ құралдарын қолдану.

8. Оқытушыларға көмек: Сабақ жоспарларын автоматты түрде құру. Оқушылардың үлгерімін қадағалайтын және талдайтын құралдар жасау. Шығармашылық тапсырмаларға шабыт беретін ұсыныстар табу. Мысалы: Сабақ жоспарын жасау кезінде ЖИ арқылы тақырыпқа қатысты ресурстар мен қосымша материалдар алу.

Жасанды интеллект қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде оқыту үдерісін жандандырып, оны заманауи технологиялармен толықтыруға мүмкіндік береді. Бұл құралдар тілдік дағдыларды дамытуға, әдеби талдауды тереңдетуге, оқытуды даралауға және шығармашылық қабілеттерді жетілдіруге көмектеседі. ЖИ технологияларын тиімді пайдалану ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, заманауи оқыту әдістерін енгізуге жағдай жасайды.

Жасанды интеллектті зиянсыз, тиімді пайдалану

Жасанды интеллект (ЖИ) қазіргі білім беру жүйесіне айтарлықтай жаңашылдықтар әкелгенімен, оны қолдануда туындайтын зиянды жақтарды ескеру өте маңызды. ЖИ құралдары оқытуды жеделдетіп, ақпаратқа қолжетімділікті арттырады, алайда олардың шамадан тыс қолданылуы оқушылардың интеллектуалдық, эмоционалдық және әлеуметтік дамуына кері әсер етуі мүмкін.

Оқушылардың сыни және шығармашылық ойлау қабілеттерінің әлсіреуі, ЖИ-ге шектен тыс тәуелділік, дайын жауаптарға сүйену сынды факторлар олардың өз бетімен жұмыс істеу қабілетін төмендетеді. Бұл әсіресе мектеп жасындағы оқушылардың оқу-танымдық дағдыларын қалыптастыруға кедергі келтіруі ықтимал. Сонымен қатар, ЖИ ұсынатын ақпараттың дұрыстығына күмәнсіз сену оқушыларды жалған ақпаратты қабылдауға әкеліп, шынайы білім алу процесін бұрмалайды.

Тұлғааралық қарым-қатынастың әлсіреуі де ЖИ құралдарын шектен тыс қолданудың негізгі кемшіліктерінің бірі болып табылады. Оқушылар мұғаліммен және сыныптастарымен интерактивті түрде жұмыс істемей, тек ЖИ арқылы тапсырмаларды орындаса, олардың коммуникативтік дағдылары дамымай қалуы мүмкін.

Жеке деректердің қауіпсіздігі және әлеуметтік теңсіздік мәселелері ЖИ-ді білім беру саласында қолдануда ерекше назар аударуды қажет етеді. ЖИ құралдары арқылы жинақталатын деректердің құпиялылығы бұзылса, оқушылардың жеке өміріне қауіп төнуі мүмкін. Ал технологиялық ресурстарға қолжетімділігі шектеулі аймақтардағы оқушылар ЖИ құралдарының артықшылықтарын пайдалана алмауы теңсіздікті тереңдетуі мүмкін.

Психологиялық және эмоционалдық әсерлер. ЖИ құралдарымен жұмыс істеу барысында кейбір оқушылар стресс пен күйзеліс сезінуі мүмкін, әсіресе тапсырмаларды дұрыс орындамау немесе технологияны түсінбеу жағдайларында. Бұл факторлар оқушының мотивациясын төмендетіп, оқуға деген қызығушылығын жоя алады.

Жасанды интеллекттің білім беру жүйесінде зиянды жақтарын азайту үшін:

1. Сыни және дербес ойлауға үйрету: ЖИ құралдарын пайдаланғанда оқушылардың ақпаратты сыни қабылдап, өз бетімен іздену дағдыларын қалыптастыру қажет.

2. Баланс сақтау: ЖИ-ді қосымша көмекші құрал ретінде ғана қолданып, оқыту мен қарым-қатынастың дәстүрлі әдістерін ұмытпау керек.

3. Мұғалімдердің рөлі: ЖИ оқыту процесін автоматтандырғанымен, мұғалім оқушының жеке қасиеттерін дамытуда жетекші тұлға болып қала беруі тиіс.

4. Технологиялық қауіпсіздік: Жеке деректердің құпиялылығын сақтау және оларды дұрыс қорғау саясатын қамтамасыз ету маңызды.

5. Тең қолжетімділік: Барлық оқушылар үшін технологиялық құралдардың қолжетімділігін қамтамасыз ету қажет.

ЖИ-дің білім берудегі артықшылықтары мен кемшіліктерін дұрыс үйлестіру арқылы заманауи технологиялардан максималды пайда алу мүмкін болады. Бұл үшін ЖИ-ді тиімді және жауапкершілікпен қолдану стратегияларын дамыту – бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Гершунский Б.С. Философия образования для XXI века. – М. 2002
2. Гусинский Э.Н. Введение в философию образования. – М.: Логос, 2001
3. Трансформация системы образования: взгляд философов. – Алматы: 2000

ГРАФИКАЛЫҚ ОРГАНАЙЗЕРЛЕР АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛАЙ ДАМУҒА БОЛАДЫ?

ИБРАГИМОВА САНДУҒАШ НУРПАПАҚЫЗЫ

№46 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье утверждается, что графический органайзер для письма — это инструмент обучения и преподавания. Это помогает в литературных упражнениях, понимании и творческом письме. Учащиеся понимают материал и концепции, организуя их с помощью графического органайзера.

Summary. The article argues that a graphic organizer for writing is a learning and teaching tool. It helps in literary exercises, comprehension and creative writing. Students understand material and concepts by organizing them using a graphic organizer.

Жазу, таза жазу, дұрыс жазу, сауатты жазу – қай тілдің болмасын басты ұстанымы. Сауатты жазудың алғышарты бастауыш сыныпта қаланады. Мектеп табалдырығын аттаған балаға бірінші сыныптан бастап дұрыс сөйлету үшін сөздердің дыбыстық жағы, дұрыс айтылуы қадағаланады.

Сауат ашу кезінде оқу мен жазу жұмыстары өзара тығыз байланыста болады. Жақсы оқи алатын бала таза да сауатты жаза біледі, ал жазуды жақсы меңгерген оқушы оқуды жеңіл меңгереді. Бір сабақтың өзінде оқу қызметі мен жазу жұмысы бірін-бірі алмастырып және бірін меңгеруге екіншісінің көмегі тиіп отырады. Сол себепті таза, әдемі жазуды талап ету - мұғалімнің міндеті болып табылады, оқушының әсемдік сезімін оятып, мінез- құлқын тәрбиелеп, жауапкершілікке, ұқыптылыққа үйретеді. Әдемі, анық жазуға үйрету арқылы мұғалім оқушыны еңбексүйгіштікке, әсемдікке тәрбиелейді.

Т.Тәжібаев «Жазба сөзді жақсы білу үшін психологиялық операцияны жаңа түрде пайдалану керек»-десе, Л.С.Выготский: «Сөз ішіндегі дыбыстарды талдай алатын бала сөз жазып кетеді деп айтуға болмайды, оған жазу механизмін үйрету қажет» деген болатын.

Дұрыс, сауатты жазуға үйрену үшін ең алдымен сөздерді дыбыс құрамына, буын жігіне ажырату жұмысы жүргізілуі қажет. Бұл жұмыс түрі оқушылардың әріп қалдырып кетпеуіне, әріп алмастырып алмауларына бір сыпыра көмектеседі. Сөздердің ұқсастықтары мен ерекшеліктерін, теріс жазылуынан мағына бұзылатынын балаларға ережені түсіндіргенде де, жаттығулар жүргізгенде де, олардың жазуларындағы қателерді түзеткенде де көрсетіп, түсіндіріп отырудың пайдасы көп.

Оқушының орфографиялық нормаға сай дұрыс жазуы – бастауыш сынып мұғалімінің іргелі еңбегінің жемісі. Бастауыш сыныпта бағдарламаға сәйкес жоғарыда көрсетілген білім-білік дағдылары қалыптасқан оқушылар сауатты жазуға дағдылану барысында

графикалық түрде қарым қатынас жасау мүмкіндігіне ие болады. Осы арқылы жазуын ғана емес, сөйлеуін және таным мүмкіндіктерін жетілдіре алады.

Таза жазу дағдысының алғашқы бастамасы әріптің әрбір бөлігін дұрыс сызып көруі арқылы қалыптасады. Әдетте, мұғалім тарапынан оқушыға әдемі, сауатты жаздыру ғана емес, оқушының бүкшімей, басын тым төмен салбыратпай, денесін тік ұстап, өзін дұрыс игеруіне қатты көңіл бөлінеді.

Оқушылар жазу ережесін сақтап отырғанда ғана дұрыс жазуға үйрене алады.

Сондай-ақ бастауыш сынып оқушыларына жазуға төмендегі талаптар қойылады және бұл талаптар бастауыш мектептің барлық сыныптарында жазу жұмысының барысында орындалып отыруға тиіс:

әріпті дұрыс жазу, дәптердің көлденең сызығынан ауытқымау;

әріптердің элементтерін жазғанда ұзынды-қысқалы қылмай, тегіс, бірдей жазу;

әріптердің бірін оңға, бірін солға қисайтпай, барлық әріпті бірдей, оңға қарай сәл көлбете жазу;

әріптердің, сөздердің арасындағы қашықтықты бір қалыпты сақтап отыру, бірте-бірте жазу қарқынын тездету тәсілі;

түрлі диктанттар жаздыру; сөздікпен жұмыс істету;

тақырыпқа байланысты орындау шарты әртүрлі болып келген жаттығуларды орындату;

сөзді, сөйлемді тақтадан, кітаптан дұрыс көшіріп жазуға мән беру.

Ғалымдар графикалық органайзерлердің ойындардың оқушылардың оқу үлгеріміне жақсы әсер ететін дәлелдеп отыр. Педагогтар ретінде жаңа технология тәсілдерін іздейміз. Графикалық органайзер

оқушылар үшін тиімді құрал болып табылады. Бұл оларға белгілі бір тақырыпты оңай түсінуге көмектеседі. Бұл жағдайда бұл нұсқаулық сізге графикалық ұйымдастырушылар туралы толық ақпарат береді. Сонымен қатар, оқу барысында сіз графикалық органайзерлердің әртүрлі түрлерін таба аласыз.

Идеялар, концепциялар және әртүрлі компоненттер арасындағы өзара әрекеттестік графикалық органайзерлерде көрнекі түрде көрсетіледі. Білім карталары мен тұжырымдамалық карталар екеуі де графикалық ұйымдастырушылардың категориялары болып табылады. Әрбір график немесе диаграмма деректерді салыстыру, графикалық ұйымдастырушы ретінде пайдаланылуы мүмкін. Графикалық органайзерді жасауда белгіленген нұсқаулар жоқ. Сіз оны кез келген тақырып бойынша қорытынды жасауға және өз идеяларыңызды визуализациялауға арналған тұжырымдамалық карта құралы ретінде пайдалана аласыз.

Сонымен қатар, графикалық органайзердің негізгі идеясы – оқушыларға өз идеяларын анық жеткізуге көмектесу. Осы ұйымдастырушының көмегімен жағдай қиындамайды. Сондай-ақ, графикалық органайзерді пайдалану кезінде алуға болатын басқа да артықшылықтар бар. Ол екі немесе одан да көп құрамдастардың арасындағы қатынасты жылдам құруға көмектеседі. Сонымен қатар, деректерді ретсіз қалдырудың орнына, оларды диаграммалар арқылы ұйымдастыруға болады. Ол сонымен қатар оқушыларға белгілі бір мәселенің ықтимал шешімін жасауға көмектеседі. Графикалық органайзерді пайдалану кезінде тағы басқа нәрселерді үйренуге болады мәселен жазу дағдысы кезінде де кеңінен қолдануға болады.

Жазуға арналған графикалық органайзер оқу мен оқыту құралы болып табылады. Бұл әдеби жаттығуларға, түсінуге және шығармашылық жазуға көмектеседі. Оқушылар материал мен түсініктерді графикалық органайзер арқылы жүйелеу арқылы қабылдайды. Графикалық ұйымдастырушыларды жазу деректер мен идеяларды ұсынуға және визуализациялауға көмектеседі. Ол күрделі материалдар мен түсініктерді басқарылатын бөліктерге бөлу арқылы жасалады. Әртүрлі ақпараттық құрамдастардың арасында байланыстар мен өзара байланыстар орнату да көмектеседі. Жазу графикалық ұйымдастырушылары оқушыларға әріптерді жүйелі жазу, жазбаларды алу, тізім жасау, ақпаратты талдау және мәселені анықтау қабілеттерін жақсартуға көмектеседі.

Графикалық органайзерлер — бұл қандай-да бір түрде қағаздағы ақпаратты (немесе компьютер экранында) есте сақтауды, игеруді, талдауды немесе қолдануды жақсартуға көмектесетін кез келген нәрсе. Ақпаратты визуалдау процесінде оқушы ақпаратты визуалды-концептуалды түрде ұсына отырып, өзі арқылы ойластырады, түсінеді, өзі арқылы өткізеді. Графикалық органайзерлер дегеніміз — бұл үлкен көлемді ақпаратты логикалық тәртіпте құрылымдаудың кескіндемелік тәсілі. Олар оқушыларға күрделі ақпаратты түсінікті түрде схемалық түрде ұсынуға көмектеседі. Графикалық ұйымдастырушыларды мұғалім тағайындай алады немесе оқушылардың өздері құрастыра алады. Органайзерлердің бейнесі әмбебап болуы мүмкін немесе ол толық жауап жазылған тақырыпқа сәйкес келуі мүмкін. Оқушылар өз жауаптарын тікелей графикалық органайзерға жазады. Мәліметтердің графикалық ұсынылуы мәтінмен жұмыс істеу қабілетін дамытуға ықпал етеді, өйткені ол негізгі ойды тұжырымдауды, түйінді сөздерді бөлектеуді, мәтінді құрылымдық бөліктерге бөлуді үйренуге мүмкіндік береді. Ғалымдар олардың қолданылуы оқушылардың жұмысын бірнеше жолмен жақсартады деп тапты.

Атап айтқанда: Көрнекі түрде де, мәтінде де берілген кезде ақпаратты есте сақтау жақсарады. Оқуды түсіну жақсарады. Оқу үлгерімі өседі, соның ішінде оқуда қиындықтары бар оқушылардың арасында. Сыни тұрғыдан ойлау қабілеттері жетілдірілген. Сызбалық техникалар өте көп. Белгілі бір білім беру мәселелерін шешуге көмектесетін. Олар көрнекі, коммуникативті функцияларды орындайтын дидактикалық құралдар ретінде қолданылады. Графикалық ұйымдастырушыларды қолдану қажеттілігі қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың өзі есінде сақтай алмайтын және толық игере алмайтын үлкен көлемдегі ақпарат ағынымен жұмыс жасауына байланысты. Графикалық ұйымдастырушылар жүйелеу құралы ретінде қолданылады. Ақпаратты ұйымдастыру және көрнекілік, қазақ тілі мен әдебиеті сабағында ақпаратты басқа түрге айналдыру, оқушылардың тақырыпты түсінуін жетілдіру, мәтінді оқып қана қоймай, оның мазмұнын түсінуге үйрету. Барлық дағдыларды дамытады: тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу.

Мұғалімнің алдында тұрған ең басты міндеті- оқушыларды сабаққа ынталандыра білу, сол арқылы тақырыпты білу, жете меңгеру. ана тілі , дүниетану сабақтарын қызықты, тартымды өткізу үшін сабақтың әртүрлі әдіс- тәсілдерін орынды қолдануға тырысамын. Жаңа технологияларды пайдалана отырып сабақта қолданылатын ойындарды мына төмендегі түрде қолданамын:

1) Оқыта үйрету ойындары. Бұл ойындарды сабақта да, сабақтың тыс шараларда да пайдалануға болады.

2) Тілдік ойындар: Ауызша сөйлеу және жазу машықтарын дамытуға арналған.

3) Драмалық, рөлдік ойындар. Қарым-қатынастарын жақсарту, ауызша сөйлеу, оқушы білімдерін ертүрлі жағдайларда қолдану машықтарын дамыту.

4) Психологиялық ойындар.

5) Грамматикалық ойындар т.б.

Сондай-ақ бастауыш сынып оқушыларының жазу дағдыларын қалыптастыруда осыған байланысты қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту бойынша арнаулы жұмыс жүргізу қажет. Қолдардың оқшауланған қозғалыстарына жаттықтыру үшін тапсырмалардың мынадай түрлері ұсынылады: бір парақ қағазды оны сол қолымен ұстай тұрып, оң қолдың алақанымен жазу және керісінше, жұдырық қыр алақанның жалғастылық қозғалыстарын орындай, білезіктерді кезектестіріп сілкіу, оң және сол білезік жағдайларын кезектестіре алмастыру, жұму-ашу, алақанды жоғары-төмен аудару және т.б., сонымен бір мезгілде қолдардың саусақтарын дамыту бойынша жұмыстары жүргізілуі тиіс. Балаға білезіктердің алуан түрлерін: түймелерді, «найзағай» құлыбын, батырмаларды, «жабысқақтарды» ағыту мен салу; күрделілігі әр түрлі бауларды өткізіп- байлау; жарманы, мәннеттерді, мозаиканы сұрыптау, пазлдарды жинастыру және т.б. ұсынылады.

Көркем жазуда балаға ғана түсіндіру, тапсырма беру көп қиындық тудырады. Бұған қоса мұғалімнің жазу үлгілеріне жазып көрсетуі қолтаңбаның дұрыс қалыптасуына әсерін тигізеді. Балалардың түсіне отырып жазуының маңызы зор. Мәселен, оқушылар көлбеу жазудың не үшін керектігін түсіне отырып жазу керек. Сонымен қатар көркем жазудан алған оқушылардың білімдерінің кейбіріне ереже ретінде қарау керек. Мысалға, оқушылар гигиеналық талаптарды, әріп элементтеріне қойылатын талаптарды білу керек. Ережелерді оқушыларға біртіндеп үйретіледі. Ең бірінші ереже – әріптің солдан оңға қарай көлбеу жазуы. Екінші ереже – элемент, әріп, сөз арасындағы қашықтықтың сақталуы. Түсіне отырып жазу балалардың өзінің немесе өзгенің қатесін түзетуге үлесі зор. Әр әріп элементтерін жазып үйрену ең алдымен, оның неше элементтен тұратынын, екіншіден, ол әріпті қай жерде қалай бағыттап жазуды меңгеруіне септігін тигізеді. Жазуға үйретудің алғашқы күнінен бастап, балаларды үзбей жазуға дағдыландыру қажет.

Қорыта келе айтарым баланың оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру мақсатында жүргізілген жұмыстар оқушылардың сауаттылығын қамтамасыз етуге, олардың сауаттылық деңгейін тексере отырып, білімдегі кемшіліктерді жоюға, оқушының тіл байлығын арттыра отырып, ойлау қабілетін, байқампаздығын дамытуға көмектеседі.

Графикалық ұйымдастырушылар және олардың сипаттамасы:

1.«Кластер»: оқушыларға тақырып бойынша еркін және ашық ойлауға мүмкіндік береді. Оқушылар парактың ортасына негізгі ұғымды жазады және одан әр түрлі бағыттағы көрсеткілерді шығарады, олар осы сөзді басқалармен байланыстырады, олар өз кезегінде сәулелер одан әрі алшақтайды.

2.«Фишбоун» («Fishbone»): жұмыстағы себеп-салдарлық қатынастарды анықтауға мүмкіндік береді. Балықтың басында олар идея жазады, себеп-салдарлық қатынастар балықтың қаңқасын толтырады, ал құйрығында өнімнің қорытындыларын жазады.

3.«Уақыт шкаласы»: одан әрі талдау үшін шығармадағы оқиғалар ретін байқауға мүмкіндік береді.

4.«Венн диаграммасы» (екі/үштік): қос тақырыптың толық, тұтас көрінуіне мүмкіндік береді, бөлек талдауға, ерекшеліктерін, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтауға мүмкіндік береді; үштік қарастырылатын үш құбылыстың арасындағы жүйелік байланыстарды көруге және жақын орналасқан салыстырылған екі заттың немесе құбылыстың ұқсастығын көрсетуге мүмкіндік береді.

Сабақта мұғалімнің графикалық ұйымдастырушыларды дұрыс қолдануы сабақтарды әр түрлі, болжамсыз етеді, бұл мектеп оқушыларының пәнді оқуға деген ішкі мотивін және өз бетінше ізденудің танымдық іс-әрекетіне қызығушылығын арттырады; дәлелдемелер мен дәлелдер келтіре отырып, ұжымда жұмыс жасау және көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын, логикалық ойлау қабілетін дамытады, зерттеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік ашады.

Сабақ үстінде ұйымдастырылатын графикалық организерлер нәтижесінде оқушылардың бойынан мына өзгерістерді байқаймыз:

- ең алдымен, ынтымақтастыққа үйренеді, яғни жеке, жұппен, топпен жұмыс істеудің маңызын біледі;

-талпынады, яғни сыни ойлауды қалыптастырады;

- өзіне-өзі баға беруге, сыныптастарын бағалай алуға, өзара сыйластыққа үйренеді;

-бір-бірін тыңдауға, талдауға, салыстыруға дағдыланады;

-суреттер арқылы сөйлеуге, пәнге деген қызығушылығы артады.

Тіл үйретуде графикалық организерлер арқылы жұмыстарды тиімді ұйымдастырып,

оқушыларды тәуелсіз білім алуға жетелеуге болады. Топпен атқарылып жатқан қызу жұмыс үстінде оқушылар қосымша ақпараттар қабылдап, жаңа сөздер үйренуге талпынады. Топпен атқарылатын жұмыстарға оқушы белсене қатысады.

Қорыта келгенде, тіл үйретуде, мәтін оқытуда графикалық органиайзерлердің тиімділігін осылайша қарастырамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Жексенбаева У.Б. Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру. – Алматы: РАДиАЛ. – 2006. – 32 б.

2.Аубакирова Р., Нұрбекова М. Педагогикалық зерттеу әдістемесі: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2011. – 128 б.

3.«Балабақша-мектеп-колледж – жоғары оқу орны» жүйесіндегі мемлекеттік тілді үздіксіз оқыту» стандарты. – Астана, 2014

ӘОЖ: 373.5:159.953

ТӨМЕНГІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА ЕСТЕ САҚТАУ ҚАБІЛЕТІНІҢ КӨПТҮРЛІЛІГІ

МУСТАФИНА ЖАНАТ ЖОРАБЕКОВНА

№64 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Учебная деятельность требует от ребенка контроля над процессом запоминания. Требования и конкретное содержание учебного процесса в школе существенно развивают этот процесс, укрепляется память. Уровень запоминания зависит от содержания запоминаемого материала, характера деятельности, уровня владения приемами и способами запоминания и воспроизведения материала.

Summary. Learning activities require the child to control the memorization process. The requirements and specific content of the educational process at school significantly develop this process, and memory is strengthened. The level of memorization depends on the content of the material being memorized, the nature of the activity, the level of proficiency in techniques and methods of memorizing and reproducing the material.

Бастауыш мектеп кезеңіне 7-10 жас аралығындағы балалар жатады. Бұл кезеңде баланың денесі едәуір дамып, бұлшықеттері мен шеміршектері, сүйектері нығайып, табаны сүйектенеді, омыртқасы, барлық мойын, арқа бел бүгілістері дамиды. Мидың маңдай бөліктерінің жетілуі баланың психикалық іс-әрекеті мен жүйкесінің қалыптасуына үлкен рөл атқарады.

Психологияда мынадай заңдылық бар: қандай зат ақыл-ой әрекетінің заты болса, сол жақсы есте сақталады. 2-3 сынып оқушыларының еріксіз есі жақсы дамыған, бірақ осы кезеңде ес процестерінің сапалық өзгерулері болатыны байқалады. Ес екі бағытта дами бастайды-ырықты және мағыналылық. Мағыналылық естің дамуы есте қалдырудың рационалды тәсілдерін игеруге мүмкіндік береді.

Бастауыш мектеп жасында ес те басқа да психикалық процестер сияқты түбегейлі өзгерістерге ұшырайды. Бала есі біртіндеп ырықтылық сипатқа иеленіп, саналы меңгеріліп және жанамалана бастайды.

Мектепке бару балалардың логикалық есін дамытуда үлкен рөл атқарады. Оқушының есін тәрбиелеуге де мұғалім олардың жас дара ерекшеліктерін қатты ескере отырып, жұмыс жүргізеді. Төменгі сынып оқушылары оқу тәсілін өз бетімен тандап ала алмайтындықтан, мұғалім үйге тапсырма бергенде материалдарды қалай оқу керектігін үнемі ескертіп отыруы керек. Бұл жөнінде оқулықтардың бәрін де мәтінді қалай оқу, тапсырманы қалай орындау керектігі айтылған. Бірақ балалардың назары бұған кейде жөнді түсе қоймайды. Мұғалім мұны қатты ескергені жөн. Төменгі сынып оқушылары, әсіресе, 1-2 сыныптар көбінесе сөзбе-сөз жаттап алады. Олар материалды есіне қалдырғанша оқи береді. Оқулықтағыдай білсем болғаны деген ой қалыптасады. Бұлайша есте қалдыруға материалдың қысқалығы, әрі жинақылығы себеп болады. Балалардың сөздік қорының аздығы да өз сөзімен айтуға мүмкіндік бермейді. Сондықтан, мұғалім бір жағынан баланың сөздік қорын дамытып, өз бетінше айта білуге үйрету қажет.

Бала есінің дамуы өмірінің бірінші күндерінен басталады. Жүйке жүйесінің, біртіндеп дамуы негізінде тәрбие процесі, ойын, оқу, еңбек және тіл қатынастары жетіледі. Баланың есте қалдыруы өмірінің бірінші айларында қимыл байланыстарына, қозғалу ассоциациясына сүйенеді. Ай жарым жастағы баланы тамақтандырай-ын деп қолға алғанда, емшек еметін қимылдар жасайды. Көру, есту анализаторлары біртіндеп жұмыс істей бастайды, төртінші, бесінші айлардағы бала анасын көріп, оның даусын естіп қимылдайды. Тілі шыққан бала өзінің сөз қорына сөз қосады, көрген-білгенін үйренеді, бірақ өмір тәжірибесі әлі аз, ойлауы, тіл дамуы жеткіліксіз, сондықтан есте қалдырудың механикалық түрі дамиды.

Оқу іс-әрекеті балаға өзінің есте сақтау үрдісін басқаруды талап етеді. Мектептегі оқу үрдісінің талаптары мен өзіне тән мазмұны бұл үрдісті едәуір дамытады, есте сақтау мықтылығы беки түседі. Есте сақтау деңгейі – есте сақталатын материалдың мазмұнына, іс-әрекет сипатына, материалды есте сақтау және қайта жаңғырту тәсілдері мен әдістерін меңгеру деңгейіне байланысты болады.

Бірінші сыныптағыларда, бала үшін өз өмірінің эмоцияға бай мәліметтері мен оқиғаларын тіркейтін ырықсыз ес жақсы дамыған. Бірақ бірінші сынып оқушылары мектептегінің бәрін есінде сақтауға тиісті емес. Сондықтан тура ес жеткіліксіз болады.

Қабілеттік процестердің дамуының ең басты шарты, баланың мектеп сабақтарына қызығушылығы, оның белсенділігі, жоғарғы танымдық мотивациясы екенінде дау жоқ.

Бірақ бала есінің дамуына тек есте сақтауға арналған арнайы жаттығулар ғана емес, сондай-ақ сабаққа, жекеленген пәндерге деген қызығушылығын қалыптастыруға байланысты көзқарастар даулы болды. Тәжірибе жоғарғы психикалық функциялар ретінде ырықты естің дамуына тек бір ғана қызығушылықтың аздық ететінін көрсетеді. Бастауыш мектеп жасында естің жетілуі ең алдымен оқу іс-әрекеті барысында есте сақтаған материалды ұйымдастыру мен өңдеуге байланысты әртүрлі тәсілдер мен стратегияларды меңгеруге негізделеді. Бірақ осындай тәсілдерді қалыптастыруға бағытталған арнайы жұмыссыз олар стихиялы қалыптасады, жиі өнімсіз болады.

Бастауыш мектеп жасында балалардың ырықсыз есте сақтау қабілеттері, осы кезең бойында әркелкі және I-II және III-IV сынып оқушыларында айтарлықтай ажыратылады. 7-8 жастағы балалар үшін материалды ұғына, ұйымдастыра есте сақтағаннан гөрі, оны ешқандай есте сақтау құралдарынсыз өте жеңіл есте ұстаулары тән. Сыналушылардың көпшілігі қалай есте сақтаудың, есте сақтау процесінде не туралы ойладың, деген сұрақтарға көп жағдайларда жай ғана есте сақтадым, деп жауап береді. Мұның өзі естің нәтижелік жағына да әсер етеді. Бастауыш сынып оқушылары үшін бірдеңе арқылы есте сақтағаннан гөрі, тек есте сақтау керек деген бағыттылықты орындаған жеңіл.

Тіл – ойдың жемісі. Бала тілінің таза, ойының жеткілікті болуына баса назар аудару қажет. Л.С.Выгодскийдің пікірінше, мектепте оқытудың басталуымен ойлау баланың саналы әрекетінің орталығына ығысады. Ғылыми білімді меңгеру барысында жүзеге асатын сөздік-логикалық, пайымдап ойлаудың дамуы басқа да танымдық процестерді құрайды.

Ғұлама ғалым Х.Досмұхамедұлы тіл, сөйлеу – адам психологиясының басты белгілерінің бірі екендігін айтады. «Тіл – жұрттың жаны. Өз тілін өзі білмеген ел болмайды. Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт. Мектеп пен баланың тілі дұрыс болса, елдің тілін көркейтп, байытып гүлдендіреді, мектеп пен баспада қолданудан қалған тіл – шатасқан тіл» -дейді.

"Психикалық процестерді зерттеу (немесе функцияларды) олардың бір-бірімен тығыз байланыста және бір-біріне ауыспалы екенін көрсетеді. Мысалы: қабылдауды қарастырсаң оны естен, ойлаудан, эмоциялардан және т.б. оқшаулауға жағдай жасаудың мүмкін еместігін көреміз. Реалды қабылдау процесіне ес те, ойлау да және т.б. кіреді", деп жазды Б.Ф. Ломов.

В.Д.Шадриков ұсынған танымдық қабілеттер құрылымы, олардың диагностикалық процедурасын да анықтайды. Нақтылы қабілетке сипаттама беру, тек оның басқа қабілеттермен өзара байланысын ескергенде ғана мүмкін. Мұндай диагностиканы практикада жүргізу мүмкін бе? Ол тым күрделі болмай ма? Мұндай процедура қандай болу керек?, деген сұрақтарға, ол эксперименталды тәжірибелерге сүйене отырып, мұндай процедураларды жүргізуге болатынын айтады. Ол үшін алдымен әр танымдық қабілеттерді диагностикалап, сонан кейін алынған нәтижелерді регрессиялы талдау керек. Қабілеттер өз табиғатынан динамикалы. Ол үнемі қозғалыста дамиды.

Оқу есептерінің барған сайын күрделенуімен, тек есте сақтау керек деген бағыттылықтың өзін ақтамауы, баланы есті ұйымдастыруы үшін басқа тәсілдерді іздеуге мәжбүр етеді. Мұндай тәсіл, көбіне механикалық есте сақтауды қамтамасыз ететін қайталау болып табылады.

Бастауыш сыныптарда оқушылардан тек көлемі жағынан шағын материалды қайта жаңғырту керектігі талап етілгенде, мұндай есте сақтау тәсілі оқу жүктемесімен орындалады. Бірақ бұл көбіне оқушыларда мектепте оқу кезінде есте сақтаудың жалғыз тәсілі болып қалады. Бұл ең алдымен бастауыш мектеп жасында, баланы мағыналы есте сақтауға үйретпегеннен, оның логикалық есінің дұрыс қалыптаспауына байланысты.

Логикалық естің дамуы арнайы ұйымдасқан болуы керек. Себебі бұл жастағы балалардың көпшілігі өз бетінше материалды мағыналы өңдеу тәсілдерін пайдаланбай, есте сақтау мақсатында, әбден сыналған құрал - қайталауға сүйенеді. Бірақ, оқу іс-әрекеті барысында мағыналы талдау мен есте сақтау тәсілдерін меңгергенмен, олар оқу іс-әрекетінде оны бірден қолдана қоймайды. Ол үшін үлкендер тарапынан қозғау қажет.

Бастауыш мектеп жасының әр кезеңінде оқушылардың мағыналы есте сақтау тәсілдерінің динамикасын байқауға болады: егер екінші сыныпта олардың өз бетінше қолдану қажеттілігі пайда болмаса, бастауыш мектептің соңына қарай балалардың өзі оқу материалымен жұмыс істеу барысында, есте сақтаудың жаңа тәсілдерін іздей бастайды.

Бастауыш мектеп оқушыларының ырықты естерінің дамуында, осы жаста есте сақтаудың белгілік және символдық құралдарды меңгерумен байланысты, ең алдымен жазбаша жазу немесе сөйлеу және сурет салумен байланыстағы бір аспектісін бөліп көрсетуге болады.

Оқу іс-әрекеті психологиялық диагностика процесі ретінде елестетіледі. Оқу мәселелері (ауызша, жазбаша, ой жұмысы, бақылау жұмысы) диагностиканың қандай психологиялық процеске бағытталғаны тұрғысынан талданады.

Жасқа байланысты ес өнімділігінің көрсеткіштері өзгеріп отырады. Ересек оқушыларға қарағанда бастауыш мектеп оқушыларының ес өнімділігін көруге болады. Олар тез шаршайды. Мектеп өмірінің алғашқы 3-4 жылында қайталауға көп көңіл бөлінуі керек, себебі бастауыш мектеп оқушылары әлі материалды өңдеу тәсілдерін дұрыс білмегендіктен, оларға есте сақтау үшін ассоциацияларды табу қиынға соғады.

Оқыту әдістемесінде ең негізгі көңіл оқу ептілігін қалыптастыруға қойылады. Оқушыларға жүйелі тұрғыда сабақта мұғалім ролінде болуға мүмкіншілік туғызып отырады. Шығармашылық сипаттағы әртүрлі жарыстық тапсырмалар, рольдік тренингтер, топтық дискуссия кеңінен қолданылады. Бұл сынып біржақты құрамда болғандықтан (тек дарындылар) оқу процесі көптеген жағдайларда сыныпші дифференциация негізінде құрылады. Бұл оқу жұмысын топтық формада құруды пайдалануға, дарынды балалар үшін жеке даралық жоспар бойынша өз бетінше жұмыс істеу мүмкіншіліктерін қамтамасыз етеді. Бұл сыныпта өз бетінше көркем және ғылыми- көпшілік әдебиеттер оқуға көп көңіл бөлінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Дружинин В.Н.Теоретические основы диагностики познавательных способностей: Автореф. дисс. ...д- ра психол. Наук. М, 1989. 49-62 бет.
- 2.Қабілетті дамытудың психологиялық негіздері //Қазақстан мектебі. –2002. - №1-2 –С. 27-29 бет.

ӘОЖ 373.2

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА ОҚУ ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ДАҒДЫЛАРЫ

АКИЛОВА АЙЫМЖАН АБДРАШЕВНА

№ 62 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Качество урока в начальной школе напрямую зависит от того, насколько тщательно создана каждая система уроков, от используемых на каждом из них методов и от способа организации обучения. Проведение урока начальной школы и поиск подходящих методов.

Summary. The quality of a lesson in elementary school directly depends on how carefully each lesson system is created, on the methods used in each of them, and on the way teaching is organized. Conducting a primary school lesson and finding suitable methods.

Бастауыш сынып оқушыларының қалыптастырылатын түрлі дағдыларының ішінде ең маңыздысы мен күрделісі-оқу дағдысын қалыптастыру. Сондықтан бүгінгі таңдағы қазақ әдеби тілінің қалыптасқан әр жақты сипаты, оның өзіндік өзгешеліктеріне арналған зерттеулер нәтижесі мен қазақ тілінің грамматикалары, оқу программалары мен методикалық нұсқаулары біздің жұмысымыздың ғылыми негізін құрайды. Оқушылардың оқу дағдысын қалыптастыру жалпы тіл дамуымен, оның ішінде әдеби

жазба, сөйлеу тілімен де тікелей қабысып жатыр. Жалпы тіл дамуының ортақ заңдылықтарымен қатар әрбір тілдің өзіне тән ерекшеліктері де бар. Оқу сабағында оқушылар өздерінің білім мен тәрбие алуына керекті жұмыс істеудің әр түрлі жолына үйреніп, түрлі дағды қалыптастырады.

Оқу өте күрделі психологиялық процесс. Онда көру, есту, сөйлеу мүшелерінің қызметі қатар жүргізіліп, түсіну әрекетімен де тығыз байланысты. Сондықтан біздің зерттеу жұмысымыздың барысында келесі бір сүйенген ғылымымыз – психология. Көрнекті психологтар өздерінің арнайы жүргізілген зерттеулерінің нәтижесінде оқу дағдысын қалыптастырудың психологиялық жақтарын ашып көрсетті, соған байланысты оқу дағдысын қалыптастырудың сатыланып берілген кезеңдерін де анықтады. Олар: ең бастапқы кезең аналитикалық, яғни талдау кезеңі. Бұл кезеңде оқушыларға әріп танытып, оқу техникасын меңгерту үшін тіліміздің жеке дыбыстардан тұратынын, әріптердің сол дыбыстардың шартты белгілері екенін түсіндіруден басталады. Одан әрі әрбір сөзге дыбыстық талдау жасалып отырудың керектігін айтады.

Мұны оқу дағдысын қалыптастырудағы бірінші саты деп атап, екіншісін синтетикалық немесе жинақтау кезеңі деп аталған. Бұл екінші кезеңді басқаша айтқанда, оқу әрекетінің тұтастық құрамға айналу кезеңі деп те атауға болады. Ең соңғы кезең – оқудың автоматизацияға айналған кезеңі делінеді. Алғашқы екі кезең сауат ашу туралы арнайы зерттеу жүргізген М.Жұбанова еңбегінде жақсы айтылған.

Болашақ жас ұрпақты тәрбиелеуді ғылыми жолмен зерттеп, бұл саладағы жетістіктерді жинақтап, алдағы басты міндеттерді анықтап беріп отырған педагогика ғылымы да оқу методикасында үлкен орын алады. Ол оқудың негізгі принциптерін белгілеп, олардың әрқайсысы бойынша қойылатын талаптарды да ғылыми жолмен анықтап берді. Оқылатын материалға қарай оқудың дидактикалық жолдарын таңдап алу да осында көрсетіледі. Қазіргі уақытта ғылым мен техниканың өскелең даму дәрежесіне сәйкес қоғамның қажеттерін, оқушылардың қабілеті мен тілектерін есепке ала отырып, ғылым негіздерін тиянақты біліп шығуды, ғылыми көзқарастың принциптерін игеруді, еңбек ету мен политехникалық әзірлікті, сондай-ақ дені сау жас өспірім ұрпаққа адамгершілік, эстетикалық және дене шынықтыру тәрбиесін беруді қамтамасыз ету міндеті жүктеліп отыр.

Осы міндетті іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту тұжырымдамасына сай жаңа оқу жоспары мен бағдарламаның енгізілуі оқудың мазмұны мен әдістемесінде де көптеген ізденулер, зерттеулер болды. Соның нәтижесінде мұғалім мақұлдауына ие болғандары бүгінгі таңда мектеп өмірінен орын тауып, мұғалімнің жұмысында, оқу сабағында тікелей іске асырылуда.

Оқылып отырған шығарманы өмірмен байланыстыру негізінде оқу сабағында оқушының сезімі мен еркіне, ақыл-ойына әсер ету мақсаты көзделеді. Мұның өзі еліміздегі іске асырылмақ ұлы мұрат – халықтық тәрбие мақсатымен ұштасады. Сондықтан жаңа бағдарлама бойынша оқу сабағын жүргізу бағыты мен осы оқу сабағындағы жаңалықтың өзі екендігін жете көрсету мақсатында жазылған. Осындай оқудың маңызды тәрбиелік жағын іске асыру оқушының оқу дағдысын жетілдіру жаңа бағдарламада негізгі талап ретінде қойылады. Оқу дағдысының дұрыс, саналы түрде түсініп және мәнерлеп оқу дегендердің үшеуі де бірімен бірі біте қайнасқан, өте тығыз байланыстағы компоненттер. Сондықтан бұл үшеуінің де міндетін орындау, үшеуіне де оқушыны жаттықтыру әр сабақта бірге іске асырылып отыруы керек.

Сабақ сайын оқушы оқу дағдыларының қалыптасуына керекті жұмыс түрін меңгеру арқылы мәтінді қайталап оқи береді, соның нәтижесінде жаттығу пайда болады. Бұл бағытта үнемі үзбей жүйелі жүргізілген әр жұмыс тұтаса келіп, оқушылардың оқу дағдысын қалыптастырады. Бала кітап оқу арқылы табиғат құбылыстарының түрлі сырынан хабардар болады.

Оқу бағдарламасының енді бір тақырыбы оның бойында адамның табиғи қасиеті – адалдық, кішіпейілділік, шыншылдық, жолдастық пен достықты қадірлейтін етіп тәрбиелеу мақсатына арналады. Осы мақсатқа арналып оқулықтарда көркем әңгімелер, өлеңдер мен қара сөз мәтіндері және бастауыш сыныптарда жаттауға арналып өлеңдер беріледі. Әсіресе бала психикасына қатты әсер етіп, оның айналадағы өмірді эмоционалды түрде қабылдауына көбірек жол ашқан көркем шығарма. Ал көркем шығарманың қандай әсер етуі, оқушының оны эмоционалды түрде қабылдауы оның жеке басының қалыптасуына ықпал етіп, оқушының өмір, дүние, құбылыс туралы түсінігін нақтылай түседі, оның жеке адам болып қалыптасуына көмектеседі. Жеке адам болып қалыптасу туралы еңбектерде: «Адам – белгілі бір қоғамның мүшесі, ол қандай болмасын бір іспен айналысады, оның азды-көпті тәжірибесі, білімі, өзіне тән өзгешеліктері болады. Осы айтылғандардың жиынтығы оны “жеке адам» етеді. Мәселен, жаңа туған нәрестені адам деп атауға толық болады, бірақ әлі де ол жеке адам емес. Өйткені, онда жоғарыда аталған компоненттер: тәжірибе, білім, іс-әрекет, т.б. жоқ. Жеке адамның өзіндік ерекшелігі дүние танымынан, сенімінен, талғам, мұратынан, бағытынан, қабілеті, қызығуынан жақсы байқалады.

Жеке адам – тарихи-әлеуметтік жағдайдың жемісі. Ол әлеуметтік ортада (белгілі қоғамда, ұжымда) ғана қалыптасады – деп түсіндірсе, осында айтылып отырған тәжірибенің де, білімнің де толығып, оның іс-әрекетіне бағыт сілтеп әсер етуде де көркем әдебиеттің алар орны ерекше.

Сондықтан да оқу сабағының бұл зор мақсатын іске асыру – өте қажет міндет. Ол үшін сабақ үстінде мәтінді қабылдаудан басталатын, мәтінді талдау сияқты күрделі жұмыс айрықша ойланып, толғануды керек етеді. Енді сол мәтінді талдау, онымен жұмыс істеуде оқу сабағының үстіндегі оқушының ойлауы, ойдың жетіле түсуі қандай түрде көрінеді дегенге келейік. Мысалы, мәтінді бөлікке бөлу және әр бөлікке лайықты ат қою жұмысы 1-сыныптан басталады. Бұл талап осы төрт сыныптың бәрінде де орындалуға тиіс болғанымен, бірінші сыныпта бұл жұмыстың ең оңай, қарапайым түрі жүргізіледі. Ал, қалған сыныптарда күрделене түсіп, ол – алғаш жоспар құрумен ұштасады.

Бастауыш мектептегі оқу сабағының сапасы тікелей әр сабақ жүйесінің қаншалықты ойланып құрылғанына байланысты, оның әрқайсысында қолданылатын әдіс-тәсілге және оқуды ұйымдастырудың жолына байланысты. Бастауыш мектептегі оқу сабағын жүргізуде және оған лайықты әдіс-тәсіл қолданылуды іздестіру үстінде мыналарды ескерту қажет: біріншіден, бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдысын жетілдірудің бір бөлігі – оқушының дұрыс және жүрдек оқуын қамтамасыз ету. Олай етпеген жағдайда оқушының мәтінді толық түсінуін қамтамасыз ету мүмкін емес. Сондықтан сабақта қолданылатын әдіс-тәсіл оқудың техникасын жетілдірумен бірге баланың кітапқа, оны оқуға ынтасын арттыратындай, ал көптеген жағдайда бір мәтінді әлденеш рет жалықпай оқуға дағдыландыратындай болуы керек.

Екіншіден, төменгі сынып оқушыларының әсіресе абстрактылы ойлауы жеткіліксіздеу болғандықтан, оқу сабағында оқушының білімін толықтыра отырып, оның ойлануын, қызығушылығын, бір затты екіншісімен салыстыру, бірін екіншісіне қарама-қарсы қойып байқаушылығын т.б. дүниені материалистік тұрғыдан тануға баулитын әдіс-тәсілдің сабақта көбірек қолданылуы ескерілуі керек.

Үшіншіден, төменгі сынып оқушысының көркем әдеби шығарманы қабылдауға, түсінуге керекті көркем образды түрде ойлануы жеткіліксіздеу болғандықтан, оқушының творчестволық қиялын, оның қолмен ұстағандай, құлақпен естіп, көзбен көргендей елестете алуына жол ашарлық әдіс-тәсілдің қажетті орында қолданылуы қамтамасыз етілуі керек. Бастауыш сынып оқушысы қандай болмасын мәтінді дұрыс оқуға дағдыланбайынша, оның білімдік және тәрбиелік мәнін де жете меңгере алмайды. Сондықтан мәтінді оқығанда оқушының әрбір сөзді дұрыс айтуын, оның дұрыс оқуын мұғалім қадағалап отыру керек.

Оқушылардың оқу дағдыларын байқау жұмысын жүргізген кезде дұрыс оқудың жоғарыда қойылған талаптарының үнемі іске асырыла бермейтіні байқалды. Оның өзінде әр түрлі себептері де бар: а) оқу сабақтарында негізгі мақсат оқушының мәтінді дұрыс оқуын қадағалап, сол арқылы мәтіннің дұрыс қабылдануын қамтамасыз етуге бағытталмай, сол мәтіннен жалпы ұққанын айтқызуға бағытталатындығын;

ә) көбіне оқушы мәтінді оқып жатқанда мұғалім оқушының жалпы оқу сарынына құлақ тігіп, әр сөзді, әр дыбысты дұрыс оқуына жете зер салмауынан;

б) оқушылардың жеке ерекшеліктерін және оқу қарқынын жете білмей, кейде оны асықтыруынан;

Міне, осы айтылғандардың салдарынан кейбір оқушының жіберген қатесін түзетуде мұғалім тарапынан қайталап оқыту ғана талап етіледі. Оқушының қатесін түзетудің бір жолы – қайталап оқыту екені рас. Бірақ та оқушы жіберген қатенің түріне қарамастан, оны түзетуге болатын бірден бір жол осы деп қарау – қате. Олай болса, баланы дұрыс оқуға үйретуге дағдыландыру үшін, біріншіден, оның жіберген қатесін байқаусыз қалдырмау керек болса, екіншіден, қателерді түзетудің дұрыс жолын білу керек.

Қорытындылай келе, оқушының оқыған мәтінді саналы түрде түсініп оқығанын мына белгілерден білуге болады: егер оқушы дұрыс оқу мен оқылғанның мазмұнын саналы түрде меңгерген болса, соның нәтижесінде оқушыда белгілі бір икемділік, өмір, зат, құбылыс, адам, оның іс-әрекеті жөнінде өзіндік көзқарас пайда болады, сол оқылғанның мазмұнын түгел меңгеріп, ондағы негізгі ой тірегін анықтап алады. Сол оқылғанның негізінде болашақтың жақсы жақтарын, ескіден жаңаны ажырата алатын болады, балада болашақ қоғам – әділдік қоғамды құруға лайықты іске ұмытылу пайда болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының “Білім туралы Заңы” // Қазақстан мұғалімі, 1998, 25 ақпан, 8-б.
2. Қазақстан Республикасының “Бастауыш білімінің мемлекеттік стандарты”. А., 1998.
3. Ақназаров Б., Шыныбаева Ә. Оқыту процесінде тәрбиелеу. А., Мектеп, 2018.
4. Байтұрсынов А. Ақ жол. – А., 1996.

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

САГАТБЕКОВА АРМАНАЙ ЕСИМХАНҚЫЗЫ

№46 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье говорится, что процесс инклюзивного образования в настоящее время включен в образовательную деятельность специальных образовательных классов, специальных образовательных учреждений и специальных образовательных учреждений.

Summary. The article states that the process of inclusive education is currently included in the educational activities of special educational classes, special educational institutions and special educational institutions.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңында инклюзивті білім беру ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке – дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс екені көрсетілген.

Әлем ғалымдары жаһандық мәселеге мынадай анықтама береді: инклюзивті білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беру үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге жынысына, шығу тегіне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу – педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Адам бір жылын ойласа – дән себеді, бар ғұмырын ойласа – ағаш отырғызады, ал ғасырлық болашағын ойласа- ұрпақ тәрбиелейді деген сөз ақылдың кені болған бабалар сөзімен тегін айтылмаған болса керек.

«Инклюзив» сөзі латын тілінен аударғанда- «өзімді қосқанда» ал, ағылшын тілінен аударғанда «араластырамын» деген мағынаны білдіреді. Инклюзивті оқыту- барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту- оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту- адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім берудің мақсаты: ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қалыпты балалармен бірге оқыту. Яғни адамның жынысына, дініне, шығу тегіне, әлеуметтік жағдайы мен физиологиялық жағдайына қарамастан тең құқылы жеке тұлға ретінде білім беру жүйесі болып табылады.

Инклюзивті білім беру барысы- қазіргі таңда жалпы білім беретін сыныптардағы ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар мен арнайы сыныптар, арнайы білім беру орындары, арнайы мектепке дейінгі білім беру орындарының оқу әрекетіне енгізіліп отыр.

Жалпы орта білім беретін мектептерде үлгерімі төмен оқушылардың 50% психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балалар және аутизм, жүйке жүйесі бұзылған, ақыл ой белсенділігі төмен балалар құрайды. Психикалық даму тежелісі (ПДТ) дегеніміз ғылымда психика дамуының уақытша артта қалуы деп түсіндіріледі. Мұндай балалар мектепте және үй жағдайында ерекше қадағалауды қажет етеді. Бұл балалармен жұмыс істеу арнайы біліммен қатар бұл балалармен жұмыс істеудің нақты жолдарын білуді, оларды танып білумен қатар, оларға арнайы түзеу жұмыстарын ұйымдастырып, мұғалімге және ата-анаға бағыт-бағдар бере білу керек.

Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері- жалпы орта мектептерде мүмкіндігі шектеулі, ерекше білімді қажет ететін балаларды дені сау балалармен бірге оқыту;

-барлық балаға бірдей қарым-қатынас;

Балалар арасында дискриминация болдырмау;

-арнайы білім беруді қажет ететін балаларға арнайы жағдай жасау

Инклюзивті білім беру жүйесінің мақсаты:

-Балаларды психологиялық-дәрігерлік-педагогикалық қолдау

-Қоғамның көзқарасын өзгерту

-Өз қатарластарымен тіл табыса білуге үйрету

-Толық білім алуды ұйымдастыру

-Қоршаған ортаға бейімдеу

-Дені сау балалармен тең дәрежеде ұстау

-Өз өзіне сенімін арттыру

-Кедергісіз аймақ

Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан әлеуметтік мәселелер: отбасылық, экологиялық, экономикалық дағдарыстар жүйке жүйелері бұзылған, психикалық ауытқулары бар әр түрлі жастағы балалардың көбеюіне әкеліп соқтыруда. Ел өмірінің қай кезеңіне көз жіберсек те, балалар тағдыры кімді болса да бейтарап қалдырмай, өзекті мәселенің бірі болғаны белгілі. Жас ұрпақты оқыту-тәрбиелеу жұмысын қазіргі заман талабына сай стандартқа енгізуді оқушылармен жеке дифференциалды жұмыс істеу нәтижесінде қол жеткізуге болады. Бұл мәселені шешуге бағытталған әдістердің бірі дәстүрлі оқыту әдістерін интеграциялық және дифференциалды әдістерді сабақтастырып жүргізу болып табылады.

Алғашында арнайы мамандар жеткіліксіз болып, жаңа білімнің қыр-сырын ұғыну, түсіну қиын болғанымен, қазіргі таңда арнайы мамандар-логопед, дефектолог, олигофренопедагог, әлеуметтік педагог, психолог мамандар қайта даярлаудан өтіп, сонымен бірге пән мұғалімдері қайта даярлау курстарынан өтіп инклюзивтік білім беру бойынша жұмыстанып келеді. Қазіргі таңда әр маман өз жұмысының қыр-сырын біледі, жұмыстана алады деп үлкен сеніммен айта аламын.

Түзете-дамыта оқытудың мақсаты:

Балаларды оқып, жазып, санап үйрету

оқу іс-әрекетінің негізгі біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыру, сөйлеу және жүріс-тұрыс мәдениетін дамыту, жеке гигиена мен салауатты өмір негіздерін үйрету;

- тиімді әдіс-тәсілдерде қолдана отырып, оқушылардың психологиялық сауығуына ықпал ету, жеке тұлға қызығушылығын арттыру және оның дамуындағы әртүрлі қиыншылықтарды түзеу;

- балалардың танымы мен белсенділігін, зияткерлік қабілеттерін, өз бетімен білім алу дағдыларына жағдай жасау;

- ата-аналармен, мұғалімдермен, әлеуметтік жұмыскерлермен байланыс жасау;

- мүмкіндігі шектеулі оқушылардың қазіргі экономикалық жағдайында өз орнын таба алуына жағдай жасау.

Түзете –дамыта оқытудың міндеттері:

Оқушының психикалық, тұлғалық дамуындағы ауытқуды болдырмау,

-жеке тұлға қалыптастыру, оқу дағдысы мен біліктілігін дамыту;

-педагогикалық тұрғыдан қараусыз қалған балаларға коррекциялық түзету сабақтарын, танымдық өрісінің дамуына бағытталған жеке сабақтар жүргізу;

Педагогикаға «инклюзивті білім беру» термині енгізілді, инклюзивті білім берудің негізгі принциптері жарияланды. Мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру маңызды саланың қалыптасуы, көп жағдайда әрбір нақты елдің дәстүрлері мен деңгейіне тәуелді болады. Инклюзивті тұғыр балалардың алуан түрлі білім алу қажеттіліктерін түсінуді және осы қажеттіліктерге сәйкес, балаларды білім беру үдерісіне аса толық қатыстыру, қоғамдастықты баулу, білім берудегі дискриминация мен сегрегацияны жою арқылы қызмет ұсынуды қамтиды. Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету. Оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Инклюзивті оқыту – оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс -әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті оқытудың негізгі принциптері:

-Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.

- Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.

- Әрбір адам қарым – қатынасқа құқылы.

-Барлық адам бір – біріне қажет.

-Білім шынайы қарым – қатынас шеңберінде жүзеге асады.

-Барлық адамдар құрбы – құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.

-Әрбір оқушы үшін жетістікке жету – өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.

-Жан - жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Инклюзивті білім беретін мектептерде білім мазмұны үш түрлі бағдарлама бойынша жүргізіледі:

• жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары

• мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары

• мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы

Осы тұста балаларды оқытудың келесідей түрлерін ажыратуға болады: үйде оқыту, стационар, кері инклюзиядан түзеу балабақшасында оқыту, коррекциялық балабақшада оқыту, ішінара инклюзия, толық инклюзия

Бүкіл елде кең тараған инклюзивті білім берудің өз артықшылығымен қоса кемшілігі де бар. Инклюзивті білім берудің бірқатар кемшіліктері:

- оқу құрамы тарапынан оқушының білімін объективті бағалау (көбінесе оны асыра бағалау) әрдайым бола бермейді, өйткені оның денсаулығына байланысты оған мейірімділік танытады;
- білім берудің инклюзивті түріне мұқтаж азаматтар үшін жеткілікті ақпарат көлемінің болмауы;
- білім берудің инклюзивті нысанын қажет ететін адамдарды қолдау үшін тиісті білімі бар білікті кадрлардың (тәлімгерлер, мұғалімдер, әлеуметтік педагогтар, логопедтер, дефектологтар, психологтар) болмауы;

Инклюзивті білім берудің тәсілдерін меңгеру отбасы үшін де пайдалы. Инклюзивті білім беру – бұл барлық бала өздерінің физикалық, ақыл – ой, интеллектуалды және басқа ерекшеліктеріне қарамастан, жалпы білім беру жүйесіне енгізілген және мүмкіндігі шектеусіз құрдастарымен бірге оқытылатын оқыту және тәрбиелеу процесі.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңында инклюзивті білім беру ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке – дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс екені көрсетілген.

Сонымен қорыта айтқанда, инклюзивті оқыту – оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс – әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым – қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуға болады. Мұндай оқыту түрі арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды, қайта жақындатады. Инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз. Сонымен қоса, инклюзивті оқыту үрдісі балаларды толеранттылыққа тәрбиелеудің бастауы болмақ.

Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақ қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында”-деп бекерге айтылмаған сыңайлы. Олай болса қазірге таңда білім саласындағы әр ұстаздың мойнына артылған жүк ауыр. Ұстаз бір ғана шәкірттің білімі мен тәлім-тәрбиесіне ғана жауапты болып қана қоймай, елдің ертеңін, болашағын өз мойнына алардай жауапкершілік

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Адырбаева М.Ж. Инклюзивті білім беру жүйесіндегі психологиялық – медициналық педагогикалық консультацияның жұмыс барысы. – Алматы, 2011. – Б.30-35.

2.Джонисова Г.Қ. Инклюзивті білім беру. Оқу-әдістемелік құралы. –Орал, 2023ж.

ӘОЖ 373.3

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ ОҚУ ТҮРЛЕРІ

БЕРКЕН ЖАЗИРА ҚАЛДЫБЕКҚЫЗЫ

Б.Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье подробно рассмотрены особенности использования форм обучения в начальной школе.

Summary. The article describes in detail the features of the use of forms of education in primary school.

Дидактикалық жүйелер тарих тұңғышына ізсіз батып кетпейді. Олар заман талаптарына сәкес жаңа түрге ауысып отырады. Дидактикалық жүйе өмірге өз ерекшеліктері мен технологиясына негізделген оқу түрін алып келеді және біз оны оқу үрдісінде қолданамыз. Қазіргі таңда бастауыш сыныптарында оқудың бірнеше түрлері бар. Солардың ішінде дауыстап оқы және іәштей оқуларды зерделеп отырмыз. Оқудың бұл екеуі де бастауыш сыныпта қолданылып, дамытылады. Сауат ашу кезеңінде дауыстап оқу іске асырылады. Ол 1-2-сынып оқушыларына тән. Іштен оқу да қолданылады. Бірақ іштен оқу 1-сынып оқушыларының оқу деңгейін тексеруге, олардың жіберген қателерін түзетуге мүмкіндік бермейді. Ал

дауыстап оқыту арқылы олардың оқу сапаларын байқауға болады. Сондықтан сауат ашу кезеңінде дауыстап оқу қолданылады. Өліппеден кейінгі кезеңде іштен оқуға дағдыландыра бастау қажет. Іштен оқуға үйрету маңызды. Себебі, дауыстап қана оқып үйренген бала орта буынға көшкен кезде қиыншылыққа ұшырайды:

1. Ол оқуы үшін жеке өзі ғана болуды қажет етеді. Дауыстап оқыса, басқаларға кедергі жасайды. Оқу залдарында сабаққа дайындалу қиынға түседі.

2. Оқу шапшаңдығы дамымайды. Себебі оқу жылдамдығы іштен оқу барысында қалыптасады. Мысалы: 2-сыныпта оқу жылдамдығы дауыстап оқуда минутына 35-50 сөз болса, іштен оқығанда 45-60 сөз болады. 3-сыныпта дауыстап оқығанда 60-75 сөз болса, іштен оқығанда 80-100 сөз болады. 2,3,4-сыныптарда оқудың екі түрі де қатар қолданылады. Ал 3,4-сыныптарда көбіне іштен оқуға көңіл бөлінуі қажет. Мұғалім оқудың екі түрін де іске асыру барысында оқу сапаларына да баса назар аударуы қажет.

Қазіргі заман талабына сай бастауыш мектептерде мынадай оқу түрі қолданылуда:

- Түсіндірме-көрнекі (дәстүрлі немесе ақпаратты деп те аталады);
- Мәселелі (проблемді);
- Бағдарламаластырылған және оның негізінде пайда болған компьютерлі оқу [1,243 б.].

Қазіргі кезең оқу түрлерінің тиімді де кемшіліктеріне талдау жасап көрсек болады.

Түсіндірме-көрнекі оқу (ТК). Түсіндірме-көрнекі оқудың мәні оның атауынан-ақ байқалып тұрғандай, яғни көрнекілікпен ұштастырып түсіндіру. Бұл оқудың негізгі әдістері, тыңдау мен есте сақтау. Мұндай оқу түрін дәстүрлі деп те атау қабылданған, солай атап та жүрміз. Оның себебі бұл оқу түрі мектеп тарихының ежелгі бастауларынан түрлі формаларға ауысып, қолданылып жүр. Оқудың бұл түрі бүгінгі қолданыста да өзіндік маңызын жойған емес. Түсіндірме-көрнекі оқу арқылы: уақыт үнемдейді, мұғалім мен білім алушы күш-қуатына демеу береді, шәкірттің күрделі білімдерді қабылдауын жеңілдетеді, үдеріс басқарымын реттестіруге көмектеседі. Түсіндірме-көрнекі оқудың кемшілік тұстары: дайын білімді игеруде балалар өзбетінше өнімді ой қызметінен ажырап қалады, жеке-дара және жіктемелі оқу үдерісін ұйымдастыруда мүмкіндіктері шектелуі мүмкін.

Мәселелі (проблемді) оқу – оқушы білімді сабақ материалына байланысты мәселелерді өзбетінше, дербес шешу жолымен жинақтайды. Шәкірттің шығармашылық ой-өрісі мен танымдық белсенділігіне үлкен мән беріледі [2, 238 б.]. Мәселелі оқу бірнеше міндетті сатылардан тұрады. Мәселелі оқудың маңызды кезеңі – мәселелі жағдайды түзу, сол арқылы оқушыларды қандай да қиындықты ой толғанысына келтіру. Сабақта мәселелік оқыту келесі құрылымға ие: мәселені шешу, мәселені шешуді іздеу, шешімді сипаттау, шешімді жүзеге асыру. Сабақтың барысы мен оқу материалын игеру мәселені шешуге байланысты болады: мәселені шешу процесінде білім алушылар бәрін өздері таниды, сабақ процесіне белсенді қатысады немесе мәселелік жағдай сәтсіз болса, олар мұғалімнен дайын жауап алады. Туындаған қайшылық мәселелік жағдайдың пайда болуына әкеледі. Қарама-қайшылық туындаған қиындыққа немесе таңқаларлыққа байланысты болуы мүмкін.

Шын мәнінде, мәселелік жағдайлар екі түрлі: таңданыспен және қиындықпен туындаған. Қиындықпен туындаған мәселелік жағдайлар тапсырманы орындау қажет болған кезде пайда болады, бірақ бұл мүмкін емес. Қиындық тудыратын бағдарламалық жасақтаманың мәселелік жағдайын жасау үшін мұғалім оқушыларға тапсырма берген кезде мүмкін емес немесе студенттерге таныс емес және бұрын шешілген тапсырмаларға ұқсамайтын техниканы қолдана алады. М.Н. Скаткин мәселелік оқытудың келесі үш түрін анықтайды: мәселелік білімді баяндау; оқушыларды білім берудің жеке кезеңдерінде ізденуге тарту; зерттеу әдісі. Мәселелік презентация процесінде мұғалім міндеттер қояды (тапсырмаларға айналдырылған проблемалар – нені анықтау керек). Теориялық материалдың фрагменті баяндалады және оған проблема қойылады. Мұғалімді түсіндіру барысында бірнеше осындай міндеттер бар. Әрбір міндетті білім алушылар шешеді [3, 52 б.]. Мәселелік оқытудың басқа түрін қолданған кезде – зерттеу білім алушыларға үлкен тәуелсіздік беріледі. Бұл тәуелсіздік іздеу жоспарын құруда, гипотезаны ұсынуда, оны тексеруде, тәжірибелер, бақылаулар жүргізуде, фактілерді бекітуде, жіктеуде және қорытындыда көрінеді. Мәселелік оқытудағы оқушылардың іс-әрекеті келесідей кезеңдерден өтуді көздейді:

- мәселенің шешімі, оны тұжырымдау;
- шарттарды талдау, белгілі бір нәрсені белгісізден ажырату;
- гипотезаларды (нұсқаларды) ұсыну және шешім жоспарын таңдау (немесе белгілі тәсілдер негізінде немесе түбегейлі жаңа тәсілді іздеу);
- шешім жоспарын іске асыру; – әрекеттер мен нәтижелердің дұрыстығын тексеру жолдарын іздеу. Мәселелік оқытудағы мұғалімнің қызметі келесідей:

– мәселелік жағдайды құру әдісін табу (ойлау), оқушының оны шешудің ықтимал нұсқаларын қарастыру;
– оқушылардың мәселелерін шешуді басқару;
– мәселенің тұжырымын нақтылау;
– оқушыларға жағдайды талдауға көмек көрсету;
– шешім жоспарын таңдауға көмектесу;
– шешу процесінде кеңес беру;
– өзін-өзі бақылау тәсілдерін табуға көмектесу; – жеке қателерді талдау немесе мәселені шешудің жалпы талқылауы [4, 161 б.].

Мәселелік оқытудың артықшылықтары: Оқушылардың ақыл-ой күштерін дамытуға ықпал етеді (қарама-қайшылықтар бізді проблемалық жағдайдан шығудың жолын іздеуге мәжбүр етеді); тәуелсіздік (мәселені өз бетінше көру, шешім жоспарын таңдау және т.б.); шығармашылық ойлауды дамыту (тәуелсіз стандартты емес шешімді іздеу).

– Мәселелік оқыту білімді неғұрлым берік игеруді қамтамасыз етеді (өздігінен алынған нәрсе жақсы игеріліп, ұзақ уақыт есте қалады); аналитикалық ойлауды дамытады (шарттарды талдау, мүмкін болатын шешімдерді бағалау), логикалық ойлау (таңдалған шешімнің дұрыстығын, дәлелдеуді талап етеді).

– Мәселелік оқыту оқушыларды қоршаған шындықты тану әдістерімен қаруландырады, тиісті бақылау дағдыларын негіздей отырып, негізгі заңдылықтарды жалпылау және шығару қабілеттерін дамытады, қол жетімді зерттеу жұмысына талғам береді. – Оқушылар зерттелетін құбылыстың мәнін тез түсінеді және негізделген жауаптар береді. Олар танымдық қажеттіліктер мен қызығушылықты дамытады, білімге деген сенімділікті дамытады, өйткені оқушылар өздері болжамдар жасап, оларды өздері дәлелдейді.

Мәселелік оқытудың кемшіліктері:

- оқу мәселесін тұжырымдау оңай емес,
- барлық оқу материалдарын проблемалар түрінде құруға болмайды;
- мәселелік оқыту дағдыларды дамытуға ықпал етпейді;
- үнемді емес – көп уақытты қажет етеді.

Қорыта келгенде, зерттеу әдісін қолдану оқушылардың жеткілікті теориялық білім базасын қажет етеді. Бұл әдіс оқушылардың танымдық белсенділігінің жоғары деңгейімен сипатталады. Бұл әдіс зертханалық және практикалық сабақтар үшін өте жақсы. Оқытуда зерттеу әдісін қолдану «қайта ашу» дидактикасына, яғни білім алушылардың ғылымда бұрыннан белгілі білімнің ашылуына жатады. Бұл оқу-әдістемелік зерттеуді ғылыми зерттеуден ерекшелендіреді. Өнімді іске асыру немесе ашық білімді шығармашылық қолдану кезеңінде білім алушылардың анықтамалық сигнал немесе көркемдік бейнені құрастыруын қолдануға болады, себебі шығармашылық бұл жаңа материалдық және рухани құндылықтарды құру болып табылатын қызмет болып табылады.

Бағдарламаластырылған (программированное) оқу – алдын-ала, жоспарланған нәтижеге бірізді (последовательное) амалдар (операции) арқылы жету. Мұндай оқу ұйымдастырудағы басты мақсат-оқу үрдерісін оңтайландыру [2, 239 б.]. Ақпараттық технология жеке тұлғаның өз шығармашылық потенциясын толық аша алатын, өз мүмкіндіктерін дамытып, өз білімін үздіксіз шындай алатын жағдайлар жасалуда оқыту үрдістегі жемісті нәтижелерге жетелейді. Оқытудың ақпараттық технологиялары ақпаратты бейнелеу, тасымалдау және жинақтау, оқушының танымдық әрекетін бақылау мен басқару сияқты педагогтың кейбір функцияларын модельдейтін компьютерлік техника, телекоммуникациялық байланыс құралдары және интерактивті бағдарламалық өнім негізінде жұмыстың педагогикалық шарттарын жасау тәсілдері, әдістері, құралдарының жиынтығы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Бабаев С.Б. Бастауыш мектеп педагогикасы: Оқу құралы. – Алматы: «NURPRESS» баспасы, 2022. – 416 бет.
- 2.Бабаев С.Б. Бастауыш мектеп педагогикасы: Оқу құралы. – Алматы: «Заң әдебиеті» баспасы, 2007. – 413 бет.
- 3.Скаткин М.Н. Проблемы современной дидактики. 2 – е изд. – М.: Педагогика, 1984. – 96 с.
- 4.Штракс М.Г. Гуманитарные знания и проблемное обучение. – М.: Изд-во Московского гос. автомобильно-дорожного ин-та (техн. ун-та), 1992. – 284 с

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ ОҚУ ФОРМАЛАРЫ

ҚАСАБОЛАТОВА АЙНҰР ЖАПАРБЕКОВНА

Б.Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье представлены сведения об истории становления и развития форм обучения в начальной школе. Формы обучения в начальной школе изучались всесторонне, опираясь на мнения ученых.

Summary. The article presents information about the history of the formation and development of forms of education in primary school. The forms of education in primary school were studied comprehensively, based on the opinions of scientists.

Дидактикалық категория ретінде оқу формасы оқу процесі ұйымдастырылуының сырттай көрінісін білдіреді. Ол оқу процесінің мақсаттары, мазмұны, әдістері мен құрал-жабдықтарына, материалдық жағдайларына, қатысушылар құрамы және тағы да басқа элементтеріне тәуелді. Оқушылардың білім мазмұнын игеру іс-әрекеттері әрқилы формада жүзеге асып барады. Оқушылар санына, оқу уақыты мен орынына, іске асыру тәртібіне орай оқу формасы әрқилы болып келеді. Оқу ұйымдастыру формалары дегеніміз – мұғалім мен оқушы арасындағы үлесімді оқу іс-әрекеттерінің сырттай көрінісі; оқу мазмұнын белгілі көлемге түсіріп, оны кезекпен ұсынып барудың бірден-бір жолы [1, 239 б.]. Ғалымдар мен практиктердің оқуды ұйымдастырудың жаңа формаларын іздестіргендегі мақсаты-сабақ жүйесінде кезітетін кемшіліктерді, атап айтсақ, оқушылардың танымдық белсенділігі мен дербес дамуына тұсау болып келген оқудың орташа білімді оқушыға бағдарлануы, оқу мазмұнының біртектілігі мен оқу игеру қарқынының дараланбауы, оқу процесі құрылымының өзгермеуін талап ету сияқты педагогикалық олқылықтардың орнын толтыру болды. XIX ғ. ақырында АҚШ-та батав жүйесі, ал Батыс Европада мангейм жүйесі аталған таңдамалы оқу формалары пайда болды. Біріншісінің мәні-мұғалім уақыты екі бөліктен тұрады: алғашқысы-бүкіл сыныппен ұжымдық оқу ісіне арналады да, ал екінші бөлімінде қажетсінген оқушылармен жеке жұмыстар жүргізіледі. Мангейм (Европада) қаласында қолданылған мангейм оқу формасы негізінен сынып сабақтық оқу талаптарын сақтай отырып, оқушылардың қабілеттеріне, ақыл-парасат даму деңгейі мен дайындық дәрежесіне қарай әртүрлі сыныпқа бөліп отыруды көздейді. Оқудың ұйымдастырылуы формалары әрқилы өлшем-шектерге қарай ажыратылады.

Қазіргі мектеп тәжірибесінде келесідей оқу формалары қалыптасқан: жеке-дара, топтық, толық сыныптық, ұжымдық, жұптастық, дәрісханалық және дәрісханадан тыс сыныптық және сыныптан тыс, мектептік және мектептен тыс, әлбетте, мұндай топтастырудың (классификация) жетілген ғылыми негіздемесі әзірге болмай тұр. Дегенмен, осы тұрғыдан оқу формаларының көптүрлілігін біршама ретке келтіру мүмкін. Жеке-дара оқу формасы мұғалімнің бір оқушымен педагогикалық қатынасқа келуінен құралады. Оқудың топтық формасында оқушылар әрқилы мүдде-мақсатқа орайласқан топтарда оқиды, тәрбиеленеді. Толық сыныппен жұмыс (фронталь) формасы оқуда мұғалім бір мезетте барша оқушылармен, біркелкі тапсырма, міндет белгілеп, сынып қатысушыларының бәріне ортақ іс-әрекеттер төңірегінде біркелкі оқу жұмыстарын алып барады. Оқудың ұжымдық формасы. Бұл оқу түрінің фронталь оқу формасынан өзгешелігі: сынып оқушылары өздеріне тән ара қатынас, өзара ықпал жасау ерекшеліктерін сақтаумен біртұтас, мақсат-мүддесі ортақ, біртекті жұмыс бағытында бірігіп, бекіген ұжым ретінде қарастырылады. Жұптасып оқуда негізгі өзара байланысты оқу әрекеттері екі оқушының қатысуымен орындалады. Дәрісханалық және дәрісханадан тыс, сыныптық және сыныптан тыс, мектеп ішілік және мектептен тыс оқу жұмыстары өздерінің өткізілетін орындарымен белгіленеді.

Бастауыш мектепте оқу формаларын топтастыру дегеніміз: 1. Оқушы санына байланысты (жекеленген, топтық, сынып-ұжымдық); 2. Оқу орны бойынша (мектеп, мектептен тыс, сырттай, экстернет); 3. Мерзім уақытына қарай (дәстүрлі, 45 минут оқу, қысқарған 25-30 минут оқу, үзіліссіз, еркін оқу). Соңғы кездерде отбасылық оқу-тәрбие формасы - гувернерлық қайта жаңғыруда. Ғылыми білімдердің дамуы мен білім аймағына көпшілік қауымның тартылуымен жеке-дара оқыту жүйесі даралықты-топтық оқыту формасымен ауысуда. Мұндай оқытуда мұғалім балалардың бүтін бір тобымен оқу жұмысын алып барады, бірақ дәріс жеке оқушымен жұмыс сипатын жоймайды. Мұғалім дайындығы әр деңгейлі, әр жастағы 10-15 баламен шұғылданады. Ол кезегімен әр оқушыдан өтілген материалды сұрастырып, әрқайсысына жаңа оқу материалын жеке түсіндіріп, дара тапсырмалар беріп отырады. Балалардың бәрі бірдей, мұғалім пайымдауынша, дәріске байланысты ғылым негізін, кәсіп не өнерге тиесілі материалды

меңгергенше аталған оқу жұмыстары қайталанатын. Дәрістің басталуы мен аяқталуы, оқу мерзімі әр оқушы үшін даралықты сипатымен ерекшеленеді. Осыдан оқушы мектепке оқу жылының өзі қалаған мерзімінде, күннің өзі таңдаған мезетінде келуге құқылы болды. Даралықты-топтық оқу әрқандай өзгерістерге ұшырап, біздің заманымызға дейін сақталып келді. Ауылдық жердегі оқушы саны өте аз бастауыш мектептер мұның айғағы. Бір оқу бөлмесінде бірінші сынып бағдарламасымен оқитын 2-3 бала, бірнәшесі-екінші сынып материалын игеріп жатқан оқушылар отыруы мүмкін.

Әлемдік білім тәжірибесі тарихында әрқилы оқу жүйелері қалыптасып, олардың әрқайсысы өзіне ыңғайлы оқу формаларына сәйкес, қолданылған. Алғашқы адамзаттық қауымның өзінде-ақ тәжірибені бір адамнан екіншіге, ересектен жас әулет өкіліне өткізу мақсатында жеке-дара оқыту жүйесі іске асырылды. Бірақ мұндай жолмен көп санды оқушы қамту мүмкін болмады. Қоғамның бұдан былайғы дамуы сауатты адамдардың көп болғанын қажет етті. Осыдан жеке-дара оқыту басқаша ұйымдастыру формаларымен ауыса бастады. Дегенмен, жеке-дара оқыту өз маңызын осы күнге дейін жоғалтпастан, репетиторлық, тьюторлық, менторлық, гувернерлық оқу формаларында қолданым табуда. Репетиторлық, әдетте, оқушыны емтихан және сынақ тапсыруға дайындаумен байланысты. Орта ғасырларда қоғамның әлеуметтік-экономикалық ілгерілі дамуына байланысты білімді тұлғалардың көптеп қажет болуынан білімдену аймағы өрістей кеңіді. Бір қатар жастағы балаларды бір топқа біріктіре оқыту мүмкіндігі туындады. Осыдан оқудың сынып-сабақтық жүйесі пайда болды. Алайда, XVIII ғ. соңына қарай сынып - сабақтық жүйе орнына қолданылғандай оқуды ұйымдастырудың жаңа формаларын іздестіру көбіне оқушылар санын ұлғайту және оқу процесін басқару проблемаларымен байланысты болды. Сынып-сабақтық жүйені реформалаудың алғашқы қадамын XVIII ғ. аяғында- XIX ғ. басында ағылшын священнигі А. Белл мен мұғалімі Дж. Ланкастер жасады. Олардың ниеті – жұмысшылар арасында бастау білімдерді кеңінен ең жайдыру қажеттігі мен оқыту және мұғалім дайындығына жұмсалатын қаржыны көбейтпеу аралығындағы қарама-қайшылықты үйлестіру еді. Жаңа жүйе өзара оқытудың белл-ланкастерлік жүйесі атауын алып, Индия мен Англияда бірдей уақытта тәжірибеге енді. 1905 ж. Дальтон (АҚШ) қаласында алғашқы рет Елена Праксхерт қолданып, дальтон-план аталған жекеленген оқу жүйесі пайда болды. Қазіргі заманда еліміз мектептері тәжірибесінде оқушыларға келелі тәлім-тәрбие берудің бірден-бір формасы да, құралы да – сабақ өз маңызын жойған емес. Сабақ – оқу процесін ұйымдастырудың ең тиімді формасы. Бұл оқу барысында педагог дәл белгіленген уақыт аралығында оқушылардың тұрақты тобымен (сыныбымен) шәкірттерге игерілуі тиіс пән негіздерін қабылдауына тиімді жағдайлар жасап, қажетті жұмыс түрлерін, құрал-жабдықтары мен әдістерін қолданып, танымдық және басқа да іс-әрекеттерді ұйымдастырады, онымен бірге оқушыларды тәрбиелеп, олардың шығармашыл қабілеттері мен рухани күштерінің көзін ашып, жетілдіріп, дамыта түседі. Әр сабақ негізгі бірліктерден құралады.

Оқудың ұйымдастырылу формалары әрқилы негіздемелерге байланысты қарастырылуы мүмкін. Оқу процесінде басым болған мақсатқа орай – кіріспе сабақ; білімді тереңдете оқыту дәрісі; практикалық сабақ; білімді жүйелестіру және қорытындылау сабағы; білім, ептілік және дағдыларды бақылау, тексеру сабағы; аралас сабақ формалары. Дидактикалық мақсаттарға орай – теориялық, практикалық, еңбектік, аралас сабақтар формалары; Жеке-дара өтілетін дәріс түрлері: репетиторлық, тьюторлық, менторлық, гувернерлық, отбасылық оқу, өзіндік оқу. Ұжымды-топтық сабақ түрлері өз ішіне дәрісбаян, семинар, конференция, олимпиада, оқу саяхаттары және іскерлік ойындарды қамтиды.

Сабақтық аталуы-оқу процесі қатаң белгіленген уақыт аралығында – дәрісте өткізілуінен. Сабақ теориясына Я.А. Коменский дәуірінен кейінгі кезеңде елеулі үлес қосқан белгілі орыс педагогі К.Д. Ушинский болды. Сынып-сабақтық жүйе барша елдерде кеңінен тарап, уақыт озуына қарамастан өзінің негізгі белгілерімен әлі күнге дейін сақталуда. Бұл жүйенің мәні – ересек оқушылар мұғалім басшылығында материалды өздері игеріп, соң қажетті көрсетпе – нұсқаулар алып, өздерінен кіші жолдастарын оқытты, нәтижеде аз оқытушылар санымен жаппай оқуды ұйымдастыруға қол жететін болды. Бірақ оқу сапасы ойдағыдай жоғары деңгейге көтерілмеді, сондықтан белл-ланкастерлік оқу жүйесі кең өрістей алмады.

1905 ж. Дальтон (АҚШ) қаласында алғашқы рет Елена Праксхерт қолданып, дальтон-план аталған жекеленген оқу жүйесі пайда болды. Бұл жүйе педагогикада көбіне зертханалық немесе шеберханалық оқу жүйесі деп те аталады. Жүйенің алға қойған мақсаты – оқушыға өзіне тиімді шапшаңдық және қарқынмен оқып, өз қабілетіне орай білім игеруге мүмкіндік беру. Оқушылар әр пәнге байланысты жылдық тапсырмаларын алу мен белгіленген мерзімде олар бойынша есеп беріп отырды. Дәстүрлі сабақ формасындағы оқу шегерілді, баршаға ортақ дәрістер кестесі болмады. Оқушылар табысты оқу үшін қажетті оқулықтардың, әдістемелік нұсқаулардың бәрімен қамтамасыз етілмеді. 1920 жылдар кеңестік мектеп тәжірибесінде жобалап оқыту жүйесі (жобалау әдісі) қолданыла бастады. Орта Азия және Қазақстан аймағында бұл жүйе төте оқу атамасымен қабылданды. 1960 жылдары американдық педагогика

профессоры Л.Трампа ізденісіне байланысты жарық көрген Трамп жоспарымен оқу жүйесі үлкен маңызға ие болды. Оқуды ұйымдастыру формалары дамуының қысқаша тарихы осылайша. Жоғарыда аталған барша жаппай оқыту формаларының арасында үлкен тұрақтылығымен сақталғаны сынып – сабақтық оқу жүйесі. Шынымен де, осы оқу формасы педагогикалық ой мен жаппай мектеп озық тәжірибесінің аса құндылықты жемісі.

Оқу процесін ұйымдастыру формалары Оқу процесі әркімге ұйымдастырылуы мүмкін. Оқытуды ұйымдастыру формалары да сан түрлі.

Сабақ – оқытуды ұйымдастырудың негізгі нысаны. Сабақ уақыты қысқа, ол күрделі және жауапты кезең, себебі сабақтың сапасы оқушының дайындығына тікелей әсер етеді. Жақсы сапалы сабақ беру оңай жұмыс емес. Сабаққа қойылатын талапта арасынан аса маңыздылары деп төмендегілерді ұсынып отырмыз:

1. Ғылым жетістіктері мен озық педагогикалық тәжірибені пайдалану;
2. Оқу-тәрбие үдерісінің заңдылықтарын қолдану;
3. Барша дидактикалық принциптер мен ережелерді тиімді ұштастыра білу;
4. Оқушылар қызығуларын, икемдері мен қажеттерін ескеру;
5. Пәнаралық байланыстарды іске асыру;
6. Өткендерді пайдалана білу;
7. Тұлғалық дамуға жол ашу;
8. Оқу-тәрбие жұмыстарының логикасы мен эмоционалдығын сақтау;
9. Өмір және оқушының жеке тұрмысымен байланыстыру;
10. Білім игеруге, толықтырып баруға үйрену;
11. Әр сабақты тиянақты анықтап, болжап, жобалап, жоспарлап бару;
12. Педагогикалық құрал-жабдықтарды тиімді пайдалану. Әр сабақ бірлікті үш мақсатты көздейді.

Олар – оқытып, білім беру; тәрбиелеп, кемелдендіру және дамыту.

Сонымен, сабақ – мектептің оқу жұмысының ең көрнекті формасы, оқу үдерісінің мағыналық, мерзімдік және ұйымдасу бітіміне ие бөлігі. Сабаққа қосымша формалар қолдау, көмек береді [1, 240 б.]. Сабақта оқушылардың оқу қызметін ұйымдастыру, мұғалімнің сабаққа дайындығы туралы мәліметтер берсек. ХХІ ғасыр мұғаліміне қойылатын талаптар зор. Мұғалім өзіндік жеке көзқарасы бар, соны қорғай білетін, жігерлі тұлға зерттеушілік, ойшылдық қасиеті бар маман, білімді де білікті көп оқитын, көп білетін, білімін күнделікті ісіне шебер қолдана алатын оқушының өз бетінше білім алуына үйрете алатын болуы керек [3]. Бастауыш сынып мұғалімі – осы лауазым шеңберінде жалпы білім беру мекемесінің қызметкері бір уақытта тәрбиеші, мұғалім және психолог болуы керек. Бастауыш сынып мұғалімі оқуды, жазуды және оқушыларға білім беруді үйретуі керек. Бастауыш сынып мұғалімі мамандығы — барлық мамандықтардың іргетасы болып табылатын ең ізгілікті, сұранысқа ие және байыпты мамандық.

Педагог мемлекеттің болашағы қолында болатын жастардың дүниетанымын қалыптастырумен айналысады. Бұл мамандықты өмір салты деп атауға болады, өйткені мұғалім барлық оқушыларының мінез-құлқын қалыптастыруға жауапты. Мұғалім түсініксіз мәселелерді шешеді және күн сайын балалардың санасында үздіксіз туындайтын көптеген сұрақтарға жауап береді. Әрбір шешім немесе жауап сауатты және стратегиялық тұрғыдан дұрыс болуы керек, өйткені бастауыш мектепте алған білімді адам саналы өмір бойы пайдаланады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бабаев С.Б. Бастауыш мектеп педагогикасы: Оқу құралы. – Алматы: «Заң әдебиеті» баспасы, 2007. – 413 бет.
2. Бабаев С.Б. Бастауыш мектеп педагогикасы: Оқу құралы. – Алматы: «NURPRESS» баспасы, 2022. – 416 бет.
3. Дүйсенбаев А.Қ. Педагогика. Оқу-әдістемелік кешен. – Алматы: «Отан» баспасы, 2016. – 293 бет.

ӘОЖ. 373.414.22

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ БІЛІМ САЛАСЫНДА АЛАТЫН ОРНЫ

АМАНЖОЛОВА КАРЛЫҒАШ ТАЛҒАТОВНА

Тараз инновациялық көпсалалы колледжінің студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ХУСАИНОВА МАРЖАН ДЖУМАНТАЕВНА

Тараз инновациялық көпсалалы колледжінің педагогика және психология пәндерінің оқытушысы, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются основные направления применения искусственного интеллекта в сфере образования и его перспективный потенциал. С помощью технологий ИИ анализируются возможности совершенствования содержания образования, повышения качества обучения и подготовки к новым специальностям.

Summary. The article examines the main areas of application of artificial intelligence in the field of education and its promising potential. With the help of artificial intelligence technologies, the possibilities of improving the content of education, improving the quality of education and training in new specialties are analyzed.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев IT индустриясының соңғы үрдістері мен даму перспективаларын талқылауға арналған «Digital Bridge Kazakhstan» форумында: «Жасанды интеллект бұдан былай ғылыми фантастика емес, өмірдің ақиқатына айналды. Жаңа дәуірдің басталғанына куә болып отырмыз. Кезінде электр жарығы мен интернетті ойлап табу тіршілігімізді қалай түбегейлі өзгертсе, жасанды интеллектті технологиясының ықпалы да дәл сондай орасан зор. Ол адамзаттың тұрмыс салтын мүлдем басқа арнаға бұрып, жұмыс процестерін автоматтандырады және ауқымды экономикалық құндылық қалыптастыра алады. Кейбір сарапшылардың бағалауынша, жасанды интеллектінің жаһандық экономикаға қосатын елеулі үлесі – дүниежүзілік ЖІӨ-нің төрттен бір бөлігіне парапар. Аталған технологияның кең қолданысқа ие болуы Қазақстанның қарқынды дамуында маңызды рөл атқара алады.» деп мәлімдеген.

XXI ғасырдағы жасанды интеллектпен білім беру дегеніміз қазіргі уақыттағы педагогика саласында өзекті және болашағы зор толып табылады. Сонымен қатар қызықты тақырыптардың бірі. Біз жасанды интеллект арқылы неше түрлі білім беру жоспарын құрай аламыз. Қазіргі заманғы жасанды интеллект жүйелері үлкен деректерді өңдеу, сонымен қатар алгоритмдер арқылы өз тәжірибесінен үйрену қабілетіне ие десекте болады.

Жасанды интеллект жүйелері әртүрлі тапсырмаларды орындау үшін арнайы бағдармалар мен модельдер негізінде жұмыс істейді. Мысалы, әр-түрлі мәтіндерді тану, сөйлеуді түсіну, бейнелеуді өңдеу секілді міндеттерді шешуде жасанды интеллект үлкен жетістіктерге жетті. Жасанды интеллект – интеллектуалды компьютерлік бағдарламалар мен машиналар жасау технологиясы әрі ғылым. Жасанды интеллект пен білім беру – қазіргі таңда өзекті және үнемі даму үрдісінде болатын тақырыптарының бірі.

Жасанды интеллект қазіргі таңда білім беру саласында оқыту әдістерін жетілдіру қажет. Сонымен қатар оқу процесінде тиімді ету бір жақсы әдіс бұл оқушылардың деңгейімен тапсырма беріледі. Жасанды интеллект білім беру саласында оқу тәжірибесін дамыту, уақытты үнемдеу және нәтижелікті арттыру мақсатында кеңінен қолданылуда. Жасанды интеллект оқу процесінде тиімді бола отырып, бірнеше мәселелерді туындатуыда мүмкін. Сонымен қатар, жасанды интеллектке тым қатты сену білім алушылардың сыни ойлау қабілетін төмендетіп, олардың тек дайын шешімдерге тәуелді болуына әкелуі мүмкін.

Жасанды интеллект оқу процесінде ықпал етіп, оқушылардың оң және теріс әсер тигізуі мүмкін. Оң әсірне тоқталатын болсақ: дайын жұмыстар, әртүрлі слайдтар, қолжетімді интеллекттер. Сонымен қатар жасанды интеллектке тым сену білім алушылардың сыни алу қабілетін төмендетіп, олардың тек дайын шешімдерге тәуелді болуына әкелуі мүмкін. Жасанды интеллект оқу процесіне ықпал етіп, оқушылардың оң және теріс әсерлер тигізуі мүмкін.

Оң әсеріне тоқталатын болсақ: дайын жұмыстар, әр-түрлі слайдтар, қолжетімді интеллекттер, сонымен қатар жасанды интеллект оқушыларға тез арада кері байланыс бере алады. Қайталанатын тапсырмаларды автоматтандырып, уақыт пен ресурстарды үнемдейді. Яғни мәліметтерді тез өңдеп, шешім қабылдауды жеңілдетеді.

Кері әсеріне тоқтала кетсек: жасанды интеллект бәрін дайын бергендіктен, баланың өз ойын жеткізе алмауына әкеліп соғады. Жасанды интеллект жүйелері кейде қателесуі мүмкін, ал бұл оқушылардың сенімсіздігі мен мотивациясының төмендеуіне әкеліп соғыуы мүмкін. Жалпы оймен айтқанда жасанды интеллект оқу мотивациясын арттыра алады, бірақ оның тиімділігі оқытушының дұрыс қолдану тәсіліне және технологияның оқушының қажеттіліктеріне сай келуіне байланысты болып табылады.

Жасанды интеллект және мұғалімдердің кәсіби дамуын жетілдіруге, білім беру сапасын арттыруға және оқыту процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Оның ең негізгісі: мұғалімдерді оқыту және қайта даярлау. Жасанды интеллект мұғалімдерге кәсіби даму курстарын ұсыну арқылы оқыту процестерін жетілдіреді. Мәселен, онлайн курстар, адаптивті жүйелер. Сонымен қатар жасанды интеллект мұғалімдерге тиімді сабақ жоспарларын құруға көмектеседі. Әрі сабақты тиімді, қызықты. Яғни

ақпаратты түрлі материалдар арқылы жеткізеді. Сабактың тақырыбы мен мақсатына сәйкес интерактивті тапсырмаларды автоматты түрде даярлайды. Бұл мұғалімдер үшін кәсіби даму процесі болып табылады.

Жүз жыл бұрын әйгілі британдық шахматшы Уильям Артур Уорд былай деген: «Жай мұғалім хабарлайды. Жақсы мұғалім түсіндіреді. Керемет мұғалім көрсетеді. Ұлы мұғалім шабыттандырады». Жасанды интеллект дәуірінде мұғалім тұлға болып қала береді, бірақ қарапайым және жақсы мұғалімдер үшін бұл жерде орын жоқ. Тек керемет және ұлы ұстаздар жұмыс істеуі керек, - деді ол.

Қорытындылай келе, жасанды интеллектті білім беру саласына енгізу өте маңызды және перспективалы қадам деп айтуға болады. Бұл технология білім сапасын айтарлықтай жақсартуға және тиімдірек оқытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жасанды интеллектті пайдалану жеке білім беру бағдарламаларын құруға оқу процесін оңтайландыруға, білімнің қолжетімділігін жақсартуға және болашақ дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Алайда, жасанды интеллектті енгізуді тиісті инфрақұрылыммен, мұғалімдерді оқытумен және технологияның этикалық қолданылуын қамтамасыз етумен сүйемелдеу қажет. Жалпы, білім беруде жасанды интеллектті қолдану технологияның әлеуетіне негізделген және білім беру жүйесін жетілдіру мен жетілдірудің негізгі факторы бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жасанды интеллект білім саласына қалай әсер етеді атты мақаласы. https://baq.kz/amp/news/othernews/zhasandy-intellekt-daurindegi-mugalim-zhasandy-intellekt-bilim-salasy-na-kalay-aser-etedi_255061/

2. Digital Kazakhstan форумы. <https://aikyn.kz/271574/digital-kazakhstan---bolashak-k-a-k-adam>
Жасанды интеллект туралы мақала. <https://kk.wikipedia.org/wiki>

ӨОЖ 518.425.44

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ДОМБЫРАНЫ ҮЙРЕТУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

ПЕРТАЕВА ГУЛЬМИРА КУЛИБАЕВНА

№1 Балалар өнер мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі, домбыра сыныбының мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы

Резюме. В статье представлены эффективные способы обучения школьников игре на домбре.

Summary. The article presents effective ways to teach schoolchildren to play the dombra.

Домбыра – қазақтың ұлттық музыкалық аспабы, тарихы тереңде жатыр. Оның зерттелу тарихы да бай, әрі көп қырлы.

Домбыраның пайда болуы Қазақстан территориясындағы көне замандармен байланысты.

XIX ғасырдың ортасынан бастап домбыра қазақтың фольклорында, халық музыкасы мен күй өнерінде маңызды рөл атқара бастады. Бұл кезеңде домбыра арқылы көптеген күйшілік және жыршылық дәстүрлер дамыды.

XX ғасырда қазақ халқының музыкасы мен мәдениетіне қызығушылық арта түсті. Домбыраның теориялық негіздері, орындау техникасы, музыкалық таспалар, ноталар мен күйшіліктің түрлері зерттеле бастады. Осының арқасында домбыраның вариациялары мен нақыштары зерттелді.

Бүгінгі күні домбыраға қатысты зерттеулер музыкалық этнография, антропология, мәдениеттану сияқты ғылымдарға енуде. Соның ішінде, домбыра аспабын жасап шығару технологиясы, оның музыкалық шығармалары мен орындаушылары туралы зерттеулер жүргізілуде.

Домбыра – қазақтың ұлттық музыкалық аспабы, ішекті аспаптар класына жатады. Ол ағаштан жасалады және көбінесе екі ішектен тұрады, бірақ кейде үш немесе төрт ішекті нұсқалары да кездеседі. Домбыраның ерекше дизайны, дыбысы және орындау техникасы бар.

Домбыраның тарихы терең ғасырларға кетеді. Бұл аспап қазақ халқының мәдениетінде, тұрмысында және салт-дәстүрінде ерекше орын алады. Домбыраның ықпалы қазақ музыкасына, поэзиясына және ауыз әдебиетіне өте зор. Ол, әсіресе, халық ертегілері мен жыр-ертегілерін орындауда қолданылады.

Домбыраның құрылымы:

Дене: Аспаптың денесі көбінесе ағаштан, мысалы, қара ағаштан немесе шетеннен жасалады. Дене резонатор ретінде қызмет етеді;

Ілектер: Әдетте екі ішек болады, бірақ кейбір түрлерінде үш не төрт ішек те болуы мүмкін. Ішектер жиі металл немесе нейлон сымдарынан жасалады.

Жәдігер: Домбыраның мойыны мен садағы – ішектерді бекіту үшін арналған бөлшектер. Олардың орналасуы мен конструкциясы аспаптың дыбыс сапасына әсер етеді.

Домбырада ойнау техникасы әр түрлі стилдерге бөлінеді, мысалы:

Тек домбыра мен ән айту.

Халықтық: Халық әндерінен, жырларынан құралады.

Композициялық: Кәсіби композиторлармен жазылған шығармалар.

Домбыра қазақ мәдениетінің бір бөлігі ретінде күй тыңдау, ән айту, жыр орындау, сондай-ақ, мерекелер мен ұлттық салт-дәстүрлерде үлкен рөл атқарады. Домбырамен орындаған күй, әсіресе, жыршылар мен күйшілер арасында үлкен сұранысқа ие.

Соңғы жылдары домбыра халықаралық музыкалық сахнада танымал бола бастады. Қазақстанда түрлі домбыра фестивальдері мен жарыстары өтіп тұрады, сондай-ақ домбыраның әлемдік деңгейдегі дәрежеде таныстырылуына септігін тигізеді.

Домбыра өзінің мәні мен маңызын, тарихи, мәдени және музыкалық аспектілерін сақтай отырып, қазақ халқының рухани әлемінде ерекше орын алады.

Домбыраны оқыту технологиясы – бұл домбыраны үйренудің, орындаудың және оқытудың бірқатар әдіс-тәсілдері мен стратегияларынан тұрады. Міне, домбыра үйренуге арналған жалпы технологиялар мен әдістер:

1. Негізгі теория:

Әуендер мен ырғақтардың негіздерін түсіну.

Нота оқуды үйрену, домбырадағы ноталар мен аккордтарды білу.

2. Практикалық жаттығулар:

Базалық жаттығулар мен қарқындарды үйрену.

Араласу, жаттығулар арқылы қолдың икемділігін арттыру.

3. Тәртіп беру:

Үнемі жаттығу кестесін жасау.

Өз бетінше тәжірибе және шығармашылықпен айналысу.

4. Көптүрлілік:

Әр түрлі музыкалық стильдер мен жанрларды зерттеу.

Қазақтың халық әндері мен күйлерін орындау.

5. Технологиялық құралдар:

Музыкалық қосымшалар мен онлайн сабақтар.

Видео сабақтар, YouTube арналары арқылы білім алу.

6. Кері байланыс:

Оқытушымен немесе басқа музыканттармен пікір алмасу.

Топтық сабақтар, мастер-класстарға қатысу.

7. Эмоциялық дамуы:

Музыка арқылы эмоцияларды білдіру.

Шығармашылық арқылы өзін-өзі таныту.

Домбыра үйрену – бұл тек техникалық дағдыларды меңгеру ғана емес, сонымен бірге музыкалық білім мен шығармашылықты дамыту процесі.

Домбыра – қазақ халқының мәдени мұрасының символы, ол тек музыкалық аспап қана емес, сонымен қатар тарих, дәстүр және ұлттық сәйкестік белгісі. Заманауи домбыра өнерінде түрлі бағыттар мен стильдер дамуда, бұл аспапты жаңа ұрпаққа танытуда мүмкіндік береді.

Домбыра үйрету – бұл тек музыкалық аспапты меңгеру ғана емес, сонымен қатар мәдениетті, дәстүрлерді және шығармашылықты дамыту құралы. Мектеп оқушыларына домбыраны үйретудің тиімді жолдары:

Негізгі сабақтар:

Оқушылардың жастарына және деңгейіне сәйкес базалық аккордтар мен әуендерді үйрету.

Дұрыс қол ұстасу және аспапты сақтау техникасын үйрету.

Ойын арқылы оқыту:

Ойын түрінде өткізілетін сабақтар, мысалы, музыкалық ойындар, викториналар, көңіл көтеретін жаттығулар – оқушылардың қызығушылығын арттырады.

Танымал әндер мен дәстүрлі шығармаларды орындау арқылы мотивация беру.

Топтық сабақтар:

Оқушыларды топтарға бөліп, бірлесіп оқу және орындау дағдыларын дамыту.

Бұндай әдіс оқушылар арасындағы бәсекелестікті, бір-бірінен үйренуді ынталандырады.

Техника мен жаттығулар:

Регулярлы жаттығулар мен техникалық тапсырмалардың болуы.

Шығармашылық тапсырмалар, мысалы, шығармалар жазу немесе әндерді өздері ойлап табу.

Технологияны пайдалану:

Видео-уроктар, онлайн платформалар мен мобильдік қосымшаларды пайдалану. Өздері түсірген видеолар арқылы прогресті бақылау.

Домбыра аспабын және оған қатысты қазақтың дәстүрлі музыкалық мәдениетін таныстыру. Оқушыларға домбыраның тарихын, шығармаларын, халық аңыздарын үйрету.

Аспапты жөндеу мен күтімді көрсету.

Сахнада өнер көрсету жолдары оқушылардың біліктіліктерін көрсететін концерттер мен іс-шараларды ұйымдастырудан тұрады. Сахна тәжірибесі, қорқынышты жеңуге және сенімділікті арттыруға көмектеседі. Дәстүрлі музыка орындаушыларымен, ұстаздармен немесе музыканттармен кездесулер ұйымдастыру, оқушыларға үлгі көрсету мотивация бола алады. Осы ретте кері байланысты қамтамасыз ете аламыз. Әсіресе, оқушылардың прогресін бақылап, оларға жеке ұсыныстар беріп отыру арқылы оқу процесінде оқушылардың пікірлерін тыңдап, курс бағдарламасын жетілдіре аламыз.

Домбыра үйретуді қызықты әрі шығармашылық тұрғыдан жүргізу – оқушылар арасында музыкаға деген қызығушылықты арттырудың кілті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұбанов А. Қазақтың музыка мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1974. – 245б.
2. Мұқанов С. Домбыра және оның тарихы. – Алматы: Өнер, 1983. – 241б.
3. Қашағанов Ә. Музыкалық аспаптар энциклопедиясы. – Алматы: Дәуір, 2007. – 258б.

ӘОЖ 37.459.21

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНДЕ ЖОБАЛЫҚ ОҚЫТУ: ЖАҢА БАҒЫТ ЖӘНЕ ТИІМДІ ӘДІС

БЕШТАЕВА САНДУҒАШ ШЫРЫНХАНҚЫЗЫ

Ә.Бөкейханов атындағы №1 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Статя посвящена внедрению проектного обучения в преподавание казахского языка и литературы. Автор подчеркивает, что этот подход способствует развитию творческих, аналитических и исследовательских навыков учащихся. Рассмотрены основные направления проектного обучения, такие как исследовательские проекты, эссе и творческие работы, мультимедийные проекты и школьные блоги. Описаны этапы реализации проектов: выбор темы, планирование, сбор данных, подготовка и защита работы, а также оценивание результатов. Подчеркиваются преимущества метода: улучшение языковых навыков, повышение интереса к литературе и развитие командной работы. В заключение отмечается, что проектное обучение может вывести преподавание казахского языка и литературы на новый качественный уровень.

Summary. The article focuses on implementing project-based learning in teaching the Kazakh language and literature. The author emphasizes that this approach develops students' creative, analytical, and research skills. Key directions of project-based learning are explored, including research projects, essays and creative assignments, multimedia projects, and school blogs. The stages of project implementation are described: topic selection, planning, data collection, preparation and presentation, as well as evaluation of results. The advantages of this method are highlighted: improvement of language skills, increased interest in literature, and development of teamwork abilities. In conclusion, it is noted that project-based learning can elevate the teaching of Kazakh language and literature to a new qualitative level.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде **жобалық оқыту** – оқушылардың шығармашылық және зерттеу қабілеттерін дамытуға бағытталған инновациялық әдіс. Бұл тәсіл дәстүрлі оқытудың шеңберінен шығып, оқушыларды шынайы өмірлік міндеттерді шешуге, топтық жұмысқа бейімделуге және өз

ойларын еркін жеткізе білуге үйретеді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде жобалық оқытуды енгізу осы пәннің мазмұнын заманауи қажеттіліктермен үйлестіріп, оқушылардың тілдік және әдебиетке деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Жобалық оқытудың мәні және маңызы

Жобалық оқыту – оқушылардың бір немесе бірнеше тақырып бойынша нақты нәтижеге бағытталған зерттеу немесе шығармашылық жұмыс жасауын қамтиды. Бұл әдіс қазақ тілі мен әдебиетінде пәндік мазмұнды өмірмен байланыстыруға, оқушылардың шығармашылық әлеуетін ашуға және өз ойын қазақ тілінде еркін жеткізе білуге ықпал етеді.

Мысалы, қазақ әдебиетінде оқушылар белгілі бір жазушының шығармашылығын зерттеп, оның қоғамға әсерін анықтай алады. Бұл әдіс тек білім берумен шектелмей, оқушылардың ізденімпаздық, сын тұрғысынан ойлау және зерттеушілік қабілеттерін дамытады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде жобалық оқытудың бағыттары

1. Шығармашылық жобалар. Оқушылар белгілі бір шығарма бойынша театрландырылған қойылым дайындайды, мысалы, Абайдың “Қара сөздерін” сахналау немесе М. Әуезовтің “Абай жолы” романындағы кейіпкерлердің бейнесін таныстыру. Мұндай жобалар әдебиетті түсіну мен қабылдауды тереңдетіп қана қоймай, қазақ тілінде ойды еркін жеткізу қабілетін дамытады.

2. Зерттеу жұмыстары. Оқушылар қазақ тілінің диалектілері немесе әдебиеттегі ұлттық құндылықтар туралы зерттеу жүргізіп, оны ғылыми конференция форматында қорғайды. Мысалы, “Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздердің қалыптасуы” тақырыбында зерттеу жасау оқушыларды тілдің динамикасын түсінуге жетелейді.

3. Эссе және шығарма жазу жобалары. Белгілі бір тақырып бойынша шығармашылық жұмыстар дайындау, мысалы, “Қазіргі қазақ қоғамы Абайдың мұрасына қалай қарайды?” немесе “Әдебиеттегі әйел образы: өткеннен бүгінге дейін” деген тақырыптарда эссе жазу.

4. Мультимедиа жобалары. Оқушылар белгілі бір әдеби туындыны заманауи форматта ұсына алады, мысалы, презентация, бейнеролик немесе подкаст арқылы. Бұл жобалар оқушылардың ІТ құралдарын пайдаланудағы дағдыларын жетілдіреді.

5. Мектептік басылымдар мен блогтар. Оқушылар өздерінің әдеби шығармашылығын дамыту үшін мектеп газеті немесе блог жасайды. Бұл жерде олар шығармаларға рецензия жазады, авторлармен сұхбат құрады немесе әдебиетке қатысты өз ойларын бөліседі.

Жобалық оқыту кезеңдері

1. Тақырыпты таңдау. Мұғалім мен оқушының бірігіп тақырыпты анықтауы маңызды. Тақырып қызықты әрі пайдалы болуы керек. Мысалы, “Қазақ тілі жаңа медиа кеңістігінде”.

2. Жоспар құру. Жоба мақсаты мен міндеттері, жұмыс кестесі анықталады. Оқушылар өз міндеттерін бөлісіп, зерттеу әдістерін таңдайды.

3. Мәліметтер жинау және өңдеу

Зерттеу тақырыбына байланысты әдебиеттер оқу, статистикалық мәліметтер жинау немесе сұхбат жүргізу арқылы ақпарат жиналады.

4. Жобаны дайындау және қорғау. Оқушылар жиналған мәліметтерді жүйелеп, шығармашылық тұрғыда жобаны аяқтайды. Қорытынды презентация немесе көрме түрінде ұсынылады.

5. Бағалау және рефлексия. Жоба аяқталған соң мұғалім мен оқушылар бірге жұмыс нәтижесін талдайды, жетістіктер мен кемшіліктерді анықтайды.

Қазақ тілі мен әдебиетінде жобалық оқытудың артықшылықтары

• **Тілді қолдану дағдысын арттыру:** Жобалар арқылы оқушылар қазақ тілінде ойларын еркін жеткізуді, ғылыми және шығармашылық жұмыстар жасауды үйренеді.

• **Әдебиетке қызығушылықты арттыру:** Классикалық шығармаларды жаңаша көзқараспен қарастыру мүмкіндігі пайда болады.

• **Шығармашылық және зерттеу дағдыларын дамыту:** Жоба барысында оқушылар шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытып, зерттеу әдістерін меңгереді.

• **Командалық жұмыс дағдыларын жетілдіру:** Топтық жобалар оқушыларды бірігіп жұмыс істеуге, жауапкершілікті бөлісуге және бір-бірін тыңдауға үйретеді.

9-сынып оқушыларына арналған жобалық оқыту тапсырмалары тапсырмалар (Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша)

1. Зерттеу жобалары

1. Тақырып: “Қазақ тілінің жаңа сөздері: заманауи трендтер”.

Міндет: Қазіргі қазақ тілінде пайда болған жаңа сөздерді зерттеп, олардың қолданылу жиілігі мен маңызын талдау.

Өнім: Слайд-презентация немесе шағын ғылыми жұмыс.

2.Тақырып: “Қазақ әдебиетіндегі батырлар бейнесі”.

Міндет: Батырлар жырлары мен тарихи романдардағы кейіпкерлерді талдап, олардың бүгінгі қоғамдағы рөлі мен маңызын түсіндіру.

Өнім: Постер немесе реферат.

2. Шығармашылық жобалар

1.Тақырып: “Абай өлеңдерінің бүгінгі жастарға әсері”

Міндет: Абайдың белгілі бір өлеңін талдап, оның қазіргі жастарға қатысты ойларын шығармашылық түрде көрсету.

Өнім: Бейнеролик, эссе немесе сахналық қойылым.

2.Тақырып: “Әдебиеттегі табиғат суреттері”

Міндет: Қазақ әдебиетіндегі табиғатты бейнелейтін шығармаларды жинақтап, табиғаттың әдебиеттегі рөлін анықтау.

Өнім: Альбом немесе сурет көрмесі.

3. Мультимедиа жобалары

1.Тақырып: “Қазақ ақын-жазушыларының шығармашылығы туралы подкаст”

Міндет: Қазіргі немесе классикалық авторлардың шығармашылығын талдап, подкаст немесе аудио жазба жасау.

Өнім: Аудио подкаст немесе бейнеблог.

2.Тақырып: “Қазақ әдебиеті мен заманауи технологиялар”

Міндет: Электронды кітап немесе веб-сайт жасау арқылы әдебиетке қызығушылықты арттыру.

Өнім: Онлайн-платформа немесе интерактивті презентация.

4. Әлеуметтік жобалар

1.Тақырып: “Мектепте қазақ тілін дамытуға арналған шаралар жоспары”

Міндет: Қазақ тілінің мәртебесін көтеру мақсатында мектепте ұйымдастыруға болатын шаралар жоспарын дайындау.

Өнім: Жобалық жоспар немесе акция өткізу.

2.Тақырып: “Қазақ тілі – менің болашағым”

Міндет: Тілдің маңыздылығы туралы оқушылар арасында сауалнама жүргізу және қорытындысын талдау.

Өнім: Есеп беру және көрме.

5. Әдеби кейіпкерлерге жаңаша көзқарас

1.Тақырып: “Менің сүйікті әдеби кейіпкерім”

Міндет: Белгілі бір кейіпкерді заманауи тұрғыдан сипаттап, оның бейнесін қайта жаңғырту.

Өнім: Иллюстрация, косплей немесе эссе.

2.Тақырып: “Бейімбет Майлиннің кейіпкерлері мен бүгінгі ауыл тұрғындарының ұқсастығы”

Міндет: Жазушы шығармаларын талдап, қазіргі өмірмен байланыстыру.

Өнім: Презентация немесе салыстырмалы талдау.

Бұл жобалар оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытып, қазақ тілі мен әдебиетін оқуға қызығушылығын арттырады. Әр жобаның нәтижесін сыныпта қорғау арқылы топтық және жеке жұмыс дағдыларын жетілдіруге болады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде жобалық оқыту – оқушылардың тілдік дағдыларын жетілдіру мен әдебиетке қызығушылығын арттырудың тиімді әдісі. Бұл тәсіл шығармашылық пен зерттеушілік қабілеттерді дамытып, пән мазмұнын өмірлік тәжірибемен байланыстыруға мүмкіндік береді. Жобалық оқыту барысында оқушылар шынайы өмірлік мәселелерді шешуді үйреніп, топпен жұмыс істеу және өз ойын еркін жеткізу дағдыларын қалыптастырады.

Сонымен қатар, бұл әдіс олардың сын тұрғысынан ойлау қабілетін нығайтып, тіл мен әдебиетке деген көзқарасын жаңаша қырынан ашуға ықпал етеді. Қорыта айтқанда, жобалық оқыту қазақ тілі мен әдебиетін оқытуды жаңа деңгейге көтеріп, оқушыларды өмірде қажет дағдылармен қамтамасыз ететін заманауи әрі тиімді педагогикалық әдіс болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Қыраубаева А. М. Пәнді оқытудағы заманауи ізденістер: технология және жаңашылдық:

оқу құралы / А.М. Қыраубаева, А.А. Қасымбек, Н.Қ. Мәтбек. - Алматы :

2.Мынбаева А. К. Основы педагогического мастерства. Курс лекции и тренинги: учебное пособие / А.К. Мынбаева. - Алматы : Қазақ университеті, 2020. - 216 с.

3.Бұлақбаева М.К. Педагогикалық шеберлік негіздері : Оқу құралы. - Алматы: "Отан" баспасы, 2018.- 128 б.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОЙ-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

АЛДИЯРОВА БАЛЖАН МИЯТБЕКОВНА

№47 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В данной статье рассматриваются пути развития мышления учащихся начальных классов.

Summary. This article discusses ways to develop the thinking abilities of Primary School students

Қазіргі бастауыш мектеп бағдарламасы барлық таным процестерді жедел дамыту жолдарын ескере отырып жасалған оқулықтар мазмұны ойлауды дамытуға үлкен үлесін қосады. Дегенмен, осы проблеманы шешу үшін әр мұғалім ойлау қабілетінің ерекшеліктерін, оны дамыту жолдарын толық түсінуі қажет.

Адамның барлық нағыз адамдық қасиеттері өз өміріне тәлім-тәрбие нәтижесінде қалыптасады. Бастауыш сыныптарда оқыту барысында балалардың таным процестерін дамытуға, олардың тіл байлығын және өз ойын сөйлеу арқылы басқаларға жеткізу тәсілдерін қолдаудың ойлау процесін қалыптастыруға қосатын үлесі өте үлкен.

Мида болып отыратын үздіксіз ойлау мен оның жемісі ұғымдар және сөйлемдер де бір емес. Мәселенің шешілуі адам басында реттеліп отырады. Сондықтан ойлау туралы зерттеулер, олардың процесс күйін емес, ойлау қалайша жүзеге асып, реттеліп отыруы үшін қандай шарттар қажет екенін тексеруге арналған.

Жас бала үшін мәселені шешудің бірінші құралы – оның практикалық іс-әрекеті. Бала мәселені шешу үстінде өзіне берілген затпен тікелей іс-әрекет жасайды. Мұның мәнісі шешілуге тиісті нәрсенің көрнекті түрде берілуінде және практикалық іс-әрекетінің қатысуымен шешілуінде ойлаудың осы сатысындағы маңызды ерекшеліктерінің бірі – сөздік өрнектер арқылы ойлау болып табылады, тіпті жас баланың ойы ең «ақылды» деген маймылдың ойлауынан түбегейлі айырмашылығы да осы арада. Ойлаудың ерекшелігі – қорытындылардың қисындылығында, олардың шындыққа сай дәлелдерінде. Ойлауға түскен құбылыс көз жетерліктей етіп нақты түсіндіріледі, себептері мен салдары қатесіз анықталады. Ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар ойлау жолымен ашылады[1].

Ойлау – танымның жоғары сатысы. Оның айрықша ерекшелігі – сөзбен тығыз байланыстылығы. Ойлаумен сөйлеу органикалық бірлікте болады. Ой шындығы тіл арқылы беріледі. Шындықтағы себеп-салдарлық байланыстар тәжірибеде танылып, белгілі тілдік формалармен аталады. Адам дүние құбылыстарын тани отырып, бұларды бірінші және екінші сигналдық жүйелер арқылы бейнелеп, түрлі сөздермен өрнектейді. Әрбір қабылданатын зат, құбылыстың белгісі, қозғалысы, күйі не қатынасын сөзбен атай отырып, адам оларды жалпылайды.

Ойлау арқылы заң, ереже түйінделеді, фактілер қорытылады, электронды күрделі механизмдерді пайдалана отырып, тікелей қабылдауға болмайтын құбылыстардың мән-жайын танып біледі. Ойлау шындық жанама жолмен танылады.

Бастауыш сынып оқушыларының ойлауы нақтылы болғандықтан, олар көп нәрселерді өз қалпында түсінуге бой ұрады.

Бастауыш сынып оқушыларының оқыту процесінде психикалық даму дәрежесіне қарай белсенділіктің бірнеше түрі қалыптасып дамиды: қимыл, сөйлеу, таным, ойлау, өзін-өзі тәрбиелеу т.б.

Мұғалімнің міндеті – оқыту процесінде бастауыш сынып оқушысының ой-әрекетін қалыптастыру. Осыған орай оқушы оқыту процесінде, әрбір сабақта өзінің оқу іс-әрекетінің мақсат-міндеттерін анықтап, соларды іске асырудың нақты тәсілдері мен амалдарын қолданып, өзін-өзі бақылап отыруға үйренуге тиіс. Оқыту процесіндегі ой-әрекетінің қалыптасу жолдарында танымдық белсенділіктің мынадай көріністері болатынын білу керек:

-білуге деген ықыластың, ұмтылыстың, шабыттың жоғары болуы;

-бастауыш сынып оқушысының өзіндік дербестігі, сұрақ беруге құмарлығы, пікірталас туғызуға деген ықыласы;

-бастауыш сынып оқушысының материалды еркіне, өз сөзімен айтып беру мүмкіндігі және шығармашылық әрекетінің жоғары болуы.

Егер де сабақтарда бастауыш сынып оқушысының бойында танымдық белсенділік пайда болған жағдайда оқушыларда ақыл-ой қабілеттерінің мынадай элементтері дамиды: зеректілік, зейінділік, байқағыштық, ойлау мен сөйлеу дербестігі т.б.

Бастауыш сынып оқушысының оқыту процесіндегі өздігінен жасайтын түрлі оқу жұмыстары ойлау әрекетінің тиімді амал-тәсілдерін қалыптастырады. Амалдарды қолдану арқылы оқушы материалдың мазмұнын еркін меңгеріп, материалды баяндау тәртібін өзінше өзгертіп айтып беруге шамасы келеді.

Міне, осындай жағдайда ғана балада білімге деген қажеттілік, талпыныс, қызығу, танымдық белсенділік қалыптасады.

Оқыту процесі өзіне екі міндет қояды: біріншіден, балаларға білім беру, екіншіден, оларды жан-жақты дамыту. Ақыл-ой дамуы танымдық қабілеттердің дамуы мен адамның гармониялық дамуының құрамдас бөлігін құрайды. Оқыту процесіндегі іс-әрекет өзіне екі міндет қоя отырып, ойлау әрекетінің дамуын көрсететін белгілерді анықтау педагогикалық психологияның тағы бір маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Оқыту мен дамудың өзара қатынас мәселелері ақыл-ой дамуының белгілерін нақты анықтау негізінде тұжырымдалады. Ол белгілер бойынша, оқыту әдістері мен мазмұны дамуға қалай әсер етеді, оның негізінде дамудағы қозғалысты қалай көруге болады деген сұрақтарға жауап аламыз [2].

Осы белгілерді көрсететін ойлау ерекшеліктері мәселелі тапсырмаларды шешуде жүзеге асатын ойлау операцияларынан көрінеді. Тапсырманы шешуде ойлау іс-әрекетінің тәуелсіздігі ақыл-ой дамуының мәнді көрсеткішін береді. Бастауыш сынып оқушысының ойлау іс-әрекетінің дамуын зерттеу, оларда интеллектуалды іс-әрекеттің жаңа тәсілдерін қалыптастыру – ең өзекті мәселелердің бірі.

Бастауыш сынып оқушысының ойлауын дамытуда мектептегі оқу-тәрбие процесі шешуші роль атқарады. Бала ойлауын дамыту үшін мұғалім тиісті жұмыстар жүргізіп отыруы тиіс. Ой тәрбиесі адамның психологиясын жан-жақты етіп тәрбиелеумен ұштасып жатады. Таным әрекетінің бірі – қабылдау. Тілдік мәліметтерді және жазылымдағы қатысымдық тұлғаларды ұғыну қабылдаудан басталады. Тілді меңгеру барысында тіл үйренуші есту, көру, сезу арқылы дыбыстарды, сөздерді, сөйлемді қабылдауға үйренеді. Бала қоршаған ортаны жақсы қабылдауға тиіс. Әрбір ұстаздың мақсаты – сабақ сапасын көтеру, түрлерін жетілдіру, сабаққа оқушының қызығушылығын арттыру. Сондай - ақ бүгінгі таңда елімізде оқыту мазмұны жаңартылып, сабақтарда озық технологияларды қолданудамыз. Сондай технологияның бір түрі – «ойын арқылы оқыту» технологиясы. «Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ» десек, білімнің негізі бастауышта қаланатыны белгілі.

Бастауыш сыныптағы әртүрлі пәндер оқушы білімін дамытып, танымдық қабілетін сомдауға үлкен үлес қосады. Балаларды оқытуда және тәрбиелеуде ойынның ролі педагогикада бұрын да, қазір де қарастырылып келеді. Алдыңғы қатарлы педагогтардың бәрі де ойынды нағыз керекті және маңызды іс - әрекет деп түсінеді [3]. Оқу процесінде ойын технологиясын қолдану оқушының оқудағы танымдық іс-әрекетін және қалыпсыз жағдайларда өз білімін қолдануға мүмкіндік береді.

Ойын технологиясы арқылы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында мәлімдеген құзіреттіліктерді оқушы бойында қалыптастыру міндеттерін шешеді. Қазіргі білім беру мазмұнындағы осы өзгерістердің барлығы оқытудың негізгі мақсаты ретінде пәндік білім-білік дағдыларды қалыптастырудың жалпы оқу біліктерін қалыптастыруға ден қою. Өзіндік оқу әрекеттерін дамыту бағалау жүйесінде өзгерістердің енгізілуін көздейді. Бастауыш сынып оқушыларын оқыту кезінде ерекше орынды ойын алады.

Ойын бұл жерде оқыту әдісі ретінде жүреді. Бұл жастағы балалардың ойынға қызығушылығы басым, мінез-құлқында еріктілік жеткіліксіз, алдында кездескен мысалдарды шешуге практикалық тұрғыдан қарайды. Сондықтан да біз өз сабақтарымызда ойын әдістерін көптеп қолданамыз. Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те болып табылады. Ойын – айналадағы дүниені тану тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады.

А.С.Макаренко: «Ойын – балалар өмірінде өте маңызы зор нәрсе, үлкендердің қайраткерлігі, жұмысы, қызметі қандай маңызды болса, балалардың ойыны да сондай маңызды. Ойында бала қандай болса, өскен кезде жұмыста да, көбінесе сондай болады. Сондықтан болашақ қайраткер, ең алдымен, тәрбиені ойын арқылы алады»- деп балалар ойынын жоғары бағалаған.

Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне байланысты осындай санамақтар мен қаламақтар мазмұны оларға өте жақын, түсінікті. Олар балалардың ой өрісін, тілін тез дамытуға өте икемді. Сонымен қатар ойындарға қатысу арқылы балалардық мінез-құлқы сыйысымды болып, қарым-қатынас мәдениетін меңгереді, әдептілікке, басқалармен санасуға, тіл алғыштыққа баулиды. Ойын кейіпкерлерінің мінез-құлығына қарап жақсы мен жаманды ажыратуға мүмкіндік береді [4].

Халық ойындарының көптеген түрлерін сабақтан тыс бос уақытты, үзіліс кездері ұйымдастыруға қолдануға мүмкіншілік өте мол. Сондықтан бастауыш сынып оқушылар өмірінде осы ойын түрлері үлкен орын алуға тиіс. Ойындар мен қатар халық шығармалары туындыларының бірі жұмбақтарды қолдану балаларды аңғарымпаздыққа, тапқырлыққа, зеректілікке тәрбиелейді. Жұмбақтар – халықтық

шығармаларының ішінде үлкен орын алады. Жұмбақтардың шешімін айту баланың ақыл-ойын, ой-өрісін дамытып, ойлаған іс-әрекеттің шешімін тауып, үдесіне жетуге үйретеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Айтмамбетова Б.Р., Керимов Л.К. Оқыту әдістері. – Алматы, 2005.
2. Абрамова Г.С. Практическая психология. – М., 2001.
3. Битянова М.Р. Практическая психология. – М., М., 2007.
4. Бірмағамбетов Э. Бастауыш сынып пәндерін оқыту. «Бастауыш мектеп». 2009

ӘОЖ 147 (033)

ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯСЫ

ТИЛЕГЕНОВА ТОТЫ СЛАМБЕКОВНА

М.Маметова атындағы №27 орта мектебінің педагог-психологы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ҚАНАТҚЫЗЫ АЛИНА

М.Маметова атындағы №27 орта мектебінің 10 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается психология детей с задержкой психического развития. Кроме того, показана типология детей с задержкой психического развития.

Summary. The article deals with the psychology of children with mental retardation. In addition, the typology of children with mental retardation is shown.

Психикалық даму тежелуі мәселесі дүниежүзілік психологтар мен педагогтардың бірден-бір көкейкесті мәселелерінің бірі болып табылады. Олар кемақылдар қатарына жатпайтын, бірақ білім қорының көлеміне қарай оларды қорытуға жеткілікті икемділіктері болса да алғашқы сыныптарда мектеп бағдарламасын игере алмайды. Психикалық дамуы тежелген балаларды жан-жақты зерттеу 1960 жылдардан басталады: осы жылдары енгізілген міндетті орта білім беру жүйесіндегі өзгерістер, жалпы білім беретін мектептердің бағдарламаларының күрделенуі көптеген балалардың сабақ үлгерімін төмендетті. Тіптен кейбіреулері бағдарламаны игере алмады, білім сапасы төмендей бастады [1].

Осы кезде шет елдерде оқу үлгерімінің сапасы, білім деңгейін көтеру бағытында ғылыми зерттеулер қалыптаса бастады. АҚШ, Англия, Германия сияқты дамыған мемлекеттерде сабақ үлгерімі төмен, оқуға ынтасы аз балаларды ғылыми психологиялық, педагогикалық тәсілдермен зерттеу арқылы «оқу қабілеті төмен, оқуда қиындықтар кездесетін», «педагогикалық дұрыс тәрбие алмаған», «тәртібі бұзылған», «бейімделмеген», «миында болмашы зақымданулары бар» балалар деген топтар айқындала бастады.

Мектеп жасындағы бұл балалардың бәріне тән кемістік – үлгермеушілік. Оның басты себебі: бастауыш сыныптарда анық байқалатын психологиялық әрекеттердің кейбір түрлерінің тежелуі немесе уақытша қалыптаспауы. Бұл ауытқу көбінесе 5–6 жастан 11–12 жас аралығында кездеседі. Олардың кемақылдылықтың жеңіл түрлері кездесетін балалардан ажырату үшін, Сухарева Г.Е «психикалық дамуы тежелген балалар (ПДТБ)», немесе біздің елдегі дефектология саласында қалыптасқан психикалық дамуы тежелген»

деген терминді енгізді [2]. Бұл термин осы уақытқа дейін қолданылады. Бұл балалардың интеллектуалды дамуының зақымдану дәрежесі – олигофрения мен интеллектісі қалыпты дамыған балалардың арасындағы аралық орын алады, (яғни, интеллектісі кемақылдылықтан жоғары, ал қалыпты дамыған интеллектіден көп төмен). Психикалық дамудың тежелуі уақытша болуы да мүмкін. Интеллектуалды жетіспеушіліктің туа біткен жеңіл түрлері де болады, осындай түрдегі балалар мен ересек адамдарды конституционалды ақымақтар деп атайды.

Психикалық дамуы тежелген балалардың кемістіктерінің негізгі себептері, психологиялық-педагогикалық мінездемеге тоқталып кетсек. ПДТ-інің себептері кемақылдылықтың себептеріне ұқсас, бірақ олардың әсері жеңілдеу. Анықталған негізгі этиопатогенетикалық себептерге тоқталсақ: нәрестенің анасының құрсағында дамуы кезеңінің бастапқы немесе соңғы айларында әр түрлі зиянды себептердің оның миына әсер етуі; нәрестенің босануы кезінде сүйегі мен миының жеңіл зақымдануы; бала туғаннан кейін, әсіресе алғашқы айлары мен жылдарда әр түрлі соматикалық немесе жұқпалы аурулармен ауыру; отбасында дұрыс тәрбие мен күтімге көңіл бөлмеу; психогенді жағдайларының кері әсерінен де пайда

болуы мүмкін: бала ата-анасынан айырылғанда, толық эмоционалды қарым-қатынастың болмауынан; жаңа туған нәрестелерді мен жас балалардың тастанды балаларға арналған балалар үйлерінде дұрыс тәрбиеленбеуі; мейірім мен жақсы көріп еркелету – сүйіспеншілік сезімдердің жетіспеуі; сияқты және басқа да зиянды себептер баланың психикасының қалыптасуын тежейді, әсіресе эмоционалды - жігер әрекеттерін төмендетеді, содан барып инфантилизм қалыптасады.

ПДТ балаларды жіктеу тәсілдері.

Қазіргі уақытта балалардың ПДТ жан - жақты клиникалық, психологиялық және педагогикалық бағыттарда зерттелген, оның клиникалық белгілері анықталған. Осы бағыттағы зерттеу жұмыстарында Сухарева Г.Е., Власова Т.А., Певзнер М.С., Лубовский В.И., Лебединская К.С. жоғарыда көрсетілген топтардағы балалардың бәрінде әр түрлі дәрежеде психикалық функциялардың тек тежелуі ғана болатынын анықтады. Осымен қатар, ПДТ балаларда кездесетін этиопатогенетикалық өзгерістердің сапасы көрсетіледі Ең негізгісі, бұл балалардың орталық жүйке жүйесіндегі өзгерістер күрделі емес, жеңіл, өтпелі екені анықталды. Кейбір жағдайда мида патологиялық өзгерістер тіптен байқалмайды, тек қана оның әрекеті әр түрлі себептердің салдарынан уақытша нашарлайтыны анықталды [3].

ПДТ бар баланың жеке басын қалыптастыруда эмоционалды (сезімдік) даму дәрежесіне, сонымен қатар нейродинамикалық бұзылуларға (астениялық және церебрастениялық жағдайлар) байланысты М.С. Певзнер мен Т.А.Власова психикалық дамудың тежелуінің негізгі 2 түрін анықтады [4].

А) Психикалық және психофизикалық инфантилизм негізіндегі ПДТ (жүкті кезеңдегі баланың орталық жүйке жүйесіне зиянды әсер етумен байланысты).

Б) Баланың өмірінің ерте кезеңінде түрліше патогенді (ауру туғызатын) факторлардың нәтижесінде пайда болған, баланы астениялық және церебрастениялық күйге әкелген ПДТ.

Ал К.С.Лебединская клиникалық зерттеулерінің нәтижесінде психикалық дамудың тежелуінің төмендегідей клиникалық түрлері айқындалған:

1. Конституционалды немесе гармониялық инфантилизм түрінде қалыптасатын ПДТ. Бұл топтағы балалардың негізгі клиникалық белгілері эмоциялары мен жігерлік қасиеттерінің тежеліп, жас жағынан көп кіші балаларға тән мінез, еркелеу, қуаныш - реніш, аңқаулық, сенгіштік сияқты психикалық ауытқулар. Керісінше, өз жастарына тән іс-әрекеттерге (оқу, жаттау, ойлану, сапалы іс бітіру, жауапкершілік) ынталары болмайды.

2. Соматогенді ПДТ. Бұл топтағы балалардың психикалық дамуының тежелуінің негізгі себептері: баланың іштен туа немесе жүре келе жүрек, бүйрек, өкпе ауруларымен жиі ауыруы, созылмалы аурулардың асқынуы, жүйке ауруларының әсері сияқты соматогендік зақымданулар балаларда астениялық жағдайларды қалыптастырады. Осыдан барып, балалардың психикалық тонусы төмендеп, оның дамуы тежеледі. Жиі кездесетін клиникалық белгілері: әлсіздік, дәрменсіздік, қорқақтық, өзіне-өзінің көңілі толмаушылық, жалтақтаушылық.

Көптеген балаларда жоғарыда келтірілген кемістіктер отбасындағы тәрбиенің дұрыс болмауынан, баланы қорқытып, жәбірлеп, ұрып - ұрсып, қорқытып өсіруінен болса, ендігі бір жағдайда ата-ананың баланы қорғаштап, оның айтқанын істеп, шамадан тыс еркелетіп, олардың өз бетімен талаптанып, ойланып, шынығуына тиісті жағдай жасалмағандықтан.

3. Психогенді ПДТ. Бұл топтағы балалардың психикалық дамуының тежелуінің негізгі себебі: баланың жас кезінде отбасылық жағдайда немесе әр түрлі созылмалы жүйке ауруларының салдарынан психикалық күйзеліске ұшырауы. Баланың эмоционалды және жігерлік әрекеттері өте төмен. Бала ынжық, өзіне сенімсіз, әр нәрсеге, әр адамға күдікпен қарайды, жалтақтап, сезіктеніп тұрады.

ПДТ бар балаларды жазуға үйрету жалпы білім беретін мектептерге арналған бағдарламаның тарауы бойынша берілген әдістемелік ұсыныс негізінде құрастырылады. Сонымен, психикалық дамуы тежелген балалардың психологиялық және педагогикалық мінездемесінде өздерінің жас ерекшеліктерінен әлдеқайда төмен ой өрісі мен таным қабілеттері анықталып отыр. Көптеген авторлар нақты осы балалар категориясын зерттей отырып, оның кемақылдылықтан ерекшеліктері бар екендігін дәлелдей алды. Оларды дамыту мен түзету жұмыстарымен қамтыса, және ынталандырушы қолдау жасаса, балалардың жалпы білім беру бағдарламасына көшуге мүмкіндіктері болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә.Назарбаев «Мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтары және оларды қамтамасыз ету заңы» Астана 11 шілде 2002 жыл

2. Ұ.Нұрманбетова, Қ.С.Тебенова, Н.Н.Омарова «Мамандыққа кіріспе, (Дефектология)», Қарағанды, ҚарМУ 2016, 264б.

3. Қ.С.Тебенова, А.Р.Рымханова «Арнайы психология», Алматы «Дәуір», 2010. 264б.

ӘОЖ 721:580.1

МЕКТЕПТЕГІ РУХАНИ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЛИМАТ

ОРДАБАЕВА РАУШАН БІЛӘНҚЫЗЫ

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің доцент м.а., ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье содержательный характер психологической ситуации в коллективе определяется взаимоотношениями людей, их настроением, ситуацией, удовлетворенностью выполняемым вместе трудовым процессом, поэтому эмоциональная оценка имеет большое значение при описании психологической ситуации.

Summary. In the article, the meaningful nature of the psychological situation in a team is determined by the relationships of people, their mood, situation, satisfaction with the work process performed together, therefore emotional assessment is of great importance when describing the psychological situation.

Ұжымдағы психологиялық ахуалдың мазмұндық сипатын адамдардың өзара қарым-қатынасы, олардың көңіл-күйі, хал-жайы, бірлесе атқарған жұмыс процесіне көңілі толуы айқындайтын болғандықтан психологиялық ахуалды сипаттауда эмоциялық бағаның маңызы зор. Жағымды әлеуметтік-психологиялық ахуал қалыптасқан педагогикалық ұжым қолайлы моральдық-психологиялық ауа-райымен, жылы шырайлылықпен, парыз бен жауапкершілікті құрметтеумен өзара талапшылдықпен, сергектікпен ерекшеленеді. Сондықтан да А.С.Макаренко ұжымдағы өзара қатынастағы сергек көңілді екпінге баса мән берген.

Әлеуметтік-психологиялық ахуал ұжым мүшелерінің бірлескен іс-әрекет пен өзара қатынас процесінің сипатын танытатын ұжымның сезімдік-психологиялық жағдайларының жүйесін білдіреді. Әлеуметтік-психологиялық ахуалды осылай түсіне отырып, оның төмендегідей негізгі қызметтерін атауға болады.

Психологияда қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуалдың басты көрсеткіштерін айқындау бағытында зерттеулер жүргізілуде. Бір жағдайларда көрсеткіш ерекшеліктері ретінде тұлғааралық, адамгершілік, сезімдік, құқықтық өзара қатынастар қарастырылса, ендігі бір жағдайларда ұжымдық әрекет тиімділігінің барынша жалпы сипаттамасына баса мән беріледі.

Мекеменің әрбір бөлімі, бөлігі тиімді әрі өнімді жұмыс жасаулары қажет. Әрбір бөлімнің жазбаша түрінде сапа стандарты болуы керек және ол орындалуға тиіс. Тігінен – ұжымның әрбір мүшесі мекеменің, оның басшысының миссиясын жақсы білуі керек, ал оның мақсатының кейбір тұстарын білу міндетті емес. Көлденеңнен – бағдарлама, бөліктер арасында бәсекелестік болмауға тиіс, мекеменің басқа бөлімдерінің мақсатын және қажеттілігін түсіну.

Педагогикалық жүйенің құрылымдық элементтері педагогикалық ұжым және оның жетекшілерінің немесе басқарушы жүйенің іс-әрекеті негізінде анықталады.

Басқарушы жүйе құрылымы төрт деңгейге бөлінеді:

I деңгей – мектеп директоры, мектеп кеңесі, оқушылар комитеті, қоғамдық ұйымдар жетекшілері. Бұл деңгей мектепті дамытудың стратегиялық бағытын анықтайды.

II деңгей – мектеп директорының орынбасары, мектеп психологы, әлеуметтік педагог, қоғамдық пайдалы еңбекті ұйымдастырушы, аға жетекшілер, мектеп директорының шаруашылық жөніндегі көмекшісі, өзін-өзі басқаруға қатысатын органдар мен бірлестіктер.

III деңгей – мұғалімдер, тәрбиешілер, сынып жетекшілері.

IV деңгей – оқушылар, сынып және жалпы мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару органы. Бұл деңгейдің бөлінуі мұғалімдер мен оқушылардың арасындағы қатынастың субъект-субъектілік сипатын көрсетеді. Оқушы өзара әсерлесу объектісі бола отырып, өзінің дамуына субъект рөлін атқара алады.

Басқарылатын жүйеде негізгі орын оқушылар ұжымына беріледі. Мұнда басқарудың екі деңгейін анықтауға болады: тігінен – жалпы мектеп ұжымы және сыныптар ұжымы. Көлденеңнен – қоғамдық ұйымдар, спорттық секциялар, шығармашылық, бірлестіктер, үйірмелер, бригадалар және т.б.

Ал, педагогикалық жүйенің функционалдық компоненттері жеке-дара өмір сүрмейді, мұғалім іс-әрекетімен бірлесе жүреді. Функционалдық компоненттер: педагогикалық талдау, мақсат қою және жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау, реттеу мен түзету – бұлар педагогикалық процесті қозғалыста, өзгерісте сипаттайды (дамыту мен жетілдіру).

Басқаруға тән басты ерекшелік – бұл жұмысқа барлығының: әкімшілік, мұғалімдер, оқушылардың бірдей араласуы. Мұндай жағдай басқару қызметінің мазмұны мен нәтижесіне үлкен әсерін тигізеді, себебі бұл істің қалаған сатысында қай деңгейде болмасын, басқарушы адам өз әрекетінің кез-келген сәті мен жүйенің қалпы тек оның шешіміне тәуелді болмайтынын мойындауы тиіс.

Басқару әдістерінің негізгі топтамасы төмендегідей:

1) педагогикалық қызметкерлерді экономикалық тұрғыдан қызықтыру (еңбек өтілі мен сапасына орай, біліктілік санаты мен атақ-дәрежелеріне сәйкес жалақы беру);

2) әкімшілік-ұйымдастыру әдістері (орындаушылар қызметтерінің шек-өлшемін белгілеу, нұсқаулар, бұйрықтар беру және т.б.);

3) психологиялық-педагогикалық ықпал жасау (кеңес, өтініш, тілек білдіру, алғыстар жариялау) және әсерлендіру (жанға жайлы психологиялық ахуал қалыптастыру, шығармашылық пен ынталылық сезімдерін көтеру, білім мекемесінің әлеуметтік даму болашағы жөніндегі болжамдармен таныстыру);

4) қоғамдық ықпалдарды пайдалану (педагогтар мен оқушыларды білім мекемесін басқаруға араластыру);

5) қоғамдық әсер әдістері (ұжымда демократияны нығайтып, басқалармен қатынаста шыдамдылық сақтау, мекеме қызметкерлерінің беделі мен мәртебесін ұлықтау).

Мектеп басқарудың жаңашылдық аспектілері М.М.Поташник, И.И.Циркун, Н.Р.Юсуфбекова, Ш.Т.Таубаева, Т.М.Баймолдаев және т.б. еңбектерде талданған.

Ал ғалым М.М.Поташник: «Басқару – мектептің қалыптасуын, тұрақтануын, тиімді қызмет етуін көздейтін мақсатты іс-әрекет» – деген анықтама береді.

К.П.Вазинаның пікірінше, басқару – нақты бір мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін қалыптасуға жауап беретін жүйенің қызметі.

Педагогикалық басқару әлеуметтік мақсатта жүзеге асады, ол адамдардың іс-әрекетін басқару мен олардың бірігуіне қатысты болады.

Басқару субъектісінің қызметтер жиынтығын басшылық деп атайды. Атақты ғалым

Ю.А.Конаржевский мектепшілік менеджменттің жетекші заңдылықтары ретінде аналитикалық, мақсаттылық, ізгілікті, басқару демократиялығы мен мектеп жетекшілерінің әртүрлі басқару іс-әрекетіне дайындығын атап көрсетеді. Басқару заңдылықтарынан шығатын қағидалар мектеп жұмысын басқарушылар үшін негізгі қағидалар ретінде қызмет етеді.

Басқарудың жалпы қағидаларына жататындар:

1) педагогикалық жүйелерді басқаруды демократизациялау мен ізгілендіру;

2) басқарудағы жүйелілік пен тұтастық;

3) орталықтандыру мен таратуды ұштастыру;

4) бірыңғай және алқалық басқару бірлігі;

5) педагогикалық жүйелерді басқарудағы ақпараттар объективтілігі мен толықтығы.

Директор және басқа да басшылардың оқу-тәрбие процесін нақты басқару қызметтері белгілі принциптерге негізделіп орындалады. Ол принциптер төмендегідей:

1) Педагогикалық жүйелер басқаруын демократияландыру және гуманизациялау. Бұл басшылардың, мұғалімдердің, оқушылар мен олардың ата-аналарының өзіндік іс-әрекеттері мен ынтасының дамуына жол ашады. Ал бұлардың орындалуы пікір алмасу және басқару шешімдерінің қабылдануына байланысты жариялылықты қажет етеді.

2) Орталықты басқару мен өзіндік басқаруларды оңтайлы үйлестіру. Мұндай басқару үйлесімдері әкімшілік және қоғамдық органдар басшыларының іс-әрекетін мектептің бүкіл ұжымы мүддесіне орай жүргізілуін қамтамасыз етеді: басқару шешімдерін талқылау және қабылдауды, кәсіби деңгейде іске асыруға жағдайлар жасайды; жүйедегі барша құрылымдық бөлімдерді өз жұмыстарында бірін-бірі қайталаудан құтқарып, әрекеттерін жоғары деңгейде орайластырып баруға мүмкіндік береді.

3) Жеке басқару және ұжымдасқан жетекшілік бірлігі. Бұл принципті ұстанудағы мақсат – біртұтас педагогикалық процесті басқару барысында субъективизм мен әміршілдікке жол бермеу. Ұжымдасқан жетекшілік сонымен бірге тапсырылған іске деген ұжым мүшелерінің әрбірінің жеке жауапкершілігін жоққа шығармайды. Ол жеке басқару тәртібін, педагогикалық процесс қатысушыларының өз өкілеттіктерін нақты шектеп, ретімен орындап жүруін қадағалайды.

4) Педагогикалық кеңес – мектеп басқарудағы ұжымдық орган. Педагогикалық кеңес педагогикалық ұсыныстарды, идеяларды, инновацияны ұйымдастырады, мектепшілік біліктілікті арттыру, мұғалімдердің шеберлігін насихаттауда биік міндет атқарады.

5) Педагогикалық кеңес барлық білім беру саласындағы мекемелердің бәрінде өтеді. Үш мұғалім бар жерде, негізгі шешуші орган бола алады. Ол оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру мен жүргізу әдістерін талқыға салады. Оның арқарушы міндеті жалпы білім беретін мектептердің педагогикалық кеңесі нұсқауына сай жүргізеді. Педагогикалық кеңестің негізгі мақсаттарының бірі – барлық ұжым бірлігін оқу-тәрбие жұмысында педагогика ғылымдарының жетістігін, озат тәжірибелерді пайдалана отырып, жоғары сапалы көрсеткіштерге жету.

Педагогикалық процесті басқару – қойылған мақсатқа сәйкес шешім қабылдау, ұйымдастыру, бақылау, басқару объектісін зерттеу, алынған ақпараттарды талдау және қорытындылау іс-әрекеті болып табылады.

Басқару объектісі биологиялық, техникалық, әлеуметтік жүйелер бола алады. Білім беру әлеуметтік жүйеге жатады және елдің, өлкенің, облыстың, қаланың және ауданның аумағында қызмет етеді. Сондықтан басқару субъектілері министрлік, облыстық, қалалық, аудандық білім беру басқармалары болып бөлінеді. Жалпы орта білім беретін мектептер күрделі динамикалық жүйе ретінде мектепшілік басқару объектісі болып табылады.

Мектепшілік басқару – тиімді нәтижелерге қол жеткізу мақсатында тұтас педагогикалық процестің объективтік заңдылықтарын тануға негізделген; оған қатысушылардың мақсатты, саналы өзара әсерлесуі.

Тұтас педагогикалық процесс қатысушыларының оны басқарудағы өзара әсерлесуі өзара байланысты: педагогикалық талдау, мақсат қою және жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау, реттеу мен түзету тәрізді әрекеттер мен функциялардан тұрады.

Қазіргі білім беру жүйесінің дамуындағы бір ерекшелік – білім беру мемлекеттік-қоғамдық басқару болып табылады.

Білім беру жүйесін мемлекеттік басқару сипаты төмендегідей қағидалар (принциптер) жиынтығымен анықталады:

- 1) білім берудің ізгілік сипатта болуы;
- 2) білім беру жүйесінің ұлттық мәдениеттерді және салт-дәстүрлерді мемлекеттік тараптардан қорғауы;
- 3) білім берудің жалпыға бірдейлігі;
- 4) білім берудің зиялылығы;
- 5) білім берудегі еркіндік пен плюрализм;
- 6) білім берудің демократиялық сипатта болуы.

Мектеп іс-әрекетін ұжымдық басқару органы – мектеп кеңесі басқарады. Оның атқаратын функциялары мен жұмыс мазмұны жалпы білім беру мекемесінің типтік ережелерінде көрсетіледі.

Мектептің жоғары жетекші органы – конференция, жылына кем дегенде бір рет шақырылып отырылады. Мұнда мектеп кеңесі, оның төрағасы, іс-әрекет мерзімі анықталады және мекеме Жарғысы қабылданады. Конференциялар аралығындағы жетекші орган рөлін мектеп кеңесі атқарады.

Педагогикалық жүйенің бастысы болып табылатын, маңызды жүйе құраушы фактор – баланың тұлғалық күштерін үйлесімді дамытуға, оның өзін-өзі анықтауына және өзін-өзі дамытуына жағдайлар жасауға бағытталған мұғалімдер мен оқушылардың біріккен іс-әрекет мақсаты болып табылады. Мектеп мақсаты – тұлғаның интеллектуалдық, құлықтық, эстетикалық, еңбектік, экологиялық, құқықтық және басқа да мәдениетін қамтитын базалық мәдениет негіздерін қалыптастыру болып табылады.

Жүйе құраушы ретіндегі нәтиже – жекелеген оқушылардың да, тұтастай алғандағы оқушылар ұжымының да тәрбиелік деңгейін анықтауды қамтамасыз ететін неғұрлым тұрақты және нақты өлшемдер жиынтығымен анықталады. Мұндай өлшемдердің болуы қойылған мақсатты оның жүзеге асырылу күйімен салыстыра отырып, мұғалімнің, педагогикалық іс-әрекетке қатысушыларың іс-әрекеті жолдарын түзетуге мүмкіндік береді.

Педагогикалық процестің тиімділігін көрсететін маңызды көрсеткіштер – педагогикалық және оқушылар ұжымдарындағы моральдық-психологиялық ахуал, ата-аналар мен оқушылардың педагогикалық деңгейлері болып есептеледі. Педагогикалық жүйенің әлеуметтік-педагогикалық жағдайларын жалпы және арнайы жағдайлар деп екіге бөлуге болады. Жалпы жағдайларға: әлеуметтік, экономикалық, мәдени, ұлттық, географиялық жағдайлар; ал арнайы жағдайларға: оқушылардың әлеуметтік-демографиялық құрамы, мектептің тұрған жері, материалдық мүмкіндіктері, жабдықтар, ол тұрған жердегі қоршаған ортаның тәрбиелік мүмкіндіктері жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Т.В.Паньшина, Ж.Ж.Айтпаева Педагогикалық менеджмент Алматы, 2012 ж.
2. Баймолдаев Т.М. Мектепшілік басқаруды ұйымдастыру құрылымы.- Алматы, 2005 ж.

ӘОЖ 37.496 (044)

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕСІНЕ ЫҚПАЛ ЖАСАЙТЫН ӘЛЕУМЕТТІК ФАКТОРЛАР

АБИТОВА КИЯЛ ШАРИПХАНОВНА

№32 орта мектебінің педагог-психологы, педагог-зерттеуші,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

АБАЙ БАУЫРЖАН

№32 орта мектебінің 8 сынып оқушысы, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются социальные факторы, влияющие на национальное образование школьников.

Summary. The article examines social factors influencing the national education of schoolchildren.

Қазіргі кезде мектептің тұтас педагогикалық процесінде халық педагогикасын пайдалану бойынша мол тәжірибе қалыптасқан. Негізгі мақсат – жас ұрпаққа қазақ халқының әдет-ғұрпын, салт-санасын, ұлттық өнерін, дәстүрлерін меңгерте отырып, оларды оқушылардың бойына дарыту, ұлттық мінез-құлық, қадір-қасиетін қалыптастыру. Өйткені еліміз үшін жас ұрпақтың өнерлі, іскер, жігерлі, намысты өсуі айрықша маңызды болып табылады.

Ғасырлар бойы әдет-ғұрып дәстүрге айналып, ұрпаққа ақыл-сана беретін, атадан балаға тұрмыс-тіршілігіне өнеге болып, ауызша жалғасып келе жатқан қазақтың қанына сіңген тәрбиелік қағидасын халықтық педагогика дейміз. Халықтық педагогика жас ұрпаққа өмір тәжірибесінен халықтың сенім, наным-танымынан жинақтап, әдеп пен өнеге беру үшін атадан-балаға ауызша жалғасып келе жатқан қағида, оны жасаушы – халық. Қазақ халқының тәлімдік мәні зор ой-толғаныстары бесік жыры мен батырлық эпостарда, ертегілер мен мақал-мәтелдерде, аңыздарда, шешендік сөздер мен айтыс термелерде көптеп кездеседі. Мұндағы ұрпақ тәрбиесінің негізгі түйіні – адамгершілік – имандылық, ақыл-ой, еңбек, эстетика, дене, отбасы тәрбиесіне байланысты мәселелерге келіп тіреледі.

Халық мұрасының танымдық мәні – ұлан-ғайыр дүние. Ол тұтастай алғанда жас ұрпақ үшін ғана емес, адам өмірінің барлық кезеңінде мәнді, адамзаттың рухани – эстетикалық қуатының қайнары. Оның ішінде тікелей бала тәрбиесіне байланысты, баланың жан-дүниесінің қалыптасуына негіз болатын дәстүрлер көп-ақ. Халық өз бойындағы ең жақсы қасиеттерін жеткіншек ұрпаққа күнделікті тұрмыста үйретіп, бала бойына сіңіріп отырған. Халықтың тілін, салтын, дәстүрін бойына дарытқан ұрпақ тәрбиелеу үшін халық педагогикасын оқу-тәрбие жұмысына негіз етіп алуға болады. Халық педагогикасын келер ұрпаққа айтар ақылы, ұсынар үлгісі, берер тәлім-тәрбиесі сол елдің күйі, би, музыкасы, фольклорлық шығармалар арқылы ежелгі ойын-той думанында салт-саналық дәстүрлерінде насихатталған. Яғни, әр халықтың бала тәрбиесіндегі өзіне тән дәстүрі ұлттық мұра арқылы көрініс береді.

Қ.Бөлеевтің тұжырымдауынша: «.. ұлттық тәрбие терминін ендіру педагогика ғылымында өз шешімін тапқан жоқ. Ол этнопедагогика ғылымында ендірілуі тиіс. Өйткені этнопедагогика ұлттық тәлім-тәрбиені жинақтайтын, оны қорытындылап, жүйелейтін теориясымен сипатталатын ғылым саласы. Ұлттық тәрбие – жеке тұлғаның ұлттық сана-сезімі мен мінез-құлқының, ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрін меңгеруі негізінде қалыптасқан этнопедагогиканың саласы.» - деп анықталады [1].

Қ.Бөлеев болашақ мұғалімдерді, білікті тәрбиешілерді даярлау және қайта даярлау мен жетілдіру жұмыстарына арналған арнайы бағдарламалар мен нақты шараларды қолға алу арқылы ұлттық тәлім-тәрбиенің мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарында жүзеге асырудың тиімділігін арттыруға болатынын атап көрсетеді.

К.Оразбекованың пікірінше, болашақ қоғамымыздың құрылысшыларын дайындайтын дарынды, парасатты, жоғары мәдениетті, жан-жақты дамыған жеке тұлғаларды қалыптастырудың негізі ұлттық тәрбие болуы шарт деп санайды. Ол: «..ұлттық тәрбиенің тәлімдік негіздері Адам атадан бастау алып, бүкіл өмірі-өлеңге, өлеңі-өмірге айналған жыраулар арқылы жалғасын тауып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп

отырды...», -деп, ұлттық тәрбиенің бүгінгі таңда ұлттың идеологияны қалыптастыруда шешуші рөл атқаратынын атап өтеді [2].

К.Ж.Қожахметова ұлттық тәрбиені этникалық тәрбиеге қарағанда кең ұғым деп қарастыра отырып, мынадай анықтама береді: ұлттық тәрбие-жалпыхалықтықты ұлттық сипаттармен біріктіре алатын ұлттың азаматтарын, мүшелерін қалыптастыру: олар тілді, мәдениетті білумен қатар қазіргі заманға сай білімді де игеруі қажет [3].

Оқушылардың ұлттық тәрбиесіне ықпал жасайтын әлеуметтік факторлар сан қырлы. Оған ұлт тарихы, ұлттық материалдық және рухани мәдениет, халық фольклоры, дәстүрлер мен салт-жоралғылар, ұлттық психологияның элементтері, саясат пен қоғам идеологиясы әсер етеді. Осы тұрғыдан ұлттық тәрбиені қалыптастыратын мәселелердің өрісі жайлы айтылып жүр. Мұның арасынан тек мектеп оқушылары ғана емес, жоғары білімді мұғалімдерді ұлттық тәрбие беруге дайындаудың теориясы мен практикасының қолға алынуы құптарлық нәрсе. Дегенмен, осы кешенді құбылыстардың арасынан ұлттық тәрбие процесінде ұлттық психология үлесінің қомақты екендігі дау тудырмаса керек. Мұның өзі — қазіргі егеменді тәуелсіз еліміздің әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайында ерекшеленіп отыр. Оған нарықтық қатынастар дәуірінің өмір салтының психологиялық, дәстүрлік өзіндік қасиеттері қосылады. Соған орай көптеген тарихи-дәстүрлік белгілер жаңа рухымызға, ұлттық тәрбиеге үйлесімді жүзеге асуы қажет.

Алайда, оқытудың этнопедагогикалық сипаты күшейтіліп, сол арқылы балаларға ұлттық тәрбие беру күн тәртібінде тұрғанымен, бүгінгі күні мектептерде халықтық педагогика құралдары арқылы ұлттық тәрбие берудің ішкі мазмұны ашылмай, көмескі күйінде қалып отыр.

Бұлардың өзіндік себептері бар: біріншіден, орта мектепте оқыту үдерісін ұйымдастыруға негіз болатын нормативтік құжаттар мен оқулықтар оқушыларға халықтық педагогика құралдары арқылы ұлттық тәрбие беру мәселесі тиісті дәрежеде қарастырылмауы. Оқыту үдерісінің басты сүйенетіні оқулық екендігі белгілі жайт. Сондықтан оқулықтың сапалы болуы оқушылардың білімдерді дұрыс сол пәннің өзіндік ғылыми құбылыстар мен заңдылықтарын қазақтың халықтық педагогикасы арқылы түсіндірулері сирек.

Бүгінгі таңда мектеп оқулықтары төмендегідей талаптарға сәйкестендіріліп құрылған.

Үйлестірушілік міндет – басқа да ғылым негізінен жасалған білімдерді (саясаттану, психология, педагогика, т.б.) оқу бағдарламасына сәйкес құру.

Ұйытқылық міндет – басқа да оқу-әдістемелік кешеннің ұйытқысы болуы, яғни, оқытудың серіктерін (түрлі дидактикалық кітапшалар, көрнекті құралдар) өзінің жан-жағына жинақтау.

Жүйелілік міндет – оқу үдерісіндегі оқу материалдарының берілу жолдары, ақпараттарды жеткізу тәсілдері жүйелілік қағидасына сүйеніп жасалынады.

Жинақтау міндеті – түрлі әдістемелік заңдылықтар негізінде жасалынған ғылыми-педагогикалық, танымдық- ақпараттық білімдерді баланың оқыту үдерісінде алатын біліміне сәйкес жинақтау.

Бақылаушылық міндеті – мұғалім қызметі арқылы не онсыз, балаларға үйретілетін білімдерді өзіндік тапсырмалар мен жауаптар арқылы білім деңгейін бақылау.

Өздігінен білім алу міндеті. Егер оқушы оқи алатын жағдайда болса, білімді алу ынта-жігерін мұғалім көмегімен не өздігінен қалыптастырады.

Кіріктірушілік міндеті – әр түрлі пәндерден, түрлі ғылым негіздерінен алынған материалдарды оқушының білім алу жас ерекшелік дәрежесіне лайықтап, жинақтап оқытудың мазмұнына енгізу.

Дамыта тәрбиелеушілік міндеті – оқыту үдерісінде оқушыны жеке тұлға ретінде дамыта отырып, тәрбиелеу.

Қатысымдық (коммуникативтік) міндет.– Оқытудың берілген ақпараттарға сүйене отырып, оқыту үдерісінің күрделілігіне сәйкес оқушы тілінің негізінде тілдесіп, сөйлесім әрекеттерін жетілдіру, сөйлем міндеттерін игерту.

Түрткілік міндет – оқыту үдерісіндегі оқуға деген оқушылардың қызығушылық қасиеттеріне түрткі боларлық материалдарды лингвостатистикалық әдіспен іріктеп, жинақы түрде енгізу.

Ақпараттық міндет–оқыту мазмұнына, құрылымына оқыту үдерісінде баланың жас ерекшелігіне сәйкес ақпараттар енгізу [4].

Оқулықтарды түзуде ғылымилық сипатқа баса мән беріліп, оқулықтың ұлттық сипатына аса мән берілмеген. Ғалым Ә.Садуақасовтың пікірінше «халық педагогикасының дәстүрлері арқылы ұлттық саналылық, патриотизм, ұлттық мінез» қалыптасады [5]. Демек, оқулықтарды ұлттандыру (халық педагогика құралдарын пайдалану) арқылы оқушыларды ұлттық тәрбиеде тәрбиелеуге болады.

Екіншіден, қазіргі кезеңде оқыту үдерісі кеңестік және шетелдік түрлі әдіс – тәсілдер арқылы оқытылуда. Бұл технологиялар мен әдіс – тәсілдер оқушылардың шығармашылық, логикалық ойлау қабілеттерін дамытатыны сөзсіз. Мұнда ескеретін жайт: мектептерді ұлттық мектепке айналдыруда оқыту

үдерісінде қандай педагогикалық құралдар мен оқыту технологиялары қолданылса, ол ұлттық санаға, оқушылардың ұлттық қабылдау түйсігіне, салт-дәстүрге, тәрбиеге сәйкес келуі басты шарт. Бұл жөнінде төмендегідей тұжырымдаған педагог – ғалым Қ.Бөлеев «Мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие отбасында және мектепте берілуге тиіс. Өкінішке орай, қазіргі отбасындағы тәрбие мен мектептегі тәрбие мен оқыту кеңестік педагогика және шетел педагогикасы арқылы жүргізілуде. Сондықтан ертеңге қазақ ұлты сақталсын десек, отбасы мен мектепке қазақтың ұлттық педагогикасын енгізу керек» [1, Б.68- 69], - деген пікіріне қосыламыз.

Мұндай олқылықтардың орын толтыру үшін оқыту үдерісінде халықтық педагогика құралдарын енгізу керек деген ойдамыз. Оқушыларға ұлттық тәрбие берудің ең негізгі шарттарының бірі оларға оңтайлы жағдай туғызу қажет. Ұлттық тәрбие мен оқыту үдерісінде арақатынасында біздің пікірімізше мынадай әдіснамалық талаптар орын алғаны дұрыс сияқты:

1. Ұлттық тәрбие жалпыазаматтық өнегенің құрамдас бөлігі ретінде өрбуі тиіс.

2. Ұлттық тәрбие өз ерекшелігін шешумен қатар ұлттық шектеушілік пен басқа да тар өрісті белгілерден аулақ болғаны жөн.

3. Ұлттық психологияның ұлттық тәрбиеге ықпалының барысында ескі мен жаңа қасиеттер үйлесімділікті қажет етеді. Оқулықтарға қазіргі заманға сай мысалдар мен тұжырымдар берілуі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау: теориясы және практикасы. –А.: Нұрлы Әлем, 2004.- 304 б.

2. Қожахметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. Докт. дисс.– Алматы: Ғылым, 1998. – 314 с.

3. Оразбекова К.А. Жеке тұлғаға ұлттық тәрбие берудің ғылыми - әдіснамалық негіздері. Пед. ғыл. докторы. ... дис. –Алматы, 2005. -254 б.

4. Зувев Д.Д. Школьный учебник. – М.: Педагогика, 1983. – 239 стр.

5. Сәдуақасов Ә. Қазақ мектептерінің оқу-тәрбие процесінде халық педагогикасы дәстүрлерін пайдалануды ұйымдастыру шарттары Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі алу үшін дайындалған диссертация. –Алматы, 2006.- 186 б.

ӘОЖ 82.43

ТҰЛҒАНЫ ДАМЫТУДЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШТЕРІ МЕН НЕГІЗГІ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

ОРДАБАЕВА ҮМІТ БИЛАНОВНА

Мағжан Жұмабаев атындағы №29 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жуалы ауданы

Резюме. В статье человек – это реальная личность и сознательный член общества, который занимается определенным видом деятельности, осознает свое отношение к окружающей среде и обладает своими уникальными характеристиками, имеет свои специфические взгляды на жизнь, взаимоотношения и личные моральные требования, обладатель души со своими психологическими свойствами.

Summary. In the article, a person is a real person and a conscious member of society who is engaged in a certain type of activity, is aware of his attitude to the environment and has his own unique characteristics, has his own specific views on life, relationships and personal moral requirements, the owner of a soul with his own psychological properties.

Тұлға – адамның бойындағы әлеуметтік қасиеттер, сапалар, белгілі бір іс-әрекет түрімен айналысатын, қоршаған ортаға деген өзінің қатынасын мойындайтын және өзінің дара ерекшеліктері бар нақты адам және қоғамның саналы мүшесі, өмірге өзіндік белгілі бір көзқарастары, қарым-қатынастары бар, жеке моральдық талаптары, өзіндік психологиялық қасиеттері бар жан иесі.

Тұлға – әлеуметтік индивид. Жеке тұлға - әлеуметтік қатынастар мен саналы іс-әрекеттердің субъектісі ретіндегі индивид. Адам қасиетін түсіндіретін тағы бір ұғым – индивид. Бұл сөз латын сөзінен алынған және оның қазақша баламасы – жекелік. Индивид-адамзат тұқымының еш қасиеттері ескерілменген бір өкілін білдіреді. Бұл орайда әрбір адам – индивид. Жеке тұлға – қоғамдық индивид,

біліктіліктің, қызметтің және сөйлесудің субъектісі. Индивид - туа біткен және даму процесі кезінде жинақталған қасиеттің жиынтығы. Индивидтің негізгі қасиеттері: белсенділігі, біртұтастылығы, тұрақтылығы, қоршаған ортамен тек өзіне тән қарым-қатынас жасауы.

Индивид - адамның белгілі бір текке қатынасын көрсетеді, сол тектің табиғи және өзіндік қасиетін іске асырушы болып табылады. Индивид - биологиялық қажеттіліктің жиынтығы. Әлеуметтендіру – мәдени элементтерді түсіндіру, әлеуметтік мұраттар мен құндылықты игеру негізінде жеке тұлға қасиеттерін қалыптастыру. Әлеуметтік бейімделу индивидтің қоршаған орта жағдайларына ыңғайлануы болса, ал әлеуметтік кемелдену өзінің іс-әрекетін жүзеге асыру, тәртіптің қарым-қатынаста тұрақтылығы, тұлғаның өзі туралы пікірі, өз-өзіне баға беруі. Әлеуметтік бейімделу мен әлеуметтік кемелдену міндеттерінің шешімі: егер, ізгілікті орта болса, «барлығымен бірге болу» және «өзімен-өзі болу» мотивтерімен, уәждік қажетсінумен реттеледі.

Л.С.Выготскийдің айтуы бойынша: «Жеке тұлғаның негізгі функциялары қоғамдық тәжірибені шығармашылықпен меңгеру және қоғамдық қатынас жүйесіне қосылу». Тұлға қоғамдық тіршілік иесі сипатында көрініп, тіл игеруі, санасы, әртүрлі әдеттермен ерекшеленеді. Жеке адамдық қасиетке ие болу, оның табиғи биологиялық болмысына емес, қоғамдық қасиеттерге тікелей байланысты. Сонымен «жеке тұлға» дегеніміз - адамның қоғамдық сипатын танытып, оның өмірі барысында өзіне топтаған әлеуметтік сапалар мен қасиеттер жиынтығын білдіреді. В.П.Тугаринов жеке адамның сапалық көрсеткіштері ретінде төмендегілерді атайды: саналылық, жауапкершілік, еркіндік, жеке басының қадірі, даралық, қоғамдық белсенділік пен бекіген саяси-идеялық бағыттылық.

Жеке тұлға дамуы, оған әсер ететін факторлардың ықпалы туралы, қоғамның әртүрлі даму кезеңдерінде әртүрлі көзқарастар, бағыттар болған. Платон мен Аристотель жеке тұлға дамуында тұқымқуалаушылықтың рөлі үлкендігіне баса назар аударып, биологиялық бағыттың дамуы ықпал етті. Сол сияқты XVI ғасырда преформистік бағыт, Джон Дьюидің пікірі бойынша прагматистік, Джон Локтың идеясымен әлеуметтік бағыт болған. С.Л.Рубинштейн зерттеуі бойынша жеке адам өз қылығы мен іс-әрекетін саналы басқаруға мүмкіндік беретін психикалық даму деңгейімен сипатталады, яғни өз әрекетін ойластыра біліп, жауапкершілікті сезіну қабілетінің болуы, өз бетінше дербес іс-әрекетін жасай білуі – жеке адамның мәнді белгілері.

Тәрбие, орта, тұқымқуалаушылық жеке тұлға дамуына әсер ететін әлеуметтік, биологиялық, психологиялық ықпалдар болып табылады. Тәрбие – жеке тұлға дамуындағы басты факторлардың бірі. Тәрбие балалардың жеке және дербес ерекшеліктеріне, дайындығы мен дәрежесіне лайық іске асырылып, тәрбие адамдардың іс-әрекеттерін ұйымдастырады. Ол үшін тәрбиеші алдын- ала жасалған арнаулы жоспар бойынша тәрбие жұмысын мақсатқа бағыттап ұйымдастырып, тәрбиенің құралдары мен әдістерін және формаларын іздестіреді, оларды тиімді етіп пайдаланады. Тәрбиенің рөлін педагогика тарихында, аса артық бағалаушылар да болды.

Жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасу мәселесінің көп ғасырлық тарихы бар. Ол көп аспектілі және әртүрлі ғылымдардың тоғысында қарастырылады. Ертедегі грек ғалымдары жеке тұлғаның дамуына биологиялық факторлармен қоса әлеуметтік факторлар да әсер етеді деп есептеген. Жеке тұлғаның қалыптасу факторлары туралы идеялар келесі дәуірлердің прогрессивті философиялық және психологиялық-педагогикалық пікірлерінде өз жалғасын тапқан (Э.Роттердамский, Я.А.Коменский, К.А.Гельвеций, Д.Дидро, А.Дистерверг, К.Д.Ушинский, Д.Дьюи, Э.Торндайк, П.П.Блонский, А.С.Макаренко, Л.С.Выготский, Э.И.Монозон, Л.И.Божович, С.Л.Рубинштейн, В.В.Давыдов т.б.).

Жеке адамдық дамудың ықпалды көзі – тәрбие, қоршаған орта, табиғи нышандармен қатар тұрса, ол - адам қалыптасуында жетекші фактор. И.П.Подласый: «Тәрбие – қоғамға жеткілікті қалыптасып дамыған жеке адамды бере алатын негізгі күш» – деп баса айтады. Баланың жеке басының дамуы мен қалыптасуына ықпал ететін үш фактордың ішінен тәрбие адамның дамуына орасан күшті ықпал етіп, тұқым қуалаушылық пен ортаның ықпалына белсенді әсер етіп, баланың дамуын қоғам талаптарына сәйкес бағыттап, белгілі бағытта баланың өмірі мен іс-әрекеттерін ұйымдастырады, ортадағы жағдайлардан тұлға дамуына қажетті материалдарды іріктейді, жеке бастың дамуына теріс, зиянды әсер қалдыратын жағымсыз ықпалдардан аластайды.

Осы тұрғыдан келгенде тәрбие – аға ұрпақтың жаңа ұрпаққа қоғамдық тарихи тәжірибені беру процесі, жаңа ұрпақты өмірге, еңбекке дайындау арқылы қоғамның алға қарай дамуын қамтамасыз ететін процесс. Сонымен, тәрбие бала дамуын бағыттайды, басқарады, сондықтан да ол–баланы қалыптастырудағы негізгі күш. Тәрбие негізгі күш болғандықтан, оның жетімсіздігі, әлсіздігі баланың қалыптасуына кері әсер етеді.

Тұқым қуалаушылық – ұрпақтың ата-ананың биологиялық ұқсастығын елестетуі. Кейбіреулері баланың сыртқы пішініне қарап, бірден қалай әкесіне не шешесіне ұқсап қалған деп танданады. Әрине, бұл кездейсоқ нәрсе емес. Өйткені, баланың шашы мен көзінің бояуы, терісінің пигменті, бет келбеті мен

басының формасы, жүрісі мен өзін ұстау қалпы тұқым қуалаушылық арқылы берілетін биологиялық ұқсастықты еске түсіреді. Бала қозғалыс мүшелерін, нерв жүйесінің функциялық қасиеттерін, ал кейде дауыс тембрі, музыкаға, биге, математикаға қабілеттілігі сияқты өте нәзік ерекшеліктерді тұқым қуалау арқылы алады.

Табиғи орта - бұл түрлі табиғат жағдайының адам тұрмысына, қызметіне ықпал жасауы. Жылы және суық климат жағдайы халықтардың тұрмысына, әрекетіне елеулі ықпал етеді. Климаты ыстық жерлерде егін шаруашылығымен, ал солтүстікте балық, бұғы шаруашылығымен айналысады. Табиғат жағдайына байланысты олардың мінез-құлықтарында ерекшеліктер байқалады.

Әлеуметтік орта - жеке адамның мінез-құлқының дамуына ықпал жасайтын әлеуметтік қатынас, олардың көп қырлы іс-әрекеттері. Адамның өзіндік өзгертуші іс-әрекеті – тұлғаны қалыптастырудың негізгі факторы. Тұлғаның дамуына әсер ететін іс-әрекет түрлері: ойын, оқу, еңбек, таным. Іс-әрекет – адамның қоршаған ортаға деген белсенді қатынасының бір формасы немесе қоршаған орта мен субъектінің өзара қатынасының динамикалық жүйесі. Ойын – бала әрекетін дамытудың негізгі құралы. Ойын баланың мінез-құлқын қалыптастырып, ой-өрісін өсіріп, ортаға бейімделіп, өзін еркін сезінуге үйретеді. Ойын – балалардың бір-біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерін тәрбиелейді. Бастауыш мектеп кезеңінің негізгі іс-әрекет түрі оқу іс-әрекеті болып табылады. Баланың мектеп табалдырығын аттағандықтан, бұл кезең оның қатынастарының барлық жүйесін жанамалай бастайды.

Оқу іс-әрекетінің негізінде бала адамзаттың өндірген іскерліктерін меңгере бастайды, өз жұмысын көпшілік үшін міндетті ережелерге бағындыру дағдыларына бой ала бастайды. Адам іс-әрекетінің негізгі түрі – еңбек болып табылады. Ал еңбек әрекетіне араласқан адамның басты ерекшеліктерінің бірі – оның еңбекке қабілеттілігі, ал кез келген еңбек түрі іс-әрекет болып табылады. Адам еңбектің қай түрімен айналысса да, өмірге ең алдымен қайраткер, іскер және жасампаз болып келеді. Оның арнайы әрекеті еңбекте, еңбек іс-әрекетінің актісі түрінде қалыптасады.

Еңбек – тәрбиенің жалпы жүйесінің құрамды бөлігі. Еңбекке тәрбиелеу, баулу және кәсіптік бағдар, оқуға деген саналы көзқарасты тәрбиелеудің, азамат болып өсудің, жеке адамды адамгершілік және зиялылық жағынан қалыптастырудың негізгі көзі болып табылады. Еңбекке тәрбиелеу барысында еңбекке деген дағдыны, іскерлік, төзімділік қалыптасып, кейін жаппай іс-әрекеті түрінде байқалады. Еңбек дегеніміз – адамдардың материалдық және рухани қажетін қанағаттандыратын қоғамдық пайдалы өнім өндіруге бағытталған іс-әрекет.

Таным іс-әрекеті оқушының ой-өрісін кеңейтіп, дүниені тануының маңызды құралының бірі - білім алуға, өздігінен білім алуға ынталандырып, ақыл-ойдың дамуына, ғылым-білімдерді жүйелі меңгеруге көмектеседі. Таным оқу процесінде негізгі іс-әрекет болып табылады. Баланың дамуы барысында жеке тұлғаның танымдық белсенділігінің өрісі кеңейіп, тереңдей түседі.

Жеке тұлға қалыптастырудың философиялық-әдіснамалық негіздері. Адам қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Өйткені ол айналасындағылармен қарым-қатынас жасау процесінде ғана қалыптасады, қоғамдық тәрбие арқылы адам белгілі мазмұнға ие болады. Адам санасының дамуы қоғамның дамуымен байланысты. Жеке тұлға - әлеуметтік қатынастар мен саналы іс-әрекеттердің субъектісі ретіндегі индивид. Адам қасиетін түсіндіретін тағы бір ұғым – индивид.

Тұлғаның қалыптасуына әсер ететін факторлар. Тәрбие, орта, тұқымқуалаушылық жеке тұлға дамуына әсер ететін әлеуметтік, биологиялық, психологиялық ықпалдар болып табылады. Тәрбие - жеке тұлға дамуындағы басты факторлардың бірі. Тәрбие балалардың жеке және дербес ерекшеліктеріне, дайындығы мен дәрежесіне лайық іске асырылып, тәрбие адамдардың іс-әрекеттерін ұйымдастырады. Ол үшін тәрбиеші алдын ала жасалған арнаулы жоспар бойынша тәрбие жұмысын мақсатқа бағыттап ұйымдастырып, тәрбиенің құралдары мен әдістерін және формаларын іздестіреді, оларды тиімді етіп пайдаланады. Тәрбиенің рөлін педагогика тарихында, аса артық бағалаушылар да болды.

Тұлғаның дамуының қозғаушы күштері, іс-әрекеті, құндылық бағдары. Тұлғаның дамуына әсер ететін іс-әрекет түрлері: ойын, оқу, еңбек, таным. Мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балалардың дамуы мен ерекшеліктері

Мектепке дейінгі балалық шақ, бастауыш мектеп шағы, жеткіншектік және жасөспірімдік шақ кезеңдерінде балалардың өсу, даму және тәрбие барысында болатын кейбір өзгешеліктері мен ерекшеліктерін еске ала отырып, мектеп және отбасы олардың іс-әрекетін тиімді етіп ұйымдастыру тиіс.

Мектепке дейінгі балалық шақта балалардың сүйектері қатайып, бұлшық еттері өседі, дамиды. Бұл кезде балалар күнделікті тұрмысқа байланысты жеңіл еңбекке қатысады. Олардың сүйек, бұлшық ет жүйесі ұзақ уақытта еңбекті көтермейді. Сондықтан ата-аналар балалардың күш-қуатын еске алып, еңбек тәрбиесінің түрлеріне бірте-бірте үйрету тәсілдері арқылы жаттықтыруы қажет

Бастауыш мектеп жасына дейінгі балалардың дамуы мен ерекшеліктері. Оқушылардың түрлі іс - әрекеттерін жүзеге асыру үшін, оларды барлық ықтимал мүмкіндіктерін іске қосу керек. Осыған орай, тәрбиеші мына жағдайларды ескеруі қажет: кейбір баланың өз мүддесін ғана ойлауын ғана болдырмау, өз мүддесін ұжым мүддесімен ұштастыра білуге үйрету; баланы әртүрлі жағдайда болатын өзгерістерді басынан өткізе білуге баулу; баланы өмірді даму күйінде көре білуге үйрету, т.б.

Бастауыш мектеп шағында баланың дене, психикалық дамуында кейбір ерекшеліктер байқалады. Олардың бұлшық еттерінің күші артады, сүйектері қалыптасу сатысында болады, мидың үлкен жартышарының функциялары дамиды. Бұл жастағы балалар үшін еңбектің тәрбиелік мәні өте зор.

Жеткіншектер мен жасөспірімдердің дамуы мен тәрбиесінің ерекшеліктері. Жеткіншектік шақта балалардың денесі тез өседі, бұлшық еттері жетіліп дене қаңқасында сүйектену процесі жүреді. Бұл жастағы балаларды кейде өткінші кезеңдегі немесе қиын жастағы балалар деп атаудың өзі де кездейсоқтық емес. Жеткіншек шақ - ең қиын, ең тынышсыз, ұшқалақ шақ, балалардың қоғамдық белсенділігі дамиды, саяси ой-өрісі кеңиді, өздерінің жауапкершіліктерін түсініп, терең білім алуға талаптанады. Үлкендермен қарым-қатынас, мүмкіншіліктерін ескермей, ойланбай асығыс шешім қабылдау орын алып жатады.

Жасөспірімділік шақта жастардың организмі – қаңқасы мен бұлшық еттері, ішкі органдары тегіс дамиды. Бұлшықеттері мен жұмыс қабілеті үлкендердің нормасына жақындайды. Бұл кезеңде жастар Отан, қоғам алдында тұрған әлеуметтік-саяси және мемлекеттік міндеттерді шешудегі күреске белсене қатысады. Кәмелеттік жасқа жеткен балалар өмір жолына көз жібереді, өздерінің келешек мамандығын саналы түрде таңдап алуға тырысады. Олардың мамандыққа ықыласының бірте-бірте қалыптасуы түрлі іс -әрекеттеріне жауапкершілігін арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Әбенбаев С., Әбиев Ж. Педагогика. Оқу құралы. - Астана: Фолиант, 2009 ж.
- 2.Бабаев С.Б., Оналбек Ж.К. Жалпы педагогика: оқулық. – Алматы. 2011 ж.

ӘОЖ 28.71

САЛАУАТТЫ ӨМІР СҮРУ САЛТЫНЫҢ НЕГІЗГІ БИОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ПРИНЦИПТЕРІ

АЛИМБЕКОВ РЫСБЕК ТҰРЫСБЕКҰЛЫ

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье реализация формирования здорового образа жизни является основной задачей здравоохранения. Но без юридической и финансовой поддержки со стороны государства такая программа будет реализовываться очень медленно.

Summary. In the article, the implementation of the formation of a healthy lifestyle is the main task of healthcare. But without legal and financial support from the state, such a program will be implemented very slowly.

Салауатты өмір салтын қалыптастыруды жүзеге асыру денсаулық сақтаудың басты жұмысы болып табылады. Бірақ құқықтық және қаражаттық жағынан мемлекет тарапынан қолдау болмаса, мұндай бағдарлама өте баяу жүзеге аспак.

Кез-келген өмір салты белгілі бір принциптерге негізделген. Бұл әр адамның биологиялық және әлеуметтік принциптеріне сай жүріс-тұрыс ережесіне айналуы тиіс.

Биологиялық принцип өмір салтының жас ерекшелігіне сәйкес ағзаны энергетикалық күш-қуатпен қамтамасыз ету мен бірқалыпты болуына жауап береді.

Әлеуметтік өмір салты болса, адамгершілік, эстетикалық тәрбие, күш-жігер, өзін-өзі шектеу қабілеттерімен қамтамасыз етеді.

Екі аспектінің жиынтығы ағзаның биологиялық және әлеуметтік тұрғыдан дамуын, сондай-ақ оның қоршаған ортамен тығыз байланыста болуын құрайды. Ендеше, ең негізгі өмірге қажетті ережелер:

1.Өмірдік кез келген жағдаяттарда (жұмыс, тұрмыс, отбасылық қарым-қатынас, қоғамдық және мәдени өмір) жағымды психологиялық көңіл-күй және оптимистік көзқарас қалыптастыру.

2.Әр адамның болмысын айқындайтын еңбек қызметінің жоғары нәтижелілігін ұйымдастыру.

2.Қимыл белсенділігі.

3.Бірқалыпты өмір салтының тәуліктік биоырғақпен үндесуі.

4. Дұрыс қартаю – келеңсіз жағдайларды дұрыс ұйымдастыра пайда болған табиғи құбылыс.

5. Денсаулықтың жоғары көрсеткішіне ие болу мақсатында зиянды әдеттерден аулақ болу.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру жолдарын тиімді пайдалану үшін барлық мүмкін әдістерді жүзеге асырған абзал. Салауатты өмір салтын қалыптастыру тек денсаулық сақтаудың міндеттері ғана емес, жоғарыда айтылғандай білім берудің, отбасылық тәрбие мен жеке бастық үлгінің, әлеуметтік қорғаудың да міндеттері болмақ. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының зерттеулері бойынша келесі статистикалық санақ анықталды: адамның денсаулығының 50-55% өмір салтына, 20-23% тұқым қуалайтын факторге, 20-25% экологиялық факторге, 8-10% медицинаға байланысты екен. Осы деректерге сүйене отырып, дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін төмендегі принциптерді ұстануды талап етеді:

1. Көп мөлшерде малдың майынан тұратын тағамнан, көп тұз бен қантты пайдаланудан, мөлшерден тыс ішімдік ішуден бас тартып, дұрыс тамақтануды әдетке айналдыру. Мұның бәрі салмақты бірқалыпты ұстауға септігін тигізеді.

2. Физикалық жаттығу, көп жаяу жүру, таза ауада жүгіру, жас ерекшелікке сәйкес спортпен орынды айналысу белсенді өмір сүру қағидалары болып табылады.

3. Күйзелісті барынша болдырмауға күш салу, психологиялық бірқалыпты жағдайды ұстану, көңіл-күйді мүмкіндігінше бақылап отыру, психологиялық тұрғыдан үміт үзбей, үнемі болашаққа сеніммен қарауды негізге алу. Осы айтылғанның барлығына көбіне әлеумет ықпалы етеді, сонымен қатар сол әлеуметте үйлесімді өмір сүрудің де әсері зор.

4. Зиянды әдеттерден бас тарту (ішімдік, нашақорлық, темекі).

«Салауатты өмір салты» деген ұғым тек үстіртін көз қарасқа ғана жай дүние болып көрінуі мүмкін. Тән- тамақты шамалап жесең, барынша еңбектенсең, уақытында дем алсаң болғаны дегендей ұғымды білдіреді. Бірақ істеген ісіңнің, еңбек тәртібін сақтаудың мейлінше пайдалы болуы үшін әркімнің психологиялық ерекшеліктерінің де әсері зор екенін ескерген жөн. Тек психологиясы сау адам ауруды болдырмауды, ауырған күнде қайтсе де одан арылуды мақсат етеді. Адамның ақыл-ойы, оның істеген ісіне, жұмыскерлігіне әсер ететіні, керісінше бір жері қатты ауыратын болса, ол адам тынышсызданатыны, мінез-құлқының өзгеретіні де белгілі. Тіпті біреулер аурушаң келетін болса, екіншілері ауруы болмаса да ауруының барлығына өзін-өзі сендіріп, дәрігердің абайламай айтқан сөзіне сеніп, өзінше жобалап, мазасызданып жоқ ауруды өзіне бар дейтіндер де аз емес. Мұндай ауруларды медицинада ятрогендік (сендіруден болатын) ауру деп атайды. Кейде ауру күйзеліс жағдайды басынан кешірген немесе қатты ренжіген адамның ауыратыны да кездеседі. Осы айтылғанның бәрі тән саулығын және әлеуметтік саулықты сақтау үшін психикалық саулықтың қажет екенін көрсетеді.

Салауатты өмір салтын насихаттауда және сәбилердің, жасөспірімдердің, жастардың өмір дағдыларын қалыптастыруда білім беру жүйесінің рөлі айрықша. Салауатты өмір салтының негізін, оның нормалары мен ережелерін қалыптастыру мектепке дейінгі және мектептегі тәрбиелеу мен оқыту кезеңдерінде жүргізілуі керек. Осы кезеңде жеке тұлғаның әдептілік, адамгершілік, рухани, адалдық қасиеттері мен гигиеналық дағдылары қалыптасады.

Адам баласы өзін қоршаған ортаның құбылыстарын, оның пайда болуы мен даму себептерін шындық тұрғысында танып білді. Ол ғылымда ашылған әртүрлі құбылыстардың заңдылықтарын ғылыми пәндер негіздерінде айқын таниды. Дүниетанымда адамның сенімі мен мұраты үлкен рөл атқарады. Сенім болмаған жерде өмір болмайды. Сенім — терең, таиянақты ойланып айтылатын идеялардан жиынтыты. Әртүрлі идея адам сенімінің негізгі, шындықты терең тануы. Оның соңынан еріп отыру қажет. Сенім жеке адамның өмірлік ұстанымының беріктігін анықтайды, мінез-құлқын сипаттайды. Дұрыс сенім, дұрыс іс-әрекет кепілі. Адам мұраты - адам баласының жоғары мұрат-мақсаттары өмірге ұмытылушылығы, талаптанушылығы. Жан және тән саулығы адамның жалпы жеке денсаулығының ажырамас бөлігі болғандықтан ұдайы үйлесімді бірлікте болуға тиіс. Тән саулығы жан саулығына ықпал етеді және рухани бақылау тән саулығын сақтау үшін қажетті шарттарды жасайды.

Адам денсаулығының басты құрайтын көздері оның рухани және тәндік жағдайы болып табылады. Әлеуметтік көздерін құрайтындар әлеуметтік байланыстар мен жеке адамдар арасындағы қарым- қатынасты көрсетеді және адамның рухани саулығының ажырамас бөлігі болып табылады. Жан саулығы - бұл біздің ақыл-ойдың, тәніміздің, денеміздің саулығы. Ақыл-ой - бұл қоршаған әлем мен өзінді тану қабілеті, бұл болған оқиғалар мен құбылыстарды талдау, өз өміріңе негізгі ықпал ететін аса ықтимал оқиғаларды болжау, қойылған міндеттерді шешуге, өз мүдделеріңді, өміріңді және шынайы қоршаған ортаның саулығын қорғауға бағытталған үлгі (бағдарлама) жасай білу. Дүниетанымның қалыптасуы ұзақ және күрделі үрдіс. Сондықтан да ол адам өмірін түгел қамтиды. Нәтижесінде жеке көзқарастар және сенім жүйесі дамиды қалыптасады, олар жеке адамның әрекет

жасауына басшылық етеу. Дүниетаным тек оқу процесінде немесе тәрбие процесінде ғана дамып қалыптаспайды. Ол күнделікті өмірде, тартыс-таласта, отбасында да қалыптасады. Бірақ ол ғылыми дүниетанымға сүйеніп таразыланады. Әрине, оған жоғарыда көрсеткеніміздей өзіндік көзқарас, сенімнің атқаратын рөлі ерекше. Шәкірттердің дүниетанымын қалыптастыруда сол дүниетанымның өзіндік атқаратын қызметін білгеніміз жөн. Оқушылар дүниетанымының қалыптасуда мектептің іс-әрекетінің басты бағыты зерттеу.

Қоғам дамуының жаңа сатысында тәрбиеге ықпал жасайтын факторларға бір жақты, тиым салу тұрғысынан қарауға кейін қайта құру, жаңарту кезеңіндегі болып жатқан жағдайды пайдалану. Барлығымыз біретінде әр адам өмірде белгілі принциптерді ұстанып өмір сүреді. Оларға байланысты жүреді, тұрады, бергілі бір күнтүзбе бойынша барлық өмірдегі жұмысын, қызметтерін орындайды. Олардың өмірдегі көздеген мақсаттары, армандары сәйкес келе бермейді. Әр адамның өзінің өмір сүру стилі мен ұстанып жүретін принциптері бар.

Адамның физиологиялық мүмкіншіліктері мен психологиялық қасиеттеріне байланысты. Өмір сүру стилі менімше бұл, мысалға алсақ адам белгілі бір күнтүзбемен, принциппен өмір сүреді. Яғни өзіне белгілі бір уақытта спортпен шұғылданады, мектепке барады, кітапханаға барады, жұмысқа барады, демалады, паркке немесе зоопаркке, бассейнге, түрлі үйірмелерге қатысады. Осының барлығы адамның өмір сүру принципін анықтайды. Ал ол өз кезегіне өмір сүру стилін құрудың негізгі критериясы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Әбенбаев.С. Тәрбие теориясы мен әдістемесі.-Алматы,2005.
- 2.Муқанов.И.Салауатты өмір салтын қалыптастыру.-Қазақстан мектебі,№6,2008.
- 3.Оқушыларға салауатты өмір салтын қалыптастыру бағдарламасы.- Қазақстан мұғалімі,14 қазан,2006.

ӘОЖ 37.521 (021)

САБАҚТЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДА ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

КЕМБАЕВА РОЗА ЖУНИСБЕКҚЫЗЫ

Ш.Смаханұлы атындағы №44 орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Интерактивные методы обучения основаны на межличностных отношениях и направлены на развитие личности. При этом формируя познавательную активность и самостоятельность поиска, развивается дальше.

Summary. Interactive teaching methods are based on interpersonal relationships and are aimed at personal development. At the same time, forming cognitive activity and independence of search, develops further.

Егер оқушы мен компьютер арасында тығыз қарым-қатынас байқалса, бұндай оқытуды интерактивті деп атайды. Әдетте, мұндай қарым-қатынас оқушылар қандай да бір тапсырманың шешімін табуға тырысқан кезде байқалады. Интерактив – ағылшынның «өзара әрекет» деген сөзінен шыққан.

Интерактивті оқыту әдістері тұлғааралық қарым-қатынасқа негізделі отырып, «жеке тұлғаны дамытуға бағытталатын» қазіргі білім беру парадигмасын қанағаттандырады. Сонымен бірге таным белсенділігі мен ізденіс дербестігін қалыптастырып қана қоймай, ары қарай дамытады. Интерактивті оқыту әдістері дәстүрлі оқыту әдістерінен оқу үрдісінде оқушылардың өзінің өмірлік тәжірибелерін пайдалану арқылы есте берік сақтауымен, мәліметтерді талдап, жинақтау арқылы жеке және кәсіптік қабілеттерін аша алуымен ерекшеленеді.

Интерактивті оқытудың басты мақсаты – оқушыларды өз бетінше тапсырманың жауабын табуға үйрету. Оқушыларға дайын жауаптарды берген кезде олардың ақыл-ой белсенділігі өспей қалады. Ал, әлдебір мәселені өздері шешіп үйренген кезде ақыл-ой белсенділігі артады.

Дегенмен, интерактивті оқыту қажетті ақпаратты игеруге уақытты көбірек бөлуді, бағалауда жаңа, күрделі өлшемдерді қолдануды қажет етеді және оқушылардың танымдық іс -әрекетін басқаруда тәжірибесі аз мұғалімдерге көптеген қиындықтар туғызады.

Интерактивті әдістің мақсаты – тек ақпаратты беру ғана емес, оқушыларға жауаптарды өз бетінше табу дағдысын меңгерту.

Психолог-ғалымдардың айтуынша, оқушылар білімді төрт түрлі жағдайда алады екен:

- дайын білімді қабылдап алу
- зерттеу барысында жаңалық ашу
- әр түрлі жағдайда әсерді сезіну
- синтез арқылы бұйым құрастыру немесе өнім жасау.

Интерактивті оқыту әдістері оқушыларға рольдік ойындар арқылы әр түрлі жағдайда әсерді сезінуге жол ашады, әртүрлі білімдерді синтездеу кезінде шығармашылық өнім жасауға жағдай жасайды, дегенмен түрлі ситуациялар мен мәліметтерді талдап, сараптап, зерттеу барысында жаңалық ашуға көбірек мүмкіндік береді.

Интерактивтіліктің түрі анықталған, олар:

Реактивті интерактивтілік: оқушылар бағдарлама ұсынған сұрақтарға жауап береді. Тапсырмалар реті белгілі бір ережеге сүйеніп, өте қатаң түрде анықталады (оқытудың сызықтық моделі);

Іс-әрекетті интерактивтілік: оқушылар бағдарламаның жұмыс істеуін өздері басқарады. Олар тапсырмаларды ұсынылған ретпен орындауды не бағдарлама көлемінде өз бетінше іс-әрекет етуді өздері шешеді (оқытудың сызықтық емес моделі). Сызықтық емес модель қашықтан оқытуда тиімді болады;

Өзара интерактивтілік: оқушы мен бағдарлама бір-біріне бейімделуге қабілетті («Басқарылатын ашықтық» модель). Бұл модель оқып-үйренушіге кездесетін әртүрлі кедергілерді жеңе отырып зерттеу жүргізуге, жеке есептерді шешуге мүмкіндік береді. Бұндай түрдегі бағдарламаларға жаттықтыратын және практикумдық оқыту бағдарламалары және т.б. мысал бола алады.

Бұл модельдердің үшеуінде де оқушы және бағдарлама тарапынан бақылау деңгейі әртүрлі. Реактивті деңгейде оқып-үйренушінің іс-әрекеті бағдарламамен анықталады. Ал, іс-әрекеттік, әсіресе, өзара деңгейлерде басқару және қимыл-әрекет қолданушының өз еркінде.

Интерактивті әдістің негізін интерактивті жаттығулар мен тапсырмалар құрайды. Интерактивті жаттығулар мен тапсырмалардың әдеттегілерден басты айырмашылығы олар меңгерілген материалды тек бекітуге ғана емес, жаңаны оқып-үйренуге бағытталған.

Іскерлік ойын - кәсіби қызметтің түрлі жағдайларын (экстремалды жағдайды қоса алғанда) оны орындаудың жаңа тәсілдерін іздеу әдісімен модельдеу құралы. Іскерлік ойын адамның белсенділігі мен әлеуметтік өзара әрекеттесудің түрлі аспектілерін имитациялайды. Ойын сондай-ақ тиімді оқыту әдісі болып табылады, өйткені оқу пәнінің (объектінің) абстрактілі сипаты мен кәсіби қызметтің нақты сипаты арасындағы қайшылықтарды жояды. Пайдалану мақсаты:

- танымдық кәсіби уәждер мен мүдделерді қалыптастыру;
- жүйелі ойлауды тәрбиелеу;
- эмоциялық-жеке қабылдауды ескере отырып, кәсіби қызмет және оның ірі фрагменттері туралы тұтас түсінік беру;
- ұжымдық ойлау және практикалық жұмысқа оқыту, әлеуметтік қарым-қатынас пен қарым-қатынас дағдыларын, жеке және бірлескен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру;
- іске жауапкершілікпен қарауға, жалпы қоғам мен ұжымның әлеуметтік құндылықтары мен ұстанымдарын құрметтеуге тәрбиелеу;
- модельдеу әдістеріне, соның ішінде әлеуметтік жобалау оқыту.

Іскерлік ойын жұмыстың арнайы әдістерінің көмегімен қатысушылардың шығармашылық белсенділігін ынталандыру, талқылаудың арнайы ережелерін қолдану арқылы күрделі мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Оқытудың инновациялық (интерактивті) әдістерін қолдану мүмкін жағдай бойынша зерделеу, талдау және шешімдер қабылдау болып табылады. Осылайша, кейстер нақты әрі шынайы материалға негізделген далалық жағдайлары және креслолы (ойдан шығарылған) кейстер бар. Білім алушылар жағдайды талдап, проблемалардың мәнін түсініп, мүмкін болатын шешімдерді ұсынып, олардың ең жақсысын таңдап алуы тиіс.

Әдіс артықшылықтары:

- оқушылардың аналитикалық ойлауын дамытады;
- мәселені шешуге жүйелі көзқарасты қамтамасыз етеді;
- дұрыс және қате шешімдердің нұсқаларын бөлуге, оңтайлы шешімді табу критерийлерін таңдауға, ұжымдық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді;

- білім алушыға алған барлық теориялық білімін нақты практикалық жағдайлармен сәйкестендіру оңай;

- оқуға жұмбақ, құпия элементтерді енгізеді;

Тренинг - интерактивті оқыту түрі, оның мақсаты қарым-қатынаста тұлғааралық және кәсіби мінез-құлықтың құзыреттілігін дамыту болып табылады. Тренингтің артықшылығы - ол барлық қатысушыларды оқыту процесіне белсенді тартуды қамтамасыз етеді. Тренингті өткізуге қойылатын талаптар:

- тренингке қатысушылардың оңтайлы саны 20-25 адам;

- тренинг қатысушыларының саны бойынша сәйкес келетін орын «тренинг шеңбері» бойынша орналасқан, бұл оның қатысушыларының белсенді өзара іс-қимыл жасауына ықпал етеді;

- кез келген тренингтің басында қатысушылардың осы сабақтың мақсаттары мен міндеттерімен танысу міндеттілігі; бірінші сабақта «танысу» жаттығуын өткізу және «келісімді» қабылдау - топ жұмысының негізгі ережелері;

- достық сенім атмосферасын құру және оны бүкіл тренинг барысында қолдау;

- тренинг барысында барлық қатысушыларды белсенді қызметке тарту;

- әр қатысушының сезімдері мен пікірлерін құрметтеу;

- тренингке қатысушыларды марапаттау; - қатысушыларды жаттықтырушының (оқытушының) өз пікірін білдірместен, олардың алдына қойылған мақсатқа жету үшін жеткізу;

- тренердің тренингтің әр кезеңінің уақыт шеңберін сақтауын қамтамасыз етуі;

- теориялық материалдар мен интерактивті жаттығулардың тиімді үйлесуін қамтамасыз ету;

Мультимедиа - әр түрлі формада (мәтін, графика, дыбыс, бейне, анимация) ұсынылған ақпаратты біріктіруге және онымен интерактивті режимде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін компьютердің аппараттық және бағдарламалық құралдарының кешені. Мультимедиялық жабдықты қолданудың басты мақсаты оқу материалын бейнелі қабылдау арқылы терең есте сақтауға қол жеткізу, оның эмоциялық әсерін күшейту, нақты әлеуметтік-мәдени ортаға «тереңдей батуды» қамтамасыз ету болып табылады. Бұл мультимедиа проекторды, интерактивті тақтаны және қамтамасыз ететін компьютерді пайдалану есебінен жүзеге асырылады.

Мультимедиялық технологиялар анимацияны, суреттерді, мәтіндерді және оқулықтың басқа да нысандарын пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл технология пәндер бойынша тәжірибелік жұмыстарды виртуалдық түрде көрсетуге, көрінбейтіндерді «көрсетуге» немесе жанды етіп көрсету үшін қауіпті тәжірибелерді өткізуге мүмкіндік береді. Мультимедиялық есте сақтау процесін жеңілдетеді, сабақты қызықты әрі жан-жақты ширақ етуге, белсене қатысуға мүмкіндік береді, көлемді және жарқын көріністердің қалыптасуына ықпал етеді.

Білім берудің негізгі мақсаты - білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, белсенділігін арттыру мақсатында интерактивті тақтаны пайдаланып сабақ өткізудің көптеген мүмкіншіліктері бар. Интерактивті тақта – бұл компьютердің қосымша құрылғыларының бірі және де дәріс берушіге немесе баяндамашыға екі түрлі құралдарды біріктіретін: ақпараттың кескіні мен қарапайым маркер тақтасын біріктіретін құрал. Интерактивті құралдарды сабаққа пайдаланғанда дидактикалық бірнеше мәселелерді шешуге көмектеседі:

- Пән бойынша базалық білімді меңгеру;

- Алған білімді жүйелеу;

- Өзін - өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру;

- Жалпы оқуға деген ынтасын арттыру;

- Оқушыларға оқу материалдарымен өздігінен жұмыс істегенде әдістемелік көмек беру.

Бұл технологияны оқу материалын хабарлау және оқушылардың ақпаратты меңгеруін ұйымдастыру арқылы, көзбен көру жадын іске қосқанда арта түсетін қабылдау мүмкіндіктерімен қамтамасыз ететін әдіс деп қарауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.С.А.Мухина, А.А.Соловьева. Нетрадиционные педагогические технологии в обучении Ростовна-Дону 2004. 348с.,

2.Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. –М. Высшая школа. 1995. - 336с.

2.Жайлауова М.К. мектепте интербелсенді оқыту формалары мен әдістері/ Молодой ученый. – 2015. - №8.2

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

ИСМАИЛОВА МАРЖАКУЛЬ КАЛДАНОВНА

Амангелді атындағы орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

Резюме. Особенностью работы с одаренными детьми является формирование личности конкурентоспособной, образованной, предприимчивой, обладающей развитой системой мышления, высокой моралью, склонной к логическим выводам, умеющей свободно мыслить, умеющей много работать для достижения цели.

Summary. The peculiarity of working with gifted children is the formation of an individual who is competitive, educated, enterprising, has a developed thinking system, has high morals, is inclined to make logical conclusions, is able to think freely, and knows how to work hard to achieve the goal.

Дарындылық – адамның өз бейімділігі арқылы, шығармашылықпен жұмыс істеу арқылы қалыптасатын қасиет. Дарындылық пен қабілеттіліктің не екенін, оқушы дарындылығын анықтайтын психодиагностикалық әдістемелердің тиімділігін, нәтижелілігін білетін мұғалім ғана дарынды оқушымен нәтижелі жұмыс істей алады. Көбінесе «дарынды оқушы - бұл жақсы оқитын оқушы» деген пікір қалыптасқан.

Белгілі ағылшын психологі П.Торранстың зерттеулері бұл пікірдің мұғалімдер арасында жиі кездесетінін анықтады. Оларға оқуда қиыншылық туғызбайтын, тәртіпті, ұйымшыл, білімді, тұрақты, ұғымтал, өз ойын нақты және түсінікті жеткізе алатын оқушылар көбірек ұнайды. Ал қисынсыз сұрақ қоятын, өз жұмысымен ғана айналысатын, тәуелсіз, көбіне түсініспеушілік туғызатын, қияли, әр нәрсеге көзқарасы бөлек оқушылар ұнамайды. П.Торранстың зерттеулері нақ осы қасиеттер оқушының шығармашылық дарындылығын көрсететін және оның нашар оқитын оқушылардың арасында да аз емес екендігін айқындаған.

Дарынды балалармен жұмыс жасаудың ерекшелігі: заман талабына сай бәсекеге қабілетті, білімді, іскер, ойлау жүйесі дамыған, адамгершілігі жоғары, логикалық тұжырым жасауға бейім, еркін ойлай алатын мақсатқа жету үшін еңбектену білетін жеке тұлғаны қалыптастыру. Олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқа жету- оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады.

Баланың дарындылығын анықтап, олармен жұмыс жасау қалай жүзеге асырылуы керек?

- Дарынды оқушыны таңдаған кезде оқушының жеке құжаттарын, мінездемесін сынып журналын зерттеу;
- Оқушының сабақтағы, сабақтан тыс кездегі іс-әрекетіне бақылау жасап, талдау жүргізу;
- Әр түрлі әдістерді пайдаланып оқушы білімін тексеретін жұмыстарды ұйымдастырып, баланың білім деңгейін анықтау керек.

Дарындылық – табиғи және тәрбиелеу барысындағы дарындылық болуы мүмкін, сондықтан да оның қалай пайда болғанына қарамастан диагностикасы болу керек. Осы тұрғыда мектеп психологының ролі артады, олар педагогтарға көмек көрсетуі қажет.

Дарынды балаларды айрықша оқшауландыратын ерекшеліктер:

ақыл-ой еңбегіне бейімділік;

жоғары зерттеушілік қабілеті мен танымдық мотивация, білімі;

жаңа хабарды ұдайы қабылдауға ұмтылыс яғни танымдық қажеттілік.

Бақылаулар көрсеткендей, жоғары танымдық қажеттілік баланың өз талпынысымен болады. Дарынды балалар қиын тапсырмаларды құштарлықпен оңай орындайды. Дайын жауаптарды ұнатпайды.

Жаңашыл педагогтер оқушының жеке тұлғалық абыройын барынша құрметтеуге, оның шығармашылық қабілеттері мен бейімділіктерін, өздігімен ойлау қабілетін дамытуға, жағымды эмоциональдық педагогикалық үрдісті қалыптастырып, одан педагогикалық зорлықтың барлық түрін аластатуға бағытталған ізгіліктік стратегиясымен сипатталады.

Мұғалімнің де дарынды оқушылармен жұмыс жасау бейімділігін де диагностикалау қажет, яғни «субъект-субъект» парадигмасының орындалуы, оқушы мен мұғалім арасындағы синергетикалық педагогиканың басшылыққа алынуы қажеттігінде.

Дарынды оқушымен жұмыс мұғалімнің өзіне, қызметіне және кәсіби біліктілігіне жаңа, жоғары талаптар қояды. Мұғалімнің іскерлігіне қойлатын талаптар:

- дарынды оқушыны анықтау әдістерімен жұмыс жасай алуы;
 - дарынды оқушыларды (жекелей және топпен) оқытуға арналған бағдарлама құрастырып, сонымен тұрақты жұмыс істей білуі;
 - оқушы дарындылығын дамытуға қажетті зерттеу жұмыстарын жүргізе алуы;
- дарынды оқушыны оқытудың нәтижесін нақты бағалай білуі;
- дарынды оқушының ғылыми –ізденіс жұмыстарымен айналысуына жетекшілік етуі;
 - дарынды оқушыны олимпиадалар мен сайыстарға дайындауда жетістікке жете алатындай деңгейде жұмыс жасауы.

Бұл мақсаттар мен міндеттерді орындау үшін мынандай жұмыс түрлерін жүргізуді жоспарлауға болады:

1. Оқушымен жасалынатын жұмыстың икемді және ұтқыр жоспарын құру;
2. Жеке пәндерді оқытуда тәуелсіз қозғалыс жасау;
3. Дарынды оқушының өзінің жұмысын өзі жоспарлап, шешім қабылдауына ықпал ету;
4. Дарынды оқушының қызығушылығына байланысты оқу жоспарын құру;

Осындай жұмыс түрлерін ұйымдастыруда мынадай мәселелерге баса назар аудару керек:

1. Пән сабақтарында шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды іріктеу, орындау, талдау жұмыстарын жүйелі жүргізу.
2. Дарынды оқушылардың білім деңгейі мен олардың өз мүмкіндіктерін пайдалану көрсеткішін арнайы әдістемелер бойынша жүйелі түрде тексеріп отыру.
3. Сабақтан тыс мезгілінде жүргізілетін жұмыстарды- пәндік олимпиада, ғылыми конференцияға, интеллектуальдық турнирлер мен шығармашылық байқауларға дайындық жұмыстарын жыл бойы жоспарлы жүргізу керек.

Дарындылықты анықтаудың психологиялық жолдары:

Ертедегі Қытайда дарынды балаларды «Шэнь тон», яғни киелі бала деп атаған. Расында дарынды балаларды киелі бала деп атауға болады. Бірақ осы дарынды балаларды дер кезінде байқап, оларға дұрыс жол сілтеу қажет.

Жалпы педагогика-психология ғылымында «дарындылық» мәселесіне қазіргі таңда көп көңіл бөлінуде. Дарынды бала-ол өзі жаңа болжамдар мен идеяларды, теорияларды, схема, зерттеулер жасай білетін қабілеті бар болуы шарт. Басқа сөзбен айтқанда, дарындылық-ол жоғары потенциалы бар, шығармашыл тұлға; өзінің алдына ғылыми-техникалық мәселелерді қойып және оны өздігінен шеше білетін адам.

- И.С.Лейтес қабілетті балалардың үш категориясын көрсетті. Олар:
1. Ақыл-ой деңгейінің жоғарлығы ерте кезден байқалатын балалар.
 2. Мектептің жекеленген пәндеріне және әр түрлі іс-әрекетіне қабілетті балалар
 3. Қабілеттері айқындалмаған потенциалды балалар.

Дарынды баланың дарынды ересектен ерекшелігі – ол әлі толық қалыптаспаған тұлға, оның болашағы анықталмаған. Оның қабілеттерін дамыту қажет. Платон, А.Кастлер, Ф.Гамильтон сияқты ғалымдар дарындылық туа біткен қасиет деген. Декорт, Гообс, Локк сияқты ғалымдар дарындылық адам баласының даму барысында тәрбиеге байланысты дейді. Сонымен дарынды бала-ол кім?

Психологиялық педагогикалық зерттеулердің нәтижесі бойынша дарынды баланың бейнесі анықталды.

Дарынды балалардың ерекшеліктері:

Дарынды бала өзгеше және шапшаң ойлайды.

Дарынды оқушылардың ішкі сезімі жағынан өзгешелігі өте сезімтал, ықлас қойған нәрсесін, тақырыбын әр жерде негізгі мәселе етіп ұсынады.

Дарынды оқушылардың физикалық тұлғадан ерекшелігі дамудағы шапшаңдылық ақындарша сөйлеуі жиі-жиі берілуі қиял-күйінің басым түсуі.

Әлеуметтік тұрғыдан ерекшелігі адамгершілік сезімдерінің ерте дамып жоғары моральдық қасиеттерге ие болуы.

Дарынды балаларды қалай тануға болады?

Белгілі зерттеуші Н.С.Лейтес қабілетті балалардың 3 категориясын анықтап берді:

Бірінші категория – ой-өріс қабілеті ерте жастан байқалған оқушылар. Екінші категория – жеке бір іс-әрекет түрі мен белгілі бір мектептегі ғылым түріне қабілеттілігімен көзге түскен оқушылар.

Үшінші категория – дарындылық күш – қажырымен ерекшеленетін оқушылар.

Бұл тек қана теориялық тұрғыдан алғанда. Ал күнделікті өмірде балалармен жұмыс түрлерін жандандырып, отыру мұғалімнің шеберлігіне байланысты.

Барлық жаңа технологиялардың алдымен қоятын мақсаты – оқушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастыру. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын меңгермейінше жан - жақты білгір маман болу мүмкін емес. Жаңа педагогикалық технологияны меңгеру - мұғалімнің зейін-зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу- тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Айтбаева А. «Дарынды бала» мәселелері /А.Айтбаева // Ұлағат.-2005.№3.Б90-93.
2. Аманжолова.Ж «Дарынды оқушылар даярлау жолдары»Бастауыш мектеп.-2005ж. №1. Б.27.
3. Әбдірашитқызы А. «Дарынды оқушылар даярлау жолдары» Б. 19-20

ӨОЖ 37.259.45

СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІНІҢ ҚИЫН БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ЕРЕЖЕПБАЕВА ГҮЛЖАМАЛ БАЙМАХАНБЕТОВНА

Үлгілі орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

АЮБАЕВА САУЛЕ ҚОНЫСБАЕВНА

Үлгілі орта мектебінің еңбек пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. В статье проблема работы с трудными детьми и профилактики проступков рассматривается как одна из важнейших задач школьной деятельности в настоящее время. Классным руководителям следует совершенствовать способы проведения различных занятий с «трудными детьми» при выполнении педагогической и психологической работы.

Summary. In the article, the problem of working with difficult children and prevention of misconduct is considered one of the most important tasks of school activities at the present time. Class leaders should improve ways of conducting various activities with "difficult children" while doing pedagogical and psychological work.

Қиын балалармен тәрбие жұмысын жүргізудің өзіндік топтары бар және олармен тәрбие жүргізудің өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл мәселенің басын шешу ата-анадан, қоғамнан бастау алатыны сөзсіз. Ол үшін отбасы ішіндегі мәселелерді орнықтыру бірінші орында болу керек. Қазіргі жас ұрпақтың болашақтағы еліміздің ертеңі болып табылатын балалардың сана-сезімін, мінез-құлқын, ақыл-ойын дамыту үшін өзін-өзі басқаруды нығайтып ұжымдық, шығармашылық істерге қатыстырудың тәрбиелік маңызы зор.

«Қиын бала» мәселесі – бұл қоғамдық мәселе. Бала «қиын бала» болып дүниеге келмейді, ол жүре пайда болады. Баланың өмірге бейімделу барысында біріншіден ата-ана мен қатар баланың қалыптасып, жетілуіне қатысы бар тұлғалардың бала дамуына көңіл бөлмей, тәрбиесіне мән бермегендігінен пайда болады. Яғни, баланың бұзықтық немесе дұрыс емес іс-әрекетін, мінез-құлқының өзгерісін, өтірік айту, алдау, үйішінде кішігірім ұрлық жасау және тағы басқа жағымсыз жағдайларға дер кезінде тақтауыл жасап, тәрбие жұмысының болмауынан, бала бұл жағымсыз әрекеттерге бейімделу арқылы қиын балаға айналады. Бұл жағдай жас ерекшелігіне қарай күрделеніп, оқушы болған кезеңінде, сабақтан қашу, өзінен кіші балаларға зорлық- зомбылық көрсету, төбелеске дайын тұруы және т.б. қылықтары арқы көрініп мектептегі қиын балалар қатарына ілінеді. Бұндай балалар көбіне мектепте, сынып ішілік лидерлерге

айналады да сынып оқушыларының тәртібі мен сабақ үлгірімінің нашарлауына да септігін тигізеді. Бұндай балалардың санын көбейтпеу үшін не істеу керек, қиын балалармен ата-ана, мектеп басшылары, пән оқытушылары, сынып жетекшісі және ең бірінші болып педагог-психолог маман жұмыс істеуі керек.

«Қиын балалар» деген сөз күнделікті өмірде жиі кездеседі. Қиын балалар – бұл әлеуметтік нормалардан ерекшеленетін қоғамның жеке тобы. Қазіргі уақытта «қиын балалар» термині «қауіп тобындағы балалар» деген сөздермен ауыстырылады. «Тәуекел тобының» балалары, қиын балалар туралы айтқанда, олар әдетте педагогикалық қиындықты білдіреді. Бұл жағдайда көбінесе құбылыстың бір жағы негізге алынады – осындай балалармен жұмыс істеудің қиындығы, ал екіншісі қарастырылмайды – бұл балалардың өмірінің қиындығы, олардың ата-аналармен, мұғалімдермен, жолдастарымен, құрдастарымен қарым-қатынасының қиындығы. Қиын балалар көбіне жақсы оқи алмайды және өзін дұрыс ұстай алмайды.

Олай болса, қиын балалармен жұмыс және тәртіп бұзушылықтың алдын алу мәселесі қазіргі кезеңде мектеп әрекеттерінің ішіндегі маңызды міндеттердің бірі болып саналады. Осы мәселе бойынша педагогикалық-психологиялық жұмыс жасай отырып, «қиын балалармен» әртүрлі іс-шаралар жүргізу жолдарын жетілдіру, оқушыларға құқықтық білім беру, жоғарғы әлеуметтік құқықтың мәдениетін қалыптастырудың тиімді әдіс-тәсілдерін табу және жүргізу қажет. Қиын оқушылармен жүргізілетін жұмыстың алғашқысы әрбір оқушыға күнделік арнау, оны бақылап, зерттеу жұмыстар жүргізу және оның нәтижесін жазып отыру қажет.

Қазіргі қоғам жастардан үміт күтуде. Оларға мектеп те тәрбиеге шақырып, білім алуына жағдайлар жасауға заман талабына байланысты жастарға білім беру мемлекетіміздің басты міндеті, болашақ ұрпақтарымыз білімді, саналы азамат болып шығу, озық мемлекеттердің қатарына қосылу керек. Олай болса, тәрбиені күшейтуіміз қажет.

Көбінесе бала бойынан, санасынан мықты орын алған қиялы ойша жетіліп арманын іске асыратын не асыруға асығатын балалар айналасындағыларды таң қалдыратындай етіп істеуге талпынады. Қазіргі таңда тәрбие нормасынан алшақ, бұзақылық қасиеттерімен ерекшеленетін балаларды қиын бала, девианттық мінез-құлықты бала, ауытқушылығы бар бала және тағы басқа топтап жатқызамыз.

«Қиын» жасөспірімдерді тудыратын себептердің арасында келесілерді бөлуге болады:

- балалармен ерте жастан бастап мақсатты тәрбие жұмысының болмауы;
- өз мүдделері мен қажеттіліктерін білмеу;
- қолайсыз отбасылық-тұрмыстық қатынастар;
- балалардың мінез-құлқына бақылаудың болмауы, балаларға немқұрайлы қарау, назар аудармау;
- жасалған құқық бұзушылықтар үшін жазаның шектен тыс келіспеушілігі немесе қатыгездігі;
- ата-аналардың шамадан тыс жұмыспен қамтылуы;
- ажырасудың «эпидемиясы» (мұндай отбасыларда ата-аналар балалардың теріс қылықтарына мән бермесе, олардан қорқынышты ештеңе көрмесе, ата-анасы жеке өмірін реттеумен айналысса);
- балалармен эмоционалдық қатынасты жоғалту.

Мектептегі тәртіпсіз оқушылары да «қиын» оқушылардың арасына жатады. Олардың зорлық-зомбылық әрекеттері, еркелік, бұзақылық, тәртіпті бұзу арқылы көрінеді. Көбінесе қиын балалар мен жасөспірімдерде бүкіл әлемге, ересектерге және ұжымға қарсылық сезімдері пайда болады. Бала өзін-өзі растаудың жаңа формаларын іздейді, әдетте этикаға жатпайтын, тіпті заңға қайшы келетінін таңдайды. Бала өмірінің көп бөлігін 6 жастан 17 жасқа дейінгі кезеңде мектепте өткізеді, сондықтан мектеп жүйесі қоғамға жат мінез-құлықтың алдын алуға, қиын баланың жеке басын түзетуге, өзін-өзі бекітуге көмектесуге бағыттайды.

Әлеуметтанушы И.С.Кон девиантты мінез-құлықты психикалық денсаулық, құқық мәдениет немесе мораль қалыптарының жалпы қабылданған қалыптардан ауытқыған іс-әрекет жүйелері ретінде қарастырады. Бейімделуші мінез-құлықтың концепциясына сәйкес кез-келген ауытқушылық бейімделудің бұзылуына алып келеді (психикалық, әлеуметтік, әлеуметтік психологиялық, қоғамдық). Девианттық мінез-құлық екі үлкен категорияға бөлінеді. Біріншіден: ол анық немесе жасырын психопотолгиялық барлығын білдіретін психикалық денсаулық қалыптарынан ауытқыған мінез-құлық. Екіншіден: бұл әлеуметтік, мәдени және әсіресе құқықтық қалыптарды бұзатын ассиоциалды мінез-құлық. Мұндай әрекеттер аз болса, олар құқық бұзушылық, ал салмақты болса, әрі жазаланса-қылмыс деп аталады. Бұл жерде делинквенттік (құқыққа қарсы) және қылмыстық іс-әрекеттер туралы айтылып отыр.

С.А.Беличева девианттық мінез-құлықтың әлеуметтік ауытқуын былайша жіктейді:

1. Пайдакүнемдік бағытта: құқық бұзушылық, материалдық, қаржылық, дүние-мүліктік пайда табуға ұмтылумен байланысты (ұрлау, тонау, алып сату, алаяқтық, және т.б) жасаған теріс әрекеттері.

2. Агрессиялық бағытта: адамға қарсы бағытталған әрекеттер (балағаттау, бұзақылық, ұрып-соғу, өлтіру, зорлау)

3. Өлеуметтік-енжар тип: белсенді өмір сүруден қашуға, азаматтық борыштарын өтеуден қашуға, жеке және әлеуметтік мәселелерді шешкісі кемеуге ұмтылу жұмыстан, оқудан бас тарту, кезбелік, маскүнемдік, нашақорлық, токсикомания, өзіне-өзі қол жұмсау).

«Қиын» жасөспірімдермен жұмыстың бірінші кезеңінде педагогикалық диагностика қиын білім алудың себептерін, отбасы мен мектептің тәрбиелік мүмкіндіктерін, қолайсыз жағдайларды, жасөспірімнің рухани әлеміндегі типтік және өзіндік ерекшеліктерін, білім деңгейін анықтауға көмектеседі. Қиын оқушыны зерттегеннен кейін онымен педагогикалық әрекеттестіктің әртүрлі әдістері мен тәсілдерін қолдана отырып, өзара қолайлы байланыс орнату қажет.

Екінші кезең білім беру және қайта тәрбиелеу әдістерін қолдануды көздейтін қайта тәрбиелеу процесімен байланысты. Қайта тәрбиелеудің әрбір әдісі белгілі бір жағдайларда тәрбиенің сәйкес әдістерімен қарым-қатынасқа түседі: сендіру, бұралу, белсенділікке дағдыландыру мен мінезді «қайта құру» және ұжымда өзін-өзі сынау. Қайта тәрбиелеудің нақты әдістерінің тиімділігінің жетекші шарты ұжымда тәрбиелеу, өзара тәрбиелеу, сонымен қатар өзін-өзі тәрбиелеу болып табылады.

Жеке жұмыстың үшінші кезеңінде оқушының қалыптасқан тәрбие деңгейі негізінде сынып жетекшісі оқушының құндылық бағдарын, тұлғалық қасиеттерін дамытуды жобалайды. Жеке тұлғаны дамытуды жобалау оқушының қазіргі тәрбие деңгейін идеалды деңгеймен салыстыруға негізделеді және жасөспірімді тәрбиелеу мен өзін-өзі тәрбиелеудің сараланған және жеке бағдарламаларын құрастыру процесінде жүзеге асырылады. Жеке оқушының тұлғасымен жұмыс сонымен қатар тәрбиешінің бүкіл сыныптың тәрбие деңгейін білуін болжайды, өйткені тұлға ұжымдық қарым-қатынаста жалпы іс-әрекетте барынша айқын көрінеді.

Төртінші кезеңде белгілі бір оқушының даму деңгейін, оның мүмкіндіктерін, қабілеттерін, мінез-құлық ерекшеліктерін, тұлғалық қарым-қатынастар мен қажеттіліктердің мазмұнын ескере отырып, тәрбиелік ықпал ету жүйесін анықтауға мүмкіндік беретін жеке тәрбие жұмысы жалғасады. Бұл кезең білім берудің жалпы әдістерін қолданумен сипатталады, дегенмен олардың салыстырмалы түрде нақты тұлғаның таңдауы мен жүйесі оның жеке ерекшеліктеріне және оны дамыту бағдарламасына сәйкес келеді. Бұл ретте жеке педагогикалық ықпал ету әдістері: талап ету, перспектива, қоғамдық пікір, бағалау және өзін-өзі бағалау, мадақтау және жазалау кеңінен қолданылады.

Қиын жасөспірімдермен жеке жұмыстың қорытындысы бесінші кезеңі – түзету. Түзету – адамға педагогикалық әсер ету, оның дамуын түзетуге ықпал ету, жағымды қасиеттерді бекіту немесе жағымсыз қасиеттерді жеңу. Түзету ұжымдық немесе топтық білім беру бағдарламаларын, мектеп оқушыларының ерекшеліктерін нақтылауға немесе қайта қарауға мүмкіндік береді, сонымен қатар іс-әрекеттің әдістері мен нысандарын таңдау кезінде қолданылады.

Ол оқу-тәрбие процесін дараландыруды аяқтайды және оның нәтижелеріне негізделеді. Түзетудің ең тиімді әдістері мен тәсілдері – бақылау, талдау және бағалау. Бұл әдіс-тәсілдердің барлығы оқушылармен жеке жұмыстың нәтижесін ескере отырып, біріктіріліп қолданылады. Балаға сену керек-бұл ең бастысы! Қиын бала, жасөспірім үшін бақыт, сәттілік қуанышын сезінудің маңызы зор, бұл өзін-өзі жетілдіруге, дамытуға, дұрыс бағыт беруге, көзқарасын өзгертуге арналған ең үлкен ынталандыру деп есептеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Немов Р.С. «Психология» Алматы 2003 (198-201 бет).
2. Мектептегі психологиялық қызметтің жүйесінің мазмұны. Тараз 2012
3. Жұмабаев Ә. Мектептегі психологиялық қызметтің жүйесінің мазмұны//Тараз.- 2002, 9 б.

ӨОЖ 371.32.242

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН САУАТТЫ ЖАЗУҒА ҮЙРЕТУ ЖОЛДАРЫ

ЕСЕНАМАНОВА ЖАНАР АЙНАБЕКОВНА
№47 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассмотрены способы обучения младших школьников грамотному письму. В целях формирования у учащихся навыков грамотного письма, акцентировано внимание на проведении в начальных классах.

Summary. The article discusses ways to teach younger students to write correctly. In order to develop students' skills of literate writing, attention is focused on conducting in primary schools.

Бастауыш сыныпта оқитын оқушыларды сауатты жазуға үйрету мұғалімнің басты міндеттерінің бірі. Оқушылардың таза көркем жазуын қалыптастыруда жазудың әдемі болуы оқушының мінез-құлқын тәрбиелеуге, әсемдік сезімін оятуға, ой-өрісін дамытуға мейлінше әсер етеді. Таза, әдемі жазылған жазба жұмыстары оңай әрі тез оқуға мүмкіндік береді. Көркем жазу оқушыны ұқыптылыққа, тыңғылықтылыққа, еңбек сүйгіштікке баулып, адамгершілік, эстетикалық тәрбие алуға құлшындырады деп есептейміз. Әсем каллиграфия оқушының орфографиялық қателер жібермей жазуын қамтамасыз етудің сенімді құралдарының бірі. Көркем жазудың негізі бастауыш сыныпта қалыптасады. Көркем жазуды бастаудан бұрын сыныппен дайындық жұмыстарын жүргізуіміз керек. Оқушыларды жазу кезінде дұрыс отыруға, дәптерді көлбеу қойып жазуға, қаламды дұрыс ұстауға дағдыларын әдетке айналдыруымыз керек. Мұндай талаптарды орындау мектепке жаңа келген оқушылар үшін оңайға түспейтіні баршамызға мәлім. Әсіресе, мектепке алғаш келген оқушылар дұрыс отыру ережесін орындауға бірден төселіп кете алмайды. Балалар еркін қозғалып, жиі қимылдар жасап отыруы табиғи қажеттілік екені белгілі. Сондықтан мұғалім жазу барысында біршама уақыт өткен соң, сергіту сәттерін өткізіп тұруы тиіс.

Бірінші күннен бастап, оқушыларды партада дұрыс отыруға, дәптер қаламды дұрыс ұстауға үйрете бастау және әр сабақта өткен сайын қайталап айтып отыру қажет.

Сауат ашу кезеңіндегі орындалатын жазу жұмыстарының түрлері сан алуан. Бірақ олардың қай-қайсысында да қойылатын негізгі талап оқушыларды сөз ішінде әріп орнын ауыстырмай, әрі әріп тастамай дұрыс жаза білуге дағдыландырады. Жазатын әр сөздің мағынасы түсінікті, әріп саны аз, бұрыннан таныс әріптер болуы шарт. Оқушыларды жазуға үйретуде жеке әріптерді дұрыс жазуға және оларды өзара дұрыс қосып жаза білуге, әрбір әріптің элементтерін дұрыс жазуға үйрету арқылы оқушыларды жазу жұмысына өте мұқият қарауға дағдыландыру керек. Сауат ашудың алғашқы кезеңдерінде екі-үш сөзден құралған сөйлемді көшіртіп жаздыру жеткілікті. Бұл кезеңде оқушыларды есту арқылы жазуға төселдірудің маңызы ерекше. Егер оқушыларды біркелкі көшіріп жазуға ғана дағдыландырып, есту арқылы жазуға үйретпесек олардың дыбыстарды есту қабілетін дамыта алмаймыз. Сондықтан сауат ашу кезеңінде диктанттардың бірнеше түрлерін орындатып, әріп диктантын, буын диктантын, сөз диктантын алып отыру өте маңызды. Жеке әріпті жазудан бұрын сөзді дыбысқа, буынға бөлгізу қолайлы. Сауат ашу мен жазу кезінде суреттермен бірге сол тақырып бойынша буынға бөлініп жазылып көрсетілген сөздер берілген көрнекіліктерді пайдаланған дұрыс. Сауат ашу кезеңінде жазудың негізі мен сауатты жазудың негізі қаланады.

1. Жазуға үйрету, партаға отыру, қаламды, дәптерді дұрыс қою ережелерін сақтаудан басталады. Жазу кезінде жарық баланың сол жағынан түсу керек.

2. Жазу дәптерде әліппеге дейінгі кезеңде баланың саусақ бұлшық еттерін жазуға икемдеп, дайындау үшін тапсырмалар берілген, сол үлгі бойынша жұмыс жүргізіледі.

3. Жазу дәптермен толық танысқаннан кейін оны партаның, үстелдің үстіне 30 градус бұрыш жасайтындай жағдайда орналастыруға ерекше көңіл бөлу.

4. Әрбір әріптің баспа және жазба түрі салыстырмалы түрде көрсетіліп отырады.

5. Жазу кезінде қалай отыру, қаламды қалай ұстау керектігі үнемі ескертіліп, отырған жағдайда ғана баланың жазуы жақсы, әдемі болады.

Бірінші сыныпта әліппеден әріптерді өткен кезде үнемі оқушыларға әріп элементтерін дұрыс, әдемі жазуды, дұрыс қосып жазуды қадағалап отырса, сауатты көркем жазуға қалыптасады.

Оқу мен жазуға үйретудің элементтері қатар жүреді. Оқу мен жазудың негізі – ана тілінің дыбыстық құрылымын түсінуі өте маңызды. Бағдарлама талабына сәйкес оқушыларды жазудың графикалық дағдысы (әріптерді дұрыс жазу және олардың байланысы) және қарапайым орфографиялық дағды (сөздің дыбыстық және әріптік құрылымын дұрыс жазу) қалыптасуы қажет. Жазу бірнеше бөліктерден құралады. Жазатын сөздерге талдау жасай білу, дыбыстардың реттілігін сақтау, дыбыстарды сәйкес әріптермен белгілеу, бейнелеу. Басқы кезеңде бұл бөліктер арнайы қайталанады. Жазу сабағы дыбыстық талдаусыз өтпейді. Сауат ашу кезеңінде жазудың негізі мен сауатты жазудың негізі қаланады.

Екінші сыныпта көркем жазу одан әрі жетілдіріле түседі. Оқушылардың бірінші сыныпта жазуға қалыптасқан әрекеттері, бұл сыныпта дамытылып, ары қарай әдемі жазуға үйрене түседі. Екінші сыныпта жүргізілетін көркем жазу сабақтарының негізгі мақсаты жазу қарқынын жеделдету, біркелкі ырғақпен

жазуға үйрену. Бұл сыныпта біркелкі ырғақпен жазу мен тез жазуға арналған жаттығуларды орындауға баса назар аударылады.

Үшінші сыныпта оқушылардың жазу дағдысы одан әрі жетілдіріледі. Әріптерді әдемі, тез жазуға арналған жаттығулар жүргізіледі. Әр сабақта көркем жазуды қадағалап отырған жөн. Сынып жоғарлаған сайын кейбір оқушылар әріп элементтерін бұзып, қате жазады. Мұндай оқушыларға үнемі ескерту жасап, қадағалап отыру керек. Сонда ғана білімді, сауатты оқушылар қатары көбейеді.

Бастауыш сыныптардағы жазу сабақтарының мақсаты – балалардың жазу тілі дағдысын қалыптастыру. Жазу дағдысының психологиялық негізгі мидың үлкен жарты шар қабығындағы анализатор ұштарының бір-бірімен күрделі байланысқа түсуі, екінші сигнал системасының жинақталып, бір арнаға бағытталуы болып табылады. Жазу тілі көзбен қабылданады, қолмен іске асады. Ал ауызша сөйлеу, есіту кинестезиялық нерв байланыстары арқылы өтеді. Жазу тілі ауызша сөйлеуден кейін шықты, сондықтан да ол үнемі ауыз тілге сүйеніп отырады. Ең алғашқы, ерте дәуірде адамдар қандай да болмасын бір уақиғалар туралы мәліметтерді кейінгі ұрпаққа қалдыруға болады. Сөйтіп ондай мәліметтерді түрлі суреттермен белгілейді. Бұл кезең – идеографиялық сөйлеу кезеңі деп аталады. Идеографиялық сөйлеу белгілі бір айтылатын жағдай туралы еске түсіру рөлін атқарады. Кейінірек иероглифтік жазу шықты. Бұл заттарды немесе тұтас ойды білдірген. Біздің қазіргі қолданып жүрген жазуымыз алфавиттік жазу. Бұл кейінірек шыққан. Жазудың құрамына алфавит, графика және орфография (емле) енеді. Алфавит – тіліміздегі әріптердің белгілі бір жүйемен орналасу тәртібі. Графика – дыбыстың, буынның немесе сөздің айтылуы қалай болса солай таңбалануы. Ал орфографиялық тілдің белгілі бір нормаға келтірілген ережесін сақтап жазу. Алфавит пен графиканы меңгеру – оқу мен жазудың (сауат ашудың) ең алғашқы, ең қарапайым, бірақ ең маңызды дағдыларын қалыптастыруды көздейді. Алайда жазуды меңгеру оның тағы бір басты бөлігі орфографияны (немесе жазу, сауатты жазу) игеруді қажет етеді.

Бастауыш сынып оқушылары орфографияны игере отырып, сауатты жазуға дағдылану барысында графикалық түрде қарым-қатынас жасау мүмкіндігіне ие болады, яғни өзінің сөйлеуін және таным мүмкіндіктерін жетілдіре береді, жеке басының жалпы даму деңгейі жоғары дәрежеге көтеріле береді. Міне, жазуға үйренудің басты маңызының өзі анықталды. Жазбаша сөйлеудің өзіне тән ерекшеліктері бар. Мысалы, жазбаша сөйлеудің қабылдаушыға әсер ететіндей қосымша құралдары жоқ; ол бүкіл оқушы қауымға арналады; онда автордың эмоциясы мен сезімі, толқуы мен мұңаюы, қуанышы реніші т.б.с.с. Бұл айтылғандар бастауыш сынып оқушыларының жазу тілін дамыту мәселесінің күрделі екендігін көрсетеді, яғни балалардың жазу тілін дамыту үшін, алдымен оларды жазудың өзіне дағдыландырып алу керек. Жазу дағдысының бастамасы әріптің әр бөлігін (таяқша, дөңгелек, қосу сызықтары) сызып, жүргізу арқылы жаттықтырылады. Бұл кезеңде бала басымен, бүкіл денесімен жоғары көтеріліп, төмен еңкейіп, екі жағына қисайып, неше түрлі қозғалыстар жасайды. Алайда мұғалім тиімді жаттығулар ұйымдастырса, көп ұзамай, бірте-бірте бастапқы қозғалыстарын жинақтап, азайта түседі. Ал, кейін әріп бөліктерін аса күш салмай-ақ қосып жаза алатын болады. Жаттығулардың нәтижесінде жазу қимылдары автоматталып, әуелі әріптерді, одан соң тұтас сөздерді де кідіріссіз жаза алады. Жазу қимылдары автоматталғаннан кейін жаңа міндет – сауатты жазуға (немесе орфографияға) үйрену міндеті туады. Тілімізде орыс тілінен енген, аяғы үнді дыбыс - әріптерге біріккен бірсыпыра сөздер бар (Ленинград, клуб, педогог т.б.). Бұл сөздердің соңғы үнді дыбыстары айтылуда қатаң дыбыстарға айналады, яғни д, г, б, дыбыстары қатаңдап т, к, п дыбыстарына айналып айтылады. Мұндай сөздерге қосымша қатаң дыбыстан басталып жалғанады: педогогке, клубтан т.с.с. Бұлар грамматика ережелеріне сүйеніп үйретіледі.

Жазуға байланысты жаттығу жұмыстары әр түрлі факторларға негізделеді: Көру, қимыл факторларына негізделетін көшіріп жазу. Есту арқылы қабылдауына сүйенетін мәтінді жазу (мұғалім оқып берген немесе оқушы оқыған тексті жазу. Бұған диктант, мазмұндама жұмыстарын алуға болады).

Орфографиялық тапсырмалар бар жаттығулар: қалдырылып кеткен әріптерді тауып жазу немесе түзетіп жазу т.б. Жазу жұмыстарының бұл көрсетілген түрлері бір-бірімен тығыз байланысты, яғни таза біреуінің қолданылуы мүмкін емес. Мысалы, диктант есту қабілетіне негізделгенімен, көру қимылсыз іске аспайды т.б. Сондықтан, жоғарыдағы сияқты топтау тек шартты түрде, жаттығудың қай түрінде негізгі мәселенің қайсысы екендігіне мұғалімдер көңілін аудару мақсатында ғана көрсетіліп отыр.

Бастауыш сыныпта жазуға үйретуді машықтандыруда әріп буын жат жазуларын дұрыс жазып сөздердің мазмұнын түсініп алмайынша бірден сөз сөйлем жат жазуларын өз дүниесінде сауатты жазу мүмкін емес. Жат жазу жиі болса оқушылардың сауаты артады. Жат жазудың мақсаты – оқыған ережені оқушының қаншалықты меңгергенін, қосымша қандай жұмыс жүргізу керек екенін анықтау. Баланың жазу дағдыларын жүргізуде жат жазу жүргізу жұмысына қоса қатені түзету жолдарын да ұсынамыз. Солардың бірі- әріп диктанты 1-сыныпта алғашқы әріптерді үйренгеннен кейін жүргізіледі.

Ескерту диктаны. Мұнда мұғалім мәтінді тұтас оқып шығады. Балалар жақсылап тыңдап отырады. Содан кейін түсініксіз деген сөздердің мағынасын түсіндіреді. Мұғалім әрбір сөйлемді қайта оқып шығады, оқылған сөйлемдер балалардың қатысуымен тыңдалады. Сөйлемді жазбас бұрын мұғалім балалардың зейінін ондағы қиын сөздердің жазылуына, өтіліп отырған ережеге аударады. Оқушылар тиісті дыбыстарды көрсетеді, ережесін айтып береді, олардың қателескен жері болса түзетеді. Осындай жұмыстардан кейін ғана балалар сөйлемді жазуға кіріседі. Алғашқы кезде әр сөйлем оқылып, талданып барып жазылады. Кейін балалар жұмыстың бұл түріне дағдыланған кезде, бірнеше сөйлем бірден оқылып, олардың ішінен мағынасы түсініксіз сөздер мен жазылуы қиын деген сөздер ғана талданады, ал одан әрі мәтін тұтас оқылады да, сөздер іріктеліп алып талданады, содан соң мұғалім әр сөйлемді оқып, балалар жазады. Егер балалар белсенділік көрсетіп, сөздердің қалай жазылуын, талдануын сұрап, сөздіктен қарайтын болса, онда диктанттың тиімді болғаны. Сонымен қоса, көру-ескерту диктанаты бар.

Іріктеу диктаны. Мұның ескерту диктантынан айырмашылығы – балалар мұғалімнің айтқан сөздерінің барлығын жазып отырмайды, оның ішінен белгілі бір ережеге қажетті сөздерді немесе сөз тіркестерін іріктеп жазады. Диктанттың бұл түрінде уақыт үнемделеді, қажетті сөздер мен сөйлемдер көбірек жазылады, ең бастысы оқушылар мәтінді аса зейін қоя тыңдап отыруға мәжбүр болады.

Түсіндіру диктаны. Мұнда мәтін жазылып болғаннан кейін ғана талданады, қателері түзетіледі. Диктанттың бұл түрін жазуға кірісерде қажетті ережелер еске түсіріледі. Мұны ескерту диктантынан бақылау диктантына өткел ретінде жүргізілетін жұмыс деуге де болады. Түсіндіру диктантының бір түрі ретінде жүргізілетін жұмыс деуге де болады. Түсіндіру диктантының бір түрі ретінде сөздік диктантын да жүргізуге болады. Онда сөйлем де, мәтін де емес, жеке сөздер айтылады. Бұған оқушыларға қиындық келтіретін немесе ережелерге бағынбайтын сөздер алынады.

Терме диктаны белгілі бір ережені оқушылардың қалай меңгергенін байқау үшін сабақ үстінде жүргізіледі. Мұғалім диктант мәтінін оқыр алдында қандай ережеге көңіл аудару керек екендігін ескертеді. Оқушылар мәтінді түгел жазбай, мұғалім оқып тұрған мәтінен әркім өзіне берілген тапсырмаға лайықты сөздер мен сөз тіркестерін немесе сөйлемдерді ғана теріп жазады.

Сөздік диктант ұзақ болмайды, 5-10 минут шамасы, көбінесе сабақтың аяғында жүргізіледі. Мұғалім жеке сөздерді айтады, балалар жазады, жазғандарын сөздіктен қарап түзетеді. Үнсіз диктант ұйымдастырылады. Онда мұғалім қажетті суреттер көрсетеді (аю, сиыр, жылқы, қоян, қозы, трактор, комбайн т.б.), ал балалар бірден жазады немесе керекті әрпі бар карточканы көрсетіп, сонан соң жазады. Сөздік диктант 10-15 сөзден аспауы тиіс. Осы көрсетілген жұмыстардың барлығы орфографиялық дағдыны автоматтандыру мақсатын көздейді.

Қоғам мен жалпы білім беретін мектептердің сұранысына сәйкес бастауыш мектеп буында көркем жазу пәнінің мәні зор. Оқушылардың жазу дағдысы қалыптастыру оны кейінгі сыныптарда жетілдіру үшін, жазу әрекеті мен психофизиологиялық әрекеттерін ескеру жазуға үйренудің әр тәсілдерінен қарулану тек көркем жазу сабағында жүзеге асады. Ол үшін бастауыш сынып оқушыларында графикалық каллеграфиялық жазу дағдыларын қалыптастыру процессінің психологиялық физиологиялық дидактикалық негіздерін ашу керек. Бір қарағанда алфавиттегі санаулы дыбыс таңбаларын әдемі және жылдам жазуға балаларды үйрету онша көп қиындық келтірмейтін сияқты. Шын мәнінде бұл дағдыларды оқушылар бойында қалыптастыру барысында мектептің алдында көптеген қиындықтар кездеседі. Жазба жұмыстарын көптеп орындатуға қарамастан, кейбір оқушылар дыбыс таңбаларын, олардың бір – бірімен байланысу жолдарын жазу кезінде қолдана біледі. Дыбыс таңбаларын көркем әрі айқын жазуға дағдыланса да, жылдам жазуға әдеттенбегендіктен, айтылған ойға ілесе алмайды әрі жазу сауаттылығы мен анықтығы төмендейді. Сауатты көркем жазудың негізі - әліппенің сауат ашу кезеңінде қалыптасады. Бұл жұмыс шығармашылықпен ұштастырғанда ғана оқушы сауатты көркем жазуға төселеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Исабаев Е. Дыбыс жүйесінің негіздері. А., «Мектеп». 1992.
2. Диктанттар жинағы. А., «Мектеп». 2004.

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРМЕН ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ЖОСПАРЛАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

КАДЫРАЛИЕВА КАРАКӨЗ АБИЛХАСОВНА

№47 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассмотрены сведения о методике планирования воспитательной работы с учащимися младшего школьного возраста.

Summary. The article discusses information about the methodology of planning educational work with primary school age students.

Бастауыш мектеп жасындағы баланы тәрбиелеу – жалпы тәрбие үрдісінің ең негізі кезеңі. Сондықтан мұғалім алдымен жалпы тәрбие үрдісінің теориясы мен жетекші идеясын және бастауыш саты оқушысының жас ерекшелігін, соған орай балаға педогогикалық қолдау көрсетуді қатар білуі тиіс. Әлемге танымал Швейцария педагогі И.Г.Песталоцци тәрбиенің мақсаты балаға бастауыш білім, еңбек, ақыл-ой, дене тәрбиесін беріп, жан-жақты және үйлесімді дамыту деген қағиданы ұстанады [1, 36 б.].

Тәрбие – бұл өмірлік шығармашылық. Сондықтан мұнда бала бейнесі, яғни адам бейнесі маңызды. Бала бейнесі, адам бейнесі деген ұғымда педагогикада соңғы жылдарға дейін өз мәнде әр қырынан айтылмай келеді. Тәрбие-мақсатты жүйеде тұлға қалыптастыруға бағытталған үдеріс, яғни арнайы ұйымдастырылған, тәрбие мақсатын іске асыруға бағытталған тәрбиеші мен тәрбиеленуші арасындағы басқарымды әрі бақылаулы өзара ықпалды іс-әрекет қатынастары [2, 270 б.]. Сондықтан біз көбіне оқушының шынайы бейнесін емес, өзіміз қалаған бейнені, оқушы идеясын білеміз. Біз баланы тәрбие субъекті ретінде емес, объекті ретінде көріп келдік. Жарты ғасыр бойы үстемдік етіп келген технократиялық ойлау тәрбие мақсаты мәдениетпен, мектеппен, оқушының өзімен анықталатынын түсінуге жол береді. Тек соңғы жылдары ғана оған субъект ретінде мән берілуде және оның өзегі болып табылатынын басты қасиеттер мен сапаларды айқындауға ұмтылыстар жасалып келеді.

Сынып жетекшісі өз жұмысын ең алдымен оқушыларды, олардың арасындағы қарым-қатынастарды, оқушылардың отбасын зерттеу арқылы бастайды. Зерттеу барысында сынып оқушыларының тәрбиелік дәрежесі анықталады. Соған байланысты тәрбиелік мақсат пен міндеттер айқындалады. Белгіленген мақсатқа сәйкес тәрбие жоспары даярланады: жоспар ол ұжымдық еңбектің белгісі, сынып жетекшісі өз жоспарын жасағанда сыныбының ерекшеліктерін (жас ерекшеліктері, тәрбиелік дәрежесі, қызығушылығы), өзінің қабілетін ескергені жөн. Жоспар міндетті түрде бағытталуы тиіс. Бұл сыныптың ісіне терең талдау жасау керек, сынып ұжымының ерекшеліктері мен мүмкіншіліктері естеруі қажет.

Жоспардың құрылуы жеке тұлғалық ізгіліктің және жеке тұлғалық бағыттылық жолдары принциптерімен үрдісінің барлық субъектілерінің бір біріне әсер етуіне қарай жүргізілінеді. Жоспарлау кезінде сынып жетекшісі жеке тұлғалардың жаңа қарым- қатынастарын ұйымдастыру, бір-бірімен қарым – қатынас жасау үшін барлық жағынан тиімділігі арттыру жолын іздестіру керек [3, 275 б.].

Жоспарлау құру барысындағы принциптер:

1. Жоспарды іске асыру үшін ағындағы кезеңнің барлығы жай ескерілу керек.
2. Белгілі мақсатқа бағытталу мақсаттардың нақтылығын және дамығандығын көрсетуді бүкіл жоспар және оның блок-бағыттары осыған арналған арналған болуы керек. Сыныптағы оқушысының осы мақсаттың және жоспардың орындалуына мүдделі болуы тиіс, жоспар мақсатқа сәйкестіріліп жасалуы керек.
3. Мектептің ерекшеліктерінің этномәдени ортаның ерекшелігін ескере отырып құрылуы керек. Бүкіл жоспар шындыққа негізделген болуы тиіс.

Тәрбие жоспарына қойылатын кейбір талаптар:

1. Жоспардың қоғам талаптарына, мақсатына сәйкестігі;
2. Өмірмен тығыз байланыстылығы;
3. Жоспардың жан-жақтылығы, тәрбиенің барлық салаларын қамтамасыз етуі (комплексті тұрғыдан);
4. Тәрбие жұмысының формалары оқушылардың жасына, ұжымның ерекшеліктеріне, тәрбиелік деңгейіне сәйкестігі;
5. Жоспардың нақтылығы.

Тәрбие жұмысы жоспарының құрылымы:

1. Сыныпқа сипаттама: сынып активі, балалардың тәртібі, сабақ үлгерімі, қабілеттері, олардың ата-аналары, ұжым жайлы қысқаша сипаттама беріледі.

2. Өткен оқу жылына белгіленген тәрбиелік шаралардың нәтижесіне қысқаша талдау.

3. Жаңа оқу жылына белгіленген тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттері.

4. Сынып ұжымының мінездемесі, өткен оқу жылында атқарылған тәрбие жұмыстарының нәтижесі, жаңа оқу жылына арналған сол сыныптарға тәрбие жұмыстарының міндеттері негізінде оқушылармен, ата-аналармен, қоғамдық ұйымдар және пән мұғалімдерімен бірлесе атқарылатын іс-әрекеттердің түрімен әр тараптағы атқарылатын тәрбиелік шаралар мазмұны төмендегідей бірнеше бөлімдерде көрсетілген:

1.Сынып ұжымын ұйымдастыру: сынып жиналысы, сынып сағаты, әңгімелер, саяси хабарлама, оқырмандар конференциясы, диспут, сұрақ жауап кеші, олимпиада, жарыс, еңбекке қатысты істер, спорттық және мәденишаралар, кездесулер т.б. бұқаралық шаралар жатады.

2.Сынып жетекшісі өзінің тәрбиелік іс – әрекетінде оқушылардың өзін-өзі басқару органдарына арқа сүйеді. Сынып жетекшісі сынып жиналысының тақырыбын, олардың күн тәртібін белгілеу және жоспарын құруға көмектеседі, сонымен қатар, әртүрлі үйірмелер мен клубтар жұмыстарының тақырыбын өз жоспарына кіргізе отыра көмек көрсету, кеңес беру т.с.с. оларға өзінің тікелей қатынасын көрсетеді.

3.Сол сыныпта жұмыс істейтін барлық пән мұғалімдері, мектеп үйірмелерінің жетекшілерімен, мектептен тыс мекемелермен байланыс орнатып, оларды бала тәрбиесіне қатыстыруға арналған бұқаралық шаралар көрсетіледі.

4. Отбасы және жұртшылықпен жұмыс: оқушылардың үйіне бару, ата-аналарға кеңес беру, оқушылардың ата-аналарының жұмыс орындарымен байланыс орнату, ата-аналар комитетінің жоспарын ата-аналар жиналыстарының тақырыбын, мерзімін, олардың отырыстарын т.с.с. шараларды өзінің жоспарында көрсете отыра, олардың өзара байланысын қамтамасыз ету секілді жұмыстарды белгілейді.

5. Жеке оқушымен жұмыс. Бұл бөлімде сол сыныптағы кейбір оқушының сабақ үлгеріміне, тәртібіне, оның қабілетін шыңдауға сай жұмыстардың түрлері кіреді.

I. Сынып оқушыларына мінездеме.

II. Тәрбиелік міндеттер.

1. Саяси мәдениетін қалыптастыру.

2. Имандылыққа, адамгершілікке, ізгілікке тәрбиелеу.

A) ұлттық мінез-құлық пен әдет-ғұрып негізінде тәрбиелеу

B) халықтық салт, дәстүр негізінде тәрбиелеу.

3. Білім алуға саналы көзқарасын қалыптастыру және қоғамдық белсенділікті дамыту.

4. Өз еліне, ата-мекеніне сүйспеншілік және халықтар достығын құрметтеуге тәрбиелеу.

5. Еңбекке, халықтың ісмерлікке баулу, үнем тәрбиесін беру.

6. Әсемдікке тәрбиелеу және көркемдік қабілетін дамыту.

7. Дене тәрбиесін жетілдіру, гигиеналық тәрбие.

8. Экологиялық және азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеу.

Тәрбие жоспарын қалай құруға болады?

I. Мектеп өміріне қатысты және қазіргі кездегі мектеп пен тәрбие міндеттерін анықтайтын мемлекеттік құжаттармен танысу; білім және ғылым министрлігінің оқу-әдістемелік журналдарымен танысу; тәрбиенің, жоспарлаудың әдістемесі мен технологиясының өзекті мәселелеріне қатысты психологиялық және педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерді оқу.

II. Балалардың жас ерекшелігі, сынып ұжымының даму деңгейі, мектеп, мұғалімдер ұжымы, отбасы және тұрғылықты жердегі тәрбие мекемелерінің ерекшеліктерін ескере отыра мақсат пен міндеттерін анықтау. Мақсатқа сәйкес оның стратегиялық міндеттері белгіленеді.

III. Мектептің, тәрбие мекемелері мен бірлестіктердің және пән үйірмелерінің болашақ тәрбие жоспарымен танысу, алдыңғы қатарлы озық сынып жетекшілерінің тәжірибелерімен танысып, пән мұғалімдері және ата-аналарымен пікір алмасу.

IV. Оқушылардың жеке тұлғасы мен сынып ұжымын зерттеп, тану.

V. Алдағы мерзімде болатын айтулы даталы күндер мен мерекелерді анықтау, солардың ішінде ең қажеттісін таңдау.

VI. Болашақта балалармен баратын мәдени ошақтарды анықтау.

VII.Жоспарлау. Оқушыларды немесе олардың белсенділерін жоспарлауға, оны талқылауға тарту. Жоспардың жобасын жалпы сынып жиналысында талқылау және бекіту. Мектептің және сыныптың ерекшелігі, сипатына байланысты тағы басқа қосымша әрекеттің болуы мүмкін. Дегенмен, жоғарыда

келтірілген әрекеттер барысында жоспарлау тоқсанға немесе жарты жылға, тіпті бір жылға құрылуы мүмкін.

3. Мектептегі тәрбие сағаттары, сынып сағаттары

Орта мектептегі оқушылармен ұйымдастыратын тәрбие жұмысының негізгі формасы – сынып немесе тәрбие сағаты деп аталады. Соның негізінде оқушылардың қоршаған өмірге жүйелі қатынасын қалыптастырады, арнаулы ұйымдастырылған тәрбиелік әрекеттерге қатыстырады.

Сынып сағаты-оқушылардың адамгершілік қасиеті мен дұрыс көзқарасын қалыптастыруға, өнер саласындағы талғам-тілектерін тәрбиелеуге, елжандылық сезімдерін шыңдауға арналған сабақтан тыс кезде өткізілетін тәрбие жұмысы. Оның тәрбиелік қызметіне: ағартушылық, бағыттаушылық, болжамдылық және қалыптастырушылық жатады.

Ағартушылық қызметі, оқушылардың оқу бағдарламасында қамтылған білімдерінің көлемін кеңейтеді. Яғни, онда қарастыратын нысана өмірдің барлық құбылысын қамтиды. Болжамдылық оқушыларда белгілі бір заттық және рухани құндылықтарды жасау қызметін атқарады. Егерде сынып сағатының ағартушылық қызметі айнада қоршаған өмірмен танысуға мүмкіндік берсе, ал болжамдылық оны бағалауға көмектеседі. Бұл оның негізгі қызметі. Дегенмен де ол ағартушылық қызметпен өзара байланыста болады.

Бағыттаушылық қызметі, оқушылардың өмірін шынайы практикалық әрекетке бағыттауға көмектеседі. Сынып сағатын өткізу барысында белгілі бір нақты бағыт болмаса, онда оның ықпал ету әсері төмендейді, білім сенімге айналмайды, соның нәтижесінде тұлғаның мінез-құлқында жағымсыз әрекеттердің пайда болуына жағдай туады.

Ал қалыптастырушылық, оқушылардың өздерін, өз өмірлерін бағалауды дағдыға айналдыруын және топпен диалог құра білуін көздейді.

Сынып сағаты негізінен екі бағытта жүргізіледі. Біріншісі, әдетте өткен апта негізінде сыныптағы оқушылардың үлгерім нәтижелері, олардың сабаққа қатысуы, әртібі, оқуы, қоғамдық істері және бір-бірімен қарым-қатынасы жайлы мәселелер. Оны ұйымдастыру тек сынып жиналыстары негізінде атқарылады. Екіншісі, әртараптағы атқарылатын тәрбиелік шаралар. Олардың қатарына қызықты әңгімелер, кездесулер, пікірталас пен оқырмандар конференциясы, т.б. бағыттағы жұмыстарды жатқызуға болады.

Әдетте сынып сағаты аптаның бір күні өткізіледі, онда сыныптың нақтылы жағдайына және тәрбие жоспарына байланысты ұйымдастыру формасы анықталады. Мысалы: сынып жиналысы, тақырыптық тәрбие сағаты немесе сыныптан, мектептен тыс жұмыс т.б. Соған орай тәрбие сағаты мен сынып жиналысының міндеттері, ұйымдастыру формалары және тәсілдері әр түрлі болып келеді. Тәрбие сағатының сынып жиналысынан ерекшелігі, талқыланып отырған мәселеге қатысты соңынан шешім қабылданбайды.

Тәрбие сағатын дайындау және өткізу жұмыстарында әр түрлі формалар мен әдістер және тәсілдер қолданылады: әңгіме, газет, журнал материалдарын оқып, соңынан талдау жасау, мамандардың белгілі бір тақырыптарға лекциялары, дөңгелек стол өткізу, туындылармен танысу, оқушылардың өздері жасаған шығармашылық жұмыстары, т.б. Сынып немесе тәрбие сағаттарын өткізуде жетекшілердің еске алатын негізгі міндеті, осы істерге оқушылардың өздерін қатыстыру, оған олардың белсене араласуын, кез-келген оқушының тәрбиелік шаралар барысында, яғни дайындау және өткізу кезінде қалыс қалмауын қадағалау[3.]. Ол үшін оқушылардың өздерін қатыстыра отырып, оларға белгілі бір бағытта нақтылы тапсырма беріп, ақылдасып, кеңесіп отыру керек. Сондай –ақ, жетекші сынып белсенділерімен алдын-ала атқарылатын тәрбиелік ішаралар төңірегінде әңгімелесіп, олардың қорытындысын барлық оқушылармен бірге тұжырымдап, әрқайсысына жеке – дара топтап тапсырмалар беріп отыруы қажет. Сонда ғана ол қызықты, әрі табысты өтеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дүйсенбаев А.Қ. Педагогика. Оқу-әдістемелік кешен. – Алматы: «Отан» баспасы, 2016. – 293 бет.
2. Бабаев С.Б. Бастауыш мектеп педагогикасы: Оқу құралы. – Алматы: «NURPRESS» баспасы, 2022. – 416 бет.
3. Бабаев С.Б. Бастауыш мектеп педагогикасы: Оқу құралы. – Алматы: «Заң әдебиеті» баспасы, 2007. – 413 бет.

СЕМЬЯ – ОСНОВНАЯ СТАДИЯ СОЦИАЛИЗАЦИИ, ОТНОШЕНИЯ И МОДЕЛИ ПОВЕДЕНИЯ

БУРАЛХИЕВА АЛИЯ КАЗЫМБЕКОВНА

Учитель истории и географии средней школы №33
имени М.Ауэзова, города Тараз

Түйіндеме. Отбасы – пікір, көзқарас, құндылықтар мен мінез-құлық үйренетін әлеуметтенудің бірінші кезеңі. Дәстүрлі отбасылар сияқты кеңейтілген отбасылар отбасының әрбір мүшесі басқа мүшелерге тікелей немесе жанама әсер ете алатын әлеуметтік жүйелер болып табылады.

Summary. The family is the first stage of socialization in which opinions, attitudes, values and behaviors are learned. Extended families, like traditional families, are social systems in which each family member can directly or indirectly influence other members.

Семье принадлежит основная общественная функция – воспитание детей. Для маленьких детей семья – главная и почти единственная школа воспитания. Если они посещают детский сад, то воспитание осуществляется в единстве с семьей специалистами-педагогами на основе научно разработанной программы, в благоприятных для жизни ребят условиях. Цель воспитания у семьи и детского сада едина: формирование с раннего возраста всесторонне развитой личности, учитывая при этом психофизиологические особенности развития организма ребенка. Одинаковых семей не существует.

В каждой семье есть свои традиции и свои особенности. Но, несмотря на различные уклады жизни во всех семьях, где подрастают дети с уравновешенным характером, есть одна общая особенность – ровные, доброжелательные отношения взрослых и детей. Нужно ли быть другом своему ребенку? Некоторые родители считают, что дружба – это отношения равных, а взрослые, воспитывая своих детей, не могут ронять свой авторитет таким отношением с ребенком. Такие родители опасаются, что их не будут уважать и слушаться.

Очень сложно измерить уровень культуры общения и его качество. Потому что только эффективное решение деловых, прикладных и практических вопросов может показать, что все участвующие субъекты во время взаимоотношений находятся в положительной ситуации. Поэтому ясно, что культура общения сохраняется только тогда, когда результаты деятельности основаны на сохранении гуманных и нравственных качеств, в направлении психологического давления и ненасилия над другими.

Первый опыт взаимоотношений между людьми, ребенок получает в семье. Любящие родители стараются дать ребенку самое лучшее. Он только родился, а мама и папа уже представляют, каким он станет, как пойдет в детский сад, потом в школу, в университет, каким успешным он будет! Очень часто родители на первое место ставят интеллектуальные способности ребенка, полагая, что успех измеряется образованием и карьерным ростом. Но есть очень важный момент – воспитание.

Дети растут и очень быстро. Задают нам вопросы, просят внимания, побыть с ними, поиграть, почитать. Пока мама с малышом дома, то у нее достаточно времени для общения, но вот ребенок пошел в садик, мама на работу и ... воспитание перекладывается на воспитателей в детском саду. Но именно семья является основой воспитания.

В каждой семье наверняка есть свои определенные правила и привычки, традиции. Традиция помогает зародиться такому понятию, как семейные ценности. Именно традиции делают семью более крепкой, сплоченной, предполагают многогранность взаимоотношений между членами семьи и взаимопонимание. Там где есть традиции – есть чувство постоянства, взаимопонимания, единства семьи. Семейные традиции – это неотъемлемая часть воспитания детей.

Исследования на тему семейных традиций и семейного воспитания показывают, что в семьях, где существуют и соблюдаются традиции семейного воспитания, дети прислушиваются к мнению родителей.

Основная задача семьи – удовлетворение определенных потребностей. Семья удовлетворяет социальные, групповые и индивидуальные потребности. Являясь социальным гнездом общества, семья удовлетворяет ряд важнейших потребностей, в том числе необходимость постоянного обновления численности населения. При этом семья, конечно, удовлетворяет как личные потребности своих членов, так и общесемейные потребности.

Семья – это первая стадия социализации, на которой усваиваются мнения, отношения, ценности и модели поведения. Расширенные семьи, как и традиционные семьи, представляют собой социальные

системы, в которых каждый член семьи может прямо или косвенно влиять на других членов. Если семью смогут создать родители, поддерживающие друг друга, дети будут жить лучше.

Главное в воспитании маленького человека – достижение душевного единения, нравственной связи родителей с ребенком. Родителям ни в коем случае не стоит пускать процесс воспитания на самотек и в более старшем возрасте, оставлять повзрослевшего ребенка наедине самим с собой.

Именно в семье ребенок получает первый жизненный опыт, делает первые наблюдения и учится как себя вести в различных ситуациях. Очень важно, чтобы то, чему мы учим ребенка, подкреплялось конкретными примерами, чтобы он видел, что у взрослых теория не расходится с практикой.

Если родители постоянно демонстрируют плохие качества своего ребенка особенно перед чужими людьми, то ребенку как бы уже нечего терять, порог стыдливости и ответственности преодолен, и можно продолжать повторять делать плохое. Если родители постоянно пытаются подчеркнуть достоинства своего ребенка в первую очередь в своем доме, то ребенок старается проявлять эти качества, которые подчеркивают родители в нем. Одним из главных условий предотвращения агрессивного поведения детей является требовательность родителей по отношению к себе, и по отношению к собственному ребенку.

Требовательный по отношению к себе родитель никогда не позволит требовать от своего ребенка то, что им самим в его ребенке не заложено. Требовательность должна быть разумной и доброжелательной. Не следует уступать капризам ребенка и делать поблажки без нужды. К примеру, сегодня «легкие» уроки, можно в школу не идти, я напишу записку, что тебе было плохо. Не надо удивляться, что через пару лет он сам напишет записочку учителю и распишется за родителей.

Для преодоления детской агрессии в своем педагогическом арсенале родители должны иметь внимание, сочувствие, терпение, требовательность, честность, открытость, обязательность, ласку, доброту, заботу, доверие, сердечность, понимание, чувство юмора, ответственность, такт.

Настроение родителей оказывает большое влияние на ребенка. Это связано с тем, что они влияют на рост ребенка как самостоятельной, свободной личности, на правильную адаптацию к жизни, на формирование дружеских отношений между родителями и детьми. Поэтому ребенок пытается бороться за свою независимость и становится причиной многих ссор и стрессов.

Воспитание ребенка и объединение его возможностей – неразделимые принципы. Родители и педагоги, желающие видеть в ребенке личность, смогут добиться желаемого только тогда, когда правильно сочетат образование и его способности. Но не следует забывать, что не следует превращать ребенка в живую куклу, не учитывая внутреннюю душу и потенциал ребенка, только потому, что вы хотите сделать его таким человеком, каким хотите.

Эффективность формирования ребенка как личности зависит от его активного участия в различных видах деятельности – игре, учебе, работе. Поэтому необходимо правильно организовать такую деятельность, придать ей полезное направление, придать интересный, творческий характер. В настоящее время психологами и педагогами обосновано мнение, что основные характеристики личности ребенка закладываются уже на первом году жизни. Новорожденный ребенок имеет лишь символ многих способностей. Если в первые годы жизни ребенка не будут созданы благоприятные условия для развития этих символов или не будут прилагаться к этому усилия, то впоследствии реализовать их будет трудно.

Общение – очень важная и основная сфера жизни человека, в результате которой устанавливается межличностное общение, формируются и развиваются взаимные сделки. Отношения – это взаимный обмен мнениями, совместное наслаждение в мире чувств, разделение горестей и радостей и включают в себя широкий спектр эмоциональных спектров. Отношения – это процесс взаимодействия между двумя или более психологическими системами, духовным миром и мыслями, чувствами, поведением, поведением, поведением или поведением в форме согласия или взаимопонимания, либо в форме конфликта, спора, или конфликт будет реализован.

Отношения – это воздействие одного человека на другого человека в ходе взаимоотношений, или характер результата взаимоотношений, но его внутренними механизмами (механизмами) считаются прямое, опосредованное, речевое воздействие на психическое состояние, чувства, мысли, поведение, поведение человека. Для маленького подростка очень важно участвовать в жизни группы, быть среди других, быть принятым сверстниками в подростковом возрасте, чувствовать, что он нужен в группе, завоевывать в ней репутацию и уважение. Низкий статус в группе беспокоит ребенка, появляется чувство нервозности, он находится в состоянии неуверенности в себе, слабоволия, то есть, словом, снижается его самооценка в группе.

Важным условием нормальных взаимоотношений в семье между родителями и детьми является взаимная информированность родителей и детей, в этом случае будет и формироваться хорошее отношение к учёбе. Взаимная информированность родителей и детей даёт возможность прийти к взаимопониманию и уважению мнения друг друга. В совместных делах не только родители открывают

характер детей, но и дети познают сложный мир взрослых, их образ мыслей и переживаний, лучше узнают своих родителей.

Родители могут больше спрашивать с детей, отдавая им свое время, чувства, обеспечивая им достойную жизнь. Если атмосфера в семье доброжелательная и чуткая, то ребенок, воспитанный на положительных примерах своих родителей в обстановке взаимной любви, заботы и помощи, вырастет таким же чутким и отзывчивым. Родители, которые боятся перегрузки детей от учебы, избавляют их от домашних обязанностей, совершают большую ошибку, т.к. в этом случае ребенок может стать эгоистом и пренебрегать трудом вообще.

Для того чтобы правильно оценить мотивы поведения своих детей, нужно понимать их, знать направленность их личностей, интересы, уровень их знаний, умений. Если в семье нет подобной информации о детях, в таком случае появятся взаимные трудности в общении.

Список использованной литературы:

1. Амиралиев Ш. «Духовное богатство — от жизни». -Казахстанская школа №11-12. - 1992.
2. Джундибаева Т.И. Семейная педагогика/учебник/Алматы: Экономика, 2014.

ӘОЖ 373.423.23

ТӘРБИЕ – ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫҢ ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ СИПАТЫ

ТАНАБАЕВА КУРАЛАЙ ДУЙСЕНОВНА

Ш.Смаханұлы атындағы №44 орта мектебінің математика пәні мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қаласы,

Резюме. В статье уделяется внимание методам воспитания детей в семье, методам целенаправленного педагогического воздействия родителей на мышление и поведение детей. Говорят, что существуют способы повысить воспитательное влияние семьи, улучшить взаимоотношения в семье, совместную деятельность школы и семьи.

Summary. The article focuses on the methods of raising children in the family, the methods of parents' targeted pedagogical influence on children's thinking and behavior. It is said that there are ways to increase the educational influence of the family, to improve the relationship in the family, and the joint activities of the school and the family.

Тәрбие қоғамдық құбылыс ретінде өздігінен пайда болмайды, ол жасалмайды, ол тұлғаны қалыптастырады және оны өмірге дайындайды және оған қажетті тәрбие заңдылықтары, оның әдістемелік негіздері оқу іс-әрекетінің өзінде ғана көрініп қана қоймайды, сонымен қатар оның әдістемелік негіздері де бар. әлеуметтік тұлғаның сипаты және адам дамуы мен қалыптасу заңдылықтарына негізделеді.

Адамды тәрбиелеу, оған жан-жақты білім беру, өнерге баулу, мүмкіндіктерді дамыту тарихы жалғасын табуда. Адам тәрбиесі тарихи құбылыс екені анық. Өйткені, алғашқы құрылған отбасынан кейін бала тәрбиесі үшін ашылған мектептер пайда болды, олардың барлығының мақсаты жеке тұлға тәрбиелеу.

Жеке тұлғаның жан-жақты дамуын қалыптастыру дегеніміз:

отанына берілгендікті, оның бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауға дайындығын, бейбітшілік үшін, халықтардың достығы мен ынтымағы үшін, еңбекшілердің бақыты үшін арнаулы даярлықта тәрбиелеу;

ғылым, мәдениет, техника саласындағы білімдер жүйесін және өндірісті ұйымдастырудың даму жағдайларын игере білуін тәрбиелеу;

адамгершілік қасиеттерді барынша құрметтеушілік, адамдарға деген қамқорлық жасау және оларға ілтипат пен қараушылық, жолдастықпен адалдық, шыншылдық, жауапкершілік сезімдерге тәрбиелеу;

еңбекте адал қарым-қатынасын, қоғам игілігі үшін материалдық өндіріс саласында еңбек етуге даяр болуы, еңбек ету қажеттілігін түсінуге, еңбек адамын құрмет етуге тәрбиелеу;

әсемдікті барынша сезіне білуді, шын көріктілікті жасандылықтан ажырата білуді, музыкаға, өнерге, әдебиетке ынтасын үнемі жетілдіруге талпынысын, құштарлығын, табиғатты сүюге тәрбиешілерді тәрбиелеу;

денсаулығы мықты және дене құрылысы жақсы дамыған, дене шынықтыру мен / спортпен / үнемі шұғылданатын адамды тәрбиелеу;

табиғатты қорғау, оның байлығын көздің қарашығындай сақтау, адам өмірінің бастауы – жер, су, ауа, аң, өсімдіктерді бағалау, қастерлеу, сақтау рухында тәрбиелеу, т.с.с.

Әрбір мектеп мұғалімінің алдында, міне осындай оқушы тұлғасын тәрбиелеп шығару міндеттері тұр. Бұл міндеттерді шешу әсіресе тұлғаның балалық, жастық және жасөспірім шақтарында жүзеге асырудың маңызы ерекше.

Тәрбие мақсатына сай бұл мәселелерді ұйымдастыру немесе жүзеге асыру тәрбиенің салалары: ақыл-ой тәрбиесі, азаматтық тәрбие, адамгершілік тәрбиесі, эстетикалық және дене, экологиялық т.б. көптеген тәрбие міндеттерін жүзеге асыру негізінде атқарылады.

Жеке тұлғаны жан-жақты дамыту міндеттерін жүзеге асыру үшін оған әлеуметтік те, сондай-ақ белгілі бір материалдық та жағдайлар жасау қажет. Ол үшін:

Халыққа білім беру жүйесін үнемі жетілдіріп, дамытып отыру;

Оқу-тәрбие беретін мекемелердің материалдық-техникалық базасын үнемі жақсартып отыру;

Күндізгі және сырттай оқу орындарының жүйесі арқылы, өздігінен білім алу жолымен де жастардың білім алуы үшін кең мүмкіндіктер беру;

Мәдени-ағарту мекемелерінің жүйесін құру: клубтар, мәдениет сарайлары, кітапханалар, лекторийлар т.б. ұғымды ұйымдастыру;

Жастардың денсаулығына қамқорлық жасау, оларды жаппай дене тәрбиесімен күнсайын айналысуын насихаттау, мүмкіншілік жасау. Спорт секцияларын ұйымдастырып, спорт залдарын қажетті жабдықтар мен қамтамасыз ету;

Халықтың әл-ауқатын, тұрмыс-жағдайын, материалдық ахуалын жақсарту;

Тәрбие процесінде халықтық педогогиканы кеңінен пайдалану. Аға ұрпақтың әлеуметтік тәжірибесін меңгерту;

Жастардың бос уақытын, демалысын тиімді ұйымдастыру, өздері қалаған шығармашылық жұмыстармен айналысуға барынша қолдау көрсетіп, жағдайлар туғызу;

Тәрбиешілердің білім дәрежелері мен шеберліктерін үнемі жетілдіріп отыру қажет.

Олай болса, жан-жақты үйлесімді дамыған адам деп- өзінің бойындағы рухани байлықты, моральдық тазалықты және дене жағынан жетілгендікті үйлестіре, ұштастыра білген, сана-сезімі жоғары, өмірдің түрлі салаларында белсенді қызмет етуге қабілетті, ізгіленген және қаректішіл тұлғаны айтуға болады.

Тұлғалық - бағдарлық көзқарас адамның тұлға ретінде әлеуметтік, әрекеттілік және шығармашылық мәні туралы принципті баяндайды. Ол тұлғаны тарихм-қоғамдық даму нәтижесі және мәдениет жаршысы ретінде таниды.

Іс - әрекеттілік көзқарас тәрбие процесінде тұлға дамуының негізі, құралы және шешуші факторыр болып есептеледі. Бұл сана және әрекеттің бірлігі идеясына негізделіп, тәрбиеде жаңа жүйені қалыптастырады. Мұндай көзқарас педогогикалық зерттеу жұмыстары және практикалық әрекеттері барысында тұлғалық –бағдарлық принциппен тығыз қарым- қатнаста болып, оның жүзеге асуына тікелей ықпал етеді.

Мәдениетшілік көзқарас. Бұл нақтылы-ғылыми әдіснамалық таным ретінде және педогогикалық ақиқатты жаңғыртуда өзінің негізі аксиологиясы – жалпы адамзаттық мәдени құндылық (заттық және рухани) жайында оқу болып табылады. Ол жалпы адамзаттық мәдени құндылыққа негізделіп, оған қайшы келмейтін ұлттық мәдениет және аймақтық дәстүрлерді құрайды. Сондықтан да ол тұлғаның өз ұлты және туысқан халықтар мәдениетін оқып-білуі, одан әрі жалпы адамзаттық мәдениетпен танысуы арқылы өзінің мәдени дамуын қамтамасыз етуді көздейді.

Жүйелік көзқарас- бірден бір әдіснамалық принцип болып есептеледі. Оның мәні педогогиканың жекелеген элементтерін бір бірінен оқшау қарастырмайды, керісінше олардың бір-бірімен өзара қамтамасыз етіп, бірыңғай жүйе құрады. Сондықтан да жүйелік жүйелік көзқарас жекелеген педогогикалық элементтерді құрастыратын жүйелік қасиет және сапалық сипаттаманы тудыруға мүмкіндік береді.

Іқпалдастық немесе біртұтастық көзқараста тұлғаны қалыптастыру тәрбие әрекетінің негізі компоненттерінің өзара тығыз байланысын қамтамасыз етуді қарастырады. Бүгінде тәрбиедегі тұлғаны жан-жақты дамыту идеясында жалпы адамзаттық мәдениетті меңгеру, соның ішінде ақыл-ой мәдениеті, зияттық мәдениет, политехникалық және еңбек мәдениеті мен тұлғаның кәсіби бағдары, адамгершілік

мәдениеті, саяси және құқық мәдениеті, эстетикалық және дене, экологиялық және экономикалық мәдениет, дәстүрлі және этнопедогогикалық мәдениетті қамтиды.

Этнопедогогикалық көзқарас қазіргі тәрбие теориясы мен практикасы үшін аса қажет педогогика мен халықтық тәрбиенің бірлігін, этностық тәрбиенің сипаты мен өзгешелігін және оны мазмұндау, адмзаттың көпғасырлық тәрбие әрекеті нәтижесінде жинақталған педогогикалық құндылықтарды практика жүзінде қолдана алу қажеттілігін анықтайды,

Антропологиялық көзқарас тұңғыш рет К.Д. Ушинскийдің еңбектерінде қарастырылған және дәлелденген. Оның көзқарасынша – бұл барлық ғылым салаларындағы адам жайында деректерді жүйелі түрде пайдалану, оларды есепке алу және педагогикалық процесте жүзеге асыру. Сондықтан да К. Д. Ушинскийдің «Егерде педагогика адамды барлық жағынан тәрбиелегісі келсе, онда оны барлық жағынан білуі тиіс.» пікірі бүгінде педагогика ғылымында өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Данышпан Әбу Насыр әл-Фараби айтқандай, бір халық екінші халықтан табиғи үш қасиетімен ерекшеленеді: болмыс, мінез, тіл. Педагогикада музыканы, тіл білімін және логиканы біріктіре отырып, әл-Фараби жеке тұлғаны жан-жақты және үйлесімді дамытуда тәрбие мәселесіне үлкен мән берді. Әл-Фараби адамдарды өзінің әлеуметтік-этикалық көзқарастарының өзегіне алады. Өз бетінше әрекет ете алатын белсенді адам ғана әлеуметтік қызмет арқылы өзінің жеке бақытын таба алады.

Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас кезінде мұғалім баланың ішкі жан дүниесін көріп, оның ішкі күш-қуатын сезіне алады, сол арқылы оны табиғи түрде дамытады, оның жан дүниесінің жалпы ағымымен танысады, әр адамның жан дүниесінің құбылыстарымен танысып, зерттейді.

Адам өзін де, өзгені де дұрыс түсіну үшін ғылымнан жол іздеуі керек. Отбасы тәрбиесінің мазмұны жан-жақты үйлесімді дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу. Отбасы дене және психикалық жағынан дені сау, моральдық және интеллектуалды дамыған, одан әрі еңбекке, қоғамдық және отбасылық өмірге дайын тұлғаны қалыптастыруға міндетті.

Қазіргі қоғамда болып жатқан өзгерістер отбасылық дағдарысты күннен-күнге айқындап, одан шығудың жолын іздеу қажет. Дағдарыстың бір көрінісі – отбасының негізгі қызметі – бала тәрбиесінің нашар жүзеге асуы.

Дағдарыстың себептеріне келсек: әлеуметтік - экономикалық жағдайдың нашарлауы, мәдениетінің төмендігі, отбасында аналардың шектен тыс міндеттеме алуы, әсіресе жастар арасында ажырасудың жоғары пайызы, ұрпақ арасындағы тартыстың асқынуы, отбасы мен мектептің байланысының нашарлауы т.б. Отбасыда тәрбие жұмысы әсерін арттырудың жолдары: отбасындағы қатынасты реттеу, мектеп пен отбасының бірлескен қызметі, қоғамдармен жұмысын үйлестіру т.б.

Тәрбие барысындағы талап тәрбиеленуші әрекетінің ынталылығын көтеруге не оны тежеуге қажет талаптар тікелей не жанамалы болып келеді. Тікелей талап - анық, дәл, нақты. Жанамалы талапта әрекетке келтіретін талаптың (кеңес, өтініш, сенім, қолдау, құлақ-қағыс және т.б.) өзі емес, ал сол талаптан туындайтын психологиялық жағдаяттар: толғаныс, күйзеліс, мүдде, ұмтылыс. Жанама талаптар арасында аса көп қолданылатындары:

Тәрбиелік жағдайлар - арнайы жасалған шарттарға орай тәрбиеленуші іс-әрекеті мен мінез-қылығын қалыптастыру әдісі. Тәрбиелік жағдайлар (ситуация) тиімділігін көтерудің екі жолын еске ұстаған жөн: жағдай жалған, жасанды болмай, нақты өмірде кездесетін қарама-қарсылықтары мен күрделіліктерден құралуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Еденбаева З. «Баланы адамгершілікке тәрбиелеу», «Семья және балабақша» №8 1991. 10-11 б.
- 2.Қалиев С. «Қазақ этнопедогогикасының тарихы» Алматы, «Білім» 1999. 108, 134-135 б.

УДК 373.452.89

РАЗВИТИЕ РЕЧЕВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

СОКОЛОВА ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА

Учитель начальных классов средней школы №33 имени М.Ауэзова, города Тараз

Резюме. Бастауыш сынып мұғалімі баланың сөйлеуін дамытудың маңыздылығын түсінуі керек. Егер оқушының тілінің дамуы жоғары болса, оның өмір жолына, сыныптастарымен қарым-қатынасына, сонымен қатар мектептегі нәтижелі оқуына әсер етеді.

Summary. A primary school teacher must understand the importance of child speech development. If a student's language development is high, it will affect his life path, his relationships with classmates, as well as his effective performance in school.

Сегодня одной из актуальных проблем казахских школ является повышение языковой культуры учащихся, воспитание граждан, умеющих грамотно писать и ясно выражать свои мысли. Об этой проблеме много сказано и написано.

Чтобы иметь возможность понимать и применять педагогические методы по предметам начальной школы в модернизированной образовательной среде, учителю необходимо оценить свою личностную позицию. Кроме того, важно обеспечить, чтобы учитель понимал и мог использовать систему критериального оценивания для достижения целей обучения учебной программы начальной школы.

Язык считается источником образования. Учитель начальных классов должен понимать важность развития речи ребенка. Если языковое развитие ученика высокое, это повлияет на его жизненный путь, его отношения с одноклассниками, а также на его эффективную учебу в школе. Для начала дадим определение речевому акту. По своим особенностям и функциям речь делится на два типа: внутреннюю и внешнюю.

Внутренняя речь снова делится на устную и письменную, а устная на монологическую и диалогическую. Все виды речи взаимосвязаны. Но каждый тип речи имеет свои особенности. Ни одна мысль не может быть выражена без языка и материальных речевых процессов.

Если мы говорим, что учащийся является основой учебной деятельности, то известно, что конечная цель – изменение и развитие мышления учащегося. Учебная деятельность, по мнению психологов, – это самосознание и изменение учащегося.

Известный психолог М. Муқанов: «После того, как дети приходят на учебу в младшем школьном возрасте, психическое развитие ребенка претерпевает большие изменения. Причина изменения в том, что обучение дается ребенку сложнее, чем игра», - описывает он. Развитие речи ребенка зависит от верхней нервной системы. Таким образом, увеличивается и сила мышц ребенка. Отсюда мы видим, что склонность ребенка к длительной работе активно возрастает.

В.В.Давыдов, раскрывая содержание учебной деятельности, подчеркивает, что «для формирования полноценной учебной деятельности у младших школьников (а затем и у старшеклассников) им следует регулярно выполнять свои учебные задачи».

Существует период внутренней речи для подготовки к устной речи, особенно письменной. Это внутренняя речь. Внутренняя речь, как уже говорилось выше, делится на устную и письменную. В письменной речи состояние общения связано с текстом. Письменная речь более концентрирована по содержанию, чем устная речь.

Каковы будут эффективные условия формирования и развития речевой деятельности учащихся в начальной школе? Важнейшее условие – потребность в общении.

необходимо создать условия, которые создают желание и интерес поделиться своим мнением или информацией, определяют энтузиазм в акте речи.

Второе условие – создание коммуникативной среды. Средство общения – рассказы родителей, родственников, друзей, художественная литература, средства массовой информации, язык учителя, язык учебников. Разговор помогает ученику общаться и познавать мир. Не опираться на психологию при обучении речи учащихся младших классов невозможно.

По опыту учителей начальной школы, непонимание упражнений учениками начальной школы является причиной недостаточного развития их речи. Работа с новыми словами занимает особое место в процессе развития речи. Учащийся должен выучить определенное количество новых слов на каждом уроке.

По мере того как речевая деятельность и словарный запас начинают расширяться, ребенок активно занимается речевой деятельностью с окружающими его людьми, с детьми своего возраста. На этом этапе необходимо сосредоточиться на вопросе функциональной грамотности.

Функциональная грамотность – это показатель способности человека общаться с внешней средой и способности быстро адаптироваться к этой среде и общаться. Таким образом, функциональная грамотность – это совокупность знаний, умений и навыков, которые считаются необходимыми для проживания человека в определенной культурной среде и обеспечения его социального взаимодействия.

И в широком смысле это не только способ выхода в мир знаний и образования, это мера культурного и социального развития нации, страны или группы личностей. С точки зрения такой качественной характеристики функциональная грамотность используется как механизм развития личности.

Следующий способ изучения разговорной речи – комплексное обучение. И комплекс для учащихся: учебники, фонограммы, деки, аудиокассеты, видеокассеты, дидактические раздачи упражнений, словари, содержание, использование аудиоучебников через прямое подключение (онлайн) к образовательным порталам и т.д. На уроках литературы можно перейти к теме, добавив озвучку или показав видео.

Найдя тему, учащиеся ставят перед собой цели. В ходе урока можно давать дидактические распределенные упражнения по содержанию темы. Например, создать диалог с соседом в парной работе и разыграть его. Это улучшит взаимоотношения учащихся друг с другом и разовьет изобретательность и ловкость в актерском мастерстве.

Учебные материалы для учащихся в период начального образования можно наблюдать, что все психические процессы достигают новых и существенных изменений и достижений при правильной организации обучения, развивающего способности к обучению и умственные способности. Какой бы этап развития ни прошел ребенок, он включает в себя все виды деятельности. Но мы замечаем, что один из них развивается больше других.

В этот период количество слов, которые усваивает ребенок, варьируется. Это зависит от уровня воспитания. Речь ребенка не развивается должным образом, это результат речи и общения, внешних воздействий, в результате развивается. Познавательные потребности детей вызывают у них интерес к обучению.

Ребенок, впервые пришедший в школу, в дальнейшем разовьет свои разговорные навыки, будет готов к усвоению систематических и научных понятий языка, у него будет достаточный словарный запас, он сможет правильно строить предложения и понимает значение слов, данных в контексте, через слова, относящиеся к окружающей среде.

Список использованной литературы:

1. Амиралиев Ш. «Духовное богатство – от жизни». -Казахстанская школа №11-12. - 1992.
2. Джундибаева Т.И. Семейная педагогика/учебник/Алматы: Экономика, 2014.

УДК 373.239 (056)

ЭФФЕКТИВНОСТЬ РАЗВИТИЯ НАВЫКОВ ЛОГИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ У УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

ТАРАДИНА МАРИНА ЮРЬЕВНА

Учитель начальных классов средней школы №33 имени М.Ауэзова, города Тараз

Түйіндеме. Мақалада математика сабақтарында логикалық есептеу дағдыларын дамыту бойынша жұмыс жүргізудің өте маңызды екендігі айтылған. Бастауыш мектепте математиканы оқыту үдерісінде есептер шығару дағдыларын қалыптастыру, жетілдіру және дамытудың маңызды бағыттарына тоқталайық.

Summary. The article states that it is very important to work on developing mental calculation skills in mathematics lessons. Let us dwell on the most important areas of formation, improvement and development of problem-solving skills in the process of teaching mathematics in primary school.

Значение математики в повседневной жизни человека огромно. Не умея считать, не умея правильно складывать, вычитать, умножать и делить числа, невозможно думать о том, что развитие человеческого общества возможно. Четыре арифметических действия, правила устных и письменных вычислений преподаются с начальных классов. Эти правила не были придуманы или придуманы одним человеком.

Арифметика четырех действий, правила устных и письменных вычислений преподаются с начальных классов. Эти правила не были придуманы или придуманы одним человеком. Арифметика родилась из требований повседневной практики, из жизненных потребностей людей в упорном труде. Арифметика развивалась очень медленно и занимала много времени.

Все мы знаем, что каждое действие учителя оставляет впечатление на ученика и способствует его дальнейшему развитию. Учитель – это образец для подражания для ученика, человек, который направляет и направляет ученика на различных путях его жизни, не сбиваясь с пути, прививает ребенку нравственность, трудолюбие, честность и другие подобные добродетели.

В наше время вопрос повышения уровня образования школьников является одним из важнейших вопросов. Все мы знаем, что главным человеком в повышении уровня образования ученика является учитель. Повышение уровня образования учащегося означает всестороннее образование учащегося, предоставление ему прочного образования из основ науки, превращение его в гражданина, который в будущем будет служить обществу. Дальнейшее углубление и совершенствование знаний ученика.

Остановимся на важнейших направлениях формирования, совершенствования и развития умений решать задачи в процессе обучения математике в начальной школе.

Все мы знаем, что обучение устной арифметике начинается в начальной школе. Это эффективно с точки зрения экономии времени. Пояснения, данные в случае, когда результат отдельного примера вычисляется несколькими способами, как получаются промежуточные результаты и что будет в конечном результате, вербализуются, и на их написание не тратится время.

Кроме того, хотя выбор метода использования остается, также есть возможность научиться выбирать наиболее эффективный из них.

Очень важно на уроках математики проводить работу по формированию навыков устного счета. Для развития мыслительных способностей учащихся на занятии необходимо привыкнуть мысленно решать операции, которые необходимо выполнить при составлении отчета. Преподавание математики в начальной школе не ограничивается передачей математических знаний.

Этот предмет очень важен для развития логического мышления учащихся. Для того чтобы определить ясность и глубину мыслительного процесса учащихся, необходимо наряду с их активной деятельностью организовать их самостоятельную работу.

Необходимо учитывать использование арифметического диктанта при проверке знаний и умений учащихся при обучении устному счету. После диктанта предпочтительно провести экзамен устно. В начальных классах математика преподается в форме школьных и внеклассных уроков.

На уроках особое внимание уделяется повышению интереса детей к математике, тренировке их умений работать самостоятельно. Увлеченность предметом и способность мыслить независимо тесно связаны. Когда урок интересен детям, они становятся более активными в учебе, работают самостоятельно и повышают свою активность, поэтому их энтузиазм к предмету возрастает.

Важно правильно выбрать методы обучения, чтобы научить учащихся самостоятельно мыслить и повысить их интерес к математике. Одним из активных методов обучения является предоставление учащимся возможности работать самостоятельно. При самостоятельной работе значительную часть урока учащийся должен уметь четко понимать цель работы, выполнять ее, проверять и исправлять ошибки, постепенно осваивать общие приемы самостоятельной работы.

Для эффективной организации самостоятельной работы учащихся на уроках необходимо собрать в кабинетах математики дидактический материал, раздаточные материалы, распечатанные тетради и другие учебные пособия.

Важность использования наглядных пособий различными способами заключается в демонстрации их достаточного и надлежащего использования. Визуальное использование без благословения теряет свои качества. Здесь также сокращается учебный процесс. У учащихся теряется энтузиазм и интерес к урокам. Поэтому визуальные эффекты должны использоваться эффективно. Чтобы выбрать способы использования наглядных пособий, нам необходимо знать роль наглядных пособий в процессе обучения учащихся. В зависимости от роли визуализации в процессе обучения мы делим ее на две большие группы.

Объектно-образные визуалы можно разделить на символические визуалы.

Инструменты первой группы: картинки, фотографии, диафильмы, видеоклипы, объекты природы и другие. Они помогают учителю и ученикам в их эмоциональном восприятии во время формирования идей и концепций. Во втором случае следует использовать наглядные средства: сложные взаимоотношения схематических объемных объектов, их взаимную эффективность и восприятие в реальном изображении.

В заключение отметим, что устные вычисления очень эффективны на уроках математики. На занятии учащиеся развивают мыслительные способности, привыкают мысленно решать действия, которые необходимо выполнить при расчете, и открывают путь к быстрым расчетам и развитию логического мышления.

Как уже говорилось выше, в учебном процессе используется целый комплекс тесно связанных между собой учебников, наглядных пособий и технических средств обучения. Одним из важнейших из них являются «Дидактические материалы», распечатанные для каждого класса. «Дидактические

материалы» в первую очередь помогают преподавателю в организации упражнений и различных заданий, выполняемых в ходе курса.

При этом при выполнении групповой или индивидуальной работы на уроке проводят индивидуальную работу с учащимися с низкой или хорошей успеваемостью, организуют контрольную работу; и «дидактические материалы» широко используются при работе с различными категориями учащихся. Ученики занимаются мышлением, измерением, расчетом, нахождением, исследованием на уроке, в ходе игр.

Список использованной литературы:

1. Галагузова И. Г. Социальная педагогика: Курс лекций: Учебное пособие для студ. высших.уч. завед. /под ред. М. А. Галагузовой. –М.:Гуманист. Изд.центр ВЛАДОС, 2003.

2. Мудрик А. В. Социальная педагогика. Учебник для педагогических вузов /под. ред. В. А. Сластенина - М., 2000

ӘОЖ 373.426.24

ЖАС ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕ МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫНЫҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

ТЛЕНШИЕВА ЭЛЬВИРА БАКЫТОВНА

Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінің физика пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы

Резюме. В статье говорится о связи образовательных организаций, школы с семьей и обществом осуществляется преимущественно через работу классных руководителей. Формирование личности в воспитании зависит от влияния родителей, их общей и психолого-педагогической компетентности.

Summary. The article talks about the connection between educational organizations, schools, family and society, carried out mainly through the work of class teachers. The formation of personality in education depends on the influence of parents, their general and psychological-pedagogical competence.

Баланың алғашқы әлеуметтену ортасы - отбасы. Адамның тұлғалық сапаларының жетіліп, қалыптасуы отбасындағы өзара қарым - қатынаспен тікелей байланысты. Отбасының баланың дамып, қалыптасуындағы ролін алмастыратын ешбір орта осы уақытқа дейін болған емес. Отбасының негізгі қызметі өмірге бала әкеліп, ұрпақ сабақтастығын, адамзат өмірін жалғастырумен қатар, баланы тәрбиелеп, мәдени - тарихи құндылықтарды бойына сіңіру, аға ұрпақтың тәрбиесін, әдет-ғұрпын сақтауға үйрету арқылы саналы, дүниетанымы кең азамат етіп тәрбиелеу. Баланың алғашқы әрекеті сыртқы заттық ортамен тікелей байланысты. Сыртқы іс-әрекетті бала әдетте ересектермен бірлесіп, олармен бірге жасайды, ол отбасында басталады.

Отбасылық тәрбиенің басты жағдайларының бірі – бұл ерлі- зайыптының өзара махаббатына, көзқарасының, мүдделерінің, сенімділіктерінің және ұжымдық іс-әрекеттерінің бірлігіне негізделген татулық. Мұндай ортада қиыншылықты жеңе білетін қабілетті, байсалды, ақжарқын адамдар өседі. Олар ұжымды, жеке басының қамын ойлайды, басқа адамдар үшін де өмір сүре алады.

Отбасында балалардың тәрбие процесіне табысты ықпал жасауда басқа да жағдайларды сипаттайтын белгілерді атауға болады. Ж.Б.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаевтың пікірлерінше, оларға мына мәселелер жатады

Отбасының этикалық құрамы және құрамы: толық емес отбасы, бір балалы, көп балалы отбасы, бір ұлттық, көп ұлттық отбасы;

Тіршілік әрекетінің және орталық жағдайлары: отбасы мүшелерінің білім дәрежесі, еңбектану, кәсіптік құрамы, бюджеті, жалпы материалдық әл-ауқаты, селолық және қалалық отбасы;

Отбасының мәдени потенциаллы: күнделікті тұрмыстың жалпы мәдениеті; күн ырғағы, демалыс, оның формалары, кітапхананы, теледидарды, музыка аспаптарын пайдалана білуі, спортпен айналысу, үйелмендік дәстүрлік мерекелер;

Ішкі отбасылық қатынастар отбасы микроклиматтарының сипаттамасы, үйелменде көзқарастың бірлігі және айырмашылығы, отбасы мүшелерінің өз міндеттеріне көзқарасы;

Қоғамға көзқарасы: еңбек және қоғамдық міндеттерге, қоғамдық тәрбие институттарына қатысы;

Отбасының тәрбиелік потенциялы: отбасылық тәрбие, қолданылатын әдістер, ата-аналардың және басқа мүшелердің педагогикалық мәдени дәрежесі Отбасының осы көрсетіліп отырған ерекше белгілерінің тәрбиелік ықпалы өте күшті, оларды тәрбие барысында ескеру қажет.

Бала бойындағы адамгершілік қасиеттердің пайда болуы ата-ана, ұстаз, жақсы құрбысынан екені сөзсіз. Сондықтан «Бала тәрбиесі – бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер. Жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер. Баланы дұрыс тәрбиелеу үшін әркімнің өз тәжірибесі жетпейді. Басқа адамдардың тәжірибесімен танысу керек» деп алаш ардақтысы Мағжан Жұмабаев айтқан – бала тәрбиесі барлығымыздың бірлескен жұмысымыздың нәтижесі. Бұлардың барлығы қоғамға тәуелді.

Отбасы жағдайын және баланың жас ерекшелігін ескере отырып, оны ата-аналар түрлі еңбек іс-әрекеттеріне үйретулері қажет. Бала – отбасы мүшесі, оның өз міндетін адал ниетпен орындауы – зор қуаныш. Отбасының бала еңбегіне артық салмақ түсірмей, парасатты ұйымдастырғаны жөн. Үйге берілген оқу тапсырмаларын үнемі орындап отыруға бақылау жасау, көмектесу, балаларды өз бетімен жұмыс жасай білуге үйрету.

Адамдардың ара-қатынасын белгілейтін ұғымдар сырына терең үңілсек, адамгершілікті адамның тұлғалық жан дүниесінен орыналатын рухани байлықты байқауға болады. Адамның өмір салтын құрайтын іс-әрекет тұрғысынан қарасақ, біздің халықта бұл мәдениет әр адамның әлеуметтік орнына қарай қалыптасқан қарым-қатынастың іс-әрекеттік байлығы адам тұлғасының орынды сапалық қасиеттерінің қайнар көзі болып табылады. Отбасында, мектепте бұл қатынастар тәрбиенің пәрменді құралына айналуы қажет.

«Әрбір баланың мінез – құлқы ата-ананың жағымды іс –әрекетінен үлгі алуы барысында қалыптасады» деп И.Павлов айтпақшы баланың мінез-құлқы өскен ортасында, көрген тәрбиесіне байланысты қалыптасады. Ата-ана – бала үшін ең бірінші үлгі тұтар адам, өзін көретін айнасы.

Сондықтан, баланың болашағы жарқын болуы үшін мектеп пен ата-аналар тығыз байланыс орнату керектігін барлығымыз жақсы білеміз. Адамзат тәрбиелеу ұзақ және қиын процесс. Жеке бастың қалыптасуы, оның рухани жағынан дамуы бала кезден бастау алады. Жас шыбық иілуге қандай икем болса, бала да тәрбиені қабылдауға сондай бейім. Соңғы жылдары жалпы білім беретін мектеп пен жалпыға бірдей орта білім беру ісін дамыту, жаңарту проблемаларының ауқымдылығы соншалық, оған жас ұрпаққа білім беру саласында жүрген азаматтармен қатар, ұлт тәрбиесіне бей-жай қарамайтын әрбір адам өз үлесін қосуда.

Баланың бас ұстазы – ата-ана. Ұлтымызда «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген дана сөз бар. Әр отбасында ата-ананың орны бөлек. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Әке - отбасының асыраушысы, қамқоршысы, тірегі деп білсек, ана-отбасының ұйтқысы, жылуы, шағуы, жақсы ана отбасына береке әкеліп жанұясын бақытқа бөлейді. Ата-анаға баладан артық ешкім жоқ. «Бала-адамның бауыр еті» деген сөз бар. Сондықтан қай ата-ана болмасын баласының білімді, парасатты, мәдениетті, тәртіпті, әдепті болуын қадағалайды. «Бала – өмірдің жалғасы, көз қуанышы, шаңырақ иесі» деп ұрпақ тәрбиесіне көп көңіл бөлген.

Баланың отбасында негізі қаланған көзқарасы және наным, мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін ары қарайғы дамуында білім беру ұйымдары оқытуда мектеп шешуші рөл атқарады. Мемлекет балаларды тәрбиелеуде отбасына мектеп арқылы көмектесіп, отбасылық тәрбиенің мазмұны мен ұйымдастырылуына басшылық жасайды. Мектеп пен отбасы бірлесіп күш жұмсай отырып, жас ұрпақтың жан-жақты дамуына ат салысады.

Ал білім беру ұйымдарының, мектептің отбасымен және қоғаммен байланысы, негізінен, сынып жетекшілерінің жұмысы арқылы жүзеге асады. Баланы тәрбиелеу оның тұлғалық сапаларының қалыптасуы өте күрделі мәселе. Тәрбиеде жеке адамның қалыптасуы ата-аналардың ықпалы мен олардың жалпы және психологиялық-педагогикалық сауатына байланысты.

Осыған орай мектеп пен отбасы ынтымақтастығының тағы бір түрі - педагогикалық насихат, яғни ата-аналардың психологиялық педагогикалық сауатын ашу. Насихат жұмысы оқыту мен тәрбие міндеттерін шешуге әсер етеді. Осы тұрғыдан педагогикалық-психологиялық білім негіздерімен ата-аналарды қаруландыру мектеп алдында тұрған міндеттердің бірі.

Мектептің ата-аналар комитеті мұғалімдерге, ата-аналарға көмектесіп, балалардың демалысын, қиын отбасыларын қамқорлыққа алып, балалардың тұрған жеріндегі жұмыстарды ұйымдастыруға қатысып, ата-аналар жиналыстарын, конференция, пікірталастарды, балалар мерекелерін өткізуге арналған дайындық жұмыстарына қатысады.

1. Баланың тұлға болып қалыптасуындағы негізгі шарт- оның әлеуметтік ортада тәрбиеленуі. Ал отбасы адшамның алғаш дүние есігін ашқандағы шағын әлеуметтік ортасы. Отбасы - ғасырлар бойы адам баласы тәрбиесінің негізі, белгілі дәстүрлердің, өнегелердің сақтаушысы. Олай болса, әр қоғамдық экономикалық жағдайлар мен байланысты отбасының негізгі функциясын орындап, бала дамуының

түрлі кезеңдеріндегі дағдарыстарды дұрыс түсініп, оның отбасындағы әлеуметтенуінің теориялық негіздерін ата-ананың басшылыққа алуы;

2. Ата-ананың психологиялық және педагогикалық сауатын көтеру;

3. Мектеп - өзгеріп отыратын жағдайлар мен құбылыстарды ажырата білетін, жасампаз шығармашылық тұрғысынан әр құбылысқа баға бере қарайтын, болашақ мамандық иелерін, қоғам мен заман талабына сай талаптарды көре біліп, іс жүзіне асыратын жеке тұлға әзірлейтін мемлекеттік мекеме. Тәрбие берудің ажырамас бөлігі - ол мектеп. Мектеп - өзгеріп отыратын жағдайлар мен құбылыстарды ажырата білетін, жасампаз шығармашылық тұрғысынан әр құбылысқа баға бере қарайтын, болашақ мамандық иелерін, қоғам мен заман талабына сай талаптарды көре біліп, іс жүзіне асыратын жеке тұлғаның дамуын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік мекеме.

4. Білім беру мекемелерінің негізгі қызметі баланы білім әлеміне енгізіп, саналы тұлға етіп тәрбиелеу. Ол мекемелердегі оқу тәрбие процестері және оларды ұйымдастыру мен оқытушы тәрбиелеуші мамандардың жалпы білім беру ұйымдарының қызметі ғылыми негізде, дидактикалық талаптарға сай жоғары талап деңгейінде ұйымдастырылуы тиісті. Оқу мен тәрбиенің нәтижесінде әлеуметтену процесі қарқынды жүруіне байланысты бұл кезеңде оқушыда жаңа сапалар қалыптасып, дамиды.

Тәрбиенің бастауы болған отбасы мүшелері тәрбие мен оқу жоспарын іске асыруда мектептің ең басты одақтасы бола алады. Мектеп пен отбасы мүшелері өзара бірлесіп жұмыс істегенде ғана ынтымақтастықпен қарым-қатынас болып, арада түсіністік пен үйлесімділік орнамақ. Себебі, баланың өмір сүруге құштарлығының оянуы тәлім-тәрбиедегі бір жүйелілікпен, өзін қоршаған ортамен, бірге оқыған құрбы-достарымен, олардың күнделікті іс-әрекетімен, сөйлеген сөзі, жүріп-тұруы тағы басқа қасиеттерімен тығыз байланысты. Орынды тәрбие арқылы адам баласының тағдыры шешіледі, оның білімді тұлға болып қалыптасатынын, елдің берік тірегі болатынын көрсетеді. Ұрпақ тәрбиесіне қай кезеңде, қай елде болмасын үлкен мән берілген. Ұлы педагог В.А.Сухомлинский: «Тек ата-аналармен бірге жалпы күш-жігерді біріктіру арқылы ғана мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бақыт беруі мүмкін» деген ұтымды ой айтқан.

Бастамашылық мектеп жағынан бәрібір басым болу керек. Өйткені, мектеп – қоғамның, отбасының және өзінің өзара тәрбиелік іс – қимылың үйлестіруші қоғамдық институт. Өзара іс-әрекеттің мақсаты мен міндеттерін мектеп жалғыз өзі, тиісті мәселеге тек өзінің ұстанымына сүйенген түрде анықтаса, ал ата-аналар оларды іске асыру сатысында ғана қамтылса, нәтиже төмен болады. Мектеп ата-аналар қауымы үшін әрқашан ашық болып, өзара ынтымастық пен серіктестік жүйесін жетілдіруге бағытталып, олардың кез келген бастамасын көтермелеп отыруы қажет.

Ол үшін отбасы мен мектептің өзара ынтымақтастығын нығайту өте маңызды. Ата-ана мен ұстаздың біріге жұмыс істеуі ең алдымен балаға пайдалы. Екі жақтың қамқорлығын сезінген бала өз тарапынан да жауапкершілік көрсетіп, үлгілі тәрбие мен мектептегі тәрбие бірін-бірі толықтырып, жетілдіріп отырса ғана нәтижеге жетпек.

Осыған орай мектеп пен отбасы ынтымақтастығының тағы бір түрі - педагогикалық насихат, яғни ата-аналардың психологиялық педагогикалық сауатын ашу. Насихат жұмысы оқыту мен тәрбие міндеттерін шешуге әсер етеді. Осы тұрғыдан педагогикалық-психологиялық білім негіздерімен ата-аналарды қаруландыру мектеп алдында тұрған міндеттердің бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Выготский Л.С. «Педагогическая психология/ под ред. В.В. Давыдова М.: АСТ Астрель Хранитель, 2008 – 671с.

2. Бабаев С.Б. «Жалпы педагогика» Алматы, 2011 ж., 196 б.

3. Қалиев С., Иманбекова Б. Халық педагогикасының ауыз әдебиетіндегі көрінісі және оны орта мектептің оқу-тәрбие үрдісіне пайдалану.-Алматы, 2010.

КІШІ СЫНЫП БАЛАЛАРЫНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

АЙНАБЕК ГУЛЬНАРА ЕЛЕУКЕНОВНА

Төле би атындағы №8 гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

МУСТАФАЕВА ГУЛНАР ТАНСЫККУЛОВНА

Төле би атындағы №8 гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Психологическая подготовка – это систематическое описание психического развития взрослого дошкольника, включающее формирование способностей и особенностей, обеспечивающих способность осуществлять учебную деятельность, а также принятие социальной позиции учащегося.

Summary. Psychological preparation is a systematic description of the mental development of an adult preschool child, which includes the formation of abilities and characteristics that ensure the ability to perform educational activities, as well as the acceptance of the student's social position.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп-үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Оқу әрекеті жетекші іс-әрекетке айналуының қарқынды кезеңі болып саналатын бастауыш сынып жасындағы балалардың когнитивтік дамуын қарастыратын зерттеулер баршылық. Зерттеулерде көрсетілгендей когнитивтік, яғни танымдық процестер баланың психикалық дамуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Сонымен қатар ақыл-ой қабілеті қалыптасуының негізі ретінде алға шығады.

Бастауыш сынып жасындағы балалардың жетекші оқу әрекеті арқылы теориялық ойлау және әрекеттің ішкі жоспары қалыптасады. Осы жас кезеңінің соңына қарай шындыққа теориялық, когнитивтік қатынас танытатын, танымдық міндеттерді шешетін, ең болмағанда білгіліден белгісізді ажырата алатын жеке оқу әрекеті қалыптасуы тиіс. Жалпы бастауыш сынып жасындағы балаларды жаппай оқыту оқу әрекетін қалыптастыруға бағытталады, ал когнитивтік даму өз деңгейіне жетпей қалып жататыны белгілі.

Бүгінгі білім беру мазмұнының басты сипаттарының бірі баланы оқыту арқылы өзбетінше оқу әрекетіне қарай бағыттау болып табылады. Айта кететін жайт, дәстүрлі білім беру жүйесінде мұғалім оқушы әрекетінің жалпы тәсілдерінде қалыптасатын жеке оқу әрекетін орындауға жиі назар аударады. Бастауыш сынып жасындағы балалардың психикалық процестерінің жоғары деңгейге өтуімен когнитивтік аймақ дамуының ерекшеліктері байланысты болып табылады. Бұл ең алдымен көптеген психикалық процестер (қабылдау, зейін, ес) өтуінде, сонымен қатар ойлаудың абстрактілі-логикалық формасы.

Психологиялық дайындық – бұл ересек мектеп жасына дейінгі баланың психикалық дамуының жүйелік сипаттамасы, оған оқу әрекетін орындау мүмкіндігін қамтамасыз ететін қабілеттер мен ерекшеліктерді қалыптастыру, сонымен қатар оқушының әлеуметтік позициясын қабылдау кіреді. Бұл құрдастар ұжымында оқу жағдайында мектеп оқу бағдарламасын меңгеру үшін қажет және жеткілікті баланың психологиялық даму деңгейі.

Мектепке психологиялық дайындық «өзара байланысты сапалардың толық жүйесі болып табылатын күрделі білім ретінде» анықталады.

Мектепке психологиялық дайындық: тұлғалық, ақыл-ой және ерікті дайындықты қамтиды.

Егер бала мақсат қоюды, мақсатты жүзеге асыруға күш салуды, кедергілерді жеңуді, қызықты емес, бірақ пайдалы жұмысты орындауды білсе, баланың мектепке эмоционалды-ерікті дайындығы қалыптасқан болып саналады.

Бастауыш мектеп кезеңіне 7-10 жас аралығындағы балалар жатады. Бұл кезеңде баланың денесі едәуір дамып, бұлшықеттері мен шеміршектері, сүйектері нығайып, табаны сүйектенеді, омыртқасы, барлық мойын, арқа бел бүгілістері дамиды. Мидың маңдай бөліктерінің жетілуі баланың психикалық іс-әрекеті мен жүйкесінің қалыптасуына үлкен рөл атқарады.

Жекелеген психикалық үрдістердің қарқынды дамуы баланың бастауыш мектеп шағында жүзеге асады. Бұл кезде балада қабылдау қабілеті жетіледі. Көру мен есту қабілеті дамып, түстерді айқын ажырата алады. Қабылдаған заттардың қасиеттері мен сапаларын меңгереді. Қоғам өміріндегі жаңа негіздерге бақылампаздығы артып, қабылдауын басқарып, оны қажетті мақсатқа бағыттай алады.

Бастауыш мектеп кезеңінде негізгі іс-әрекет оқу болғандықтан, баланың барлық психикалық үрдісіне өзгеріс енеді. Іс-әрекетке белсенділігін көрсете отырып, ақыл-ой еңбегін зейін арқылы жүзеге асырады.

Оқу іс-әрекеті балаға өзінің есте сақтау үрдісін басқаруды талап етеді. Мектептегі оқу үрдісінің талаптары мен өзіне тән мазмұны бұл үрдісті едәуір дамытады, есте сақтау мықтылығы беки түседі. Есте сақтау деңгейі – есте сақталатын материалдың мазмұнына, іс-әрекет сипатына, материалды есте сақтау және қайта жаңғырту тәсілдері мен әдістерін меңгеру деңгейіне байланысты болады.

Бастауыш мектеп кезеңінде сөздік материалды есте сақтау мүмкіншілігі бірден жоғарылайды, меңгерілетін оқу материалы үнемі оқушыдан елестету үрдісін талап етіп отырады. Есте сақтау мен елестету баланың күш-жігерді керек ететін мотивтерге байланысты өзгеріп отырады.

Мектепке барғанға дейін балалардың психологиялық даму деңгейінің жеке айырмашылықтары жоғарылайды. Балалардың бір-бірінен интеллектуалдық, моральдық, персонааралық даму жағынан айырмашылықтары болады. Олар әр психодиагностикалық жағдайларға әр түрлі әрекет жасайды, бірдей нұсқауларға әр түрлі қарай бастайды.

Мысалыға, бір балалар үлкен адамдарға арналған психодиагностикалық тесттерден жеңіл өтеді, басқалары -4-6 жасарларға арналған тесттерден қиналып өтеді. Бұл нәрсе әсіресе вербальдық өзін-өзі бағалау, рефлексия және қоршаған ортаның баланың саналық қиын бағалар қолданылатын психодиагностикалық әдістемелерге қатысты.

Баланың психологиялық дамуының шындық деңгейін бағалау үшін, психодиагностикалық әдістемені кіші мектеп жасындағы балаларға қолданудан бұрын, интеллектуалдық жағынан ол балаларға қиын емес пе, керісінше, тым оңай емес пе соны анықтау. 6-7 жасар балалардың психологиялық дайындығына қатысты белгілі эмпирикалық мәліметтер бойынша 50%-тен-80% ке дейін балалар мектепке дайын еместігін көрсетеді. Көбісі физиологиялық жасы жағынан дайын болғанымен оның психологиялық жасы 5-6 жасар баланікі сияқты болуы мүмкін.

Егер ол балаға қиындау тестті ұсынса (тест баланы аз қызықтырып, одан да көп күш жігер, еркін зейін, жады, бейнелеуді талап етеді), ол тапсырманы орындай алмауы мүмкін. Оның себебі тұлғалық – психологиялық дамуының деңгейінің төмен екенін көрсетеді, интеллектуалдық қабілеттіліктерінің жоқтығынан болмайды. Ал егер тест тапсырманы балаға ойын түрде ұсынса, онда нәтижелер әлдеқайда жоғары болуы мүмкін.

Психологияда мектепте оқуға психологиялық дайындықтың екі түрі -арнайы және жалпы түрі қарастырылады. Арнайы дайындықты анықтау үшін жас ерекшелігі стандарттарымен салыстырылатын зияткерлік және сенсоримоторлық дамудың жеке көрсеткіштері өлшенеді. Егер жеке көрсеткіштердің мәндері төменгі шектен төмен болмаса, бала мектепте оқуға дайын деп танылады. Жалпы дайындық әрекеттің еркін деңгейімен, ересектермен және құрдастарымен тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырумен, мұғаліммен іскерлік ынтымақтастыққа дайындықпен, мектеп пен оқуға деген оң қарым-қатынаспен және т. б. сипатталады.

Мектепте оқу басталған кезде бала физикалық, психикалық, әлеуметтік және зиятикерлік жағынан дамуы керек.

Сондай-ақ, баланың оқу әрекеті саласындағы бастапқы дағдыларын қалыптастыру болжанады. Оқу әрекеті үшін келесі дағдылар зор маңызға ие: оқу міндеттерін ережелерді сақтай отырып шешу, өз әрекеттерін бақылау және қолды жазуға дайындау.

Бала мектепте оқуды бастаған сәтінде қоршаған әлем, өзі, табиғат туралы, басқа адамдар туралы, адамдар арасындағы қарым-қатынас туралы белгілі бір білім қоры болуы керек.

Дамып келе жатқан ойлау балаларға өз әрекеттерінің нәтижелерін алдын-ала қарастыруға, оларды жоспарлауға мүмкіндік береді.

Білуге құмарлық, танымдық процестер дамыған сайын, балалар кеңірек қоршаған әлемді меңгеру үшін ойлауды кеңінен қолданады.

Бала өзіне танымдық міндеттер қоя бастайды, байқалған құбылыстарға түсініктеме іздейді. Ол өзін қызықтыратын мәселелерді анықтау, құбылыстарды бақылау, ойлау және қорытынды жасау үшін эксперименттердің бір түріне жүгінеді.

Мектеп жасына дейінгі балада зейін еркін сипатта болады. Зейіннің дамуындағы бетбұрыс балалардың зейінін алдымен белгілі бір заттарға бағыттау және ұстап тұрумен байланысты. Осы мақсатта бала ересектерден алатын белгілі бір әдістерді қолданады.

Осылайша, 6 жастағы балада зейіннің жаңа түрінің – еркін зейіннің мүмкіндіктері жеткілікті. Зейін аудару деңгейі неғұрлым жоғары болса, оқытудың тиімділігі соғұрлым жоғары болады. Оқыту балаға ойын барысында орындалатын міндеттерге ұқсамайтын жаңа міндеттер қояды. Мектеп тапсырмалары, ойын тапсырмаларынан айырмашылығы, жаңа ақпаратты қамтиды және көбірек назар аударуды қажет етеді.

Бастауыш оқыту кезеңінде оқушылардың оқу материалдарын меңгеру мүмкіндіктері мен ақыл-ой қабілеті өте жоғары дамитындығы оқуды дұрыс ұйымдастырған жағдайда барлық психикалық үдерістерінің едәуір жаңа өзгеріс-жетістіктерге жететіндігін байқауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Омарова Н.М. Бастауыш сынып жасындағы балалардың когнитивтік дамуы// Молодой ученый. - 2019. -№15.1

2.Мендаяхова Қ. Байланыстырып сөйлеуге үйрету арқылы қазақ тілін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері.

ӘОЖ 37.249 (56)

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР

ТЕЛЕУОВА ГУЛШАТ ЖАНДАРБЕКОВНА

Еңбек орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. Образование занимает важнейшее место среди факторов, влияющих на формирование личности. В широком смысле образование необходимо рассматривать как социальное явление, выполняющее определенные социальные функции. Воспитание – это процесс целенаправленного формирования личности.

Summary. Education takes the most important place among the factors that influence the formation of an individual. In a broad sense, it is necessary to consider education as a social phenomenon that performs certain social functions. Education is the process of purposeful formation of an individual.

Тәрбие – адам қоғамында ғана болатын қоғамдық құбылыс, адамның саналы әрекеті. Олай болса, адамға берілетін тәрбиенің түрлі болуы қоғамның сипатына байланысты. Ұлы ғұлама Әл-Фараби адамшылық қасиеттер туралы былай дейді: «Жақсы мінез – құлық пен ақыл күші болып, екеуі біріккенде – бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады. Егер осы екеуі бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекетімізден абзалдық табамыз, ізгілікті және қайырымды адам боламыз, біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез – құлқымыз мақтаулы болады».

Әрбір қоғам өзінің даму процесінде адамгершілік категориясына, оның мазмұнына көптеген өзгерістер енгізіп отырады. Адамгершілік – адамдардың тәжірибелік өмірінен тамыр алып, пайда болған әдет ғұрыптар мен дәстүрлерді тудырып, сонымен сәйкес дамиды. Ал мораль болса, шындыққа қарама-қарсы, теріс қарым-қатынаста пайда болады. Адамгершілік қасиеттері отбасында, қоршаған ортада, балалар бақшасында, мектепте, адамның іс-әрекетінің барысында, бір-бірімен араласуы нәтижесінде, қоғамдық тәжірибе алуын өмірмен байланыстыру арқылы қалыптасады.

Қазақ ғұламалары мен ақын-жыраулары қазақ халқына дархан қонақжайлылық, үлкенді құрметтеу, ағайын-туғанға бауырмалдық, аталы сөзді қадір тұтып, уәжге тұра білуге, жас ұрпақты әдептілікке, кішіпейілділікке тәрбиелеудегі ақыл-кеңестері ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келеді.

Жеке тұлғаның дамуына 3 түрлі фактор ерекше әсер етеді: тұқымқуалаушылық, қоршаған орта, тәрбие. Тұқымқуалаушылық жер бетіндегі тіршіліктің тарихы және белгілі бір түрдің(адамның) өмірінің тарихын анықтайды. Іс-әрекеттің кез-келген түріне деген анатомиялық -физиологиялық бейімділіктер жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуында ерекше орын алады(мысалы, есту мүшелерінің құрылысы, ойлау қабілетіндегі ерекшеліктер, т.б.). Жеке тұлғаның қалыптасуына, сонымен қатар, қоршаған орта да әсер етеді, ол-адам және қоғам өміріндегі әлеуметтік-экономикалық, тарихи қалыптасқан жағдайлар. Адамның жеке тұлға болып қалыптасуы үшін, сөйлеу, ойлау, тік жүру секілді адамға тән бейімділіктердің дамуы үшін адами қоғам, әлеуметтік орта қажет.Сәби жасынан жануарлар ортасына тап болған балалар туралы оқиғалар олардың бойында осы адами бейімділіктердің дамуына дәлел болады, ол қасиеттердің қалыптасуына деген қабілеттердің табандалып қалғаны соншалықты, олар адамдармен қарым-қатынас жасаудың ең қарапайым формаларын үлкен қиыншылықпен үйреніп, заманына сай адамның тұрмыс қалпын қабылдай алмады. Қоршаған орта макро және микро болып бөлінеді. Макро орта дегеніміз-адамға әлеуметтік-экономикалық ықпалдардың мол жиынтығы. Микро орта дегеніміз-баланың ең жақын қарым-қатынас ортасы. Ол-адамды әрдайым қоршаған және оның дамуына әсер ететін өзара байланысты заттар, құбылыстар мен адамдар әлемі.

Жеке тұлғаның қалыптасуына әсер ететін факторлардың арасында тәрбие ең маңызды орын алады. Кең мағынада тәрбиені белгілі бір әлеуметтік қызметтер атқаратын қоғамдық құбылыс ретінде қарастыру қажет. Мен өз ғылыми жұмысымды тәрбиені ұрпақтан-ұрпаққа берілетін әлеуметтік тәжірибе ретінде қарастырамын.

Тәрбие-жеке тұлғаны мақсатты қалыптастыру процесі. Тәрбие - жеке тұлғаның тәрбиелілігі нәтижесінің белгілі бір эталонының болуын талап етеді. Тәрбие мен білім беру адамның қоғамдық қажетті білім, білік, дағдылардың белгілі бір жиынтығымен қарулануын, оның қоғам өмірі мен еңбегіне дайындығын, осы қоғамдағы нормалар мен мінез-құлық ережелерін сақтауын, адамдармен қарым-қатынасын,оның әлеуметтік институттармен ара қатынасын қарастырады. Тек тәрбие ғана жеке тұлғаның дамуының әлеуметтік бағдарламасын жүзеге асыратын, оның бейімділігі мен қабілеттілігін жетілдіретін шешуші күш.

Тәрбиенің оның мақсаттылығынан басқа ерекше өзгешеліктерінің бірі оның осы бір әлеуметтік қызметті орындау үшін қоғамның арнайы дайындаған адамдары арқылы жүзеге асырылуы. Педагогиканың ұлы классигі К.Д.Ушинский жеке тұлғаның қалыптасуындағы тәрбиешінің ерекше орны туралы былай деген: «Тәрбиеші тұлғасының жас жанға әсері оқулықтармен де, моральдық нұсқаулармен де, жазалау және мадақтау жүйесімен де алмастыруға болмайтын тәрбиелік күшті құрайды».

Тәрбие мен білім беруде адамның табиғи қасиеттерін ескеру қажет,оның бейімділігі мен қабілеттілігін анықтай отырып,олардың ары қарай дамуының амал тәсілдерін, формалары мен әдістерін айқындау керек. Осылайша жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуының жемісті болуының шарты тарихи анықталған және әрдайым өзгеріп отыратын 3 фактор: тума қасиеттер, қоршаған орта және тәрбие болып табылады.

Адамның жеке тұлға ретінде дамып қалыптасуында әлеуметтік тәжірибе мен жалпы адамзаттық мәдениеттің маңызы зор. Кең мағынада мәдениет адам іс-әрекетінің белсенді шығармашылық сипатында қарастырылады. Әлеуметтік ортадағы әрбір адам мәдениеттің материалдық, рухани, әлеуметтік нормативті болып бөлінетін үш бөлігін игеруі тиіс. Жалпы адамзаттық мәдениеттің әрбір бөлігі әр адамның дайындық деңгейінің бір қырын көрсетеді.

Мәдениеттің белгілі бір саласының немесе бір іс-әрекет түрінің дамуына байланысты, қоғамда өсіп келе жатқан жаңа ұрпақты осы іс-әрекет түріне дайындау қажеттілігі туындаған.Яғни, нақты бір іс-әрекет түріне дайындауды ұйымдастыру тәрбие түрін анықтайды. Мысалы,өнердің дамуына байланысты эстетикалық тәрбие қажеттілігі туындады. Әлеуметтік-экономикалық бағыттың дамуымен қоғамның нарықтық экономикаға, нарықтық қатынастарға өтпелі кезеңінде жас ұрпақты экономикалық тәрбиелеу қажеттілігі пайда болды. Яғни, қоғамдағы барлық процестер өзара тығыз байланысты да, өзара келісілген.

«Адамгершілік» термині өзінің бастапқы «адамдық» сөзінен шыққан. Латынша адамдық сөзі /moralis/ - мораль. «Адамдық» - бұл, өзінің күнделікті іс-әрекетінде, өзінің мінез құлқы мен адамдармен қарым-қатынасқа түскенде қолданылатын өлшем. Адамдық қасиет мәңгілік емес, олар әдет күші бойынша қалыптасады. Моральдық талаптармен бірге, адамның қалай өмір сүру керектігі, қоғамдық орында өзін қалай ұстау қажеттілігі туралы ұсыныс түрінде нақты адамдық қалыптасады.

Адамгершілік мәдениет адамзат қоғамының даму тарихы арқылы қалыптасады, әрбір дәуірдің өзіндік қайшылықтарымен біте қайнасып, жетіледі. Сондықтан да адамгершіліктің мәнін абстрақтылы

түрде қарап, оны адамдардың табиғатымен, биологиялық ерекшеліктерімен ғана байланысады. Адамзат тарихында адамгершілікке байланысты пайда болған категорияларға мыналар жатады: жомарттық, батырлық, ерлік, әділдік, қарапайымдылық, кішіпейілділік, адалдық, шыншылдық, ұлттық, ар мен намыс, тағы басқалар.

Тәрбиенің барлық түрлері мектептің тұтас педагогикалық процесінде ғылым негіздерін үйренуде, сонымен қатар отбасында да жүзеге асады. Оқушылар мектептегі білім мен тәрбие алған барлық жылдары бойы адамзат еңбегімен құрастырылған өмір мен мәдениет құндылықтарымен танысады. Егер де біз жеке тұлғаны тұтас құрылым деп қарастыратын болсақ, онда оқушы тұлғасын қалыптастыру мәселесі оқушыларға іс-әрекет мазмұнын, түрін, формасын таңдап алуға мүмкіндігі мол оқу материалын меңгеру кезінде де және оқудан тыс жұмыста да шешіледі.

Ақын М.Жұмабаев тәрбие мақсатын келер күн талабымен ұштастырғысы келді. Оның туған халқының тәлім-тәрбиелік бай мұрасын игеру жөніндегі бағыт -бағдары да құптарлық. “Ұлт тәрбиесі-деп жазды ол, - баяғыдан бері сыналып келе жатқан тақ-тақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуы тиіс. Сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті”.

Әрбір қоғам өзінің даму процесінде адамгершілік категорияларына, оның мазмұнына көптеген өзгерістер енгізіп отырған. Адамгершілік-адамдардың тәжірибелік өмірінен тамыр алып, пайда болған әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді тудырып, солармен сәйкес дамиды. Ал мораль болса, шындыққа қарама қарсы, теріс қарым қатынаста пайда болады, және адамның өзіне субъективті түрде міндет қоя білумен туындайды. Адамгершілік қасиеттері отбасында, қоршаған ортада, балабақшалар мен мектептерде, адамның іс-әрекет барысында адамдардың бір-бірімен араласуы нәтижесінде, қоғамдық тәжірибе алуын өмірмен байланыстыру арқылы, адам бүкіл өмірінің барысында қалыптасады. Өмірлік тәжірибесін ол болашақ ұрпақтарына насихат етіп қалдырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Бөлесев К., Ибраимова Л.Н. «Қазақ этнопедагогикасындағы отбасылық тәрбие». –Алматы, Нұрлы әлем, 2008, 95-96 б.
- 2.Әбжанов Т., Нысанбаев Ә. «Ой. Ақыл. Адамгершілік». –Алматы: Білім, 1994. – 106 б.
- 3.Табылдыев Ә. «Қазақ этнопедагогикасы». – Алматы, Санат, 2001. –320б.
- 4.Жұмабаев М. «Педагогика». – Алматы: Рауан, 1990. –224 б.

ӨОЖ 37.478.05

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘДЕБИ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ

КЕРИМБАЕВА ЖАЗИРА БЕРИКОВНА

Ш.Смаханұлы атындағы №44орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Родной язык является основным, актуальным предметом, который относится ко всем другим дисциплинам и обобщает их результаты. Так что теперь, в начальной школе, большое внимание уделяется лексике учеников, используя словарь, который они используют, чтобы выразить свои мысли.

Summary. The mother tongue is the main, relevant subject that relates to all other disciplines and summarizes their results. So now, in the elementary school, great attention is paid to the vocabulary of pupils by using the vocabulary that they use to express their thoughts.

Тіл – ақиқатты танытудың басты құралы. Философиялық және психологиялық әдебиеттер де тілсіз ойдың тумайтына нанымды айтылады.

Тәуелсіз еліміздің білім беру жүйесінде болып жатқан оң өзгерістер қоғамның жас ұрпақ тәрбиесі үшін жауапкершілігі терең сезіліп отырған бүгінгі таңда оқу-тәрбие үрдісінің тиімділігін арттыру бағытында барлық мүмкіндіктерді пайдалануды көздейді. Бала – балғын тал, ересек адам – бағбан. Бұл – әр халықты ғасырдан-ғасырға әкеле жатқан қағидасы. Сондықтан баланың ана тіліне деген сүйіспеншілігін тәрбиелеп, бала жанын небір жақсылық нәрімен суару – оны өсіруші тәрбиелеуші әрбір үлкеннің мұраты.

Сайып келгенде, тіл қоғам мүшелерінің бір-бірімен түсінісу және адамның сезімі мен көңіл-күйін білдіру құралы ретінде маңызды қызмет атқарады. Сондықтан кіші мектеп жасынан бастап ана тілін, оның әр алуан өмірлік қызметін ғылыми негізде танытудың қажеттілігі мақсатты түрде алға қойылды.

Тілдің тәрбиелік мәні де күшті. Ана тілін жақсы меңгерген оқушының ғана көркем әдебиетімізді қызыға оқуға, көркем өнер үйірмесіне құмарта қатысуға, адамдармен сыпайы қарым-қатынас жасап, тіл табысуға деген бейімділігі қалыптасады, яғни баланың мәдени өрісі қоғам талабына сай бола түседі.

Мұғалім балалардың дүниетанымымен әуел бастан дұрыс қалыптастыруды мақсат тұтуы тиіс. Сондықтан тіл сабағы айнала қоршаған болмысты бақылау негізінде оқытылуы керек.

Ана тілін оқытудағы негізгі мақсат – оқушылардың сөздік қорын, ауызша сөйлеу тілін және жазбаша сөйлеу тілін, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, оларға рухани дүниесін байыту, өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы – жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себу. Ол үшін бала айналадағы затты, құбылыс пен болмысты танып білуі тиіс. Соған байланысты оның тіл байлығы да артады. Баланың өмірді көргені, танығаны көп болса, оның тілі де байи түседі. Оқушының тіл байлығын ауызша түрде де, жазбаша түрде де қатар дамытылуы тиіс [1].

Ана тілі жас баланың ақыл-ойының дұрыс дамуына білімділер және оңай меңгеруіне көп жеңілдік келтіреді. Сол себепті мектепте ана тілін оқыту ісіне ерекше мән береді. Өйткені ана тілін дұрыс меңгермеген оқушы басқа пәндерді де ойдағыдай үйрене алмайды. Білгенін не сөз тауып айтып бере алмай, не ойын қағаз бетіне түсіре алмай, қиналады. Осыдан ғана тілдің мектептегі негізгі пәндердің бірі екенін анық байқаймыз.

Аса көрнекті педагог К.Д.Ушинский ана тілінің білім берудегі ролі туралы: “Ана тілін толық меңгермеген бала тарихты, географияны, жаратылыс ғылымдарын және математиканы өз сөзімен айтып бере алмайтын күйге ұшырайды. Ана тілі басқа пәндердің бәріне қатысы бар және олардың нәтижелерін өзіне жинастыратын басты, өзекті пән. Сондықтан да қазіргі кезде бастауыш мектепте оқушылардың сөздік қорын молайтып, сол үйренген сөздерін қолдана отырып, айтайын деген ойын анық жеткізіп сөйлеуіне зор көңіл бөлінеді. Көркем әдебиет өнерінің бір саласы сөз өнері болғандықтан, оның тамаша шығармаларында әдемі, сұлу, кестелі, өрнекті сөздерді кездестіреміз. Мектепте оқылатын барлық оқу пәндері сияқты әдебиет сабақтарында да, оқушылардың ауызша сөйлеу тіліне талаптар қойылады. Осы талаптарды әдебиет мұғалімі мүлтіксіз орындап отыруға міндетті. Ол үшін сабақ үстінде де, сабақтан тыс уақытта да оқушылардың ауызша тіліне, сөйлеу салтына үнемі бақылау жасауы тиіс. Олардың сөйлеген сөздерін ықылас қойып, зер сала тыңдап, сөйлеуде логикалық жағынан сөз қолдану, сөйлем құрылысы жөнінен жіберген қателіктері мен кемшіліктерін мүмкін болғанша әрдайым түзетіп отырады. Алдағы уақытта бұларды болдырмау, қайталамау жақтары ескертіледі. Осымен байланысты мындай заңды сұрақ туады: оқушылардың сөйлеу тілінде жіберген қателіктері мен кемшіліктерін қай уақытта, қалай түзетуге болады? Оқушылардың тілін дамыту, сөйлеу мәдениетін өрістетіп, жетілдіріп отыруын көздейтін мектеп көлемінде тиісті шаралар белгіленіп жаппай күрес жүргізіліп отыру қажет. Бұл жұмысты осылай ұйымдастырмаған жерде, одан ойдағыдай нәтиже күту, толық мақсатқа жету неғайбыл болмақшы [2].

Оқушылардың сөйлеу тіліне қойылатын талаптарды жинақтап, тұжырымдап айтсақ:

1. Оқушы өзінің айтайын деген ой-пікірін жүйелі, байланысты түрде айтып, баяндап беруге дағдылансын.

2. Сөзі тартымды, дәмді, мазмұнды, дәлелді болсын.

3. Әдеби тілдің нормасынан шығып, ауытқып кетпей, оны сақтап мәнерлеп сөйлеуге жаттықсын.

4. Сөзді дұрыс қолданып, сөйлемді дұрыс құрай білуге машықтансын. Міне, шамамен мөлшерлеп айтқанда, кейбір ескертетін жайттар осылар.

Енді I-IV сыныптарда оқушылардың ауызша тілін дамыту жұмыстары әдебиет сабақтарында қандай әдіс-амалдар мен тәсілдер арқылы жүргізіліп отырады деген мәселеге келейік.

1 Мәнерлеп оқу. Оқушыларға әдеби білім мен отандық тәрбие беруде, олардың көркемдік талғамын дамытып, эстетикалық сезімін оятуда өрісі кең, серпіні құдіретті күштің бірі – көркем шығарманы мәнерлеп, келістіріп, шебер оқи білу жұмысы болып табылады.

2. Мұғалімнің ауызша немесе жазбаша түрде берген сұрақтарына байыпты, дәл, толық жауап қайтара білуге дағдыландыру.

3. Оқылған шығарманың сюжетін әңгімелеп айтып беру. Бұл жұмыс ауызша мазмұндатудың түрлері арқылы орындалады, мысалы, толық түрдегі және қысқаша түрдегі мазмұндама, кейіпкердің өмірбаяны туралы мазмұндама. Мазмұндаманың бұл түрлерінің қай-қайсысы да шығарманың мазмұнын оқушылардың қаншалықты ұғып түсінгендігін білу үшін де, сондай-ақ олардың ауызша тілін дамытуға да көмектеседі. Мазмұндау барысында шығарма мазмұнында кездесетін архаизм, неологизм, диалектизм, жаргонизм, вульгаризм, варваризм сияқты сөз мәніндегі өзгеріс – ерекшеліктерді, сондай-ақ синоним, омоним, антоним сияқты сөз мағынасындағы өзгеру-құбылуларды байқап, олардың көркем шығармадағы

рөлін түсініп білуге, орынды жерінде мазмұндау желісіне кірістіріп айтуға машықтанады. Осымен қатар шығармада өз мәнінде және ауыстыру мағынасында қолданылған сөздер – троптың түрлері кездеседі. Оқушы олардың есінде қалғандарын ретті жерінде қолданып айту арқылы, олардың шығармада атқарып тұрған идеялық эстетикалық ролі мен көркемдік қызметін аңғарып білетін болады. Сонымен бірге көркем тексті сөйлемдерінің әр алуан болып құрылу өрнектері кездеседі, мысалы, сұрай арнау, жарлай арнау, зарлай арнау, синтаксистік және психологиялық параллелизмдер, еспе қайталау, анафора, эпифора, жай қайталау, эллипсис, дамыту, шендестіру, инверсия сияқты фигураның түрлері. Тексті мазмұндау кезінде орайына қарай осындай сөйлем үлгілерін оқушы келтіріп айтуға дағдыланады. Әдебиеттік шығармада кездесетін, мақал, мәтел, нақыл сөздерді де өздерінің айтылу орнына қарай қолдана білуге үйренеді. Мазмұндалатын шығармада баяндау, суреттеу, диалог, монолог, пікірлеу сияқты текстің түрлері болады. Ауызша мазмұндау барысында оқушы бұлардың әрқайсысын өз тұсында дұрыс айта білуге жаттығады.

Сайып келгенде, әдеби шығарманы ауызша мазмұндату, әңгімелетіп айттыру нәтижесінде оқушылар сөз қолданудың, сөйлем құрастырудың әр алуан үлгі, өрнектерін өз сөздерінде қашан, қалай қолдана білуге үйренеді. Көркем шығарманы, көркем сөз тексін қалай болмаса солай оқи салмай, ынта-жігер, дейін қойып, қадағалап оқуға, оқығаннан ұғып түсінгенін әр түрлі вариантта ауызша мазмұндап айтып беруге дағдыланады. Осылардың бәрі де оқушылардың тіл қазынасын байытып, сөздік қорын молайтуға, әдеби тілдің нормасын сақтап сөйлеуге жаттықтырып, төселдіретін әдіс-амалдар, тәсілдер болып табылады.

4.Әдебиеттік шығарма кейіпкерлерінің мінездемесін ауызша баяндап айтып беру жұмысы. Оқушылардың тілін дамытудың бір жолы көркем шығармалардың кейіпкерлеріне ауызша мінездеме жасаттыру арқылы жүргізіледі. Бұл түрде мінездеме жасауға керекті кейіпкерлер эпостық және драмалық шығармалардың үлгілерінде молшылық. Шығарманың кейіпкерлерінен ауызша және жазбаша түрде мінездеме беруден көзделетін мақсат – біріншіден, олардың қандай кейіптегі адам образдары екенін танып білу болса, екіншіден, оқушылардың тілін дамыту жұмысы болмақ. Кейіпкердің бейнесін ашып танытуда, оны қай жағынан болса да сипаттап көрсеткен автордың сөзі де, бұл жөніндегі өзге кейіпкерлердің сөзі де, олардың оған көзқарасы, қарым-қатынасы, іс-әрекеттері мен мінез құлқына берген сыны, бағасы да зор роль атқарады. Оқушылар кейіпкерге ауызша мінездеме беруге әзірленгенде, оған керекті материалдар мен фактілерді талдауға байланысты шығарманың мазмұнын ойша теріп, жинақтайды, ойша жоспарын құрады. Сонан соң барып мұғалімнің ұйғаруы, рұқсаты бойынша ауызша мінездеме беруге кіріседі. Бірақ қалай болғанда да әдеби қаһарманға жасалатын ауызша мінездеме, бір жағынан, кейіпкерге шығарманы оқып үйренудің соңғы, қорытынды кезеңі ретінде жасалатын жазбаша түрдегі мінездемеден бұрын келіп, оған дайындық сатысы болса, екінші жағынан оқушылардың сөйлей білу шеберлігін жетілдіруге жәрдем етеді.

Оқушыларға әдеби-теориялық білім беруде, ол білімді сынып жоғарылаған сайын ілгері дамытып, терендетіп күрделендіруде әдебиет оқулығы маңызды роль атқарады. Оқулық – шәкірттердің екінші ұстазы, білім бұлағы, тәрбиеші. Ол оқушыларға әдеби білім, отандық тәрбие берумен бірге, олардың ауызша және жазбаша тілін дамытудың да құралы. [3].

Міне, оқушылардың ауызша тілін дамыту үшін осы сияқты оқу материалдары да пайдаланылады және жұмыстың бұл түрін айтпай кету мүмкін емес. Өйткені, оқушылардың әдебиет жөніндегі білімі, шеберлігі, дағдысы сабақ сайын дерлік есепке алынып, оған баға қойылып отырады. Осындай есепке алудың, бағалаудың бір жолы оқушылардың оқулықтағы оқу материалынан ұққанын, түсінгенін ауызша әңгімелеп айтып беруі арқылы жүргізіледі. Бұл жұмыс мұғалімнің тапсырмасы арқылы орындалып отырады.

Оқытушының сабақ мазмұнын ауызша баяндап айтып беруі – әдебиет пәнін оқыту шеберлігінің бір көрінісі, тиісті материалды оқушыларға әдеби жатық тілмен жеткізе білуінде.

Ол тілге жүйрік, сөзге шешен болуы керек, Оқу материалын баяндап түсіндіруде сөйлеген сөзі логикалық жағынан жоспарлы, жүйелі, сатылы, бір-бірімен байланысты болуы шарт.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Мендаяхова Қ. Байланыстырып сөйлеуге үйрету арқылы қазақ тілін оқытудың ғылыми – әдістемелік негіздері. –А., 2001ж.
- 2.Әбенбаев С.Ш., Құдиярова А.М., Әбиев Ж.Ә. Педагогика. –А., 2003ж.
- 3.Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. –Алматы, 1989ж.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕЙІН ЖӘНЕ ЕСТЕ САҚТАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ

ПРИМБЕТОВА А.

Ш.Смаханұлы атындағы №44 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассмотрено развитие внимания и памяти учащихся младших классов.

Summary. The article considers the development of attention and memory of primary school students.

Әлемдік аренада дамыған озық мемлекеттер бүгінде бойымен емес, ойлау қабілетімен, білім жүйесі арқылы бәсекелес болып отыр. Қарыштап дамыған өркениетімен күн сайын өзгеріп жатқан технологиясы осыған дәлел. Қазіргі таңның өзінде әлемді аузына қаратып жатқан шетелдік вундеркинттердің шедеврине қарап таңдай қағатынымыз таңсық дүние емес. Әлемдік өркениетке қадамды бізде толағай қарқынмен бастап жатырмыз. Бұның ықпалы тікелей өскелең ұрпақпен бірге мектеп қабырғасынан тәлім сіңдіретін ұстаздар мен ғалымдарға зор еңбек артылып жатыр. Бар білімнің қайнар көзі – ұстаз. Ғалым да, данышпан да, шахтер де дәрігер де кез-келген мамандық иесі өз жолы мен қызыметін табуы үшін мектеп қабырғасынан, ұстаз ұлағатынан білім нәрімен сусындап өтеді. Болашағы жарқын, саналы және сапалы маман даярлауды қаласақ алғашқы оқу жылынан бастап адал қызмет ете білу де, аянбай еңбек төгуді де бүгінгі ұстаз санасына ұқтыруымыз керек.

Еліміздегі білім беру жүйесіне келетін болсақ, білім негіздерін демократиялық, интеграциялық принциптерге орайлас әр баланың жеке-дара ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, оқытып, тәрбиелеу талап етілді. Осы жайттар ұлт мектептеріне жаңа бағдарламаларынан елеулі орын алды. Арнаулы білім салаларына икемі бар балаларға арналған лицей, гимназия, коледж, медреселер сияқты мектептің жаңа түрлері ұйымдастырылды. Сондай ақ, халыққа білім беру ісін дамытуда педагогикалық фактордың да әсері бар. Мысалы, мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесін ерте бастан қолға алып, оларды тиісті дайындық пен оқуға дайындау қажет. Ол үшін балалар бақшасында тәрбие жұмысының процесін нақты педагогикалық басшылық жасап, оның барынша сапасына және нәтижесін арттыру тәрбиешілерден, ата-аналардан, мектепке дейінгі мекеме меңгерушілерінен үлкен педагогикалық шеберлікті талап етеді. Жалпы білім беретін орта мектептердің мақсаты адамгершілігі, әр жақты дамыған өзінің және қоғамдық мүдделерді ұштастыра білетін, халық мәдениетін жетілдіру ісінде өз ұлты мен жалпы адамзат қазынасын тиімді пайдаланатын адамды тәрбиелейді. Қазақстан Республикасы азаматтарына мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуға кепілдік беріліп, орта білім алу міндеттелінеді [1].

Осыған орай, толықтай білім алу мүмкіндігі бар азаматтар үшін саналы тұлға болуы маңызды. Бастауыш білімді жетілдіруге келген тұстан бастап-ақ, оқушы мен ұстаз арасында үлкен байланыс пайда болады. Оқушының сана-сезімі, білімді қағып алу қабілеті өзіне байланысты болса, оны жеткізіп түсіндіріп үйрету тікелей ұстаздың мойнында. Жалпы, психологтардың зерттеуі бойынша, есте сақтау қабілеті бұған дейін жинақталған білім мен өмір тәжірибесін өзінің саналы әрекетінде қайта жаңғыртуға және пайдалануға мүмкіндік беретін үйлестіру және есте сақтау үдерісін айтамыз. Адам баласының есте сақтау қабілетінің мәні мен маңызы ерекше. Мектеп қабырғасында тиісті пән бағдарламаларын меңгеріп, үздік оқу үшін, одан әрі жоғары оқу орнына түсіп, білім мен білігін ілгерілету үшін оқушыға көп оқып талпынуға, ізденуге тура келеді. Жыл өткен сайын мектеп қабырғасында пәндер оқытылып, ішіндегі пәндердің жоспары да күрделене түседі. Оған қоса көптеген оқушылар жекелеген пәндер бойынша өз бетімен білім жетілдіріп, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен де шұғылданады. Осында жұмыстармен шұғылданып жүрген оқушының есте сақтау қабілетіне түсетін жүкте арта береді. Есте сақтау қабілетінің жұмысын жеңілдету үшін, оның ішкі беймәлім қуат көзін арттыру мақсатында мәліметтерді есте сақтаудың тиімді әдістер мен тәсілдерін меңгеру қажет. Есте сақтау қабілеті жайлы теориялық тұрғыдан меңгеріп қана қоймай, оны оқушыларға білім беру тәжірибесінде мұғалімдердің өзге тілді оқыту іс-тәжірибелерінде пайдалана алулары қажет. Қазіргі психология ғылымы тұрғысынан адамның есте сақтау қабілетінің үш түрі және үш типі ажыратылады. Есте сақтау қабілетінің түрлері: сенсорлық, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді. Типтері: көрнекі-бейнелілік, сөздік-логикалық және де эмоциялық. Көрнекі-бейнелілік бейнелілік есте сақтау қабілеті арқылы біз айналамыздағы барлық дүниені (адамдар мен жан-жануарларды, олардың дауыстары мен әрекетін, түрін-түсін, т.б.) көрген білгеніміздің барлығын есте сақтай аламыз. Есте сақтайдың сөздік-логикалық түрі күрделі формулалар, кестелер және ғылыми

терминдері есте қалуға жәрдемдессе, ал эмоциялық түрі ішкі көңіл-күй сезімімізді санамызға сіңіруге көмектеседі [2].

Аталған типтер өзара байланысты болып келеді. Адамның өзіне бұрыннан белгілі таныс зат немесе құбылысты көргенде оны біз бірден көрнекібейнелік жады арқылы еске түсіреміз. Ал сөздік-логикалық жадының көмегімен олардың атын атап, түсін түстейміз. Мәліметтерді есте сақтау мерзіміне байланысты есте сақтау қабілеті ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді болып екіге бөлінеді. XIX ғасырдың соңында неміс психологы Г.Эббингауз тәжірибе өткізіп, бір-бірімен байланысы жоқ мағынасыз буындар тізбегін жаттау арқылы есте сақтау және оны қайта еске түсірудің сандық заңдылықтарын анықтады. Соңғы кездері жүргізілген нейро ғылыми зерттеулер біздің қысқа мерзімде жұмыс жадысымен қатар, ұзақ мерзімді жады иесі екенімізді растады.

Адам баласының кез-келген іс-әрекеті оның жұмыс істеу әдіс-тәсілдеріне тікелей байланысты. Қоданылатын әдістің тиімділігі және оның нәтижелілігінің кепілі болып табылады. Егер есте сақтау қабілетін іс-әрекет деп танитын болсақ, онда сәйкесінше қандай да бір мәліметті есте сақтау септігін тигізетін әдіс тәсілдерді меңгеру қажет болады. Әрбір санала адам мақсаты түрде сақтау қабілетін дамытуға бағытталған әдістерді меңгерсе, өзінің есте сақтау жадын тиімді әрі рационалды түрде дамыта алатындығы ғылыми түрде дәлелденген. Зерттеуші ғалымдардың пікірінше, әрбір адам баласынан қайталанбас есте сақтау қабілеті тән. Әрбір адамның жадында өзіне беймағлұм мүмкіндіктер бар дейтін болсақ, оны дер кезінде дамытып отырмағандықтан, ол қабілет біртіндеп бәсеңдейді. Ал қабілеттің бәсеңдемеуі үшін қандай да бір мәліметті алдын ала жаттамай дәл керек сәтінде ойға бекітіп алған жөн [3].

Бастауыш сынып оқушыларының есте сақтау қабілетін дағдылауға келетін болсақ, дағды дегеніміз – жаттығу мен қайталау арқылы автоматтандырылған іс-әрекеттің бөлігі. Дағдыға айналған адамның іс-әрекеті есінен бір жолата шығып кетпейді. Дағдының пайда болуы ең бірінші ойланып толғануды талап ететін саналы істерден шығады. Дағдының қалыптасуы жад үрдісінің негізінде жүзеге асады. Оқу үстінде дағдыға талпынуды жаттығу деп атайды. Жаттығу жұмыстарын жүргізуге бірнеше талаптар қойылады.

Бұл талаптардың бірнеше негізгілері байқалады:

А) жаттығу жұмысы нәтжелі болып оқушы ойдағыдай табысқа жету үшін, ең алдымен нені жаттауды, оны қалай жаттауды және осы мәліметтердің қалай ұзақ есте сақтау керек екенін білуі керек. Егер оқушының алдында осындай мақсат болмаса ол өзін-өзі күштеп, жұмысқа беріле алмайды.

Ә) оқушының жаттығуы өріс алуы үшін, ол өз жұмысының қалай орындалғанын үнемі тексеріп отыруы қажет. Егер жұмысты орындауда оқушы қателік жіберсе, сол қатені қалай жөндеудің тәсілі көрсетіледі.

Б) жаттығу жұмысының мазмұны тек ауызша қайталау болмай, көбінесе әрекет жазу, сызу арқыла жүргізілуі тиіс. Себебі, ауызша қайталағанға қарағанда машықтанып, әртүрлі әрекет жасау мазмұнының есте сақтауына себеп болады.

В) жаттығу жүйесі белгілі жүйелікпен жүргізілуі тиіс. Мысалы, оқу мазмұны бірінен соң бірі бөлшектерге бөлініп, белгілі бір мерзім бойынша жүргізілсе нәтижелі келеді.

Г) жаттығу жұмысын жүргізу арасында уақыт аралықтары тым ұзақ болмауы тиіс. Егер жаттығу жұмыстарының арасындағы үзіліс ұзақ болса, бұрынғы өткендер ұмытылып, келесі мазмұндарды еске түсіру қиын соғады. Егер жаттығу жұмысы орынсыз көп қайталана берсе, оқушы тез шаршайды. Ал, қайталау аз болса, онда дағды терең қалыптаспайды. Сондықтан қайталап оқу мазмұнының ерекшелігіне қарай, белгілі мөлшермен жүргізілуі тиіс [4].

Мектепке жаңа түскен баланы оқуға үйрету, әуелі сөйлемдегі сөздерге, сөзді буындарға, буынды дыбыстарға бөліп талдау жұмысын жүргізеді. Бұл мезгіл талдау кезеңі болып есептеледі. Білімнің негізі бастауышта демекші, білім берудің алғашқы сатысы – бастауыш білім. Сондықтан баланы бастауыш сыныптан бастап шығармашылықпен ойлауға, өз бетімен шешім қабылдай алуға практикалық әрекеттерге дайын болуға үйрету қажет. Оларды шығармашылық бағытта дамыту бүгінгі күннің басты талабы. Бүгінгі білім алушылар, ертеңгі еліміздің жарқын болашағы. Сол себепті ұстаздар қауымы білім мен біліктілік талаптарын аямай санасына сіндірер болса, еліміздің ертеңі жарқын болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://bilim-all.kz/article/4370-Qazaqstan-Respublikasynyn-bilim-beru-zhuiesi>
2. Смирнов А.Н. Проблема психологий памяти. – М.: Просвещение, 1997. – С.3.
3. Амандықова Г.Н., Мұхтарова Ш.Е., Бисенғалиева Б.С. Шет тілін оқыту әдістемесі. – Астана, 2007.

– 40 б.

4. Султанова К.А. Бастауыш сынып оқушыларының есте сақтаудың негізінде оқуға деген қабілеттілігінің психологиялық ерекшеліктері. www.rusnauka.com.

ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРДЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚИТУ ҮДЕРІСІНДЕ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

ЕСИЛЬБАЕВА ГУЛЬМИРА ИЛИЯЗОВНА

№3 «Мейірім» арнайы мектеп-интернатының бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В данной статье рассматриваются эффективные способы использования самостоятельной работы в процессе обучения.

Summary. This article discusses effective ways to use independent work in the learning process.

Бүгінгі күні бастауыш сынып оқушыларының жеке қабілеттерін жетілдіруге арналған түрлі оқытудың белсенді амал-тәсілдері мен әдістері қолданылуда. Бұл - кейінгі кезде белең алып келе жатқан белсенді педагогиканың жемісі. Сондықтан оқыту үдерісінде бастауыш сынып оқушылардың білімдерін жетілдіріп, олардың оқуға деген түрткілерін нығайтатынын ескере отырып оқыту үдерісінде өзіндік жұмыстарды үнемі пайдалануға тырыстық. Өзіндік оқу іс-әрекеті психологиялық тұрғыдан алғанда оқушының өзі үшін саналы түрде еркін таңдалған, іс-әрекетіне іштей түрткі туғызатын деңгейде болуы қажет. Ол оқушыдан құрамына енетін мынадай біртұтас іс-әрекеттерді орындауды талап етеді: мақсатты саналы ұғу, оқу міндеттерін белгілеу, оған жеке тұлғалық мән беру, басқа қызығушылықтарының осы міндетті орындауға жұмылдырылуы, өз іс-әрекетінің формасын анықтау, оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда уақытын бөле білу, тапсырманы орындауда өзіне-өзі бақылау жасау. Ғалымдардың пайымдауларында өздік жұмыстар: "... олардың сыныпта не сыныптан тыс, мұғалімнің тікелей көмегінсіз орындалатын жеке және коллективтік оқу әрекетінің жиынтық түрлері. Бұл тапсырмаларды орындау оқушылардан белсенді ой қызметін, әртүрлі танымдық мәселелерді өздігінен шешуді, бұрынғы меңгерілген білімді қолдануды талап етеді. Өздік жұмыстардың әр түрін орындау нәтижесінде оқушылардың танымдық белсенділігі және ізденімпаздығы арта түседі" [1, 783б.].

Педагогикалық сөздікте берілген өздік жұмыстың сипаттамасы жоғарыда келтірілген пікірмен мағыналас: "Оқушылардың өздік оқу жұмысы олардың оқу үдерісіндегі мұғалімнің тапсырмасы, басшылығы бойынша, бірақ оның тікелей көмегінсіз орындалатын іс-әрекеті. Оқушылардың өздік жұмысын талап ететін тапсырмалар олардың ерекшеліктерін, танымдық мүмкіндіктерін ескере отырып, беріледі. Мұндай жұмыстар жүйесі негізделген сатылыққа, ізденімпаздық деңгейінің және мазмұнының күрделене түсуіне сүйенеді" [2, 321]. Осы тектес пікірлер Г.П.Семенов, П.И.Пидкасистый, В.Б.Бондаревский, Н.Д.Никандров, М.К.Гарунов, Р.М.Микельсон және т.б. ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты көрсетілген. Біз қазақ тілі сабақтарында қолданылған өздік жұмыстардың міндеттерін анықтауда профессор Т.Сабиrowтың төмендегі пікірімен келісеміз. Себебі, оқыту үдерісінде қолданылған әрбір өзіндік жұмысқа белгілі бір міндет жүктеледі. Бұл міндет оқыту мақсатына сай анықталады. Т.Сабиrow оқушылардың өзіндік жұмыстарының мынадай басты міндеттерін көрсетеді:

"1) Оқушылардың дербестік қасиетін мейлінше арттыру.

2) Олардың алған білімінің саналылығы мен беріктігін қамтамасыз ету.

3) Оқушыларда оқуға қажет біліктер мен дағдыларды қалыптастыру.

4) Оқушылардың таным, ақыл-ой қабілеттерін дамыту.

5) Оқушыларды сыныптан және мектептен тыс дербес білім алуға әзірлеу.

6) Оқушылардың оқуға ынтасын арттырып, үлгермеушілікті болдырмауға әсер ету" [9, 45б.].

Ғалымдардың өзіндік жұмыстардың бастауыш сынып оқушылардың танымдық дербестігін дамытушы құрал екені туралы пікірлерін қорытындылай келе, біз өзіндік жұмыстарды орындау барысында бастауыш сынып оқушыларының мынадай танымдық дербес әрекеттерін жасайтынын аңғардық:

1. Оқушылар тапсырмаларды өздігінен орындау барысында ақыл-ой, интеллектуалдық күш-жігерін жұмылдырады;

2. Өздігінен ізденімпаздық әдістерді қолданады;

3. Өздігінен тапсырманы дұрыс орындауға ұмтылады;

4. Өз білімін бағдарлау, өзін-өзі бағалау дағдылары жетіледі.

Бастауыш сынып оқушыларының тілін, сөз мәдениетін табиғи жағдайлар тудыра отырып қалыптастырудың ең шешуші жолы ретінде ұжымдық, топтық және жұптық жұмыстарды ұйымдастыруға

ерекше мән бердік. Мұнда, ең алдымен, сабақ барысында оқушылардың өздігінен әрекет ету, бірлесіп шешім іздеу дағдыларын дамытуға жол ашылды. Сонымен қатар қазақ тілінің табиғатына сай бастауыш сынып оқушыларының ауызша сөйлеу дағдыларын жетілдіруде де осы топтық жұмыстардың үлес салмағының зор екендігі айқындалды. Әсіресе, топтық жұмыстардың бастауыш сынып оқушыларының өмірлік дағдыларына іргетас қалайтын тілдік, танымдық, тәрбиелік тұрғыдағы мынадай іскерліктердің кешенді меңгерілуіне мүмкіндік беретіні анықталды:

- 1) Сабақта барлық оқушының белсенді қатысуына қол жеткізіледі;
- 2) Бастауыш сынып оқушыларының топта жұмыс істеу дағдылары дамиды;
- 3) Бірін-бірі тыңдау әдебіне үйренеді;
- 4) өз сөзіне жауапкершілікпен қарауға үйренеді;
- 5) табиғи жағдаяттарда сөз орамдарын қолдануға төселеді;
- 6) пікірталас мәдениеті талаптарына сай сөйлеу машықтарын меңгереді;
- 7) қарсы сұрақ қоюға, аяқ астынан қойылған сұраққа жедел жауап қайтаруға үйренеді;
- 8) бірігіп шешім жасауға дағдыланады;
- 9) әр оқушы топтағы атқаратын рөлін (топбасы, хатшы, таймкипер, үйлестіруші, спикер, т.б.)

орындау арқылы топ намысы үшін әрекет етуге ұмтылады;

- 10) ортақ мүдде үшін атсалысуға жаттығады;
- 11) бірін-бірі тәрбиелейді;
- 12) білім үрдісіндегі демократиялықты сезінеді;
- 13) объективтік көзқарас білдіруге төселеді;
- 14) өзін де, өзгелерді де бағалауға үйренеді, т.б.

Топтық жұмыстарды орындатуда бірнеше педагогикалық талаптар ескерілді:

Біріншіден, оқушыларды топқа бөлудің объективті болуына мән берілді. Топқа бөлуде мұғалім бейтарап қалдырылды. Оқушыларға түрлі сипаттағы жеребелер ұсынылды. Бірде олар өздері таңдаған мақал-мәтел немесе тілге, тәрбиеге қатысты нақыл сөздер құрамындағы сөздер бойынша біріксе, енді бірде сурет кесінділерін құрастыру арқылы, енді бірде әдебиет пәнінде оқыған (жаттаған өлең шумақтары бойынша қарай топтастырылды. Мұндай тәсіл, бір жағынан, оқушылардың қызығушылығын арттырса, екінші жағынан, тосын топтарға бірігу арқылы ешкімнің ренішсіз, объективті жағдай бойынша бөлінуіне ықпал етті.

Екіншіден, топтық жұмыстардың үнемі жарыс сипатында орындалуына көңіл аударылды. Өйткені жарыс, бәсекелестік оқушыларды қырағы, жылдам, ұтқыр болуға мәжбүрлейді.

Үшіншіден, топтарға бірдей тапсырмалар ұсынылды. Себебі тапсырмалардың әр түрлі деңгейде болуы оқушылар тарапынан дұрыс қабылданбайды. Оларға үнемі басқалардың тапсырмасы оңай секілді көрініп тұрады және жұмыстың объективтілігіне күмән тудырып, сабақтың нәтижелілігіне кедергі келтіреді.

Төртіншіден, топтық жұмыстарды бағалауға міндетті түрде екі-үш оқушыны бөлек алып тағайындау дәстүрі енгізілді. Бұл оқушылардың бір-біріне сенімділігін арттырып, объективті қазылық етуге мүдделілігін тудырды. Себебі әділ қазылыққа лайық оқушыларды сыныптың өздері таңдауын ұйымдастырып отырып, бұл міндеттің мәртебесі көтерілді. Бағалау объективті болу үшін топқа ұсынылатын әр жұмысты бағалау критерийлері алдын-ала даярланды. Бағалау әр жұмыстан соң жария етіліп қана қоймай, неге осындай балл қойылғаны әділ қазылар тарапынан дәйектеліп отырды. Бұл өз кезегінде қазылардың да тек сырттай бақылаушы болып қалмай, өздеріне артылған міндетке жауапкершілікпен қарауына және белсенділік танытуына жол ашты. Осы орайда, олар қазылық етуге қатысты сөз орамдарын қолдануға үйренді, сөйлеу мәдениеті дамыды.

Қазіргі педагогика ғылымында оқушы құзіреттілігінің негізінде алынуы тиіс қабілеттер кешені былай топтастырылған:

- “- білу: танылатын нысанды ақиқат деп санау;
- түсіну: өзін, басқаларды, қоршаған ортаны;
- бағалау: адамгершілік-эстетикалық критерийлер тұрғысынан өзін-өзі, өзара қатынастарды, басқа да құбылыстарды, оқиғаларды;
- қатынасын білдіру: аналитикалық және сын тұрғысынан ойлау;
- қолдану: жаңа аспектіде, шығармашылықпен;
- шешу: тапсырмаларды, оқу жағдаяттарын, өмірлік мәселелерді;
- келісім және өзара әрекет ету: командада жұмыс істей алу [2,106].

Біз эксперимент арқылы дәйектеген топтық жұмыстар осы аталған қабілеттерді өз дәрежесінде қалыптастыруға мүмкіндік беруімен ерекшеленді. Біз төменде эксперимент барысында оқушыларға ұсынылған білім мазмұны мен жаттығу, тапсырмалардың үлгілер шоғырын беріп отырмыз.

Өздік жұмыстар қолданылған сабақтарда барлығына бірдей бір тапсырма не әр оқушыға бөлек-бөлек тапсырма берілуі мүмкін. Бұл оқу бағдарламасына қарай сабақ мақсатын таңдағанда анықталады.

Қорыта айтқанда, өздік жұмыстарды қолдану арқылы оқушылардың белсенді ой қызметін, әртүрлі танымдық мәселелерді өздігінен шешу, бұрынғы меңгерілген білімді қолдану дағдыларын дамытуға болады. Сондықтан өздік жұмыстар оқушылардың тапсырмаларды берілген мақсатты саналы ұғынуына, өздігінен оқу міндеттерін белгілеуіне, тапсырмаларды орындауға жеке тұлғалық мән беруіне, өз іс-әрекетінің формасын анықтауына, оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда уақытын бөле білуіне, тапсырманы орындауда өзіне-өзі бақылау жасауына үйретеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Педагогическая энциклопедия / Под ред. И.А.Каирова, Ф.Н.Петрова. – М., Советская энциклопедия, 1966. – т. 3. – 880 с.

2. Педагогический энциклопедический словарь — М.: БРЭ, 2003. – 528 с.

ӘОЖ 37.324 (048)

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

ЭСЕДОВА МАЯ НАСИХАТОВНА

№3 «Мейірім» арнайы мектеп-интернатының бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается значение дидактических игр в развитии познавательного интереса учащихся. Также автор проводит комплексный анализ проблем учета возрастных и индивидуальных особенностей ребенка при использовании дидактических игр на уроках.

Summary. The article deals with the importance of didactic games in the development of students' cognitive interest. Also, the author makes a comprehensive analysis of the problems of taking into account the age and individual characteristics of the child in the use of didactic games during the lessons.

Үздіксіз өзгеріп отыратын әлемдегі заманауи білім берудің басты міндеті – оқушыға мүмкіндігінше өзекті білім беріп қана қоймай, оны осы білімді өз бетінше алуға, оны оқуға ынталандыруға үйрету. Осы мақсатта баланың танымдық қызығушылығы маңызды рөлге ие бола бастайды, оны дидактикалық ойындар арқылы дамытуға болады.

Жалпы ойын - бала әрекетінің негізгі бір түрі. Ойын арқылы адам баласының белгілі бір буыны қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психикалық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бала ойын үстінде дүниетанудағы өз мүмкіншілігін сезінумен қатар айналасындағы адамдар мен олардың әрекетіне көңіл аударады, заттың ішкі мазмұнын білгісі келеді.

Балалардың ойлауын, қиялын, сөйлеуін дамыту үшін түрлі ережелер мен ойнайтын ойындардың да үлкен дидактикалық мәні бар. Бір ойын түрі ойлау мен қабылдауын жетілдірсе, ал екіншісі ойлау қабілетін, үшіншісі есте сақтау қабілетін жетілдіреді. Сонымен қатар сабақ үстінде ойын түрлерін қолдану оқушылардың оқып, отырған сабағына қызығушылығын арттырады, түсінуге мүмкіндік туғызады. Олай болса, ойын түрлері оқушылардың тілдік материалды толық меңгеріп, жазу тілін дамытуларына да мол мүмкіндік береді, әрі өз беттерімен жұмыс істей білуге дағдыландырады. Ал қызығу деп, біз, бір нәрсеге асыра, артығырақ зейін аударуға бағытталған қатынасты айтамыз немесе бір нәрсемен танысуға, соны зерттеуге, қабылдауға құмарту. Қызығу - адамның білімге құмарту сезімін тудыратын, білім қорын өсіретін, психикалық тіршіліктің мазмұнын байытатын қозғаушы күш. Қай елдің болсын өсіп, өркендеуі өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасуына, даму бағытына тікелей байланысты. Себебі қазіргі кезде әр адамның болашағы оның алған білімінің сапасы мен көлеміне қарай сарапқа салынады. Өмір ағымына тек білімі мен білігі жоғары адамдар ғана ілесе алады. Сондықтан сол мемлекеттік стандартқа сай, жан-жақты дамыған, шығармашыл тұлға қалыптастыруымыз керек. Оқыту мен оқу, үйрету мен үйрену үнемі бір-бірімен астасып жатыр. Сондықтан оқу барысында қашанда баланың пәнге деген қызығушылығын арттырудың, шығармашылық қабілеттерін дамытудың маңыздылығы ерекше деп білеміз.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу-тәрбие жұмысының негізгі саласы – сабақ. Сабақ үстінде оқушылардың біліктілігі, іскерлігі, дағдысы, дүниетанымы дамиды. Негізгі бетбұрыс оқушы білімінің

сапасын арттыру, ол дегеніміз түпкі нәтижені көре білу, яғни оқушыға берген біліміміздің қайтарымын көру. Ол үшін сабаққа сыныптағы оқушының барлығын қызықтыра отырып қатыстыру қажет. Бес саусақ бірдей емес, яғни әр оқушының сабаққа қызығушылығы, дүниетанымы, даму ерекшеліктері әртүрлі. Сондықтан оқушылардың осы топтарына әртүрлі деңгейде талап қоюға тура келеді. Ал ойын элементтері кез-келген оқушының қызығушылығын тудырады. Тіпті нашар оқитын оқушының өзі ойын арқылы берілген тапсырмаларды асқан қызығушылықпен, белсенділікпен орындайды. Ойын элементтерін қолдана отырып мұғалім оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, зейінін арттыру мақсатында әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданады. Атап айтқанда, мұғалім ойын жағдаяттарын туғыза отырып, көрнекілікпен бірге әртүрлі заттарды қолдану арқылы сұрақтар қойып, затты көрсетіп, түсіндіріп ойын сюжетін құрастырады.

Бастауыш сыныптардың қазақ тіл сабақтарында дидактикалық ойындарды жаңа тақырыпты түсіндіру барысында, қайталау, пысықтау, жаттығу сабақтарында да пайдалануға болады.

Дидактикалық ойындар ықпал етеді:

танымдық және ақыл-ой қабілеттерін дамыту:

жаңа білім алу, оларды жалпылау және бекіту, табиғат объектілері мен құбылыстары, өсімдіктер, жануарлар туралы түсініктерін кеңейту;

есте сақтау қабілетін, зейінін, байқағыштығын дамыту;

өз пікірін айту, қорытынды жасау қабілетін дамыту.

балалардың сөйлеуін дамыту: сөздікті толықтыру және белсендіру.

Дидактикалық ойынның құрылымы негізгі және қосымша компоненттерді құрайды. Негізгі компоненттерге мыналар жатады: дидактикалық тапсырма, ойын әрекеттері, ойын ережелері, нәтиже және дидактикалық материал. Қосымша компоненттерге: сюжет және рөл.

Дидактикалық ойындарды өткізу мыналарды қамтиды:

1. Балаларды ойынның мазмұнымен таныстыру, ондағы дидактикалық материалды қолдану (заттарды, суреттерді көрсету, қысқаша әңгіме, оның барысында балалардың білімі мен түсініктері нақтыланады).

2. Ойынның барысы мен ережелерін түсіндіру, осы ережелерді нақты орындау.

3. Ойын әрекеттерін көрсету.

4. Ересек адамның ойындағы рөлін анықтау, оның ойнаушы, жанкүйер немесе төреші ретінде қатысуы (мұғалім ойыншылардың іс-әрекеттерін кеңес, сұрақ, еске салу арқылы бағыттайды).

5. Ойынды қорытындылау - оны басқарудағы маңызды сәт. Ойынның нәтижелері бойынша оның тиімділігін, оны балалар тәуелсіз ойын әрекетінде қолдана ма, жоқ па деп бағалауға болады. Ойынды талдау балалардың мінез-құлқы мен мінезіндегі жеке қабілеттерді анықтауға мүмкіндік береді. Бұл олармен жеке жұмысты дұрыс ұйымдастыруды білдіреді.

Балаларға арналған білім беру ойындарының алуан түрін қолдана отырып, балаға өзін-өзі бақылау және қоршаған әлемді зерттеу үшін мүмкіндігінше көп мүмкіндіктер беру өте маңызды. Ойындар баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы үшін өте маңызды, өйткені бұл оның өзін-өзі көрсету құралы ғана емес, сонымен қатар қоршаған әлемді тану және оған бейімделу тәсілі.

Ойын – бұл баланың мүмкін болатын қателіктер үшін сыннан қорықпай еркін ойлау және сөйлеу тәжірибесі. Оның бұл жаңа тәжірибесі қоғамда қабылданған нормалар мен құндылықтардың арақатынасын түсінуге, сондай-ақ өзін-өзі бағалауды арттыруға және өз эгосын дамытуға ықпал етеді. Ойын - балаға өзін жақсы түсінуге мүмкіндік береді, өйткені ол конвенцияларды бұзады және өзін әртүрлі рөлдерде тексеруге мүмкіндік береді – "күшті-әлсіз", "әдемі-ұсқынсыз", "батыл –қорқақ". Ойын балаларды қарым-қатынас жасауға және басқа адамдарды түсінуге үйретеді.

Білім беру ойындары – бұл баланың әртүрлі қабілеттерін, соның ішінде моторлық және ақыл-ой қабілеттерін белсендіру мақсатында арнайы жасалған ойындар.

Баланың қажеттілігі болып табылатын әлемді танудың негізгі тәсілдерінің бірі-ойын. Ойын барысында жаңа нәрселер оңай және оңай үйренеді. Арнайы әзірленген ойын әдістерінің көмегімен сіз сезім мүшелерінің дамуына ықпал ете аласыз – көру, есту, ақыл-ой қабілеттері, зейін мен есте сақтау қабілетін нығайтады, балаға моториканы игеруге көмектеседі және сөйлеудің тезірек дамуына серпін береді [1].

Ойын мәні бойынша көп функциялы, соның арқасында баланы үйлесімді тәрбиелеуге және тұлғаны дамытуға мүмкіндік береді. Сондықтан көптеген түрлері бар дидактикалық ойындар оқу процесімен тығыз байланысты. Балалар өз нәтижелеріне қол жеткізеді, бұл оларға үлкен рахат пен бақыт сыйлайды. Мұндай сабақтар қоршаған әлемді қабылдауды кеңейтеді, сонымен қатар олар зейінді, берілгендікті, қызығушылықты, сөйлеуді дамытуды және т. б. үйретеді.

Балаларға арналған дидактикалық ойындар балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі санаттарға бөлінеді. Бастауыш сынып оқушыларына бұйрықтарды орындау қиын болғандықтан, олар үшін дидактикалық ойындардың өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл жаста кез-келген ойын төзімділікті, зейінді, ақылдылықты үйретуі керек. Сондықтан бастауыш мектептегі дидактикалық ойындар сұрақты, әрекетке немесе тапсырмаға шақыруды білдіреді. Мысалы: "кім жылдам?".

Осылайша, мектеп оқушыларына арналған дидактикалық ойындар әр баланың мүдделерін және оның даму ерекшеліктерін ескеруі керек. Сондықтан білім беру процесі үшін бір немесе басқа ойынды таңдағанда мұғалім үлкен жауапкершілікке ие.

Өздеріңіз білетіндей, баланы үйретудің ең жақсы тәсілі – оған ойын-сауық мақсатымен қатар оны жаттықтыратын ойын материалдарын беру. Дидактикалық ойындар - ең қарапайым және тиімді әдіс.

Дидактикалық ойындар – бұл балалардың айналасындағы әлем туралы түсініктерін кеңейтудің тамаша мүмкіндігі. Байқауды дамытумен қатар, олар объектілердің түсі, пішіні, өлшемі және т.б. сияқты әртүрлі атрибуттарын анықтауға үйретуге бағытталған. Ойын барысында балалар бір немесе басқа тақырып пен оқиға арасында қарапайым байланыс орната алады.

Кез-келген дидактикалық ойын - бұл үш компоненттің үйлесімі: ойын дизайны, әрекеттер және белгілі бір ережелер. Оған бір бала да, бүкіл топ та қатыса алады. Бұл балалардың іс-әрекетін ұйымдастырудың осы әдісінің артықшылығы. Ойын жоспары танымдық белсенділікті дамыту үшін қажет, бұл әр балаға өзінің дағдылары мен дағдыларын, білімі мен дағдыларын көрсетуге мүмкіндік береді. Ережелер балалардың іс-әрекет процесінде мінез-құлқын реттеуге мүмкіндік береді. Әрбір дидактикалық ойынның аяқталуы маңызды, балалар түпкілікті нәтижені анық көруі керек.

Қазіргі заманғы дидактикалық ойындар – бұл әр түрлі дағдыларды үйретудің әр түрлі құралдары. Егер ойын процесі ұжымдық түрде жүргізілсе, онда мұғалім әр баланың жеке ерекшеліктерін және оның қабілеттеріне қарай таңдау тапсырмасын барынша ескеруі керек. Сабақтағы дидактикалық ойындарды әр түрлі формада ұйымдастыруға болады: саяхат, нұсқаулар, ұсыныстар, жұмбақтар мен әңгімелер - бұл сабақты қалай өзгертуге, балалардың іс-әрекетін біртұтас және қызықты етуге болатындығының аз ғана бөлігі. Мысалы, саяхат ойынының мәні - балалар қойылған кейбір тапсырмаларды шешу үшін белгілі бір мақсатқа жетуі керек.

Ойын әрекеті – бұл адам қызметінің ерекше саласы, онда адам ләззат алудан, физикалық және рухани күштердің көріністерінен ләззат алудан басқа мақсаттарды көздемейді. Табиғат өмірге жан-жақты дайындалу үшін балалар спортын жасады. Сондықтан олар адамның барлық іс-әрекеттерімен және өнерімен генетикалық байланысқа ие, ал спорт-бұл білімнің, жұмыстың, қарым-қатынастың және екеуінің де ерекше балалар формасы. Демек, ойындардың атаулары: танымдық, интеллектуалды, құрылыс, жұмыс ойыны, диалог ойыны, музыкалық ойындар, өнер, сахналау ойындары, мобильді, спорттық және т.б.

Дидактикалық ойындарды сабақтың барлық кезеңдерінде қолдануға болады. Бірақ мұғалімдер ұсынылған ойындардың сәйкес келетініне және мұғалімдер мұқият таңдағанына сенімді болуы керек. Ойынды ойнамас бұрын мұғалімдер оқушылардың санына, тілді меңгеру деңгейіне, мәдени контекстке, уақытқа, оқу тақырыбына және сынып жағдайына назар аударуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Риксон, Б. 1981. Тілді оқытуда ойындарды қалай пайдалануға болады. Лондон: asmillan Publishers.
- 2.Райт А. Тіл үйренуге арналған ойындар. Кембридж университетінің баспасы, 1984.
- 3.Аванесова, В. Н. Дидактикалық ойындар / В. Н. Аванесова; ред. Н. Н. Поддякова, В. Н. Аванесова. – М.: Ағарту, 1981. – 125 б.
- 4.Коновалова, О.В .Дидактикалық ойындарды оларды таңдау мен практикалық қолданудың теориялық негізі ретінде жіктеу / О. в. Коновалова // Педагогика: дәстүрлер мен инновациялар: V Халықаралық ғылыми конференция материалдары / Г.Д. Ахметова. - Челябинск: 2014. – 35-36 ББ.
- 5.Оконь В. «Жалпы дидактикаға кіріспе» Пер. С. Кольского. – Жоғарғы мектеп, 1990г.

ӨОЖ 37.891.58

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ХАЛЫҚ ФОЛЬКЛОРЫН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

УСЕНБАЕВА АЙНА ЖИЕНТАЕВНА

Ы.Сүлейменов атындағы №37 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В этой статье рассматривается методики преподавания казахского народного фольклора для учащихся начальных классов.

Summary. In this article teaching methods about national Kazakh folclor for pupils in pre-intermediate classes are analyzed.

Бастауыш сынып оқушыларының бойында рухани-ұлттық дүниетанымын қалыптастыру және казак фольклоры туралы білім беру, олардың физиологиялық және психологиялық ерекшеліктеріне, әртүрлі іс-әрекеттегі көрсеткен білім сапасына сай жүргізілуі тиіс. Бастауыш сынып оқушылары балалар фольклорын орында қолдану арқылы тереңірек қабылдауға бағыт алады, мазмұнын түсініп қана қоймай, ертегілер мен әңгімелердегі жарқын, бейнелі сөздерді естеріне сақтап, кейіпкерлерге деген өзінің пікірі мен көзқарастарын білдіруге тырысады [1, 196.].

Бастауыш сынып оқушыларының еліне, туған жеріне, табиғатына сүйіспеншілік сезімі мен талғамын, ата-бабаларымыздың сан ғасырлық қазынасы – казак балалар фольклорына қызығушылығын арттыра отырып, олардың бойында рухани мәдениеті жоғары адам тәрбиелеу – бүгінгі күннің негізгі міндеттерінің бірі болып отыр.

Балалар фольклоры деген ұғымның ауқымы кең. Бұған ауыз әдебиетінің көптеген жанрлары мен жанрлық түрлері жатады. Балалар фольклорының арнайы сала болып бөліну себебі, оның өзіне тән көптеген ерекшеліктерінің болуында. Халқымыздың балалар фольклоры жанрлық құрамы жағынан сан салалы, олардың атқаратын қызметі де түрліше. Зерттеу еңбектерде оларды үлкендердің балаларға арнап шығарған, бірақ негізінен балалардың репертуарында сақталған шығармалар және балалардың өздері таратқан өлең-жырлар деп екіге бөлу қалыптасқан. Балалар фольклорының халық педагогикасымен тығыз байланысты. Балалар фольклорының үлкен бір саласы - ойын өлеңдері. Тілі шығып, сөйлей бастағаннан, кәмелетке толып, есейген шағына дейін баланың жасына лайықты сан түрлі ойын ойналған. («Саусақ санау», «Қуырмаш», «Бес саусақ», «Соқыр теке», «Кім ұшты?», «Қаламақ», «Сұрамақ» т.б.). Балалар фольклоры балалардың ойын ұштап, қиялына қанат беріп, әдемілікке, әсемдікке тәрбиелеп қана қоймайды, сонымен бірге тапқырлыққа, шешендікке де баулиды [2, 366.].

Балалар фольклоры – халық фольклорының арналы салаларының бірі. Ол халықтың дәстүрлі бала тәрбиесінің негізінде туып қалыптасқан, ауқымы кең көркем шығармалар шоғырынан тұрады. Мазмұны ғибратты, тілі көркем, жеңіл жатталатын, ғасырлар бойына халық даналығына, тәжірибесіне суарылған Қазак балалар фольклорын балалардың мінез-құлқын, көркемдік талғамын танытатын, шығарма қуат көзін ашатын асыл мұра. Ол өзінің бала табиғатына лайықтылығымен, жүйелілігімен, өнегелі мазмұнымен, ойнақы жеңіл түрімен, нәрлі тілімен балалардың рухани азығына айналған тәрбие қайнары болып табылады. Қазак балалар фольклорын шығу тегі мен орындаушыларына қарай – үлкендер тарапынан балаларға арналып айтылатын және балалардың өздері орындайтын шығармалар болып екі топқа бөлінеді. Алғашқысының қатарына бесік жыры, маусымдық жырлар, мәпелеу жырлары, жұмбақ, жаңылтпаш, т.б. шығармалар жатса, соңғысы қаламақ, санамақ, сұрамақ, тақпақ, т.б. балалар өлеңдерін қамтиды. Сонымен қатар, Қазак балалар фольклорын ірі-ірі төрт арнаға жіктеп қарастыруға болады. Олар: 1) әлпештеу поэзиясы. Әлпештеу поэзиясына жататын жырларды шығарушылар да, орындаушылар да – ересектер. Ол жырлар сәбидің шыр етіп дүниеге келген күнінен бастап оны бағып-қағуға арналған түрлі салт-дәстүрлерді сүйемелдейді, ата-ананың, қалың жұртшылықтың сәбиге деген сүйіспеншілігін, арман-тілегін, халықтық идеалды жыр тілімен өрнектейді. Бөбектің денінің сау, ауру-сырқаудан аман, ширақ болып өсуімен қатар, ең бастысы, оның рухани жетілуіне қызмет етеді. Бұлардың өзі мазмұны мен атқаратын қызметіне қарай бесік жыры, сәбилік ғұрып жырлары, мәпелеу жыры, уату-алдарқату жыры деп іштей төрт түрге жіктеледі;

2) Жеткіншектер жыры. Бұл топқа балалардың өздері шығарып, өздері айтатын және ересектер фольклорынан ауысып, балалардың орындауына көшкен жырлар жатады. Ол әлпештеу жырларынан кімдер орындайтындығымен ғана ерекшеленбейді, поэтик. құрылымымен де, атқаратын қызметімен де, тақырыптық, мазмұндық жүйесімен де ажыратылады. Бұл топқа балалар мен ересектердің орындауында қатар өмір сүріп келе жатқан наурыз жыры, жарапазан, маусымдық жырлар, арнау-тілек өлеңдер, тақпақ, сұрамақ, қызықтама, өтірік өлең, мазақтама сияқты өлең-жырларды топтастыруға болады;

3) Ойындық фольклор. Мұның қатарына балалар ойыны кезіндегі ойынға шақыруға ойынды бастауға, оны жүргізуге қызмет ететін өлеңдер (қаламақ, санамақ, т.б.) мен өлең ойындарды (тәжікелесу, жаңылтпаш, жұмбақ, балалар айтысы) қосуға болады. Жалпы, балалар фольклорына тән шығармалардың барлығында ойындық белгілер болатыны сөзсіз, бірақ ойындарға арналған балалар фольклорына жататын туындыларда, бұл сипат ерекше басым көрінеді, оларда ойынға тән драматизм мен қимыл-әрекет, динамизм күшті. Ойынға шақыру өлеңдері, қаламақ, санамақ, ойын ішіндегі өлеңдер тікелей балалар

ойындарымен бірге өмір сүрсе, халық арасында кең тараған жұмбақ, жаңылтпаштар, тәжікелесулер сөз арқылы ойналады; 4) Балалар тіршілігінде қара сөзбен айтылатын балалардың прозалық фольклоры. Балалар күнделікті өмірде ересектер аузында айтылатын магиялық фольклордан бастап, аңыз-әңгімелерге дейін үйреніп, жаттап, соларға еліктеп айтып жүреді. Солардың ішінде әсіресе, ертегілердің алдыңғы орында тұратыны белгілі. Бірақ сәби, жеткіншек жасындағы балалар ертегілердің барлығын игере бермейді. Ол балалардың жас ерекшеліктеріне қарай өзгеріп отырады. Сондықтан балалардың прозалық фольклорының қатарына оқиғасы жеңіл, шағын да тартымды, тілі жатық тізбекті ертегілерді, себептік мифтерді, үрейлі әңгімелерді, кейбір батырлық аңыздарды жатқызуға болады [3, 426.].

Халқымыз бала тәрбиелеуде баланың жан дүниесінің қалыптасуына, өмірдің сұлулығын әсемдік тұрғысында түсіне білуге, рухани марқаюына ұйытқы болатын шығармалар өзінше арна түзеді. Мұны фольклор ілімінде «балалар фольклоры» деп атайды. Бұл тіркес халық әдебиетінде балаларға арналған өлең-жырдың бар екендігін ілкі зерттеушілердің ешқайсысы жоққа шығармайды. Фольклор жанрындағы балаларға арналған шығармалар легі, олардың көңіл-күйіне тез әсер етіп, олардың есту және сезу қабілетін, эстетикалық талғамын дамытады, әдемілікке деген көзқарасын байытады.

Сондықтан да балалар фольклоры- қарапайым да нәзік, күрделі де қызық әлемнің көркем дүниесі. Айналамыздағы қоршаған орта, өмірдегі түрлі құбылыстарды балалардың ересектерден мүлде басқаша қабылдайтынын, балалар өмірі ересектер тұрмысына тәуелді болса да өзінше бір кіші әлем құрайтынын дана халқымыз ертеден-ақ ескерген.

Балалар фольклоры жанрларының тәрбиелік мүмкіндіктері мол. Аға ұрпақ өз білгенін, өз көкейіне тоқығанын кейінгі ұрпаққа мирас етіп қалдырған. Бастауыш сыныпта оқу-тәрбие үрдісінде фольклор жанрын пайдалану баланың көңілін өсіріп, ойын сергітіп қоймай сонымен бірге эстетикалық тәрбие алуға олардың эстетикалық ляззат алуына, көркемдікке, әсемдікке тәрбиелейді.

- *басқарушының құзырлық қағидасын* (басқарушының кәсібилік жағынан барлық деңгейдегі басшыларға қойылатын талаптың бірте-бірте өсуін пайымдайды) *тірек етеді және нақты функционалдық жүйе арқылы жүзеге асады.*

Зерттеу еңбектерінде көптеген ғалымдар (М.П.Керженцев, В.К.Афанасьев, Н.С.Сунцов және т.б.) басқарудың функционалды жүйесіне болжауды, жоспарлауды, шешім әзірлеуді және қабылдауды, ұйымдастыруды, бақылауды, есепке алуды жатқызса, енді бірі (Ю.А.Конаржевский және т.б.) педагогикалық талдауды басқару шешімін дайындау мен қабылдауды, басқаратын жүйені сол шешімді орындауға ұйымдастыруды, реттеуді қарастырады. Басқару қызметінің жүйесі (жоспарлау, ұйымдастыру, ынталандыру, бақылау және мектептегі педагогикалық процестің нәтижелерін талдау) білім мекемелерінде негізге алынып жүрген Ю.К.Бабанскийдің, П.Т.Фроловтың, В.А.Сластениннің оқу құралдарында да көрініс алады. Солардың ішінде В.А.Сластениннің басшылығымен жасалған «Педагогика» оқу құралында *басқару қызметінің жүйесі* (педагогикалық талдау (ПТ),мақсат қою және жоспарлау(МҚЖ), ұйымдастыру(Ұ), бақылау(Б), реттеу(Р), коррекциялау(К)) мынадай өзара әрекеттестік байланыста қарастырылады (сурет 1).



Сурет 1 - Басқару қызметі жүйесінің циклограммасы

Біздің пайымдауымызша, басқару қызметі жүйесін осылайша педагогикалық талдаумен, коррекциялаумен толықтыру және педагогикалық талдауды басқа авторлар сияқты соңғы орынға қалдырмай жетекші орынға шығару өте тиімді болып саналады. Педагогикалық талдаудың маңыздылығын ғалымдар да, мектеп басшылары да жоққа шығармайды. Мысалы, кезінде В.А.Сухомлинский «мектепке педагогикалық басшылықтың қисыны мынада, егер бүгінгінің өткенмен және болашақпен байланысын тұрақты түрде талдап отырмасак, онда бізге жұмыс жасау мүмкін болмайды»,–десе, Ю.А.Конаржевский «атқарылған жұмыстың қорытындысын талдау - мектептегі істің жай-күйінің моделі, алға жылжудың жоспар-моделі»,–деп түсіндіреді. Олардың ой тұжымдарымен толық келісуге болады, өйткені өткен оқу жылының қорытындысына жеткілікті талдау жүргізбей, яғни мектептегі оқу жоспарының не дұрыс, не бұрыс жүзеге асқанын, болған кемшіліктердің себебін неге екендігін, ұжымның алдына қойылған міндеттердің қаншалықты біліктілікпен тиімді шешімін тапқанын, кездескен кемшіліктерді жою жолдарын іздестіру қажеттігін, мектеп басшылары мен педагогикалық ұжымның, немесе мұғалімдердің нені түсініп, нені түсінбейтіндігін нақты анықтап білмей мектептің алдағы уақыттағы жұмысын ғылыми тұрғыда жоспарлау мүмкін емес.

Мектеп басшысының міндеті - барлық басқару органдарының ықпал ету аймағын дәл анықтау, оларға белгілі бір өкілеттіктер (құқықтар) беру және оларға жүктелген міндеттерді орындау әдістемесі бойынша тұрақты түрде нұсқаулар беріп отыру, олардың қызметін ынталандыруды және координациялауды қамтамасыз ету, педагогикалық процеске қатысушылардың ерекшеліктері мен айырмашылықтарын, мінез-құлық мотивтерін дұрыс бағалау және ұжым мүшелерінің *вертикаль* бойынша да, *горизонталь* бойынша да *ықпалды* қарым-қатынасына қол жеткізу болып табылады. *Басқару қызметі жүйесіндегі бақылау*-мектепшілік жұмыстарда кездесетін, оқу бағдарламаларында, жоспарларда ауытқулардың себептерін, оларды жою тәсілдерін уақтылы анықтауға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда мектепшілік бақылаудың түрлеріне, формалары мен әдістеріне берілген бірегей жіктеме жоқ. Ғалымдардың да (Л.М.Портнов, Н.А.Шубин, В.П.Симонов) бұл саладағы түсінігі әр түрлі, мектепшілік бақылау тәжірибесінде бірқатар кемшіліктердің бар екендігін айғақтайды:

біріншіден, бақылау жүйелі түрде жүргізілмейді, яғни мектеп директоры мен оның орынбасарлары арасындағы қызметтік міндеттер дұрыс бөлінбеген, бақылау, басым көпшілігінде, есеп беру және сабаққа қатысу санын көбейту мақсатында ғана жүзеге асырылады; *екіншіден*, бақылауды ұйымдастырудың нақты мақсаты қойылмайды, бағалау өлшемдері мен көрсеткіштері анықталмайды, анықталған жағдайда дұрыс топтастырылмайды; *үшіншіден*, мектепшілік бақылауда біржақтылық басым келеді, яғни, педагогикалық процестің бір бағыты ғана бақылауға алынады; *төртіншіден*, бақылауға тек мектеп басшылары ғана қатысады, ал тәжірибелі мұғалімдер, әдіскерлер және т.б. қатыстырылмайды.

Қазіргі уақытта белгілі болып отырғандай мектепті басқаруда басқару әрекеттестігі, ынтымақтастық, бірлесе басқару, өзін-өзі басқаруға аса мән беруі қажет. Бүгінгі қоғамда ізгілік құндылықтарының бекуі, алдыңғы орынға тұлғаның жеке басының құндылығын, оның рухани дүниесінің байлығын қояды, ал субъект-субъектілік қатынастардың бекуі болса, оқыту мен тәрбиелеу процесі ізгіліктілігінің нақты көрінісі болып отыр.

Мұндай жағдайларда мектепшілік басқаруды ұйымдастыру құрылымына қандай талаптар қойылуы тиіс деген заңды сұрақ туындайды. Біз осыны ескере отырып, мектепшілік басқаруды ұйымдастыру құрылымының моделін ұсынамыз (сурет 2).

Қорыға келе айтарымыз, ұсынылып отырған құрылымның басты жаңалықтарының бірі - барлық деңгейлерде үйлестіру кеңесінің ендірілгені. Бұл деңгейлер басқару жұмысының үйлесімді болуын, басқару субъектілерінің өзара әрекеттестігі мен ынтымақтастығын, *командалық басқаруды* (директор, директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасарлары, директордың ғылыми істер жөніндегі орынбасары, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, директордың шаруашылық жұмыс жөніндегі орынбасары, ғылыми-әдістемелік кеңес, әдістемелік бірлестіктер, психолог, мектептегі педагогтар және оқушылар мен ата-аналар), өзін-өзі басқаруды қамтамасыз етуде үлкен рөл атқарады.

Командалық басқару мәселесіне кейінгі жылдары аса мән беріліп жүр. Осы салада басылым көрген еңбектерге жасаған талдау (Г.Гертер, О.Н.Громова, Т.Д.Зинкевич-Евстигнеева, Ю.Б.Козырев және т.б.) командалық басқаруды типтеріне қарай топтастырған (жалған команда, қажетті түсінігі бар команда, тиімділігі жоғары команда, өзін-өзі басқаратын команда, басқару командасы, жобалы диагностикалық команда) оның өзіндік ерекшеліктері мен белгілеріне сипаттама беріп, мектепшілік жұмыстарды ұйымдастырудағы мүмкіндіктерін алып көрсетуге септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Жалпы білім беретін мектепті басқарудың қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелері (*жалғасы*) //Білім берудегі менеджмент, № 3, 2018.- 3-12 бет.
- 2.Жалпы білім беретін мектепті басқару ісіндегі мектеп директорының қызметі. /Білім беруді басқарудағы тың тәсілдер (оқу құралы). - Алматы, 2018. - 69-82 бет.
- 3.Мектепшілік менеджмент – басқарудың жаңа технологиясы. //«XXI ғасырдағы қазақ мектебі даму болашағы» Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Ітом.-Алматы, 2016.-3-6 бет.
- 4.Жаңа заман талабына сай жалпы білім беретін мектептерде қазақ әдебиетін оқытудың басым бағыттары. //Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2019.- 9-12 бет.
5. Жаңаша оқыту – уақыт талабы. //Мектеп директоры, №4, 2016. 3-4 бет.

ӘОЖ 21.521.44.

ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҚТЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

ЕЛІБАЕВА АҚМАРАЛ МЫҢЖАСАРҚЫЗЫ

№30 мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье анализируется тот факт, что электронные учебники позволяют изменить систему контроля уровня образования ученика. При традиционном обучении часто бывает так, что каждый ученик не контролируется преподавателем, а с помощью электронного учебника всесторонне проверяется возможность контроля каждого аспекта учебного процесса. Считается, что это, во-первых, создает большую помощь и скидки для студента, а во-вторых, позволяет автоматически отслеживать материал, давать справедливую оценку, консультировать студента по мере необходимости и получать о нем как можно больше информации.

Summary. The article analyzes the possibility of changing the system of monitoring the student's knowledge. In traditional education, it is often the case that each student is not monitored by the teacher, and with the help of an electronic textbook, it is possible to monitor every aspect of the learning process. It is considered that this, firstly, is a great help and convenience for the student, and secondly, it allows you to automatically monitor and fairly evaluate the material, advise the student as needed, and get as much information as possible about it.

Қазіргі кездегі қоғамның ақпараттану жағдайында ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы адам өмірінің әртүрлі саласына біртіндеп өзгерістер енгізуде. Ақпараттандыру ісі Қазақстанның білім беру жүйесінің даму жолына да ықпалын тигізуде. Ақпараттық технологияның қарқынды дамуына сәйкес электрондық оқыту деп аталатын оқытудың жаңа технологиясы қалыптасып нығая түсуде. Сондықтан педагогика ғылымының алдында электрондық оқытудың жүйе құраушы факторлары мен негізгі

педагогикалық ұстанымдарын анықтау және айқындауға байланысты бірқатар міндеттер қойылды. Сонымен қатар электрондық оқыту құрылымы мен мазмұнына, оқыту әдістеріне, оқытудың формасына және құрамына қойылатын кешен талаптарды анықтау қажеттігінен электрондық оқытудың әдістемелік жүйесін қалыптастыру мақсаты туындап отыр. Электрондық оқулықтар оқушының білім сапасын бақылау жүйесін өзгертуге мүмкіндік жасайды.

«Дәстүрлі оқытуда әр оқушы оқытушы тарапынан бақылау өте жиі болмай қалуы да кездеседі, ал электронды оқулықтың көмегімен оқыту үрдісінің әр этапын бақылай алады. Тіпті кейде тапсырманың дұрыс орындалуын ғана қадағалап қоймай, қате орындаған жағдайда оқулықтың тарауына, керекті тақырыбына немесе қажет ақпаратқа сілтемелер беріп отырады. Бұл оқушы үшін, біріншіден үлкен көмек, жеңілдіктер туғызса, екіншіден, сол материалды автоматты түрде бақылап, әділ бағасын беруге, оқушыға қажетіне қарай кеңес беруге, сол жайында барынша мәлімет алуға мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар оқушы грамматикалық анықтамаларды оқи отырып білімін тереңдете алады» [1.122 б.]. Міне, осындай мүмкіндіктердің барлығы оқудың мотивациясын күшейтеді, оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттырады, оқуға деген белсенділігін арттырады, оқытудың дәстүрлі ұйымдастыру формасынан шығып, оқытуды даралауды күшейтеуге көп көмегін тигізеді. Электронды оқулықта берілген мәтіндік материалдар белгілі бір қатынас жағдаяттарында қолданылатын сөйлемдерді құрайды. Сұхбаттар көлемі жағынан шағын және жеңіл жатталады. Сұхбаттық жағдаяттар қазақ тілінде бір-біріне сұрақтар қойып және жауап қайтара алуға үйретеді. Сонымен қатар берілген тақырып төңірегіндегі сөйлемдер мен әңгімелерді микрофонның көмегімен компьютерге басып, өздері тындап, өзін-өзі тексеруге, дұрыс сөйлеуге көмектеседі.

Ертеңгі күнімізге аттамас бұрын бүгінгі ұстаздың кім екендігіне баға беріп көрейік. Бүгінгі мұғалім ата – ана, бала бағбаны, қоғам қайраткері. Мұғалім – оқытушы, мұғалім – ұстаз, мұғалім – оқулық авторы, мұғалім – технолог, мұғалім – жаңалықты дәріптеуші, таратушы.

Қазіргі мектептің даму болашағы қоғамның даму үрдісімен үнемі өсіп отыратын ақпарат көлемінің әр түрлі тегімен анықталады. Оқушыларға білім беруде жаңа оқыту технологияларын қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау заман талабына сай талап етілуде.

Қазіргі кезде электрондық WEB оқулықтың қандай екендігі туралы біртұтас ой жоқ. Электрондық оқулық дегеніміз – мультимедиялық оқулық.

Электрондық оқулықпен оқытудың негізгі мақсаты: «Оқыту процесін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту» [2.53б.]. Білім берудің кез келген саласында электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен жұмыс істеуге жағдай жасайды.

Осы уақытқа дейінгі білім беру саласында тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында бұл оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес, сондықтан электронды оқулықтың құрылымы сапалы жаңа деңгейде болуы тиіс. Электрондық оқулық оқушының уақытын үнемдейді, оқу материалдарын іздеп отырмай, өтілген және оқушының ұмытып қалған материалдарын еске түсіруге зор ықпал етеді.

Сонымен қатар электрондық оқулықтарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық жұмыстар орындайды. Әр оқушы таңдалған тақырып бойынша тапсырмалар орындап, тестілер шешіп, карталар мен схемалармен жұмыс жасауға дағдыланады.

Мазмұны қиындау бір үлкен тақырыптың бөліктерін бейнехабар және клиптер қажетті элемент болып табылады. Бейнеклиптер уақыт масштабын өзгертуге және көріністерді тез жән жәй түрде көрсетуге пайдалы. Электрондық оқулық таңдап алынған хабарды көшіруге мүмкіншілік туғызады. Электрондық оқулықтың ең қажет мүмкіндігі аудиохабарлар. Мысалы: құстардың дауыстарына қарай қандай құс екенін ажырата білу, жүрек қағысын байқау.

Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, видеокөріністер, дыбыс және музыка тыңдатыр көрсетуге болады. Бұл әрине мұғалімінің тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі әсерлі. Меңгерілуі қиын сабақтарды компьютердің көмегімен оқушыларға ұғындырса, жаңа тақырыпқа деген баланың құштарлығы оянады деп ойлаймын.

Электрондық оқулықты пайдалану кезінде оқушылар тест тапсырмаларын орындайды және де басқа тапсырмаларды орындағанда дұрыс емес жауап бердім деп қапаланбайды. Өйткені, электрондық оқулықтар оқушыларға қайталап, жауаптарын дұрыстауға мүмкіндік береді. Оқушылар тапсырманы орындап отырғанда мұғалімнің де қолы босап, үлгерімі төмен оқушыларға мән беруіне, жеке сұрақтарға жауап беруіне, сабақтың келесі бөліміне дайындалуға уақыты қалады.

Интернет желісінде жұмыс істеу де оқушыларымызға әлемдік білім мен ғылым жетістігінен хабардар болып, оны игеруіне шексіз мүмкіндіктер ашатыны хақ.

Мен өз сабақтарымда электронды оқулықтарды жиі пайдаланамын. Өйткені электрондық оқулықтар біріншіден түрлі-түсті етіп жасалған, тапсырмалар қызықты етіп берілген, тест тапсырмаларын орындап әр оқушыны бағалауға болады. Әр сыныпқа арналған электрондық оқулықтар сол сыныптың бағдарламаларына қарап жасалған. Сондықтан тапсырмалар күрделілігі де сыныптардың тақырыптарына сай берілген.

Жоғарғы сынып оқушылары ақпараттық-коммуникациялық құралдарды пайдаланып, Интернет желісі арқылы өздеріне қажетті ақпараттарды жылдам тауып алу мүмкіндіктері бар.

Жоғарыда айтылған ой-пікірлерді қорытындылай келе компьютерді қолдану негізінде мектеп пәндерін оқыту сапасын арттырып, білім беруді ақпараттандыру жүйелі түрде іске асады деуге болады.

«Электрондық оқулықтарды қолдану барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылығының күрт артқандығы байқалады. Сондай – ақ мұғалімдерге де өзіне қажетті әдістемелік, дидактикалық көмекші құралдарды молынан ала алады. Электронды оқулық – бұл дидактикалық әдіс – тәсілдер мен ақпараттық технологияны қолдануға негізделген түбегейлі жүйе. Электрондық оқулықпен оқыту, мұғалімнің оқушымен жеке жұмыс істегеніндей болады» [3.71б.] . Дәстүрлі оқытуда кейбір оқушылар түсінбей қалған материалды мұғалімнен қайталап сұрай берге кейде қысылады, сол себепті жаңа тақырыпты дұрыс қабылдай алмауына әкеп соғады. Ал электрондық оқулықпен жеке жұмыс істеуінің арқасында сол тақырыпты бірнеше қайталап оқуына, тыңдауына, тіпті түсінбеген сөзді бөліп анықтама бөлімінен қарауға, сол сөздің түсіндірмесін білуіне, оның грамматикалық жасалу жолдарын білуіне көптен – көп көмегін тигізеді.

Электронды оқулықтар оқушының білім сарасын бақылау жүйесін өзгертуге мүмкіндік жасайды. Дәстүрлі оқытуда әр оқушы оқытушы тарапынан бақылау өте жиі болмай қолуы да кездеседі, ал электрондық оқулықтың көмегімен оқыту үрдісінің әр тарапын бақылай алады. Тіпті кейде тапсырманың дұрыс орындалуын ғана қадағалап қоймай, қате орындаған жағдайды оқулықтың тарауына, керекті тақырыбына немесе қажет ақпаратқа сілтемдер беріп отырады. Бұл оқушы үшін, біріншіден үлкен көмек, жеңілдіктер туғызса, екіншіден, сол материалды автоматты түрде бақылап, әділ бағасын беруге, оқушыға қажетіне қарай кеңес беруге, сол жайында барынша мәлімет алуға мүмкіндік жасайды.

Сонымен қатар оқушы грамматикалық анықтамаларды оқи отырып білімін тереңдетеді алады. Міне, осындай мүмкіндіктердің барлығы оқудың мотивациясын күшейтеді, оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттырады, оқытудың дәстүрлі ұйымдастыру формасынан шығып, оқытуды даралауды күшейтуге көп көмегін тигізеді.

Электронды оқулықта берілген мәтіндік материалдар белгілі бір қатынас жағдаяттарында қолданылатын сөйлемдерді құрайды. Сұхбаттар көлемі жағынан шағын және жеңіл жатталады. Сұхбаттық жағдаяттар қазақ тілінде бір – біріне сұрақтар қойып және жауап қайтара алуға үйретеді. Сонымен қатар берілген тақырып төңірегіндегі сөйлемдер мен әңгімелерді микрофонның көмегімен компьютерге басып, өздері тыңдап, өзін – өзі тексеруге, дұрыс сөйлеуге көмектеседі.

Мысалға, электронды оқулықтағы бір тақырыпқа тоталатын болсақ, алғашында сол тақырып бойынша мәтін берілген.

1. Осы мәтінді оқушы тыңдайды, оқиды, сонан соң барып тақырыптық сөздіктерге көңіл аударады.

2. Жаңа сөздердің аудармасын іздеп тауып алғаннан кейін, сол сөздермен басқа жағдаяттарда қолдануға болатын сөйлемдер құрастырады.

3. Осы құрастырған сөйлемдерін қолдана отырып жағдаяттар ойластырады.

4. Өздері ойластырған жағдаяттарды қолдана отырып сұхбат құрастырады

5. Сұхбаттарды бірінші жақтан құрастырғаннан кейін, оны үшінші жаққа аударып айтып береді

6. Берілген тақырып көлемінде түрлі жаттығулар мен тапсырмалар орындайды.

7. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін дұрыс қою арқылы сөйлем құрастырады.

8. Сөйлемдегі жетпей тұрған сөзді табу арқылы сөйлемнің мағынасын түсінуін аңғартады.

10. Компьютермен сұхбаттасу арқылы қойылған сұраққа дұрыс жауап бере алатындығын көрсетеді.

11. Әңгімені қостай отырып, сол тақырып көлемінде сөйлесе алатындығын байқатады.

12. Сөйлемдегі сөздердің жалғауларын дұрыс қою грамматиканы түсінгендігін білгізеді.

13. Сөйтіп көптеген жаттығулармен тапсырманы дұрыс орындағанда барып өз өмірінде осы тақырыпты қолдана отырып әңгіме құрастыруға дейін жетеді.

Электронды оқулықтар оқушылардың

- білім деңгейін тереңдетуге

- ауызекі тілде сөйлей білу дағдыларын қалыптастыруға

- өз бетінше іздену қабілетін қалыптастыруға
- ойларын дамытуға
- оқушылардың сөздік қорының молаюына
- тілді үйренуге деген ынтасы мен қызығушылығының артуына
- сабақта өзін еркін ұстап, өз мүмкіншілігін кеңінен пайдалана алуына
- өз ісіне талдау жасай алуға көптен – көп көмегін тигізеді

Тіл үйренуші электронды оқулықпен сабақ бойы үздіксіз байланыста болғандықтан тілді меңгеруіне үлкен мүмкіндіктері бар. Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде электрондық оқулықтарды сабаққа пайдалану – оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады. Ой – өрісі дамыған, шетелдік білім жүйесінен қалыспайтын жас ұрпаққа білім беру жолындағы ортақ міндетті өз мәнінде жүргізу үшін, бір – бірімізден тәжірибе алмасып, кемшілік – жетістіктерді айтып отырсақ жұмысымыз өнімді болады деп ойлаймын.

«Электрондық оқыту - кешенді емес біртұтас, дидактикалық, әдістемелік, интерактивті бағдарламалық жүйе және ол оқу материалынан кездесетін қиындықтарды артта қалдырады әрі мультимедианың соңғы мүмкіндіктерін қолданып, ғылыми зерттеу әдістерін толықтырады. Бұл жерде оқытудың түсінікті, кең көлемде қарастырылған материалы қолданылады. Электрондық оқыту, негізінен, үш бөліктен құрастырылады: негізгі ақпараттық курс бөлімінен тұратын презентациялық бөлім, алған білімдері бойынша бекітілетін жаттығулар, оқушының білімін көлемді түрде бағалау үшін тестер. Компьютерлік оқыту негізгі оқулықты, анықтаманы, есептеуішті, зертханалық жұмыстарды бір-бірімен байланыстырады» [4.134б.].

Электрондық оқыту - таныстыратын теориялық материал, білімнің көрсеткішіне қарай біліммен жаттықтыруды қамтамасыз ететін, оқу үрдісін үзіліссіз дидактикалық материалдармен қамтамасыздандыратын, сонымен қатар ақпараттық іздеу, математикалық және компьютерлік визуалдаумен имитациялық моделдеу интерактивті кері байланыстармен шарт бойынша функцияларды үйренуге арналған бағдарламалық кешендік жүйе. Электрондық оқыту барлық негізгі функцияларды, теориялық материалдарды көрсету, бірінші білімді алып қабылдауды көрсету, өзіндік білім алудың жаттығулары мен бақылау көрсеткіштерін қамтамасыз етеді. Дидактикалық цикл үрдісін бірыңғай компьютердің көмегімен оқу үрдісін ұйымдастырып, оқушылардың білім алуда уақыттарын үнемдеп, автоматты түрде дидактикалық циклді бір ғана жұмыспен - электрондық оқулықпен орындау керек. Оқыту үрдісін жаңаша түрде орындау үшін компьютермен диалогтық қатынасты дұрыс орынға қою керек. Мультимедианың әдістемелік күші оқушыны дыбыспен, көрермендік бейнемен тез қызықтырып, ақпараттық және көңіл күйіне де көмек береді.

Қорыта келе айтарым, оқу үрдісінде электронды оқулықты қолданудың маңызы өте зор. Тіл үйренуші электронды оқулықпен сабақ бойы үздіксіз байланыста болғандықтан тілді меңгеруіне үлкен мүмкіндіктері бар. Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде электрондық оқулықтарды сабаққа пайдалану – оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады. Ой өрісі дамыған, шетелдік білім жүйесінен қалыспайтын жас ұрпаққа білім беру жолындағы ортақ міндетті өз мәнінде жүргізу үшін, бір-бірімізден тәжірибе алмасып, кемшілік- жетістіктерді айтып отырсақ жұмысымыз өнімді болады деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұбанов А.Қ. Қолданбалы лингвистика: қазақ тілінің статистикасы. Оқу құралы. -Алматы: Қазақ университеті, 2004. -209 бет.
2. Гринберг Дж. Квантативный подход к морфологической типологии языков // Новое в лингвистике. -М.: Издание иностранной литературы, 1963.-С.60-61.
3. Бектаев К. Б. Статистико-информационная типология текста. -Алма-Ата: Наука, 2008. -167 с.
4. Пиотровский Р.Г., Бектаев К.Б., Пиотровская А.А. Особенность электронного учебника. -М.: Высшая школа, 2007. -382 с.

ЗАМАНАУИ ҚОҒАМДАҒЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ РӨЛІ

АЙТЕНОВА ГУЛЬМИРА ЖАРЫЛҚАСЫНОВНА

Д.М.Карбышев атындағы №16 орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье изучается актуальность английского языка в современном мире. В XXI веке очень сложно добиться успеха, не зная английского, потому что английский язык – это язык международного общения. В настоящее время очень важно рассмотреть методику обучения иностранным языкам, в частности английскому, а также основные тенденции его развития.

Summary. The article examines the relevance of the English language in the modern world. In the XXI century it is very difficult to succeed without knowing English, because English is the language of international communication. Currently, it is very important to consider the methodology of teaching foreign languages, in particular English, as well as the main trends in its development.

Қазіргі уақытта ағылшын тілінде сөйлеу сән-салтанат емес, өмірлік қажеттілік болып табылады. 10 мен 30 жас аралығындағы жастар ағылшын тілін үйренуге тырысады, өйткені бұл мансаптық өсуде қажет. Сондықтан дамыған жас отбасылар бала өмірінің алғашқы жылдарынан бастап әр түрлі курстарда ағылшын тілінде оқи бастайды. Бұл дұрыс, өйткені баланың психикасы мен есте сақтау қабілеті әлі тың және сөздерді көп күш жұмсамай жатпай алады.

Оқушылардың бір-бірінен өз білімімен айырмашылығы қандай болатынын байқадыңыз ба, балабақшадан бастап ағылшын тілін оқығандар үшін оларға белгілі бір сөздер мен грамматиканы есте сақтау оңайырақ. Дәл солай – бүгінде адамдар ағылшын тілін білмей-ақ алысқа бара алмайды: жоғары жалақы алатын жұмыс таба алмайды, интернеттен қажетті ақпаратты таба алмайды немесе шетелдіктермен байланыс орната алмайды. Шет тілі қажет, өйткені экономика, мәдениет, бизнес, елдерге саяхат – бәрі де шет тілі. Өзіңізді ұялтпау үшін, шетелде өзіңізді түсіндіре білу үшін сізге мектепте жоғары оқу орындарында жалғастырылған білім қоры қажет. Біздің елімізде шет тілін оқуға мектептен бастап, тіпті балабақшадан бастап көп уақыт бөлінеді.

Ағылшын тілін білу кез-келген жағдайдан әлемнің кез келген нүктесінде және, әрине, ағылшын тілі іскерлік және коммуникацияның ең маңызды тіліне айналған әлемнің 60 елінде абыроймен шығуға көмектеседі [1]. Біз рухани дамыған адамдар болуымыз керек, ал бұл – Шекспир, британ киносы, Лондон мюзиклдары, Бернард Шоудың пьесалары, Джойстың әңгімелері, тіпті американдық кинотриллерлер сияқты түрлі мәдени салаларда білімді болу деген сөз. Тілдерді білу тұлғаны дамытады және байытады.

XX ғасырдың музыкалық мәдениетіне үлкен әсер еткен ағылшын тіліндегі «Битлз» әндері бірнеше ұрпақтың жадында сақталған; бүгінде мультфильмдер, білім беретін компьютерлік бағдарламалар немесе ағылшынша интерфейсі бар компьютерлік ойындар бар. Ағылшын тілі әлемдік экономикада да өте қажет. Барлық келіссөздер, науқандар арасындағы іскери байланыс әдетте ағылшын тілінде жүргізіледі, өйткені ағылшын тілі халықаралық тіл болып табылады.

Электрондық пошта әдетте ағылшын тілінде жазылады. Сондай-ақ, сауда, туризм, компьютерлік технологиялар саласында барлығы ағылшын тілінде беріледі. Ағылшын тілін білген адамға жақсы жұмысқа орналасу, жеке және іскери өмірін реттеу әлдеқайда жеңіл болады [2].

Ағылшын тілі – халықаралық тіл, іскери қатынастардың халықаралық танылған тілі. Оны әлемнің түкпір-түкпірінен келген саясаткерлер, кәсіпкерлер мен кәсіпқойлар айтады. Түрлі диалектілер бар. Ең танымал және кең таралған нұсқалары – британдық және американдық ағылшын тілі. Олардың арасындағы айырмашылық неде?

XVII ғасырдың басында Англиядан келген отаршылар Америкаға өз тілдерін алып келе бастады. 1607 және 1620 жылдары алғашқы елді мекендер құрылды: Джейместин және Плимут. Джеймстаунның колонизаторлары негізінен Англияның батыс бөлігінен осы жерлерге тән айтылуымен келді ([s] дыбысын дауыстап айту және дауысты дыбыстардан кейін [r] дыбысын созылмалы айту). Плимут колонизаторлары Англия мен Лондонның шығыс уездерінен келді, оларда диалектілер біршама өзгеше болды. Мысалы, дауыстылардан кейінгі [r] дыбысы ол жерде болмаған. Бұл дыбыстық айырмашылықтар сақталды.

XVII - XVIII ғасырларда эмигранттардың ағымдары үнемі өсіп отырды, олар өздерімен бірге әртүрлі тілдер мен диалектілерді алып келді (кваркерлер, ирланд, испан, француз, голланд, немістер). Американдық ағылшын тілі әртүрлі ұлттардың тілдерінде қалыптасқан. Сонымен қатар, оңтүстік аймақтарға қара нәсілділер алып келініп, олар құл саудасының объектісіне айналды. Солтүстік Американың барлық осы жаңа тұрғындары (сонымен қатар, байырғы тұрғындарды – үндістерді де

ұмытпаңыз) колониялардың диалектісінің қалыптасуына ықпал етті. Жаңа мемлекетке – Америка Құрама Штаттарына жаппай эмиграция ХІХ-ХХ ғасырларда жалғасты. Сонымен бірге ағылшын тілі басым тіл болып қала берді, бірақ Солтүстік Америка колонияларының ағылшын тілі қарыз алу арқылы айтарлықтай байыды. Қоныс аударушылар өздеріне таныс емес өсімдіктерді (мысалы, hickory – жаңғақ тұқымдасы, немесе persimmon – құрма) және жануарларды (raccoon – енот, woodchuck – орман суыры) белгілеу үшін үнді тілдерінен сөздер алған. Француз тілінен алынған сөздер: chowder – сорпа түрі, prairie - прерия; голланд тілінен scow – қайық, кеме, sleigh - шаңа деген мағына береді. Көптеген жаңа сөздер бұрыннан белгілі сөздерді біріктіру арқылы пайда болды, мысалы, backwoods – дала, тыныш жер, bullfrog – бұқа – бақа (бақаның бір түрі). Көптеген ағылшын сөздері жаңа мағынаға ие болды, мысалы, lumber «қоқыс» мағынасында (ағылшын тілінде тар мағынада қолданылады – шүберек, ескі маталар); corn «жүгері» дегенді білдіреді (Англияда бұл сөз бұрын кез-келген дәнді, әдетте бидайды білдіретін) [Дәйексөз: 1 (онлайн-энциклопедия)].

Жаңа сөздер бұрынғы еуропалықтардың өміріне келген көптеген жаңа ұғымдар себебінен пайда болғаны анық, оларды білдіретін ағылшын және басқа тілдерде сөздер болмағандықтан. Лексикадан басқа, айтылуында, грамматикалық құрылысында, әсіресе интонациясында күшті айырмашылық болды. Ағылшыншылдықты ұстанатын американдықтар өздерімен британдықтардың арасындағы айырмашылықты көрсететін барлық «американизмдерді» айыптады. Қазіргі кезде көптеген «американизмдер» ағылшын тілінің британдық нұсқасында да кеңінен таралды және олар жаргон немесе жергілікті тіл емес. Кез-келген нұсқаға сүйену үшін және, ең бастысы, дұрыс түсіну үшін Америка мен Ұлыбританияда қандай сөздер мағынасы мен айтылуымен ерекшеленетінін білуіңіз керек. Бұл қарапайым қарым-қатынас үшін ғана емес, ыңғайсыз жағдайларды болдырмау үшін де маңызды. Егер Лондондық әйел Нью-Йорк тұрғынына: «I have left my child's dummy in the pram and his nappy in the boot» десе, ол тек таңқаларлық түрге ие болады. Егер Нью-Йорк тұрғыны оған «You have nice pants» десе, ол мұны оңай қорлау деп санайды. Ағылшын тілін оңай қабылдау үшін, егер оқушы ағылшын тілін үйренуде қиындықтарға тап болса, ол шет тіліне деген қызығушылықты жоғалтады. Шетел тілінде, әсіресе лингвистикалық емес колледжде немесе университетте мамандық бойынша ауызша сөйлеуді үйрету қиын және ұзақ процесс болып табылады, өйткені оқушының сөйлеуінде сәйкес мәтін жанрының элементтері болуы керек, мысалы, ғылыми стиль. Мұғалімнің міндеті – сөйлеуді көптеген параметрлер бойынша оқыту мәтініне негіз болатын оқу мәтініне ұқсас ету және ерікті жағдайлық мүмкіндіктердің аз болуы [3]. Шет тілдерін оқитын адамдар қиындықтарға жиі шағымданады. Ағылшын тілін оқитындардың қиындығы – бұл тілде стандарттың болмауы. Сіз екі нұсқаны үйренуіңіз керек: британдық ағылшын және американдық (тіпті австралиялық, үнділік, оңтүстік африкалық диалектілерді қоспағанда). Соңғы жылдары ағылшынның американдық және британдық нұсқалары күннен-күнге ерекшеленетін сияқты [4].

Ағылшын тілі – халықаралық қатынас тілі. Мұны жетік білетін адамға әлемнің барлық есігі ашық деп білемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Milroy J. Variability, Language Change, and the History of English // Institutional Journal of English Studies (University of Murcia). 2005. Vol. 5, № 1.
2. Деркач А.А., Щербак С.Ф., Педагогикалық эвристика: шет тілін меңгеру өнері. М.: Педагогика, 1991.
3. D. Graddol, The Future of English? A guide to forecasting the popularity of the English language in the 21st century. London : The British Council, 2000
4. Елухина Н.В., Шет тілін құлақпен түсінудің негізгі қиындықтарын ауызша сөйлесу қабілетін қалыптастыру шарты ретінде жеңу, //ИЯШ, 1996, №4.

ӨОЖ 811.789.56

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА КӨРНЕКІ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕРІ

ДУЙСЕНОВА ИНДИРА САГЫНТАЕВНА

Д.М.Карбышев атындағы №16 орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Сегодня возникает необходимость в использовании новых методов изучения языка в средних классах. Нет мнения, что предыдущие методы не следует использовать. Напротив, он закладывает основу для разработки новой методологии. языка.

Summary. Today, there is a need for new methods of language learning in middle school. There is no opinion that the previous methods should not be used. On the contrary, it lays the foundation for the development of a new methodology.

Көрнекілік – оқытуда заттар мен құбылыстарын жаратылыс бітімін, сезім мүшелері құлақпен естіп, көзбен көріп, қолмен ұстап баулитын дидактикалық үрдіс. «Көрнекі құрал» ұғымы – педагогикалық және психологиялық әдебиеттерін түрліше сипаттау. «Көрнекілік» терминнің түбірі «көру» болғанымен оны әр түрлі сезім мүшесі ретінде қабылдайды.

Сабақ үрдісінде әртүрлі көрнектіліктерді пайдалану оқушылардың ынтасы арта түседі. Көрнектіліктердің түрлерін пайдалануда мұғалім оқушының білімін дамыта оқыту үрдісімен ұштастырса нәтижесі жақсы болады.

Көрнектілікті пайдалана отырып төрт түрге бөлуге болады. Алдымен табиғи көрнектілік: құстардың тұлыбы мен хайуанаттар коллекциядағы кептірілген өсімдіктер, минералдар және тағыда басқалары жатады. Екіншіден, заттар және бейнелеу көрнектілігі: портреттер, муляж, макет, жер бетінің бедері, көркем суреттер, кескіндеме мен мүсін үлгілері, геометриялық фигуралар және тағы да басқалары. Үшіншіден, символикалық көрнектілік: мәтіндік, схемалар, мәтіндік, картограммалар, сызбанұсқа, диаграммалар карталар, кестелер жатады. Және соңғысы техникалық-динамикалық көрнектілік: диафильмдер, эпиреакциялар, оқу теледидары, диапозитивтер, оқу киносы.

Мектептегі оқу үрдісінде оқушылардың танымдық қабілетін арттыру қазіргі таңда жалпы білім беретін мектептердің рөлі бұрынғыдан арта түседі. Қайта құрудың басты тұтқасы – адам, ал белсенді өмірлік айқындамасын дамыту мектептен басталады. Жеке пәндер бойынша бағдарламада көрсетілген кейбір қиын материалдарды немесе тарауларды өткенде ғылыми іздену және әдістемелік талдаулар жасау арқылы оқыту әдістерін жақсартуға болады.

Педагогикада ең негізгі мәселелердің бірі болып пайдаланатын көрнектілік және дидактикалық материалдарды оқу процесінде тиімді қолдану ерекше рөл алады. Бұл мәселені шешуге, педагогикалық ұжымдарда және оқу орындарында, ғылыми конференцияда айналысқан жөн. Оның маңызы ерекше болып табылады.

Қазіргі уақытты тәжірбиелік жобаларда көрнектілік құралдарды әзірлеу үшін үлкен жүйелі жол жасалады. Көрнекі құралдардың мазмұны, оқыту әдісі формасы байланыстырып пайдаланады. Бұның бәрін кешенді қамтамасыз ету үшін бағдарламаларында көрнекі құралдарды сабақта кезеңмен пайдалану кезінде оқыту үрдісінің маңыздылығын күшейтеді.

Ағылшын тілін үйретудің қайнар көзі көрнектілік әдісі – әрі көрнектілік құралдар болып табылады. Көрнектілік оқушыларға нақты бейнелі түсінік берудің шарты болып саналады. Қазақ совет энциклопедиясында «Көрнектілік» оқытуда құбылыстар мен заттардың әрқайсысына өзіне байланысты жаратылыс бітімін, әр түрлі сыр сипатын сезім мүшелері арқылы қабылдауға, байқауға баулитын дидактикалық ұстаным деп қаралған.

Көрнекті нәтижесінде қоршаған орта өмір процесін және заттарды қабылдау арқылы оқушылардың түйсігі қалыптасады. Автор көрнекі құралдарды пайдалану мақсаттарының оқушыларға тілдік білімді жеткізуге және оларда сөйлеу ікемділігін қалыптастыруда шет тілі мұғалімінің міндеттері тәуелді екенін анықтайды. Білімді хабарлауда көрнектіліктің екі түрі мына мақсаттармен пайдалынады:

1. сематизация (тілдік бірліктердің мен тілдік ережелердің ұғымдық, семантикалық - мағыналық жақтарын ашу);

2. ақиқаттың вербалды және көрнекті - сезімдік бейнесі арасында берік байланыс арқылы есте сақтауды ұйымдастыру [1].

Оқу үрдісіндегі ұйымдастырудың негізі формасы сабақ болғандықтан, оның тақырыбына сабақ құрылымы сай болу керек.

Ағылшын тілін оқыту мақсаттары қоғамның мұқтаждығына байланысты өзгеріп тұрады.

Қазіргі кезде ағылшын тілін тоқыту мынандай төрт мақсатты көздейді: жетілдіру, коммуникативтік мақсат, тәрбиелік, білімдік мақсаты. Осы мақсаттардың бірі коммуникативтік мақсат жетекші рөлді атқарады, қалған мақсаттар коммуникативтік мақсатты орындау арқылы жүзеге асады. Орта мектептерде ағылшын тілін оқытудың басты мақсаты коммуникативтік мақсат болуға тиіс. Демек, сөз әрекетінің негізгі түрлерін: диалог және монолог ретінде сөйлеу ауызша айтылған сөзді таңдап, түсініп, жазбаша мәтіндерді оқып ондағы ақпараттарды қабылдай білу іскерліктерін меңгеруге тиіс. Жалпы орта білім беретін мектепте ағылшын тілін оқыту осындай практикалық мақсатпен көздейді, яғни, ағылшын тілін оқыту

барысында оқушылардың физиологиялық білімін арттыру және жалпы дүниетанымын кеңейту мақсаты жүзеге асырылады [2].

Ағылшын тілін үйрену арқылы сол тілді үйренген тілдің мәдени мұраларымен, көркем өнермен танысады. Сөйтіп ағылшын тілі пәнаралық байланыстарды жүзеге асыруға да мүмкіндік береді.

Оқулық – оқытудың негізі құралдары. Ол тілдік материалдарды ауызша және жазбаша болып құрайды. Оқулықты құрастыруда автор мынадай маңызды принциптерге сүйенеді. Оқытудың жоспарланған мақсатына жету үшін оқулық мазмұнының өзектілігі мен жеткілікті болуы; оқушының оқу материалдарын меңгеру үшін жеңілдету.

Оқулықтың мазмұнына лексикаға, грамматикалық, фонетикалық, әлеуметтік мәдени, сөздік көрнекілер, мәтіндерге берілетін түсіндірме жаттығулар кіреді. Сөздіктер – ағылшын тілін үйренудегі неізгі құралдардың бірі. Олардың екі тілдік, бір тілдік арнайы сияқты тілдерге бөлінеді. Сабақты нәтижелі ұйымдастыруды және оқытушының кәсеби деңгейін көтеруді көздейді. Тілдік білім стандартты, ағылшын тілін белгілі бір кәсіп бойынша оқыту мақсаты мен мазмұнының лингвоәдістемелік сипаттамасы болып саналады. Ол бір жағынан білімді стандарттар болса, екінші жағынан оның вариативтілік, яғни оқу материалдары мен бағдарламаларды тыңдауды қатыстырады [3].

Қазіргі таңда орта сыныптарда тіл үйренуге жаңа әдістерді қолдану қажеттілігі туындап отыр. Бұдан бұрынғы әдістерді қолданбау керек деген пікір тумайды. Керісінше, бұл жаңа методиканың дамуына негіз салады. Атап айтқанда, әр түрлі сөйлемдерді меңгерту, қайталау, мәтіндерді оқыту, бірнеше қайтара естеріне түсіру, тағы да басқа жұмыс түрлері оқушыны жалықтырып шаршатады.

Ағылшын тілін үйренуде ойын түрлерін қолдану оқушының сенімсіздігін сейілтіп, тілді игеруге ынтасын күшейтеді. Мысалы, оқудың алғашқы кезінде оқушы тілдік материалдарды жеңіл қабылдауы мүмкін, бара-бара материалдардың қиындауына байланысты оқушы түрлі қиындықтарға кезігеді.

Ал, бұған мұғалімдерде уақытында көмектесе алады. Қиыншылық тек сабақта ойын түрлерін пайдалану арқылы оқушының көзін жеткізуге болады. Әрине, ағылшын тілін оқып, үйрену бірден қалыптаса алмайды. Бұл орайда, тілді үйренудің көздерімен көріп, құлақпен тыңдау арқылы – тыңдау мен сөйлеуге үйрету, түрлі-түсті суретті іліп, ауызша оқылуын айтып, бала әріп танымасада сурет астына оқылуын жазу керек.

Үй ішіндегі бұйымдарға немесе кабинеттердегі бар заттарға, мысалы, есікке DOOR, терезеге WINDOW, тақтаға BLACKBOARD қабырғаға WALL, гүлге FLOWER - деп жазып, іліп қойса, оқушы есікті, т.б көріп тұрып, оны қалай аталатындығын көреді, естиді, сонымен бірге әріпті танысада, сөздің қалай жазылатындығын көзбен көру арқылы баланың есінде қалады.

Мұғалім дарынды балалармен және үлгермейтін оқушылармен жекелеп жұмыс жүргізіп отыруы қажет. Тілді меңгеруде оқушымен бірге болатын сағат саны да үлкен рөл атқарады. Әдепті этапқа мүмкіндігінше аптасына үш рет айналысу керек. Үйретілетін материал бірінен кейін бірі жалғасын табу керек. Оқушының ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттырып, сабақты қызықты өткізіп, баланы шаршатып алмау керек [4]. Сабақты жоспарлы түрде дайындаған дұрыс. Осыдан сурет қалай қызықтырады деген сұрақ туындайды. Ал, егерде сол сурет қозғалып, сөйлейтін болса, оқушыға өте қызық болар еді.

Көрнекті педагогтың пікірінше, тіл меңгеру барысында ойын түрлерін көп пайдаланған жөн. Мысалы, мұғалім тақтаға бір сөзді қате жазды, ал оқушы қатені түзеп, бастапқы әріпіне қарап суреттегі бейнеленген заттың атын сөзбен айтады. Оқушы оқуға үйренгенде, мәтінді мәнерлеп оқып, грамматикалық ережелерді қолданып, көптеген жаттығулар жазады.

Графикалық жаттығулар: кесте, сызба, технологиялық карта, альбом, стенд жасау, экскурсия кезінде салған суреттер. Оқу еңбек жаттығулар: оқу шеберханасындағы қағазбен, картонмен, ағашпен, металмен жұмыс істеу, әр түрлі құралдар қолдану, тетіктерді басқару.

Қорыта келе, ағылшын тілін оқушыларға жоғары деңгейде игерту, мұғалім әрбір сабақта жүйелі түрде өз дәрежесінде, түрлі әдіс - тәсілдерді, ойындарды, қолдану арқылы өткізсе ғана үлкен жетістіктерге жете алады. Еліміздің өмір сүру деңгейі, экономикалық жағдайы күннен-күнге өсіп, жоғары даму сатысында келеді. Бұл өзгерістердің білім беру жүйесінде ықпалын тигізбеуі мүмкін емес. Қазіргі таңда еліміздің шет елдермен қарым-қатынасы барлық салада дамып, халықаралық байланыстар кеңейіп, орнығып келеді. Бүгінде осы қатынастардың нығайыумен ағылшын тілін жетік меңгерген мамандарға деген сұраныс күннен-күнге өсуде.

Қазіргі заманда ағылшын тілі адамның қарым-қатынасқа түсудің маңызды құралы болып есептеледі. Біз болашақ ағылшын тілі мұғалімдеріміз. Сондықтан, біз ағылшын тіліне, немесе басқа да шет тілдеріне аса көңіл бөлеміз. Сабақтарымызды оқушылар үшін қызықты болып өтуіне тырысамыз.

Ағылшын тілі әдістемесінде сабақтың нәтижелі болып өтуіне әр түрлі әдіс- тәсілдер, арнайы көмекші құралдар, көрнекіліктер бар. Мұғалім әр сабақта оқушылардың ағылшын тілін тыңдап түсіну, сөйлеу, жазу және оқу іскерліктерін дамытып отырады [5].

Ағылшын тілі әдістемесінде сабақты дұрыс, қызықты өту үшін сөйлеу іскерлігін дамытудың әр түрлі жолдары мен әдіс тәсілдері бар. Бірінші әдістердің бірегейі әрі өте тиімдісі бұл–көрнекілік әдісі. Өте маңызды әдістердің бірі мұғалімдерге үлкен көмек болса, оқушыларға тіл материалын меңгеруге өте қолайлы екенін зерттеу барысында түсінуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Масалова С. В. Использование аутентичных видеоматериалов при обучении иностранному языку // Молодой ученый. – 2015. – №15. – С. 46-48.
2. Новиков Н.Д. DVD как средство обучения аудированию // Иностранные языки в школе. – 2017. – №1. – С. 18 – 21.
3. Пассов Е.И. Основы коммуникативной методики обучения иноязычному общению [Текст] / Е.И.Пассов. – М.:Русский язык, 2019. – С.188
4. Самохина Н.В. Использование мобильных технологий при обучении английскому языку: развитие традиций и поиск новых методических моделей / Н.В. Самохина // Фундаментальные исследования. –2017. - №6. -С. 591-595.
5. Стандарты второго поколения. Примерные программы по учебным предметам. Иностранный язык. 5-9 классы. – М.: Просвещение, 2016. - 144 с.

ӘОЖ 37.125.97

ШЕТ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУДАҒЫ ОЙЫНДАР ЖӘНЕ ОРТА МЕКТЕПТІҢ БАСТАПҚЫ САТЫСЫНДА ӨТКІЗУ ӘДІСТЕМЕСІ

КӨШКІН ҚҰНДЫЗ ҚАБЫЛБЕКҚЫЗЫ

Максим Горький атындағы орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы

Резюме. В статье говорится, что на среднем этапе изучения иностранного языка олимпиады являются инструментом повышения эффективности учебного процесса. В отличие от обычных игр, в них должен быть элемент соревнования и соперничества.

Summary. The article says that in the middle stage of learning a foreign language, competitions are atool to increase the effectiveness of the educational process. Unlike ordinary games, they must have an element of competition and rivalry.

Шет тілдерін оқытудың заманауи әдістерінің өзекті мәселелерінің бірі әр түрлі жастағы балаларды ойын көмегімен оқытуды ұйымдастыру болып табылады.

Бұл мәселенің өзектілігі бірқатар факторларға байланысты. Біріншіден, оқу үдерісінің күшеюі оқушылардың зерттелетін материалға деген қызығушылығын сақтау және сабақ барысында олардың белсенділігін арттыру құралдарын іздеу міндетін қояды. Оқу ойындары – бұл мәселені шешудің тиімді құралы. Екіншіден, шет тілін оқытудың маңызды мәселелерінің бірі – ауызша сөйлеуді үйрету, бұл тілдің коммуникативті қызметін ашуға жағдай туғызады және оқыту үдерісін нақты оқыту жағдайына жақындатуға мүмкіндік береді, бұл шет тілін үйренуге деген ынтаны арттырады. Оқушылардың ауызекі сөйлесуге қатысуын ойын әрекеті процесінде сәтті жүзеге асыруға болады. Автор оқыту құралы ретінде ойын әрекетінің келесі ерекшеліктерін атап өтеді: мотивация, мәжбүрлеудің болмауы; дараланған, терең жеке белсенділік; командада және команда арқылы оқыту және тәрбиелеу; ақыл-ой функциялары мен қабілеттерін дамыту; құлшыныспен оқыту [1].

Ойын әрекетінің ірі теоретигі балаға төрт маңызды функцияны ұсынады:

– мотивациялық-қажеттілік саласын дамыту құралы; білім құралы; ақыл-ой әрекеттерін дамыту құралы; ерікті мінез-құлықты дамыту құралы. Ойын маңызды қайта құруды және жеке тұлғаның жаңа қасиеттерін қалыптастыруды анықтайды; дәл осы ойыннан балалар мінез-құлық нормаларын үйренеді, ойын үйретеді, өзгертеді, тәрбиелейді.

Білім беру үдерісі барысында ойынды қолданудың келесі мақсаттарын анықтайды:

– белгілі бір дағдыларды қалыптастыру; белгілі бір сөйлеу дағдыларын дамыту;

– қарым-қатынас жасауға үйрету; қажетті қабілеттер мен ақыл-ой функцияларын дамыту; сөйлеу материалын есте сақтау.

Ойын әрекеті зейіннің, есте сақтаудың, ойлаудың, қиялдың дамуына, барлық танымдық процестерге әсер етеді. Сонымен, мысалы, іскерлік ойынның педагогикалық-дидактикалық мәні оның қатысушыларына өзін-өзі ашуға, белсенді позицияны үйренуге, кәсіби жарамдылыққа өзін-өзі тексеруге мүмкіндік беруінде.

Сонымен бірге, оқытудың құралы ретіндегі ойынның тиімділігі бірқатар талаптардың орындалуына байланысты екенін атап өту маңызды, мысалы: ойдан шығарылған жағдайдың болуы, оқушылар әрекет ететін жоспардың болуы; балалардың ойын нәтижесін, ойын ережелерін міндетті түрде білуі. Ойын тек ұжымдық ойын-сауық емес. Бұл барлық оқу міндеттеріне қол жеткізудің негізгі әдісі, сондықтан қажет: қандай шеберлік пен қабілеттіліктің қажет екенін, ойын барысында бала нені білгенін және не білгенін дәл білу; ойын оқушыны ақыл-ой күшіне мұқтаж етуі керек.

Сонымен, ойын – бұл оқушылардың ақыл-ой белсенділігін белсендіретін, оқу үдерісін тартымды, әрі қызықты ететін, алаңдаушылық пен мазасыздықты тудыратын оқыту құралы, бұл тілді меңгеруге күшті ынталандыруды қалыптастырады. Жұмыстарда бастапқы кезеңде ойын әрекеттерін қолдана отырып ағылшын тілін оқыту әдістемесінің сұрақтары қамтылды [2].

Сонымен қатар, білім берудің әртүрлі кезеңдерінде – бастауыш, орта және жоғары сыныптарда – ойын әрекеттерін қосумен білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктерінің проблемасы әлі жеткілікті зерттелген жоқ. Оқу ойындарының тиімділігінің маңызды шарты – оқушылардың жас ерекшелік психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін қатаң есепке алу.

Ойын әрекетіне объектілердің негізгі ерекшеліктерін бөліп көрсету, салыстыру қабілетін қалыптастыратын жаттығулар жатады; объектілерді белгілі бір критерийлер бойынша жалпылауға арналған ойындар тобы; бұл процесте кіші мектеп оқушылары өзін-өзі бақылау қабілетін дамытады, сөзге жылдам реакция, фонематикалық есту қабілеттерін дамытады. Сонымен бірге ойын сюжеті тренингтің негізгі мазмұнымен қатар дамиды, оқу процесін белсендіруге көмектеседі. Ойын шетел тілін үйренудің бастапқы кезеңінде басым болатын есте сақтауға ықпал етеді.

Ойын – қарым-қатынас жағдайын құралы. Тәрбиелік және сөйлеу ойынындағы жағдайларды қолдану балалардың жас ерекшеліктеріне толығымен сәйкес келеді және олардың табиғи қарым-қатынасына жағдай жасайды. Қолданылатын тәрбиелік сөйлеу ойындарының көңіл көтеретіндерден айырмашылығы – олардың екінші жоспары немесе тар әдістемелік мақсаты.

Оқу-сөйлеу ойынының жағдайы оқушыларды оқу-әдістемелік мақсатта ойын ережелері бойынша сөйлеуге және әрекет етуге шақырады. Бұл қарым-қатынасқа қызығушылықты арттыратын және сақтайтын ойын [3].

Ағылшын тілін оқытудың орта кезеңінде оқушылардың зерттелетін пәнге қатынасы өзгереді. Зерттеулер көрсеткендей, мотивация құрылымында сыртқы факторлар анықталады. Оқушының өзінің академиялық міндеттерін адал орындамаса, оны күтіп тұрған қиындықтар туралы хабардар болуымен байланысты теріс себептер.

Қызығушылықтың негізгі өзегі ішкі мотивтер болғандықтан пәнге деген қызығушылық төмендейді. Бұл ағылшын тілін үйренуге деген ұмтылыстың өзі оң мотивацияны қамтамасыз етпейтіндігін көрсетеді. Мұны оқушылардың оқу әрекеттерін орындауға деген қызығушылығы қолдауы керек. Сондықтан ағылшын тілі мұғалімінің басты міндеттерінің бірі – оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру. Мұнда осы жастағы мектеп оқушыларының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктеріне жүгіну қажет.

Тұлға дамуының жасөспірім кезеңіне өту жылдам физикалық және рухани өсумен, танымдық қызығушылықтардың кеңеюімен, өзін-өзі бағалауға, әлеуметтік белсенділікке құштарлықпен сипатталады. Осы процестердің барлығын жүзеге асыруда спорттық, мобильді, интеллектуалды, сюжеттік-рөлдік ойындар сияқты ойындар өз орындарын табады. Шығармашылық, сюжетке негізделген рөлдік ойындар бірінші орында. Бұл өсу жасөспірім өміріндегі қарым-қатынастың маңыздылығының артуымен байланысты.

Сондықтан, біздің ойымызша, ағылшын тілін оқытудың орта кезеңінде ойын-жарыстар білім беру үдерісінің тиімділігін арттырудың құралы болып табылады. Олардың қарапайым ойындардан айырмашылығы, оларда бәсекелестік пен бақталастық элементі болуы керек. Сондықтан, мұндай ойындарды қолдану зейіні тұрақсыз және пәнге қызығушылығы төмен оқушылар басым болатын сабақтарда көбірек әсер етеді [4].

Рөлдік және іскерлік ойындарды қолдана отырып, ағылшын тілін оқытудың жоғарғы сатысында қарым-қатынасты ұйымдастыру білім беру процесінің тиімділігін арттыруға көмектеседі. Үлкен мектеп жасындағы ойынның ерекшелігі өзін-өзі растауға, әзіл-оспақты бояуға, практикалық әзіл-қалжыңға және сөйлеу белсенділігіне баса назар аудару екенін ұмытпаған жөн. Біздің ойымызша, ағылшын тілін

оқытудың жоғарғы сатысында қарым-қатынасты ұйымдастыру рөлдік және іскери ойындарды қолдану арқылы жүзеге асуы мүмкін. Әдіскер «рөлдік қарым-қатынас жағдайы белгілі бір мәселелер мен коммуникация міндеттерін шешумен байланысты болса, стихиялық сөйлеуді дамытуға түрткі болады. Рөлдік ойынның мақсаты – қатысушылардың назарын тілдік бірліктерді коммуникативті қолдануға аудару». Оқу іскерлік ойыны – бұл тыңдаушылардың кәсіби қызметінің әр түрлі жақтарын модельдейтін практикалық сабақ. Бұл оқушыларда бар кәсіби іс-әрекет пәні туралы білімді жан-жақты пайдалануға жағдай жасайды, сонымен қатар ағылшын тілін толық игеруге ықпал етеді [5].

Жүргізілген талдау келесі қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

– ойын әр сабақта ағылшын тілде сол немесе басқа формада болуы керек;
– сабақта ойындарды қолдану – білім беру процесінің тиімділігі үшін коммуникативтік жағдай туғызудың міндетті құралы;

– ойынның тиімділігі оның дұрыс ұйымдастырылуына байланысты;

– сыныпта ойындарды ағылшын тілінде жүргізу білім берудің тәрбиелік мақсаттарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мұғалімнің міндеті – ойын мәдениетін және жалпы өзін-өзі ұстау мәдениетін үйрету;

– оқыту процесінде ойындарды дамыту мен енгізу ағылшын тілін оқытудың әр түрлі кезеңдерінде ауызша сөйлеуге үйретудің негізгі міндеттерін сәтті шешуге ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Газман О.С. Роль игры в формировании личности школьника // Совет. педагогика, 2017. – № 9.
2. Гез Н.И. и др. Методика обучения иностр. языкам в средней школе. М., 2018.
3. Негневицкая Е.И. Иностранный язык для самых маленьких: вчера, сегодня, завтра // Иностранные языки в школе, 2017. – № 6.
4. Рогова Г.В., Верещагина И.Н. Обучение английскому языку на начальном этапе в средней школе. М., 2019.
5. Саланович Н.А. Лингвострановедческий подход в игровых упражнениях на уроках французского языка в VII – VIII кл. // Иностранные языки в школе, 2016. – № 1

УДК 37.022:57(075.8)

ПРИМЕНЕНИЕ ИНТЕРАКТИВНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ БИОЛОГИИ

КОЙБАГАРОВА БАЯН ОРАЗБЕКОВНА

педагог-исследователь, учитель биологии средней школы №28 им.А.Молдогуловой
города Тараза, Республики Казахстан

Бірақ қарым-қатынасты көшірудің жағымды жағы да бар - бұл өмірде кездесетін рөлдерді, ойындарды санаудың бір түрі. Яғни, жасөспірімдерді әлеуметтендірудің нұсқасы. Ал егер сіздің отбасыңызда болмаса, тағы қай жерде жаттығуға болады?. Ата-аналар жасөспірімнің мінез-құлқын жиі өзгертетінін жиі байқайды: бүгін - мейірімді және мейірімді, ертең - әдепті, ал келесі аптада – «көрші Вовка сияқты» бұзақы. Жасөспірімдердің біреуінде өмірге келу әртүрлі ерсі қылықтармен (үй шаруашылығының мүшелерін есінен танып қалумен) белгіленеді. Кейбіреулерде, керісінше, бұл басқаларға қамқорлықпен көрінеді.

Ішінде келесі жағдайлар орын алады. Жасөспірімнің өзіндік ұстанымы бар. Ол өзін қазірдің өзінде жеткілікті деп санайды және өзін ересек адамдай ұстайды. Бұл келесіде көрінеді.

- Барлығының (мұғалімдердің, ата-аналардың) оған тең, ересек адам ретінде қарауын қалау.

- Дербестікке ұмтылу. Жасөспірімнен жиірек естуге болады: "Мен бәрін өзім білемін!"

- Өзіндік талғамы мен көзқарасының, бағасының, мінез-құлық сызығының пайда болуы (ең көрнектісі - музыканың белгілі бір түріне тәуелділіктің пайда болуы). Есте сақтау керек, балалар өте тез есейгісі келеді, сонымен қатар ата-анасынан ерекшеленеді. Және ата-аналардың бір кездері өздері жасаған «өз» қателіктері болуы. Сонымен қатар, мұғалімдер мен ата-аналар кейде уақыттың тез өзгертетінімен келісу қиынға соғады. Ал балалар олармен бірге өзгереді. Бір кездері сәнге айналған нәрсе басқа уақытта «ретро» болып саналады. Бұл көзқарастарға, мінез-құлыққа және т.б. қатысты. Әрбір ұрпақ өз заманына қатыстылығын өзінше білдіреді[4.].

Оқушылардың басым көпшілігі бастауыш сыныптан бастап ойлау процестерінің жеткіліксіз қалыптасуын, заңдылықтарды, ұқсастықтарды, жалпыламаларды орната білу қабілетін көрсетеді, классификациялармен жағдай біршама жақсырақ. Алайда, ерте ме, кеш пе, бұл қиындықтар оқу үдерісіне әсер етіп, ата-аналар мен мұғалімдерді алаңдатады. Ойлау қабілетін дамытудағы кемшіліктер есте сақтау қабілеті нашар, зейіні шашыраңқы болып жасырылады, мұны мұғалімдер мен ата-аналар әлсіз оқушыларда жиі байқайды. Балалардың оқуға деген қызығушылығы төмендейді және бұл бірқатар пәндердің жетістігіне әсер етеді. Бұл себептердің тұтас кешеніне байланысты орын алады, бірақ, атап айтқанда, жоғары сыныптарда оқытылатын күрделірек материал зейін мен есте сақтаудың ерікті, делдалдық формаларын, сондай-ақ ғылыми түсініктерді пайдалана отырып, жүйелі ойлауды дамытуды қажет ететіндігімен байланысты. «Өзінің дамыған табиғи психикалық функцияларын орындауға дағдыланған оқушылар үшін ғылыми түсініктер жүйесін дамыту мүмкін емес. Олардың қалыптасуына жақындау үшін концептуалды білім берудің жоғары дамуы қажет...» [5, 8 б.].

Педагогтар жасөспірімдерге қоғамдағы рөлін түсінуге, сындарлы қарым-қатынас жасауға, басқалармен қарым-қатынас жасауға, жанжалдарды зорлық-зомбылықсыз шешуге үйретуі керек. Сондай-ақ әрбір оқушыға жеке көзқарас маңызды аспект болып табылады. Орта білім беруде сыныптарда даму деңгейі, қызығушылықтары, қабілеттері және өмірлік жағдайлары әртүрлі жасөспірімдер жиналады. Тәрбиешілер әрбір оқушы өз әлеуетін ашып, оқуда және әлеуметтік ортада өзін сенімді және табысты сезінуі үшін осы айырмашылықтарды ескеруі керек.

Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға байланысты проблемаларды атап өткен жөн. Қазіргі әлемде тиімді қарым-қатынас жасай білу, ұжымда жұмыс істей білу, мәселелерді бірлесіп шеше білу маңызды. Мұғалімдер оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға жағдай жасауы, қарым-қатынас пен ынтымақтастық дағдыларын дамытуға ықпал ететін тренингтер, сабақтар мен жобалар өткізуі қажет. Осылайша, орта білім берудегі тұлғалық және әлеуметтік өзара әрекеттестіктің психологиялық-педагогикалық мәселелері педагогтардың жан-жақты көзқарасын, әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін түсінуді және оның қоғамда үйлесімді дамуына жағдай жасауды талап етеді. Бұл мәселелерді шешу толыққанды тұлға және белсенді азамат қалыптастыру жолындағы маңызды қадам болып табылады.

Пайдаланылған дебиеттер тізімі:

1. Андреева А.Д. Цифрлық қоғамның білім беру кеңістігіндегі қазіргі мектеп сыныбының әлеуметтік-психологиялық ортасы / А.Д.Андреева, Е.Г.Лисичкина // Мәскеу мемлекеттік аймақтық университетінің хабаршысы. Серия: Психологиялық ғылымдар, 2020. - № 3. - 96-107 б.

2. Бережковская Е. Ғылыми түсініктер қалай қалыптасады. // Мектеп психологы. - 2005. - №4. 7-12 беттер.

3. Бодалев А.А. Адамның адамды қабылдауы мен түсінуі. - М., 1982. - Б.56.

4. Долганов Д.Н. Тұлғааралық қатынастардың тәрбиелік және сыныптан тыс жұмыстармен байланысы / Д.Н.Долганов // Ғылыми шолу: гуманитарлық зерттеулер. - 2017. - № 6. - 48-53. 81 беттер

БАСТАУЫШ МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІ

ШОХАЕВА ИНДИРА

№47 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В переход на состояние обновленного содержания образования на современном этапе развития казахстанского высшего образования актуальным становится вопрос профессиональной подготовки будущих учителей начальных классов. В статье отражены источники определения структурных компонентов профессиональной компетенции будущих учителей начальных классов. В процессе развития аналитической, диагностической и прогнозной профессиональной деятельности, составляющей структуру профессиональной компетентности учителя начальной школы, изучаются и другие важные характеристики профессионального развития учителя.

Summary. In the transition to a state of updated educational content at the current stage of development of Kazakhstan's higher education, the issue of professional training of future primary school teachers is becoming relevant. The article reflects the sources of determining the structural components of the professional competence of future primary school teachers. In the process of developing analytical, diagnostic, and predictive professional activities that form the structure of a primary school teacher's professional competence, other important characteristics of a teacher's professional development are studied.

Қазіргі уақыттағы қазақстандық қоғамның әлеуметтік және экономикалық ортасында болып жатқан динамикалық өзгерістер мемлекет пен қоғамның өзекті қажеттіліктеріне жауап беруі тиіс білім беру саясатына жаңа талаптар қояды. Оқытудың құзыреттілік моделіне көшу бастауыш мектеп мұғалімдерінің біліктілігіне және олардың жоғары мектептегі кәсіби даярлығының мазмұнына қойылатын талаптарды айтарлықтай өзгертті. Болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау үрдісін ұйымдастыру кәсіби білім мен дағдыларды меңгеруді ғана емес, сонымен қатар педагогикалық қызметтің тиімді әдістерін одан әрі дамыту үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз етуі тиіс [1]. Болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерін даярлау үрдісін жүзеге асыру олардың алдына қойылған кәсіби міндеттер мен оқу міндеттерін шешу үрдісін басқаруға дайындығын қалыптастыруды болжайды [2.]. Болашақ мұғалімдердің оқыту мазмұнын қалай оңтайландыру керектігін түсіну үшін болжамды нәтиженің тұтас моделін қарастыру қажет. Бұл бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін өзара тәуелді компоненттердің құрылымы ретінде ұсынудың орынды екендігін білдіреді [3]. Осы тұрғыда педагогика ғылымында мұғалімнің құзыреті туралы жалпы қабылданған құрылым, әсіресе бастауыш сынып мұғалімдерінің құзыреті жайлы құрылым жоқ екенін айта кеткен орынды [4.]. Осы уақытқа дейін кәсіби дайындықта пәндік-әдістемелік парадигма басым болып келді. Классикалық университетте алған білімді түлектердің көпшілігі кәсіби және педагогикалық білім деп қабылдамайды. Оларға мамандық емес, пән ғана оқытылды деген пікірді ұстану мұғалімдер арасындағы әдеттегі жай. Педагогикалық психология мұғалімді оқушылардың оқу іс-әрекетін қалыптастыру мен диагностикалаудың, олардың жеке басының даму барысы мен нәтижелерін зерттеудің, жеке педагогикалық іс-әрекетін талдау мен бағалаудың әдістемелік құралдарымен тікелей қамтамасыз етпейді. Дидактика оқу іс-әрекетінің құрылымы мен оқу процесі туралы қазіргі заманғы психологиялық деректерге сүйенбейді; психологиялық заңдылықтар әдістемелік әзірлемелерде қамтылмаған. Біздің ойымызша, педагогикалық жоғары оқу орындарында бастауыш мектеп мұғалімін даярлаудың қолданыстағы тәжірибесі жеке тұлғаға бағытталған оқытуды жүзеге асыра алатын кәсіпқойды қалыптастыру міндетін шеше алмайды. Біздің бақылауларымыз, жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін алған әртүрлі нәтижелері бар бастауыш мектеп мұғалімдерінің қызметін, жоғары оқу орнынан кейінгі әртүрлі жұмыс өтілін зерттеу. Қазіргі заманғы білім беру стандарттары кәсіби функцияларды жүзеге асыру және жоғары сапалы деңгейдегі кәсіби міндеттерді орындау үшін қажетті кәсіби дайындықтар мен қабілеттерді қалыптастыруға бағытталған. Мұның бәрі білім беру мақсаттарын, жалпы білім беру процесін және атап айтқанда, кәсіби педагогикалық білім беруді құру тәсілдерін өзгертеді. Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру мамандарын сапалы даярлаудың негізі кәсіби міндеттердің көп аспектілі спектрін шешу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған кәсіби құзыреттер болып табылады.

Болашақта еліміз дамыған алдыңғы қатарлы елдердің қатарынан көрінуді мақсат етіп отыр. Бұл мақсатқа жету үшін әрбір азаматты мектеп қабырғасынан кәсіби біліктілікке баулу қажет. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» дейді дана халқымыз. Мектептегі білім мен тәрбие беру негізі бастауыш сыныптардан басталады. Бастауыш сынып мұғалімі – пән оқытушы ғана емес, ол – бағбан, баланың болашағына бағыт беруші, бала бойындағы қабілетінің көзін ашушы, қорғанышы деуге болады. Барлық білімнің негізі бастауышта қаланатын болса, балаға дәл осы кезде білім беріп қалудың маңызы зор. Бастауыш мектеп – баланы оқуға үйрету мен тәрбиелеу, оның тұлға ретінде өзін-өзі ашуға, жалпы дамуының қалыптасуына жағдай жасайтын негізгі саты. Жалпы адамның мектептегі білім алу кезеңі және тұтас педагогикалық үрдіс сапалы нәтижеге жету үшін бастауыш сыныптардағы оқу-тәрбие үрдісі қазіргі заман талаптарына сай құрылуы шарт. Мектептегі кез-келген жаңарулар бастауыш мектептен бастау алады.

Сондықтан бастауыш мұғаліміне қойылар талап пен жауапкершілік те салмақты.

Қазіргі таңдағы мұғалім оқушы үшін «дайын» білім көзі ғана болмай, керісінше кіші мектеп оқушыларының танымдық іс-әрекетінің ұйымдастырушысы және үйлестірушісі бола білу қажет. Ол үшін мұғалім өз бетімен білімін жетілдіре алатын, шығармашылық, сыни ойлауы қалыптасқан, қалыптан тыс кәсіби міндеттерін шешуде жаңаша жол табуға дағдыланған маман болуы қажет. Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесі, оқуы және дамуы жайлы теория мен тәрбие таным мәселесінде қиылысады. Танымдық іс-әрекет оқушының білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті. Қазіргі балалардың таным белсенділігі мен қызығушылығын қалыптастыруға септігін тигізетін оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін білім беруде орынды пайдалансақ, ол өзінің сипатын береді:

1. оқушының жаттығу жұмысы нәтижесінде деңгейлері көтеріледі;
2. пәнге деген қызығушылығы артады;
3. оқушының білім сапасы көтеріледі;
4. логикалық ойлау мен шығармашылық іс-әрекетке қабілеті артады.

Білім берудің бастауыш сатысы- тұлғаның даму іргетасы, оқу әрекетін қалыптастыратын жауапты кезең. Бастауыш сыныптағы баланың қабылдау мүмкіндігін ескере отырып, дамып жатқан оқытудың жаңа технологияларын тиімді пайдалану ең маңызды іс болып отыр. Қазіргі күннің талабына сәйкес бастауыш сынып оқушыларының танымдық, шығармашылық қабілетін дамытуда жаңа ақпараттық-компьютерлік технологияны пайдалану оның тиімді әдісін ұсыну өзекті проблемаға айналып отыр. Жаңа ақпараттық технологияның басты тиімділігі – бұл мұғалімге бастауыштағы оқу үрдісінің құрылымын түбегейлі өзгертуге, оқудағы пән аралық байланысты күшейте отырып, оқушының дүние танымын кеңейтуге және жеке қабілеттерін көре білуге, оны дамытуға толық жағдай жасайды. Бастауыш сынып оқушысының оқуға деген көзқарасының бір параметрі оның танымдық деңгейіне байланысты екені ғылымда көрсетілген. Бала жасына әр нәрсеге ерекше көзқараста болады. Әр заттың сырын біліп, оның жан-жақты танығысы келеді, бұл табиғи заңдылық.

Сондықтан баланың танымдық қабілетін дамытып, оның дүниеге деген ой-сезімін қанағаттандыру арқылы мектептегі оқу-тәрбие процесінің тиімділігін қалыптастырамыз. Білім беруде жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, оқушылардың білімге деген көзқарасын, ынтасын арттыру мақсатында сабақтың қызықты өтуі мұғалімнің үнемі іздену, ұтымды әдіс-тәсілдерді қолдану, оқыту әдістемесін жаңартып отыруына байланысты. Қазіргі таңда мұғалімдердің инновациялық және интерактивті әдістерді сабақ барысында пайдалануы сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізеді. Осы жұмыстың нәтижесінде :

1. оқушы белсенді, ізденімпаз тұлғаға айналады;
2. оқушылар өз ойын еркін айтады;
3. өзге балалардың пікірін тыңдайды;
4. өз бетінше ізденуге үйренеді;
5. бір-бірімен қарым-қатынас жасайды;
6. шығармашылық белсенділігі артады;
7. мұғаліммен еркін сөйлесіп, пікір алмасады;
8. өз бетінше шешім қабылдауға үйренеді.

Жаңа технология ретінде ең озық әдістерді дер кезінде игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу – әрбір ұстаздың басты міндеті.

Бүгінгі жас ұрпақтың жаңаша ойлауына, дүниетанымының қалыптасуына, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселенің бірі. Бұрынғы қолданылған оқыту әдістерінде мұғалім басты орынды алып, оқушы тек тыңдаушы ғана болса, қазіргі сын тұрғысынан шындалған ойлаудың арқасында оқушы білім негіздерімен толығып, болашақты ойлауға құлшыныс алады. Сондықтан алға қойылатын мақсат «Жаңаша әдіс-тәсілдерді тиімді

пайдалану арқылы жеке тұлғаның дамуына жол ашу». Ол жолды ашатын – мектеп. Өркениетті қоғам мен құқылы мемлекеттің қалыптасуы өскелең ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениеттілігін, еркін ойлау қабілеті мен білімділігін талап етеді. Қазіргі уақыттың негізгі талаптарының бірі – оқушыны білімді, әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, шығармашылық таныммен тікелей қатынас жасайтын жаңаша, тәуелсіз ойлай алатын шығармашыл адамға айналдыру.

Педагогтердің кәсіби қызметінің деңгейін көтеру оқыту процесін ізгілендіру мақсатында әр мұғалім өз мүмкіндігіне қарай оқу үрдісіндегі озық технологияларды пайдалана білуі қажет. Мұғалім білімді оқушы санасына сабақ арқылы жеткізеді. Ол мұғалімнің бір-біріне ұқсамайтын жан-жақты өткізген сабақтары – қазіргі таңдағы жаңа технологиялар.

Бастауыш сынып оқушыларын оқыту барысында шығармашылық қабілеттерін дамыту арнайы әдістеменің болуын талап етеді. Әр сабақтың дамытушылық мақсаттарын арттырып, мазмұнды шығармашылық тапсырмаларын байытып, оларды тұрақты пайдаланып отыру арқылы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізуге болады. Сабақтағы баланың позициясын өзгертіп, оны әртүрлі бірлескен әрекеттің субъектісі жағдайына қоя білу, баланың дербестігі мен еркіндігінің болуы табыстың бірден-бір кепілі.

Мұғалім шығармашылықпен жұмыс істей алатын жеке тұлға, педагогикалық қызметтің барлық келеңді-келеңсіз жақтарын зерттеп, меңгеруге ынталы, өзінің пәнін жетік меңгерген, кез-келген педагогикалық жағдайда өзінің білімділігі, парасаттылығы, ибалылығы, мәдениеті, іскерлігі, шеберлігі арқасында шеше алатын, педагогикалық үрдістің нәтижесін жақсартуға ұмтылатын мұғалім болуы керек.

Білім беру жүйесінде еліміздің өркендеуіне еркін атсалысуды көздейтін жастарды тәрбиелеп, ақылына білімі сай тұлға етіп өсіруді көздейді. Жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, ұлттық қасиеттеріміздің асылдарын асқақтата отырып, шәкіртінің жанына нұр құятын ұстазды ғана бүгінгі күннің лайықты тұлғасы деуге болады. Оқушыларды Отанды сүйуге, адамдыққа, адами тазалыққа, ізгілікке баулу ұстаздың абыройлы парызы және қарызы. Ол үшін мұғалім қазіргі заманға лайық өзінің білім беру ісінде рухани, шығармашылық ізденіспен жұмыс істеп, өмірге еніп жатқан жаңа технологияны меңгерген, білігі мен білімі жоғары ұлағатты тұлға болуы міндет. Бастауыш мектептің мұғалімі өзінің өмірімен, білімімен, зерделілігімен, сауаттылығымен, яғни барлық ісімен үлгі болатын тұлғаға айналуы қажет. Мұғалімнің жеке басының үлгісі – кәсібилігімен біте қайнасқан қасиет болуы керек. Себебі, кез-келген ұжымдағы қарым-қатынас мұғалімнің жеке басының үлгісімен тығыз байланысты.

Мұғалімнің әрбір сөзі мен ісі, қимылы, киімі, аяқ алысы, жүрісі, көзқарасы психологиялық және ізгілік тұрғысынан шәкірт жүрегінен үлкен орын алады. Сондықтан әрбір ұстаз үшін оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мол білімділікті, ақылдылықты, дұрыс іскерліктер мен дағдыларды қолдануды қажет етеді.

Мұғалім кез-келген жағдайларда ұстамды, шыдамды, әділ, сезімтал, әрі мейірбанды болуы керек, яғни өз қызметі және оқушылармен қарым-қатынас жасау барысындағы мінез-құлқын үнемі бақылап отыруы тиіс. Шәкіртіне сапалы білім беру үшін мұғалімнің өзі сыртқы сұлулықты ішкі рухани сұлулықпен үйлестіре алуы керек.

Оқушылардың шығармашылығын, ізденімпаздығын қалыптастыруда пәндік апталықтар мен ғылыми апталық, сыныптан тыс, жеке, ұжымдық жұмыстар ұйымдастырудың маңызы зор. Барлық жұмыстар оқушылардың қалауымен болғанын ескеру қажет. Әр оқушының қабілетіне, қабылдауына қарай тапсырманы алу керек. Осындай шығармашылық ізденістердің нәтижесі оқушылардың қабілетін ұштауға ықпал етеді. Әсіресе табиғатынан тұйық, өз ойын жеткізе алмайтын, өздеріне сенімсіздеу оқушылар ашыла бастайды. Олар өз ойларын ортаға салып, еркін сөйлейтін болады. Сабақ нәтижелі болуы үшін балаларды қызықтыру керек, оған дәстүрлі емес сабақтардың тиімді екені сөзсіз.

Бастауыш білім – үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы. Осы орайда оқушыларды оқытуда жаңа инновациялық технологияны кеңінен қолдана отырып, білімді терең және жан-жақты игерудің жолдарын, әр пәннің ғылыми негіздерін меңгерту, оқушының ойлау қабілеті мен шығармашылық әрекетін дамыту болып табылады. Оқушылардың білім деңгейлеріне қарай, ой-өрісін дамыта отырып, түрлі жаттығу жұмыстарын, ойын түрлерін көбірек қолдануға көңіл бөлу керек. Уақыт талабына сай мұғалімдер сабақты жаңаша әдіс-тәсілдерді пайдаланып, ізденіспен өткізуге тиіс. «Жас бала жаңа өркен жайған жасыл ағаш тәрізді» дейді халқымыз. Қазіргі кезде оқу мен тәрбие саласына қойылатын міндет – талабы таудай дарынды жеке тұлғаны іздеп тауып, жетілдіріп шығару. Сондықтан да бастауыш мектеп алдында балаға жүйеленіп, дайындалып берген белгілі бір білімді беріп қоймай оны жалпы дамыту, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс жеткізе білуге шығармашылық бағытта жұмыс істейтін жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. «Бұлақ көрсең, көзін аш» деген халқымыз. Жалпы, шығармашылық туынды өмірге келгенге дейін ұстаз шәкірттің өнеге тұтар ақылшысы, пікірлес бапкері болуға тиіс.

Оқушы шығармашылығы үнемі ұстаз, сынып ұжымы тарапынан қолдау тауып отыру керек. Қазақта «Тамыздығын тапсаң, тас та жанады» деген сөз бар. Өйткені, оның мақсаты – әрбір балаға терең білім мен тәрбие беріп ғана қоймай, әр баланың табиғи қасиетін, жеке қасиетін ашып, жеке тұлғаны қалыптастыру.

Бастауыш мектеп – оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты, ерекше құнды қайталанбас кезең. Сондықтан бастауыш білім үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, жауапты жұмыс. Бастауыш мектеп балаға білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамытады, яғни сөйлеуін, оқуын, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарасын қалыптастырады. Бастауышта білім берудің қазіргі жаңа құрылымы мен оқытудың жаңа мазмұны бастауыш мұғалімдері үшін жаңаша іскерлік пен жаңа технология бойынша жұмыс істеуге үйретеді. Бастауыш мектепте оқушының пәнге деген қызығушылығы мен белсенділігін қалыптастыруда мұғалімнің атқаратын рөлі зор. Біздің зерттеуіміз бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыретінің құрылымдық компоненттерін анықтауға және негіздеуге арналған. Талдау көрсеткендей, қазақстандық жоғары білімді дамытудың қазіргі кезеңінде оқытудың жаңартылған мазмұнына көшу жағдайында болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерін кәсіби даярлау мәселесі өзекті тақырыптардың бірі. Салыстырмалы және модельдік әдістер мұғалімдердің кәсіби құзыретінің құрылымын түсіну үшін әртүрлі зерттеу тәсілдерін қарастыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, осы зерттеудің авторы зерттеуде осы мәселенің күрделілігі мен көпқырлылығына байланысты бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыретінің құрылымдық компоненттерін қалыптастырудың жеке аспектілерін атап көрсетеді. Қорытындылай келе, кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру бойынша оқу жұмысының тиімділігі оқыту парадигмасына негізделген оқытушы мен студенттің ұйымдасқан бірлескен қызметіне тікелей байланысты (құзыреттілік – әлеуетті іс-әрекетке беру) деген тұжырым жасауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Білімдегі жаңалықтар №2 2009 ж
- 2.Қазақстан мектебі №5 2008ж.
- 3.Бастауыш мектеп №5 2008 ж
- 4.Бастауыш сынып №7 2012 ж
- 5.Білімдегі жаңалықтар №2 2010 ж
- 6.Бастауыш мектеп №3 2011 ж

ӨОЖ 371.215

МЕКТЕПТІ БАСҚАРУДЫҢ НЕГІЗГІ ФУНКЦИЯЛАРЫ

ДӘУЛЕТКУЛОВА САУЛЕ КЕРИМБАЕВНА

Мұхтар Әуезов атындағы орта мектебінің директоры,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы

Резюме. В статье рассмотрены пути формирования актуальных навыков обучения в начальной школе.

Summary. The article discusses the ways of developing relevant learning skills in primary school.

Басқару мәдениетінің негізгі компоненттері. Білім саласында еңбек ететін адамдардың басқару мәдениеті, олардың кәсіптік-педагогикалық мәдениетінің құрамды бөлігі болып табылады. Дәстүрлі ұғымда кәсіптік-педагогикалық мәдениет негізінен педагогикалық қызметтің нормалары, ережелері, педагогикалық техника және шеберлікпен байланыстырылады. Ал, соңғы жылдардағы психологиялық-педагогикалық зерттеулер педагогикалық мәдениет категорияларына педагогикалық құндылықтар, педагогикалық технология және педагогикалық шығармашылықты да қосатын болды.

Мектеп басшысының басқару мәдениеті, оның тұлға ретінде мектеп басқарудың технологиясы мен құндылықтарын жасау, игеру және оны алға жылжытуға бағытталған жұмыстарда өзінің шығармашылық күш-қуатын танытуы. Бұндай жағдайда басқару мәдениетінің компоненттері-аксиологиялық, технологиялық және тұлғалық-шығармашылық болып табылады.

Мектеп басшысы басқару мәдениетінің аксиологиялық компоненттері. Қазіргі заманғы мектепті басқарудың маңызы мен мәні болып табылатын басқару-педагогикалық құндылықтардың жиынтығын құрайды. Мектеп басшысы басқару қызметінің процесінде басқарудың жаңа теориясы мен концепциясын игеріп, ептілік пен дағдыларды меңгереді. Ал практикалық қызмет

барысында олардың қаншалықты маңыздылығына баға беріледі. Қазіргі кезде басқару тиімділігін артыруда білім, идея, концепция сияқты басқаруға қатысты педагогикалық құндылықтар үлкен маңызға ие болуда.

Педагогикалық жүйені басқарудың құндылықтары сан алуан. Олар: әртүрлі деңгейдегі тұтас педагогикалық процесті басқарудың мәні мен маңызын ашатын құндылық-мақсаттар; білім жүйесін басқару мақсаты, мектепті басқару мақсаты, педагогикалық ұжымды, оқушылар ұжымын басқару мақсаты, тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамытуын басқару мақсаты және бағалау құндылық-мағлұматтарға басқару қызметіне реттеушілік сипат береді; құндылық-білімдер басқару саласындағы мектептің білімінің мәні мен маңызын ашады; басқарудың әдістемелік негізін, мектепшілік менеджментті білу, ауыл және қала мектептері мұғалімдерімен жұмыстың ерекшеліктерін білу, педагогикалық процестерді басқару тиімділігін критерийлерін және т.б.

Құндылық-қатынастар педагогикалық процеске қатысушылар арасында өзара байланыстың, кәсіптік қызметке, өзіне деген қатынастың, педагогикалық және оқушылар ұжымындағы тұлғааралық қатынастардың мәнін ашады; Құндылық-сапалар басқарудың субъективтігі ретінде басқарушы-менеджердің дербестік, тұлғалық, арасушылық қасиеттерінің көптүрлілігінің мәнін ашады. Ол сапалар бастықтың өз қызметін болжамдап, оның салдарын алдын-ала көре білу қабілеті, өз әрекеті мен мақсатын өзгелердің әрекетімен, мақсатымен салыстыра білу қабілеті, ынтымақтасу және бірлесе басқару қабілетінен және т.б. көрінеді.

Мектеп директорының басқару мәдениетінің технологиялық компоненті педагогикалық процесті басқарудың әдістері мен тәсілдерін біріктіреді. Мектепшілік басқару технологиясы арнайы педагогикалық міндеттерді шешу басшы-менеджердің педагогикалық талдау және жоспарластыру, педагогикалық процесті бақылау және реттеуді атқара алатын іскерлігіне байланысты. Мектеп директорының басқару мәдениетінің деңгейі аталған міндеттерді шешудің әдіс, тәсілдерін қаншалықты меңгере алуына тікелей байланысты.

Мектеп директорының басқару мәдениетінің тұлғалық-шығармашылық компоненті педагогикалық жүйені басқаруды шығармашылық акт ретінде қарастыру арқылы ашылады. Мектеп басшысының басқару қызметі өзінің табиғатында шығармашылық болып табылады. Басқарудың құндылықтары мен технологиясын меңгере отырып басшы-менеджер тұлғалық ерекшеліктері мен басқару объектісінің ерекшеліктеріне сай, ол құндылықтарды өзінше қайта құрып, талдап түсіндіруге ұмтылады. Осылайша, педагогикалық жүйені басқару тұлғалық қабілеттерді іске асыратын және жұмсайтын сала болып табылады. Басқару қызметінде мектеп директоры тұлға, басшы, ұйымдастырушы және тәрбиеші ретінде өзін-өзі танытады.

Тұтас педагогикалық процестегі педагогикалық талдаудың рөлі. Тұтас педагогикалық процесті басқару функцияларының бірі педагогикалық талдау болып табылады. Педагогикалық талдау функциясын қазіргі ұғымда алғаш рет қолданып, мектепшілік басқару теориясына енгізген Ю.А.Копержевский еді.

Педагогикалық талдау басқару циклы құрылымында ерекше орын алады: бір-бірімен байланысқан функциялардан тұратын кез-келген басқару циклы талдаудан басталып, талдаумен аяқталады. Басқару қызметінің жалпы тізбегінен педагогикалық талдауды алып тастау оның күйреуіне жол береді, өйткені жоспарластыру, ұйымдастыру, бақылау, реттеу функцияларына өз кезегінде талдау жасалмаса ол логикалық қорытындыға жете алмайды.

Педагогикалық талдау педагогикалық басқару процесінде тікелей емес, оқу-тәрбие барысында іске асырылатын болғанықтан мұғалім сабақ, тәрбиелік туралы өткізер алдында соған тікелей қатысты болатын педагогикалық жағдайдың негізгі элементтерін ескеруі және жан-жақты талдауы тиіс. Уақытынан кеш немесе шала-шарпы жүргізілген талдау мектеп директорының мақсатын белгілеп, міндеттерді айқындау кезеңде қателікке, шашыраңқылыққа, көбіне негізсіз шешім қабылдауға душар етеді. Педагогикалық немесе оқушылар ұжымында шынайы жағдайды білмеу педагогикалық процесте және өзара қарым-қатынастарда дұрыс жүйе қалыптастыруда қиындықтар тұғызады.

Педагогикалық талдаудың мектепті басқару функциясы ретіндегі негізгі қызметі Ю.А.Копержевскийдің пікірінше педагогикалық процестің даму тенденциялары мен жағдайын зерттеу, оның нәтижелерін объективті бағалап, соның негізінде басқарылатын жүйелі жақсарту туралы ұсыныстар дайындау болмақ. Бұл функция - басқару циклының құрылымындағы ең күрделісі, өйткені, талдау зерттеу объектісін бөлшектеуді, оның әрқайсысының орны мен рөлін бағалауды, жеке бөліктен тұтас объектіні тани алуды, жүйе құрушы факторлардың байланысын анықтауды қамтыды. Басқа функциялар мен, мысалы жоспарластыру және ұйымдастыруға қарағанда сырттай тиімділігі төмен болып көрінетін педагогикалық талдау жасырын, көлеңкелі сипат алады, сондықтан ол тұлғадан жинақтау, салыстыру,

жүйелеу арқылы педагогикалық факторлер мен құбылыстарды талдау үшін ақыл-ойды барынша ширатуды талап етеді.

Басқару мәдениетінің негізгі компоненттері. Білім саласында еңбек ететін адамдардың басқару мәдениеті, олардың кәсіптік-педагогикалық мәдениетінің құрамды бөлігі болып табылады. Дәстүрлі ұғымда кәсіптік-педагогикалық мәдениет негізінен педагогикалық қызметтің нормалары, ережелері, педагогикалық техника және шеберлікпен байланыстырылады. Ал, соңғы жылдардағы психологиялық-педагогикалық зерттеулер педагогикалық мәдениет категорияларына педагогикалық құндылықтар, педагогикалық технология және педагогикалық шығармашылықты да қосатын болды.

Мектеп жұмысының жоспарын дайындау оның орындалуының шынайылығын, нақтылығын, үздіксіздігін қамтамасыз ететін бірқатар талаптарды сақтауды қажет етеді. Ол ең алдымен мақсатты бағытының талабын сақтауға байланысты. Мақсатты бағыттылық дегеніміз белгілі бір мақсатты қондырғы деп бағалауымыз керек. Оның мәні педагог және оқушылар ұжымы жұмысының негізгі бағыттарын дамытып және тереңдетіп, мектеп жұмысының барлығы тәжірибесін есепке алу деген сөз. Бұл мұғалім, сынып жетекшісі, қоғамдық ұйымдар әрекетіне және мақсаттар қою болып табылады.

Жоспарластыруға қойылатын перспективалық талап біріншіден мақсаттың жақындығы, түсініктілігі, қолайлылығы сияқты сезімдік сипатын білдірсе, екіншіден стратегия ретінде мақсаттың ұзақ мерзімділігін, сонымен бірге іске асыруға болатын шынайылығын танытады. Ал, жоспарластыруға қойылатын комплекстілік талап жоспарды түзу барысында әртүрлі құралдар, әдіс, тәсілдер мен әрекет түрлерін біртұтас байланыста қарастыруды қажет етеді. Ендігі бір талап түрі объективтілік. Ол мектеп қызметінің объективті жағдайын, орналасқан жерін, қоршаған табиғи, әлеуметтік ортасын, педагог және оқушылар ұжымының мүмкіндіктерін ескеруді қажет етеді.

Мектеп жұмысында бұл талаптарды ескермеу талдау негіздемесінің жетімсіздігіне, шашыраңқылығына, мектептегі өзге басқару құрылымдарының жоспарымен үйлес-пеушілікке апарып соғады. Мектептердің тәжірибесі көрсеткендей, кейде мектеп басқарудың функциясы ретінде жоспарлауды жоғары қояды да басшының барлық күш-жігері жақсы жоспар жасауға жұмылдырылады, ал ол жоспар ұйымдастырушылық жұмыспен қамтамасыз етілмейді.

Мектеп жұмысының практикасында жоспардың негізгі үш түрі кең қолданылады: перспективалық, жылдық және ағымдық.

Перспективалық жоспар мектепті соңғы жылдардағы жұмыстарына терең талдау жасау негізінде бес жылға жасалады. Оның құрылымы мына сипатта болуы мүмкін:

1. Жоспарластырған мерзімдегі мектептік міндеттері.

2. Оқушылар контингентінің жылдар бойынша дамуы, сыныптардың арту мүмкіндігінің перспективасы.

Оқу-тәрбие процесін жаңалаудың, педагогикалық құрамы, құрылымы және оның қызметі мазмұнын мектеп Жарғысы анықтайды. Педкеңестің жұмысына педагогикалық қызметкерлер ұжымы сайлайтын төраға басқарады. Мектеп кеңесі мен педкеңес бірін-бірі қайталамайды, олар бірін-бірі толықтырады. Педагогикалық кеңес -тікелей оқу-тәрбие процесімен және оны жетілдіру мәселелерімен айналысатын, бір педагогикалық ұжымда жұмыс істейтін кәсіпқойлардың кеңесі. Педагогикалық кеңестің қызметі мынадай міндеттерді шешуге бағытталады; Мемлекеттік стандарт талабына сай оқу бағдарламаларын, жоспар-ларын, оқулықтар мен оқу құралдарын талқылау, бағалау және таңдау, сол сияқты оқу-тәрбие жұмыстарының сапасын талқылау; Мектеп мұғалімдері мен тәрбиешілерінің біліктілігін арттырудағы шығармашылық белсенділігін дамыту, педагогикалық ұжымда инновациялық орта қалыптастыру, озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау және насихаттау жұмыстары; Педагогикалық қызметкерлерді мұғалімдердің, оқушылар мен ата-аналардың пікірін ескере отырып аттестациялау өткізу, аттестация технологиясын жетілдіруге байланысты ұсыныстар енгізу, білім басқармаларының алдына категориалар, атақтар мен разрядтар беру туралы өтініш жасау; Тәжірибеден өту, біліктілік көтеру курсына, аспирантураға жіберетін мұғалімдердің кандидатурасын талқылау және бекіту, озат мұғалімдерді әртүрлі моральдық және материалдық көтермелеу шараларына ұсыну; Мектептің ғылыми-зертеу мекемелері және оқу орындарымен, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен, шығармашылық одақтармен өзара байланысының негізгі бағыттарын анықтау; тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастыру, мектеп құрылымында әдістемелік қызмет, орталық құру. Педагогикалық кеңес демократия-мен жариялылық жағдайында – дайындыққа мұғалімдерді, оқушылар мен ата-аналарды қатыстыру арқылы өтеді. Педкеңесті өткізудің алдында сұрау салу, анкеталау, бақылау жұмысы, байқау өткізілуі мүмкін. Педкеңес мәжілісіне мектеп өмірі мен қызметінің принципті мәселе-лері енгізіледі. Педкеңес мәжілісінің жүгін жеңілдету үшін мектептерде ұйымдастырудың директор жанындағы кеңес формасы қолданылады. Мектеп директоры жанындағы кеңес мұғалімдер, басшылар үшін міндетті болғандықтан онда оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға тікелей қатысты мәселелер талқыланады. Ондай мәселелер

қатарында оқу үлгерімі ішкі тәртіптің сақталуы, сабақтан тыс қызметті ұйымдастыруды атауға болады. Директор жанындағы кеңесте жекелеген мұғалімдердің білім стандартын орындауы, оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамытудағы жұмысы және т.б. мәселелер қаралуы мүмкін. Кеңестің өткізілуі жиілігін мектеп директоры белгілейді. Мектеп директорының орынбасары жанындағы кеңесте оның әкімшілік компетенциясына жататын ағымдағы мәселелер қаралады. Бұндай кеңестерді өткізу мектептің тоқсандық немесе айлық жоспарында белгіленеді. Шұғыл ақпараттық кеңес мектепте оқу процесін ұйымдастыруға қажетті форма болып табылады. Оның мазмұны нақты жағдайдан туындайды. Ол бірінғай педагог қызметкерлер немесе тек оқушылар үшін, тіпті екеуіне де бірдей тақырыпта өткізуі мүмкін. Басқару қызметінің ұйымдық формаларын сабаққа және сыныптан тыс сабаққа, спорт жарыстары, кештер мен көркем студияларға қатысу сияқты жұмыстар да толықтырады. Мектеп басшыларының шұғыл ұйымдастырушылық жұмыстары ата-аналар, жұртшылық, еңбек ұжымдарының өкілдерімен кездесуді де қамтиды.

Балалардың мектепті басқару ісіне қатысуының тиімді формасы сайланбалы орган-оқушылар комитетінің құрамында жұмыс істеуі. Балалардың оқушылар комитетінің түрлі комиссияларына қатысуы мектеп өмірінде демократиялық бастаулардың дамуына, балалардың бойында бастамашылдық пен жауапкершіліктің қалыптасуына негіз қалап, қабылданған шешімді іске асырудың жеделдігін арттырады.

Мектеп директоры оқу-тәрбие жұмысы мен сапасы үшін арнайы жауапкершілік атқарады. Оның міндеттеріне кіретіндер:

- кадрларды дұрыс таңдау мен орналастыру, мектептің педагогикалық ұжымына басшылық ету, мұғалімдердің кәсіби, ғылыми-теориялық және психологиялық-педагогикалық деңгейін көтеруге жағдай жасау, олардың педагогикалық шығармашылығына жол ашу және оқыту мен тәрбиенің озат педагогикалық тәжірибесін енгізу;

- оқу-тәрбие процесінің барысын, оқушылар білімінің сапасы мен жеке тұлға ретінде дамуын, сыныптан тыс жұмыстың мазмұны мен ұйымдастыруын бақылау;

- оқушылардың кәсіби бағыты бойынша тәрбиелік жұмысты ұйымдастыру және оларға өмірде өз жолын табуға кеңес беру;

- оқушылардың өзін өзі басқару органдарына практикалық көмек көрсету және оның іс-әрекетін белсендіру, мектептегі оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру бойынша мұғалімдер мен оқушылардың қоғамдық ұйымдарымен іскерлік ынтымақтастық қатынас жасау;

- Еңбек туралы Заңға, мектептің ішкі тәртіп ережелері мен жарғысына сәйкес мектеп қызметкерлерінің міндеттерін анықтау мен нақтыландыру;

- ата-аналар қоғамдастығы ұйымдарының жұмысын ұйымдастыру мен оларға басшылық жасау;

- жергілікті қоғамдық ұйымдар, мекемелер және негізгі кәсіпорындармен іскерлік байланыс орнату;

- мектептегі қажетті санитарлық-гигиеналық тәртіпті орнату, оқушылардың, мұғалімдер мен мектептің қызмет көрсету адамдарының сабақтағы және іс-әрекеттің басқа да түрлері барысындағы еңбекті қорғау мен қауіпсіздік шараларын сақтау;

- мектептің қазіргі заманғы оқу-материалдық базасын нығайту мен дамыту;

- мектеп қызметкерлерін жұмысқа алу мен жұмыстан шығару;

- мектептің педагогикалық кеңесімен келісіп, мұғалімдерді және мектептің басқа да қызметкерлерін мадақтау мен марапаттауға ұсыну. Сонымен, педагогикалық басқаруды ұйымдастыру – ол мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар жүйесі, ұжымдар мен жеке адамдар, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептер жүзеге асыратын педагогикалық жүйені басқару, өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу, оқыту және дамыту.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ақпанбек Г. Қазақтардың дүниетанымы. – Алматы, Қазақ университеті, 1989.
2. Айтмамбетова Б. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. – Алматы., 1991.
3. Алмаханова Х. Жас өспірімдерге эстетикалық тәрбие беру. /Методикалық нұсқау. – Алматы., 1990.
4. Ақназарова Б. Класс жетекшісі. – Алматы., Мектеп, 1973.
5. Әбенбаев С. Оқушы жастарға эстетикалық тәрбие беруді жетілдіру. – Алматы., 1992.

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ ОҚУ ҮРДІСІНДЕГІ ДИДАКТИКАЛЫҚ ПРИНЦИПТЕР

ДУЙСЕМБИЕВА МАҚПАЛ СӘБИТҚЫЗЫ

Шона Смаханұлы атындағы №44 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье подробно рассмотрены дидактические принципы учебного процесса в начальной школе.

Summary. The article discusses in detail the didactic principles of the educational process in elementary school.

Балаларды ана тіліне оқытуда кәсіби шеберлікті меңгеру үшін болашақ мұғалімге әдістеме теориясын, ұғыну және ғылымға белгілі әдістерді меңгеру, яғни осы әдістерді жүзеге асыратын оқытудың аса маңызды тәсілдерін орындауға жаттығу қажет.

Дидактика ең алдымен оқыту құбылыстары мен факторлары арасындағы маңызды және қажетті байланыстарды бейнелейтін объективті заңдарды ашуға тырысады. Бұл заңдар мұғалімдерге дидактикалық үдерістердің объективті даму картинасын түсінуге көмектеседі. Бірақ оларда практикалық іс-әрекетке қатысты тікелей нұсқаулар жоқ, олар тек оның технологияларын жасаудың және жетілдірудің теориялық негізі болып табылады. Ал практикалық нұсқаулар оқытуды жүзеге асырудың принциптері мен ережелерінде ғана беріледі.

Дидактикалық принциптер - оқу үдерісінің жалпы мақсаттары мен заңдылықтарына сәйкес мазмұнды ұйымдастыру формалары мен әдістерін анықтайтын негізгі қағидалар. Принциптерде оқытудың нормативтік негіздері беріледі. Сонымен бірге оқыту принциптері, дидактика категориялары ретінде белгіленген мақсаттарға сәйкес, заңдар мен заңдылықтарды қолдану жолдарын сипаттайды. Ережелер — белгілі бір мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ететін жалпы принциптерге негізделген педагогикалық іс-әрекет бейнесі. Әдетте, оқыту ережесі қандай да бір оқыту принципін жүзеге асырудың жекелеген жақтарын ашып көрсететін жетекші қағидалар болып табылады. Оқыту ережелері педагогиканың теория иерархиясында төменгі сатыда орналасады. Бұл теориядан практикаға өтетін бөлік болып табылады. Ережелер оқыту принциптерінен шығады. Принциптер оқыту ережелері арқылы жүзеге асырылады. Ежелден-ақ педагог-ғалымдар ұстаным барысында жоғары және берік нәтижелерге жетуге мүмкіндік беретін оқытудың жалпы принциптерін анықтауға ұмтылды.

Қазіргі кезде оқыту принциптері дидактикалық үдерістің белгілі бір тұжырымдамасын құра отырып, жүйе құрайтыны белгілі. Мұндай жүйеге жататын принциптер белгілі бір логикалық негізде құрылады. Я.А.Коменский принциптер жүйесін оқытудың табиғи үйлесімділік принципіне сәйкестендіре анықтады. А.Дистервег дидактикалық принциптерді: 1) оқыту мазмұнына; 2) оқытушыларға; 3) оқушыларға қойылатын талаптар ретінде қарастырды. К.Д.Ушинский оқытудың қажетті жағдайлары ретінде өз уақытындағы, бірте-бірте, органикалық, тұрақтылық, меңгеру қатаңдығы, анықтығы, өзіндік іс-әрекеті, тым күрделі не қарапайым болмауы т.с.с. мәселелерді анықтады. Сол сияқты дидактикалық принциптер қатарына оқыту саналылығы мен белсенділігін, көрнекілігін, реттілігін, білім және дағдылар беріктігін атап көрсетті.

Ал қазіргі кезде қолданылатын дидактикалық принциптер жүйесі мынадай негізгі принциптерден тұрады:

- 1) саналылық пен белсенділік;
- 2) көрнекілік;
- 3) жүйелілік пен реттілік;
- 4) беріктік;
- 5) ғылымилық;
- 6) жеткіліктілік;
- 7) теорияның практикамен байланысы.

Принциптер нұсқау-көрсетпе (норматив) қызметтерін атқарады. Олар мұғалімге кейбір жағдайларда қандай әрекетке келуі жөнінде тек кеңес немесе сілтеме беріп қоймайды, жалпы заңдылықтар ретінде бұл принциптер педагогикалық әрекеттер бірлігіне негіз қалаумен бірге олардың толық орындалуын талап етеді. Принциптерді білу және оларды оқу-тәрбие процесінде толықтай іске асыру педагогикалық шеберліктің негізін құрайды және ол педагогикалық біліктілікті анықтауда алдымен ескеріледі.

Педагогиканың принциптік талаптары ережелер жүйесі арқылы іске асырылады. Ереже – бұл педагогикалық іс-әрекеттің нақты жағдайларда белгілі мақсаттарға жеткізу тәсілінің суреттемесі (описание). Көбіне оқу ережесі деп қандай да принципті қолданудың жеке тараптарын ашып беретін жетекші тұжырымдарды түсінеміз.

Неміс педагогі Э. Мейман бірнеше ерекше заңдарды негіздеп, ұсынды:

- жеке адамның дамуы әуел бастан көбіне оның табиғи нышандарына тәуелді жүріп жатады;
- ең алдымен бала тіршілігі мен оның қарапайым қажеттерін қанағаттандыруға арналған сапа-қасиеттер дамиды;
- балалардың жан және тән дамуы әрқилы деңгейде өтеді.

Теоретиктер мен практиктер ашып, бүгінгі педагогикаға енгізген заңдылықтар саны ұланғайыр (мысалы, И.П.Подласый өз оқулығында 70-тен астам заңдылықты хаттаған).

Оқудың әрқилы заңдылықтарын реттестіріп, жинақтауға орай, оларды жалпы және жеке (нақты) заңдылықтар деп бөлу қабылданған.

Жалпы заңдылықтар қалаған білім беру процесіне тән болып, оқудың бүкіл жүйесін қамтиды. Олардың арасында аса көп еленетіндері:

- оқу мақсаттары. Оқу мақсаты қоғам дамуының деңгейі мен қарқынына, оның қажеттері мен мүмкіндіктеріне, педагогика ғылымы мен практикасының даму деңгейі мен жетістіктеріне байланысты;

- оқу мазмұны. Оқу мазмұны қоғамдық қажеттер мен оқу мақсаттарына, ғылыми-техникалық және әлеуметтік процестің қарқынына, оқушылардың жас мүмкіндіктеріне, оқу теориясы мен практикасының даму деңгейіне, оқу мекемелерінің материалды- техникалық және экономикалық жағдайларына тәуелді келеді;

- оқу сапасы. Оқу сапасы өткен кезеңдегі оқу процестерінің нәтижелілігіне, оқу материалының сипаты мен көлеміне, мұғалімнің ұйымдастыру – педагогикалық шеберлігіне, оқушының оқып-үйренуге болған қабілетіне, оқу уақытына байланысты;

- оқу әдістері. Дидактикалық әдістер тиімділігі әдістерді білу мен қолдану ептілігіне, оқу-мақсаттарына, мазмұнына, оқушылардың жеке деңгейі мен оқуды меңгеру қабілетіне, материалдық-техникалық қамсыздығына, оқу процесінің ұйымдасуына тәуелді;

- оқуды басқару. Оқудың нәтижелі болуы оқу жүйесіндегі кері байланыстың жеделдік сипатына, реттеу-түзету ықпалдарының орынды келуіне орайласады;

- оқуға ынталандыру. Оқу нәтижесі шәкірттің білім игеруге деген іштей ынта-ықыласы мен оқу әрекеттерінің өзіне тән тартымына (внутренние стимулы); оқу әрекетіне мүмкіндік жасаушы сыртқы жағдайлар (қоғамдық, экономикалық, педагогикалық).

Жеке (нақты) заңдылықтар оқу жүйесінің кейбір тараптарына орай іске қосылады. Оқу процесінің жеке (нақты) заңдылықтары:

- дидактиканың тек өзіне тән (оқу нәтижесі қолданылған оқу әдістері мен құрал-жабдықтарына, оқытушының кәсіби шеберлігіне және т.б. байланысты);

- таным теориясына (гносеологиялық) сай (оқу нәтижесі оқушылардың танымдық белсенділігіне, ептілігіне және оқуды қажетсінуіне, т.б. тәуелді);

- психологиялық? (оқу нәтижесі шәкірттердің оқу-үйрену мүмкіндіктеріне, зейін деңгейі мен тұрақтануына, ой-ақыл ерекшеліктеріне және т.б. байланысты);

- әлеуметтік (жеке адамның дамуы төңірегіндегі басқа адамдармен тікелей не жанама қарым-қатынасына, қоршаған ортаның ақыл-парасат дәрежесіне, мұғалімнің оқушымен қатынас жасау стиліне және т.б. тәуелді);

- ұйымдастырушылық (оқу процесінің тиімділігі оның ұйымдастырылу дәрежесіне, сол процестің оқушыда оқуға болған ынтаны, қажеттікті тәрбиелеуге бағытталуына, таным қызығушылығын қалыптастыруына, қанағаттану ләззатына бөлеп, танымдық белсенділікті қанаттандыруына және т.б. тікелей байланысты);

Оқу тәсілдері- оқу әдісінің құрамды бөлігі немесе бір қыры, яғни жалпы «әдіс» түсінігіне байланысты жалқы ұғым. Бұл екі ұғымды өз алдына шектеп болмайды, олардың ара қатынасы ауыспалы, өзгермелі. Кей жағдайларда әдіс педагогикалық міндетті шешудің дербес жолы есептелсе және бір ықшам оқу-тәрбие мәселесіне орай- тәсіл болуы мүмкін. Мысалы, егер мұғалім жаңа білімдерді сөздік, ауызша әдіспен (түсіндіру, әңгімелеу, сұхбат) ұсыну барысында көрнекі құралдарды пайдаланса, онда бұл көрнекілік –тәсіл ретінде қабылданады. Егер де көрнекіліктер білім игертудің негізгі құралы болып, солар негізінде оқушылар жаңа білім ақпараттарын қабылдаса, онда көрнекілік - әдіс, ал мұғалімнің қалған оқу іс-әрекеттерінің бәрі тәсіл болып есептеледі.

Сонымен, әдіс көптеген тәсілдерден құралады, бірақ олардың жәй жиынтығын білдірмейді. Тәсілдер арқылы оқытушы мен оқушының оқу жұмыстарын орындаудағы өзіндік ерекшелігі көрініп, оқу субъекттері іс-әрекеттеріне даралық сипат береді.

Оқу ережелері (дидактикалық ережелер) – оқу процесінің қалыпты педагогикалық жағдайларында қандай және қайтіп әрекет жасау қажеттігін көрсететін нақты ұсыныс. Ереже әрқандай тәсілдің сипаттамасы, норматив моделі есебінде қолданылады. Нақты міндет шешіміне пайдаланатын ережелер жүйесі - әдістің норматив-сипаттама моделін құрайды.

Оқу әдістері – тарихи категория. Өндіріс күштерінің деңгейі мен өндірістік қатынастар сипаты педагогикалық процестің мақсаттарына, мазмұнына, құрал жабдықтарына өз ықпалын тигізеді. Олардың ауысуымен оқу әдістері де өзгеріске келеді.

Мектептердің ресми формаларының ұйымдастырылуы заманынан оқудың сөздік (ауызша) әдістері пайда болды. Мұғалім дайын ақпаратты сөзбен жеткізіп отырды, оқушылар оны есіте отырып, игерумен болады. Қоғамға жазудың келуі, кітап баспасының өркендеуі, білімді жария етуде, жинақтауда және әулеттен әулетке жеткізуде (код) таңбаны пайдалануға мүмкіндік берді. Енді сөз негізгі ақпарат ұсыну құралына айналып, ал кітап бойынша оқыту мұғалім мен оқушының ең көп тараған өзара ықпал жасау әдісі болды. Ұлы жаңалықтар ашу және ойлап табу дәуірінде бұрын оқытудың жалғыз- ақ жолы болған сөздік әдіс өз маңызын жоғалта бастады. Өркендеудегі қоғам қажетіне орай оқу процесіне бақылау, эксперимент, өзіндік жұмыс, жаттығу, яғни оқушыда белсенділік, саналылық, ынталылық оятуға бағытталған әдістер ене бастады. Көрнекі оқу әдісі де кең тарады.

Осы заманғы педагогикалық процесте қолданылатын әдістер саны, түрі орасан көп. Осыдан, оларды ғылыми топтастыру қажеттігі туындайды. Бұл оқу әдістеріндегі жалпылық пен жалқылықты мәнділік пен кездейсоқтықты анықтауға жәрдемдеседі, оларды мақсатқа орай әрі тиімді пайдалануға себін тигізеді.

Қазіргі күнде педагогикада әдістерді топтастырудың үш жолы кең танылған.

1. Оқу әдістерін дидактикалық мақсаттарға орай топтастыру.

Мұндай топтастыруға байланысты әдістерді бөлу ең алдымен оқу мақсатын назарға алады. Бұл жағдайда оқу мақсатына қол жеткізуге бағытталған мұғалім әрекетіне көп көңіл бөлінеді. Мақсатты көздеген әдістер тобына енетіндер:

- білім жинақтау әдісі;
- ептілік және дағды қалыптастыру әдісі;
- білімді қолдану, пайдалану әдісі;
- білім, ептілік, дағдыларды бекіту мен тексеру (бақылау) әдістері.

2. Оқу әдістерін білім көзі бойынша топтастыру.

Тәжірибеде негізгі үш білім көзі нақты танылған: сөз, көрнекілік, іс-әрекеттік (практика). Осыған орай ажырататынымыз: сөздік әдістер (білім көзі ретінде ауызша не жазба сөз қызмет етеді); көрнекі әдістер (білім көзі- бақылауға түскен заттар, құбылыстар, көрнекі құралдар) және іс-әрекеттік әдістер (білім және ептіліктер ойын, оқу, қарапайым еңбектік істер процесінде қалыптасады).

Оқу әдістері жүйесінде басты орын сөздік әдістерге беріледі. Олар-әңгімелеу, түсіндіру, сұхбат, сөз-жарыс, пікір-талас, дәрісбаян (лекция), кітаппен жұмыс.

Оқудың практикалық әдістері - оқушының іс-әрекетіне, оқу қызметтеріне негізделеді. Бұлардың басты міндеті – тәжірибелік ептіліктер мен дағдылар қалыптастыру. Мұндай топтастыруда жаттығу, лабораториялық және тәжірибелік әдістері бірігеді. Оқу процесінің белсенділігін көтеру, оқу тапсырмаларының сапалы орындалуына түсіндірмелі жаттығулардың тиімділігі орасан. Бұлардың мәні – оқушы орындап жатқан әрекетіне сипаттама береді, осыдан жаттығу ісі мен білімі көтеріңкі саналылықпен меңгеріледі.

Лабораториялық жұмыстар әдіс ретінде оқушылардың өз бетінше арнайы приборлар мен құралдарды пайдалана отырып, тәжірибе не эксперимент жүргізуіне негізделген. Жұмыс дара не топта жүргізіледі. Бұл әдісті қолдану барысында оқушылар жоғары белсенділік және дербестікпен қатысып, зерттеу істеріне етене араласуға мүмкіндік алады.

3. Оқу әдістерін шәкірттердің танымдық әрекеттеріне орай топтастыру

Танымдық іс-әрекет сипаты оқушының ойлау белсенділігінің деңгейінен көрінеді. Мұндай топтастыру тұрғысынан келесі әдістер түрі ажыралыады: түсіндірме – көрнекілі (ақпаратты – рецептивті, іштей түсіну), қайталай жасау (репродуктивті), проблемді баяндау, бөлшектеп ізденіс (эвристикалы) және зерттеу.

Түсіндірме – көрнекілі әдістің мәні – оқытушы әрқилы құрал-жабдықтар көмегімен дайын ақпаратты хабарлайды, ал оқушылар оны қабылдайды, түсінеді және есте қалдырады. Оқушылардың танымдық іс-әрекеті дайын білімдерді есте қалдыруымен еленеді, бірақ бұл бейсаналық деңгейде де

болып, ақыл-ой белсенділігіне ешқандайда әсер етпеуі ықтимал. Осыдан түсіндірме, яғни ақпаратты-іштей түсіну әдісі әрдайым тиімді бола бермейді.

Қайта жасау (репродуктивті) әдісте оқытушы ақпаратты дайын күйінде хабарлап, түсіндіреді, ал оқушылар оны меңгеріп, ұстаз тапсырмасымен сол күйінде қайталап айтып береді. Білім өзгеріске түспейді, оқушыдан шығармашыл белсенділік талап етілмейді.

Қайта жасау әдісінің, ақпараттық іштей түсіну әдісіндегідей басты тиімділігі- уақыт, күш қуат үнемділігі. Бұл әдіс қысқа уақытта, көп күш жұмсамай ауқымды көлемдегі білім қоры мен ептіліктерді түсіндіріп жеткізуге мүмкіндік береді. Сабақ барысындағы көп қайталаудан білім бекімі бірқанша жоғары болады. Бірақ бұл әдіс те оқушылардың ой белсенділігін көтеруде өзінің тиімсіздігімен байқалады.

Проблемді оқу әдісі - оқу процесіндегі орындаушылық қызметтен шығармашыл іс-әрекетке өту құралы ретінде танылады. Бұл әдістің мәні – оқытушы мәселе ұсына отырып, оның шешімін береді, таным процесіндегі ой өрісінің даму жолын көрсетеді. Оқушылар дайын білімдерді, қорытындыларды тек қана түсініп, есте қалдырумен шектеліп қалмай, дәлелдер қисынына, ой пайымдау тәсіліне бақылау қояды. Мұндай әдісті қолдану барысында оқушылар таным процесінің тікелей қатысушысы болмағанымен, мұғалімнің ой топшылауларына зер сала отырып, өздеріде проблема шешуге үйреніп барады.

Танымдық процестің біршама жоғары деңгейде танылғаны - бұл бөлшектеп ізденіс (эвристикалық) әдісі. Бұл әдіске байланысты оқушылар күрделі оқу проблемасын толықтай бастан-аяқ шешпестен, проблеманы бөлшектерге келтіріп, оларды бірінің ізімен екіншісіне жауап тауып отырады.

Оқудың зерттеу әдісі – оқушының білім игерудегі шығармашылдық ізденісіне басты назар аударады. Бұл әдісті қолданудағы басты мақсат- оқушының білім игерудегі саналылығын көтеру, құбылыстар мен оқиғаларды нақты күйінде қабылдамай, олардың мән-мағынасына тереңдей ұғынуға үйрету, қорытындылар жасауға баулып, игерген білім, ептілік және дағдыларын тұрмыста қолдануға жаттықтыру.

Жоғарыда аталған дәстүрлі әдістерінің бәрі оқушының таңдау, есте қалдыру, мұғалімнің айтқанын қайталау әрекеттерін дамытуға бағытталып, шын мәніндегі шығармашыл еңбек, белсенді таным мүмкіндіктерін өрбітуде тиімсіздік танытады. Бұл кемшілікті белсенді және жедел әдістермен толықтыруға болады. Оқудың белсенді әдістері – оқушы іс-әрекетіне өнімділік, шығармашыл-жасампаздық және ізденісті - зерттеу сипатын беретін жол-жобалар тобы. Оқу танымдық процесте шәкірт белсенділігін көтеруге дидактикалық ойындар, нақты ситуацияларды талдау, іскерлік ойындар, проблемді мәселелерді шешу, алгоритм бойынша оқу, ақыл шабуылы («мазговая атака»), жеке ұғымдармен жұмыс істеу.

Жедел әдістер – қысқа уақыт аралығында оқу сеанстарына ұзақтай ендіру жолымен көзделген іс-әрекетке үйретуде қолданылады (шомдыру әдісі). Бұл әдістер бизнес, маркетинг, шет ел тілдерін, практикалық психология мен педагогиканы оқытуда кең қолданылуда.

Қазіргі уақыттары жалпы педагогикада теориялық негізін тауып, оқу-тәрбие процесіне еніп жатқан бұрын соңды естімеген әдістер тобын келтіруге болады: суггестопедия - иландыру жолымен оқыту; гипнопедия – ұйқыда оқыту; фармакопедия - дәрі-дәрмек қолданып оқыту. Бұл әдістердің бәрі адамның табиғатындағы, ішкі мүмкіндіктеріне қозғау салып оқытуға бағытталған. Сонымен, әдіс көп, оның топтастырылуы да сан қилы, әрқайсысы өз алдына тиімді де, кемшілігі де жоқ емес. Осынысына көз жібере отырып, зерделі ұстаз оқу мақсатына, мазмұнына, алдындағы оқу субъектіне сай келетін нақты әдіс тандайды, оны қолданудың жолдарына мән береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Бабаев С.Б, Оңалбек Ж.К. «Жалпы педагогика» – Алматы 2006.
- 2.С.Ш. Әбенбаев, А.М. Құдиярова, Ж.Ә. Әбиев «Педагогика» – Астана 2003.
- 3.Ж. Әбиев, А.М. Құдиярова, С. Бабаев «Педагогика» – Алматы 2004.
- 4.Бержанов К.Б., Мусин С.М., Педагогика тарихы–. Алматы-2004.
- 5.Дүсембекова Ш.Д. Педагогика. – Семей 2004 ж.

**ҚАНИПА БІТІБАЕВА ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӘДІСТЕМЕСІ
РАЙСОВА ГУЛЬЖАН ТОКМАГАМБЕТОВНА**

Шона Смаханұлы атындағы №44 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье подробно рассматриваются труды и новаторские подходы Канипы Битибайевой к глубокому, всестороннему признанию казахской литературы, популяризации проблем ее преподавания.

Summary. The article examines in detail the works and innovative approaches of Kanipa Bitibayeva to the deep, comprehensive recognition of Kazakh literature, popularization of the problems of its teaching.

Бітібаева Қанипа Омарғалиқызы (1945 - 2014) - Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі.

1945 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Жетіарал ауылында дүниеге келген. Жаңашыл ұстаз, профессор.

1968 жылы Семей педагогикалық институтын бітірген. Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі. КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

1968-1980 жылға дейін Ласты ауылында мұғалім болды. 1980 жылы Өскемен қаласындағы Жамбыл атындағы облыстық мектеп-интернатында ұстаздық қызметі жалғасады. Осы кезеңдерде еліміздегі ұстазға берілетін атақ, дәреже мен құрметтің барлығын алды. Ұстаздардың ұстазы, халық мұғалімі аталды. Авторлық мектептің жетекшісіне айналды. Қ. Бітібаеваның есімі, атағы Республика жұртшылығынан асып, ТМД елдеріне дейін жайылды.

1980 жылы Тарбағатай аудандық «Ленин туы» газетінде оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы қалыптасқан тәжірибесінен Оқу министірлігі, Шығыс Қазақстан облыстық оқу бөлімі мен облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының ұйымдастыруымен арнайы бет плакат шығарылып, аудан мектептеріне таратылды. Оқу министірлігі мен орталық білімін жетілдіру институтының негізінде республика теледидарының «Шапағат» хабарында «Әдебиеттегі оқытудың тиімді жолдары» атты хабар беріліп, іс-тәжірибесі талқыланды. 1983 жылы Қазақ ССР Оқу министірлігі мен республикалық мұғалімдер білімін жетілдіру институты тарапынан оның «Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың тиімді жолдары» атты тақырыппен тәжірибесі арнайы бет плакат арқылы шығарылып, республика ұстаздарына таратылды. «Әуезов шығармашылығын оқытудың өзекті мәселелері» атты тәжірибесі сараланды. Осы уақыттардан бастап Қанипа Омарғалиқызының Мұхтар Әуезов шығармаларын, Абай ілімін оқытудағы өзіндік жолы, шығармашылығы қалыптаса бастады.

Көлемді де құнды, еліміз бойынша барша оқу орындарындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәні мамандары арасында қолданылып келе жатқан 15 монографиялық еңбек туды. «Әдебиетті оқытудың тиімді жолдары», «М. Әуезов шығармашылығын оқыту», «Абай шығармашылығын мектепте оқыту», «Абай және Әуезов үндестігін оқыту», «Абайды таныту», «М. Әуезов мектепте», «Әуезовті оқыту әдістемесі» шығармалары республика мұғалімдер қауымынан қызу қолдау тапқан. Сонымен қатар 6 оқу курсының авторы болып табылады. Олардың қатарында «Абай мектепте», «10-11 сыныптарда қазақ әдебиетін тереңдетіп оқыту», «М. Әуезовты оқыту» атты кітаптары бар. Аталған кітаптар облыстағы қазақ тіліндегі орта мектептерінде негізгі оқулық ретінде тұрақты түрде оқытылып келеді. Республикалық ғылыми-педагогикалық журналдарда жарияланған 50-ден астам ғылыми-әдістемелік мақалалардың да авторы болып табылады.

1991 жылдан Өскемен қаласында Қ. Бітібаеваның республикалық атаулы мектебі жұмыс істейді. Ұстаздың іс-тәжірибесі туралы бірнеше оқу фильмдері түсірілген.

Жаңашыл ұстаздың өз пәндерін адамгершілік-эстетикалық тәрбиемен тоғыстыра оқыту тәжірибесі жоғары бағаланды. Педагогика саласындағы ерен еңбегі үшін Қанипа Бітібаеваға ҚазКСР және КСРО ағарту ісінің үздігі медалі, 1990 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығы табысталды. Ол осы атақты мұғалімдер арасынан Кеңес Одағында бесінші, ал Қазақстанда бірінші болып иеленді. Үздік ұстаз туралы сол кезде «Народное образование» журналының тілшісі Л.Красновский, «Учительская газета» тілшісі С.Синицкая материалдар жазды.

Қанипа Омарғалиқызының қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін жетілдіру бағытындағы ізденістері мен іс-тәжірибелері зор. «Әдебиетті оқытудың тиімді жолдары», «Әуезов шығармашылығын оқыту», «Сабақ түрлері мен үлгілері», «Мектепте Абай шығармашылығын оқыту», «Әдебиеттану», «Абайды таныту», «М.Әуезов – мектепте», «Әдебиетті тереңдетіп оқыту», «Әдебиет оқулығы», «7-сынып әдебиетін оқыту әдістемесі», «5-9-сынып әдебиетін тереңдетіп оқыту», «10-11-сынып әдебиетін тереңдетіп оқыту»

сияқты бірнеше кітабы және жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған «Әдебиетті оқыту әдістемесі» атты оқулығы республикалық ЖОО оқытушылары мен мектеп ұстаздары үшін таптырмайтын көмекші құралға айналды.

1991 жылы 19 мамырда Қ.Бітібаеваның ғылыми әдістемелік атаулы мектебі ашылып, оның жетекшілігімен ұстаздар «Әдебиетті тереңдетіп оқыту әдістемесін» жетілдіруге атсалысты. Сол жылы «Қазақ әдебиетін әлем әдебиетімен байланыстыра оқыту» бағдарламасын әзірледі. Жоғары оқу орындарындағы педагог мамандарды оқытуға арналған «Әдебиетті оқыту әдістемесі, технологиясы» атты екі оқулығы да жоғары және орта білім беру жүйесіндегі сабақтастықты дамытуға өлшеусіз үлес қосты. Осы үшін республикамыздың бүкіл педагогы Қанипа мұғалімді «аға ұстаз», «ұстаздардың ұстазы» деп құрмет тұтты.

Орны бөлек озық ұстаз көзі тірісінде-ақ еңбегі еленіп, құрметке бөленді. «Хан апа», «Қазақтың Қанипасы» атанды. Ұлағатты ұстаздың атында 19 атаулы республикалық ғылыми-әдістемелік зертхана жұмыс істеп тұр. Жыл сайын ұстаздың атында республикалық педагогикалық оқулар мен оқушылар арасында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен республикалық олимпиадалар өтеді. Мазмұнды шаралар легі мұнымен іркіліп қалмайды деген үміт мол.

Өмірінің соңында жазған «Егіз өрім» атты кітабында Қанипа Омарғалиқызы 45 жылдық ұстаздық ғұмырын былай сипаттайды: «Таңымды «мектеп» деп атырып, түнімді «мектеп» деп батырып жүргенімде 45 жылдың қалай өткенін білмей де қалдым. 45 минуттан 45 минутқа жалғасып жатқан ғұмыр кешіпшің... 45 минут мені дәулет, байлық биігіне көтермесе де, рухани байлық сыйлады, есімімді елге аңыз етіп таратты. Осы 45 жылда мен халқымның қазір өмірде жоқ асыл сөз иелерін тірілтуге, тірісін ұлықтауға тер төктім».

Майталман мұғаліміміз ұлт мақтаныштарын ұлықтау жолында ащы терін аямай төгіп, көз майын тауысқаны рас. Ол ежелгі дәуір әдебиетінен бастап, қазіргі кезең әдебиетінің ірі өкілдері: И.Сапарбай, Иран Ғайып, Н.Оразалин, Т.Әбдікәкімов, Ұ.Есдәулетов, Е.Раушанов сынды ақындардың шығармашылығын оқытудың оқу-әдістемелік бағдарламасын әзірледі. Ұлағатты ұстаздың есімін ұлықтау, өшкенін жандыру, мұрасын насихаттау жолында енді біз, тірілер, тер төгуіміз шарт.

Қанипа ұстаз: «Мені ұстаз етіп қалыптастырған – шәкірттерім» депті бір сөзінде. Қазір ұстаздың авторлық сыныптарын бітірген шәкірттерінің 30-ы – ғылым кандидаты, 6-ауы – филология және педагогика ғылымдарының докторы, 70-ке жуығы – облыстық пән олимпиадаларының бас жүлдегері, 25-і – республикалық олимпиадалардың жүлдегері, апайдың ақын шәкірттері республикалық, халықаралық мүшәйралардың жеңімпаздары, Халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаттары. Кемел ұлттың негізін осындай дарынды, білімді, мәдениетті ұрпақ қалыптастырады десек, Қазақтың Қанипасының еліміздің дамуына қосқан үлесі өлшеусіз.

Драмалық шығарманы түсіндіргенде олардың деңгейліктерін арыттыру ойын — сауық қойатын жерлердің сахнасында орындап көрсетуге шығарма екенін, текст диалог пен монологқа құрылатын кейіпкерлер шығарманың басына тізіліп, олардың аты – жөні, жынысы кәсіби қызметі мамандығы жыл мөлшері, жақын серігі досы көрсетіледі.

Ұстаз болу, шәкірт тәрбиелеу – екіншісіне біріншісіне бұйыра бермейтін қасиет. Табиғатынан педагог боп жаратылған, айналасына білім мен біліктіліктің, өрлік пен табандылықтың шуағын таратып, бүкіл саналы өмірін ұрпақ тәрбиесіне арнап келе жатқан Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Бітібаева Қанипа Омарғалиқызы – қазақ мектептерінде әдебиетті оқытудың өрісі кең, өзгеше жүйесін қалыптастырып жүрген шын мағынасындағы ұстаз, санаулы тұлғаларымыздың бірі.

Есімі еліміздің мектептері мен педагогтары арасында кеңінен танылған осы бір дарынды жанның ұлт әдебиетін насихаттаудағы орасан еңбегін әріптестері жақсы біледі. Парасатты педагогтың қазақ әдебиетін терең, жан-жақты тануға, оны оқыту мәселелерін өрістетуге арналған еңбектері мен жаңашыл көзқарастары әркез зиялы қауымды сүйсіндіріп келеді. Елінің бай тарихы мен бүгінгі жеткен рухани жетістіктерін терең сабақтастықта қарастыра отырып, ол ұлт тәрбиесін көркемсөзді танудан, көркемсөзге деген қастерлі сезімді ұрпақ бойына қалыптастырудан іздейді. Сондықтан біз педагог Бітібаеваның әдебиетті оқытудың бүгінгі таңдағы көп салалы бағдарламасының әдістеме ілімінде алар орны айырықша екенін бөліп айтқымыз келеді. Түптеп келгенде, Қ.Бітібаеваның авторлық бағдарламалары аталмыш ілімнің республика аумағында теориялық тұрғыдан жан-жақты дамуына игі ықпал еткені анық.

Ұстаздық қызметімен қоса, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін жетілдіруде өз үлесін қосып келе жатқан Қанипа Омарғалиқызы – 70-тен аса мақала мен 23 кітаптың және оқулықтардың авторы. Ұстаздың әсіресе әдебиетімізді тереңдетіп оқыту бағытындағы ізденістері мен зерттеу жұмыстары жыл өткен сайын көпшілік сұранысына ие болып келеді.

Оның «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі мен технологиясы» атты оқулығы негізінен жоғары оқу орнына арналған. Белгілі ғалымдар Ә.Қоңыратбаев пен Қ.Көшімбаевтың «Әдебиетті оқыту әдістемесі»

атты оқулықтарынан кейін араға 30 жылдан астам уақыт салып барып жарық көрген бұл оқулықты бүгінде республиканың барлық оқу орындары, ұстаздары пайдаланып келеді. Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен екінші рет қайта басылуындағы басты себебі де оның ұстаздардың сұраныстарына жауап беруінде, маңыздылығында деп ойлаймыз. Бұл еңбекті қазіргі кезеңдегі әдебиетті мектепте оқытудың негізгі оқулықтарының бірі деп батыл түрде айтуға болады. Енді осы оқулықтың өзектілігі мен маңызы неде деген сұрақтарға жауап іздер болсақ, төмендегідей тұжырымдарға келуге болады.

Бұрынғы оқулықтарда әдебиет жанларын оқыту жалпылама қарастырылса, ұстаз Қ.Бітібаева лириканы оқыту, эпикалық шығармаларды оқыту, драмалық шығармаларды оқыту деп жеке-дара бөле отырып, оқытудың инновациялық технологиясын ұсынады.

Лириканың түр-түрін оқытуда теориямен қоса, практикалық, танымдық мәселелерге ерекше назар аударылып, оқушы, студент ой-өрісін кеңейтетін тәжірибелік жұмыстар қатар беріліп отырады. Оны оқулықтың 5-ші тарауынан көруге болады. Абай, Мұқағали лирикаларын меңгерудің жолдары, тақырыпқа қатысты сабақ өткізудің технологиялық картасы, конструкторлық жобалау технологиясы, поэтикалық талдаулардың үлгілері, шығармашылық жұмыстардың жүйесі, т.б. амал-тәсілдер – осы айтқанымыздың дәлелі. Мысалы, жыраулар поэзиясына 40 түрлі тапсырма түрлерінің берілуі оқулық сапасын арттырумен қатар, оқушының шығармашылық ізденісіне жол ашады. Бұл еңбектің ұстаздар, студенттер қауымына тигізер айырықша көмегін байқатып, сабақ түрлері мен типтерінің молдығын дәйектей түседі.

Эпикалық жанрды оқытуда да автор жалпылама теориямен шектелмей, оның түр-түрін қалай оқытуға болатынын талдап, жіктеп, таратып айтады. Мысалы, эпикалық жанрды меңгертуге қатысты әңгіме, хикаят, роман жанрларын оқытудың ғылыми-теориялық негізі, оның тәжірибедегі көрінісі, сабақ үлгілері де қоса ұсынылады. Сонымен қатар, мұғалімдерге ерекше қиындық туғызатын «Абай жолы» эпопеясын оқыту технологиясы мен әдістемесі де жан-жақты сөз болады. Батырлар жырын оқыту, публицистикалық шығармаларды, эпистолярлық жанрдағы дүниелерді, соның ішінде әралуан хаттарды қалай оқыту керектігі тиімді әдістемелік үлгілермен беріледі.

Әдебиет пен қазақ тілін оқытудың күретаымыры – тіл дамыту жұмыстары екенін ұстаз ерекше атап өтеді. Оқулықта тіл дамыту жан-жақты қарастырылып, оның инновациялық жолдары нақты ұсынылады.

Қазіргі кезеңдегі сабаққа қойылатын талаптар (технологиялық үлгідегі сабақ жоспарлары), оқытуды технологияландыру мәселелері аталмыш оқулықтың маңызын арттыра түседі. Оқулық бүгінгі білім беру мақсаты мен міндеттерін ескере отырып, жаңаша идеямен, соны леппен жазылған. Әсіресе, дамыта оқыту технологиясына сүйене отырып, оқушыларды ғылыми еңбекке баулу мәселелері, дарынды балалардың қабілетін жетілдіру үрдістерін де осы оқулықтан молынан табуға болады.

Қанипа Омарғалиқызының бұл оқулығының ұстаздар қауымынан, студенттер мен оқытушылар тарапынан кең қолдау табуының басты себебі де оқулықтың практикалық мәні мен сұранысында дер едік. Мектеп оқулығының құндылығы оқушыға нанымды мысалдармен өріліп, әрі қонымды, әрі түсінікті жазылуында болса керек. Кітапта көркем мәтінді талдау әдісі эпикалық, лирикалық, драмалық туындылардың мәтінін талдау жолымен, өз жаңашылдығымен дараланады.

Бүгінгі оқыту жүйесіндегі баға параметрі де өзгерді. «Баға қайдан туындауы керек?» деген сұрақтар да әлі өз жауабын таба алмай келеді. Оқулықта осы мәселенің де тиімді жолдары айқын көрсетілген.

Ұстаздың Абай туындыларын оқытуға негізделген екі кітабы, М.Әуезов шығармаларын оқытуға бағытталған үш кітабы іргелі еңбектер қатарын молайтып, байытып тұрғаны даусыз.

Әдіскердің Абай шығармаларын тақырып-тақырыпқа жіктей бермей, ақын шығармашылығын тұтастай ең негізгі арналы, ағысты проблемаларына сүйене отырып, біртұтас оқыту туралы идеясы айырықша назар аударуды қажет етеді. Абай өзі жазып кеткендей: «Алланы сүю, Алла махаббатпен жаратқан Адамды сүю, Хақ жолы деп әділетті сүю» оны оқытудың алтын дінгегі болуы керек», – деп жазады ұстаз, «Ақынның қай туындысында болмасын, оның алтын арқауы болып Адам тұрады, Адамға деген махаббат тұрады. Ұлы ақын нағыз Адам – Толық Адам қандай болуы керек? деген сұраққа жауап іздейді». Бұл пікір шын мәнінде ақын шығармашылығын ғана емес, жалпы адамзат жанын түсінуге, адами қасиеттерді меңгеруге жетелейді.

Еңбек тоғыз бөлімнен тұрады. Кіріспеде ұстаз Абай шығармашылығын оқытудың өзекті мәселелерін алдыға тарта отырып, ары қарай оны бесінші, сегізінші сыныптарда қалай оқытуға болады деген сұрақтарға жауап іздейді, меңгерудің тиімді технологиясын ұсынады, сабақ түрлерін береді. Одан әрі 9-10 сыныптардағы Абай шығармашылығын оқытудың жүйелі бағдарламасын беріп, оның әдістемесін: сабақ түрлерін, оқу-тәрбиенің комплекстік жоспарын, оқушылардың білім-білік дағдыларына қойылатын талаптарды, Абайтану ғылымын сабақта қалай тереңдетуге болатындығын жан-жақты талдап көрсетеді.

Тәжірибемізден түспей, жауыр еткен жаттандылық, таптаурын болған сұрақ-жауап, репродуктивтік әдістер ұстаз тәжірибесінде, еңбегінде кездеспейді. Ол оқушының білім деңгейін шығармашылық деңгейге көтеру жолдарын ұсынады. Көзбе-көз әңгіме, ойлы сұхбат, пікір еркіндігі, білімді оқушының өз еңбегімен алуына жағдай жасау, оқу жүйесін тереңдете беру, оны игертудің тиімді жолдарын іздеу – ұстаздың басты ұстанымы. Әдіскер ұстаздың әдебиетті оқыту ұстанымы ой салу, ойлау, ойланту, бір шешімге келу пәлсапасынан тұрады. Ой салу – ұстаз тарапынан, ойлану – шәкірт тарапынан, ойланту – (ойлауы жетіспей жатқан оқушыға түрткі жасап, ойлантуға алып келу) ұстаз тарапынан, бір шешімге келу – оқушы тарапынан алма-кезек өріліп отырады. Бұл технологияда әдеби айтыс, пікірлесу, диалогиялық әңгіме, проблема шешу, іздену сияқты өнімді әдіс-тәсілдерге бару – басты шарт. Ұстаздың жаңа сабақ түсіндіру технологиясы сұрақ-жауап, пікірлесу, сұхбат әдістерімен қатар оқушылардың өз бетімен ізденуіне, зерттеу жұмысына негізделеді. Жобалау, модель жасау, оқушыларды өз беттерімен жаңа өнім жасауға бағыттау – ұстаз технологиясының ең негізгі алтын дінгегі. Оның барлығында оқушы жеке тұлға, дара субъект ретінде қабылданады. Еңбекте Абайдың 100-ге тарта өлеңдеріне талдау жасалады. Бұл талдаулар болашақ бағдарламаларға пайдалы материал екендігінде сөз жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Алматы, 1999 ж.
2. Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары (Мұғалімдерге арналған құрал). – Алматы: Рауан, 1990 ж.
3. Бітібаева Қ. О. Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы. – Өскемен. 2002 ж.
4. Бітібаева Қ. О. Абай шығармаларын мектепте оқыту. – Өскемен
5. Бейсенбаева А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру. Алматы – 1995 ж.

ӘОЖ 372.851

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ОҚИТУДЫҢ ӨЗЕКТІ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

КЕРИМБАЕВА ЖАДРА БЕРИКОВНА

Шона Смаханұлы атындағы №44 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассмотрены пути формирования актуальных навыков обучения в начальной школе.

Summary. The article discusses the ways of developing relevant learning skills in primary school.

Тәуелсіз еліміздің білім беру жүйесінде болып жатқан көптеген оң өзгерістер қоғамның жас ұрпақ тәрбиесі үшін жауапкершілігі терең сезіліп отырған айқын. Бүгінгі таңда оқу-тәрбие үрдісінің тиімділігін арттыру бағытында барлық мүмкіндіктерді пайдалануды көздейді. Бастауыш сынып оқушыларының мектепке келгенге дейінгі негізгі әрекеті ойын десек, оқу-тәрбие үрдісінде олар біртіндеп ойын әрекетінен оқу (таным) әрекетін орындауға дағдыланады.

Алғашқыда саналы орындауды қажет ететін іс-әрекет бөліктерінің қайталап жаттығудың нәтижесінде автоматталынуын дағды деп атайды. Дағды санасыз қайталау нәтижесінде де қалыптасатын іс-әрекет болуы мүмкін. Соның нәтижесінде ол автоматталған әрекетке айналып, оңай, шапшаң әрі дәл орындалып отырады. Ол сабақ барысында пайдаланылатын дидактикалық ойындар және ресурстар арқылы жүзеге асырылады. Белсенді сабақтар мұғалімнің ашқан жаңалығы, өзіндік қолтаңбасы, әдістемелік ізденісі, қолданған әдіс-тәсілдері арқылы ерекшеленіп, шәкірт жүрегінен орын алады.

Қазіргі кезеңде оқушының өз бетімен білімге ие болу барысында оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу үдерісіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Бұл тәсілдеме пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде оқушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады. Соңғы уақытты табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген ойдың жақтастары көбейіп келеді. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді.

Білімді дәл осылай қолдану оқушыларға соңғы кезде ХХІ ғасыр дағдылары деп аталып жүрген кең ауқымды құзыреттіліктерді меңгеруге мүмкіндік береді. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ (2011) білім беру бағдарламаларын әзірлеу барысында оқушылардың бойында қалыптастыру қажет рухани құндылықтар мен дағдылар тізімін құрды:

Рухани құндылықтар	Дағдылар
<ul style="list-style-type: none"> - шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау; - коммуникативтік қабілеттер; - өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау; - жауапкершілік; - денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету; - өмір бойы оқуға дайын болу. 	<ul style="list-style-type: none"> • сын тұрғысынан ойлау; • білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілеті; • проблемаларды шешу қабілеті; • ғылыми-зерттеу дағдылары; • коммуникативтік дағдылар (тілдік дағдыларды қоса алғанда); • жеке және топпен жұмыс істей білу қабілеті; • АКТ саласындағы дағдылар.

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың «Жан дүниесінде тіл үйрену басты жұмыс емес, жанама жұмыс болғандықтан, бала әуелі тәжірибеге талпынып, нәрсемен танысып, сонан кейін сол нәрсе туралы сөйлесін, тыңдасын, жазсын, оқысын, тілге үйренсін», — деген сөзі ізденімпаз, жаңаша ұстаздарға арналғандай. Мұны әрбір мұғалім жадында сақтауы тиіс. Білім беру мазмұны өзгертеліп жатқан қазіргі кезеңде заман талабына сай бәсекеге қабілетті тұлғаны дайындау міндетіміз. Жаңартылған бағдарламаның мазмұны жеке тұлғаны өмірге бейімдеу, функционалды сауаттылығын арттыру. Бүгінгі оқушы – ертеңгі маман. Бәсекеге қабілетті маман - креативті ойлай алатын, таптауырынды ойдан алыстаған, кез-келген тақырыпта өзіндік ой-пікірі бар, кез-келген жағдайға сыни тұрғыдан қарап, ұтымды жауап бере алатын адам. Сондықтан біз мектеп табалдырығынан бастап оқушының бойына аталған қасиеттерді сіңіре білуіміз керек.

Өлемдік тәжірибе бойынша бастауыш білімді тиімді меңгерту төрт дағды арқылы жүзеге асырылады. Оқылым, тыңдалым, жазылым, және айтылым дағдылары коммуникативтік дағдылар болып табылады. Аталған дағдылардың әрқайсысының өзіне тән ішкі дағдылары мен оны үйрету жолдары, яғни ерекшеліктері бар. Сабақты аталған дағдылар ерекшелігін ескеріп құру, тілді тиімді меңгертуге септігін тигізеді. Коммуникативтік дағдыларды басшылыққа алып оқыту – функционалды сауаттылықты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Грамматикалық білім тілдік төрт дағдыны қалыптастыру барысында жүзеге асып отырады.

Айтылым тілдік төрт дағдының бірі және ол жазылым сияқты продуктивті дағдылар қатарына жатады. Яғни тілді қабылдап үйренуден гөрі оны қолдану, сөйлеу көрініс тауып отырады.

Сөйлесу барысында кейбір әрекеттерді жиі қолданамыз және олар мыналар:

Сөздерді дыбыстау, сұрақтарға жауап беру, интонацияны қолдану, бірнәрсені түсінбеген жағдайда түсіндіріп беруді өтіну, сөйлеген сөзін бақылау және өзін-өзі түзетіп отыру, пікірталасқа қатысу, жест, мимиканы қолдану, оқиғаларды баяндап беру т.б. Айтылымның ерекшелігін білу мұғалімге оны терең дамытуға, әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып сабақты жоспарлауға мүмкіндік береді. Айтылым әртүрлі ішкі дағдыларды қамтиды. Оқушылардың айтылымдағы жетістігі олардың әрқайсысын практикалық жаттығулар арқылы дамыту арқылы көрініс табады.

Жазылым продуктивті дағдылар қатарына жатады. Яғни продуктивті дағды дегеніміз тілді қолданып сөйлеу немесе жазу. Жазылым хабарды қағаз бетіне түсіруді қамтамасыз етеді. Жазу арқылы коммуникацияға түсу үшін біз әріптер мен сөздерді пайдалана отырып, сөйлем құрай алуымыз керек, ал сөйлемдерді топтастыру арқылы біздер өз ойымызды жеткізе аламыз. Жазылымның ішкі дағдыларын екі топқа бөліп қарастыруға болады. Біріншісі- сауаттылық, ал екінші тобы- идеяны (ойды) жеткізе білуі.

Сауаттылыққа яғни, жазылымға қатысты дағдылар:

1. Орфографиялық қатесіз жазу;
2. Әріптерді дұрыс және қосып жаза білу;
3. Пунктуацияны дұрыс қолдану;
4. Қағаз бетіне дұрыс орналастыра білу.
5. Грамматиканы дұрыс қолдану.
6. Сөйлемдерді дұрыс байланыстыра білу.

Идеяны жеткізе білуге қатысты дағдылар:

1. Стильді дұрыс таңдай білу;
2. Идеяларды жүйелі ұйымдастыра білу;

Жазылымды үйретудің бірнеше жолдары бар. Солардың ең бастылары продуктивті жазылым және процесті жазылым.

Егер үлгі беру арқылы жазылымды үйретсек, мұны продуктивті жазылым деп атаймыз. Яғни оқушыларды жазылым түрлерінің үлгісімен таныстырып, мәтінмен жұмыс жасатуы керек. Ал егер мұғалім оқушыларға жазылымның барлық қадамдарымен жұмыс жасауды қамтамасыз етсе, бұл процесті жазылым деп аталады. Толығырақ айтқанда, оқушыларға тақырыпты талқылаудан бастап, жазылымды жоспарлау, алғашқы нұсқасын жаздырту, түзету, тексеруге соңғы нұсқасына дейін орындата отырып, белгілі бір мәтінді құрастыру. Бұл оқушыларға жазылымның әртүрлі аспектілерін кез келген уақытта жаза білуге дағдыландырады.

Оқылым рецептивті (қабылдаушы) дағдылар қатарына жатады. Яғни оқылым дағдысы мәтінді жазу, айтуда гөрі, оған жауап қайтару немесе мақсатқа сай әрекет етуді білдіреді. Қарапайым тілмен айтқанда жазба тілдегі мәтінді түсіну. Ол үшін біз мәтін тілін сөздер деңгейінде, сөйлем деңгейінде және тұтастай мәтін деңгейінде түсіне алуымыз қажет.

Оқылымның ішкі дағдылары: Мазмұнын түсіну үшін оқу немес көз жүгіртіп оқу –мәтіндегі жалпы идеяны түсіну үшін тез оқып шығу.

Тыңдалымның ішкі дағдылары:

Тыңдалым оқылым сияқты рецептивті дағдылар қатарына жатады. Тыңдалым дегеніміз тілге сай әрекет ету, яғни тілдің дыбыстық мағынасын түсіну.

Тыңдалым түрлері: Әңгімелесу (диалог), әңгімелер, хабарландыру, әндер, нұсқау, лекция және жарнама және т.б

Сөйлеушінің қарым-қатынасын анықтау үшін тыңдау-сөйлеушінің көңіл-күйін не айтқысы келіп отырғанын түсіну үшін тыңдау.Тыңдалым ауызекі сөйлеу тілін қамтығандықтан, оның тілі жазба тілден өзгеше болып келеді.

Интенсивті тыңдалым-сөйлеу барысындағы сөйлемдердің грамматикалық құрылымын, белгілі бір тақырыпқа арналған сөздерді талқылау үшін тыңдау. Мұндағы мақсат-оқушылардың тілді дұрыс қолдана білудегі білімін арттыру.

Экстенсивті тыңдалым-үлкен көлемді мақала немесе шығармаларды тыңдау.

Тыңдалы мен айтылым дағдысы оқушылардың тіл байлығын арттырады. Ойлау қабілеттері дамиды. Тұйық оқушылар сабаққа ынтасын артады және мінез құлқы қалыптасады. Оқуғадеген таным қабілеті артады. Оқушы ойын үстінде білімді игеріп жатқанын, ал оқу үрдісінің ойынға қалай ұласып кеткенін аңғармай қалуға тиіс. Сонда ғана ойын мен оқу табиғи үйлесімді болып, пәндік білім, білік және дағдыны игеруге толық ықпал жасайды. Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын арттыруда тиімді әдіс тәсілдер қолдану барысында оқыту техникасы туралы ғылым, сондықтан, оқыту ғылыми түрінде жүзеге асуы керек, яғни мұғалім қалай оқыту, неге олай оқыту керек деген түсінік болуы тиіс. Оқытудың тиімді стратегиясы арқылы қалай оқыту керек деген ғылыми тұжырымдамамен тығыз байланысты, яғни қандай үдерістер арқылы, қандай әдістер арқылы, қандай оқыту құралдары арқылы, оқытуды қалай ұйымдастыру керек, қандай факторларды ескеру қажет деген сұрақтарға жауап іздейді.

Педагогиканың барлық осы аспектілері сындарлы оқыту теориясымен үйлеседі. Сындарлы оқыту тәсілдері білім берудің «дәстүрлі» әдістерімен салыстырғанда, оқыту кезінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. [Hattie, 2011]. Сын тұрғысынан ойлау, өз алдына мәселе қойып, әркез соған өз бетімен шешім іздеу, баламалар ұсыну, өз көзқарасын қорғай білу болып табылады. Сын тұрғысынан ойлау – ол алдымен оқытудың оқушыға бағытталған орталықталықтандырылған түрі, ол оқушының дамуына, соның ішінде сыни көзқарасы бар жеке тұлғаның дамуына, зерттеуші оқушының дамуына, оның өзіндік «Менін» жүзеге асыруға, оқушының шығармашылық мүмкіндігін ашуға, яғни, бір сөзбен айтқанда, коммуникативті қатынасқа үйрететін тәсіл. Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруда сындарлы оқыту тәсілдері оқушылардың алдыңғы білімдерін ұштастыра отырып, жаңа білім алуы туралы тұжырымдамаға негізделеді. Бұл жерде ең маңыздысы: оқушылардың алдыңғы алған дағдылары жаңа дағдыларды меңгеруге үлкен ықпалын тигізеді, ал егер ол ескерілмесе, онда білім тереңге бармай, үстірт меңгеріледі. Мұндай үстірт білім оқушыға қазіргі әлемде жетістікке жету үшін қажетті жоғарыда аталған сын тұрғысынан ойлау, рефлексия және басқа да дағдыларын, алған білімін қолдануына кері әсерін тигізеді.

Оқылым, жазылым, айтылым және тыңдалым- бастауыш сыныптардағы барлық пәндер үшін маңызды болып табылатын қарым-қатынас жасау дағдылары. Сондықтан да оқушыларға осы төрт дағдыны барынша жетілдіруге мүмкіндік берудің маңызы зор. Нақты белгілі бір дағдыны жақсарту тәсілдерінің бірі - осы дағдыларға ерекше назар аудара отырып, содан кейін бірнеше тілдік дағдыны қамтитын жаттығуларды біртіндеп енгізу болып табылады. (Wallace, Stariha & Walberg, 2004). Мысалы, тақырыпты талқылау тиісті лексиканы қолдануды көздейді, сол арқылы оқылым бойынша тапсырмаға

қызығушылық туғызады, осыдан кейін оқығанның негізінде жазбаша тапсырма орындаудың үлгісі ұсынылады. Дағдыларды осылайша біртіндеп енгізудің тағы бір жолы – аудио-мәтін тыңдап немесе бейнематериал немесе бейнематериал көрсетуге болады, содан кейін пікірталас жүргізуге немесе жазбаша тапсырма орындауға болады. Бастауыш білім беруде негізгі коммуникативті дағдыларды қалыптастыруда белсенді оқудың стратегияларының сипаттамасына тоқталатын болсам:

Белсенді оқу - оқушыларға эксперимент жасауға, мағына құрып, түсінік қалыптастыруға, жаңа білім мен бұрынғы меңгерілген білімнің арасында байланыс орнатады, қателік жіберу, барынша терең түсінуге жетелейді.

Бірлескен оқу - құрылымдалған топтық жұмыс. Тұлғааралық және қарым- қатынас дағдыларын жақсартады; оқушылардың арасындағы кедергілерді жояды.

Саралау – әр оқушының оқудағы жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру:

түсінік пен дағдыларының дамуын қамтамасыз етеді;

Өз күшіне сенім мен уәжді арттырады;

Оқушыларға идеяларды терең түсінуге көмектесе отырып шығармашылыққа ынталандырады;

Барлық оқушылар үшін пайдалы;

Барлық оқушылардан күтілетін нәтижені арттыра алады;

Моделдеу - сарапшы мысал келтіреді және оны көрнекі үдерістердің көмегімен түсіндіреді:

Оқушыларға пән мазмұнын зерделей отырып, сарапшы ретінде ойлануға жетелейді;

Оқушылардың барынша тәуелсіз болуына жағдай жасай отырып, тапсырманы кезеңдерге бөледі;

Үдеріс барысында рефлексия жасауға ынталандырады.

Электронды оқу және жаңа технологияларды пайдалану:

1. Белсенді оқудың қызықты құралдарын ұсынады;

2. Уәждеу құралы бола алады;

3. Зерттеу, қарым -қатынас жасау, бірлесу және жүзеге асыру үшін қолдана алады;

4. Оқушыларға ақпарат іздеуге және өздерінің жеке құралдарын табуға мүмкіндік бере отырып, тапсырманы орындауда өз үлесін сезінуіне мүмкіндік береді;

5. Сыныптан тыс оқуға мүмкіндік береді.

Оқу диалогтері – оқушылардың тапсырмаларды талқылауы

1. Тапсырмаға өз үлесі бар екенін сезіндіреді;

2. Оқушылардың өзара білімі мен дағдылар алмасуына жағдай жасайды;

3. Барынша терең түсінуге ынталандырады;

4. Оқушылардың өздерінің ілгерілеуі туралы рефлексия жасауына және әрі қарай не істеу керектігі туралы шешім қабылдауына мүмкіндік береді;

5. Оқушыларды қызықтырады және уәждейді.

Оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру

1. Оқудың дұрыс жүріп жатқанын білу мақсатында оқуды тексеру және кері байланыс ұсыну;

2. Уәждік және өзіндік бағасын арттырады;

3. Оқыту үдерісіне бағыт береді;

4. Оқушыларға оқу үдерісін жақсартуға мүмкіндік береді;

5. Оқушыларға барынша тиімді оқу жолдарын түсінуге көмектеседі.

Пәнаралық байланыс – Оқу пәндері арасында байланыс орнату

1. Білім беру бағдарламасына тереңдік пен тепе -теңдік береді;

2. Терең білім алуға мүмкіндік береді;

3. Көптеген дағдыларды ұсынады;

4. Түсінік пен дағдылардың дамуына көмектесе алады;

5. Оқу үдерісінің маңыздылығының барынша арттыруға көмектеседі;

6. Оқушыға деген уәжді барынша арттыра алады.

Бастауыш мектепте оқытудың өзекті дағдыларын қалыптастыру барысында сабақ жоспарын жасағанда сабақтың басында, ортасында және соңында әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана білу – мұғалімнің шеберлігіне байланысты.

Мұғалім – әдіс түрлерін пайдалана отырып, оқушылардың тындалым мен айтылым дағдылары арқылы өздігімен жұмыс істей білуге, оқылым және жазылым дағдылары арқылы ой белсенділігі мен тіл байлығын арттыра түсуге түрлі әдістер мен шеберліктерді меңгеру арқылы қол жеткізуге болады.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу үрдісінде интербелсенді әдіс-тәсілдер түрлерін пайдалану біріншіден оқушылардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден балалардың сабаққа деген қызығушылығын белсенділігін арттырып сапасын көтеру болып табылады. Тұйық оқушылар сабаққа ынтасын артады және мінез құлқы қалыптасады. Оқуға деген таным қабілеті артады. Оқушы ойын үстінде

білімді игеріп жатқанын, ал оқу үрдісінің ойынға қалай ұласып кеткенін аңғармай қалуға тиіс. Сонда ғана ойын мен оқу табиғи үйлесімді болып, пәндік білім, білік және дағдыны игеруге толық ықпал жасайды. Әр ұстаз оқу - тәрбие жұмысына шығармашылықпен қарап, жаңа заман талабына сай, сабақты түрлендіру мақсатында оқытудың түрлі әдіс - тәсілдерін пайдаланса, игі нәтижеге жетері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Ахметов С. «Бастауыш сыныптарда білім берудің тиімділігін арттыру жолдары.» Алматы «Рауан» 1994 ж.
- 2.Бастауыш мектеп журналдары.
3. Алимов А. «Интербелсенді әдіс-тәсілдер» 2011 ж.
- 4.Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы. 2015 ж
- 5.<http://adisteme.kz/bastayys-bilim-.html>

УДК 378.2

РОЛЬ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБРАЗОВАНИИ

БОРАНБАЕВА Ж.

Учитель информатики средней школы №35 имени А.Гайдара,
Республика Казахстан, г.Тараз

Түйіндеме. Мақалада білімнің қолжетімділігін арттыруға, оқытуды интерактивті және ыңғайлы етуге, сондай-ақ әрбір оқушының қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік беретін білім беруде АКТ қолдану туралы айтылады.

Summary. The article talks about the use of ICT in education to increase the availability of knowledge, make learning more interactive and convenient, and take into account the needs and characteristics of each student. Information and communication technologies also contribute to improving the quality of education, expanding opportunities for self-education and knowledge sharing.

Стремительный рост объема информации приводит к тому, что работа с ней становится невозможна без использования информационно-коммуникационных технологий (ИКТ).

Информационно-коммуникационные технологии (ИКТ) - это совокупность способов, механизмов и средств, используемых для сбора, обработки, хранения и передачи информации. С конца 70-х годов ИКТ ассоциируются с компьютерами и связанными с ними устройствами.

Важной особенностью ИКТ является способность представлять различные типы информации, такие как числа, тексты, звуки, изображения и видео, в цифровом формате. Такая форма обеспечивает удобство хранения информации, ее обработки, передачи и обмена с использованием компьютеров и сетей

ИКТ становятся неотъемлемой частью образования будущего, предоставляя уникальные возможности для индивидуализации обучения, глубокого погружения в предметные области и развития цифровых навыков. Педагогическая роль также переосмысливается: акцент смещается с пассивной передачи знаний на содействие самостоятельному обучению студентов и вдохновение их на постоянное стремление учиться новому.

Применение ИКТ в образовании позволяет повысить доступность знаний, сделать обучение более интерактивным и удобным, а также учитывать потребности и особенности каждого ученика. Информационно-коммуникационные технологии также способствуют улучшению качества образования, расширяют возможности для самообразования и обмена знаниями[1].

В условиях когда миллионы гигабайт информации ежедневно перемещаются по просторам мировой сети возрастает потребность подготовки специалистов с использованием информационных технологий. В связи с этим значительно возрастает роль информационных технологий в образовании.

В настоящее время процесс информатизации проявляется во всех сферах человеческой жизни. В условиях когда миллионы гигабайт информации ежедневно перемещаются по просторам мировой сети возрастает потребность подготовки специалистов с использованием информационных технологий. В связи с этим значительно возрастает роль информационных технологий в образовании. Так использование современных информационных технологий является необходимым условием развития более эффективных подходов к обучению и совершенствованию методики преподавания. Информационные технологии играют в этом процессе особую роль, так как применение последних способствует

повышению мотивации обучения учащихся, экономии учебного времени, а интерактивность и наглядность способствует лучшему представлению, пониманию и усвоению учебного материала. Так же интенсивное использование новых образовательных технологий может послужить повышению качества образования в целом.

Развитие информационных технологий и многих других электронных и цифровых ресурсов, поставило перед высшим образованием ряд новых вопросов. Некоторые студенты используют Интернет в качестве главной альтернативы традиционным литературным источникам и в связи с этим сталкиваются с рядом проблем, таких как происхождение, точность, качество и достоверность найденного материала. В традиционных печатных источниках качество информации обеспечивается многими факторами, такими как: академические заслуги авторов, уважение издательств и многое другое. В отношении Интернет-ресурсов такие механизмы обеспечения качества не действуют и пользователь вынужден оценивать их сам. Исходя из этого, существует необходимость делать студентов критическими потребителями информации» [2].

Американская библиотечная ассоциация в своём отчёте подчеркивает «потребность всех людей быть информационно грамотными, что означает, что они не только способны определять, когда требуется информация, но и могут обнаруживать, выявлять, оценивать и эффективно использовать информацию, необходимую для принятия конкретного решения или для разрешения насущной проблемы».

Развивая эту идею, многие аналитики рассматривают о том, что называется «информационной грамотностью», как позволяющую индивидам не только эффективно использовать информацию и информационные технологии и адаптироваться к их постоянно меняющимся условиям, но и критически осмысливать индустрию информации и информационное общество в целом.

В процессе обучения «информационная грамотность» имеет важнейшую роль как для преподавателя так и для студента, её важность проявляется в нескольких аспектах, таких как знание современных методов получения и обмена информацией, адаптация и готовность их применять на практике.

Учёные и аналитики выделяют семь главных информационных навыков, которые способствуют повышению информационной грамотности:

1. Способность осознавать потребность в информации.
2. Способность выделять, каким образом можно восполнить «пробел» в информации.
3. Способность конструировать стратегии обнаружения информации.
4. Способность обнаруживать и получать доступ к информации.
5. Способность сравнивать и оценивать информацию, полученную из различных источников.
6. Способность организовывать, применять и передавать информацию другим способами, соответствующими актуальной ситуации.
7. Способность синтезировать и собирать существующую информацию, создавая на ее основе новое знание.

Повышение информационной грамотности студентов упростит процесс поиска и сбора информации, позволит наиболее точно и доступно доносить информацию до студентов, а так же повысит качество образования. Так использование современных информационных технологий является необходимым условием развития более эффективных подходов к обучению и совершенствованию методики преподавания.

От мощных компьютеров до мобильных устройств, от виртуальных платформ до облачных сервисов - виды ИКТ постоянно расширяются, обогащая образовательную среду новыми возможностями и ресурсами. Мы можем перечислить лишь основные:

- компьютеры и ноутбуки - позволяют проводить различные вычисления и работать с разнообразными программами и приложениями;
- интернет - предоставляет доступ к огромному объему информации и ресурсам;
- мобильные устройства - расширяют возможности доступа к информации и общению с помощью приложений, электронной почты, мессенджеров и других сервисов;
- электронные учебники и материалы - обогащают обучение различными элементами, такими как видео, аудио и интерактивные задания;
- вебинары и видеоконференции - позволяют проводить образовательные мероприятия и лекции в режиме реального времени без привязки к месту;
- интерактивные доски - предоставляют возможность ученикам взаимодействовать с учебным материалом;
- образовательные платформы и онлайн-курсы - открывают доступ к различным курсам и обучающим программам, которые можно изучать в удобное время;

-электронные тесты и оценка - позволяют оценивать знания учеников;

-облачные технологии - предоставляют возможность хранения и обмена информацией и ресурсами в облаке, что облегчает совместную работу и доступ к данным из разных мест [3].

Это лишь некоторые виды информационно-коммуникационных технологий, активно используемые в современном образовании и обществе в целом. Развитие ИКТ непрерывно продолжается, и этот список постоянно пополняется.

От мощных компьютеров до мобильных устройств, от виртуальных платформ до облачных сервисов - виды ИКТ постоянно расширяются, обогащая образовательную среду новыми возможностями и ресурсами. Мы можем перечислить лишь основные:

-компьютеры и ноутбуки - позволяют проводить различные вычисления и работать с разнообразными программами и приложениями;

-интернет - предоставляет доступ к огромному объему информации и ресурсам;

-мобильные устройства - расширяют возможности доступа к информации и общению с помощью приложений, электронной почты, мессенджеров и других сервисов;

-электронные учебники и материалы - обогащают обучение различными элементами, такими как видео, аудио и интерактивные задания;

-вебинары и видеоконференции - позволяют проводить образовательные мероприятия и лекции в режиме реального времени без привязки к месту;

-интерактивные доски - предоставляют возможность ученикам взаимодействовать с учебным материалом;

-образовательные платформы и онлайн-курсы - открывают доступ к различным курсам и обучающим программам, которые можно изучать в удобное время;

-электронные тесты и оценка - позволяют оценивать знания учеников;

-облачные технологии - предоставляют возможность хранения и обмена информацией и ресурсами в облаке, что облегчает совместную работу и доступ к данным из разных мест.

Это лишь некоторые виды информационно-коммуникационных технологий, активно используемые в современном образовании и обществе в целом. Развитие ИКТ непрерывно продолжается, и этот список постоянно пополняется.

Современные информационные технологии обогащают образовательный процесс, предоставляя учащимся доступ к разнообразным и актуальным знаниям из различных источников. Теперь учебный материал можно получать в различных форматах: текстовом, аудио, видео, интерактивных заданиях и др. Это расширяет возможности учеников в овладении знаниями и навыками.

Роль преподавателя также изменяется. Если раньше педагог был основным источником знаний, то теперь его задача - не только предоставить информацию, но и направлять учеников в море информации. Преподаватель должен научить учащихся анализировать, критически мыслить, отбирать и проверять информацию, чтобы затем превращать ее в знания и навыки. Акцент переносится на самостоятельную работу ученика, его способность к самообучению и развитие критического мышления.

Преподаватель также должен развивать у учеников интерес к поиску и использованию информации, чтобы они стали активными и ответственными участниками образовательного процесса. Это требует не только технической компетентности, но и способности вдохновлять учеников и заинтересовывать их [4].

IT-образование в Казахстане находится в стадии активного развития. В стране существует множество учебных заведений, которые предлагают курсы и программы по информационным технологиям. Согласно <https://postupi.kz/news/abiturientu/it-obrazovanie-v-kazahstane>, ежегодно в Казахстане выпускается 20 тысяч студентов IT-специальностей. Однако, даже эта цифра не закрывает свободные ниши в отрасли. В интервью сетевому изданию Tengrinews.kz президент РК Касым - Жомарт Токаев заявил: «Буквально два года назад мировой IT-рынок нуждался в 30 миллионах специалистов. Сегодня потребность составляет уже 100 миллионов, а к 2025 году возрастет до 200 миллионов. Очевидно, что с течением времени эта цифра будет только увеличиваться».

Информатизация образования, обусловленная глобальными изменениями и, в первую очередь, зарождением и развитием информационного общества, позволяет решить главную задачу - повышение качества образования на основе использования современных информационных технологий. Формирование в образовательном процессе умений работы с электронными средствами обработки и передачи информации способствует удовлетворению информационной потребности, развитию творческого и интеллектуального потенциала обучающихся и адекватному использованию информационных ресурсов в различных сферах человеческой деятельности. Это обеспечивает подготовку

субъектов образовательного процесса к жизнедеятельности в условиях информационного общества, когда более половины рабочих мест предполагает использование компьютеров и Internet.

Список использованной литературы

1. Знаменская Е.А., Роль информационных технологий в образовании// Международный журнал экспериментального образования. – 2014 г. - № 12.-С. 90-90.
2. Осипова С.И., Баранова И.А., Игнатова В.А. Информатизация образования как объект педагогического анализа//Фундаментальные исследования.-2011.-№12-3.С.506-510;
3. Голицына О.Л., Информационные технологии: Учебник / О.Л. Голицына, Н.В. Максимов, Т.Л. Партыка, И.И. Попов. - М.: Форум, ИНФРА-М, 2013г. - 608 с.
4. Федотова Е.Л., Информационные технологии в науке и образовании: Учебное пособие / Е.Л. Федотова, А.А. Федотов. - М.: ИД ФОРУМ, НИЦ ИНФРА-М, 2013г. - 336 с.

ӘОЖ 376.3

ФОНЕТИКО-ФОНЕМАТИКАСЫ ТОЛЫҚ ДАМЫМАҒАН БАЛАЛАРҒА СИПАТТАМА

САҒЫНДЫКОВА АҚМАРАЛ ОМАРБЕКОВНА

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Тараз қаласының білім бөлімінің психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің тәрбиешісі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье посвящена проблемам детей с фонетико-фонематическим недоразвитием речи на основе научных выкладок исследователей.

Summary. The article is devoted to the problems of children with phonetic and phonemic speech underdevelopment based on scientific calculations of researchers.

Мектепте оқитын ересек және орта жастағы балалардың арасындағы ең көп тарағаны дыбыстарды бұзып айту ақаулықтары. Бұл топқа жататын есту қабілеті дұрыс балалар жеке дыбыстарды, бір немесе бірнеше топтағы /мысалы, ызың, ызың және ысқырық, ызың және аффикатты/ дыбыстарды дұрыс айты алмайтындығы байқалады.

Бұл балалардың сөйлеу тілінің дыбыстар жағын мұқият тексерген кезде солардың ішіндегі кейбіреулерінің дыбыстарды айтуы, сөздің құрамындағы буындық ырғақтың, дыбыстық түсінігінің барлық элементтерінің жиынтығының қалыптаспағандығын көрсетті. Бұл сияқты ауытқулардың ерекшеліктері оқу мен жазуында дағдылануын меңгеруіне қауіпті десек болады.

Фонетико-фонематикасының толық дамыдауын қалай түсінуге болады?

Фонетико-фонематикасының толық дамымауы дегеніміз ол қабылдау түйсігі мен дыбыстардың айтылуындағы ақаулардың салдарынан болған сөйлеу тілінің әр түрлі кемістіктері бар балалардың ана тіліндегі дыбыстардың айтылу жүйесіндегі қалыптасу барысының бұзылуы.

Бұл жағдайды сипаттайтын негізгі көріністерді бөліп көрсетуге болады.

1. Жұп немесе топ дыбыстардың айтылуын ажырата алмауын бұндай жағдайда бір дыбыс, екі немесе тіпті үш дыбысты да алмастыра береді, мысалы, Т дыбысы С, Ч, Ш дыбыстарының орнына айтылады.

2. Бір дыбыстардың басқаларымен алмастырылуы.

Баланың сөйлеу тілінде жеңіл айтылатын дыбыстар айтылуы қиын дыбыстарды алмастырады. Бұндай айтылуы жеңіл дыбыстар баланың сөйлеу тілінде ерте жасынан-ақ пайда болады да, кез келген қиын дыбыстарды алмастыра береді. Мысалы, Л дыбысы Р дыбысын, Ф дыбысы Ш дыбысын, Т мен Д дыбыстары ызың мен ысқырық дыбыстарын түгелдей алмастырады.

3. Дыбыстарды шатастыру. Бұл көптеген дыбыстардың әр түрлі сөздерге қолданылуының тұрақсыздығын сипаттайды. Бала дыбысты бір сөзде дұрыс қолданады да, ал оны басқа сөзде сол дыбысқа әуезі жағынан немесе айтылуы жағынан ұқсас дыбыспен қатар келсе алмастырып жібереді. Мысалы, бала Р, Л немесе С дыбыстарын жеке тұрғандағысында дұрыс айтады да, ал сөйлегенде ауыстырып шатастырады. Мысалы, Айдар өзенге қармақ шалды.

Дыбыстарда алмастырулары мен шатастыруларынан басқа да айтылуында кемістіктер кездеседі. Бұл кемістіктер өздерінің ерекшеліктері жағынан аджыңғыларға қарағанда күрделірек. Мысалы, Р дыбысы қырылдап тамақтан айтылады. С дыбысы тістердің арасынан тілі шығып айтылады.

Сөйлеу тілі дыбыстарының айтылуындағы бұл сияқты кемістіктер тәрбиешілер мен ата-аналарды ойландыру керек, себебі бұндай кемістіктер фонематикалық есіту қабілетінің толық жетілмегендігін дәлелдейді. Бұндай жағдайда оның қалыптаспағандығының дәрежесін анықтауға жәрдем беретін жүйелі тәсілдер бар:

- дыбыстардың дұрыс айтылуы мен бұрыс айтылуының айырмашылығын өзінің және бөтеннің сөйлеу тілінде анықтау. Балалар өздерінің юзұшып сөйлеген сөздерін басқалардың сөздерінен көбінесе айыра білмейді. Бұл есіту қабілетінің дыбыстарды нашар ажырататындығын білдіреді;

- па-по-пу; па-ба-пу деген сияқты айтуға жеңіл буындар тіркесін ересектердің артынан қайталайды. Құрамында қарама-қарсы дыбыстары бар және ажыратуы қиын дыбыстары қатар келген буындарын қайталау қиындық туғызады;

- С дыбысының жеке өзін Т, Щ, Ч, Ц, З, С, Ш, Р деген сияқты тізбектелген дыбыстардың ішінен бөліп алу;

- керекті дыбысы бар буында тізбектелген басқа буындардың ішінен алу /мысалы, са буынын за, ша, са, ча, ща, са буындардан/;

- сөздің ішінен керекті дыбысты бөліп алу /мысалы, С дыбысын сағат, шапан, қасқыр, мысық, тышқан, шаша, тас, бас сөздерінің ішінен/. Бұндай тапсырмаларда баладан дыбысты айтуды талап етпейді, себебі ол қиналып қалуы мүмкін, ең маңыздысы сөйлеу тіліндегі дыбыстарды қалай түсініп қабылдайтындығын анықтау.

Сондықтан бала берілген дыбысты естігенде қолын көтеріп немесе сол дыбыс таңбаланған суретті көрсетіп ықыласын білдіруге тырысады.

Аталған тапсырмалар айтылуында ақауы бар дыбыстарды түсіну мүмкіндігін анықтауға үлкен жәрдемін тигізеді. Көп жағдайларда түсінігінде сақталған, демек сөйлеу тілінде қажетті тәртіппен айтылып төселген дыбыстардың бұзылатыны немесе қажетті дәрежеде жетілмей қалатындығы жиі кездеседі.

Бұл топқа кіретін балалардың сырттай тәп-тәуір айтылатын дыбыстарын тексерген кезде көңіл аудармағандықтан еленбей қалғанын түсініп қабылдауында әжептәуір қиындықтар байқалады. Нақ осындай балалардың айналасындағылар үшін күтпеген жерден оқу мен жазу үлгермейтіндер болып шыға келетіндері жиі кездеседі.

Фонематикалық есіту қабілетінің толық дамымауы балалардың сөзді дыбысқа талдауында дайындығының қалыптасуына кері әсерін тигізеді. Сонымен балалардың қиналатындары:

а) бірінші дауысты немесе дауыссыз дыбысты бөлгенде бірінші буынды немем тұтас сөзді атайды;

б) ішінде берілген дыбысы бар сөздермен айтылатын бейнелі суреттерді іріктегенде, балаға ішінде керекті, керексіз және керекті дыбыспен шатастыратын дыбыстары бар сөздермен аталатын бейнелі суреттердің жиынтығын ұсынады;

в) ішінде берілген дыбысы бар сөзді өздігінен ойлап табу және оны атау.

Бақшада арнайы ұйымдастырылған оқыту жұмысындағы фонетико-фонематикасының толық дамымауын уақытында анықтауды олардың сөйлеу тіліндегі ақаулықтарды түзетіп қана қоймайды, сонымен бірге мектепке оқуға да толық дайындайды.

Фонетико-фонематикасы толық жетілмеген балалармен жүргізілетін түзету жұмысының бағыттары

Түзету оқуының ең басты бағыттары:

1. Дыбыстырдың айтылуын қалыптастыру.
2. Фонематикалық есіту қабілетін жетілдіру.
3. Сауатын ашу оқуына дайындық.

Логопедия жұмысы баланың сөйлеу тілі мүшелеріндегі сақталған дыбыстарды анықтаудан басталады.

Ұйымдастырылған оқу жұмысын барлық топтармен қалай қамтып жүргізсе, солай дербес жүргізеді.

Қамтып оқыту жұмысы балалардың дербестік ерекшелігін есепке алып, бірыңғай жоспар бойынша белгілі бір жүйемен жыл бойына жүргізеді. Бұл оқу жұмысында ең алдымен У, А, И, Ө, О дауысты дыбыстарының айтылуын өңдеп шығарады, сосын П^m, К^{ki}, Қ, С^{ci}, З^{zi}, Л дыбыстарының және сөйлеу тіліне жаңадан қойылған Ц, Т, Б^{bi}, Д^{di}, Г^{gi}, Ғ, Ш, Ж, Р^{pi}, Ч, Ш дыбыстарының айтылуын қалыптастырады.

Балалардың дыбыстарды айтуын жетілдіру барысында сөйлеу тіліндегі дыбыстарды қалыптастыруға көңіл аударады. Логопед дыбыстардың айтылуын түзете отырып балаларды сөзіне құлақ қойып тындауға, сөздердің жекелеген кейбір элементтерін ажыратуға және қайталауға, түсінгендерін естерінде сақтауға, өз сөздерін есітуге және өз қателерін түзетуге үйретеді. Қойылған дыбыстарды бекітіп

баяндау жаттығулармен қатар, жұпталған топтық белгілері бойынша ажырату жаттығуын біртіндеп енгізеді. Мысалы: қатаң және ұяң /ф-в, с-з, п-б, т-д, к-г, қ-ғ, ш-ж/ ысқырық және ызың /с-ш, з-ж/; фрикативті және аффрикативті /с-ц/; созылыңқы және дірілдегіш /р-л, р^і-л^і/; жіңішке және жуан /с-с^і, з-з^і/ және басқалар.

Сөйлеу тіліндегі дыбыстарды қалыптастыруға назар салу және естігенін жадында сақтау мақсатымен оқыту жүйесіндегі екі топқа бөлуге болатын арнайы жаттығулар алдан ала қарастырылады. Бір топтағы жаттығуларда балалар сұраққа іс әрекеттің жәрдемімен және бейнелі суретті көрсету арқылы жауап беріп тек сөйлеу тілін түсінуге бағытталады. Бұған естіген сөздерді жадында сақтау, арнайы іріктеп алынған жобалар мен басқа да сөйлеу тілі құралдары жатады. Бұл жаттығулар әсіресе оқыту жұмысының басында балалардың сөзді дұрыс айтуы мен белсенділігі шамалы кезінде қажет. Екінші топтағы жаттығулар бірінші топтың көздеген мақсатымен тек лексикалық құралды дұрыс түсінуді ғана алдын ала қарастырылмайды, сонымен бірге оны қайталайды. Бұған естуінен түсінген буындар тіркесін, сөздерді, сөйлемдерді қайталау; дыбыстардың дұрыс айтылуының бекітіліп баяндауына байланысты әр түрлі сөйлеу құралдарын жатқа айту жатады.

Балаларды жаңа дыбыстарды меңгеру шамаларына қарай сөздің септелуіне, жіктелуіне және мезгіл қимылдарына байланысты өзгеру түрлерімен біртіндеп таныстырады. Сонымен, мысалы, С, С^і, З, З^і, дыбыстарының дұрыс айтылуының бекітіліп баяндауы кезінде балалар сын есімді, зат есімді іріктеп алады /сәнді автобус, сүзеген сиыр, семіз қаз/.

Р-Л дыбыстарын ажырату кезінде бала зат есімді белгілі бір септікке қолданатын сөз тіркестерін логопед іріктеп алады /кітапты жазамын, терезеін жуамын/.

Осы мезгілде сұрақтар мен тіректі сөздер бойынша, қимылдарды көрсету бойынша сөйлемдерді құрастыру мен өрістету жаттығуларының әр түрін енгізеді.

Балалар әр уақытта қолдана бермейтін арасында, сөйткенмен, десең деген жалғаулықтарды сөйлемдердің ішіне біртіндеп енгізеді.

Одан кейін логопед оқу жұмысына өз бетімен сөз айтып беру, сөз жолдарын жаттатқызу, бейнелі, жалғаспалы көп суреттер бойынша әңгіме құрастыру жаттығуларын енгізу бастайды.

Әрбір қамтып оқыту жұмысында балаларды сөздің дыбыстық құрамын талдауға дайындау жаттығуларын жүргізеді. Алдымен мектеп жасына дейінгі балалардың назарын жеке дыбыстарға және сөздің құрамындағы дыбыстарға аударады /«У» дыбысын, «Т» дыбысы бар сөзді, «П» дыбысы бар буында естігенде алақаныңды шапалақтайсын/, /аттары аталған сөздердің ішінде К дыбысы бар бейнелі суреттерді іріктеп алу/.

Сөздің құрамындағы белгілі бір дыбысты ести алатындығын білуінен бастап, біртіндеп бір буынды жеңіл сөздің дыбыстық құрамын талдауға дағдылануын толық меңгеруге жеткізеді.

Қандай болмасын талдаудың түрі мен тексерілетін дыбыстардың арасындағы белгілі бір сәйкестік алдын ала ескеріледі. Сонымен, талдаудың алғашқы дайындығына мынандай белгілерді енгізеді:

1. Сөздің басындағы бірінші екпінді /а, о, ө, и/ дауысты дыбыстар бөлу. Көрнекі құралдағы бұл дыбыстар балаларға алғашқы түсінік ретінде беріледі, себебі дыбыстар белгілі бір жүйелікпен орналасуы мүмкін. Балалар дыбыстардың санын және олардың сөз тіркесіндегі жүйелілігін анықтайды.

2. Бір буынды сөздердің бірінші және соңғы дыбысын бөлу; кері буынды талдау және жинақтау /тал, ат, от/.

3. Сөздегі дауыссыз дыбыстан кейінгі тұрған екпінді дауысты дыбысты бөлу /мал, қант/.

4. Тура буындардың, сондай-ақ бір буынды сөздердің дыбыстарын талдауы мен жинақтауын меңгеру /бас, қар, төл/.

Балаларды шамаларына қарай қамтып оқыту жұмысына қойылған дыбыстарды дағдыландыруын, сөздік дыбыстық құрамының талдауын және жинақталуын жете меңгеруге бағытталған көптеген жаттығулар енгізеді. Бұл жұмыс қойылған дыбыстарды сөйлеу тіліне неғұрлым тезірек енуіне жәрдем береді.

Сөз біртіндеп сабақтың ең негізгісі болады. Сөздің нобайына сүйенуді пайдаланып, балаларды сөзді буынға бөлуге үйретеді. Алдымен сөздерді _____, сосын буындарды _____ және дыбыстарды _____ нобайларымен белгілейді. Балалар дыбыстың буындары толық талданған дауыссыз дыбыстары қатар және жеке-жеке тұрған бір буындық, екі буындық және үш буындық сөздерді меңгереді /қар, құман, тон, сақа, астана, баспалдақ/ сөзде қанша буын және қанша дауысты дыбыстар бар екенін балалар танысып біледі. Оқытудың шамасына қарай нобайының жәрдемінсіз сөзді талдауды және жинақтауды толығымен іске асыруға көшеді. Бір дыбысты басқа дыбыспен алмастыру арқылы жаңа сөздер жасау жаттығуларын қатар жүргізеді /мал-жал, тал-шал/. Бұл уақытта балалар «буын», «сөз», «сөйлем», «дауысты дыбыс», «дауыссыз дыбыс», «жуын», «жіңішке», «ұяң», «қатаң» /дауыссыз дыбыстарды/ деген жаңа сөздерді де меңгеріп алады.

Дыбыстарын дұрыс айтқызуға көптеген жаттығулардың және сөйлеу тілінің дыбыстық құрамын талдауы мен жинақтауының нәтижесінде бала оқуын меңгеруге жақсы дайындалып шығады. Енді баланың алдына дыбыстардың әріппен белгіленуін, әріптерді буынға біріктіруге үйренуді және ежіктемей тез, әрі түсініп оқуды игеру мәселесі қойылады.

Ең тиімді тәсіл талдаудың ізінше оқыту. Сөзді алдын ала талдап алғаннан кейін қиынды әріптерден құрастырады. Сосын ол буындарға, дыбыстарға бөлінеді, одан кейін қайтадан дыбыстар буындарға біріктіріліп, буынға бөлініп оқытылады. Баланың буындарды сөзге біріктіріп оқуын қатаң қадағалау қажет. Алдымен екі әріпті, сосын үш әріпті бір мезгілде қабылдауға дағдыландырады. Балалардың өздерінің оқыған сөздерін, сөйлемін, шағын сөз жолдарын түсінуін қадағалаудың маңызы өте зор. Машықтау жаттығулары кезінде әріптерден құралған буындарды, арнайы іріктеп алынған буындар мен сөздерді, әйтеуір бір түрде безендірілген кестелерді пайдалану қолайлы.

Қиынды әріптерден сөз құрастыруды жазуға үйретумен байланыстырып оқытады. Балалар дыбыстық талдау мен жинақтаудан кейін ізінше баспа әріптерімен жазады, содан кейін жазылған сөзді, сөйлемді әңгімені оқиды. Берілген әріптерден сөздер жасау, сөздің жетпей тұрған әріпін қосу, тыңнан әріптер қосып жаңа сөздер жасау арқылы сөздерді өзгерту жаттығуларының түрлеріне аса үлкен назар аударады. Сонымен оқудың аяқталу мерзімінде баллар ана тілінің барлық дыбыстарын дұрыс айтып және айыра алатын болу керек, құрамы әр түрлі буынды сөздерді дыбыстық талдауға және жинақтауға саналы түрде дағдылануды меңгеру, сөзді, сөйлемді және шағын сөз жолдарын жазып және оқып, сонымен бірге оқығандарының мазмұнын түсіндіре білу керек. Балалар бақшада жүргенде дұрыс жазуының кейбір ерекшеліктері сөзді бөлек жазуды, сөйлемнің аяғына нүкте қоюды, өздерінің аттарының және сөйлемнің басын үлкен әріппен жазуды игереді. Түзету оқу жұмысының барлық жүйесі мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілдерінің толық қалыптасуына мүмкіндік береді, баланың сөйлеу тіліндегі кемшіліктерді жоюға мүмкіндік беріп қана қоймайды. Сонымен бірге мектепке де дайындайды.

Алғашқы оқып үйренудің бұндай сатыларының дайындығынан өткеннен кейін жалпы білім беру мектептегі оқуында ерекше қиындықтар болмайды. Оның үстіне түзету оқуын толық көлемде бітіріп шыққан балалар өздерінің қатарларына қарағанда сауатын ашуды меңгеруге әлдеқайда жақсы дайындалғандығын тексерудің нәтижесі көрсетті.

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

1. CD-ROM. Педагог-дефектологтың анықтамалық кітабы. – Мәскеу: Наука, 2023. - 826 б.
2. Айзман Р.И. Дефектологияның медициналық-биологиялық негіздері. Академиялық бакалавриатқа арналған оқу құралы / Р.И. Айзман. – М.: Юрайт, 2019. - 463 б.
3. Белоус А.И. Исследование соотношения приемов логического запоминания у детей дошкольного возраста // Воспитание, обучение и психическое развитие. – М., 1983
2. Рихтермая Г.Л. Формирование представлений о времени у детей дошкольного возраста. – М., 1978.

ӘОЖ 372.851

ОҚУ-ҮЙРЕТІМ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ ЖЕКЕ ДАРАЛАНДЫРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МӘНІ

РАЙСОВА НАЗГҮЛ ТОКМАГАМБЕТОВНА

Шона Смаханұлы атындағы №44 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье дано анализ значимости технологии персонализации в преподавание, обучении и воспитательном процессе.

Summary. The article analyzes the importance of personalization technology in teaching, learning and the educational process.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мен инновациялық әдіс – тәсілдерді енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» – деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді [1]. Елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы өзгерістер білім беру саласына жаңаша қарауда:

мұғалімнің оқу – тәрбие үрдісін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды, оқушылардан танымдық, шығармашылық потенциалдық дамытуды талап етеді.

Ұстаз бен шәкірттің тығыз әрекеттестігі үйренушінің білім деңгейін едәуір көтеруге мүмкіндік береді, ал ұстаз өз тарапынан өз тәрбиесіндегі баланың әрқилы жеке және психикалық ерекшеліктерін тікелей танумен, тұлғаның күшті де, олқы тараптарын анықтаумен, тәрбиеленушінің өзіне тән ерекшеліктері мен арнайы сапаларын білумен өзінің кәсіби деңгейін көтеріп, педагогикалық ықпал, әдіс, тәсілдері мен құрал-жабдықтарын таңдайды. Ол үшін ең тиімді жол-оқу үйретім үдерісін педагогикалық технологияның бір түрі – оқу-үйретімді жекедараландыру арқылы құрастыру. Жеке-дараландыру – бұл дидактикалық принциптеріндегі оқу-үйретім барысында ұжымдық істермен қатар жүретін, әр шәкірттің жеке қасиеттерін ескерумен орындалатын даралықты үйретім-үйренім жұмыстары [2].

Өткен ғасырдың екінші он жылдығында бірінші дүниежүзілік соғыс зардабынан болған рухани күйзелістен әлемде, оның ішінде әсіресе Еуропада, даралықты психология кең тарады. Оның негізінде адам тегінің биологиялық әлсіздігін жеңіп, оған қуат берер көздерін табу идеясы жатқан. Психологиядағы бұл бағыт батыстық педагогикаға, социология мен психологияға күшті ықпал жасады. Осылайша, тәлім барысындағы шәкірттердің жеке басы ерекшеліктерін зерттеп тану және оларды ескеру проблемалары тарих тереңінен бастау алған, осы идеяны іске асыру мақсатында қолданымға келген әдіспен шәкірттер саны көп болмаған ықшам топпен жұмыс істей отырып, педагог балалардың нақты тұлғалық сапаларын дамытуға, олардың белгілі ептіліктері мен дағдыларын орнықтыруға бағытталған оқу-үйретім үдерісін түзіп, пайдаланады. Жаппай (ұжымдық) оқу-үйретім ең жая бастауымен әр шәкірттің өзіндік ерекшеліктерін ескеру мүмкіндігі төмендеді, тіпті мүмкін де болмай қалды. Мұғалім қызметі ауырлады: шәкірттердің үлкен топтарымен жұмыс жасай отырып, әрбір тәрбиеленушінің жеке жоғары деңгейлі оқу-үйретім деңгейіне жетуіне болған жауапкерліктен ол босатылмайды. Ақиқаты сол, шынайы оқу-үйретім үдерісінде білімдерді әрбір шәкірт жеке-дара игереді. Алайда, білімдерді игеру үдерісі бірдей келіп, бір топ не сыныптағы жеке балалар үшін деңгейсіз болуы мүмкін. Жалпылығы балалардың даму деңгейінің сипатында, іс-әрекеті мен қылықтарының ұқсастығында сипатталады. Әдетте, мұндай жалпыланған деңгейі біркелкі жастағы балаларға тән. Сондықтан нақты топтағы әрі жастағы балалардың жалпы психологиялық ерекшеліктерін білу әрбір шәкірттің оқу-үйретім материалын игеру барысындағы түсіну мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді. Шәкірттердің дара ерекшеліктерін зерттеудің негізгі тәсілдері: баланы жоспарлы да жүйелі бақылауға алу, алдын-ала белгіленген [3].

Тақырыпта жеке және топтық сұхбаттар жүргізу, қосымша оқу-үйретім тапсырмаларын беріп, олар бойынша шәкірт ой топшылауын байқастыру, балаға топтағы жағдайына байланысты міндеттер тапсырып, оның жолдастары мен қарым-қатынасын, топтағы беделін анықтау. Ең бастысы, баланы жанжақты танумен, оның бойында қалыптасқан кемшіліктерді жою үшін оған тән ұнамды сапа-қасиеттерді сүйеніш ету. Жеке-даралықты бағыт-бағдар мәнін түсіну негізі осында. Педагогикалық теорияда жеке-даралықты бағыт оқу-үйретім принциптерінің аса маңыздысы ретінде қарастырылады. Біріншіден, жекедаралықты бағдар басқа дидактикалық принциптерден ерекше, әрбір шәкірт тұлғасындағы тек әлеуметтік-типтік қана емес, сонымен бірге жеке, қайталанбас құбылыстарды жүйелі есепке алып отыру қажеттігін алға тартады. Екіншіден, қарым-қатынасқа, көмекке кез-келген шәкірт мұқтаж. Қарастырылған принцип шәкірт тұлғасына деген адамгершілікті көзқарас жөніндегі ережелерден туындайды. Үшіншіден, даралықты бағыт әрекеттері принципі белсенділігі, қалыптастырушылығы, дамытушылығымен танылып, осыдан ол шәкірттің жеке басының шығармашылықпен дамуының кепілі бола алады. Сонымен, жеке-даралықты бағыт шәкірттің жеке-психологиялық ерекшеліктеріне орайласып, белгілі әдістер мен тәсілдерді, тапсырмалардың әрқилы баламаларын қолдануға бағдарланған педагогикалық қадамдар ретіндегі түсінімге сай келеді, ал оқу-үйретім үдерісін ұйымдастыруға бағышталған реттеу-түзетуші дидактикалық технология принциптері ретінде оқу-үйретім және тәрбие қызметтері қолданылады.

Оқу-үйретімді жеке-дараландыру технологиясы тәрбие үдерісін ұйымдастырушы дидактикалық элемент сипатына анықталып, шәкірттің кезкелген жеке-дара ерекшеліктерін ескеруді талап етеді [3]: 1. Шағын түрлендіру мен топтап үйретуден бастап, толық еркін, білім игеруге дейінгі тәуелсіз әрекеттерге басымдық беру; 2. Оқу-үйретім формаларын, мақсаттарын және таным, біліктілік материалдарын ауыстырып беру; 3. Жеке даралықты оқу-үйретімді барша пәндер, пән бөліктері және сабақ материалының жекелеген тараулары бойынша пайдалану. Бір кездері бұл технологиялық әдіс сырқатты баламен үйде, не дарынды шәкірттермен өз алдына шұғылдануға арналатын. Ал бүгінгі таңда педагогиканың барша ұмтылыстарына қарамастан аталмыш технология кейбір себептерден мектеп тәжірибесінде толық қолданымын таба алмай жатыр: ондай себептер: 1. Жеке даралық, әдетте, салыстырмалы. Тәжірибеде шамалап ұқсас даралығына мән беріп отыру мүмкін емес; 2. Оқу-үйретім тұрғысынан ғана маңызды танымал ерекшеліктерді (мыс.: мінез, темперамент) есепке ала берудің көмегі

шамалы; 3. Кей уақыттары нақты бала үшін маңызды жайттарға көз салу (мыс.: дарындылығы, денсаулығы) 4. Жеке-даралық оқу-үйретімнің бүкіл барысында іске асырылып жатпай, тек қажетті сәттерінде, даралықты керек қылатын жұмыстар өрісіне орай қолданылуы.

Сондай-ақ, жеке дараландыруды оқу-үйретім үдерісі, тәлім мазмұны, мектептің жүйелік құрылымы тұрғысынан қарастырған жөн. Себебі, дидактикалық үдеріске орай оқу-үйретім формасы, әдістері және тәсілдері таңдалады, ал тәлім мазмұнын ескеруден оқу-үйретім жоспарлары, бағдарламалары, оқулықтар, оқу құралдары және шәкірттерге берілетін тапсырмалар сипаты анықталады, мектеп жүйесін танудан әрқилы салалық мектептер мен сыныптар ажыралады. Оқу-үйретім жоспарлары мен бағдарламаларын жасау, әртүрлі бағытты үйретім іс-әрекеттерін қолдануда дараланған ерекшеліктерді ескеру әбден қажет, алайда ол жалпыланған сипатта болып, шәкірттерді қандай да белгілері бойынша топқа біріктіреді, нәтижеде жіктемелі оқу-үйретім туындайды. Орта мектептің жоғары сыныптарындағы оқу-үйретім жоспарлары мен бағдарламаларын жіктеу, мектептерді салалар бойынша жабдықтау шәкірттердің бейімдіктері мен қызығулары бойынша іске асырылады. Шәкірттер типтік оқу-үйретім жоспарында көрсетілген барша пәндер арқылы жалпы орта тәлім алады да, ал тереңдетілген білімдерді игеруге, салалық пәндерді меңгеруге көбірек назар аударылады. Осылайша пайымдаудан жіктемелі оқу-үйретім жеке-дараландыру технологиясының құралы ретінде қызмет атқарады.

Оқу-үйретімді жеке-дараландыру қырынан алсақ, «жіктеме» ұғымы адамның тұлғалық сапаларынан бастау алады. Дегенмен, ескеретін жәйт, «жіктеме» ұғымы кеңірек мағынада қолданылып жүр: тәлім мазмұнын қалыптастыру және оқу-үйретім жұмыстарын ұйымдастырудағы жіктеме тәрбиеленушілер жасына, жынысына, ұлттық және басқа да белгілеріне орай жүргізіледі. Осылайша, жіктемелік іске асып, бір жағынан - әрқилы шәкірттердің дер мезеттегі тек өздеріне тән даму және білім деңгейін сүйеніш етсе, екіншіден- олардың «жақын даму аймағын» ашу арқылы біртіндеп білімдерді тереңдей игеру мен оларды меңгеру жолдарын жетілдіруге көмектеседі. Мұндай бағыт-бағдар тәрбиеге адами-ізгіліктік негіз беріп, әрбір шәкірттің болашақ кемелі мен дамуына бастау қалайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Таубаева Ш. Оқытудың қазіргі технологиялары // Бастауыш мектеп. 1999. №3.
2. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии учебной пособия. – М., 1998.
3. Рубинштейн Л.С. Принципы творческой самодеятельности // Вопросы психологии. 1986. №3.

ӨОЖ 372.851

БАЛАЛАРДЫ ЖАС ЕРЕКШЕЛІГІНЕ ҚАРАЙ ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУ

АБЫЛОВА КАРАКӨЗ САПАРОВНА

Антон Макаренко атындағы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

Резюме. В данной статье рассматриваются проблемы национального воспитания по возрастным этапам на основе народной педагогики. Также изучен процесс воспитания нынешнего поколения, где истоки начинаются с семьи, и, соответственно, каждая личность становится членом общественной системы нашего государства.

Summary. This article deals with some matters of national education according to age stages on the principles of national pedagogy. The process of bringing up the modern generation the sources of which begin in the family has been researched as well. Due to this process each person becomes a member of a public system of our state.

Педагогика қоғамдық өмірдегі тәрбиенің мәні мен ролін анықтайды. Педагогика адам тәрбиесі жайлы ғылым. Педагогикаға - тәрбие, білім беру, оқыту жатады. Тәрбие - қоғамның негізгі функцияларының бірі. Тәрбие жеке адамды мақсатты, жүйелі қалыптастыру принципі болып табылады. Тәрбие процесі нәтижесінде аға ұрпақтың тәжірибесі оқушыларға беріліп, меңгеріледі, олардың сана-сезімі қалыптасып, жағымды мінез-құлық нормалары мен сезімдері дамып жетіледі. Тәрбие - көптің ісі. Олай болса, тәрбиешіні табиғат және Тәрбие - көптің ісі. Олай болса, тәрбиешіні табиғат және әлеуметтік ортаның, мектеп пен ата-ананың, бүкіл бұқараның, жеке адамның дамуы мен қалыптасуына ықпал ететін тұлға деп түсіну қажет. Тәрбие арқылы баланың адамгершілік, эстетикалық, тағы басқа көзқарастары мен

еңбек етуге ынтасы қалыптасады. Қоғам дамуының сатысында тәрбиенің құрамды бөліктері – білім беру мен оқыту ұйымдары бөлшектеніп, жеке мағына береді. Білім беру ұғымын алғаш рет педагогикаға енгізген И.Г.Песталоцци болды [1]. Негізгі педагогикалық ұғымдар тәрбие, білім беру, оқыту бәрі бірінебірі тәуелді, табиғи байланысты. Бұл ұғымдар - жастарды өмірге, тәжірибеге дайындаудың басты құралы. Оқыту мен тәрбие процесін бір-бірінен ажыратуға болмайды десек те бұлардың әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері бар.

Тәрбие процесі бұл күрделі диалектикалық процесс. Тәрбие процесі дегеніміз жеке адам мен ұжымды қалыптастыру мен дамытуға бағытталған тәрбиеші мен тәрбиеленушінің мақсаты және бірбірімен тығыз байланысты қызметі. Сондықтан тәрбие процесін оқыту процесі сияқты тез іске асыру, тексеру және нәтижелерін анықтау өте қиын. Тәрбие процесі әр уақытта динамикалық қозғалмалы, жылжымалы болады. Сондықтан педагогикалық ықпал әр балаға әр түрлі әсер етеді, біріне әсер етсе, екіншісіне әсер етпейді. Педагогикалық ықпал ету үшін баланың көңіл-күйін, психикалық жағдайын, органы еске алған жөн. Баланың тәрбиені қабылдауына әртүрлі сыртқы және ішкі факторлар өте күшті немесе әлсіз әсер етуі мүмкін. Мұғалім оқу-тәрбие процесінде бұл факторларды есінен шығарып алмауы тиіс.

Еліміздің білім беру жүйесіндегі реформа жас ұрпақтың әрқайсысының жеке тұлға ретінде қалыптасуында маңызды мәселелерді шешудің түрлі жолдарын қарастыруды көздейді. Бұл бетбұрыс әлемдік жаһандану заманына алғашқы қадам болып табылады. Әр жас өркеннің азамат болып қалыптасуын қамтамасыз ететін қоғамдағы негізгі де жауапты сала, ол - білім беру жүйесі. Елдің елдігін сақтап, көркейтетін, басқа елмен терезесін тең етіп өркендететін, сондай-ақ болашағын айқындап та беретін осы білім беру ісі. Жас ұрпаққа білім беру мәселесі отбасынан бастап, еліміздің қоғамдық жүйесін толық қамтиды, сондай-ақ, оның әрбір мүшесін бей-жай қалдырмайды. Мұнда мектепке дейінгі тәрбиенің рөлі ерекше орын алады. Балабақшадағы оқыту процесі баланың оқуға, жазуға дайындық әрекеттерін қалыптастыруды көздейді. Ол өзіміз білетін: саусақ еттерін шынықтыратын түрлі сызықтар, фигуралар сызуға; тілін сындыратын түрлі жаңылтпаш, өлең-тақпақтар жаттатуға; ойын жүйелі жеткізуге дағдыландыратын түрлі тақырыптағы ертегілер мен әңгімелер тыңдату, айтып беруге, қиялын дамытып, ойындағысын қағаз бетінде сипаттауға, сурет салуға, т.б. баулу. Эксперимент жағдайында баланың ортасына бейімделуі мен айналасындағыны қабылдауына жүргізілген мониторинг мектепке дейінгі тәрбие мен мектептегі оқыту арасындағы бірізділіктің, сабақтастықтың ғылыми-теориялық негіздерін ескеруге, сөйтіп тәжірибедегі олқылықтың орнын толтырудың нақты жолдарын қарастыруға бағыт берді [2].

Балалардың мектепке даярлығының маңызды көрсеткіші - олардың физиологиялық дамуы мен жалпы денсаулық жағдайы. Халықтық тәрбие бүгінгі таңда өзінің өміршеңдігін дәлелдеді. Халықтық тәрбиенің қазынасында сақталған мол мұра теорияға да, практикаға да, ғылымға да, білімге де қызмет жасай бастады.

Қазіргі заманғы педагогика жоқ кезде де ата-бабаларымыз ұрпақ тәрбиесімен барынша ыждағаттылықпен, аса үлкен мән бере отырып шұғылданған, қазақи тәрбиенің жүйесін қалыптастырған. Мектеп жасына жеткен балаларды жалпыға бірдей міндетті оқумен қамту жоқ кезде де білім беру мен тәрбиелеу процестері жүрмей қалған жоқ. Онымен біздің аталарымыз, әке-шешелеріміз, аға-апаларымыз, ақындар мен батырларымыз, билеріміз бен шешендеріміз айналысқан. Олар сол заманның қолында дипломы жоқ, ешқандай арнаулы оқу орнын бітірмеген педагог-ұстаздары болған. Қазақ баласы батырларға қарап садақ тартудың, палуандарға қарап күресудің әдіс-айласын үйренсе, әншілерге қарап дауыс қоюды және ән айтуды меңгерді, ақындарға қарап айтыс өнеріне машықтанды, шешендер мен билерге қарап шаршы топта сөз бен билік айтуға дағдыланды. Аталарымыз оларға ауа-райының құбылуын болжауды, жұлдыздар жолын бақылауды үйретіп, астрономиялық білім берді. Мал баққан қазақ баласына біртіндеп, топтап санауды үйретіп, математикаға баулыса, сынықшылар шыққан қолды, сынған сүйекті қаз-қалпына келтіріп, оларға медициналық білім берді. Әкеге қарап ұл бала сыртқы шаруаның жайын ойластыруға, елі мен жерін сүйуге және қорғауға тәрбиеленсе, шешеге қарап қыз бала ас әзірлеу мен киім тігу, қонақ күту мен жайғаудың қыр-сырына қанығып, инабаттылыққа тәрбиеленді. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген сөз осыдан қалған. Қайныларына «Ақтөрем», «Мырза бала», «Сотқар» деп ат қойып, ал қайынсіңлілерін «Айнамақ», «Бөпежан», «Шырайлым» деп еркелеткен жеңге тәрбиесі өзінше бір бөлек дүние [3]. Бас қосқан жері - мектептің, жасы үлкені мен тәжірибесі бары – ұстаздың балалары - оқушының, қоршаған табиғаты - көрнекіліктің рөлін атқарған халықтық білім беру жүйесінің артықшылықтары да жоқ емес.

Оны одан әрі зерттеу, құнды жақтарын кәдеге жаратудың жолдарын көрсету ғалымдардың үлесінде. Қазақстан Республикасы егемен ел болғаннан бері ұлттық тәлімнің қайнар көзі - халық педагогикасының теориялық та, тәжірибелік те істерімен жан-жақты үздіксіз айналысып, қазақ

этнопедагогикасының қарыштап дамуына үлес қосып келе жатқан ғалымдарымыздың ішіндегі көрнектісі де, бірегейі де профессор Серғазы Қалиұлы. Ол халықтық педагогиканың тәрбие қағидаларын бүгінгі заманның оқу үрдісіне енгізудің әдіс-тәсілдерін ұсынып, мектеп мұғалімдері мен студенттерге арнап халықтық педагогика және этнопедагогикалық білім беру бойынша маңызды еңбектер жазған, еңбекқор ғалым. Серғазы Қалиұлының еңбектері жаңа заманға сай болашақ ұрпақтың мәдени және рухани-интеллектуалдық болмысын қалыптастыруда, Қазақстан мектептеріндегі тәрбие үдерісін ұлттық деңгейде дамытуда идеологиялық басымдық қызмет атқарады [4]. Жастайынан өз ұлтының тәлім-тәрбиесінен тағылым алып өскен ғалым-ұстаз өз елінің салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, ырымын, жол-жораларын терең біледі. Сондықтан болар, халықтық педагогиканы қалың көпшілікке жеткізуді насихаттауға барынша үлес қосып келеді.

Атап айтсақ, Қарағанды қаласының Балалар мен жеткіншектер сарайының қосымша білім беруші ұстазы Б.Бекжігіттің домбыра үйірмесі және ұлт аспаптар оркестріне арнайы жазылған «Перне сазы» атты 3 жылға жоспарланған қосымша білім беру бағдарламасы күй аталары Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет шығармаларын балаға жеткізе отырып, тәрбие сабағы барысында «Бесікке бөлеу», «Қырқынан шығару», «Тұсау кесу», т.б. сол сияқты көптеген ұлттық салт-дәстүр, рәсімдерді ән мен сюжетті рөлдік ойын арқылы дәріптейді [5]. Серғазы Қалиұлы анықтап берген халық педагогикасында насихатталатын тәрбиенің басты 8 ұстанымы мыналар:

1) Халықтық тәрбие бастауы - әдептілік. Баланы әдептілікке үйрету негізгі міндет болуы тиіс. 2) Қайырымдылық - ауру, сырқау, кем-кетік адамдарға қол ұшын беру, қайырымдылық жасау - гуманизмнің басты шарты. 3) Баланы тіл алғыш, елгезек, еңбек сүйгіш болуға үйрету. 4) Адалдық пен шындыққа баулу. 5) Баланың көпшіл болуы. Ұстаз бен көпті көрген қарияның сөзін өнеге ету. 6) Үлкенді, ата-ананы сыйлау. 7) Кісі айыбын бетіне баспау, кемтар адамға күлмеу, инабатты, сыпайы болу. 8) Ел қорғаны болу, халыққа адал қызмет ету [6]. Ғалым өз еңбектерінде осы идеялар мақал-мәтелдер мен өлеңжырларда, терме-тақпақтар мен өнегелі өсиет сөздерден өзекті орын алатындығын көрсете білді. Ал тәрбиенің бұл принциптерінің бәрі - ғылыми педагогиканың да басты қағидасы екендігін атап айтады. Олай болса, ғылыми педагогика мен халықтық педагогика идеялық жағынан жалғасып, үндесіп, сабақтасып жатқандығы аян. Ерте жастан басталатын тәрбие халық педагогикасында салтдәстүрлер арқылы сіңіру әдісімен көрініс табады.

Олардың қатарына әйел адамдардың перзентін жарық дүниеге келтірер алдындағы алуан әзірліктері дүниеге перзент келтіретін шақтағы сан мазмұнды беретін іс-әрекеттер жиынтығы, баланы сыртқы күйлік сылап-сипау тәрбиесі кезеңі, бесікке салуға әзірлік, бесікке салу және бесікті тәрбиелеудің тәрбиелік мәні алғашқы қадамға даярлық, тұсау кесу және туған күннен бастап рет-ретімен айтып отыратын бесік жырлары, тұсау кесу жырлары, ойын-сауық өлеңдері, санамақтар, «Қазақ поэмалары», өтірік өлеңдер, һәм және жан-жануарлар туралы, төрт түлік жөніндегі жырлар, жаңылтпаштар, жұмбақтар, мақалдар мен мәтелдер жатады. Ұрпаққа оны сіңірудің тәсілі ретінде «атаға қарап ұл өсетін, анаға қарап қыз өсетінін ұл» мен қыз санасына ерте жастан сіңірген. Сөйтіп әке балаға түзді, шеше қызға үйді үйреткен. Осы кезден бастап әке-шеше өз ұрпағына «Жеті жұртты білген ер, жеті жұрттың қамын жер» дегендей дұрыс тәрбие беріп, ұл-қызын өз ошағының, бүкіл өз елінің, тіпті жеті жұрттың қамын жейтін, қарақан басынан аса алмайтын «Қарынбай» ие болмаса, қаныпезер қанішер болмай өсетін ұрпақ етіп қалыптастыруды армандап, бар ғұмырын сарп еткен. Келесі тәсіл: табиғат құбылыстары, жыл мезгілдері, жанжануарлардың төрт түлікті таныту арқылы тәрбиелеу.

Бүкіл дүниеге жан бітірген көктемнің келуі, жарқырап жаздың шығуын, сұрғылттанып күздің келуін, қатал қыстың қаһарға мінуін, күннің күркіреп, найзағайдың жарқылдауы, күн мен айдың туылуы, күннің қызарып батып, шығуы міне – осылардың бәрін бабаларымыз тәрбие мен білім берудің ұлт тағылымы мен халық педагогикасындағы ұлы желісі ретінде шебер пайдалануға өздерінің әсерлеп айтатын әңгімесі, ұзақты таңға жырлайтын дастандары, қайым айтыстары мен өлеңдері арқылы ұрпақ санасына дәл және дер кезінде сіңдіріп отырған. Ата-бабаларымыз баршаға өмірді әр қырынан қарап үйренуді де ерте бастан сіңіре білген, балаға өмірді әр қырынан - өтірік өлеңдер, жаңылтпаштар мен жұмбақтар, мақалдар мен мәтелдер айта отырып, өмірдің мағынасын ашып көрсеткен. Мәселен, жаңылтпаштар баланың тілін ұштай түсіп, еркін, жатық, асықпай, қысылмай сөйлеуін, ал өтірік өлеңдер қиыннан қиыстырмаған тапқырлықты, үлкен ой-қиялды қалыптастырады. Оларда көбінесе өмірде болатын нәрселер, құбылыстар керісінше айтылады. Жұмбақтардың бала ойын дамытып, ширатуда үлкен орны бар [7]. Онда өмірде кездесетін заттар мен кәсіп-тіршілікке байланысты ұғымдар, табиғат құбылыстары, аспан денелері, жер көлемін өздеріне тән белгілері арқылы бейнеленеді, бірақ олардың аттары аталмайды. Сол сипат, сол белгілеріне қарап отырып, балалар олардың шешімдерін табуға тиіс.

Жұмбақ, негізінде, баланың ақыл-ойын дамыту, ой-өрісін кеңейту үшін әдейі ойлап табылған педагогикалық-психологиялық әдіс. Жұмбақтың сыры баланы әрқашан асықтырып, ілгері жетелейді.

Соның негізінде өзі де көрген-білгенін жұмбақтап, тұспалдап айтуға үйренеді. Мақал-мәтелдер - халықтың ғасырлар бойғы ой-пікірінің жиынтығы, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні. Кейде бір мақалдың тууын, мазмұнын түсіндіру үшін тұтас бір әңгіме, аңыз айтылады. Содан туатын үлгілі сөз, аталық ақыл ұрпақ құлағына ену арқылы ұлттық ойлау деген сана қалыптастырылып, ата-баба салған осы желі арқылы бізге жетеді, біз сол желінің ұшын ертерек өз баламыз бен немеремізге ұстаудың дәстүрін, педагогикалық жүйесін қалыптастыруымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ұзақбаева С.А. Қазақтың халықтық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие. Пед. ғыл. док. диссер. - Алматы, 1993. - 420 б.
2. Төлеубекова Р.К. Жоғары сынып оқушыларын жаңа әлеуметтік мәдени жағдайда адамгершілікке тәрбиелеудің ғылыми-педагогикалық негіздері: пед. ғыл. док. диссер. / Ғылыми кеңесші Бейсенбаева А.А. - Алматы, 2001. - 311 б.
3. Алеуов У., Жумабеков А.К. Общественно-педагогическая мысль древних тюрков. - Казань: ФАН, 2007. - 40 с.
4. Дергунова Е.Е. Перспективы развития этнопедагогике в Казахстане во второй половине XX века // Келешек - 2006: Студенттер және жас ғалымдардың республикалық ғылыми тәжірибелік конференция еңбектерінің жинағы. - Жезқазған: АО ЖезУ, 2006. - Кітап 1. - С.102-106.
5. Есенжолова С.Д. Роль этнопедагогического образования в формировании специалиста XXI века. Качество образования – фактор цивилизации XXI века: Материалы XXXIV научно-методической конференции профессорско-преподавательский состав КазНУ имени аль-Фараби / - Алматы: Казак университеті, 2004. - Кн. 2. - С.169-171.
6. Анартаева Г.У. Педагогические основы формирования гуманизма у подростков в процессе учебно-воспитательной работы: диссертация кандидата педагогических наук / Ташкентский государственный технический университет имени Абу Райхана Беруни; - Ташкент, 2004. - 162 с.
7. Сырымов І.З. Мектептің тәрбие үрдісіндегі ынтымақтастық педагогикасы және жеке тұлғаға бағытталған тәсіл. - Тараз: Сенім, 2003. - 87 бет.

ӘОЖ 372.851

ДЕНГЕЙЛЕП ОҚИТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

СУЛТАНКУЛОВА АЙНУР САБИРОВНА

Иван Трубицын атындағы №17 жалпы орта білім беретін мектеп-гимназиясы, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Резюме. В статье рассматривается роль технологии уровневого обучения в учебном процессе. Статья обобщает практические рекомендации о том, что уровневое обучение-новый формат получения учащимися знаний, посредством инновационных методов и приемов максимально использовать как свой, так и новые возможности.

Summary. The article examines the role of technology of level-based learning in the educational process. The article summarizes practical recommendations that level-based learning is a new format for students to gain knowledge through innovative methods and techniques to maximize their own and new opportunities.

Еліміздің егемендік алып, қоғамдық өмірдің барлық, оның ішінде білім беру саласында жүріп жатқан демократияландыру мен ізгілендіру мектептің осы күнге дейін дағдарыстан шығаратын қуатты талпыныстарға жол ашты. Жылдар бойы сабақ жүргізу нәтижесінде оқушының білім сапасын көтеруге, олардың пәнге деген қызығушылығын арттыру барысында жан-жақтылыққа ұмтыламыз және ізденеміз. Денгейлеп саралап оқыту технологиясы 1998 оқу жылынан бастап мектептің барлық сатысына, барлық пәндерге еніп, оқу үдерісін жандандыруға үлкен үлес қосып келеді. Профессор Ж.Қараевтың денгейлеп-саралап оқыту технологиясы жаңаша өзгерген мақсатпен оқушылардың өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгертуді талап етеді. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алуға белсенділігіне аса назар аударылды.

Елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы өзгерістер білім беру саласына жаңаша қарауда: мұғалімнің оқу – тәрбие үрдісін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды, оқушылардан танымдық, шығармашылық потенциалдық дамытуды талап етеді. Қазіргі кезде біздің Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі

жасалып, білім беру кеңістігіне енгуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу - тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, басқаша қарым-қатынас, өзгеше менталитет пайда болуда [2]. XXI ғасыр табалдырығында тұрған азамат дамуының жаңа кезеңі білім беру прогрестің ең маңызды факторларының бірі болып саналатын кезең [3]. Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту тұжырымдамасында қазіргі мектептер: - практикалық қызметте жинақталған барлық игіліктердің сақталуы; - қоғамның интеллектуалды қуатын жетілдіру; - еліміздің материалдық –қаржылық әл-ауқатын әрі қарай дамыту; - орта білім беру жүйесін әрі қарай дамыту тағы сол сияқты міндеттерді көздейді.

Қазіргі білім беру саласында проблема - әлеуметтік - педагогикалық және ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру, оны өмірде пайдалану. Олай болса, оқытудың жаңа технологиясының бірі – жалпы білім беретін мектептерде әр пәнді деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту болып табылады. Педагогика ғылымының докторы Ж. Қараевтың деңгейлік оқыту жүйесі туралы іліміне сүйеніп, әр пән бойынша деңгейлік тапсырмалар дайындауға болады. Өйткені қазіргі экономикалық жағдай оқушының жаңа үрдістерін талап етуде. Сондықтан ғылыми ізденіс барысында педагогика саласында оқытудың деңгейлік жүйесі оқушыларға ғылым негізін меңгерудің негізгі тиімді жолы болып табылады. Деңгейлік оқытудың ерекшелігі – оқушылардың сабақ барысында бірнеше деңгейде жұмыс жасай алатындығында. Сонымен бірге қазіргі жаңа технологиямен оқыту барысында компьютерлер мен оларды басқарушы алгоритмдер біздің қоғаммыздың маңызды бөлігіне айналды. Олай дейтініміз, бүгінгі таңдағы жаңадан шығып жатқан электрондық оқулықтар оқушыны жаңаша оқытудың, жаңа оқу әдістерін, жаңа мазмұнды қажет етеді [4, 5].

Оқушыларды деңгейге бөліп оқытуға бола ма, оның қандай тиімді жолдары бар, деңгейге бөліп оқытудың өзіндік ерекшелігі қандай және жеке тұлға тәрбиелеуде қандай көмегі бар деген сауалдарға тоқталсақ, деңгейге бөліп оқытудың кезінде оқушылардың тәжірибелік-теориялық дайындығын, оқуға деген ынтасын, дара қасиетін әлеуметтік - психологиялық танымал, сұранымын ескеру талап етеді. Сондықтан да тиімді дәрежеге жету үшін оқушының білім мен деңгейіне байланысты жұмысты ғылыми түрде ұйымдастыру қажет. Мектеп оқушыларының білім деңгейінің көрсеткішін төмендегідей бағалауға болады: 1 деңгей (төмен) – эпизодтық. Білімді жаңа жағдайға көшіру мұғалім көмегімен жүзеге асырылады; 2- деңгей – түсініктерді жүйелеу деңгейі. 70% ғылыми ұғымдарды саналы түрде анықтайды; 3- деңгей (жоғары) бастапқы ғылыми ұғымға өту (ауысу) деңгейі деп белгілейді [4, 6].

Оқыту практикасында деңгейлеп оқыту технологиясын енгізуге оқу ақпараттарының көлемінің ұлғаюы , оқушыларға түсетін «салмақтың» артуы басты себеп болады. Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты - әрбір оқушы өзінің даму деңгейінің оқу материалын меңгеруін қамтамасыз ету [7, 8]. Деңгейлеп оқыту ерекшелігі, бірінші деңгейдегі тапсырмалар білімнің минималдық шегі, ол мемлекеттік стандарт талабына сай оқушының жас ерекшелігіне сай болады. Бұл деңгеймен сынып оқушылары толықтай жұмыс жүргізе алады.

Бірінші деңгейде оқушыларға өте оңай сұрақтар беріледі. Яғни тақырыпқа немесе тапсырмаға сәйкес жалпы сұрақ, сипаттама түріндегі тапсырмалар беріледі. Бұл сұрақтар көп ойлануды, ізденуді талап етпейді. Сондықтан оқушылар жедел түрде орындай алады.

Екінші деңгей кезінде тапсырмалар күрделене түседі. Оқушы өз бетімен жұмыс жасауға көшеді. Оқушы бойында ойлау, таным дағдылары қалыптаса бастайды. Оқушылар сол тапсырманы сипаттауға көшеді.

Үшінші деңгей оқушылардың тапсырмаға деген мотивтерінің айқын көрінуі мен логикалық ойлау дәрежесінің жоғары болуымен, өз жеке басының белсенділігімен, өз ісіне талдау жасау білуімен, білімді жаңа жағдайға пайдалануы мен сипатталады. Оқушы талдау, жинақтау, салыстыру сияқты танымдық жұмыстар жүргізеді. Эвристикалық (танымдық-іздену) түріндегі жұмыстарды мұғалім көмегінен өз бетімен орындайды. Эвристикалық сатының ерекшелігі – оқушылар белгілі бір бейнеге ену арқылы сол тапсырмалардан кейбір мысалдар келтіліреді. Кейде оған күрделендіру енгізеді.

Төртінші деңгей – қабілетті, дарынды, ізденгіш, талантты оқушыларға арналған саты. Бұл сатыға сыныптағы өз бетімен жұмыс жүргізетін ұшқыр ойлы оқушылар ғана көтеріле алады. Кейде оқушылар бұл тапсырмаларға ғылыми жұмыстарда жазуы мүмкін. Осы сияқты түрлі тапсырмалар беріп, әр оқушының деңгейін біліп алуға болады. Қорыта келе, деңгейлік тапсырмалар ауқымы өте кең. Мектеп оқушыларына берілетін тапсырмалар оқушылардың ойлауына әсер етеді. Тасырманы орындау үшін бала жауапты өзі іздестіреді. Оны шешуде ақыл – ойы дамиды, ойлануына жан – жақты әсер етеді деп түйіндеуге болады.

Оқыту технологиясының негізгі сатылары:

1. Жаңа тақырыпты түсіндіру.
2. Төменнен, жоғарыға қарай деңгейлік тапсырмалар беру;

3. Оқушылардың тақырыптан алған білімдерін бекіту.
4. Оқушылардың білімдеріне сай үлестірімелер тарату. Яғни, «5», «4», «3»-тік білімге сай.
5. Оқушылардың білімін қолма-қол бағалау.

Қазіргі қоғамда болып жатқан түбірлі өзгерістерге байланысты әрбір мұғалім оқытудың сан қилы әдістері мен формаларын білулері қажет.

Қазіргі білім берудің мақсаты – танымдық қызметке деген тұрақты қызығушылығы қалыптасқан, өз бетімен бағдарлай, қызмет жасай білетін, өздігінен даму дағдылары қалыптасқан жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Оқу процесінде оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру өзара тығыз байланысты екі міндетті есте тұтуды қажет етеді.

Оқушылардың өзіндік жұмыстары – бұл мұғалімнің тікелей қатысуынсыз, бірақ оның тапсыруымен, оның басшылығымен және бақылауымен орындайтын жұмыс. Өзіндік жұмысты орындау кезінде оқушы теориялық білімін кеңейтеді, тереңдетеді, белсенді іс-әрект барысында ойлау қабілеттері дамиды, ал ең бастысы өзіне деген сенімі нығайып, жауапкершілікке сезіну қалыптасады. Өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруда жұмыстың міндетін түсіндіру, орындар алдында бағыт-бағдар, түсінік-нұсқау беру, оқушылардың мақсаты түрде жұмыс істеп, оның нәтижелі жемісті болуына ықпал етеді. Дұрыс ұйымдастырылған өзіндік жұмыстардың оқу тәрбие процесіндегі мәні ерекше. Атап айтқанда: өзіндік жұмыс тапсырмалары арқылы оқушылардың математика пәніне деген қызығушылықтарын арттыру; оқушылардың алған білімдерінің, дағдыларының алдағы өмірлеріне қажеттілігі мен оны қолдана алуларына қол жеткізу; оқушылардың істейтін жұмыстарының мақсатын айқындап, жұмысты өз еркімен ерік-жігерімен, қалауымен орындау; оқушылар істейтін жұмысының қорытындысын шығарып, нәтижесін алу.

Бастауыш сынып мұғалімі әрдайым оқушы білімі мен оның жетістіктерін, кемшіліктерін, олардың себептерін анықтап, өз жұмысына талдау жасайды, оны жетілдірудің жолдарын белгілейді. Сонымен қатар деңгейлеп-саралап оқыту барысында бастауыш сынып оқушылары да өзінің оқу жұмысындағы жетістіктер мен жіберген кемшіліктері туралы мәліметтер алып, өз еңбегіне талдау жасайды. Ең бастысы, бастауыш сынып оқушылары оқудан ләззат алуға, білім мен ғылымға деген құштарлығын арттыруға дағдыланады. Қорыта келе, саралап-деңгейлеп оқыту технологиясының принциптері – оқытуды ізгілендіру мен демократияландыру жағдайында, өздігімен даму бағдарын анықтап, дамитын және өздігімен дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп өсіруші, өзін-өзі тәрбиелеуші тұлға қалыптастыруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы (баптары бойынша түсіндірмелері) және оны жүзеге асыру жөніндегі құжаттар. – Астана, 2000.
2. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы // Қ.М., 2/6 шілде, 1999 ж.
3. Қазақстан Республикасы «Білім» мемлекеттік бағдарламасы // Қ.М., 28 қазан, 2000 ж.
4. Мұхитанова С. Деңгейлеп оқыту тәсілімен // Қазақстан мектебі. № 12. 2004, 51-52 бет.
5. Оқытудың жаңа технологиялары // Халық тәлімі арнайы басылым. – №1. - 2002, 3-7 бет.
6. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. – Тараз: ТарМу, 2003.
7. Жанпейисова М.М. Технология модульного обучения. – Ақтобе: РИПК:СО, 1999.
8. Лысенко. С.Н. Методика дифференцированного обучения. – М, Просвещения, 1988.

ӨОЖ 372.851

ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

ТАГАЕВА САУЛЕ АБДИМАЛИКОВНА

Бүркітәлі орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье проанализирована структура проблемного обучения, методы построения проблемных ситуаций на уроках, возможность применения проблемного обучения. Рассмотрены дидактические и психологические основы организации и содержания всех основных понятий теории проблемного обучения.

Summary. The article analyzes the structure of problem-based learning, methods of constructing problem situations in the classroom, and the possibility of using problem-based learning. The didactic and psychological foundations of the organization and content of all the basic concepts of the theory of problem-based learning are considered.

Проблемалық оқыту – ғылыми дүниетанымды қалыптастырудың негізгі тәсілі, ол адамның танымдық және практикалық қызметін реттеп отыратын белгілі бір жеке бастық субъективтік тұрғы ретінде ұғынылады, дүниетаным теориялық білімнің, практикалық тәжірибенің, идеялық-эмоциялық бағалардың жоғары синтезі ретінде анықталады. Проблемалық оқытудың қалыптасу тарихына үңілсек, Сократ өзінің шәкірттерін логикалық ойлауға, зерттеулердің нәтижелерін табуға бағыттап отырған. Руссо білімді игеруде ситуациялар қоюға мән берген. Проблемалық оқытудың ең керекті әрекеті ізденіс болса, оны өз тәжірибесінде қолданған ғалымдар қатарында Песталоцци мен Дистервергтің еңбегі зор. Оқытудың осы әдісінің негізін қалап, оны жоспарлы түрде іске асырған Д.Дьюн болды. Кейіннен оқытудың осы түріне Д.Бруннер, И.Лернер, Т.В.Кудрявцев, А.М.Матюшкин, М.И.Махмутов зор үлес қосты. Проблемалық оқытудың басқа әдістерден айырмашылығы – білім оқушыларға дайын күйінде ұсынылмайды, керісінше, олардың алдына белгілі бір проблеманы өз бетінше шешу міндеті қойылады. Осылайша іздену әрекеті барысында шешімді оқушылардың өзі тауып, білімді игеруге жол ашады.

Проблемалық оқыту – мәні проблемалық ситуация туғызу мен оқушылардың оқу проблемасын дербес шешулері бойынша іс-әрекеттерін басқару болып табылатын оқыту түрі. Проблема деп шешілуі оқушылардан білім алу үшін белгілі әрекеттерді талап ететін есептердің, тапсырмаларын, теориялық немесе тәжірибелік мәселелердің әртүрлілігін түсінуге болады. Проблемалық оқытудың ерекшелігі – мұнда мұғалім білімді дайын түрде баяндап бермейді, оқушылардың алдына проблемалық міндет қояды. Шешімді және шешу құралдарын оқушы өзі іздестіруі тиіс.

Проблемалық оқыту бірнеше сатыдан тұрады: проблемалық жағдайды аңғару, жағдайды талдау негізінде проблеманы тұжырымдау, болжаулар ұсынуды, оларды алмастыру және тексеруді қамтып проблеманы шешу, шешімді тексеру. Бұл процесс ойлау актісінің үш фазасымен ұқсастық бойынша өрістейді (С.Л. Рубинштейн бойынша), ол проблемалық жағдайда пайда болып, проблеманы аңғаруды, оны шешуді және соңғы ой тұжырымын қамтиды.

Проблемалық оқыту оқушылар үшін қиыншылық деңгейі бойынша әртүрлі болуы мүмкін, ол оның проблеманы шешу үшін қандай және қанша іс-әрекеттер жүзеге асырылатынына байланысты. В.А. Крутецкий оқушы мен мұғалімнің іс-әрекеттерін бөлу негізінде дәстүрлі оқытумен салыстыра отырып, оқытудың проблемалығы деңгейінің сызбасын ұсынды.

Проблемалық оқытудың негізгі психологиялық және педагогикалық мақсаттары:

-Оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттері мен дағдыларын дамыту;

-Оқушылардың белсенді ізденіс нәтижесінде игерген білімдері мен дағдылары дәстүрлі оқыту әдістеріне қарағанда есте тез және берік сақталады;

-Түрлі проблемаларды көріп, қойып, шеше білетін белсенді оқушы тұлғасын қалыптастыру;

Проблемалық оқытудың ең негізгі мақсаты-қазіргі заманғы ғылым жетістіктеріне сүйене отырып, продуктивтік және творчестволық оқу процесінің логикалық жолдарын баяндау. Міндеттер: мұғалімнің проблемалық оқыту процесінің ұйымдастыруының негізгі тәсілдері мен формаларын көрсету, оқытудың ғылымилық дәрежесін жоғарылатып, оқушылардың неғұрлым тиімді жалпы дамуына жағдай тудыру.

Проблемалық оқытудың мақсаты-ғылыми таным нәтижелерін, білімдер жүйесін ғана меңгеріп қоймай, сонымен бірге бұл нәтижелерге жету жолының өзі де, процесінде меңгеру, оқушының танымдық дербестігін қалыптастырып, оның творчестволық қабілеттерін дамыту.

Проблемалық оқытуда мұғалімнің түсіндіруі мен оқушылардың репродуктивтік қызметті талап ететін міндеттер мен тапсырмаларды орындауы жоққа шығарылмайды.

Проблемалап оқыту әдісін жүргізу дидактиканың заңдылықтарына байланысты мынадай кезеңдерге бөлінеді:

1.Проблемалық ахуалдар туғызу жолын алдын ала дайындау.

2.Проблемалық сұрақтарды грамматикалық және стилистикалық жағынан дұрыс құру.

3.Проблемалық мәселелерді шешу амалдарын күні бұрын дәл белгілеу.

4.Проблемалық сұрақтардың теориялық анықтамасын заңды түрде дәлелдеу.

Дәстүрлі оқыту әдісі бойынша мұғалім сабақ тақырыбын хабарлайды, мазмұнын түсіндіреді, есептер шығартады, талдау жүргізеді, қорытынды жасайды. Ал, оқушылар мұғалімнің әңгімесін тыңдайды, тапсырмаларды орындайды, керекті әдебиеттермен танысады. Мұнда игеруге тиісті оқу мазмұны күні бұрын дайындалған күнінде оқушылардың қабылдауын талап етеді. Мұндай оқыту жүйесі репродуктивтік немесе дайын білім беру әдісі деп аталады. Проблемалап оқыту әдісінің екі түрлі айырмашылығы бар. Біріншісі, оқыту мақсатына байланысты, мұнда оқу материалының мазмұны зерттеледі, ол белгілі бір дәрежеде қорытылады. Нәтижесі практикада сыналып, оқу программаларына, оқулықтарға және қосымша оқу құралдарына жазылады. Екіншісі, педагогикалық процесті ұйымдастыру принципі тұрғысынан қарастырылады. Бұл кезде әдебиеттерде дайындалып көрсетілген білім мазмұнының көшірмесін қайталап өз қалпында түсіну талап етілмейді.

Проблемалық ахуал - оқушылардың игерген білімі мен іскерлікті қалыптастырудағы қажетті ұғымдар мен фактілердің арасындағы сәйкессіздік. Информатика пәнінде оның негізгі көзі берілген есептің математикалық моделін жасау, алгоритмін құру болып табылады. Бұл кезде оқушылардың өзіндік шығармашылық әрекеті орындалады.

Проблемалап оқыту теориясының аумағында әлі де зерттеулерді қажет ететін көптеген мәселелер бар. Бұл маңызды мәселелердің бірі - оқыту процесінде оқушының шығармашылық қабілетін дамыту мәселесі. Оқу-тәрбиесінде мынандай өзекті проблемалар бар: оқушылардың өз бетінше ойланып, әрекет етулері жеткіліксіз. Бұл проблемаларды шешу үшін, білім үрдісінде инновациялық технологияларды оқып үйреніп, өз іс-әрекетінде енгізу қажет деп ойлаймын.

Проблемалық оқыту-ойлау операциялары логикасы (талдау, қорытындылау және тағы басқа) мен оқушылардың ізденіс әрекетінің заңдылықтарын (проблемалық ситуация, танымдық қызығушылығының, қажетсінуінің және тағы басқа) ескере отырып жасалған оқу мен оқытудың бұрыннан мәлім тілдерін қолдану ережелерінің жаңа жүйесі. Сондықтан да көбінесе мектеп оқушыларының ойлау қабілеттерін дамытады және сенімдерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Проблемалық оқыту әдісі негізінен екі функциясымен анықталады:

1. Ақылой ізденісінің бағытын анықтау, яғни оқушылардың проблемаларды шешудің амалдарын іздестіруі.

2. Оқушының жаңа білімді меңгерудегі танымдық қабілетін дамыту, оқу әрекеті белсенділігін қалыптастыру.

Заманауи білімдендірудің мақсаты мамандарды шығармашылыққа дайындау екені даусыз. Шығармашылық дегеніміз жаңалықты (жаңа нысана, жаңа білім, жаңа проблема, жаңа әдіс) ашу. Осыған орай, проблемалық оқытудың өзі де шығармашыл процесс: бейқалыпты ғылыми-оқу мәселені бейқалыпты әдістермен шешу. Соңғы кезде кең тараған оқу түрінің мәні: мұғалім жаңа білімді дайын түрде баяндамай, оқушылардың алдына проблемалық сұрақтарды қойып, оларды шешудің жолдары мен тәсілдерін іздеуге бейімдейді. Атамыш оқыту жаңадан ғана пайда болған жоқ. Кезінде бұған өз үлес қосқан педагог-ғалымдар: Сократ, Руссо, Дистерверг, Ушинский. Мысалы, Дистервергтің дәлелдеуінше, «жаман ұстаз ақиқатты айта салады, жақсы ұстаз оны іздеп табуды үйретеді». Мұғалім проблемалық оқытудың барысында оқушы ойына, пікір қайшылықтарына дұрыс бағдар жасай отыра, жауап табу әдістерін үйретеді. Әдетте, оқытудың бұл түрі жаңа оқу материалын түсіндіру кезеңінде қолданылады. Сонымен, проблемалық оқытудың ерекшелігі: оқушыға дайын білім берілмей, одан проблемаларды ізденіс арқылы шешу талап етіледі.

Проблемалық оқытудың күшті жақтары:

- Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін арттырады;
- Оқу еңбегіне қызығушылығын арттырады;
- Оларды өздігінен саналы жұмыс істеуге үйретеді;
- Берік білімге, оқытудың жоғары нәтижесіне жеткізеді.

Проблемалық оқытудың кемшіліктері:

- Оқушылардың танымдық іс-әрекетін басқаруға әлсіз ықпал ету;

Қазіргі мектептерде түсіндірмелі және проблемалық оқыту түрлері бірге қатар қолданылады. Білім беру – оқытудың тәрбие мен дамытудың үздіксіз үдерісі. Белгілі балалар психологы Д.Б.Эльконин дәлелдегендей, 3-10 жас аралығындағы балалар біріккен мәдени – білім беру саласында ортақ өмірмен дами отырып, ортақ тәрбиеленіп, ортақ оқып үйреніп өмір сүру керек. Яғни бұдан шығатын қорытынды – бұл сабақтастықтың яғни бастауыш сатыда мазалайтын сұрақтар проблемалары біреу ғана. Ол баланың тілін ой-өрісін, қиялы мен шығармашылығын дамыту болып, жаңа заман талабына сай жан-жақты дамыған жеке тұлға ретінде оқытып тәрбиелеу. Көрнекті психолог Л.С.Выготскийдің негізі бойынша «Бала дамуының ең шарықтау шегі – бұл тіл мен ойдың шығармашылығы деген екен.

Оқу-тәрбиесінде мынадай өзекті яғни актуальды жерлерінде проблемалар бар: Оқушылардың өз бетінше ойланып, әрекет етулері жеткіліксіз. Бір оқу міндетін басқа түрлі жолдармен өзгертіп, шеше білу қабілеттері, сонымен қатар алынған білім-білік дағдыларын қазіргі өмір мен ғылым, техника жаңалықтарымен байланыстырып, салыстырып, зерттеп өз болжамдарын жасау қабілеттері әлі де төмен деңгейде. Ал мұның себебі қайда жатыр және бұл проблемаларды шешу үшін, білім үрдісінде инновациялық технологияларды оқып үйреніп өз іс-әрекетінде енгізу қажет деп ойлаймын. Білім берудің әр түрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәрбиеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар.

Проблемалық оқыту теориясын В.Т.Кудрявцев, И.Я.Лернер, М.И.Махмутов, А.М.Матюшкин, М.Н.Скаткин білікті маман жеке тұлғасының қалыптасу тұжырымдамасын Л.А.Волович, Г.И.Ибрагимов, Г.В.Мухаметзянова өз еңбектерінде жан-жақты зерттеген. Проблемалық оқыту теориясының негізін

қалаушылар оқудағы ойлану қызметі тек қана жаңа білімді меңгеріп қана қоймай, сол мақсатқа жетудің жаңа тәсілдерін де үйрену деп есептейді. А.М.Матюшкиннің анықтамасы бойынша, «оқытудағы ойланудың негізгі қызметі тек қана жаңа білім алып, жаңаша әрекет етуге мүмкіндік беретіндігінде. Адам өміріндегі барлық білім жүйесі мен іс-әрекеті оның ойлау қабілетінің нәтижесі. Адамның білімі оның ойлануының көрінісі, яғни негізгі танымдық құралы». Жоғары білім беретін мектептің міндеттеріне сүйене отырып, оқытудың дәстүрлі типін проблемалық оқытумен салыстырудан шығарылған қорытындылар негізінде проблемалық оқытудың негізгі міндеттерін тұжырымдауға болады. Оларды шартты түрде жалпы және арнайы қызметтерге бөлеміз. Проблемалық оқытудың жалпы міндеттері:

- оқушылардың білім жүйелері мен ақыл-ой және практикалық қызмет тәсілдерін меңгеру;

- танымдық дербестігі мен шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- оқушылардың өз бетінше ойлау қабілеттерін дамыту.

Бұған қоса проблемалық оқытудың арнайы міндеттері төмендегідей болып бөлінеді:

- білімді шығармашылық меңгеру дағдыларына тәрбиелеу (логикалық әдістерді немесе шығармашылық қызметтің жекелеген тәсілдерін қолдану);

- алған білімді шығармашылықпен қолдану дағдыларына (жаңа ситуацияларда) және оқу проблемаларын шешу шеберлігіне тәрбиелеу;

- шығармашылық қызмет тәжірибесін қалыптастыру және жинақтау (ғылыми зерттеу, практикалық проблемаларды шешу және шындық болмысты көркем бейнелеу әдістеріне ие болу);

Проблемалық оқыту технологиясы негізінде оқушылардың білімді меңгерудің ғылыми дәрежесін арттыру екі әдіс арқылы қамтамасыз етіледі: Бірінші әдіс - оқытушының түсіндіруін күшейту. Өңгіме дәстүрлі оқыту жағдайындағы оқыту материалын сипаттай түсіндіруден проблемалық оқыту жағдайындағы дәлелді түсіндіруге көшу туралы болып отыр. Оқытушының негізгі міндеті - түсіндіру жаңа сапаға ие болады, бұл сапа мыналармен сипатталады, оқытушы:

а) өзі жасаған проблемалық ситуация арасында жаңа ұғымның мәнін түсіндіреді;

ә) түсіндіре отырып, сол ғылым тарихында белгілі бір проблеманы шешуге алып келген ғылыми зерттеудің жолдарын, логикасын көрсетеді.

Меңгерудің ғылыми дәрежесін арттырудың екінші әдісі - сабақ беру мен оқудың жаңа қатынасын белгілеу, атап айтқанда, оқытушының түсіндірушілік міндетін орынды түрде шектеп, оқу проблемаларын шешу жолымен студенттердің ұғымдарды өздігінен ашу және түсіндіру жөніндегі іс-әрекетін кеңейту. Бұл анағұрлым маңызды тәсіл болып табылады. Өйткені проблемалық оқыту процесінде жаңа ұғымдардың мәнін оқушылардың өздері продуктивтік шығармашылық қызмет барысында (оқытушының көмегімен және басшылығымен) ашады, оның үстіне қызмет зерттеу әрекеттерінің шеберліктері мен дағдыларын қалыптастырады, ал, білімді бір ғана «зердемен емес, өз ойының күш салуымен» алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Лернер И.Я. Проблемное обучение. – Москва: 2004. – 131 б.
- 2.Әбілқасымова А.Е. Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру.- Алматы: Білім, 1994.- 120 б.
- 3.Махмутов М.И.Проблемное обучение. Основные вопросы теории. – М.: Педагогика, 1975 - 125 б.
- 4.Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. – Тараз: ТарМу, 2003.
5. Жанпейисова М.М. Технология модульного обучения. – Ақтобе: РИПК:СО, 1999.

ӨОЖ 377.158.72

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІН ДАМЫТУ

МАТКАРИМОВА БАЛНУР ЕРМЕКОВНА

№36 орта мектебінің директордың ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В этой статье рассматриваются развитие творчества школьников
Summary. This article examines the development of schoolchildren's creativity

Заманауи қоғамда мамандардың кәсіби-шығармашылық деңгейіне, өндіріс пен әлеуметтік саладағы ғылымдардың жетістіктеріне және прогрессивті технологияны енгізу мерзімінің қысқартылуына қойылатын талаптар күшеюде.

Демек, жаңаша білім беру – жаңа білім мен дағдыны меңгерген, шығармашылық қабілеті жоғары, дербес ізденіс нәтижесінде елеулі мәселелердің шешіміне қол жеткізетін, ойлау қабілетімен ерекшеленетін тұлғаны қалыптастыруды көздейді. Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары [1].

Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс.

Білім беру жүйесіндегі оң өзгерістер біздің елімізде орын алып қалыптасып келеді. Жеке тұлғаның қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, шығармашылығын, талантын ұштаудағы оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруды, білім берудің озық технологияларын пайдалануды жатқызуға болады. Оның себептерінің бірі қазіргі таңда ғылым мен техниканың дамуына, технология ғылым саласының озық жетістіктерінің өндіріске көптеп өзгерістер енгізуіне байланысты мектепте шығармашылық тұлғаға тән білім беру қажеттігі айқындалады.

Шығармашылық – мәдени немесе материалдық құндылықтарды өз ойы бойынша жаңадан жасау ретінде жинақталғаны, әрі ол ойлаудың жоғары формасы болып табылады. Мектеп оқушылары әлеуметтік-экономикалық жаңарулар тұсында қол жеткізген жетістіктерін меңгерумен қатар өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада мол табыстарға қол жеткізеді. .

Бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуда оқушыларға білім берудің маңызы ерекше. Осыған орай оқушылардың білім жетістігін өркениетті елдердің білім деңгейіне көтеру, нәтижеге бағдарлап оқыту, ұлттық құндылықтарды оқушылар бойында қалыптастыру, білім беруді ізгілендіру, жас ерекшеліктерін ескеру, фундаментальді білім беру, қазіргі оқыту технологиясын жетілдіру және т.б. басым бағыттарды 12 жылдық мектептің бастауыш сатысындағы пәндер бойынша мемлекеттік міндетті білім стандартын, оқу бағдарламасын жетілдіруде басшылыққа алудың қажеттігі туындап отыр.

Мектеп оқушыларына белгілі бір көлемдегі білім, білік – дағдыларды меңгертумен бірге табиғат, қоршаған дүние туралы түсініктерін кеңейте отырып, оларды шығармашылық бағытта жан - жақты дамыту – бүгінгі күннің талабы. Шығармашылық қабілеттілік – өз бетінше жаңа, бір бейне құруымен сипатталады, яғни іс-әрекеттің қандай түрінде болмасын жаңалық ашу арқылы, жасампаздық бейне жасау арқылы өзіндік жеке даралық дамудың бір көрінісін байқатқан жағдаймен түсіндіріледі [2].

Шығармашылық – бүкіл тіршілік көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Ал, бүгінгі күрделі жаңарулар тұсында оқушылардың шығармашылық бастамасы басты нысанасы болып отыр.

Еліміздің болашағы бүгінгі мектеп оқушылары екені даусыз. Ертең ел тізгініне ие болар жеткіншектеріміздің білімді, тәрбиелі, жан-жақты болып қалыптасуының қамтамасыз етілуі – мемлекеттік маңызы бар іс. Бүгінгі таңда білім саласында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Осы өзгерістерді жүзеге асыру, әсіресе, мұғалімдердің біліміне, кәсіби шеберлігіне көп байланысты.

Шығармашылық – өте күрделі психологиялық процесс. Ол іс-әрекеттің түрі болғандықтан тек адамға ғана тән «Шығармашылық» сөзінің төркіні – шығару, ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек.

Философиялық сөздікте «Шығармашылық – қайталанбас тарихи қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекет» деп түсіндіріледі. Ұзақ жылдар бойы шығармашылық барлық адамның қолынан келе бермейді деп қарастырылып келсе, қазіргі ғылым жетістіктері кез-келген баланы шығармашылық деңгейге көтеруге болатындығын айтуда.

Білім беру жүйесінде жаңа технологияларды қолдану арқылы мектеп оқушыларының білім деңгейін арттыру, шығармашылықпен жұмыс істей отырып, заман талабына сай оларды жан-жақты, терең білімді, интеллектуалды деңгейі жоғары жеке тұлғаны тәрбиелеу және т.б..

Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі, еңбек етуге құлшынысы. Өмірге дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек. Мектеп оқушыларының шығармашылық қабілетін тәрбиелеу үшін жүргізілетін жұмыстардың мазмұны мен түрлері сан алуан. Бұларды нақты жағдайларға байланысты жүргізе білу – әрбір мұғалімнің жеке шығармашылық ісі. Мұғалімнің жүргізетін осындай жұмыстардың бірі – оқушының оқу , еңбек, ойын әрекетін тартымды, мазмұнды, қызықты етіп ұйымдастыру [3].

Мұғалім оқушының шығармашылығын дамыту, бағыт-бағдар беру ісінде, мыналарды ескеруі керек деп ойлаймын:

- шығармашылық тапсырмалардың мазмұн-түрін ойлап табу;
- шығармашылық міндеттерді балаға ұсынудың әдіс-тәсілін меңгеру;
- көркемдік шешім табу, оқиға құру, образ жасау үшін кілт боларлық жағдайларды тудыра білу;
- шығармашылық процесті фактілер мен мәліметтерге педагогикалық, әдістемелік тұрғыдан баға, қорытынды бере білу, теориялық, практикалық тұжырымдар жасау.

Шығармашыл тұлғаға қажетті сапаны зерттеудің алғашқы кезеңінде психологтар және басқа да ғылым саласының ғалымдары мен ойлап табушылардың өмірбаянын, мемуарын және олардың шығармашылық лабораториясы жөніндегі айтылғандарды талдады. Осы талдау мен талдап қорытудың арқасында шығармашыл жеке тұлғаға тән сипатты белгілер бөлінді.

Соңғы педагогикалық әдебиеттерде оқу-тәрбие процесінде оқушылардың шығармашылық қабілет әдістері жөнінде кеңінен жазылуда. Солардың бірі шығармашылық қабілет әдістерін кеңінен төмендегідей етіп береді [4]:

1. Шығармашылық тапсырмаларды орындау, талдау.

2. Зерделенген ережелерді қосу.

3. Ойлауды белсендіру әдістері. Бұл әдістер оқушылардың жеке дара және топтық шығармашылық жұмыстарында қолданылады. Аталған әдістердің құрамына төмендегілерді жатқызады:

- топтық жұмыс;

- бақылау, сұрақ әдісі.

Қазіргі уақытта білім беруде педагогикалық процестің мақсаты – бұл мәдениеттің негізгі заңдылықтары мен әдістері, шығармашылық және практикалық іс-әрекетте өз бетінше жұмыс жасай алу, кәсіптік, қоғамдық және отбасылық карьерді таңдаудағы еркіндікті меңгеру процесінде өнегелік және шығармашылық жеке тұлғаны дамыту.

Шығармашылық тұлға – бұл шығармашылыққа деген тұрақты да жоғары қызығушылығын білдіретін, шығармашылық қабілетті қалыптастырудың бірлігінде көрінетін, оған бір немесе бірнеше әрекет түрлерінде, жеке мәнді шығармашылық нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Шығармашылық тұлға қабілеттер арқылы көрініс табады. Ол көріністер адамның қасиеттерінің психологиялық ерекшеліктері, немесе адамның психологиялық қасиеттерінің жиынтығы ретінде айқындалады. Шығармашылық қабілет жөнінде өз ойларын көптеген ғұламалар еңбектерінде жазып қалдырған. Шығармашылық қабілетке – баланың проблеманы көре білуі, өз іс-әрекетінің бағдарламасын жасай білуі және ойды іске асыру үшін жаңа идеялар алуы жатады. Шығармашылық қызығуы қалыптасқан баланы іздеу, оларды тәрбиелеу қоғам үшін өте қажет, себебі дарынды адам басқа адамдарға қарағанда көп пайда алып келеді. Сол себепті балаға зерттеу, бейімдеу, ынталандыру жұмыстары көптеп жүргізілуі қажет.

Шығармашылық – бұл ішкі дүниедегі толассыз өзгерісті және ондағы пайда болған жаңа мазмұнды үнемі түйсіну. Бұл жерде ақпараттың келіп түсуіне деген сұранымға адам сыртқы дүниеден түсетін ақпаратты ғана қажет етпейді, сондай-ақ ішкі дүниеден жаңаны шығаруы жатады.

Еліміздің болашақ елеулі азаматын, кәсіби шығармашылық тұрғыда жан-жақты жетілген жеке адамды даярлауда – оқу үрдісін тиімді ұйымдастырудың алатын орны ерекше екені даусыз. Сондықтан оқушы бойындағы шығармашылық қабілеттің жандануына жол ашу, жағдай жасау керектігі жайында ғұлама психолог-педагог ғалымдардың еңбектерінде ерте кезден-ақ баяндалып жүр.

Психологиялық және педагогикалық әдебиеттерді талдау қабілеттің жалпы құрылымын практикалық түрде төмендегіше белгіленді.

Шығармашылық қабілеттік мәселесі психология ғылымында бір жақты ғана қаралмайды. Бұл бұрыннан-ақ келе жатқан құпиялы қасиет болып табылады. Құпияның сырын ашу кілтін психология, педагогика ғылым салаларындағы ғалымдар түрліше түсіндіріп ашады.

Мектеп оқушыларының ойынға, білімге деген қызығушылығы мен ынтасы негізінде шығармашылық белсенділігі қалыптасады. Білім алу барысындағы оқушылардың қабілетінде шығармашылық белсенділікті арттыру, олардың шығармашылық әрекеттерінің нәтижесінде біліктілікке қол жеткізу – бүгінгі оқу үрдісінің негізгі мақсаттарының бірі. Оқыту барысында белгілі бір әрекеттер нәтижесінде қалыптасатын жеке тұлға мәселесі теориялық тұрғыдан педагогтар үшін де маңызды. Бұл проблеманың кейбір тұстары тамыры тереңге бойлайтын көне замандардан бастау алды. Ол шәкірттеріне білімді жай ғана бере салмай, сұрақ қоя отырып, олардың ойлау қабілетін, қызығушылығын арттырып, өз ой тұжырымын жасай білуге үйретті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының білім беру тұжырымдамасы. www.edu.gov.kz
2. Сабыров Т.С. Балалардың оқу белсенділігін арттыру жолдары. – Алматы: Мектеп, 2018.
3. Мырзабаев А.Б. Балалар шығармашылығын дамытуда белсенді оқытудың дидактикалық мүмкіндіктері. – Алматы, 2015.
4. Тұрғынбаева Б.А. Оқыту барысында шығармашылық қабілеттерін дамыту. – Алматы, 2012.

ӘОЖ 377.478.58

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ОҚЫТУДАҒЫ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

ОСПАНБАЕВА ЖАНАТ КОШПЕНБАЕВНА

№26 орта мектебінің директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье представлены методы обучения согласно обновленному образовательному содержанию.

Summary. The article presents teaching methods according to the updated educational content.

Білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және Қазақстандық білім берудің үздік практикасын кіріктіруге бағытталған. Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде Қазақстандық педагог-практиктердің және ғалымдардың ұсыныстары ескеріліп жасалды. Білім беру мақсаты келесі негізгі кең ауқымды дағдыларға [1]:

- білімдерді функционалдық және шығармашылық қолдану;
- сыни ойлау;
- зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- ақпараттық-коммуникативтік дағдыларды пайдалану;
- әр түрлі коммуникация тәсілдерін пайдалану;
- топта және жеке жұмыс істеу ептілігі;

- проблемаларды шешу және шешімдер қабылдауға ие оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін құру.

Педагогикалық әдіс-тәсілдер:

- құндылықты бағдарланған;
- әрекетті;
- тұлғалық-бағдарланған;
- кіріктірілмелі.

Коммуникативті әдіс-тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын құрудағы негізгі бағдарлар болып табылады. Оқушылар барлық пәндерді оқу кезінде АКТ қолдану дағдыларын дамытады. Ақпаратты іздеу және өңдеу барысында ұжымда идеялармен алмасады, өз жұмыстарын бағалайды және жетілдіреді, түрлі жабдықтар пен қосымшалардың кең ауқымын пайдаланады. АКТ оқушы білімінің, оларды тиімді қолдану бойынша дағдыларының дамуына жәрдемдеседі [2].

Күнделікті білім беру үдерісі оқу мақсаттарына жетуге және оқушыларда алынған білім мен дағдыларды кез келген оқу және өмір жағдайында шығармашылық пайдалануға дайындығын қалыптастыруға бағдарланған.

Оқыту әдіс-тәсілдері:

Құндылықты-бағдарланған тәсіл – оқушының құндылықтар жүйесін қалыптастырушы оқу-тәрбиелік үдерістің сәйкесінше формалары арқылы тұлғаның өзін-өзі танытуы үшін алғышарттар құруды көздейді.

Орта білім беру құндылықтары: Қазақстандық отансүйгіштік және азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек және шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білім алу.

Тұлғалық-бағдарланған тәсіл – педагогтің назарын оқушы тұлғасының тұтастығына, оның тек ақыл ойы, азаматтық жауапкершілік сезімінің ғана емес, сондай-ақ эмоционалдық, эстетикалық,

шығармашылық нышандары мен даму мүмкіндіктерімен қоса рухани дамуы туралы қамқорлыққа шоғырландыруды көздейді.

Жүйелік-әрекетті тәсіл – оқу-тәрбие үдерісінде оқушының өз бетінше білім алуына бағытталып, осы мақсатта мұғалімнің тиімді іс-әрекеттің түрлі формаларын қолдануын көздейді.

Коммуникативтік тәсіл – бірінші кезекте оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға, қарастырып отырған мәтін, қатысып отырған әңгіме мазмұнын түсініп, туындаған жағдаятқа сәйкес тілді қолданып үйренуге бағытталған.

Интегративтік тәсіл – оқу үдерісін жобалау және өткізу кезінде әр түрлі оқу пәндерінің мазмұнын өзара кіріктіру есебінен оқушыда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға жәрдемдеседі.

Зерттеу тәсілі – зерттеушілік әрекет дағдыларын дамытуға, ғылыми таным әдістерімен танысуға жәрдемдеседі, оқушыларда танымдық қызығушылық қалыптастырады.

Интербелсенді әдіс – үйретуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқытудың негізі деп танытын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер, (inter – аралық, бірнеше, action- әрекет дегенді білдіреді). Өзара әрекеттестік әдетте, белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі. Біз оқытуды және білім беруді, егер сабақ барысында мұғалім мен оқушы арасында өзара әрекеттестіктің жоғары деңгейіне қол жеткізсе, «интерактивті» деп атаймыз.

Интерактивті сөзі – ағылшын тілінен аударғанда әңгімелесу, талқылау түрінде өтеді. Ең бастысы, мұнда мәселені шешу процесі жауапқа қарағанда маңызды екендігін түсіну қажет. Бұл интерактивті әдістің мақсаты – тек ақпаратты беру ғана емес, оқушыларға жауаптарды өз бетінше табу дағдысын меңгерту екендігімен байланысты.

Интерактивті негізде оқу мақсаты:

- білу емес, үйрене білу;
- өзіне деген сенімге тәрбиелейді;
- шешендік өнерін жетілдіреді;
- танымның мәнін түсінуге көмектеседі (яғни, кейде абсолютті шындық болмайтынын);
- сыни ойлау дағдыларын дамытады;
- өз пікіріне деген құқығын түйсінуі артады.

Интербелсенді оқыту – әрекетпен және әрекет арқылы оқыту, бұл ұстаным үлкен нәтижелерге жеткізетін тиімді жүйе деп есептелінеді, себебі адам санасында бірінші кезекте өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасаған істер қалады. Кезінде көне қытай ғұламасы Конфуций (Күн-цзы) былай деген екен: «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң – үйренемін!» деген пікірі дәлел бола алады. Сондықтан интербелсенді оқыту оқушылардың оқу үдерісіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары және тәсілдері ретінде танылады.

Интербелсенді әдісте оқушылар төмендегідей білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді [3]:

- терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
- өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- ақпаратты өздігімен түсініп, жан-жақты талдап, тандап алу;
- өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;
- пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;
- шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу;

Сол себепті интербелсенді оқытуда оқушылар келесі әрекеттерді атқаруға дайын болу керек: бірлескен жұмыс; танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік тұрғыдан белсенділік таныту.

Интербелсенді әдістемесінің жұмыс түрлері мен әрекеттері:

- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, ұжымдық),
- рөлдік және іскерлік ойындар, пікірталастар,
- ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, мұражай т.б.)
- презентациялар,
- тренингтер,
- интервью,
- сауалнама, т.б.

Интерактивті әдістерді қолдануда кейбір ережелерді есте сақтау қажет [4]:

Бірінші ереже. Жұмысқа балалар толығымен қатысуы керек.

Екінші ереже. Балаларды психологиялық тұрғыдан дайындау, сабақ барысында сергіту сәті, балаларды белсенділігі үшін марапаттау, баланың өзін-өзі көрсетуіне жол беру.

Үшінші ереже. Кабинет талапқа сай болуы қажет.

Төртінші ереже. Жұмыс орнына назар аудару қажет. Мекеме ыңғайлы және жайлы болуы қажет. Бала өз пікірін, көзқарасын білдіріп, дәлелдеп беруге мүмкіндік жасалуы қажет.

Бесінші ереже. Оқу барысында процедураға және регламентке назар аудару қажет. Мысалы, белгіленген уақыттан асып кетпеу, бөгде кісінің пікірін сыйлау, сөзді бөлмеу, оның ар-ожданын сыйлау.

Алтыншы ереже. Оқушыларды проблема шешу барысында топқа бөлуге мұқият қарау.

Интерактивтік әдістеме өзара қарым-қатынастың мол ауқымын қамтиды. Дегенмен, әдістемелік амал қандай болса да, оқушылардың өздерінің өмірлік тәжірибелері білім берудің негізгі көзі саналады.

Қорыта келгенде, оқушылар тек тыңдаумен айналыспай, білім алуда белсенді әрекет етуі керек екенін көрсетеді. Белсенді оқу аясында көңілді білім алады. Жаңартылған және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдер өз шеберлігін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Айтбаева А.Б. Білім берудегі жаңа технологиялар. – Алматы, 2011.
2. Бұзаубақова Қ.Ж. Мұғалімнің инновациялық іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың теориясы мен практикасы. – Алматы, 2019.
3. Бұзаубақова Қ.Ж. Білім сапасы менеджменттің жүйесі. – Тараз, 2011.
4. Естұрсынова М.К., Набидоллина Ш.С. Жаратылыстану негіздері және дүниетануды оқыту әдістемесі. – А., 2017. – 384 б.

ӨОЖ 371.215

ОРТА МЕКТЕПТЕ ТАРИХТЫ ОҚЫТУДЫҢ БАСТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

СМАЙЛОВА ГУЛЯ МУХАНЖАНОВНА

Құлан мектеп-гимназиясының тарих және құқық пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы

Резюме. В статье всесторонне анализируются проблемы и предпосылки преподавания истории в средней школе. Дается научное описание того факта, что, как и диалектика процесса преподавания истории, методика обучения постоянно развивается. Доказано, что методика преподавания истории служит реализации сложных задач воспитания молодого поколения, стоящих перед обществом.

Summary. The article fully analyzes the problems and prerequisites of teaching history in secondary schools. The scientific description of the dialectic of the process of teaching history, as well as the constant development of the methodology, is given. It is proved that the methodology of teaching history serves to implement the complex tasks of educating the younger generation facing society.

Тарихты оқыту - өзара байланыста және үнемі қозғалыста болатын құрауыштардың басын біріктіретін өте күрделі процесс. Ол оқыту мақсаты – оның мазмұны – білім беру және оны игеруге басшылық жасау – оқушылардың оқу әрекеті – оқыту нәтежиесі деген тізбекті құрайды. Оқыту процесіндегі қозғалыс оның ішкі қайшылықтарын жою барысында іске асады. Ол қайшылықтар жоспарластырылған және қолданылған оқыту құралдары мен әдістерінің арасында пайда болады. «Тарихты оқыту процесінің диалектикалығы сияқты әдістемені оқыпүйрену де үнемі даму үстінде болады.

Тарихты оқыту әдістемесі қоғам алдында тұрған жас ұрпақты тәрбиелеудің кешенді міндеттерін іске асыруға қызмет жасайды. Тарихты оқыту әдістемесі тарих ғылымдарымен бірге философия, әлеуметтану, мәдениеттану, педагогика, психология, дидактика талаптары логика сияқты ғылым салаларымен тығыз байланыста дамиды»[1,8б.]. Бұл салалардың материалдарын пайдалану шығармашылық сипат алады, өйткені әдістеме пәні оларды тарихты оқыту процесін жетілдіру мақсатында қорытып, жаңартып пайдаланады. Зерде категориясы мен шежіре айту дәстүрі ұлттық тарихи білімнің қалыптасуы мен дамуындағы ең басты буын болғанмен, біз жалпы ұлттық тарихи білімнің қалыптасуы мен даму бағытын тұрмыстық, ғылымға дейінгі және ғылыма-теориялық деп 3-ке жіктеп, оның ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі құрылымын 7 дәуір, 5 кезеңге бөлуді жақтаймыз: 1-ші бағыт (тұрмыстық тарихи білім) 2 кезеңнен тұрады: а) Тарихи білімнің пайда болу кезеңі; б) Дәстүрлі тарихи білімнің қалыптасу кезеңі. Бұлардың әрқайсысы жеке-жеке дәуірге бөлінеді. Осы арада тарихта айтылатын тас дәуірі мен алғашқы қауымдық құрылыс аралығында қалыптаса бастаған тарихи білімді түгелімен 1-ші дәуірдің үлесіне кіргіземіз. Осы дәуірдегі тарихи білім нышандары табиғат құпияларын білуге ұмтылу сияқты философиялық ұғым шеңберінде бой көтере бастайды. Ал тарихтағы сақ-үйсін дәуірі мен түркі дәуірі аралығында дами бастаған тарихи білімді 2-ші дәуір үлесіне кіргіземіз.

Бұл дәуірдегі тарихи білім нышандары философиялық ұғымдағы зерденің төменгі сатысы-пайымдау арқылы мүмкін болады. 2-ші бағыт (ғылымға дейінгі тарихи білім) үлкен бір кезең (есеп бойынша 3-ші кезең) барысында қалыптасқанмен, бұл кезең 3 дәуірге бөлінеді (III-IV-V дәуір). 3-ші дәуір қазақ жеріне арабтардың келуінен Ақ Орданың дүниеге келуі аралығын қамтыса, ол философиялық ұғымдағы дін арқылы болжау нәтижесінде болған тарихи білімді дүниеге әкелді. Осы 2-ші бағыт ішіндегі 4-ші дәуір қазақ хандығының қылаптасуынан бастап, Ресейге еріксіз бодан болған тұстағы ұлттық тарихи білімнің пайда болуын философиялық ұғымдағы зерделеудің нәтижесі деп түгінгеніміз жөн. Ал 2-ші бағыт ішіндегі 5-ші дәуірдегі ұлттық тарихи білім, ұлт-азаттық қозғалыстар арқылы бой көтеріп, «зар-заман» ақындары арқылы қазақ-демократартушыларының көзқарастарына ұласса, бұл үрдіс философиялық түсініктегі зерделі сын арқылы жүзеге асты. 3-ші бағыт(ғылыми-теориялық тарихи білім) 2 кезең және, 2 дәуірге бөлінеді. Мұндағы 1-ші кезең (есеп бойынша 4-ші кезең), 6-шы кеңес дәуірі кезінде саясат арқылы жүйелі жолға түсіп, 1935 жылдан бастап идеологиялық жағынан қыспаққа алынған тарихи білім. Ал есеп бойынша, 5-ші соңғы кезеңдегі ұлттық тарихи білім 7-ші тәуелсіздік дәуірімен бірге келіп, қайта жаңғырып отыр. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін 1995 жылы дүниеге келген «Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастырудың тұжырымдамасында» Қазақстандағы тарихи білімнің іргелі принциптері айқындалып, негізгі басымдықтары анықталды.

Ақыры Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 1998 жылдың «Отандық тарих жылы» деп жариялануының өзі еліміздің динамикалық дамуына, ұлттық мәдениеті мен руханиятының өсуіне, қазақ халқының сана сезімінің жандануына арқау болып» [2, 356.], жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды шығаруға жол ашып берді. Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің 1998 жылғы 21 тамыздағы № 465 бұйрығымен бекітілген қоғамдық гуманитарлық пәндер циклына арналған Қазақстан Республикасы орта білім мемлекеттік стандартының бірінші кітабында тарихи білімнің сипаты былай түсіндірілген: «Қоғам мүшелерін қажетті дәрежеде тарихи біліммен қаруландырмай, оларда тарихи сананы қалыптастырмай, ешбір мемлекет тарихи дамудың жоғарғы сатысына жете алмайды». Бұл стандартта тарихи білім мазмұнын іріктеуде ұлттық деректердің басыңқы болуына көңіл бөлініп, ғылымда ұзақ уақыт бойы үстемдік еткен Европacentрлік ұстаным мен коммунистік идеологияның солақай саясаты сыналды. Бұның өзі Тәуелсіздік жағдайындағы тарихи білімнің құрсаудан шығуына көмектесіп, оның ұлттық белгідегі өрісін кеңейте түсті. Ал 2002 жылы Қазақстан мектептеріне арналған жаңа стандарт бойынша мектепте «Тарих» пәнін оқытудың жалпылы мақсаттары ықшамдалып, отандық тарихты оқыту арқылы оқушыларға бүкіл адамзат жасаған құндылықтар мен мәдени-тарихи тәжірибенің нәтижелерін табыстап, меңгертудің барысында олардың санасында жүйелі білім негіздерін қалыптастырудың жолдары қарастырылған. Стандартта діннің тарихтағы қызметін дұрыс түсіне білуге тәрбиелеу міндеттері көрсетіліп, «Тарих» оқу пәнінің оқытатын нысандары нақтыланумен бірге, оның таяудағы даму болашағы айқындалған. Жаңа тарихи сана қалыптастыру ісіне Елбасы көңіл бөліп, бағыт-бағдардың кең болуын еске салды: «Бүгінгі таңда біз, әлеуметтік даму динамикасын ескермесек, өзгелердің даму қарқынына қарап отырмасақ, тарих шеруінің соңында шаң қағып қалуымыз әбден мүмкін».

Н.Ә. Назарбаевтің бұл сөзі қазіргі әлемдік мәдениет дамуының «Мәдениет – Білім – Тарих» [3, 626.], болсын деген ұсынысымен де үндеседі. Қазіргі кезде тарихты оқытудың мақсаттарын айқындау одан әрі жалғасуда. Соған сәйкес мынадай міндеттерді атауға болады: - ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды құрметтейтін, табиғаттың мәдениеттің және қоршаған ортаның байланыстарын қорғау қажеттілігін сезіне білетін отансүйгіш азамат тәрбиелеу; - оқушыларды қоғам мен адамзаттың ежелгісімен, бүгінгімен таныстырып, оларды өткен бабалардың әлеуметтік, адамгершілік тәлім-тәрбиесін ұғынуға бейімдеу; - қазіргі қоғамға кіріккен және жетілдіруге ұмтылытын тұлға қалыптастыру; - тұлғаны ұлттық және әлемдік мәдениетке кіріктіруге бейімдеу; - әр түрлі көзқарастар жүйесін есепке ала отырып, оқушылардың пікірлер мен көзқарастарды еркін тандау құқын қорғауын қамтамасыз ету, гуманистік және демократиялық құндылықтарға бағыттау; - тарихи білімдер мен әдістерді қолданып, қоғамдық ойдағы жаңа мағлұматтарды өз позициясы тұрғысынан сын көзімен бағалап, талдай алу дағдысын қалыптастыру. Тарихты оқытудың негізгі факторлары оқу процесінде кешенді түрде жүйемен іске асады. Жүйе дегенміз - өзара әрекеттесіп, тығыз байланыста болып, белгілі біртұтастық, бірлік құрайтын бөліктердің жиынтығы.

Оқу факторларының ішкі тұтастық қасиеті оқыту процесіне дұрыс ықпал жасап, оның сапасының жақсаруына жол ашады. Мектепте тарихты оқытудың мазмұны тарих ғылымының дамуы барысында өзгеріп отырады. Әдістеме отандық және жалпы тарихтың негізгі оқиғалары, фактілері мен құбылыстарын тандауға; теориялық жинақтау мен анықтамалар қалыптастыруға көмектеседі. Мектепте оқыту үшін тандап алынған тарихтың мазмұны мемлекеттік стандарт, бағдарлама, оқулық түрінде көрініс табады. Оқушылар ол мазмұнды сыныптық, сыныптан тыс және мектептен тыс оқу түрлерін қамтитын

оқытуды ұйымдастырудың белгілі бір әдістемесі арқылы меңгереді. 3. Әдістер (әрекет тәсілдері) әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, сөздік, баспақолжазбалық (мәтінмен жұмыс). Көрнекі, практикалық деген сияқты. Олардың мәні қалай оқыту керек деген сұраққа жауап беріп, мұғалім мен оқушының бойында екі жақтық әрекетін айқындайды. Жақсы жолға қойылған оқытудың әдістемесі оқушылардың бойында тарихи білім мен танымдық дағдыларды, ғылыми көзқарас пен сенімді қалыптастырып, дамытуда тиімді нәтиже береді. Әдіс, тәсілдер мен оқытудың түрлері (жалпысыныптық, топтық, дербес), сабақ типтері (қайталау-жинақтау, семинар, зертханалық, саяхатсабақ), сабақ үстінде мұғалім әрекеті мен оқушының оқу құралдары тығыз байланысты. Оқу жұмысының құралдарына оқу процесін қамтамасыз етуге керекті оқулық, жұмыс дәптері, тарихи карта, оқу картиналары, диафильм т.б. сияқты заттарды жатқызамыз.

Оқу материалы мазмұнының, тиісті оқыту әдістемесінің ұйымдастырылуы және оқушылардың тарымдық қызметі формаларының біртұтастығы негізінде оқушылар оқыту мақсатына қол жеткізеді. Оқушылардың танымдық мүмкіндіктері оқушының жасына және соған сәйкес тарихи білім мен дағдыны игеру деңгейіне тікелей байланысты. Тарихи танымға ұмтылуға күш жұмсау тұлғаның ойлауын, қиялын, ерікжігерін және сезімдік қасиеттерін дамытуға айтарлықтай ықпал жасайды. Оқу процесінде оқушылардың тарихи білімді меңгеру және қолдану қабілеті дамиды. Оқыту нәтежиелері алға қойған мақсаттарды іске асырумен тікелей байланысты. Ол оқушылардың қол жеткізген білім мен дағдысының, олардың интеллектуалдық, эмоциялық және ерік-жігерінің деңгейін танытады. Білімін дәлелдеу және негіздеу, ең бастыны бөліп алу, себепсалдарлы байланыстарды анықтап, қалыптасқан мәселені шешуде қажетті білімді қолдана алудан көрінеді. Оқыту нәтежиелері мына деңгеймен өлшенеді:

1) 5-11 сыныптардағы бір сабақта, бір тақырыптағы бірнеше сабақта немесе бөлімдегі, тараудағы, курстағы, бүкіл курстағы алған тарихи білім;

2) ғылыми көзқарастың қалыптасуы;

3) тарихты оқыту процесінде оқушыларды тәрбиелеу;

4) оқушылардың танымдық мүмкіндіктерін дамыту. Осылайша оқыту нәтежиелері алға қойған мақсаттың орындалғанын немесе тек сөз жүзінде қалғандығын танытады.

Соңғы жылдары білім сапасы тест көмегімен бағалануда. Оның есесіне оқушылардың алған білімдерінің практикалық қызметте қолдану қабілетін бағалайтын тапсырмалар аз қолдануда. Тарих сабақтарында мұндай тапсырмалар қарапайым дерек көздері және құжаттарды зерттейтін зертханалық сабақтар жүргізумен тікелей байланысты. Оқушылар сабақтан бос уақытында мұражай мен мұрағаттағы жұмыстары негізінде баяндама, реферат, ғылыми мақала дайындауы да тарихи білімін бағалаудың өлшемі болуы тиіс. Әлемдік талғамдарға сай қимылдау үшін тарих емес мамандықтарда Отан тарихын оқытуға қойылатын талаптар мен оқытудың ерекшеліктері қазірдің өзінде байқалып отырған жас ұрпақ сана-сезіміндегі түрлі қауіптермен байланысты. Кеңес дәуірінде жоғарғы мектепте өзінің ұлттық тарихын білуге орын жоқ болды. Осыған орай ақылды балалардың көбі өзінің рухына жетімсіздігінен бүгінгі тәуелсіздік заманның салмағын көтеруге дәрменсіз болып шықты. Себебі ауыл жастарына нарық әкелген объективтік себептер туындатқан бүгінгі көңіл-күй олардың арасынан қылмыскерлер мен бұзақыларды көптеп шығаруда. Ең өкініштісі, өз халқының тілін білмейтін, тіпті оны ерсі көріп, жат санайтын, сөйтіп басқа тілдің жетегіне еріп, санасында басқа түсінік қалыптастырып, ұлттық намысын жоғалтатын тәрбие жолына түсе бастаған жаңа буынның әкімшіл тобы бәрінен де қауіпті. Демек, бұл, мемлекеттік дәрежеде ойланып, жастарды, әсіресе ауыл жастарын, оқыту мен тәрбиелеудің арнайы заң жобаларын әзірлеп, халық талдауына беруді қажет ететін күрделі мәселе.

Мектеп жасындағы Қазақстан жастарын Отанға берілген нағыз патриот етіп тәрбиелеудің бір жолы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ұлттық тарихи білімді жан-жақты меңгеруі арқылы шешіледі. Ал бастауыш сыныптағы тарихтан бастапқы түсінік беретін «Ана тілі», «Дүниетану» пәндердің мазмұнына ұлттық тарихқа қатысты материалдарды молынан ендіру мен оларды оқыту әдістемесінің жасалуы тарихшы ғалымдардың қамқорлығына алынса, баланы тарихпен тәрбиелеудің тағы бір жолы ашылған болар еді. Отан – адамның туып өскен жері, елі, мекені. Адамның азамат болып қалыптасуы, өмірі Отанына қызмет етумен байланысты. Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы. Ондағы әрбір адам осында мекендейтін халықтар мен ұлтын сүйе білсе, бұл Отаншылдық болып табылады. Отан сөзі «отар» ұғымының қырларын әшкерелеген сайын қасиеттеле түседі. Отан жөнінде ой тапшылығында Отандық тарихи білімді объективті қалыптастыру ерекше маңызға ие болуда. XX ғасыр басындағы қазақтың ұлт зиялылары оқытудың жаңа әдістәсілдеріне, жастардың жаңа бағдарламалар арқылы білім алуына, ғылыми дидактикалық қағидаларға бай оқулықтар жазуға ерекше назар аударды. М. Дулатов «балалардың оқыған нәрселерін бір-біріне байланыстырып ойлануына, оқып шыққанын кейін жадында жүйелі һәм толық мағынасымен қалдыруға әрекет ету керек» десе, М. Жұмабаев оқу әдістемелік мәселелерге ерекше назар аудара келе «оқу құралдарының мінезі – мектеп мінезінің айнасы» – деп ұлттық оқулықтар теориясына көңіл аударды. Ұлт зиялылары қандай пәндерге арналған оқулық болмасын, ол тек

ғылыми мағлұмат қана беріп қоймай, шәкірт бойында елге, жерге, ұлттық салт-дәстүрмен отандық ғылыми жетістіктерге дейін сүйіспеншілік сенімін қалыптастыруға негізделу қажет деп көрсетті. Ұлтты сүю – ұлтшылдық емес (Бауыржан Момышұлы)»[4, 53б.].

Сондықтан ұлтжанды адам – өз ұлтының тегі мен тарихын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, ділін, тілі мен дінін ардақтап, өмірінің соңына дейін қастерлей білетін адам. Бұның бәрі, негізінен, адамға ұлттық тарихи білім арқылы қалыптасатын құндылық болып табылады. ХХІ ғасырдағыәлемдегі жоғары білімнің жаңа, ізгілікті міндеттерінің бірі – үздіксіз зерттеу арқылы тарихи білімді жетілдіру болса, оған ұлттық және аймақтық мәдениетті дамыту жолдарымен жетеміз. Бүгінде БҰҰ, ТҮРКСОЙ, ЮНЕСКО сияқты халықаралық ұйымдардың ұсынып отырған тиімді тәсілі де осы. Қазақстан Республикасы оның маңыздылығына ерекше мән беріп, «Қазақстан – 2050» даму стратегиясында атап көрсеткендей, мәдениетті жете бағаламау – өркениетті былай қойғанда, азаматтық қақтығыстарға қарай жетелейді – деп көрсетіп, өз Конституциясында азаматтарды мәдени мұраларды сақтауға қамқорлық жасауға міндеттеді. Егер тарихи білімді мәдениеттің бір бөлшегі деп қарасак, мұндай шаралар Қазақстан Республикасы тарапынан тарихи білімнің әлемдік рөлімен санасудың белгісі болып табылады. Білім – философиялық ұғым. Ал тарихи білім – тарихтың тарихилығы, тарихи ойлау, тарихтану деп бөлінетін тарих ғылымының бір тармағы. Бұл мәселе - әлі күнге тақырып жағынан да, проблема жағынан да теориялық тұрғыдан Қазақстан тарихнамасында арнайы зерттелмеген жаңа құбылыс.

Қорыта келгенде, тарихи білімді шынайы дамыту арқылы ғана бүкіл ел экономикасын тұрақты жылжытуға қуатты қарқын қосамыз. Мұның өзі бәсекеге қабілетті дамыған елу елдің қатарына таяу жылдарда-ақ қосылуға жол ашады. Сонымен бірге, төл тарихты білудің арқауында қазақ халқының тағдыры, оның өсіп-өркендеуі, ұлт ретінде жойылып кетпей, ел ретінде қалып, тәуелсіздікті сақтап қалудағы асыл мұраттары жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптастырудың тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. – 2005. – 30 маусым.
2. Алдамжаров З.А. Тарих: пайымдау мен тағылым. – Алматы: Арыс, 2002. – 288б.
3. Берлібаев.Е.Т. Қазақ тарихы және кеңестік саясат // Қазақ тарихы. – 2003. – № 3. – 36-40-бб.
4. Берлібаев.Е.Т. Төл тарихын оқытуда ұлттық және аймақтық мәдениетті дамыту жолдарын іздестіру // Современность: мир мнений философский альманах. – Алматы: Абай атындағы АлМУ, 2002. – № 2(8). – 86-90-бб.

УДК 853.116.38

ОБ ИННОВАЦИОННЫХ МЕТОДАХ ПРЕПОДАВАНИЯ В ШКОЛЕ В УСЛОВИЯХ ДВУЯЗЫЧИЯ

БАЛАБЕКОВА КАРАКАТ

Учитель русского языка и литературы школа-гимназия Кулан,
Республика Казахстан, Жамбылская область

Түйіндеме. Мақалада мектепте орыс тілін қос тілді аудиторияда үйретудің инновациялық әдістерінің тиімділігі жан-жақты зерттелед. Қос тілділікті ұстанатын мектептерде орыс тілін оқытып үйретудің мәселелері мен нәтижелері де мақалада талданад. Қазіргі мектептерде бірнеше тілді қатар үйрету арқылы көп тілді тұлғаны қалыптастырудың тиімділігі де сөз болады.

Summary. The article comprehensively studies the effectiveness of innovative methods of teaching russian in a bilingual classroom at school. The article also analyzes the problems and results of teaching russian in bilingual schools. The effectiveness of forming a multilingual personality through the simultaneous teaching of several languages in modern schools is also discussed.

Динамика развития объективной реальности, глобализация мирового сообщества предъявляют новые требования к современному образованию. Оно не только должно выполнять традиционную функцию передачи социального опыта, но в большей степени, готовить будущих граждан страны к жизни в современном, быстро меняющемся мире. Поликультурность социального пространства, в котором развивается жизнедеятельность человека, является одним из системообразующих качеств современного

мира. Поэтому проблема развития поликультурного образования занимает центральное место в образовательной практике многих стран, где сосуществуют носители разных культурных традиций, представители разных этнических и конфессиональных групп. В современном Казахстане также существенно изменились требования к результатам обучения и воспитания, возникла настоятельная необходимость воспитывать у подрастающего поколения готовность к жизни в открытом обществе и формировать навыки межкультурного диалога. Проблема развития поликультурного образования актуальна для Казахстана. Вне зависимости от того, при каких обстоятельствах сложилась полиэтничность населения той или иной территории – сформировалась ли она исторически или стала результатом миграционных процессов – сегодня необходима сбалансированная политика в сфере образования, учитывающая интересы и национально-культурные особенности народов Казахстана.

На современном этапе развития нашего общества как никогда возросла социальная потребность в нестандартно мыслящих творческих личностях. Потребность в творческой активности специалиста и развитом техническом мышлении, в умении конструировать, оценивать, рационализировать технику и технологию быстро растет. Мы готовим поколение новой формации. Решение этих проблем во многом зависит от содержания и технологии обучения будущих специалистов.

Технология – наука техники. Техника – искусство, знание, умения, приемы работы и приложения их к делу.

Технология. Одни утверждают, что это синоним прежнего термина «методика». Другие полагают, «...что технология (в отличие от методики) содержит только воспроизводящие действия, но не содержит описания личности педагога, которая всегда неповторима, в то время как методика, кроме алгоритма действий, включает и характеристики личности ее автора, без чего методика не дает желаемых результатов» [1,71с.].

Третьи полагают, что все дело во времени: в прошлом веке термин «методика» был жестко привязан к тому или иному учебному предмету. Теперь же, в XXI веке, его употребляют как «технология» в более широком, в более общем смысле (не методика, а технология обучения, воспитания, развития управления и т.д.).

Четвертые утверждают, что технология (в отличие от методики) должна жестко удовлетворить трем требованиям: описывать алгоритм действий, быть воспроизводимой в разных условиях (разными учителями и по отношению и разным детям) и третье – должна давать гарантированный результат. С первыми двумя требованиями можно согласиться, но как быть с неповторимостью, индивидуальностью каждого педагога, который может улучшить, усилить результаты любой технологии, а может и обесценить их, а то и свести на нет?

Под технологией обучения подразумевается определенный способ обучения, в котором основную нагрузку по реализации функции выполняет средство обучения под управлением человека. В технологии обучения ведущая роль отводится средствам обучения: учитель не обучает учеников, а выполняет функции стимулирования и координации их деятельности, а также функцию управления средством обучения. Технология в любой сфере – это деятельность, в максимальной мере отражающая объективные законы данной предметной сферы и поэтому обеспечивающая наибольшее для данных условий соответствие результатов деятельности предварительно поставленным целям. Педагогическое мастерство учителя состоит в том, чтобы отобрать нужное содержание, применить оптимальные методы и средства обучения в соответствии с программой и поставленными педагогическими задачами.

Новые требования общества к уровню образованности и развития личности, приводят к необходимости изменения технологий обучения. Сегодня продуктивными являются технологии, позволяющие организовать учебный процесс с учетом профессиональной направленности обучения, а также ориентацией на личность ученика, его интересы, склонности и способности.

Одна из важнейших проблем дидактически – проблема методов обучения остается актуальной как в теоретическом, так и в практическом плане. В зависимости от ее решения находятся сам учебный процесс, деятельность учителя и ученика, а, следовательно, и результат обучения.

Метод – это способ продвижения к истине. Успех обучения зависит в основном от направленности и внутренней активности обучаемых, характера их деятельности, степени самостоятельности, проявления творческих способностей. Они должны служить важным критерием выбора метода. И.Я. Лернер и М.Н. Снаткин предложили выделить 5 методов обучения:

1. Объяснительно – иллюстративный метод.
2. Репродуктивный метод.
3. Метод проблемного изложения.
4. Частично – поисковый, или эвристический метод.
5. Исследовательский метод.

Инициатива, самостоятельность, творческий поиск проявляются в исследовательской деятельности наиболее полно. Методы учебной работы непосредственно перерастают в методы научного исследования Ю.К. Бабанский выделил 7 шагов алгоритма «Оптимальный выбор методов обучения». Они активно используются в процессе преподавании школьных дисциплин.

1. Решение о том, будет ли материал изучаться самостоятельно или под руководством педагога; если ученик может без излишних усилий и затрат времени достаточно глубоко изучить материал самостоятельно, помощь педагога окажется излишней. В противном случае в той или иной форме она необходима.

2. Определение соотношения репродуктивных и продуктивных методов. Если есть условия предпочтение нужно отдать продуктивным методам.

3. Определение соотношения индуктивной и дедуктивной логики, аналитического и синтетического путей познания. Если эмпирическая база для дедукции и анализа подготовлена, дедуктивные и синтетические методы вполне по силам для взрослого человека. Они, бесспорно, предпочтительнее как более строгие, экономные, близкие к научному изложению.

4. Меры и способы сочетания словесных, наглядных, практических методов.

5. Решение о необходимости введения методов стимулирования деятельности учеников.

6. Определение «точек», интервалов, методов контроля и самоконтроля.

7. Продумывание запасных вариантов на случай отклонение реального процесса обучения от запланированного.

Какие бы методы обучения ни применялись для повышения эффективности профессионального образования, важно создать такие психолого – педагогические условия, в которых ученик может занять активную личностную позицию и в полной мере проявить себя как субъект учебной деятельности. Дидактический принцип активности личности в обучении и профессиональном самоопределении обуславливает систему требований к учебной деятельности ученика и педагогической деятельности учителя в едином учебном процессе. В эту систему входят внешние и внутренние факторы, потребности и мотивы. Соотношение этих характеристик определяет выбор содержания воспитания, конкретных форм и методов обучения, условия организации всего процесса формирования активной творческой личности. В последнее время постоянно читаем и слышим: «Нужно использовать активные и изживать пассивные методы обучения». Любой метод сам по себе не может быть ни активным, ни пассивным, тем и другим его делает исполнитель. Ведь все зависит от того, как учитель пользуется тем или иным методом.

Универсально эффективных или неэффективных методов не существует. Все методы обучения имеют свои сильные и слабые стороны, и поэтому в зависимости от целей, условий, имеющегося времени необходимо их оптимально сочетать. Вот почему, точнее корректнее говорить: «Процесс обучения может быть активным (где обучаемый участвует как субъект собственного обучения) или пассивным (где обучаемый играет только роль объекта воздействия). Качество образования складывается из качества обучения и качества воспитания. Качество обучения может быть достигнуто только в результате обеспечения эффективности каждой ступени обучения. То есть, весь процесс обучения строится по схеме: воспринять – осмыслить – запомнить применить – проверить. Чтобы добиться качества обучения, необходимо последовательно пройти через все эти ступени познавательной деятельности» [2,62с.]. Использование разнообразных форм и методов в процессе обучения способствует повышению качества обучения.

Основные формы и методы обучения, способствующие повышению качества обучения – это: ролевые игры, деловые игры, семинары повторительно–обобщающие уроки, конференции, диспуты, диалоги, проблемное обучение, самостоятельная работа, защита рефератов, индивидуальная работа, творческие сочинения, доклады, сообщения; тестирование, программированный контроль, исследовательская работа и др. Все перечисленные технологии обучения способствуют решению проблемы качества обучения.

Қозғалыс біліктілігінің пайда болу сатысы қозғалыс икемділігінің негізгі түрінің бірінші бастапқы қалыптасуын қамтамасыз етеді, ал әрекетті орындау қозғалыс икемділігінің қалыптасуының өзіне тән белгісі. Жоғары сатыдағы қозғалыс біліктілігіне кезегімен өтетін қозғалыс дағдысын қалыптастыруды қамтамасыз ету жатады. Міндетке сәйкес педагогикалық жүйенің бұл кезеңі келесі екі сатыға бөлінеді:

- 1) Қозғалыс дағдысының пайда болуы;
- 2) Қозғалыс біліктілігінің жоғары тәртібінің қамтамасыз етілуі [3].

Жетілдіру кезеңінде барлық әдістер кешені қолданылады, алайда бүтіндей үйрету, жарыстық және ойындық әдістері әр түрлі үйлестікте және түрлері басты орын алады. Бір уақытта көру және есту бағдарларын пайдалану көлемі тарылады, бірақ қозғалысты сезіну рөлі артады. Балуандардың күресу тәсілдерін жетілдіруде оқытып үйретудің екінші және үшінші кезеңінің негізінде қозғалыс әрекетін көп рет қайталау жүйесі жатыр. Соңғы кезең үшін қайталау мәселесінің ерекше маңызы бар: көп рет қайталаған дұрыс, бірақ көп қайталау шексіз емес, ол ақылға сыятындай дәрежеде шектелуі тиіс.

Қазақ күресі тәсілдерінің жалпы негізі балуанның әдіс-тәсілдік, сол сияқты жан-жақты дайындығы және ерік күші мүмкіндіктерін шебер пайдалану болып табылады. Мұның өзінде жарыстардағы нақты жағдайларда қарсыласының ерекшеліктері де есепке алынады. Күрестің әдіс-тәсілдері әдіспен қоса алғанда балуанның спорттық шеберлігінің негізі болып табылады. Балуандар мен жаттықтырушылардың бірлескен шығармашылығы арқасында күрес тәсілдері ұдайы жетіліп, арта түседі. Әдіс-тәсілдерді ұдайы жетілдіріп, байыта түсу әдіс-тәсілдік шеберлікті арттырудың міндетті шарты. Егер балуан белдесу барысында ең болмағанда бір жаңа әдіс қолдана алатын болса, онда соған сай оның әдіс-тәсілдік әрекетінің аясы да кеңі түседі. Балуандардың әдістік-тәсілдік дайындығының жан-жақты болу қажеттілігі жөнінде айтқанда, біз олардың әр түрлі топтағы бағдарламаларды мінсіз меңгере алулары, шабуылға шыққанда жиі қолданылатын әдістерге қарсы тәсілдер қолданулары, сондай-ақ қарсыластың барлық шабуылдарынан қорғана алулары қажеттігін есте ұстау қажет. Егер балуан қандай болмасын бір қарсыласының негізгі әдісінен қорғана алмайтын болса, оның әлсіз жерін біліп қалған қарсыласынан сөзсіз жеңіліп қалатындығын күні бұрын-ақ айтуға болады. Жоғарыда айтып кеткендей балуанның әдіс-тәсілдік мүмкіндіктері көбінесе оның дене күші қабілетіне байланысты. Жаттығу кезінде балуандардың ет қызметін ғана бақылауға алып қоймай, олардың қан айналым және жүйке жүйесіне де мән берген дұрыс. Тыныштық күйде жүрек соғу жиілігі балуандарда минутына 60-65 рет. Жүрек көлемі жоғары дәрежелі балуандарда Ю.А.Борисова және Г.С.Туманян зерттеулерінің нәтижелері бойынша орта есеппен 953 см³-ты құрайды. В.Л.Карпманның мәліметтері бойынша балуандарда бұл көрсеткіш 953см³-қа тең (жеке спортшыларда 719-1248 см³). Балуандарда жүрек көлемі дене салмағына және бой ұзындығына байланысты. Жүрек соғу жиілігі балуандарда белдесу кезінде жұмыстың қуатына байланысты минутына 170-200 ретке жетеді. Балуандарда жаттығу сабақтарында жүрек соғу жиілігін телеметриялық тіркеу қарсыласын лақтыру кезінде жүрек ырғағы минутына 180-190 ретке дейін өсетінін көрсетеді. Балуанның тәсілдік жағынан даярлануы әдістік әрекеттерді, айқастарды жүргізудегі, сондай-ақ жарыстарға қатысқандағы біліктілігіне, шеберлігіне және дағдыларына байланысты [4]. Спортшы күресудің әдіс-тәсілдерін спорттық жаттығу ұстанымына сай ұдайы зерттеп, жүйелі және дәйекті түрде

жетілдіріп отыруы тиіс. Әдіс-тәсілдерді меңгеріп, жетілдіру жолында жұмыс жүргізгенде жаттығушылардың сол материалдың мәніне қаншалықты терең бойлағандығының маңызы үлкен. Сондықтан-да күрес әдіс-тәсілдеріне үйреткенде жаттығушылардың шығармашылық белсенділігі мен инициативасын ұдайы арттыру, өзінің әрекеттерін сын көзбен және бүге-шігесіне дейін талдау, әдіс-тәсілдік тәжірибесін тұжырымдау қабілетін дамыту қажет.

Қазақ күресін дамытуда мына төмендегі міндеттерді қарастырдық:

1. Қазақ күресімен шұғылданатын балуандардың күш қабілеттерін дамытудың ғылыми-педагогикалық негіздерін саралау;

2. Қазақ күресімен шұғылданатын балуандардың күш қабілеттерін дамыту дайындығының әдістемелік бағдарларын көрсету;

3. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, болашақ қазақ күресінің жаттықтырушыларды даярлаудың үйлесімді жүйесін жасаудың ғылыми-практикалық әдістемесін дайындау [6].

Президентіміздің болашақ ұрпаққа салауатты өмір салтын насихаттауы бізге үлкен дем беріп, өз күшімізді аямай балаларға спорт өнерінің талай қырын танытып, келекшеке өз Отанына деген сүйіспеншілігін арттыратын, халқының намысын қорғайтын азамат тәрбиелеу осы қағидаға бар күшімізді салуға бел байлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жандарбеков Б. «Томирис». «Жалын» баспасы 1989ж.
2. Болғанбаев М. Қазақтың ұлттық СПОРТ түрлері. - Алматы 1985ж
3. Қазақша күрес (Ұжымдық жинақ) Алматы: Қ.А. Зақпарат 2002-32 бет.
4. Ильясова Г. Спорт түрлерінің физиологиясы (оқу құралы) - Түркістан 2004ж.
5. Вайцеховский С.М. Жаттықтырушы (книга). «Физкультура и спорт»
6. Вайцеховский С.М. Жаттықтырушы (книга). «Физкультура и спорт» баспасы, – А., 1971.
7. Әбділлаев. Ә.К.. Дене мәдениетінің ілімі және әдістемесі. Кентау 2007ж.

УДК 372. 65.

ЕҢБЕККЕ БАУЛУДЫҢ СЫНЫПТАН ТЫС САБАҚТАРЫҢДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

ҚАБИЛБЕКОВА Б, КАМБАРОВА С, ЖОЛДАС Д.

Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті,
«Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасының 4 курс студенттері,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

САРСЕМБАЕВА МЕРУЕРТ СЕЙДАЛИЕВНА

Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің аға оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ

Резюме. Цель исследования-раскрыть сущность внеурочной деятельности учащихся в рамках федеральных государственных стандартов как объекта управления проектами в общеобразовательной образовательной организации. Место внеурочной деятельности определяется как полноценная и обязательная составляющая основной образовательной программы. Раскрывается сущность внеклассной деятельности, ее связь с планируемыми образовательными результатами, а также отличие от непрерывного образования. Результаты изучения образовательных программ, педагогических коллективов школ и внеклассных работ, приведены примеры составления планов. Описан алгоритм составления плана внеклассной работы. Исходные, концептуальные и описаны этапы проектирования и выделенная. Научная новизна концепции содержания внеклассной работы школы, в том числе цели, стратегии, дизайн, принципы выбора содержимое, форматы и процедуры реализации состоит в обосновании системы презентация.

Annotation. The purpose of the study is to reveal the essence of extracurricular activities of students within the framework of federal state standards as an object of project management in a general educational organization. The place of extracurricular activities is defined as a full-fledged and mandatory component of the basic educational program. The essence of extracurricular activities is revealed, its connection with the planned educational results, as well as the difference from continuing education. The results of studying educational programs, teaching staff of schools and extracurricular activities, examples of drawing up plans are given. An

algorithm for drawing up an extracurricular work plan is described. The initial, conceptual and described design stages and highlighted. The scientific novelty of the concept of the content of extracurricular activities of the school, including goals, strategies, design, principles of choice of content, formats and implementation procedures consists in the justification of the presentation system.

1. Кіріспе

Білім беру бағдарламаларының сапасын жақсартуға бағытталған модернизациялық өзгерістердің негізі оқытуды студенттердің бұрынғы білім беру тәжірибесіне байланысты және білім беру ортасының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, өз білімдерін құруға мүмкіндігі бар белсенді процеске айналдыру идеясы болып табылады [1, 2].

Бұл қазіргі мектептегі білімнің пәндер шеңберінен шығуына әкеледі. Нәтижесінде, білім беру бағдарламаларын жобалау және іске асыру кезінде сыныптан тыс жұмыстарда және орыс мектебінде қосымша білім беруде ұсынылатын қосымша білім беру практикасының әлеуетін пайдалану идеясы пайда болды. Бұл идеяны жүзеге асырудың бір жолы 2011 жылы білім беру стандартына мектептің негізгі білім беру бағдарламасы (ҚОҚМ) сабақтан тыс және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады деген ережені енгізу болды. мектептің білім беру бағдарламасының міндетті бөлігі ретінде қарастырылады. Сыныптан тыс жұмыстардың маңыздылығы-сынып ұйымының мазмұны мен қысымының пәндік бытыраңқылығын жою [3].

Білім беру бағдарламасын жобалау кезінде жоспарланған білім беру нәтижелері, сондай-ақ белгілі бір дәрежеде білім мазмұны мен оның нәтижелері оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастырудың нақты формаларын ескере отырып, сабақ пен сыныптан тыс жұмыстар арасында "бөлінеді". Басқаша айтқанда, мектептің сыныптан тыс жұмыстар жүйесі білім мазмұнын және тұтас білім беру бағдарламасының технологиясын байытуға мүмкіндік береді. Бұл дидактикалық тұрғыдан қол жетімді адам қызметінің жаңа объектілерін пайдалануға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде студенттерге жаңа "идеалды әрекеттерді" дамытуға мүмкіндік береді [4].

Сыныптан тыс жұмыстар, мектептің білім беру бағдарламасына түсу және оның толыққанды құрамдас бөлігі болу жоспарланған білім беру нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Сыныптан тыс жұмыстар білім беру стандартына сәйкес әзірленген жұмыс бағдарламаларын іске асыру арқылы жүзеге асырылады [3]. Бұл оның семантикасында міндетті емес және жоспарланбаған қосымша білім беруден айырмашылығы "толықтырады" білім беру [5].

Шетелдік білім беруде бейресми білім беру ұғымы қолданылады. П.Кумбс пен М. Ахмед оған формальды білімнен тыс кез-келген ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін жатқызды және оны оқу пәндеріне қызмет етуге және жеке оқу мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталған жеке іс-әрекет ретінде анықтады [6].

Е.С.Бабаева бейресми білім берудің халықаралық тәжірибесін жинақтап, оның субъективті сипаттамаларын анықтады: оқушылардың нақты санаттарының білім беру қажеттіліктеріне бағдарлануы; студенттердің ұтқырлығы мен белсенділігінің жоғары деңгейі; ұйымдастыру мен оқыту әдістемесіндегі икемділік және т.б. [7].

Зерттеулер ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге білім беру бағдарламаларын меңгеруге көмектесу үшін бейресми білім берудің маңыздылығын көрсетеді [8, 9].

Бейресми білім беру бағдарламаларының тиімділігін талқылау [10, 11] бейресми білім беру негізгі білім беру бағдарламасын формальды оқу жоспарымен үйлестіре отырып жасалған кезде оны меңгеруге айтарлықтай көмектесетінін дәлелдейді. Бұл көзқарасты И.А.Ардабатская қолдайды: бейресми білім беруді тек қосымша ғана емес, сонымен қатар ресми мектептен бөлінбейтін ретінде де қабылдауға болады [12].

Білім беруді дамытудың тетіктері оқу процесін құру стратегиясына көшу, оқушылардың жеке басының дамуының сапалы нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету болып табылады [3]. Сыныптан тыс жұмыстардың әлеуетін іске асыру мұғалімдердің мектептің тұтас білім беру бағдарламасының құрамдас бөлігі ретінде оны жобалау процедураларына субъективті қатысуымен ғана мүмкін болады. Белгілі адамдардың [13] пікірінше, реформаға негізделген білім беру өз іс-әрекетінің тиімділігіне сенуді және оларды жүзеге асырудан сәттілік күтуді талап етеді [13].

Білім беру жобасы әрқашан тәрбиешілердің жобалық тобының жұмысының жемісі болып табылады. Белгілі ғалымдар (2005) мұғалімдер арасындағы үздіксіз, құрылымдық ынтымақтастықтың дұрыс түрі оқыту сапасын жақсартады және студенттердің оқуына және кез-келген ортада кәсіби өсуіне үлкен, көбінесе жедел дивидендтер әкеледі деп мәлімдеді. Студенттер бағдарламаны жетілдіру үшін өз колледжінің тәжірибесінде бірлескен талдау мен дизайнның қалай қолданылғаны туралы стратегияларды ашады [14], тәжірибені жетілдіру және қазіргі заманғы мектептерде қалыпты жағдайға айналу үшін мүдделі тараптардың ұжымдық әлеуетін қалыптастыратын кәсіби мұғалімдер қауымдастығын құру

қажеттілігін негіздей отырып. Зерттеушілер(1998) мұндай қауымдастықтарды құру "мектепті тұрақты, айтарлықтай жақсартудың ең перспективалы стратегиясы" деп тұжырымдайды [15, 16].

Басқа ғалымдар жобалық топтардың жұмысы тәжірибені жетілдірудің және студенттердің оқу деңгейін көтерудің перспективалы әдісі екендігімен келіседі [17, 18]. Көрсетілген мақсатқа сәйкес зерттеу келесі міндеттерді шешеді:

1. Сыныптан тыс жұмыстар категориясының психологиялық-педагогикалық мәнін атап көрсетіңіз.

2. Мектептердің білім беру бағдарламаларындағы сыныптан тыс жұмыстардың орнын және оны жобалау мысалдарын талдаңыз.

2. Әдістері

1-мәселені шешу үшін сыныптан тыс жұмыстардың мәнін анықтау үшін конструктивті генетикалық әдіс қолданылды, қосымша және бейресми білім беру мәселелері бойынша психологиялық-педагогикалық басылымдарға талдау жасалды.

2-мәселені шешу үшін 2017-2023 жылдары Алматы педагогикалық жоғары оқу орындарының магистранттарының қатысуымен эмпирикалық зерттеу ұйымдастырылды. 194 бастауыш мектептің құжаттамасы зерттелді. Қазақ мектептеріндегі екі жүз сексен төрт бастауыш сынып мұғалімдері сауалнамалар мен сұхбаттарға қатысты. Қолданылатын әдістер: мектептердің білім беру бағдарламаларын талдау; мектептің оқу процесіне қатысушыларға сауалнама жүргізу; сыныптан тыс жұмыстардың модульдері мен жүйелерін дамытудың прецеденттерін талдау.

Талдау барысында келесі компоненттер зерттелді: сыныптан тыс жұмыстардың жоспары, мақсатты бөлім, студенттерге арналған жалпыға бірдей білім беру іс-әрекеттерін қалыптастыру бағдарламасы. Талдау келесі критерийлер бойынша жүргізілді: студенттер үшін сыныптан тыс жұмыстар жоспарының сәйкестігі; сыныптан тыс жұмыстар жоспарының және оқушыларға арналған жалпыға бірдей білім беру іс-әрекеттерін қалыптастыру бағдарламасының келісімділігі; жоспарда оқушылардың сабақтан тыс жұмыстарды таңдауы үшін дұрыс алгоритмдер мен процедуралардың болуы.

Мұғалімдердің сауалнамасы олардың білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысу дәрежесін анықтады; оқу-тәрбие үрдісіндегі сыныптан тыс жұмыстардың сипатын, рөлі мен орнын түсіну; мұғалімдердің сыныптан тыс жұмыстар мен оқу бағдарламаларын келісуге деген ұмтылысы; баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін сыныптан тыс жұмыстардың әлеуетін пайдалану.

Мектептердің педагогикалық ұжымдарының сыныптан тыс жұмыстардың жоспарларын жасау мысалдарын талдай отырып, біз оны саналы түрде құрылған, мазмұнды және кәсіби қызметтің шеңберлі фрагменті ретінде қарастырдық. Мысалдар мектеп директорларымен және мұғалімдермен әңгімелесу негізінде анықталды және жобалық әзірлемелермен негізделді. Мысалға баяндауды тағайындау критерийлері: бірегейлік (ерекшелік, ұқсастық), дизайн (маңызды қатынастар мен иерархиялық қатынастарды бөліп көрсету); білім беру ұйымының негізгі педагогикалық және өмірлік процестерінің табиғилығы.

3. Нәтижелер

Сыныптан тыс жұмыстардың жоспары мектептің білім беру бағдарламасының тұжырымдамалық бағытын жеткілікті түрде көрсетпейтіні анықталды; бірнеше жоспарда оқушылар санының ерекшеліктері, сондай-ақ мектеп ауданындағы микросоциумның ерекшеліктері және т.б. ескерілмейді. Сыныптан тыс жұмыстардың жоспарларын талдау сыныптан тыс жұмыстарды таңдауда жүйесіз және эклектикалық сипатқа деген күдігімізді растады; студенттердің сыныптан тыс жұмыстарды таңдауы үшін ойластырылған процедуралардың болмауы және олардың реттілігі. Сыныптан тыс жұмыстар жоспарының модульдік құрылымы және сыныптан тыс жұмыстар бағдарламаларының модульдік құрылысы ешқашан кездеспейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Землянская Е. Н. Болашақ мектебі, 6, 10-19 (2016)
2. Бастауыш жалпы білім берудің федералды мемлекеттік білім беру стандарты
3. Землянская Е. Н., Ситниченко М. Я.. Ғылым және мектеп, 5, 12-17 (2013)
4. ҚР Білім Министрлігінің "ҚР мемлекеттік мектептерінің оқушыларының сыныптан тыс жұмыстарға қатысуы туралы" хаты, 5 қыркүйек (2018)
5. М.Ахмед, "ауылдық жерлердегі кедейлікпен күрес". Бейресми білім қалай көмектесе алады (Джонс Хопкинс баспасы, Балтимор, 1974)
6. Бабаева Е.С. "Білім беруді ізгілендіру 2", (2015)
7. Валахоски, Л. Сюзанна, жастарды дамыту журналы, 7 Б. 77-81, (2012)
8. Ардабатская И.А. Кострома мемлекеттік университетінің хабаршысы. Серия: Педагогика. Психология. Әлеуметтік кинетика 1, (2016)

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ

ЕСЕНАМАНОВА АЙДАНА БИРЖАНОВНА

Тараз инновациялық көпсалалы колледжінің қазақстан тарихы пәнінің оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Данная статья написана по истории Казахстана, то есть включает в себя казахские традиции и суеверия, забытую духовность казахов. Воспитывать молодое поколение, обучая казахскому образованию и обучая их говорить на чистом казахском языке.

Summary. This article is written on the history of Kazakhstan, that is, it includes Kazakh traditions and superstitions, the forgotten spirituality of the Kazakhs. To educate the younger generation by teaching Kazakh education and teaching them to speak pure Kazakh language.

Кеңістік – барлық нәрсенің, ал уақыт – бүкіл оқиғаның өлшемі. Уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады. Бұл – жай ғана әдемі афоризм емес.

Шын мәнінде, немістердің, италиялықтардың немесе үнді халықтарының жылнамасына көз жүгіртсек, олардың мындаған жылды қамтитын төл тарихындағы ұлы жетістіктерінің дені осы елдер қазір мекен етіп жатқан аумақтарға қатыстылығы жөнінде сұрақ туындайтыны орынды. Әрине, ежелгі Рим деген қазіргі Италия емес, бірақ италиялықтар өздерінің тарихи тамырымен мақтана алады. Бұл – орынды мақтаныш. Сол сияқты, ежелгі готтар мен бүгінгі немістер де бір халық емес, бірақ олар да Германияның мол тарихи мұрасының бір бөлшегі.

Полиэтникалық бай мәдениеті бар ежелгі Үндістан мен бүгінгі үнді халқын тарих толқынында үздіксіз дамып келе жатқан бірегей өркениет ретінде қарастыруға болады.

Бұл – тарихқа деген дұрыс ұстаным. Сол арқылы түп-тамырымызды білуге, ұлттық тарихымызға терең үңіліп, оның күрмеулі түйінін шешуге мүмкіндік туады.

Қазақстан тарихы да жеке жұрнақтарымен емес, тұтастай қалпында қазіргі заманауи ғылым тұрғысынан қарағанда түсінікті болуға тиіс. Оған қажетті дәйектеріміз де жеткілікті.

Біріншіден, қосқан үлестері кейінірек сөз болатын протомемлекеттік бірлестіктердің дені қазіргі Қазақстан аумағында құрылып, қазақ ұлты этногенезінің негізгі элементтерін құрап отыр.

Екіншіден, біз айтқалы отырған зор мәдени жетістіктер шоғыры даламызға сырттан келген жоқ, керісінше, көпшілігі осы кең-байтақ өлкеде пайда болып, содан кейін Батыс пен Шығысқа, Күнгей мен Теріскейге таралды.

Үшіншіден, кейінгі жылдары табылған тарихи жәдігерлер біздің бабаларымыздың өз заманындағы ең озық, ең үздік технологиялық жаңалықтарға тікелей қатысы бар екенін айғақтайды. Бұл жәдігерлер Ұлы даланың жаһандық тарихтағы орнына тың көзқараспен қарауға мүмкіндік береді.

Сонымен, Ұлы даланың жеті қырына тоқталайық.

I. ҰЛТ ТАРИХЫНДАҒЫ КЕҢІСТІК ПЕН УАҚЫТ

Біздің жеріміз материалдық мәдениеттің көптеген дүниелерінің пайда болған орны, бастау бұлағы десек, асыра айтқандық емес. Қазіргі қоғам өмірінің ажырамас бөлшегіне айналған көптеген бұйымдар кезінде біздің өлкемізде ойлап табылған. Ұлы даланы мекен еткен ежелгі адамдар талай техникалық жаңалықтар ойлап тауып, бұрын-сонды қолданылмаған жаңа құралдар жасаған. Бұларды адамзат баласы жер жүзінің әр түкпірінде әлі күнге дейін пайдаланып келеді. Көне жылнамалар бүгінгі қазақтардың арғы бабалары ұлан-ғайыр Еуразия құрлығындағы саяси және экономикалық тарихтың беталысын талай рет түбегейлі өзгерткені туралы сыр шертеді.

1. Атқа міну мәдениеті

Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі.

Еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді.

Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Ал жаһандық ауқымда алсақ, шаруашылық пен әскери саладағы теңдессіз революцияға жол ашты.

Жылқының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің де негізін қалады. Бес қаруын асынған салт атты сарбаз айбарлы көшпенділер империялары тарих сахнасына шыққан дәуірдің символына айналды.

Ту ұстаған салт атты жауынгердің бейнесі – батырлар заманының ең танымал эмблемасы, сонымен қатар, атты әскердің пайда болуына байланысты қалыптасқан көшпенділер әлемі «мәдени кодының» айрықша элементі.

Автокөлік қозғалтқыштарының қуаты әлі күнге дейін аттың күшімен өлшенеді. Бұл дәстүр – жер жүзінде салт аттылар үстемдік құрған ұлы дәуірге деген құрметтің белгісі.

Біз әлемнің барлық түкпіріне ежелгі қазақ жерінен тараған осынау ұлы технологиялық революцияның жемісін адамзат баласы XIX ғасырға дейін пайдаланып келгенін ұмытпауға тиіспіз.

Қазіргі киім үлгісінің базалық компоненттері Дала өркениетінің ерте кезеңінен тамыр тартады. Атқа міну мәдениеті салт атты жауынгердің ықшам киім үлгісін дүниеге әкелді. Ат үстінде жүргенде ыңғайлы болуы үшін бабаларымыз алғаш рет киімді үстіңгі және астыңғы деп екіге бөлді. Осылайша кәдімгі шалбардың алғашқы нұсқасы пайда болды.

Бұл салт атты адамдардың ат құлағында ойнауына, ұрыс кезінде еркін қимылдауына мүмкіндік берді. Дала тұрғындары теріден, киізден, кендір мен жүннен, кенептен шалбар тікті. Содан бері мындаған жыл өтсе де, киімнің осы түрі өзгере қоймады. Қазба жұмыстары кезінде табылған көне шалбарлардың қазіргі шалбардан еш айырмасы жоқ.

Сонымен қатар бүгінгі етіктердің барлық түрі көшпенділер атқа мінгенде киген жұмсақ өкшелі саптама етіктің «мұрагерлері» екені белгілі.

Ат үстінде жүрген көшпенділер тақымына басқан сәйгүлігіне неғұрлым еркін мініп жүруі үшін биік ер-тұрман мен үзеңгіні ойлап тапты. Бұл жаңалық салт атты адамның ат үстінде қаққан қазықтай мығым отыруына, сонымен бірге шауып бара жатып, қолындағы қаруын еш қиындықсыз және неғұрлым тиімді қолдануына мүмкіндік берді.

Бабаларымыз шапқан аттың үстінен садақ тартуды барынша жетілдірді. Соған байланысты қарудың құрылымы да өзгеріп, күрделі, ыңғайлы әрі қуатты бола түсті.

2. Ұлы даладағы ежелгі металлургия

Металл өндірудің амал-тәсілдерін табу тарихтың жаңа кезеңіне жол ашып, адамзат дамуының барысын түбегейлі өзгертті. Сан алуан металл кендеріне бай қазақ жері – металлургия пайда болған алғашқы орталықтардың бірі. Ежелгі заманда-ақ Қазақстанның Орталық, Солтүстік және Шығыс аймақтарында тау-кен өндірісінің ошақтары пайда болып, қола, мыс, мырыш, темір, күміс пен алтын қорытпалары алына бастады.

Ата-бабаларымыз жаңа, неғұрлым берік металдар өндіру ісін дамытып, олардың жедел технологиялық ілгерілеуіне жол ашты. Қазба жұмыстары барысында табылған металл қорытатын пештер мен қолдан жасалған әшекей бұйымдары, ежелгі дәуірдің тұрмыстық заттары мен қару-жарақтары бұл туралы тереңнен сыр шертеді. Осының бәрі ежелгі замандарда біздің жеріміздегі дала өркениеті технологиялық тұрғыдан қаншалықты қарқынды дамығанын көрсетеді.

3. Аң стилі

Біздің ата-бабаларымыз қоршаған ортамен етене өмір сүріп, өздерін табиғаттың ажырамас бөлшегі санаған. Бұл басты тұрмыс қағидаты Ұлы даланы мекендеген халықтардың дүниетанымы мен құндылықтарын қалыптастырды. Өз жазуы мен мифологиясы бар Қазақстанның ежелгі тұрғындарының озық мәдениеті болды.

Олардың мұрасының жарқын көрінісі, көркем болмысы мен рухани байлығының айшықты белгісі – «аң стилі» өнері. Жануарлар бейнесін тұрмыста пайдалану адам мен табиғаттың өзара байланысының символына баланып, көшпенділердің рухани бағдарын айқындап отырған.

Олар жыртқыштардың, негізінен мысық тұқымдас аңдардың суретін көбірек қолданған. Егемен Қазақстанның символдарының бірі – жергілікті жануарлар әлемінде сирек кездесетін тұрпаты текті қар барысы екені кездейсоқ емес.

Бұл ретте, аң стилі бабаларымыздың айрықша жоғары өндірістік тәжірибесі болғанын көрсетеді. Олар оюлап кескіндеуді, металмен жұмыс істеудің техникасын, соның ішінде, мыс пен қоладан балқымалар жасаудың және құймалар құюдың, жайма алтын дайындаудың күрделі әдістерін жақсы меңгерген.

Жалпы, «аң стилі» феномені әлемдік өнердегі биік белестердің бірі саналады.

4. Алтын адам

Біздің түп-тамырымызға жаңаша көзқараспен қарауға жол ашып, әлемдік ғылым үшін сенсация саналған жаңалық – 1969 жылы Қазақстанның Есік қорғанынан табылған, өнертанушы ғалымдар арасында «қазақстандық Тутанхамон» деген атқа ие болған «Алтын адам».

Бұл жауынгер талай тылсым құпияның бетін ашты. Біздің бабаларымыз әлі күнге дейін өзінің асқан көркемдігімен тамсандыратын аса жоғары деңгейдегі көркем дүниелер жасаған. Жауынгердің алтынмен апталған киімдері ежелгі шеберлердің алтын өңдеу техникасын жақсы меңгергенін аңғартады. Сонымен бірге бұл жаңалық Дала өркениетінің зор қуаты мен эстетикасын әйгілейтін бай мифологияны паш етті.

5. Түркі әлемінің бесігі

Қазақтардың және Еуразияның басқа да халықтарының тарихында Алтайдың алар орны ерекше. Осынау асқар таулар ғасырлар бойы Қазақстан жерінің тәжі ғана емес, күллі түркі әлемінің бесігі саналды. Дәл осы өңірде біздің дәуіріміздің I мыңжылдығының орта шенінде Түркі дүниесі пайда болып, Ұлы дала төсінде жаңа кезең басталды.

Тарих пен география түркі мемлекеттері мен ұлы көшпенділер империялары сабақтастығының айрықша моделін қалыптастырды. Бұл мемлекеттер ұзақ уақыт бойы бірін-бірі алмастырып, орта ғасырдағы Қазақстанның экономикалық, саяси және мәдени өмірінде өзінің өшпес ізін қалдырды.

Орасан зор кеңістікті игере білген түркілер ұлан-ғайыр далада көшпелі және отырықшы өркениеттің өзіндік өрнегін қалыптастырып, өнер мен ғылымның және әлемдік сауданың орталығына айналған ортағасырлық қалалардың гүлденуіне жол ашты. Мәселен, орта ғасырдағы Отырар қаласы әлемдік өркениеттің ұлы ойшылдарының бірі – Әбу Насыр Әл-Фарабиді дүниеге әкелсе, түркі халықтарының рухани көшбасшыларының бірі Қожа Ахмет Ясауи Түркістан қаласында өмір сүріп, ілім таратқан.

6. Ұлы Жібек жолы

Еліміздің географиялық тұрғыдан ұтымды, яғни Еуразия құрлығының кіндігінде орналасуы ежелден әртүрлі мемлекеттер мен өркениеттер арасында транзиттік «дәліздердің» пайда болуына септігін тигізді. Біздің дәуірімізден бастап бұл құрлық жолдары Үлкен Еуразияның Шығысы мен Батысы, Солтүстігі мен Оңтүстігі арасындағы сауда және мәдениет саласындағы байланыстардың трансконтинентальды желісіне – Ұлы Жібек жолы жүйесіне айналды.

Бұл жол халықтар арасындағы жаһандық өзара тауар айналымы мен зияткерлік ынтымақтастықтың қалыптасып, дамуы үшін орнықты платформа болды.

Керуен жолдарын мінсіз ұйымдастырып, қауіпсіздігін қамтамасыз еткен Ұлы дала халқы ежелгі және орта ғасырлардағы аса маңызды сауда қатынасының басты дәнекері саналды. Дала белдеуі Қытай, Үнді, Парсы, Жерорта теңізі, Таяу Шығыс және славян өркениеттерін байланыстырды.

Алғаш пайда болған сәттен бастап, Ұлы Жібек жолы картасы, негізінен, Түрік империяларының аумағын қамтыды. Орталық Еуразияда түркілер үстемдік құрған кезеңде Ұлы Жібек жолы гүлдену шегіне жетіп, халықаралық ауқымда экономиканы өркендетуге және мәдениетті дамытуға септігін тигізді.

7. Қазақстан – алма мен қызғалдақтың отаны

Асқақ Алатаудың баурайы алма мен қызғалдақтың «тарихи отаны» екені ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Қарапайым, бірақ бүкіл әлем үшін өзіндік мән-маңызы зор бұл өсімдіктер осы жерде бұр жарып, жер жүзіне таралған. Қазақстан қазір де әлемдегі алма атаулының арғы атасы – Сиверс алмасының отаны саналады. Дәл осы тұқым ең көп таралған жемісті әлемге тарту етті. Бәріміз білетін алма – біздегі алманың генетикалық бір түрі. Ол Қазақстан аумағындағы Іле Алатауы баурайынан Ұлы Жібек жолының көне бағыты арқылы алғашқыда Жерорта теңізіне, кейіннен бүкіл әлемге таралған. Осы танымал жемістің терең тарихының символы ретінде еліміздің оңтүстігіндегі ең әсем қалалардың бірі Алматы деп аталды.

Қазақстан аумағындағы Шу, Іле тауларының етегінен әлі күнге дейін жергілікті өсімдіктер әлемінің жауһары саналатын Регель қызғалдақтарын бастапқы күйінде кездестіруге болады. Бұл әсем өсімдіктер біздің жерімізде Тянь-Шань тауларының етегі мен шөлейт даланың түйісер тұсында пайда болған. Қазақ топырағындағы осынау қарапайым, сондай-ақ ерекше гүлдер өз әдемілігімен көптеген халықтың жүрегін жаулап, біртіндеп бүкіл әлемге тарады.

Бүгінде жер жүзінде қызғалдақтың 3 мыңнан астам түрі бар, олардың басым көпшілігі – біздің дала қызғалдағының «ұрпағы». Қазір Қазақстанда қызғалдақтың 35 түрі өседі.

Қорыта айтқанда, «Рухани жаңғыру» жалпыұлттық бағдарламасының жаңа компоненттері ата-бабаларымыздың көп ғасырлық мұрасының цифрлық өркениет жағдайында түсінікті әрі сұранысқа ие болуын қамтамасыз ете отырып, оны жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тауқымет пен тағзым/ [құраст. Б. Төлепберген].- Алматы: РИИЦ Азия, 2007.- 296, [1] б
Қазақстан тарихы оқу пәнінің негізі
2. Қазақ мемлекеттілігінің тарихы (ежелгі және ортағасырлық кезең) [Мәтін]: монографиялық зерттеу.- Алматы: Адамар, 2007.- 432 б

ӘОЖ 94(574)

КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ЦЕНЗУРА МӘСЕЛЕСІ

ҚОБЛАН ДІНМҰХАМЕД МЕЙРАМҒАЛИҰЛЫ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің магистранты,
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ.

Резюме. В этой статье рассматриваются особенности идеологической цензуры в Советском Союзе и ее влияние на общество. Основы советской цензуры определяются в политическом, социальном и культурном контексте. Анализируется государственный контроль авторов и произведений, введение идеологических норм в культуре, а также влияние цензуры на литературу, искусство и науку. В советском Казахстане идеологическая цензура широко применялась с целью обеспечения политической стабильности государства и распространения идеологии социалистического общества. Этот процесс контролировал различные области общества, включая историю, культуру и средства массовой информации. Целью цензуры было искоренение любых идей, противоречащих марксистско-ленинской идеологии, ослабление национальной идентичности и формирование «советского человека».

Summary. This article examines the features of ideological censorship in the Soviet Union and its impact on society. The foundations of Soviet censorship are defined in a political, social and cultural context. The article analyzes the state control of authors and works, the introduction of ideological norms in culture, as well as the impact of censorship on literature, art and science. In Soviet Kazakhstan, ideological censorship was widely used in order to ensure the political stability of the state and spread the ideology of a socialist society. This process controlled various areas of society, including history, culture, and the media. The purpose of censorship was to eradicate any ideas that contradict Marxist-Leninist ideology, weaken national identity and form a «Soviet man».

Қазақстанда, Кеңестік кезеңдегі барлық мемлекеттердегідей, кез келген ақпарат, толыққанды мақаладан немесе әдеби шығармадан бастап, жекелеген сөйлемдер мен сөз тіркестеріне дейін цензураға ұшырауы мүмкін болды. Цензура қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларына әсіресе, бұқаралық ақпарат құралдары мен баспа ісіне қатты ықпал етті. XX ғасыр басындағы қазақ авторларының әлеуметтік мәселелерді қозғаған прозасы мен поэзиясы мемлекет тарапынан ауқымды цензураға ұшырады. Баспа материалдарына цензура енгізу міндеті «Главлит» немесе Қазан Баспасөз Істері Жөніндегі Уақытша Комитеті қызметкерлеріне жүктелген, олар жариялануға ұсынылған шығармалардың идеологиялық сәйкестігін тексеріп отырды. «Қауіпті мазмұндар», «күмәнді тұстар» және «жасырын мағыналар» сияқты ұғымдар шығармалардан алынып, кейін міндетті түзетулер енгізуге мәжбүр ететін шаралар қабылданды. Бұл шаралар мыналарды қамтуы мүмкін: басып шығаруға дейін – мәтіннен «қажетсіз мазмұнды» алып тастау, «мемлекетке қарсы» деп саналатын үзінділерді идеологиялық тұрғыдан дұрыс деп табылған мәтіндермен алмастыру; басып шығарудан кейін – кітаптарды алып қою және жою, оларды сатуға және таратуға тыйым салу, және авторларды қудалау. [1].

Кеңестік кезеңдегі мәдениет тарихының айрықша ерекшелігі оның дамуында партия мен мемлекет рөлінің аса басымдығы болды. Коммунистік партия мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар арқылы халыққа білім беруді, мәдени-ағарту жұмыстарын, әдебиет пен өнерді бағыттап және бақылап отырды, еңбекшілерді маркстік-лениндік идеология рухында, идеялық-саяси тұрғыда тәрбиелеу жұмысын жүргізді. Соғыстан кейінгі кезеңдегі қоғамдық-саяси дамудың ондағы басты сипаты идеология рөлінің ерекше күшеюі болып табылды. Партияның идеологиялық қызметі еңбекшілерді саяси үгіттеу және саяси тәрбиенің кешенді шараларымен ғана шектелмеді, ол біртіндеп бүкіл рухани мәдениет билігін өз қолына алды. Кеңестік режим барлық халықтарға және бүкіл мәдениет атаулыға өмір сүрудің баршаға ортақ: «мәдениеттің мазмұны социалистік, формасы ұлттық болуға тиіс» деген үлгісі мен қалыбын танды. Бір қалыпқа түсірудің терең тамыр жайғаны соншалық, кейбір халықтар өзінің этникалық және мәдени төркінінен көз жазып, «кеңес халқының» бет-бейнесіз бір бөлігіне айналды. Өз мәдениеті тамырынан,

тіпті өз ана тілінен айырылды. Қуғындау жүйесі барша жеке ерекшелікті, барлық өзгешелікті, қарсылық көрсеткен, ырыққа көнбеген немесе қырағы бақылау мен қақпақылдауға кедергі болғанның бәрін басып-жаныштады және көзін жойды [2, 547 б.].

Тоталитарлық режим мектептерді идеологиялық бағытта тәрбиеленген, мойынсұнғыш ұрпақты қалыптастырудың құралына айналдырды. Оқулықтардың мазмұны, сондай-ақ пионер және комсомол ұйымдарының қызметі оқушылардың санасы мен мінез-құлқында сталинизмнің догмаларын, кеңестік емес құндылықтарға жеккөрініштілікті, партияның саясаты мен идеологиясына соқыр сенімді нығайтуға бағытталды. 1930-жылдардағы оқу жоспарларынан Алашорда қозғалысының қайраткерлері — А. Байтұрсынов, С. Асфендияров, С. Сейфуллин, Х. Досмұхамедов және басқаларының шығармалары «халық жаулары» ретінде алынып тасталды. 1930-жылдардың басындағы ашаршылық, қазақ ауылдарының күйреуі мен зиялы қауымға қарсы қуғын-сүргін ұлттық мектеп үшін ауыр салдарға әкелді. [3].

Кеңестік кезеңде қазақ тарихы мен әдебиетінде цензураға ұшырады. Бұл кезеңде ұлттық тарихи тұлғалар мен оқиғалар идеологиялық мақсаттарға сәйкес келтіру үшін бұрмаланды. Мысалы, қазақ хандары мен батырларының тарихы коммунистік идеологиямен сәйкес келмейтін түрде өзгертіліп, олардың ұлт-азаттық күрестері жойылды немесе теріс сипатта ұсынылды. Коммунистік партия әдебиет өкілдерінен негізінен кеңестік дәуірдегі қоғамдық-экономикалық және мәдени-ғылыми оң өзгерістерді суреттейтін шығармаларды жазуды талап етті. Ал, кеңестік дәуірге дейінгі тарихи кезеңдерді сипаттайтын әдебиеттердің авторларына белгілі бір талаптарға көнуге тура келді. Олардың өмірі мен қызметі кез-келген уақытта өзгеріске ұшырауы мүмкін еді. Мысалы, 1943 жылы ХІХ ғасырдағы қазақ ханы Кенесары туралы ғылыми шығарма жазған Е.Бекмахановты 1947 жылы 25 жылға бас бостандығынан айыру туралы үкім шықты. Оның негізгі кінәсі феодалдық дәуірдің өкілінің өмірін насихаттау және қоғамдық көзқарасты өзгертуге талпыну болды [4, 9-б.]. 1948 жылы «космополитизммен», яғни шетел мемлекеттерінің мәдениетіне көңіл бөлушілермен күрес науқаны басталды. Космополитизм науқанында Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ халқының мақтанышы болып келген Шортанбай, Шәңгерей, О.Қарашев феодалдық-реакцияшылдар деп танылып, ал кейінгі кеңес әдебиетшілері – Б. Кенжебаев және де Т.Нұртазин, Ә.Қоңыратбаев, Е.Ысмайылов ұлтшылдар ретінде қудаланды. Ғылым Академиясының президенті Қ.Сәтбаев «Едіге батырға» алғысөз жазғаны үшін «ұлтшыл» атанса, М. Әуезов 1945 жылы жарық көрген «Абай өмірінің және творчествосының 138 биографиялық очеркі» еңбегінде Абайды «феодалдық ақындар Шортанбай, Мәшһүр Жүсіп Көпеев ортасында суреттегені үшін» қудаланады. Екі зиялыға да осындай орынсыз кінәлар тағылғаннан кейін, Москваға қоныс аударуға мәжбүр болды. «Космополиттер» қатарына белгілі шығыстанушы, академик ғалым В.В. Бартольд та енгізілді. Оған «араб, иран, қытай мәдениеттерін жоғары көтерген» деген мағынадағы кінә тағылды. Сонымен қатар 1946 жылы А. Маметованың «Абай Құнанбаев» атты әдеби еңбегіне де космополиттік деген кәні тағылып, басылымнан алынды. 1952 жылы баспадан С.Мұқановтың «Балуан Шолақ», С.Мұқанов алғысөз жазған Қ. Аманжолов пен Х. Бекхожиннің «Батырлық эпосы», Қ. Сатыбалдиннің «Әлия», М. Хакимованың «Мәншүк» еңбектері қайтып алынды.[5, 137-б.]. Сонымен қатар қазақ халқының шығу тегін, ұлттық болмысының тарихи-географиялық сипатын, этникалық геногеографиясын, көшпенділер эстетикасын даралайтын синкретті мәдениеті терең зерделенген М.Ақынжановтың «Қазақ халқының шығуы және қалыптасуы» (1971), С. Ақатаевтың «Культ предков у казахов и его этногенетические и историко-культурные истоки» (кандидаттық диссертация) (1973), С.Мұқановтың «Халық мұрасы» (1974), О.Сүлейменовтың «АЗиЯ» (1975), О.Смағұловтың «Этническая геногеография» (1977), А. Сейдімбековтың «Күңгір-күңгір күмбездер. Сұлулық туралы сырлар» (1981) атты құнды еңбектері жарық көрді. Осы сипаттағы ғылыми мақсатты айқын әрі ұлттың тарихи санасына қозғау салар құнды зерттеулер мен танымдық маңызы зор еңбектер идеологиялық цензура тарапынан қысымға алынып отырды. Мысалы, С. Мұқановтың кітабы цензура сүзгісінен өту барысында көптеген қысқартуларға ұшыраса, Ә. Қоңыратбаевтың қазақ фольклорынан орта мектепке арналған оқулығы (1968), А. Машановтың «Әл-Фараби және бүгінгі ғылым» (1973) еңбектері шығарылмай тасталды. Ұлт тарихының тереңіне тамыр тартатын О. Сүлейменов, О. Смағұлов кітаптарына идеологиялық тыйым салынды. Атап айтқанда, «Үңіле оқысақ... («Игорь полкы туралы жырдағы» түркі тіл нұсқалары)» мақаласымен орыс халқының атақты жырындағы түркі тілінұсқаларына барлау жасап, кейіннен түркітануды әлемдік лингвистиканың күретамырымен байланыстыра зерттеу, мәдениеттер тоғысуын көне тілдік дәнекерлер негізінде жаңаша көзқарас орнықтыруда маңызы зор. О. Сүлейменов еңбегі ОК қаулысына алынып: «Бүкілодақтық авторлық құқық агенттігінің шетелде аударылмасын деген тізімдегі тыйым салынған бес кітаптың бірі –осы «АЗиЯ» еді» . Ал О. Смағұловтың кітабы 1977 жылдың тамыз айы ішінде Орталық комитетінің тікелей бұйрығы бойынша отқа жағылып жіберілді. Ғалым Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің бақылауына алынып, 15 жыл бойы ғылыми жұмыс істеуге кедергі жасалды . Осы тұрғыдан келгенде қазақ

халқының көне әдебиеті мен мәдениетін, тарихын зерттеу жолдары күрделі идеологиялық белестерден өткенін айқын танимыз. [6].

Хрущевтік «жылымық» кезеңінде рухани көркем шығармалардан кінәраттар іздеп, оларды тек «таптық» тұрғыдан тексеру әдістері музыка әлемін танып бағалауға, қадірлеуге залалын тигізді. Қазақ тарихы әдебиетімен қатар, маркстік-лениндік идеология тұрғысынан тексергенде музыка саласында да кемшіліктер аз болмай шықты. Сол жылдары халықтың тамылжыған небір сұлу әндері «қара тізімге» алынды. Тәттімбеттің кербез, сылқым күйлері белсенділер мен догматшылдардыңтар пиғылына сыймай, цензураға ұшырады. Қазақ музыка аспаптарының жоқтаушысы болған үлкен ғалым, профессор Болат Сарыбаевтың соңына шырақ алып түскен өз әріптестерінің докторлық диссертациясын бекітпей тастады. Ғалымға бұл үлкен соққы болып, өмірден мезгілсіз кетті. Соғыс тақырыбына жазылған Ә. Әбішев және де М. Әуезовтың «Намыс гвардиясы», М. Әуезовтың «Сын сағаты», С. Мұқановтың «Гвардия алға», Ә. Әбішевтың «Қырағылық», Ғ. Мүсірепов пен М. Әуезовтің «Қынаптан қылыш» деген пьесалары мен опералары театр сахналарынан шығарылып тасталды Ал Ахмет Жұбановтың «Қазақ сазгерлерінің өмірі мен шығармашылығы» деген кітабы үлкен сынға ұшырап, 3-13 беттері «орыс халқына деген жеккөрінішті үгіттейді» және Кенесары хан жайында айтылғандықтан» алынып тасталды [7]. Осылайша, кеңестік идеология өнер мен мәдениеттің дамуына тосқауыл қойып, шығармашылық еркіндікке шектеулер енгізді. Мәдениет саласындағы мұндай шектеулер шығармашыл адамдардың қызметіне теріс әсер етіп, ұлттық өнердің дамуын тежеді.

Қорытынды: Кеңестік режим кезінде Қазақстандағы идеологиялық цензура ақпарат пен пікірлерді бақылаудың ажырамас бөлігі болды. Коммунистік партияның мүдделерін қорғау мақсатында баспасөзде, әдебиетте, өнерде және қоғамдық өмірдің басқа салаларында цензура қатаң жұмыс жасады. Бұл тәжірибе сөз бостандығына үлкен зиянын тигізді. Билік цензураны қоғамды бақылау құралы ретінде қолданды, режимге бағынбау немесе сыни көзқарастардың кез келген көріністерін тоқтатып тастады. Жазушылар, журналистер мен суретшілер өздерінің шығармашылық бостандықтарынан айырылып қатаң шектеулерге тап болды. Мұндай тәжірибе Кеңестік идеологияны ұстануға және биліктің наразылығын тудыруы мүмкін кез келген тақырыптардан немесе көзқарастардан аулақ болуға мәжбүр етті. Цензураның негізгі құралдарының бірі газеттерді, журналдарды, кітаптарды, хабар тарату мен теледидарды бақылау болды. Билікті сынға алған немесе кеңестік Қазақстандағы өмірдің жағымсыз жақтарын ашқан материалдар цензураға ұшырады және жарияланбады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Aubakirova K, Zhanibek M, Aituganova S, Altay A, Rakhmetullin E. Censorship of the Soviet Union in Kazakhstan. *Sci Herald Uzhhorod Univ Ser Phys.* 2024;(56):545-552. DOI: 10.54919/physics/56.2024.54aib5
2. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. — Алматы: «Атамұра», 2010. — 752 б.
3. Абжанов Х. Социализм и культура Казахстана; 2011. <https://iie.kz/?p=610&lang=ru>.
4. Қуандық Е.С. Қазақстан тарихы. Кеңес және тәуелсіз Қазақстан дәуірі. — Алматы: «Дәуір», 2009. — 17 б.
5. Бұйраева Ж.Ө., Ахантаева Ә.Ж. Қазақстан тарихы. Алматы: 2014. — 183 б. — ISBN: 978-601-241-491-2
6. Қоскеева Ә.М., Аубакирова Х.А., Джумагалиева К.В. «Тоқырау» кезеңіндегі қазақтың шығармашыл интеллигенциясының қызметіндегі ұлт мәселесі <https://doi.org/10.51889/2959-6017.2024.80.1.001>
7. Sandykbaeva UD, Mussagulova AB. The influence of ideological censorship of 50-60ies on science, culture and literature. *edu.e-history.kz* 2016;1(9):190-202.

ӨОЖ 94.658.36

ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

САМИЕВА АЙГУЛЬ САПАРГАЛИЕВНА

№43 орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Освоение новой технологии положительно влияет на формирование интеллектуальной, профессиональной, нравственной, духовной, гражданской и многих других человеческих сторон педагога, помогает ему развиваться и эффективно организовывать учебный процесс. Новые педагогические технологии способствуют повышению творческих способностей учащихся.

Summary. Mastering the new technology has a positive effect on the formation of the intellectual, professional, moral, spiritual, civil and many other human aspects of the teacher, helps him develop himself and effectively organize the educational process. New pedagogical technologies contribute to increasing the student's creative abilities.

Әр оқытушының негізгі міндеті – білім алушыға тек білім беріп қана қоймай, алған білімін өздігінен дамытып, жеке және қоғам қажеттілігіне икемдеп, дұрыс, тиімді пайдалана және әлеуметтік бәсекелестікке төтеп бере алатын, мәдени ортаға бейімделгіш, дара тұлға, білікті азамат дәрежесіне көтерілген адам дайындау деп есептейміз.

«Инновация» ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әртүрлі анықтамалар берген. Инновация латыншадан аударғанда «жаңа», «жаңалық», «жаңарту» дегенді білдіреді немесе «инновация» — бұл нақты қойылған мақсатқа жетуде ойға алынған жаңа нәтиже.

Оқу мақсатының жүйесінде берілген мақсаттың негізгі категорияларын пайдалана отырып, педагог өз еңбектерінің нәтижесі туралы ақпарат алуға мүмкіндік алады. Демек, мақсат пен нәтиже - жаңалыққа бет бұрудың кілті. Инновациялық үрдістің негізі - жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез келген жаңа әдіс жекелік, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады. Бұл яғни, бір мұғалім үшін табылған жаңа әдіс, жаңалық басқа мұғалім үшін өтілген материал тәрізді. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Кейінгі кезеңде ғалымдар өз зерттеулерінде оқу-тәрбие ісіне жаңалықтарды енгізіп, тарату мәселесін қарастырады.

Қазіргі ұсынылып отырған көпнұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әр түрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әр түрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының шығармашылық қабілеттерін арттыруға өз үлесін қосады. Жаңа технологияны қолдану оқып үйрену, меңгеру, өмірге ендіру, дамыту кезеңдері арқылы іске асады.

Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары: балаға ізгілік тұрғысынан қарау; оқыту мен тәрбиенің бірлігі; баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту; баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту; баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту; әр оқушыны оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне орай оқыту; барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу; оқу үрдісін оқушының сезінуі. Бүгінгі таңда білім берудің ұлттық жүйесі өте маңызды, қарқынды өзгерістердің сатысында тұр.

Білім беру процесіне инновациялық процестерді енгізу және болашақ мамандардың негізгі кәсіби құзыреттерін қалыптастыру бойынша оқу жұмысының тиімді нысандары оқытудың әр түрлі белсенді нысандары мен әдістерін қолдану болып табылады.

Бұл – проблемалық және ойын технологиялары, ұжымдық және топтық қызмет технологиялары, белсенді оқытудың имитациялық әдістері, нақты жағдайларды талдау әдістері, жоба әдісі, көпшілік алдында сөйлеу дайындығы, кәсіби маңызды мәселелерді талқылау, ынтымақтастықта оқыту, проблемалық жағдайларды құру, дәріс-әңгіме, дәріс-пікірталас және т. б.

Тарих сабақтарындағы инновациялық технологиялар өзара түсіністікке, өзара әрекеттесуге, бірақ сонымен бірге әр қатысушы үшін маңызды міндеттерді бірлесіп шешуге әкелетін диалогтық қарым-қатынасты ұйымдастыруды және дамытуды қамтиды.

Диалогтық оқыту барысында балаларды сыни тұрғыдан ойлауды, тиісті ақпаратты талдау негізінде күрделі мәселелерді шешуді, балама пікірлерді ескеруді, ойластырылған шешімдер қабылдауды, пікірталастарға қатысуды, басқа адамдармен қарым-қатынас жасауды үйренеді. Ол үшін семинар сабақтарында жеке, жұптық және топтық жұмыс жүргізіледі, зерттеу жобалары қолданылады, құжаттармен және әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс жүргізіледі.

Сабақтарда мен «ми шабуылы», «пікірталас», «рөлдік және іскерлік ойындар», «дөңгелек үстел», «пікірталастар», «топта немесе жұпта жұмыс істеу», «пікірталастар» және т. б. ретінде белгілі тарихты оқытудың топтық жұмыс формалары қолданылады.

I. Ойлау мен интеллектуалдық іскерлігі. Тарихты оқу барысында оқушыларда оқу еңбегі іскерліктері, оның ішінде ойлау және интеллектуалдық қабілеттер қалыптасады. Ол қабілеттер; тарихи мәтінді талдау, негізгі ойды ерекшелеу, тарихи құбылыстар мен фактілерді салыстыру; материалды тұжырымдау және қорытынды жасау. Осы қабілеттерге ие болған оқушылар тарихи материал мазмұнын терең игере алады.

II. Арнайы тарихи материалдарды меңгеру іскерлігі. Оқушылардың тарихи фактілерді мерзімінде шоғырландыра алуы, яғни тарихи оқиғалардың ұзақтығын, реттілігін, бірмезгілдігін байланыстыра алу. Тарихи оқиғаларды кеңістікпен шоғырландыруы, картамен жұмыс істеу іскерігі қалыптасады.

III. Оқу құралдарымен, баспасөз материалдарымен, тарихи шығармалармен жұмыс істеу іскерлігін арттыру мақсатында қарапайым және күрделі жоспар құра білу. Оқулық мәтіні мен негізгі бөлімдерін анықтау. Әр түрлі тарихи және саяси тезистерді оқу негізінде конспектілер жазу. Алған білімдерді жүйелеу және логикалық реттестіру. Оқушылармен жүргізілген жүйелі жұмыстың нәтижесінде олар теориялық білімді меңгеріп, оқиғалар мен үрдістерді түсіне алатындай дәрежеге жеткізу. Тарихты оқу барысында оқушылар теориялық білімді меңгеріп, оны оқиғалар мен үрдістерді түсіну үшін қолданады.

Тарих пәні оқытушысы ретінде сабақтан тыс кезінде балалар арасында әртүрлі тақырыптарда зияткерлік ойындар, тарихи оқиғаларға байланысты кештер өткізіп отырамын, ондағы мақсатым оқушылардың жан-жақты шығармашылық, терең ізденіс, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, және де барлық шараларды өткізген кезде ақпараттық технологиялар – интерактивті тақта, компьютер, видеокамера қолданылады. Бұл балалардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға, олардың ой-танымын кеңейтуге, өз бетінше шығармашылықпен, ізденімпаздықпен жұмыс жасауына көп көмегін тигізеді.

Тарихты оқыту үрдісінде ақпараттық коммуникациялық технологияны қолдану, инновациялық технология бойынша оқыту, ең алдымен балаларды пәнге деген ынтасын, қызығушылығын арттырады, теориялық білімін өз-өздерін тексеру арқылы әрі қарай жандандырады, сабақта қолданылатын тапсырмалардың көлемі ұлғайып, ойлау, жұмыс істеу қабілеті дамиды, өз беттерінше де ізденіп, бағдарлама дайындауға шығармашылық шабыт алады, оқыту, білім берудегі білім сапасын көтеруге қол жеткізеді, дүниетанымдық қасиеті қалыптасады. Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияны қолдану білім сапасын жақсартуға көмектеседі.

Қазіргі таңдағы егеменді еліміздің болашағы дарынды, білімді, ізденімпаз жастарға байланысты. Осыған орай біздің алдымызда тұрған басты міндет — өзіндік айтар ой-пікірі бар, жоғары сапалы, белсенді азамат тәрбиелеп шығару.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шарипова А.Ж., Тапаева А.П., Абдуллаев Б.Н. // молодой ученый. – 2014. -№20.1. стр 57-59
2. Қоянбаев С. Танымдық қызығыду белсендіру//Қазақстан мектебі. -2003. №6. 20 б.

ӘОЖ 159.9:37.032

ҚҰРАҚ ҚҰРАУ ӨНЕРІ – ҚАЗАҚ ШЕБЕРЛЕРІНІҢ ОЗЫҚ ТУЫНДЫСЫ

ТАДЖИБАЕВА ЖАННА САЙДУЛЛАЕВНА

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің аға оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Лоскутное шитье как искусство происхождения с, в какой стране научно юный исследователь в проекте особое внимание к их истории, среди тюркских народов, в том числе лоскутное шитье особый вид прикладного искусства казахского народа рукоделия в том числе, что второе. Убедитесь, что рассмотреть собственное исследование, в ходе, рационализаторских предложений. Оборудование, встречающихся в повседневной жизни, а не только для красоты только среди населения, сохранить его владельца источника языках, верили, что взял курс на дом. А самое главное, родовые племена поверили в укрепление.

Summary. Quilting as an art RT su with motherhood, the country in which the scientific young researcher in the project particular attention to its history among the Turkic peoples, including quilting a special kind of

applied art of the Kazakh people including that second. Make sure to consider your own research in, and improvement suggestions. Equipment encountered in everyday life, not just for beauty only among the population, to keep it the owner of the source languages, to focus on cellynne in the house of demons. And most importantly, to keep the family quilting products, in addition, ru and ru, the tribe and the tribe nayttamaan Nanan unity between people.

Құрақ – мата қалдықтарынан жасалатын үй бұйымының бірі. Орыс тілінде құрақ құрау өнері «Лоскутное шитье» деп аталады. Орыс халқының құрақ құрау өнері өте ерте заманнан келе жатыр. Шығыста, Мысырда, Каир төңірегінде үш мың жыл бұрын тігілген құрақ бұйымдар табылған. Ағылшын тілінде құрақ құрау өнері «Patchwork» деп аталады. Жапон халқында құрақ «сашико» деп аталады. Америкада әр түрлі ұлт өкілдер тұрғандықтан құрақ құрау өнері пайда болған.

Қазақ халқының қолөнері өзінің қайталанбас көркемдігімен, дәстүрлі әдісімен дараланып тұрады. Көнеден қалған бұйымдар өрнегінің ерекшелігімен адамды баурап алып, тарих қойнауына жетелейді. Шеберлердің қолдарынан шыққан бұйымдар күнделікті тіршілікпен қатар сол заманның қолөнер мәдениетінің баға жетпес үлгісі. Шеберлердің, ұсталардың, зергерлердің, кілемші мен тігіншілердің суретшілік қасиетімен бірге жетілдіру дарыны да қатар дамыған. Солардың арқасында түрлі үй мүліктері, жиһаздар жаңа түрге еніп, жетілдіріп, асыл дүниелерге айналып отырған. «Шеберді шілтерінен танысын», «Шебердің қолы ортақ», деген ел ішіндегі сөздер бекер айтылмаса керек. Қас шеберлікке жету үшін дарын, білім, іскерлік пен шыдамдылық керек.

Қолөнерінің алатын орыны ерекше, ол әрбір ұлттың өзіне тән меншікті өнері болып саналады. Халықтың мәдени дәрежесі өскен сайын қолөнері де дамып отырған. Қазақтың өрнекті әшекейімен істелетін қолөнерінің түрлері өте көп. Шығармашылық ізденіс үстіндегі халық шеберлері тұрмысқа қажетті қолөнерінің алуан түрін өмірге алып келуде. Соның бірі құрақ құрау. Бұл аса шеберлікті, шыдамдылықты қажет ететін қолөнер.

Құрақ дегеніміз не? Біздің қазақ тілінде құрақ сөзінің екі мағынасы бар. Біріншісі, көлдің жағасында өсетін өсімдікті құрақ десек, екіншіден, мата қиындысынан жасалатын бұйымды құрақ дейді. Яғни, құрақ дегеніміз шығынсыз өнім жасаудың бір түрі. Негізінен құрақтың 200 - ден аса түрі бар. Соның ішіндегі төртбұрыш, сегіз сай, мүйіз құрақ, қиықша құрақ, үшбұрыш, аққу, шахмат, торкөз, гүл құрағы, майда құрағы, жұлдызша құрағы ел ішінде кеңінен тараған. Құрақ құрау техникасы екі бағытта дамып келеді: Құрақ құрау (құрақ мозайкасы); Жапсырмалау (апликация).

АҚШ, Германия, Швеция сияқты елдердің мұражайларында құрақ техникасы сәнімен орындалған бұйымдардың коллекциялары бар. Мұндай қазақ халқының тұрмыс тіршілігінен хабар беретін бірқатар бұйымдар Қастеев мұражайына да қойылған. Материалдардың түстер үйлесімділігін, геометриялық шешемін тауып орналастырып, қайталанбас колорит алуға болады. Құрақтардан жасалған заттар өзінің ерекшелігімен, түстерінің әр түрлі болуымен бізді өзіне ерекше тартады. Құрақ құрау технологиясы тұрмыс бұйымдарын дайындауда қолданылады. Құрақтан жасалған бұйымдар: жастық тыс, көрпе (орыс, қазақ, ағылшын), дастарқан, майлық, ұстағыш қолғап, жапқыш, кілем, дорба, баскиім, киімдер, сувенир немесе аксессуар ретінде – сәнді сөмке, кошелек т. Б

Сонымен құрақ көрпе, халқының ұлттық қол өнерінің бір түрі. Құрақ құрау үшін ең алдымен, қажетті материалдар тандап алынып, олар түрі, түсі, матасына қарай сұрыпталады. Яғни, маталардың барқыт, жібек, сиса, сәтен кесінділері жеке - жеке бөліп алынады. Содан кейін ісмер әйел не бірыңғай барқыттан, немесе бірыңғай жібектен құрақ құрауға кіріседі. Бұл істі бастамас бұрын әрбір түстің бір - біріне сәйкес келуіне, бірін - бірі ашып тұруына айрықша көңіл бөлінеді. Құрақ құрау, қалдық қалдырмау. Ертеде қазақ даласында қымбат маталар тапшы болғандықтан, киім - кешек тігушілер қалған маталардың қиықтарын бір кәдеге жаратуға тырысып, олардан әртүрлі бұйымдар жасаған. Сөйтіп, құрақ құрау өнері дүниеге келген.

Құрақшылық қолөнері сәнді жұмыстар жасау тарихы өте арыдан басталады. Таңғажайып талантымен талайларды тамсандырған қазақ қолөнерінің қайталанбас түрі – қиыстырып құрақ қию, одан көздің жауын алатындай өте бағалы бұйымдар жасау. Зердесінде зейіні бар әр адамның қай - қайсысы да құрақтан жасалған заттарға ойлы көзбен назар аударса, сан алуан сәнді түстердің бір - бірімен жарасым тауып, әдемілік әлемін сыйға тартып тұрғанын айқын аңғара алады.

Қазақтың қолөнерінің өмірге келуі халықпен, көшпелі өмірмен тығыз байланысты. VII - VIII ғасырда тігіншілік, етікшілік пайда болған. Сауда саттық дамыған кезде әр халықтың өнері араласып ұлттық құрақ түрлері пайда болды. Қазіргі уақыт талабына сай жаңа үлгідегі "сегізжапырақ", "қызғалдақ", "ботакөз", "құдық", "жұлдыз", "шахмат" құрағымен жастық тыс, көрпе, сырмақ, паннолар жасалады.

Қазақ халқы - кең байтақ елімізде қалыптасқан көне мәдениеттің тікелей мұрагері және сол дәстүрді дамытушы, жаңғыртып байытушы, ұлттық қолөнердің үздік үлгілерін атадан балаға мұра етуші.

Құрақ дегеніміз ерте заманнан келе жатқан жан өнер Каирдің Булат мұражайында қарақұйрық терісінен құрап тігілген өрнектер әрі күнге дейін сақталған, ал Токио мұражайының бірінде Майома Эдонің (1569 - 1867) асыл тастар мен түрлі маталардың қиындыларынан құрап тігілген киімі әлі күнге дейін сақталған. Демек құрақтар тек кедейлер емес байдың, ханның үйінде де одан жамылғы көрпелер, киімдер тігіп киген.

Ғасырлар бойы уақыт елегінен өтіп ұрпақтан - ұрпаққа жеткен ұлттық қолөнер бабалардан қалған мәдени мұрамыздың ең асыл құнды қазынасының бірі. Ол келер ұрпақ тәрбиесінде баланың ой санасына жаңа заман талаптарымен үндесе тарап ақыл - ойды асқарға, қиялды - қияға жетелейтін киелі мұра.

Құрақ құрау – бұл нағыз өнер, мата қалдықтарын үнемдеп тігудің ерекше түрі. Бұл құрақ өнері бүкіл елге белгілі өнердің бірі болып табылады. Құрақ құрау көптеген халықтарға бұрыннан белгілі өнер. Ең көне бұйым болып табылатын пэчворк техникасы, ең алғаш рет шыт отаны – Индия елінен табылған. Ерте заманда құрастырылған киімдерді кедей, нашар тұратын адамдар киген. Ал қазіргі таңда құрастырылған киімдерді авангард стилінде пайдаланады. Орта Азия халықтары қазақпен қырғызда – "құрақ", Ресейде – мозайка немесе "ляпочка" деп, ал ағылшынша «квилт» деп, Жапон халқында «сашико» деп аталады. АҚШ, Германия, Швеция сияқты елді мұражайларында құрақ бұйымдарының коллекциясы бар.

Қасиетті қазақ халқының, соның ішінде әйел адамдардың қолдарынан шыққан қолөнер туындыларының тарихы тым тереңде жатыр. Ол кең байтақ жерімізді мекендеген сак, үйсін, қыпшақ, ғұн тәрізді көне түрік тайпаларының мәдениетінен арқау алады. Және де оған Оңтүстік - Сібір, Орта Азия мен Ресей халықтарының да мәдениеті өз әсерін тигізген. Осындай үнемі жаңғыру үстінде болған қазақ халқының дәстүрлі қолөнерінің даму биігіне көтерілген кезеңі ХІХ ғасырдың 2 - жартысы мен ХХ ғасырдың басы.

Археологиялық қазбалар мен жазба ескерткіштерге арқа сүйенсек, Қазақстан аймағын мекендеген тайпалар жүздеген жылдар бойы металл, тас, сүйек, саз балшық, ағаш, жүн, тағы басқа да шикізаттарды шаруашылық кәсіптері мен күнделікті тұрмыс қажетіне жарап, қол өнердің өз ұлтына тән ерекше көркем түрлерін қалыптастырған. Қазақстан жеріндегі қолөнердің көне заманнан келе жатқанына Павлодар өңіріндегі Досыбай жартасынан табылған бейнелер, Өскемендегі жазбалар мен Ұлытау жартасындағы суреттер, өзіміздің облыс көлеміндегі Лебедевқа, Қырықоба обаларында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған керамикалық қазындылардың беттеріне салынған геометриялық өрнектер нақты айғақ бола алады. Өзге де ғылыми деректерде қазақ даласында болған саяхатшылар қазақ топырағын мекендеген сақтар мен массагеттердің барлық заттардың әшекейленіп, киімдердің өзіне тән үлгісі барын айтады.

Қазақтың ісмер, шебер әйелдері құрақ көрпеден құрақ кеудешеге дейін, құрақ бөстектен құрақ ойыншыққа дейін жасап, керемет нәрселердің де қарапайым тәсіл - мен - ақ өмірге келетінін ежелден - ақ қалың жұртқа паш етіп келеді. Зердесінде зейіні бар адамдардың қай - қайсы да құрақтан жасалған заттарға ойлы көзбен назар аударса, сан алуан сәнді түстердің бір - бірімен жарасым тауып, әдемілік әлемін сыйға тартып тұрғанын айқын аңғара алады. Ол арқылы халқымыздың құнарлы дүниетанымын, эстетикалық талап - талғамын, сұлулықты аңсаған іңкәр сезімін айтқызбай - ақ танысың.

Басты - басты бұйымдары көрпе, тұскиіз, кеудеше, жас - тық, түрлі ойыншықтар болып келетін құрақ құрау – қазақ дәстүрінде қыз балалар кішкентайынан біліп, үйренуге тиісті қолөнер түрі. Ол қыздарды төзімділікке, үнемділікке, шеберлікке, бояуларды ажыратып, олардың бір - бірімен үйлесімділік табу - ын түсініп, тануға шыңдайды, тазалыққа, әсемдікке үндей - ді, жан - дүниесін байытып, ой - өрісін кеңейтеді.

Құрақ негізінен, түрлі - түсті маталардан құралады. Киім - кешек тіккенде қалған, арнайы сатып алынған маталардан қандай өрнек шыға - руға болады? Мата қиығын қолына ұстаған әрбір әйел оны білмей тұрып қиық құрай алмайды, жасаған бұйымы көріксіз болып шығады. Яғни, құрақ құрауда қойылатын басты шарт: онымен айналысатын адамның бойында өнерді түсінетін қасиет, ұшқыр қиял, бояулардың сырын білетін таным болуға тиіс.

Құрақ құрау үшін ең алдымен, қажетті материалдар таңдап алынып, олар түрі, түсі, матасына қарай сұрыпталады. Яғни, маталардың барқыт, жібек, сиса, сәтен кесінділері жеке - жеке бөліп алынады. Содан кейін ісмер әйел не бірыңғай барқыттан, немесе бірыңғай жібектен құрақ құрауға кіріседі. Бұл істі бастамас бұрын әрбір түстің бір - біріне сәйкес келуіне, бірін - бірі ашып тұруына айрықша көңіл бөлінеді. Құрақ құрау – қалдық қалдырмау. Ертеде қазақ даласында қымбат маталар тапшы болғандықтан, киім - кешек тігушілер қалған маталардың қиықтарын бір кәдеге жаратуға тырысып, олардан әртүрлі бұйымдар жасаған. Сөйтіп, құрақ құрау өнері дүниеге келген.

Ысырапқорлық – қазақтарға жат қылық. Ежелден - ақ ата - бабаларымыз үнемшіл болып, қолдағы темір, сүй - ек, ағаш, тері тәрізді заттардың да кесінділерін қажеті - не ұқсатып, аяқ асты таста - маған. Ал қолдағыны осылай ұқсатуда қиыстырып құрақ құраушылардан асқан шебер жоқ. Олай болса, құрақ құрау қыз - келіншектерді ысырапқорлықтан тыйып, үнемділікке үйретеді.

Қазір ұлттық салт - дәстүріміз қайтадан жаңғырып, өмірімізге тереңдеп енгендіктен, қазақтың құрақ құрау өнері де қайтадан дамып отыр. Құрақтардың мың құбылған сәні мен сұлулығына қарап тұрғанында, «Шіркін - ай, қазақтың бұл құрақтары мен ою - өрнегіне тіл бітсе, олар мәңгілік ғұмыр, асыл махаббат, өшпес сұлулық туралы бізге таусылмас сыр мен жыр толғар еді - ау!», – деп те ойға қалатынының қайтерсің. Әр үйде құрақтан жасалған бұйымдардың болуы – отбасының ұлтжандылығын ғана танытып қоймайды. Бұл қазақ қолөнерінің ежелгі түрінің қайтадан жаңғырып, қазіргі заманмен жарасым тауып отырғанын көрсетеді.

Қазақ қолөнерінің қандай түрінде де ою - өрнектер пайдаланылады. Құрақтан жасалған бұйымдарда да олар өз орнын тауып жатады. Негізінен, қазақ символы көп қабатты. Ол басқа символдармен астасып, мағынасын байыта береді. Этнографтардың айтуынша, бұл жерде үшбұрыштың және оған қиысатын барлық элементтердің мәні айрықша. Олардың түсіндіруінше, үшбұрыш магиясының мәні үш дүниені тұтастыра білуінде. Қазақтың дәстүрлі көзқарас - тары бойынша, үшбұрыш – су, жер, ауа – үш ғаламның белгісі болып саналатын балықты, оқты, құсты мензейді. Егерде осы үшбұрыштың ішіне қошқар мүйіз оюы қиысса, ол отты бейнелейді. Жалпы, қазақтардың ұғымында ою - өрнек магиялық сипатта, ол барлық «кіріс» пен «шығысты», «жағал» мен «қиысуды» белгілейді...

Құрақтан жасалатын бұйымдар өте көп. Бірнешеуіне тоқталсақ, қоржын. Зат салатын бұйым. Ертеде жарапазан айтқан балалар иығына қоржын арқалап, қазақ ауылдарын аралаған. Әрбір үй оларға қолында бар құрт, ірімшік, жент тәрізді тәттілерін беріп, күміс түйген орамалдар сыйлап, балалар өз отбасына қоржынын несібеге толтырып қайтатын болған. Алыс сапарға шыққандар да астындағы атына қоржын теңдеген. Тіпті, сүндетке отырғызған баланы атқа мінгізіп, ағайын аралатқанда да жанына қоржын байлағаны мәлім. Қазір түрлі қиықтардан жасалып, ою - өрнек салынған сәнді қазақы қоржындар құдағилар арасында жүріп, сыйластықтың бір дәнекері болуда. Құрақ кеудеше. Көбінесе қыз - келіншектерге арнап жасалатын киім. Халқымыздың салт - дәстүрі бойынша, ұл - қыздары той - думанда ғана емес, күнделікті өмірде де әдемі киініп, таза жүрген. Құрақ кеудешелер әрі сәнді, әрі жылы. Оны қай жерге де киіп баруға болады. Құрақ кеудешені жасарда оған таңдап алынған маталар тобының түр - түсі жағынан бір - біріне үйлесімді болғанына ерекше көңіл бөлінеді. Шеберлер қызылдың жанына жасылды, ақтың жанына қараны, көктің жанына сарыны қойып, әр түстің терең мәні мен сырын ашқан ғой. Құрақ кеудешені жасарда да ол қатаң түрде ескеріледі. Және де қолдағы материалдардың қиықтарының біртекті болғаны дұрыс.

Тақия. Қазақ шеберлері ежелден - ақ құрақтарды қиюластырып тақия тігіп келеді. Құрақ тақиялар – өте сәнді баскиім болып саналады. Қызыл – жасыл, сары – көк тақиялар бойжеткендердің көркін құлпыртып, қос бұрымды шашына керемет жарасып тұрады. Шеберлер құрақ тақияларды негізінен, пүліш маталардың жарқын, ашық бояулы қиықтарынан тігеді. Бүйірін шаршы ішіндегі қиықшалардан құрастырады. Мұндай тақияның бүйіріне кемінде төрт түрлі түстегі құрақ пайдаланылады. Сонда құрақ тақия көрікті болып шығады.

Қиық сырмақ. Оны үйді әшекейлеп, қабырғаға ілу, тақта үстіне төсеу үшін жасайды. Кейбір дәулетті кісілер қиық сырмақты палас ретінде еденге де төсеп тастайды. Сырмақтың тұтас материалы үшін түйенің жүні қажет. Өйткені, ол әрі жұмсақ, әрі жеңіл, әрі жылы, әрі таза. Осы негізгі материалдың үстіне ұлттық ою - өрнек түріндегі құрақтар шаршылап орналастырылады. Сырмақ үстіне ою тек қана ашық және біртекті материалдардан әзірленеді. Сосын оны жымдастырып тігіп, шетін тегіс әшекейлеп шығады.

Құрақ жастық. Үйдегі құрақ көрпенің үстіне құрақ жастықты қойып, қонақтар оған шынтақтап жататын болса, ол отбасын ерекше бір ұлттық сән - салтанатқа бөлеп тұрады. Құрақ жастықтарды қоңыр немесе жасыл, әйтпесе қою көк түсті материалдан жасап, бетіндегі өрнегін ақ немесе ашық сары түсті матадан орнатып, жиегіне ақ түсті әшекей жіп жүргізсе, ол тіпті көрікті болып шығады.

Құрақ құрау өнерін дамытуды насихаттауымыздың мақсаты қолөнерді сақтап қалып, дәстүрімізді жалғастыру кешегі қажеттіліктен туындаған өнерді бүгінгі жастарды тәрбиелеуге пайдалану, өнерге баулып тәрбиелеу.

Жұмысты жасау барысында көптеген зерттеме жұмыстарын жүргіздім. Өз жұмысымның ерекшелігі қазақтың салт - дәстүрін, ұлттық қолөнер туындыларын зерттей отырып, құрақ өнерін меңгердім. Жалпы, құрақ өнерін зерттеу барысында, оның түрлерін, жасалу жолдары, тарихы айтылған. Адам, қоғам үшін құрақ өнерінің жасалуын зерделей келе қолөнер байлығымыз екенін білдім. Құрақ – қызық, әрі құнды өнер. Ол ұзақ ізденісті, ыждағатты қол еңбегін қажет ететін іс. Шын шеберлікке қоса табандылықты талап

етеді. Қазақ халқының қолөнерінің аса қымбат, қайталанбас сұлулығын, ғажайып көркін құрақ өнерінен көреміз. Ғылыми жұмысымды қорыта келе, түйген ой - пікірім:

– құрақ өнері арқылы халықтың қолөнерін, салт-дәстүрін білу;

– құрақ өнері – есте сақтау, жобалау, шамалау, түстер жарасымдылығын жақсы айыра

білуге;

– құрақ өнері – өте нәзіктікті, әдемілікті, шыдамдылықты, шеберлікті талап етеді.

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың “Қазақстан – 2030” стратегиясында алға міндет етіп қойған ішкі және сыртқы саясатының аса маңызды 30 бағытының бірі – мәдени мұра бағдарламасы аясындағы халықтық мәдени құндылықтар мен дәстүрін дамыту. Осы бағытты ескере отырып, көнере бастаған қолөнерді бүгінгі күнде өз кәдемізге жаратып, қолданудың маңызы өте зор.

Қазақтың қолөнері бүгінгі жаһанданған заманда да өз мәнін жоғалтпай, жалғасын тапса, нұр үстіне нұр болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Еңбекке баулу оқыту әдістемесі. Алматы, 1998.
2. «Мектептегі технология» №8, №10 2011
3. «Шебердің сиқырлы қалашығы» Шымкент баспасы, 2000ж
4. «Еңбекке үйрету» Республикалық ғылыми әдістемелік журнал, №9 - 10, 2009
5. «Бастауыш мектеп» әдістемелік журнал, №6, 2007

ӨОЖ 82-1/-9

ЕСЕТ БАТЫРДЫҢ ТАРИХИ ТҮЛҒАСЫ: КӨШБАСШЫ, ЖАУЫНГЕР, ДАЛА ҚОРҒАУШЫСЫ

ОРАЗБАЕВ АЛМАТ МҰРАТҰЛЫ

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің 2 курс магистранты,
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ.

Резюме. Есет Кокиұлы – выдающийся герой, полководец и воин, занимающий особое место в истории казахского народа. Его храбрость и воинская доблесть при защите казахских земель от джунгарского нашествия в XVIII веке стали легендарными. Есет батыр внес большой вклад в сохранение целостности страны и укрепление национального единства на пути к независимости. Его лидерские качества, боевые навыки и справедливость снискали ему уважение современников и навсегда сохранились в сердцах людей. В статье всесторонне рассматривается историческая роль Есета батыра, его жизненный путь, подвиги, вклад в политические и социальные процессы в казахской степи.

Ключевые слова: герой, лидер, царь, тама, земля казахов, свобода.

Summary. Eset Kokiuly is a prominent hero, leader and warrior who holds a special place in the history of the Kazakh people. His heroism and military skill in defending the Kazakh land from the Dzungarian invasion in the 18th century have become legendary. Eset Batyr made a great contribution to preserving the integrity of the country and strengthening national unity on the path to independence. His leadership qualities, fighting skills and justice were respected by his contemporaries and forever remained in the hearts of the people. This article comprehensively examines the historical role of Eset Batyr, his life path, heroic deeds and contribution to political and social processes in the Kazakh steppe.

Keywords: hero, leader, king, tama, kazakh land, freedom.

Есет Көкіұлы әулиелігі ел ішінде аңызға айналған Кіші жүздің Жетіру бөлімі тама руынан шыққан жаужүрек батыр XVII-XVIII ғасырлардағы ел басына күн туған қасіретті де зұлмат заманда ерекше орын алады. Батырдың өмір жолы үлкен оқиғаларға толы болды. Ол – дәуір жүгін өле-өлгенше арқалап өткен, қазақ рухын қайта түлетудің алтын дінгегіне айналған ұлы дара тұлғалардың бірі. Өз заманының беделді қоғам қайраткері, салиқалы саясат ұстанған саясаткері.

Шыққан тегі Кіші жүздің Жетіру ішіндегі Тама руының, Аташал тармағынан. Әбілқайыр хан Ресейге қосылу мәселесін көтергенде соның қасында болып, Кіші жүз бен Орта жүздің орыс патшасының қол астына өтуіне белсенді атсалысқан атақты Кіші жүз Бөкенбай батырдың күйеу баласы [1].

Есеттің әкесі Базарқұлұлы Көкі де заманында аты шыққан батыр болған. Жауға үнемі тайсалмай тура шабатындықтан «Таймас батыр» деген ат алған. Тарихшылар Салқам Жәңгір хан жоңғардың Батыр қонтайшысының 50 мыңдық әскеріне 600 жауынгермен қарсы тұрып, шайқасып жатқанда 20 мың әскермен көмекке келетін Жалаңтөс баһадүрдің әскерінің ішінде осы Көкі батырдың да болғандығын, сонда оның шеп бұзып, үлкен ерлік көрсеткенін жазады. Жауынгерлік заманда туып, күреспен есейіп, ер жеткен тұрғыластары сияқты Есет те ел қорғау жорығына ерте араласады. Жеке ерлігімен көзге түсіп, батыр атанады. Тәуке ханның тұсындағы жеңісті шайқастарда Есет батыр Кіші жүз қолын бастайды. Осындай шайқастардың бірінде найзагерлігімен көзге түсіп, ерен ерлік көрсеткен Есетке риза болған Тәуке хан кейін шақырып алып: «Айбатың аса түссін, найзаң мұқалмасын, ел намысы тұздығың болсын» деп бата беріпті деген әңгіме де бар [2, 356.].

XVIII ғасырдың басында Тәуке хан жеті рудың бастарын қосып, ірілендіру мақсатымен үш жүздің басын қосқан кеңесте Есет батырды Жетіруға ру басы етіп сайлаған. Есет батыр, әрі ақылды, әрі мырза адам болыпты. Көкі батырдың жеті ұлының бірі Есет батыр, жасы жиырмаға жетпей-ақ жауға аттанып, жоңғар, қалмақтармен соғыстарда ерлігімен көзге түсіп батыр атағы шыққан екен. Ол Әбілқайыр ханмен жасынан бірге өскен досы, Әбілқайыр ханның қазақ халқын Ресейге қосу күресінде Есет батыр табандылықпен Әбілқайырға мықты тірек болған адамның бірі болыпты. Қалмаққырылған деген жердегі айрықша ерлік көрсетіп, артына «Алланың тасы қатты ма, Есеттің басы қатты ма?» деген қанатты сөз қалдырған. Ел аузындағы деректерге қарағанда Есеттің қызы Ботагөз де елін қорғаған батыр болыпты.

Есет батыр әйгілі «Ақтабан шұбырындыдан» кейін ел болып бірігіп, жоңғарларға алғашқы алапат соққы берген Бұланты, Білеуті өзендері бойындағы шайқасқа қатысып, езілген елдің еңесін көтерген ұлы жеңіске өз үлесін қосады. Ал тарихи бетбұрыс жасаған Аңырақай соғысында ол Кіші жүз құрамының туын көтерген атойшы болады.

Кіші жүздің Ресей қол астына кіруін, батырдың осыған сәйкес ісін айыптаған молда және бірсыпыра билер қауымына берген жауабы халық аузында сақталған жырда:

Біледі ел кімнің досын, кімнің қасын,
Олардың айырмаймын кәрі-жасын.
Дұшпанның салған отын біледі олар,
Тігеді Есет десе әркім басын.
Біледі ел зұлымдықты айдап салған,
Ишандар бұл сұмдықты қайдан алған?
Кешегі Конон шауып зарлатқанда,
Кім екен елді қорғап кегін алған?!
Қытайдың шабынып тұр жоңғарлары,
Есіл-дерті қазақтың жер мен малы.
Ишандар мықты болса соны құртсын.
Көрерміз басқаларын одан әрі,
Орыстың қаруы бар, қытай келмес,
Көп халық қарусызға теңдік бермес.
Орыстың қаруымен біз қорғансақ,
Елдің де, молданың да оты сөнбес...
Өнерлі елге қосылса арашаға,
Тәрбие білім алар бала-шаға.
Жоңғарға құл болмайды ұрпақтарың,

Қанарсың өнер-білім тамашаға, - деп көрсетілген екен [3, 346.]. Осы бір шумақтарда Әбілқайыр, Бөкенбай, Жәнібек, Есет туралы айтылатын пікірдің шұрайлы астары жатыр. Біз осы шумақтардан, Қазақ даласының Ресей қол астына кіруі бір жылда емес, бір мезгілде бола қалған жағдай емес екенін түсінеміз. Есет батыр кезеңінде де қарсыластық болып, елімізді қорғау үшін барлық іс-әрекет жасалғанын көруге болады.

Есет Көкіұлы Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың сенімді серігі, кеңесшісі, өз тайпасының ту ұстаушы әйгілі батыры болған. 1731 жылғы Әбілқайыр ханның Ресей империясына қатысты саясатында халық алдындағы сенімді тірегі, хан мен халық арасына түскен жарықшақты дәнекерлеп бітірушісі бола білген. Хан басына үйірілген қауіп бұлтын сөйілтуде ол сол кездің тарихи ірі тұлғалары Бөкенбай, Жәнібек батырлармен бірлесе отырып, оған үлкен көмек көрсетеді. Хан елшілерінің құрамында қазақ руларының Ресейге қосылуы жөніндегі антқа қол қойғандардың бірі. Осы кездесуде орыс патшайымы Анна Иоановна Есет батырға аты жазылған қанжар сыйлайды.

Ортағасырлық түркілік тархандар институтын Ресей үкіметі XVIII ғасырдың 40-жылдарынан бастап, қазақ қоғамына қайта енгізіп, қазақтың белгілі батырларына тархандық атақты бере бастады. Бұл

шен Ресей мемлекетіне сіңірген ерекше еңбегі үшін берілді. Бірінші 1742 жылы 30 тамызда тархандық грамотаны арғын Жәнібек батыр Қошқарұлы алды. Екінші тархандық грамота 1743 жылы 3 шілдеде тама Есет батыр Көкіұлына берілді. Жәнібек пен Есет тархандарды Ресей үкіметі екі түрлі мәртебемен қабылдаған. Жәнібек батырға берілген атақ оның ұрпақтарына мұраға қалатын түрі болса, Есет батырдың жеке өзіне ғана берілген [4].

1749 жылғы 1 шілдеде қазақ-орыс шекара барымтасына байланысты келіссөз жүргізгенде Ресей жағы 25 тұтқын қазақты, 103 бас жылқыны Есет тарханға қайтарған. Бұл батырдың тархандық грамотаның күшін орыс-қазақ қатынастарына тиімді пайдаланғанын айғақтайды.

Есет батырдың өмір сүрген жылдарына байланысты бүгінде түрлі пікірлер қалыптасқан. Батырдың 1667 жылы өмірге келгендігі анық. Ал, қай жылы қайтыс болғандығы жөнінде ортақ пікір жоқ. Тарихшы ғалым М. Вяткин батырдың өлген жылын анықтай алмай, шамамен 1746-1751 жылдар деп топшылаған. Өйткені ол тама Есет батыр туралы деректер орыс жазбаларында 1746 жылға дейін ғана кездесетінін айтқан болатын. Сонымен қатар оның пікірінше, Есет батыр өлген соң 1751 жылдан бастап жетірулықтардың басшысы Нұралы ханның ағасы Айшуақ сұлтан болған.

Батырдың өмірі мен қызметін зерттеп, мақалалар жазған С. Дәулетов: «Есет батыр 1749 жылы қайтыс болған» – деп көрсетсе, тарихшы профессор З. Байдосов Есет Көкіұлының өз ажалынан 83 жасқа келіп, яғни 1750 жылы қайтыс болғанын айтады.

Есет батырдың өмірі мен қызметіне қатысты тарихи анықтамалық Ақтөбе энциклопедиясында оның өмірі үш кезеңге бөліп қарастырылған. Бірінші кезеңі, 1667-1687 жылдары – батыр атанған. Екінші кезеңі, 1690-1710 жылдары – Әз Тәуке хан тұсында 2 мың сарбазды басқарып, Жем, Ойыл өңірінде түрікпендерге, 1706 жылы Еділ қалмақтарына қарсы шайқастарда 12 рет жекпе-жекке шығып, жеңіске жеткен. 1709 жылы жоңғарларға қарсы біріккен қазақ жасақтарының құрамындағы Жетірудың 10 мыңдық қолын басқарған. Үшінші кезеңі – 1710-1749 жылдар. 1710 жылғы Қарақұм құрылтайынан бастап, Әбілқайыр хан тұсындағы кезеңі, Кіші жүздің 30 мыңдық әскери күшінің Жетіру түменіне (10 мыңдық) бас қолбасшылық жасауы. Ал, 1722 жылы ол Жетірудың аға биі болып сайланады. 1722-1749 жылдар аралығында мемлекет қайраткері, қолбасшы, саясаткер және мәмілегер ретінде танылуы кезеңімен аяқталады [5].

Батыр өмірін зерттеуші, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Өтеген Исеновтің архивтік ізденістері бойынша Есет батыр 1667-1757 жылдары өмір сүрген. Ө. Исеновтің зерттеулері бойынша Есет тархан өмірінің төртінші 1750-1757 жылдары патша өкіметінің отарлық-басқыншылық саясатына қарсы ұлт-азаттық күресінің кезеңі болып табылады.

Ғалым Өтеген Ихсанұлы өз зерттеулерінде Есет батырдың 1749 жылдан кейінде өмірден озбағанын дәлелдейтін нақты тарихи құжаттық деректерді алға тартады. Солардың кейбіреуіне тоқтала кетсек. XVIII ғасырда қазақ-орыс қатынастарына қатысты құжаттардағы деректе 1750 жылы 19 қаңтарда Есет тархан мен Қара батыр жіберген екі жігіт Нұралы хан атынан Гурьев қалашығы маңындағы қалмақтармен және орыс көпестерімен сауда жасауға келісім берулерін сұраған хат әкелгені айтылады.

1750 жылғы 5 маусымда шекті-қырғыздар руының старшыны Байымбет батырға берілген аста Есет тархан, Бақтыбай батыр, Нұралы хан мен оның екі сұлтан інісі және т.б. бірге болған. Келесі бір деректе, 1754 жылдың жазынан күзіне дейін Озерной бекінісі маңындағы тоғайды Есет старшынмен бірге 100 үй жайлаған. Есет тархан ауылын мал жайылымына жақсы тоғайдың қалың шабындығы қызықтырды деп жазады өз рапортында Красноярск дистанциясының командирі, секунд майоры. Рапорттағы «Есет старшын» деген Есет тархан екені, оның рубасылық қызметте болғаны мәлім. Патша үкіметі қазақ рубасыларына старшын атағын бергені аян.

Башқұртстандағы 1755-1756 жылдардағы отарлыққа қарсы ұлт-азаттық көтеріліс тарихын зерттеген А. Чулошников мәліметінше, 1756 жылдың тамыз айының ортасында Кіші жүздің Елек бекінісінде белгілі қазақ батыр-билері мен тархандарының жиналысы өтеді. Бұл басқосуға Алланазар, Төлебай, Есет тархан, Құшқара, Жархан, Нұралы хан бауырларымен бірге қатысады [6].

Есет батырдың қаза болуы жөнінде де ортақ пікірдің жоқтығын тарихшы Ө. Исенов өз зерттеулерінде келтіреді. Отаршыл өкімет бағынышты елдің өз айтқанына көнбеген тұлғаларын ретін тауып құртып отырған. Есет тарханнан да патша өкіметінің есебін тауып, құтылғандығы туралы жазбаға түскен дерек бар. Жазушы Құрал Тоқмырзин ел аузындағы әңгімеге сүйеніп, тама Есет батырды патша үкіметі арнайы тапсырыспен өлтірткені туралы былай жазады: «Бір күні таң ата күн астынан ақ мұнара шапан киген, астында ақ боз аты бар біреу дәретін жаңа алып, киіз үйге қарай қадам басқан Есет батырға «Ассалаумағалейкум!» деп сәлем беріп төне түсіпті. Батыр сәлем алуға оқталып бұрыла бергенде, бірдеңе жарқ ете түседі. Шетін шапанның етегімен жауып келген қараниет шолақ найзасын Есеттің өңменіне қадай түскен... «Сен аңдыған жау екенсің ғой...» деп, батыр найзаны ұстай алған екен. Найзасын суырып алуға шамасы келмеген әлгі қарақшы күннің астына қарай қаша жөнеліпті». Көнекөз қарттардың айтуы

бойынша, тама Есет тархан кісі қолынан қаза тапқан. Өлтіруші – татар саудагері болған. Патша әкімдері батырдың басына «бәйге» тіккен [7].

Бүкіл ғұмырын ат үстінде қазақ елінің азаттығы мен бостандығы, жерінің тұтастығы үшін жауларымен жолбарысша арпалысып өткізген ел тірегі – Ер Есет Көкіұлының армандаған тәуелсіздік іргетасы нық қаланған еңселі де байрақты елі күн санап бой түзеп, даму үстінде. Ал, ұрпақтары бүгінде ата-бабалар абыройы мен рухын қастерлейтін ұлтжанды да өнегелі ерге айналды.

Сонымен ұлт-азаттығы жолындағы күрескер Есет батыр Көкіұлының жерленген жері қазіргі Ақтөбе облысы Алға ауданының Бестамак ауылының күншығыс жағындағы биік төбеде. Төбе содан бері «Есеттөбе» деп аталады. 1992 жылы республикалық көлемде 325 жылдығы кең түрде тойланып, қабірі үстіне үлкен кесене тұрғызылды.

Есет батыр Көкіұлы мемориалдық кешені – 1992 жылы бұрынғы бұзылған кесене орнына салынған. Кешені б.з.д VI-V ғ.ғ ежелгі көшпенділер дәуірінің археологиялық қорғанынан, XIX ғ. құлпытасы бар тас қоршаулардан, шырақшы үйінен тұрады. Кесене Маңғыстаудан әкелінген ұлутас блоктардан тұрғызылып, ұлутас плиталармен сыртынан қапталған. Есет батырды халық қасиетті, әулие жер деп толассыз тәу етуде.

Қазақтың әйгілі батыры Есет Көкіұлы туралы тарихи деректер Орынбор облыстық мемлекеттік мұрағатында, Санкт-Петербургтегі Орталық мемлекеттік мұрағатта, Мәскеудегі орталық мемлекеттік әскери мұрағатында, Алматыдағы және Ташкенттегі орталық мемлекеттік мұрағаттарында сақталған. Орыс елші-офицерлері Тевкелеевтің күнделіктерінде, Неплюевтің жазбаларында, сонымен қатар ауыз әдебиеті мен фольклорлық нұсқаларда батыр есімі кездеседі.

Есет батыр өмірін зерттеуші ғалым, тарихшы Зәкіратдин Байдосұлы Орынбор орталық мемлекеттік мұрағатында сақталған батыр өміріне қатысты деректерді саралап, онда «1690 жылы Есет батырдың 23 жасында Тама ішіндегі Торым аталығының жетекшілігінде болғандығын» көрсетеді. Ғалымдар Есет батыр Көкіұлының бүкіл саналы ғұмырын екі кезеңге бөліп қарастырады [8]. Алғашқысы – 1690-1710 жылдар аралығындағы уақыт. Бұл кезеңде батыр аюке бастаған Еділ қалмақтарының әскерімен шайқасып, қазақ жері үшін төнген қауіптермен күрес үстінде жүреді.

Екіншісі – қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы күрес кезеңі. Есет батыр әйгілі «Ақтабан шұбырындыдан» кейін ел болып бірігіп, жоңғарларға алғашқы алапат соққы берген Бұланты шайқасына қатысып, езілген елдің еңсесін көтерткен Ұлы жеңіске өз үлесін қосады. Ал тарихи бетбұрыс жасаған Аңырақай соғысында ол Кіші жүз құрамының туын көтерген батыр болады. 1743 жылы 3-шілдеде Ресей патша үкіметінің жарлығымен Есет Көкіұлына тархан атағы беріледі [9, 126.].

Достанов Байқошқардың айтуынша: Жеті рудың бірі Тамадан – Ақыл, Бұрнақ, Жабыл, Құрақ, Жөгі, Ұрақ; Бұрнақтан - Аташал, Дәулеткелді, Есенгелді; Аташалдан - Досқұл, Торым; Торымнан - Базарқұл, Тәңірберді; Базарқұлдың бәйбішесінен - Көкі, Жарымбет; Көкіден - Меңдікұл, Өмір, Тыныбек, Қарабас, Есет болып тарайды. Таралу жолын көрсетер болсақ, Кіші жүз – Жетіру - Тама - Нәрік - Шора - Шотқара - Есенгелді - Аташал - Торым - Базарқұл - Көкі - Есет батыр. Тама Есет Көкіұлының біз білетін шежіресі осылай таралған [3, 256.].

Бүкіл ғұмырын ат үстінде қазақ елінің азаттығы мен бостандығы, жерінің тұтастығы үшін жауларымен жолбарысша арпалысып өткізген ел тірегі – Ер Есет Көкіұлының армандаған тәуелсіздік іргетасы нық қаланған еңселі де байрақты елі күн санап бой түзеп, даму үстінде. Ал, ұрпақтары бүгінде ата-бабалар абыройы мен рухын қастерлейтін ұлтжанды да өнегелі ерге айналды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2002.
2. Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б., Сужикова А. – Алматы. «Алматы кітап баспасы», 2009.
3. Үш ғасыр перзенттері. Ақтөбе өндірістік Полиграфия баспаханасы бірлестігі, 1997 -363 б.
4. «Созақ өңірі». Сүлеймен Тәбірұлы. 180-бет. – Алматы: «Дәуір» баспасы, 2007 ж.
5. Байдосов, И. Асқаров, Р. Ильясова. Ту ұстап, тарлан мінген тархан. – Ақтөбе: «Полиграфия» баспасы, 1992.
6. Есмырзаұлы Ө. Есет батыр Көкіұлы. – Ақтөбе, 2012.
7. Исенов Ө.И. Тама Есет тарханды танып болдық па? // Қазақ тарихы ғылыми әдістемелік журнал. № 2.(119), 2013. – 2-5 бб.
8. Исенов Ө.И. Тама Есет батыр (Опат болған жылы мен жұмбақ өлімі хақында). // Қазақ тарихы ғылыми әдістемелік журнал. №5-6. 2008. – 27-30 бб.
9. Исенов Ө.И. Тама Есет тархан ұлт-азаттығы жолындағы күрескер. // М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті. Халық батыры Исатай Тайманұлының туғанына 220 жыл толуына

арналған «Батырлар институты: қалыптасуы тарихи маңызы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. 6 мамыр, 2011 жыл. Орал – 2011. 90-104 бб.
ӨОЖ 859.247.25

ТӨЛЕ БИ БАБА ӨСИЕТТЕРІ

ҚОЙШЫБАЕВА ДИНАРА ӘМІРХАНҚЫЗЫ

Ы.Сүлейменов атындағы №37 орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі,

Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются вопросы о мудрых мыслях Төле би и проблемах «Духовного возрождения» современной молодежи.

Summary. The article deals with the issues of the wise thoughts of Tole bi and the problems of the "Spiritual revival" of modern youth.

Қазақтың біртуар ұлдарының бірі және бірегейі Төле би туралы айтқанда, Тұңғыш Президентіміз, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 1993 жылғы 28 мамырдағы алғашқы демократиялық жаңарулар кезінде, Шымкент қаласының жанында, Ордабасы тауында оның екі көршілес мемлекет – Қырғызстан мен Өзбекстанның Президенттерімен кездесуі кезінде айтқан: «Біз халықтың әйгілі үш ұлы, үш даңқты данасының аттарын білеміз: Төле би, Қазыбек би және Әйтеке би. Олар қазақтар үшін бірліктің ауыспайтын нышаны болды. Олардың армандаған сөздері Қасиетті кітаптардан алынған нақыл сөз сияқты ұрпақтардың ақылын жаулап алды. Олардың қазақ халқы үшін тарихи маңызын, олардың біздің тарихымыз үшін маңыздылығын асыра бағалау мүмкін емес. Және біздің халық ретінде сақталып қалғанымыз, егеменді мемлекетке атау бергеніміз, қазір тәуелсіздік туын көтергеніміз, қасиетті жерде игілікте, бейбітшілікте және келісімде өмір сүріп жатқанымыз үшін, біздер, қазақтардың қазіргі ұрпағы оларға толық міндеттіміз. Және олардың құдай берген өшпес жадының алдында басымызды төмен иеміз» - деген сөздері еске түседі. Елбасының бұл сөздері үш биге және солар сияқты тарихи тұлғаларымызға қатысты тарихи, әрі әділ бағалаудың айқын көрінісі деп санаймыз.

Расында да елдігімізді, ол үшін қажет ұлттық қасиеттерімізді сақтауда сол бабалардың шешендік сөздері мен имандылыққа қатысты насихаттары тек кешегі тарихта ғана емес, бүгінгі еліміз үшінде шамшырақ сияқты. Мысалы, Төле бабадан қалған:

«Шешендіктен не пайда,
Артында сөзі қалмаса?
Батырлықтан не пайда,
Халқына қайран қылмаса?
Хандықтан не пайда,
Қарашасын жалмаса?
Молдалықтан не пайда,
Шариғатты өзгертіп,

Нашарларды алдаса? – деген сөздер кез келген азаматтың ар тазалығы мен елінің алдындағы міндеттерін көрсетіп тұрғандай әсер береді. Төле би айтқан терең ойлы мағынаға ие: «Адамның басшысы – ақыл, шолушысы - ой, жетекшісі – талап, қорғаушысы – сабыр, сынаушысы – халық, таусылмайтыны – арман, ең қымбаттысы – ар сақтау, бәрінен ардақтысы – өмір сүру, соның ішінде ең тәттісі – сыйластық» – деген қанатты сөздердің тереңіне қаншалықты үңіліп жүрміз? Қазірге ол жағы тағы белгісіздеу болып тұр.

Бүгінгі күнгі ұлттың «Рухани жаңғыру» үрдісінің негіздері сол бабалар армандары мен ақыл-кеңестерімен сабақтастықта өрілгенде ғана табысты болмақ, елдік пен тәуелсіздіктің мәні мен мағынасын жастарға түсіндіру жемісті болады демекпіз. Ал олай болса, сондай ел мұрасына айналған Төле бабаның «қанатты ойларының» арасында халықпен бірге болу, ол жолда ең бастысы әділдік пен адалдықты ту ету екені анық байқалады. Мысалы: «Халқыңа адал бол, жауыңа қатал бол, досыңа адал бол!» немесе:

«Арғымақ баптап не керек – жабы қуып жеткен соң,
Ағайын-туған не керек – аңдысып күні өткен соң,
Бес күн дәурен өтеді – ажал қуып жеткен соң»,
«Атадан ұл туса игі, Ата жолын қуса игі.
Өзіне келер ұятын, Өзі біліп тұрса игі.

Жаудан бұққан немені, Ортасына қуса игі!» деген терең мағыналы сөздерімен қатар біртуар тұлғаның «Тұзаққа түскен бұлбұлдан еркін жүрген торғай артық». «Әділ айтқан женер». «Әділ айтсаң

ағайынға жақпайсың, Әзіл айтсаң маңайыңа жақпайсың». «Әділдікке жығылмайтын адам жоқ». «Әділдіктен қашпа». «Әділет бізден, төрелік көптің хақы» – деген сөздері ел жадында сақталып қалған.

Төле би қазақтың төбе биі болып, өз замандастарымен бірге елдігімізді сақтаған тарихи тұлға. Тек адалдық туралы шешен сөзбен айтып қана қоймай, өмірде де өзі солай сөзге тоқтап, адалдықты, әділдікті ұстаным еткен тұлға болған. Сондықтан болар олардың есімдері сол әділдік пен адалдықтың символындай халық жадында сақталып қалғаны. Бұған Төле бидің замандасы, тағдырласы Қаз дауысты Қазыбек бидің «Төле би дүниеден өтті» деген суық хабарды естігенде:

«Төле өлді дегенше, дүниеден әділет өлді десейші. Бүтін билікке Төле жеткен, бүтін хандыққа Есім жеткен, бұл екеуіне кім жеткен?» деп, жер таянып, көзіне жас алуы да куәлік етеді.

Халқымыздың «баталы ер арымас» деген қағидамен өмір сүріп, ұрпағына аузы дуалы кісілердің батасын алу дәстүрі әлі де сақталғаны белгілі. Ал тарихқа үңілер болсақ, өз кезегінде сол батаға лайық жүргісі келген бала халықтың дәстүрін терең білуге, сақтауға ұмтылып отырған. Ел аузындағы сақталған аңыздарда кезінде Төле би Қазыбек биге былай деп бата берген екен:

«Атасызға ата бол!

Батасызға бата бол!

Арып - ашқан ғаріптің,

Жел жағына жота бол!

Панасызға пана бол,

Кек сақтамас бала бол!

Дос сүйініп, қас сыйлар.

Асу бермес дана бол!».

Қазыбек би сондай тұлға болғаны бәріне белгілі. Тарихымызда ондай ұлтқа үлгі боларлық адал ұлдары қаншама десеңші! Тек оларды тани білуіміз қажет.

Қазақтың атақты үш биінің есімдері – Төле би Әлібекұлы (1663-1765), Қазыбек Келдібекұлы (1665-1765) және Әйтеке Байбекұлы (1682-1766) – олардың мемлекеттік және қоғамдық қызметінің маңыздылығы тұрғысынан, шешендік өнерінің және поэтикалық шеберлігінің күші жағынан халықтың жадында мәңгілік сақталып қалды және тек Қазақстанда ғана емес, сонымен бірге одан тыс жерлерде де танылды.

Бүгінгі жас буын халқымыздың рухани жаңғыруы осы бабаларындай тау тұлғалардың өмірі мен мұраларын танып білу арқылы жаңа белеске көтеріліп, Мәңгілік Ел болатынымызды естен шығармағаны абзал. Ұлы Абай атамыз айтқандай, «Өлді деуге бола ма, артына өлмейтұғын сөз қалдырса.....» – дей келе, осындай ұлттық ар-намыстың эталонына айналып үлгерген тұлғаларымызды тануды тоқтатпауымыз керек дегіміз келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Төле бидің тарихы. – Алматы: Баспа, 2023. –235б.

2. Төле би. – Алматы: Жазушы, 2020. –221б.

ӘОЖ 851.514 (023)

ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

УМИРАЛИЕВА КУРАЛАЙ ЗИЯТХАНОВНА

Шона Смаханұлы атындағы №44 орта мектебінің тарих және география пәнінің мұғалімі,

Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ОМАР ЖАННҰР

Шона Смаханұлы атындағы №44 орта мектебінің 10 сынып оқушысы,

Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Наши национальные традиции, язык и музыка, литература, обряды, общегосударственный дух должны быть увековечены в нас. Казахское кино-Хроника нации. Поколение погружается в свою память через историю, через литературу, искусство. В то время киноиндустрия была единственным вспомогательным средством

Summary. Our national traditions, language and music, literature, customs and national spirit should remain in us forever. Kazakh cinema is the Chronicle of the nation. The generation delves into its memory through history, through literature and art. At that time, the film industry was the only auxiliary tool

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу – өмір талабы, қоғам қажеттілігі.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» деп атап көрсетілген. Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану секілді мәселелерді анықтап алу, білім беру жүйесіндегі басты ұстаным ретінде әркімнің өзінің білім алуға деген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін дамытуды қамтамасыз етуді көздейді.

Яғни, білім заңында әрбір азаматтың білім алуға құқықтығын негізге ала отырып, оқушы бойына ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып, құрметтеуде, тәрбиелеуде дидактикалық шарттар, яғни оқыту, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру үрдісін жан-жақты қамту қажеттілігі туындайды.

Ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жөн-жоралғыларымыз, жалпы ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс.

Қазақ киносы – ұлт шежіресі.

Ұрпақ өз жадына тарих арқылы, әдебиет, өнер арқылы үңіледі. Сол кезде кино саласы бірден-бір көмекші құрал.

Сондай-ақ кино ұлт талғамайтын ауқымы әлдеқайда кең өнер саласы. Кез келген ұлтты олар жайлы түсірілген болмаса олардың өздері таспалаған туындылардан танып алуға болады.

Өз тарихымызды, өткен жолымызды, асыл тегімізді, ата-бабамыз қалдырып кеткен баға жетпес бай қазынамызды көзіміздің қарашығындай сақтау – әр қазақ баласының парызы болуы керек. Бұл ретте тарих пен кино тамырласып, астасып жатқаны жөн. Ғаламтор желісінің арзан ақпараты ұрпақ санасын қажетсіз ақпараттармен улап жатқан алмағайып кезеңде біз отандық киноға ерекше мән бергеніміз дұрыс. Тарихи санамызды оятатын салмақты да сапалы өнімдер ұлт келешегінің жарқын кепілі.

«Қазақтың 100 фильмі – ұрпақтар жадында» жобасында ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу, тарихымыз бен ұлы тұлғаларды таныту, әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің озығын саралау. Отансүйгіштік пен азаматтық сезім, қалыптасқан, ұлы тұлғалардың болмысын бойына сіңірген, қазақ халқының құнды мұрасын құрмет тұтатын тұлға тәрбиеленеді.

Ұлттық құндылықтар дегеніміз не? Қарапайым тілмен айтқанда ұлттық құндылықтар – белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар.

Тарих сабағында тарихи фильмдерді пайдалану оқушыларға құндылыққа негізделген білім беруде тиімді тәсілдердің бірі болып табылады. «Қазақтың 100 фильмі – ұрпақтар жадында» жобасы бойынша, ұлт мұраты мен елдік идеяны насихаттау әр бейсенбісі мектеп оқушылары фильмді тамашалап, соңына пікір алмасып, қорытынды жасайды. Әрине, бұл үрдіс тек көру қабілетін емес, ойлау, жеткізу, түйіндеу сынды талай қырларын жетілдіреді. Солардың барысында жүзеге асып жатқан бұл дүние тарихи, деректі, әдеби фильмдер көрсету арқылы ұлттық құндылықтарымызды, алтын қордағы кино-фильмдерімізбен, ұлы тұлғаларымыздың есімін есте мәңгі сақтау үшін таптырмас идея. Оқушылар кино майталмандарымен де кездесіп, жүзбе-жүз сұхбаттаса да алады.

Кез келген қоғамда деректі киноның орны ерекше. Себебі бұл кинолар – сол қоғамның тарихы. Өткені мен бүгінін, мәдениеті, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын келешек ұрпаққа қалдыру. Әр деректі кино бір оқиғаның куәсі. Мәселен, «Ұлылардың ұрпағы». Туындыда ғалым Құдайберген Жұбановтан бастап Ажар Жұбановаға дейінгі бір әулеттің тарихы көрсетілген, «Қазақтың Бауыржаны», фильмді үкімет тапсырысымен Бауыржан Момышұлының 100 жылдық мерейтойына арнап режиссер Қалила Омаров түсірді, «Қазақстан Ұлы Отан соғысында» (1985), «Қарасаздан шыққан мұңлы ақын» (1991) және т.б. «Қазақфильмнің» соңғы деректі киносы қазақтың біртуар ақыны Қасым Аманжоловтың 100 жылдығына арнаған туындысы.

Тарих пәнін оқыту жүйесінде көркем фильмдерді пайдалануға үлкен мүмкіндіктер бар. Әлемдік кинематографияда дүниежүзілік тарихтың кез-келген дәуірі мен әрбір маңызды оқиғаларына байланысты кинотуындылар жеткілікті. Оған көркем фильмдерден басқа, деректі фильмдер, анимациялық

туындыларды жатқызуға болады. Мысалы, Тюдор әулетінің билеуіне туралы ағылшын сериалы, Спартак көтерілісі мен Екінші Ұлы Отан соғысы туралы сериалдар мен фильмдер жеткілікті. Алайда, Қазақстан тарихын оқыту барысында мұндай фильмдер саусақпен санарлық. Мұғалімдер осы тарихи фильмдерді жинақтап, оқушылармен бірге талқылап, тарихи анализ жасауға үйретуге болатын көрнекі құрал ретінде пайдалануына болады.

Мәселен, «Көшпенділер» фильмін талдау барысында оқушылар Илияс Есенберлиннің кітабын оқып, қазақ әдебиетінен де білімін молайтады. Көптеген тарихи фильмдер қазақтың ұлы жазушыларының атақты кітаптары мен туындыларына негізделген. Мысалы: Бауыржан Момышұлы: «Артымызда Мәскеу», Мұхтар Әуезов: «Қараш-Қараш оқиғасы», Мұхтар Шаханов: «Отырардың күйреуі», Әбдіжәміл Нұрпейісов: «Қан мен тер» және т.б.

Әрине, тарихи-танымдық мақсатта «Мұстафа Шоқай», «Құнанбай», «Біржан сал» сынды қазақ фильмдерін көргеніміз әдеби көкжиегімізді кеңітіп қана қоймай, қазақ киносы туралы ойымызды байыта түсері анық.

Қазақ киностудиясы алғашқы ұйымдасқан кезінен бастап 100-ден астам көркем фильм және 500-дей деректі фильм шығарды. Бұл фильмдер тақырыбы жағынан әр алуан. Экранға қазақ халқының өткен өмірін көрсететін, «Абай әні» (1946), «Шоқан Уәлиханов» (1957), «Қыз Жібек» (1972), «Сұлтан Бейбарыс» (1989), «Отырардың күйреуі» (1992), «Жамбылдың жастық шағы» (1996), т.б. картиналар «Қазақстан тарихы» пәнінде кеңінен қолдануға болатын танымдық материалдардың ролін атқара алады.

«Қазақстан тарихы» оқу пәні ретінде жалпы негізгі білім беретін барлық гуманитарлық және қоғамтанушылық курстардың негізін құрайды. Сондықтан осы пәнді оқытуда жаңашылдық пен өнерді байланыстыруда тарихи көркем фильмдердің алатын орны ерекше болып табылады. Біріншіден, тарих сабағында тарихи фильмдерді қолдану оқушылардың пәнге қызығушылықтарын арттырады; екіншіден, оқушылардың жан-жақты болуына мүмкіндік береді;

Әр мұғалім болашақ үшін қызмет істейді. Ол әр оқушыны жеке тұлға ретінде көріп, оның өміріндегі өз орнын табуына, сынып ұғымын қалыптастыруға, ата-аналармен ынтымақтасуға, оқуда қиындық көріп жүрген оқушыға көмек көрсетеді.

«Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады» деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, мұғалімнің ізденісі жан-жақтылығы, құзыреттілігі арқылы айқындалады. Өз білімінді жетілдіру мақсатында тарихи фильмдерді қолданудың маңыздығын түсіне отырып қолдану

Осы тарихи фильмдерді сабақ барысында қолдану мынадай нәтижелерге қол жеткізді:

– ұлттық құндылықтар жайлы кеңінен мағлұмат алып, күнделікті өмірде ұстануға, қолдануға бағыт-бағдар алды. Соның нәтижесінде оқушылардың коммуникативтілік құзыреттіліктерінің дамығандығы байқалды;

– оқушылар өздерінің пікірлерін, азаматтық позицияларын ашық, айқын білдіре бастады;

– тарихи оқиғаларға баға беру арқылы, оқиғалардың себеп - салдарын, тарихтағы орны мен нәтижелеріне сыни көзбен қарау арқылы оқушылардың логикалық ойлау, аналитикалық құзыреттіліктері дамыды;

– оқушылардың заңды, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттіліктері өсті.

Бір сөзбен айтқанда, сабақта алған білімдерін практикада қолдана алуға үйренді, яғни оқушылардың өмірлік дағдыларының қалыптасқандығы байқалды, зерттеу барысында сыныптағы тұйық балалардың азайғандығы байқалды, тіпті сөйлеу дағдыларында тілдік ақаулары бар балалардың ашылып, өз ойларын жеткізуге үйренгендіктері байқалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.
2. Қазақ киносы, Уикипедия- ашық энциклопедиясы.

ЭЛЕКТРОСТАТИКАМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУДІҢ
ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

БЕКЖИГИТОВА ЖАНИРА АШИРБЕКОВНА

Николай Гоголь атындағы орта мектебінің физика пәнінің мұғалімі,

Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

АБИЛХАСИМ АБДУЛАЗИЗ АБИЛХАЙЫРҰЛЫ

Николай Гоголь атындағы орта мектебінің 8 сынып оқушысы,

Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. В статье представлены эффективные способы работы с электростатикой.

Summary. The article presents effective methods of working with electrostatics.

Статикалық электрлендіру кезінде қағазды, тоқыма маталарды, полиэтилен, шыны, химиялық заттарды және басқа да синтетикалық материалдарды өңдеумен байланысты өндірістік процестерде ондаған киловольт ретіндегі кернеу пайда болады.

Статикалық электр энергиясы – бұл еркін электр заряды пайда болып, бетінде және диэлектриктерде, өткізгіштерде және жартылай өткізгіштерде жинақталатын құбылыс. Электростатика барлық жерде бар – табиғатта да, өндірісте де. Статикалық электр тогының себептері:

1. Екі материалдың жанасуы және олардың бір-бірінен бөлінуі, соның ішінде үйкеліс, орау / босату және т.б.

2. Жылдам температура айырмашылығы (мысалы, материалды пешке салу сәтінде).

3. Жоғары энергия құндылықтары бар сәуле, ультракүлгін сәулелер, рентген сәулелері және басқа электр өрістері (өнеркәсіптік өндіріске тән емес).

4. Кесу жұмыстары (мысалы, кесу машиналарында немесе қағаз кесетін станоктарда).

5. Электр өрісінің әсері.

Статикалық электрлендіру кезінде қағазды, тоқыма маталарды, полиэтилен, шыны, химиялық заттарды және басқа да синтетикалық материалдарды өңдеумен байланысты өндірістік процестерде ондаған киловольт ретіндегі кернеу пайда болады. Бұған өндіріс жылдамдығы мен көлемінің күн санап артуы ықпал етеді. Қуатсыз статикалық электрлендіру тіпті өндірістік процесті толығымен тоқтата алады немесе электроникамен жұмыс істеу кезінде қалпына келтірілмейтін зиян келтіруі мүмкін. Сондай-ақ, статикалық жағдай өрттің шығуына әкелуі мүмкін. Мұндай жағдайларда өндірістік желінің дұрыс нүктелеріне кәсіби түрде орнатылған жоғары тиімді электростатикалық жою құрылғыларын пайдалану қажет.

Екінші жағынан, статикалық электрлендіруді «өзі жұмыс істеуі үшін» жасауға болады. Мәселен, мақсатты электростатикалық зарядтау пластикалық табақтар мен басқа материалдарды бір-біріне немесе өндіріс барысында түйісу үшін сәтті қолданылды. Технологиялық процестердің әртүрлі түрлерінде өндірістік шаңмен күресу үшін иондаушы құрылғылар өте алмастырылмайды.

Электростатикалық жабдықтардың жетекші өндірушілерінің бірі – Eltex неміс компаниясы. Eltex құрылғылары көбінесе орама өндірісте қолданылады, яғни автоматты түрде орамасы бар немесе жылдамдығы жоғары әр түрлі материалдарды алып тастайды. Шарлау мен электрод арасындағы оңтайлы қашықтық 50-100 мм, өйткені айналу кезінде катушканың көлемі көбейеді немесе азаяды. Осылайша, қарапайым электродтың жұмысы шиыршықтың әртүрлі өлшемдеріне байланысты күрделі болады және электростатикалық кернеуді кетіру тиімділігі төмендейді. Оны ауыстыру үшін Eltex қызметкерлері RX3 IONSTAR антистатикалық электродының жаңа моделін ойлап тапты, ол «ақылды» сенсормен жабдықталған, өзгеретін қашықтыққа жауап бере алады және берілген иондар ағынын басқарады. Бұл модельдің жоғары қуатты генераторы сонымен қатар ішіне салынған, сондықтан жеке қуат көзін сатып алу және орнатудың қажеті жоқ.

Неміс компаниясының жаңалығы – бұл 24В (DC) кіріс қуаты бар электрмен жабдықтау. Әрине, қолданыстағы және дәлелденген Eltex құрылғылары жетілдіруді және дамуды жалғастыруда. Бүгінгі таңда электростатикалық зарядты өндірістік мақсатта пайдалану кеңінен таралды. Жоғарыда

айтылғандай, зарядтау электродтарын қолдану арқылы қағаз, пленка, пластмассалар бір-біріне қосылады немесе жерге қосылған роликке, гильзаға қосылады. Бұл жабдықтың ерекшеліктері:

- ламинация, қаптау: нысанаға түсіру немесе пленканы бекіту;
- қалыптау кезіндегі таңбалау: құралға зат белгілерді дәл бекіту.
- Фильм өнімдері: дәл, уақыты шектеулі.
- өңдеу кезінде пленканы электростатикалық бекіту.
- Пленка бетіне ұнтақты сенімді жабыстыру.
- орау кезінде телескоптың болмауы.

Баспа өндірісінде зарядтаушы жабдықты пайдалану ондаған технологиялық процестерге ие. Eltex R130, R120, R23ATR зарядтау электродтары мен Eltex KNH35, KNH65 және KNH124 қуат көздерін пайдалану, әртүрлі материалдарды қауіпсіз және сапалы байланыстыру орын алады.

«Адам» компаниясының мамандары сізге статикамен байланысты мәселелердің оңтайлы шешімін табуға көмектеседі. 1980 жылдары Америка Құрама Штаттарында ANSI X.12 (Электронды деректермен алмасу – EDI) электронды деректермен алмасу стандарты құрылды, ал Еуропада – мәліметтер алмасудың жалпы мақсаттары стандарттары (GTDI). Соңғысы негізінде бірыңғай халықаралық ISO 9735 стандарты жасалды (Әкімшілік, сауда және көлік үшін электронды ақпарат алмасу – EDIFACT). EDIFACT тасымалдау құралы ретінде X.400 электрондық пошта стандарты қолданылады (жиынтық X.435).

Америка Құрама Штаттарында X.12 корпоративті өзара әрекеттесу үшін әлі де қолданылды. 1990 жылдардағы Интернеттің қарқынды өсуі, веб-технологияның дамуына байланысты көптеген бизнес өкілдерін оның мүмкіндіктеріне назар аударуға мәжбүр етті. Бизнесінің жаңа түрі пайда болды – онлайн-бөлшек. Сол кезде Интернет арнайы жеке желілер (электронды почта) арқылы электрондық поштадан гөрі ақпарат таратудың арзан құралы болған (және әлі де бар), содан кейін EDIINT стандартын (Интернет арқылы EDIFACT) жасаңыз. SMTP / S-MIME Интернет-электрондық пошта стандарттары. ISO 9735 және ANSI X.12-тің соңғы қосылуы 1997 жылы жоспарланған болатын, бірақ бұл іс жүзінде болмады, өйткені Интернет арқылы кеңейтілген сауда және төлем операцияларын жүргізу мүмкіндігі өзекті бола түсті. Осы мәселені бірнеше рет талқылау барысында және «Сауда үшін электрондық мәліметтер алмасу» сөздерінің тіркесімінде «электрондық коммерция» термині пайда болды. Нәтижесінде 1997 жылы «Интернетте ашық сатып алу» (ОВІ) стандарт пайда болды. Онда электрондық коммерциялық бағдарламалық қамтамасыздандыру ашық Интернет стандарттарын қолдайтын принциптер көрсетілген. ОВІ стандарты EDIINT-ге негізделген, бірақ ол «жеткізу – сату – сатып алу» (Жеткізу – Сату – Сатып алу) толық цикліне қатысатын ұйымдардың өзара әрекеттесуінің барлық түрлерін стандарттау мәселелеріне қатысты.

Электрондық коммерция әдістерін жеткілікті түрде түсіну үшін оның негізін құрайтын негізгі технологиялармен танысу қажет. Аутентификация – бұл ақпаратқа, қызметтерге интерактивті қол жеткізуді, келісім жасасуды және т.б. алғысы келетін адамды тексеруге мүмкіндік беретін сәйкестендіру процесі. Аутентификация тараптардың

кейіннен олардың мәмілеге қатысудан бас тарта алмайтындығына кепілдік береді; қауіпсіздікті қамтамасыз ету және транзакциялардың орындалуына кепілдік беру үшін орындалған. Ол парольдерді, арнайы карталарды, электрондық цифрлық қолтаңба (ЭСҚ) алгоритмдерін және т.б. қолдануға негізделген. Қазіргі уақытта бүкіл әлем бойынша электрондық коммерциялық операциялардың басым көпшілігі сандық қолтаңбаны қолдана отырып қызмет көрсетіледі. ЭСҚ қолдану тетігі екі криптографиялық қайта құруды қамтиды: құжат бойынша ЭЦҚ қалыптастыру және оның түпнұсқалығын тексеру. ЭЦҚ ашық кілт криптографиясы (асимметриялық криптография) арқылы жүзеге асырылады.

Ашық кілттердің криптографиясы – екі кілттегі шифрларды қолданатын асимметриялық криптографиялық әдістер класы: ашық кілт және жеке кілт. Жұптың иесі ашық хаттың кілтін барлық корреспонденттерге одан алынған хабарламалардың шифрлануын, жіберілген хабарламалардың кодталуын және электрондық цифрлық қолтаңба мен йод хабарламаларының шынайылығын тексеру үшін хабарлайды. Жеке кілт оның иесіне ғана белгілі және ол құжаттарда (хабарламаларда) электрондық цифрлық қолтаңбаны құру және ашық кілтпен шифрланған хабарламаларды шифрлау үшін қолданылады.

Электрондық қол қою тетігі осы әдісті қолдануға негізделген. Электрондық сандық қолтаңбаны құру үшін кілттің иесі алдымен стандартты алгоритмді қолдана отырып, құжаттардың жинақталуын есептейді – оның бірегей сәйкестендіру коды (синонимдер –хэш, дайджест), содан кейін жеке кілтпен шифрланған жинақ құжаттың соңында орналастырылады. Біз мөрмен куәландырылған қолтаңбаға, цифрлық қолтаңбамен, олардың қорғаныш функциялары тұрғысынан салыстырмалы бағасын береміз.

Құжаттың тұтастығын қорғау – қол қоюдан кейін әдеттегі қолтаңба және басып шығару қолданылған жағдайда құжат өзгертілуі мүмкін (мысалы, бір нәрсе басып шығарылуы мүмкін). Электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған электрондық құжатты өзгерту мүмкін емес, өйткені сандық қолтаңбаның шифрланған ашық кілті мен құжаттың жиналуы арасындағы сәйкестік бұзылады;

Қолтаңбаның жасалуынан қорғау – қарапайым қолтаңбаның жасалуы үшін шабуылдаушыға тек компьютер, сканер, принтер және қолтаңба мен басып шығару үлгісі қажет. Қазіргі уақытта пайдаланылатын шифрлау кілттерінің ұзындығымен және компьютерлік технологияның мүмкіндіктерімен электрондық цифрлық қолтаңбаны жасанды түрде жасау үшін шамамен 300 жыл қажет болуы мүмкін;

Құпиялық: тұрақты қолтаңбамен қол қойылған құжатты кез-келген адам оқи алады. Цифрлық қолтаңба технологияларын қолдану жағдайында құжатты адресат тек оқи алатын режим ұсынылған.

Осылайша, ашық кілттегі криптографияны пайдалану ақпаратты құпиялылықты сақтау үшін және ашық желілер арқылы берілгенде электрондық құжаттардың аутентификациясы үшін барлық қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Спабекова Р., Пономаренко Е.В., Мусаев Д., Битемирова А.Е., Шаграева Б.Б. ОҚЫТУ ФИЗИКАСЫНЫҢ НЕСИЕ ТЕХНОЛОГИЯСЫ ШАРТТАРЫНДАҒЫ ЭЛЕКТРОСТАТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕЖЕЛЕРІ // Экспериментальды білімнің халықаралық журналы. - 2017. - № 4-2. - С. 113-117;

2. URL: <http://www.expeducation.ru/ru/article/view?id=11449> (дата обращения: 21.10.2019).

3. Васильева Е.В. Біліктілік жүйесі еңбек және білім беру салаларының мүдделеріне сәйкес келетін құрал ретінде. Университет журналы № 19, 2014, Мемлекеттік басқару университеті.

4. Колес М., Олейникова А., Муравьев А., «Ұлттық біліктілік жүйесі. Сұраныс және еңбек нарығындағы біліктілік ұсыныстар. «ISBN 987-5-91026-027-0.

5. Стратегиялық бастамалар агенттігі [Электрондық ресурс]: <http://www.asi.ru>.

ӘОЖ 547.38.(047)

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ СУСЫНДАРДЫҢ ХИМИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ АДАМ АҒЗАСЫНА ТИГІЗЕТІН КЕРІ ӘСЕРЛЕРІ

ҚЫДЫРАЛЫ ЖАЗИРА АБДУАЛЫҚЫЗЫ

№15 мектеп-гимназиясының химия пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье изложена информация о самых популярных видах напитков, отравляющих сознание и организм. Негативное влияние энергетических напитков на организм человека. Содержание в них химических веществ. Как человеку избавиться от зависимости от энергетических напитков. Важно с осторожностью употреблять энергетические напитки и следовать рекомендациям производителей относительно количества потребления и возрастных ограничений. Рекомендуется ограничить потребление энергетических напитков и выбрать здоровые альтернативы, такие как вода, свежие фрукты и овощи, зеленый чай и кофе, в умеренных количествах. Если ваше здоровье вызывает сомнения, проконсультируйтесь с врачом или специалистом по питанию. Оказывается, организации, обучающие правильному питанию, являются производителями энергетических напитков. Лучше всего прислушаться к словам политика Джорджа Сэвила Галифакса: "Если бы закон был исчерпан, он бы в первую очередь осудил законодателей".

Summary. The article contains information about the most popular types of drinks that poison the mind and body. Negative effects of your energy drinks on the human body. The amount of chemicals they contain. How a person needs to get rid of his addiction to energy drinks, told the information about this. It is important to consume energy drinks with caution and follow the manufacturers' recommendations regarding the amount and age limits of consumption. It is advisable to limit the consumption of energy drinks and choose healthy alternatives such as water, fresh fruits and vegetables, green tea and coffee in moderation. If your health is in doubt, consult your doctor or nutrition specialist. It turns out that the organizations that teach healthy eating are manufacturers of energy drinks. It is better to listen to the words of politician George Savile Halifax: "if the law ran out of language, it would first of all blame the legislators."

Энергетикалық сусындар – адамзаттың бертінде ойлап тапқан өнертабысы. Алайда олардың құрамындағы заттар жүйке жүйесін ынталандыру үшін бұрыннан пайдаланылып келеді. Энергетикалық

сусындар емтиханға дайындалып жүрген оқушыларға, жұмысын уақытында тапсырып үлгермей жүрген қызметкерлерге, спорттық рекордтарға ұмтылған спортшыларға, шаршаған жүргізушілер мен түнгі клуб қыдырмаларына нағыз құтқарушы болды. Сусынның бір құтысынан бар шаршағаныңыз кетіп, ұйқы қысу басылып, жаңа әрекеттерге дайын боласыз.

Энергетикалық сусындардың зияны жайлы естісек те, олардың нақты қандай зияны бар екенін біле бермейміз. Ал дүкендерде бұл ғажайып сусынның еркін таралуы мен қолжетімділігі денсаулыққа алаңдамауға болатындай әсер береді.

Зерттеу жұмысының гипотезасы: энергетикалық сусындардың құрамында адам ағзасына зиянды заттар барын зерттеу.

Зерттеу жұмысының мақсаты: энергетикалық сусындардың химиялық құрамын және олардың адам денсаулығына әсерін зерттеу.

Міндеттері:

1. Әдебиет көздері бойынша энергетикалық сусындарының шығу тарихын және құрамын зерттеу;
2. Әлеуметтік сауалнама негізінде халық арасында энергетикалық сусындардың танымалды түрін анықтау.

3. Тәжірибе арқылы энергетикалық сусындардың адам денсаулығына кері әсеріне көз жеткізу;

4. Тәжірибе нәтижелерін көрсету және ұсыныстар жасау.

Энергетикалық сусындардың пайда болу тарихы. Адамдар ерте заманнан бері табиғи стимуляторларды қолданған. Таяу Шығыста бұл кофе болды, оңтүстік-шығыс Азия мен Қытайда – шай, Үндістанда – шай да, кофе де, Оңтүстік Америкада – мате, Африкада кола жаңғақтарын қолданды. Қиыр Шығыс Сібір мен Моңғолияда қазіргі кезде танымал стимуляторлық өсімдіктерге женьшень, қытай лиммонигі, аралия болып табылады. Сонымен бірге күшті стимуляторларға Азияда – эфедра, Оңтүстік Америкада – кока болып табылады. Нарықта энергетикалық сусындар ХХ ғасырдың соңғы ширегінде пайда болды. Әр түрлі елдердегі энергетикалық сусындардың пайда болуы әр түрлі кезеңдермен байланысты.

1962 жылы Жапонияда Lipovitan деп аталатын жаңа түрі пайда болды. Бүгінгі таңда Жапония энергетикалық сусындар үшін жаһандық нарықтағы ең маңызды экспорттаушылардың бірі болып табылады. Бұл сусынның пайда болуы осы елмен байланысты болып келеді. Еуропаға энергетикалық сусын Жапонияға қарағанда едәуір кешірек келді.

1982 жылы австриялық кәсіпкер Дитрих Матешич Азияға барып өнімділікті арттыратын керемет сусындардың дәмін татып, өзінің өнеркәсіптік өндірісін ашуға шешім қабылдады. Алғашқы жаппай шығарылған шабыттандыратын энергетикалық сусын «Red Bull» болды. Жаңа сусын тұтынушылар арасында тез танымал болды. Осыдан кейін Coca Cola және Pepsi өндірушілері бірден нарыққа өздерінің «Burn» және «Adrenaline Rush» энергетикалық сусындарын шығарды. Энергетикалық сусындар Ресейде салыстырмалы түрде жақында, 90 жылдардың соңында пайда болды. Олар дискотекаларда, түнгі клубтарда, тренажер залдарында белсенді түрде таратылды. [1]

Энергетикалық сусындардың химиялық құрамы және адам ағзасына кері әсеріне келетін болсақ, мұндай сусындар тек химиялық қоспалардан дайындалады: кофеин, карнитин, таурин аминқышқылы, глюкоза, матеин, мелатонин. Бұларға қоса В тобының дәрумендері кездеседі. Олардың әрқайсысы ағзаға қуат береді. Соның ішіндегі гуарана, женьшень шөп қосындыларының ешқандай зияны да, пайдасы да жоқ.

Енді құрамға енген бұл заттардың қасиеттеріне жеке тоқталасақ. Кофеин – түссіз және ақ түсті келетін ащы кристалдар. Психикаға қатты әсер еткендіктен, сұйықтыққа тәуелділік туындатады. Сол себепті бір ішкен соң қайта-қайта өзіне баурап тұрады. Кофеиннің мөлшері неғұрлым көп болған сайын, соғұрлым жүйке белсенді жұмыс істей бастайды. Жүрек қан тамыр жүйелерінің жұмысын жақсартады, әсерінен адамның ми қызметінің жұмысын жеделдетеді. Қуатты кофеин әкелмейді. Ол – сіздің өз энергияңыз. Кофеин тек сіздің ағзаңызда бар құрамның әсерін күшейте түседі. Сусынның әсері бойыңыздан кеткеннен кейін, тез шаршайсыз. Алкогольмен бірге энергетикалық сусынды ішетін болсаңыз, бауыр мен ұйқы безі ауырады. Айналып келгенде панкреатит ауруына шалдығу қаупі артады. Әр адам кофеинді күніне 400 грамнан ғана қолдануы керек. Сонда бұдан денсаулыққа зиян келмейді. Карнитин адам ағзасындағы майды қышқылдандырады, нәтижесінде бұлшық еттер жиырылып, шаршау сезілмейді [2].

Таурин аминқышқылы – медицинада жүрек ауруларын емдеу үшін пайдаланады. Бірақ 0,5 литр энергетикалық сусынға не себепті 1000 мг. таурин қышқылы қажет? Оны көп мөлшерде қабылдау керісінше кері әсер етеді.

Глюкоза – денеге тез және жеңіл сіңетін қанттың түрі. Адам ағзасында зат алмасу процесіне қатысады. Негізгі бөлігі энергия қоры ретінде жұмсалады. Ол қанды көбейтеді. Бірақ дозасының тым

көбеюі ағзаға қауіп төндіреді. Матеин – тропикалық жеміс ағашы, ол қарынның ашқанын білдірмейді. Мелатонин – денеге алдамшы күш беретін химиялық зат. Бұл қоспалардан кейін сусын көп мөлшерде газдалады. Газдың денсаулыққа зияны аз емес. Сондай-ақ, сусын құрамында аз мөлшерде көмірқышқыл газы да бар. Осылардың барлығы қосылып, адамға 3-4 сағатқа дейін белсенді болып жүруіне көмектеседі. Ал кофеінің әсерінің 1-2 сағат сақталатынын да біле жүргеніңіз жөн. Тарқаған соң, бәрі бәз қалпына қайта түседі. Сондықтан, кофеинге негізделген сусындар түнде ұйықтамай, ауыр жұмыс істейтін қызметкерлерге таптырмайтын сусын болып тұр. Басқа да ынталандырушылар сияқты энергетикалық сусындардың құрамындағы кофеин жүйке жүйесін әлсіретеді. Оның әсері 3-5сағат сақталады, бұдан кейін ағзаға демалыс қажет. Сонымен қатар, кофеинге адам тез әуестенеді. Глюкоза мен кофеиннен тұратын энергетикалық сусын жас ағза үшін өте зиян.

Көптеген энергетикалық сусындардың құрамында көп мөлшерде В дәрумені болады. Бұл жүрек соғысын жиілетіп, аяқ-қолдардың дірілдеуіне себеп болуы мүмкін. Фитнес жанкүйерлері кофеиннің несеп айдағыш қасиеті жайлы жақсы білуі тиіс. Яғни, жаттығудан кейін энергетикалық сусын ішуге болмайды, өйткені жаттығу кезінде ағза онсыз да көп сұйықтық жоғалтады. Энергетикалық сусындардың құрамында таурин және глюкуронолактон бар. Таурин қажетті мөлшерден бірнеше есеге асып түседі, ал 2 құты сусындағы глюкуронолактонның мөлшері күнделікті нормадан 500 есе (!) көп. Бұл ингредиенттердің ағзаға қалай әсер ететіндігі ғалымдарға әлі белгісіз. Сондықтан таурин мен глюкуронолактонды мұндай жоғары мөлшерде пайдалану қауіпсіздігі әлі анықталмаған, әлі де зерттеулерді қажет етеді. Байқағанымыздай, артықшылықтарынан кемшіліктері көп. Дегенмен, әр адамның өмірінде энергетикалық сусынға жүгінуге тура келетін кездер болады. Мұндай жағдайда ағзаңызды қорғау үшін сусынды тұтыну ережесін мұқият оқыңыз.

Пайдалану ережелері:

Біріншіден, сусындарды мүлдем жүкті әйелдерге тұтынуға болмайды, балалар мен жасөспірімдерге, қарт адамдарға, гипертония, жүрек-қан тамырлары аурулары кезінде жүйе, глаукома, ұйқының бұзылуы, қозғыштық және кофеинге сезімталдық. Қатарынан екіден көп банка қабылдау денсаулыққа зиян тигізуі мүмкін: дененің ресурстары таусылған, сондықтан сіз қалаған әсердің орнына жанама әсерлерді сезінесіз .

Екіншіден, сабақтан кейін сусындарды ішпеңіз спортпен айналысу: екеуі де қысымды арттырады.

Сусын таңдау кезінде ұстанатын ұсыныстар:

- энергетикалық сусын орнына қарапайым ауыз су алыңыз;
- сусынды алатын кезде оның құрамына зер салыңыз;
- егер таза су іше алмасаңыз оған бір-екі тамшы лимон шырынын қосып ішіңіз;
- табиғи негізде жасалған сусындарды ішіңіздер;
- энергетикалық сусындарды көп мөлшерде және жиі тұтынбаңыздар Құрамында кофеин бар энергетикалық сусындардан бас тарту керек және 18 жасқа толмаған балаларға оларды тұтынуға рұқсат бермеу керек.

Қорыта келе айтарымыз, энергетикалық сусындар адам ағзасына қалай әсер ететінін білдік. Сонымен қатар өзіміздің ортада оның пайдасынан зияны көп екенін түсіндік. Егер де сіз энергетикалық тонусыңызды жоғарылатқыңыз келсе денсаулығыңызға зияны келмейтін жолдарды іздестіріңіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://akunb.altlib.ru/files/electr/006.pdf> (дата обращения:20.10.2023; 15:30).
2. Дарья Токарева. Энергетические напитки — новые наркотики? Комсомольская правда. [Электронный ресурс]. – URL: <https://kp.ua/life/195150-enerhetycheskye-napuytyku-novyenarkotyky> (дата обращения:20.10.2023; 16:20).
3. http://elib.usma.ru/bitstream/usma/5080/1/USMU_Sbornik_statei_2021_3_130.pdf
4. https://studbooks.net/1385396/bzhd/anketirovanie_uchaschihsya
5. Цветков Л.А. Органическая химия. - М.: «Владос», 2002

ӘОЖ 37.458.96

ФОТОЭЛЕКТРЛІК ЭФФЕКТТІҢ АШЫЛУ ТАРИХЫ

ДАДАНБАЕВА НАЗГУЛЬ ЖЕКСЕНКУЛОВНА

Еңбекші орта мектебінің физика және информатика пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Шу ауданы

Резюме. В статье рассматривается история открытия фотоэффекта.

Summary. The article examines the history of the discovery of the photoelectric effect.

Қатты (немесе сұйық) денеден жарықтың әсерінен вакуумға электрондардың шығуы фотоэлектрлік эмиссия, сыртқы фотоэлектрлік эффект немесе жай фотоэффект деп аталады. Сыртқы фотоэффектпен қатар ішкі фотоэффект құбылысы бар, онда денеден тыс электрондардың эмиссиясы болмайды, бірақ заттың (жартылай өткізгіштің) жарықтың сіңуі жүреді, бұл толтырылған аймақтың немесе жартылай өткізгіштің араласу деңгейінің электрондарының қозуына әкеледі. Ішкі фотоэлектрлік әсердің келесі көріністері кеңінен қолданылады: біртекті жартылай өткізгіштің электр өткізгіштігінің өзгеруі (Фото өткізгіштік) және гетерогенді жартылай өткізгіште электр қозғаушы күштің пайда болуы (Фото-ЭМӨ және p-n өтулер).

Фотоэффект құбылысы туралы физика ғылыми-зерттеу жобасы электронды эмиссия, сыртқы фотоэлектрлік эффект немесе жай фотоэффект деп аталатын жарықтың әсерінен қатты (немесе сұйық) денеден вакуумға электрондардың шығуы туралы теориялық ақпаратты қарастырады. Сондай-ақ, автор «ішкі Фото эффект» және «сыртқы Фото эффект» ұғымдарының анықтамасын берді.

Физика бойынша «фотоэффект құбылысын және оны қолдануды зерттеу» оқу-зерттеу жобасы барысында 10-сынып оқушысы эксперименттік қондырғының сипаттамасына және нәтижелерді өңдеуге ерекше назар аударды. Практикалық эксперимент аясында оқушы Фото эффект деген не және оған қандай жағдайда қол жеткізілетінін анықтады.

1887 жылы неміс физигі Генрих Герц Электромагниттік толқындарды шығару үшін разрядтағышпен – металл шарлармен тәжірибе жасады; олардың арасындағы ықтимал айырмашылықты қолдану кезінде ұшқын пайда болды. Ол ультракүлгін сәулелермен шарлардың бірін жарықтандырған кезде разряд күшейе түсті. Осылайша, сыртқы Фото эффект табылды.

1888 жылы Вильгельм Гальвакс ультракүлгін сәулемен сәулеленген металл пластинаның оң зарядталатынын анықтады. Осылайша, фотоэлектрлік эффекттің екінші ашылуы болды. Үшіншісі, Герц пен Гальвакстың тәжірибелері туралы білмей, оны сол жылы Италиялық Августо Рига байқады. Ол фотоэлектрлік эффект металдарда да, диэлектриктерде де мүмкін екенін анықтады. Александр Григорьевич Столетов басқалардан тәуелсіз фотоэлектрлік эффект ашқан төртінші ғалым болды. Ол екі жыл бойы жаңа құбылысты зерттеп, оның негізгі заңдылықтарын ашты. Фототок күші, біріншіден, оқиғаның жарық қарқындылығына тура пропорционал екендігі белгілі болды, екіншіден, сәулеленудің белгіленген қарқындылығында алдымен потенциалдар айырмасы жоғарылаған сайын өседі, бірақ белгілі бір мәнге (қанықтыру тогы) жеткенде, ол бұдан былай жоғарыламайды.

1899 жылы неміс Филипп Ленард пен ағылшын Джозеф Томсон металл бетіне түсетін жарық одан электрондарды шығаратынын дәлелдеді, олардың қозғалысы фототок пайда болуына әкеледі. Алайда, классикалық электродинамиканың көмегімен фотоэлектрлік эффекттің табиғатын түсіну мүмкін болмады. Неліктен фототүсірілім тек оқиға сәулесінің жиілігі әр металл үшін қатаң белгіленген мәннен асқан кезде пайда болғандығы түсініксіз болып қалды.

Тек 1905 жылы Эйнштейн бұл жұмбақты толығымен мөлдір суретке айналдырды. Ол электромагниттік сәуле тек бөліктерде ғана шығарылмайды – ол кеңістікте таралады және затпен де бөліктер түрінде сіңеді-жарық кванттары (фотондар). Сондықтан фотоэлектрлік эффекттің пайда болуы үшін оқиғаның жарық сәулесінің қарқындылығы маңызды емес. Ең бастысы, жеке жарық квантында электронды заттан шығару үшін жеткілікті энергия бар ма? Бұл үшін қажет минималды энергия шығу жұмысы деп аталады, нәтижесінде Эйнштейн фотоэлектрлік эффект теңдеуін шығарды.

Фотоэлемент-фотондардың энергиясын электр энергиясына түрлендіретін электрондық аспап. Олар Вакуумдық және жартылай өткізгіш фотоэлементтерге бөлінеді. Аспаптың әрекеті фотоэлектрондық эмиссияға немесе ішкі Фото әсерге негізделген.

Вакуумдық фотоэлемент. Фотокеллдің негізгі параметрі оның сезімталдығы болып табылады, ол фототок күшінің тиісті жарық ағынына қатынасы арқылы көрінеді. Вакуумдық фотокеллдерде бұл мән шамамен 100 мкА/лм мәніне жетеді.

Фототок күшін арттыру үшін газ толтырылған фотокеллдер да қолданылады, онда инертті газда тәуелсіз қара разряд пайда болады.

Екінші электронды эмиссия нәтижесінде осы диодтан оған құлағаннан гөрі көп электрон шығады, яғни электрондардың көбеюі жүреді. Келесі диодтарға көбейтіліп, электрондар бастапқы фототокпен салыстырғанда жүздеген мың есе күшейтілген ток түзеді.

ФЭУ негізінен шағын сәулелі ағындарды өлшеу үшін қолданылады, атап айтқанда олар кейбір биофизикалық зерттеулерде маңызды болып табылатын өте әлсіз биолюминесценцияны тіркейді.

Сыртқы Фото әсерде спектрдің бір аймағынан екіншісіне кескінді түрлендіруге, сондай-ақ суреттердің жарықтығын арттыруға арналған электронды-оптикалық түрлендіргіштің (ЕОР) жұмысы негізделген.

Мөлдір k фотокатодына проекцияланған 1-нысанның Жарық бейнесі 2-ші электронды кескінге айналады.

Егер ЭОП бар сигнал теледидар жүйесіне сканерлеу түрінде берілсе, онда теледидар экранында заттардың «жылу» бейнесін алуға болады. Әр түрлі температурасы бар дене бөліктері экранда түрлі-түсті кескінмен немесе егер кескін қара-ақ болса, жарықпен ерекшеленеді. Термографияда жылу түсіргіш деп аталатын мұндай техникалық жүйе қолданылады.

Сонымен қатар, фотоэлектрлік эффект ғылым мен техниканың әртүрлі салаларында кеңінен қолданылатын және одан да бай перспективаларды уәде ететін фотоэлементтерде қолданылады. Автоматтандыру, сигнал беру, бақылау және бақылау жүйелерінде әртүрлі типтегі датчиктер қолданылады: қамыс қосқышы, резистивті, сыйымдылық, индуктивті, термиялық, сенсорлық, байланыс, микротолқынды және басқалары, бірақ көбінесе фотоэлементтерді қамтитын датчиктер қолданылады. Фотоэлектрлік эффекттің ашылуы жарықтың табиғатын тереңірек түсіну үшін өте маңызды болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дүйсембаев Б.М., Байжасарова Г.З., Медетбекова А.А. «Физика және астрономия». – Алматы: Білім, 2008. –251б.
2. Смирнов В. Ф. Жылу оқшаулау материалдары. – Алматы, 2010. –221б.
3. <https://schoolstars.ru/item-work/2021-2085/> сайты

ӘОЖ 547.21.(05)

ХИМИЯЛЫҚ РЕАКЦИЯЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН МЕХАНИЗМІ

САПАРАЛИЕВА САЙРА АЙТАЛИЕВНА

№27 М.Маметова атындағы орта мектебінің биология-химия пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

БҮРКІТБАЙ АЙАРУ

№27 М.Маметова атындағы орта мектебінің 7 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассмотрены виды и механизм химических реакций, энергетические аспекты.

Summary. In the article, the types and mechanisms of chemical reactions, energy aspects are considered.

Химиялық реакциялар – заттардың бір-бірімен әрекеттесуі нәтижесінде жаңа заттардың пайда болу процесі. Бұл құбылыс табиғатта кеңінен таралған және біздің күнделікті өмірімізде маңызды рөл атқарады. Химиялық реакциялар бізді қоршаған әлемнің көптеген аспектілерін қамтиды, оның ішінде тамақтану, энергетика, экология және медицина. Бұл мақалада химиялық реакциялардың табиғаты, түрлері, механизмдері, энергетикалық аспектілері, және олардың практикалық қолданулары туралы сөз болады.

Химиялық реакция – заттардың (реактанттардың) молекулалары арасындағы өзгеріс нәтижесінде жаңа заттардың (продукттердің) пайда болу процесі. Реакцияның жүруі үшін белгілі бір шарттар қажет: температура, қысым, концентрация, катализаторлар және т.б. Реакция барысында заттардың молекулаларының байланыстары үзіліп, жаңа байланыстар пайда болады. Бұл процесс, әдетте, энергия алмасуымен қатар жүреді, яғни реакция кезінде энергияның бөлінуі немесе сіңірілуі мүмкін [5].

Химиялық реакциялар бірнеше негізгі түрлерге бөлінеді:

1. Қосылу реакциялары – екі немесе одан да көп реактанттар бірігіп, бір жаңа зат түзуі. Мысалы, сутек (H_2) мен оттегі (O_2) реакциясы нәтижесінде су (H_2O) пайда болады.
2. Ыдырау реакциялары – бір заттың бірнеше өнімге ыдырауы. Мысалы, кальций карбонаты ($CaCO_3$) термиялық ыдырағанда кальций оксиді (CaO) мен көмірқышқыл газы (CO_2) түзіледі.
3. Орынбасу реакциялары – бір элемент немесе топ басқа элемент немесе топпен орын алмастыруы. Мысалы, темір (Fe) мыс (Cu) сульфатының ($CuSO_4$) ерітіндісіне қосылғанда, темір сульфаты ($FeSO_4$) мен мыс бөлінеді.

4. Алмасу реакциялары – екі заттың құрамындағы атомдардың орын алмастыруы. Мысалы, натрий хлориді (NaCl) мен күміс нитраты (AgNO_3) реакциясында натрий нитраты (NaNO_3) мен күміс хлориді (AgCl) пайда болады[3].

Химиялық реакциялардың механизмі – реакцияның қалай жүретінін, яғни реакцияға қатысатын заттардың молекулаларының өзара әрекеттесу жолдарын сипаттайды. Реакция механизмдері бірнеше кезеңнен тұрады:

1. Байланыстың үзілуі – реагент молекулалары арасындағы химиялық байланыстардың үзілуі.

2. Атомдардың қайта топтасуы – атомдардың өзара әрекеттесуі нәтижесінде жаңа химиялық байланыстардың пайда болуы.

3. Нәтиже – реакция соңында жаңа заттардың пайда болуы.

Реакция механизмі реакцияның жылдамдығына, термодинамикасына және кинетикасына әсер етеді. Бұл механизмдерді зерттеу химияның дамуына үлкен үлес қосады.

Химиялық реакциялар барысында энергияның алмасуы маңызды рөл атқарады. Реакциялардың энергетикалық аспектілерін түсіну үшін реакцияның экзотермиялық немесе эндотермиялық екенін анықтау қажет.

1. Экзотермиялық реакциялар – реакция барысында энергия (жылу) бөлінеді. Мысалы, метан (CH_4) мен оттегі (O_2) реакциясы кезінде жылу бөлінеді, ол отынның жануында байқалады.

2. Эндотермиялық реакциялар – реакция үшін энергия сіңіріледі. Мысалы, кальций карбонатының (CaCO_3) ыдырауы кезінде жылу қажет.

Энергияның алмасуы реакциялардың термодинамикасын анықтайды. Егер реакция нәтижесінде өнімдердің энергиясы реагенттердің энергиясынан төмен болса, реакция экзотермиялық, ал жоғары болса, эндотермиялық болады[1].

Химиялық реакциялардың жылдамдығы – реакцияның жүру мерзімін сипаттайтын көрсеткіш. Реакция жылдамдығына әсер ететін факторлар:

1. Концентрация – реагенттердің концентрациясы артқан сайын реакция жылдамдығы да өседі.

2. Температура – температураның жоғарлауы реакцияның жылдамдығын арттырады, себебі молекулалардың кинетикалық энергиясы жоғарылайды.

3. Катализаторлар – реакцияның жылдамдығын арттыратын заттар. Олар реакция механизмін өзгертпей, реакцияның белсенділігін арттырады.

4. Беттік алаң – реагенттердің беттік алаңы артқан сайын реакцияның жылдамдығы да артады.

Химиялық реакциялар біздің күнделікті өмірімізде кеңінен қолданылады. Олардың кейбір практикалық қолдануларына назар аударайық:

1. Медицина – дәрі-дәрмектердің өндірілуінде химиялық реакциялар маңызды рөл атқарады. Мысалы, антибиотиктер мен вакциналарды өндіру барысында химиялық реакциялар жүргізіледі.

2. Тамақ өнеркәсібі – тағам өнімдерін өндіру, консервілеу және сақтау барысында химиялық реакциялар қолданылады. Мысалы, ферментация процесі (шарап, нан өндірісі).

3. Энергетика – отынның жану реакциялары, яғни экзотермиялық реакциялар, электр энергиясын өндіруде пайдаланылады.

4. Экология – химиялық реакциялар табиғаттағы экологиялық процестерді, мысалы, су айналымы, атмосферадағы газ алмасу және т.б. қамтамасыз етеді [2].

Химиялық реакциялар экологиямен тығыз байланысты. Кейбір реакциялар экологиялық проблемаларды туғызады, мысалы, парниктік газдардың шығуы, қышқыл жаңбыр, және су ресурстарының ластануы. Химияның экологиялық аспектілерін зерттеу арқылы біз табиғатты қорғау және қоршаған ортаға зиян келтірмей химиялық заттарды қолдану жолдарын таба аламыз[4].

Химиялық реакциялар – заттардың бір-бірімен әрекеттесуі нәтижесінде жаңа заттардың пайда болуын қамтамасыз ететін негізгі процесс. Олардың табиғаты, түрлері, механизмдері, энергетикалық аспектілері және практикалық қолданулары химия ғылымының дамуына, экологияның сақталуына және медицина, энергетика, тамақ өнеркәсібі сияқты салалардағы прогреске үлкен әсер етеді. Химиялық реакцияларды түсіну арқылы біз табиғаттың заңдылықтарын тереңірек біле аламыз және адам өмірін жақсарту үшін химияның мүмкіндіктерін пайдалана аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тұрысбеков Н. Химия негіздері. – Алматы: Білім, 2015ж.
2. Сыздықов Д., Қуандықов, Н. Органикалық химия. – Алматы: Дәуір, 2018ж.
3. Әбілқасымова Г. Физикалық химия. – Астана: Фолиант, 2017ж.
4. Кенжетәев К. Химиялық реакциялардың негіздері. – Алматы: Сардар, 2016ж..
5. Тоқтамыс Ж. Экологиялық химия. – Алматы: Білім, 2019ж.

ӨСІМДІКТЕРДІҢ ТАБИҒАТПЕН БИОЛОГИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫСЫ

МАДИЯРОВА БОТАГОЗ АКНАЗАРОВНА

Болтай батыр атындағы шағын орталықты орта мектебі, биология пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы

Резюме. В статье речь идет о биологической связи растений с природой.

Summary. The article deals with the biological connection of plants with nature.

Өсімдіктер көп өсірілген жерде сіз оп-оңай тыныс алуға болатынын байқауға болады. Олар өз бойларынан бізге оттегі шығарып қана қоймай, адам айналасындағы қоршаған ортаның биоаумағын тазартады.

Үй ішінде әдемі өсімдіктер көп болса, адамның көңіл күйіңіз әрқашан жадыраңқы жүреді [1].

Біз кейбір адамдардың гүлдерге су құйған кезде олармен сөйлесетінін естіген болатымыз. Гүлдер де адамзат сияқты оларды жақсы көргенін сезеді. Адамның көңіл-күйіне байланысты өсіліп, жетіледі. Егер үй-ішінде ұрыс-керіс, жанжал, келеңсіз жағдайлар жиі болып тұрса, олар да өздігінен солып, сарғайып ауруға шалдығуы мүмкін.

Ғылыми қорытындыларға арқа сүйесек, өсімдіктер өмірінде уақыт пен биологиялық жиілікке бағынатын таңғажайып заңдылық бар. Мысалы, таңғы сағат үште «ешкісақал» дейтін гүл бүр жарып ашылады, түн жарымында «түн патшасы» деп аталатын кәдімгі кактус қауызын қайта жабады. Өсімдіктердің осындай қасиеті барын XVIII ғасырда француз астрономы Мэран байқап, зерттеген. Ол жердің өздігінен айналуына бақылау жүргізген кезінде кейбір өсімдіктердің бір тәуліктің ішінде біресе жапырақ пен гүл жарып, біресе қауызын қайта жауып отырғанын, оның уақыттың белгілі бір мерзіміне дәлме-дәл келетінін анықтаған. Ғалымдар бұл күннің сәулесіне қатысты шығар деп ойлап, әлгі өсімдіктерді жарық түспейтін қараңғы бөлмеге қойып, бақылағанында олардың бір мезгілде жапырақ пен гүл жарып, бір мезгілде қауызын қайта жабатынының куәсі болған. Содан олар «өсімдіктерде сыртқы ортаға байланыссыз уақытты өлшегіш жүйе бар» деген қорытынды жасаған.

Өсімдіктерде де сезім бар...

Зерттеулер бойынша бөлме өсімдіктері адамға әр түрлі жақтан әсер етеді. Оның ішінде лалагүлі /лилия/, қазтабан гүлі/гусиные лапки/ ауаны ластанудың бірнеше түрінен, соның ішінде формальдегидтен тазартады. Ал, бегония мен фикус гүлдері үйіңізге келген адамдардың жағымсыз пиғылдарын өз бойларына сіңіріп, сіздерге тек оң энергия жібереді. Теледидар, компьютер, толқынды пештердің сәулелерінен сақтануға сіздерге раушан гүлдер, орхидея, өрмелегіш /лиана/ өсімдіктер көмектеседі. Балалар бөлмесіне шегіргүлдерді /фиалка/ орналастырсаңыз, олардың жеткіншектік өсіп-жетілу уақытындағы көңіл-күйін бірқалыптылыққа бейімдейді. Қазтамақ /герань/ гүлінің қасында 15 минуттай отырсаңыз да жеткілікті, сіз өзіңіздің жаңа күш жинап, демалғаныңызды сезесіз. Өйткені, бұл өсімдік эфир майларын бөліп шығарады. Сіздің ағзаңыздағы зат алмасу процесі ұлғая түседі. Ұсақ жапырақты бұрыштар мен хризантемалар жанұядағы, жұмыс орнындағы адамдардың бір-біріне деген жақсы қарым-қатынастың қалыптасуына әсер етеді [2].

Ғылыми басылымдардағы зерттеулер бойынша ой қорытсақ, өсімдік әлеміне қандай көзқараспен қарасаң, ол да саған солай «жауап» береді екен. Егерде саған біреу гүлді құмырасымен сыйға тартса, сен ол адамға әлгі гүл үшін аз болса да ақы төлеуге тиіссің. Себебі, құмырадағы гүл оған «мені бағалады»-деп «риза» болып, одан әрі жайқалып өсетін көрінеді. Ал, үй өсімдіктеріне дұрыс қарамасаң, уақытында тыңайтып, суарып тұрмасаң, ол «ренжіп», адам ағзасына зиянды улы химиялық заттарды бөліп шығарады. Яғни, қызанақ көшетін бөлмеде өсіріп, су құюды ұмытып кетсең, түнімен дөңбекшіп, ұйықтай алмайсың. Мұны жазып отырғандар өсімдік өсіруші ғалымдар, мамандар болған соң сенбей көр.

Сезімтал өсімдіктер туралы аңызға ұқсас мамандардың ғылыми қорытындылары көп. Солардың кейбіріне тоқталсақ: кактустар адамның көңіл-күйіне әсерін тигізеді. Кактусқа «туу, түрі қандай сүйкімсіз» десең болғаны, ол құрамында алкогольдік қоспалар бар улы заттарды бөліп шығаратын көрінеді... Ал бұл зат адамды ішімдікке итермелейді. Осындай сөз айтамын деп кактустың улы заттарын ағзасына сіңіріп, адамдардың ішімдікке әуестеніп кететін кездері болатынын ғалымдар тәжірибе жүзінде талай рет анықтапты да. Ғалымдар емес, қарапайым танысың айтса, сенбейтін оқиға.

Өсімдіктерге қатысты қызық көп. Кейбір өсімдіктердің қожайынын басқа бір адамнан қызғанатыны да белгілі болып отыр. Биохимия маманы, доцент Дина Балясова көп жылдар бойы адам мен

өсімдіктердің қарым-қатынасын зерттеген ғой. Ағылшын физиологы А.Мейсонның бөлмесінде көп жылдар бойы фикус өсіп тұрған. Ғалым үйленгеннен кейін оның әйелі күннен-күнге әлсіреп, сырқаттанып қалады. Бойына бала біткенінде итжерік болып, дәрігерлердің сан алуан ем қолданғанына қарамастан түсік тастайды. Осы кезде әлгі ғалымның ойына бөлмесінде өсіп тұрған фикус түсіп, әйелінің ауруға шалдыққанын содан көріп, оны үйдің қасындағы баққа апарып қояды. Сол күннен бастап әйелі құлан-таза айығып, қайтадан бала көтеріп, оны аман-сау өмірге әкеледі.

Сөйтсе, фикус өз қожайының әйелінен қызғанып, химиялық қоспалы заттарды бөле берген, тек ол Мейсонға зиянын тигізбеген. Әрине, өсімдіктердің бәрі зиянды емес. Ғалымдардың пайымдауынша, фиалка (шегіргүл) өз қожайының жақсы көрегіні соншалықты, ол басқа жаққа кетсе, қатты сағынады екен. Қазтамақ (герань) басқа өсімдіктерден өзін бірінші суармаса, «ренжіп қалады». Ол осы ренішін көпке дейін гүл ашпай білдіреді.

Ертеде адамдар зығырды (лен) екенде жалаңаштанып жұмыс істеп, «көрдің бе, сен өнім бермесең, мен жалаңаш қаламын» деп айтады екен. «Қыдырып» кеткен күйеуін үйге қайтару үшін әйелдер өздерінің жататын бөлмесіне алқзыл түсті гүлді қойған. Сол гүл тұрған бөлмеде үш күн қонған күйеуі одан әрі ешкімге қарамай, әйеліне сезімі арта түскен.

Зерттеушілердің пікірінше, ең жағымды гүлдердің бірі – қазтамақ. Ол тұрған бөлмеде ұрыс-керіс болмайтын көрінеді. Ұрыс-керіс бола қалса, өсімдік адамның жүйкесін тыныштандыратын зат бөле бастайды да, ренжіскендер тез татуласып кетеді.

Гүлді әркімнің өз қолымен егіп, күтіп-баптап өз үйіне өзінің орналастырғаны дұрыс, дейді мамандар. Гүлді сәбиіңді баққандай күтсең, ол өскен соң денсаулығыңа, отбасыңа оң әсерін тигізеді. Ал гүлдердің қасында бір сағаттай отырсаң, көңіл күйің көтеріліп, барлық жаман ойдан арыласың. Бала кезімізде ауылдың бір абыз қариясы: «Ағаш, гүлдің де жаны бар. Оларды тектен-текке сындырып, жұлып, обалына қалмандар», – дейтін еді, мүмкін, шын шығар. Әйтеуір, табиғаттың жамандықты да, жақсылықты да сезіп, біліп, соған сай жауап қайтаратынын көріп те, естіп те жүрміз.

Бөлмеңізге гүл жапырақтарының жалпақ, домалақ тәріздес түрлерін көп өсірген жөн. Олар адамдарға табыс, ақша келуіне әсер етеді. Жапырақтардың тікенек, тік /мысалы, кактус, алоэ/ болғаны адамға жағымсыз қолайсыздық туғызуы мүмкін. Әсіресе, жанұялы отбасыларда ұрыс-керіс шақырады. Дәрілік өсімдік ретінде қажеттілік тудырса, кез келген дәріханадан алоэны сатып алуға болады.

Гүлдеріңіздің ауруға шалдыққанын, сарғайып кеткенін байқасаңыз, олардың орнын басқа жерге ауыстырыңыз. Егер ол жерден оңалып кетсе, онда жақсы. Болмаған жағдайда одан құтылғаныңыз жөн.

Бөлмеңізде өзіңізге ұнамайтын бұрыштар болса оларды бейтараптандыру үшін шашыраңқырап өсетін шырмауық өсіруіңізге болады.

Әдемілік үшін арнаулы құтыға өсірілген гүлдер немесе жаңа кесіп алынған гүлдерді қолданыңыз. Олар да тіршілік иесі тәрізді өздеріне қарауды қажет етеді. Өсімдіктеріңіз әрдайым таза, әдемі болуы керек. Егер сіздің оларға қарауға уақытыңыз жоқ болса, қарауды көп қажет етпейтіндерін таңдауға тырысыңыз немесе мүлдем оларды өсірмеңіз [3].

Гүлдер адам өмірінің алға басуына септігін тигізеді. Адамның белсенділік танытуына қуат береді. Сіздің ұйқыңыздың дұрыс болып, тыныш ұйықтағыңыз келсе олардың демалатын жатын бөлмеде болмағаны жөн. Тек, егер сіздің сүйіктіңіз сізге туған күніңізге немесе мереке күндері гүл сыйлаған жағдайда ғана оларды жатын бөлмеге қоюға болады. Өйткені, ол гүлдер сіздің сүйіктіңіздің сізге деген махаббатына толы. Арнайы құтыға таза су құйып салып қойыңыз. Ал олардың суын ауыстырып тұруды, жағымсыз иістің болмауына көңіл аударыңыз, уақыты келгенде лактырып тастауды ұмытпаңыз [4].

Бөлмеде солып қалған гүлді ұстамауға тырысыңыз. Кейбір адамдар кептірілген гүлдерден әдемі композициялар жасауды ұнатады. Ал олар – солған, өлген гүлдер деп есептеледі. Олар адам өміріне, күнделікті әрекеттеріне қарсы энергия туғызуы мүмкін. Сол себепті оларды сақтамауға тырысыңыз. Әсіресе, сіз жұмыс істейтін бөлмеде /атап айтқанда ғылыммен айналысу, кітап жазу, зерттеулер жүргізу т.б./. Тіпті сізге қатты ұнайтындары болса, жыл сайын оларды ауыстырып тұру қажет.

Тірі гүлдердің орнына қазіргі кезде көп жағдайларда қалас гүлдер /искусственные/ қолданылады. Оларды сатып алмауға тырысыңыз. Сіз тіршілік иесі болғаннан кейін, үйіңізде де тірі гүлдердің болғаны дұрыс. Қалас гүлдерді үй-ішіңізде аллергиясы бар адамдар болса, бөлмеңізге күн сәулесі нашар түскен жағдайда ғана пайдаланыңыз [5].

Гүл өсіретін арнаулы құтылардың көгілдір, жасыл, ақ, ақ сары түстерін сатып алсаңыз дұрыс.

Гүл өсіруге қызықсаңыз, жоғарыдағы кеңестерді пайдалануға тырысыңыз. Бірақ, ең басты кеңесші сіздің ішкі жан дүниеніз екенін ұмытпаңыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Калишш Ф. Л., Сарнацкая В. В., Полищук В. Е. Методы культуры тканей в физиологии и биохимии растений. Киев: Наукова думка, 1980. 488 с.
- 2.Катаева Н. В., Бутенко Р. Г. Клональное микроразмножение растений. М.: Наука, 1983. 97 с.
- 3.Культура клеток растений. М.: Наука, 1981. 167 с.
- 4.Кулыура клеток и биотехнология. М.: Наука, 1986. 285 с.
- 5.Муромцев Г.С., Бутенко Р. Г., Тихоненко Т. И., Прокофьев М, М. Основы сельскохозяйственной биотехнологии. М.: ВО Агропромиздат, 1990. 384 с.

ӘОЖ 371.320.16

ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

МОЛДАГУЛОВА КАРЛЫҒАШ НУРҒАЗИЕВНА

Ш.Смаханұлы атындағы №44 орта мектебінің физика пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

МАҚСҰТ АЛЬМИРА

Ш.Смаханұлы атындағы №44 орта мектебінің 10 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются цели и задачи обучения физике.

Summary. The article discusses the goals and objectives of teaching physics.

Ұзақ уақыт бойы мектепте физиканы оқытудың негізгі мақсаты оқушыларға физиканың негізі бойынша терең де берік білімді қалыптастыру болып келді. Қазіргі кезеңде белгілі бір көлемде оқушыларға физикалық білімді қалыптастыру барысында оларды тәрбиелеп, дамыту мақсаттары тұр. Физиканы оқыту мақсаттарының құрамы да кеңейді: оқушыларда физиканың зерттеу әдістері туралы білімді қалыптастыру, физиканы оқыту барысында мамандық таңдауға әзірлеу, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту деген мақсаттар соңғы кезде енді.

Орта мектептерде физиканы оқыту мақсаттарын топтап, әр топқа сәйкес оқытудың нақты мақсаттарын мына кесте арқылы көрсетуге болады:

Кесте 1.

Оқыту мақсаттарының тобы	Физиканы оқытудың нақты мақсаттары
Алдыңғы ұрпақтың жинаған білімі мен тәжірибесін меңгеру	Негізгі физикалық білімдерді қалыптастыру: фактлар, ұғымдар, теориялар, заңдар, әлемнің физикалық бейнесі Физикадағы танымның әдістері туралы білімді қалыптастыру Ғылыми-техникалық прогрестің негізгі бағыттары мен техниканың ғылыми негіздері туралы білімді қалыптастыру Құбылыстарды түсіндіре білу, білімді есеп шығаруда қолдана білу ебдейліктері мен эксперименталдық ебдейліктерін қалыптастыру Ғылыми дүние танымдық көзқарасты қалыптастыру Физиканың қоғам өміріндегі рөлі туралы, қоғамның, техниканың, басқа ғылымдардың дамуы мен физиканың дамуының арасындағы байланыс туралы түсінік беру Мамандық таңдауға, практикалық іс әрекетке әзірлеу
Тұлғаның психикасының функцияналдық механизмін дамыту	Есте сақтау, сөйлеу, қабылдау, елестету қабілеттерін дамыту Ойлау қабілеттерін дамыту

Тұлғаның жалпы типологиялық қасиеттерін қалыптастыру	Жалпы қабілеттерін дамыту Өз бетімен еңбек ету дағдысын қалыптастыру Тұлғады адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру Бағалай білу ебдейліктерін қалыптастыру
Тұлғаның жеке басының қасиеттерін дамыту	Физикаға деген қызығушылықтарын, қабілеттерін дамыту Оқу мотивін қалыптастыру

Физиканы оқыту мақсаттары өзара байланыста болып келеді. Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту мақсаты олардың білімдерін есептер шығаруда қолдана білу икемділіктері мен дүниетанымдық көзқарастырын қалыптастыру барысында жүзеге асады.

Әртүрлі кәсіп бағытындағы сынып оқушыларына физиканы оқыту мақсаттарының өз ерекшеліктері бар. Мысалы, физика-математикалық бағыттағы сынып оқушылары мектеп бітіргеннен соң физика-математикалық бағыттағы жоғары оқу орнына түседі. Сондықтан оларды танымның физикалық әдістерімен таныстырып, оларда зерттеушілік эксперименттік ебдейліктерді, физикалық есептер шығаруда жоғары математикалық аппаратты қолана білу икемділіктерін қалыптастыру қажет [1, 176.].

Техникалық бағыттағы сынып оқушылары техникалық жоғары оқу орындарына оқуға түседі. Сондықтан бұл оқушыларға техника мен технологияның негізі физика екендігі жөнінде түсініктерді, конструкторлық икемділіктерді қалыптастыру болып табылады.

Биологиялық-химиялық бағыттағы сынып оқушылары өздерінің болашақтағы кәсіби қызметтерін медицинамен, биологиямен, химия саласымен байланыстырады. Сондықтан оларда физиканы оқыту барысында физикалық, биологиялық, химиялық құбылыстар өзара байланысты екендігін, химиялық, биологиялық процестерді зерттеуде физикалық әдістердің қолданылатындығы жөнінде түсініктерінің болып, зерттеушілік, экспериментальдық икемділіктері қалыптасуы керек [2, 296.].

Гуманитарлық бағыттағы оқушылар, әдеттегідей, физиканы одан әрі оқымайтын болады; олардың болашақтағы кәсіби қызметтері физикамен байланысты болмайды. Сондықтан бұл оқушыларға физиканы оқыту міндетіне базалық білімдер мен икемділіктерді, физиканың жалпы адамзаттық мәдениеттің элементі болып табылатындығы жөнінде және физиканың дамуының қоғамның, техниканың, басқа ғылымдардың дамуымен байланысы туралы түсініктерді қалыптастырып, физика ғылымының гуманитарлық потенциалын ашып көрсету.

Жалпы білім беру мектептеріне арналған физика бойынша бағдарламаның түсініктемелік жазбасында пәнді оқыту міндеті – оқушыларға эксперименттік фактілер, түсініктер, заңдар, теориялар, физикалық ғылымның әдістері, әлемнің қазіргі ғылыми бейнесі, техника мен технологияда физикалық заңдарды қолданудың кең мүмкіндіктері жөнінде білімдерді игеру қажеттілігі ретінде тұжырымдалады. Сонымен мектепте игерілуге қажетті.

Физикалық білімдер элементтеріне фактілерді, түсініктерді, заңдарды, теорияларды, әлемнің физикалық бейнесін, техникада физикалық заңдарды қолданулар жатқызылады. Білімнің бұл элементтері әртүрлі деңгейлерде игерілуі мүмкін.

Сонымен жалпы міндетті білім берудің мемлекеттік стандартында көрсеткендей «Физика» пәнін оқытудың басты мақсаттары:

1) даму үстіндегі іргелі физикалық теориялардың біртұтас жүйесі түрінде көрініс беретін әлемнің шынайы физикалық бейнесі арқылы оқушының ғылыми дүние танымын қалыптастыру;

2) оқушыларға жеке және әлеуметтік проблемаларды шешуге мүмкіндік беретін физика бойынша базалық білім жүйесін шығармашылықпен қабылдау тәсілдерін үйретудің, сондай-ақ іс-әрекет объектісіне айналып отырған болмысқа эмоционалды құндылық қатынастың әлеуметтік тәжірибесін меңгерту негізінде олардың өмірлік дағдыларын дамыту.

Бұл мақсаттар оқыту процесінде оқытудан күтілетін нәтижесінде елеулі саралауды, сондай-ақ физиканың типтік оқу бағдарламасында көрсетілуі тиіс көптеген қосалқы және басқа жеке мақсаттарға жетуді көздейді.

Физиканы оқытудың мақсаттарынан оның мынадай басты міндеттері туындайды:

1) білімді ұжымдық және жеке дара қабылдау тәсілдерін тиянақты меңгерту негізінде оқушыларды үздіксіз білім алуға дайындау, ол үшін оқу-эксперименттік зерттеулер жүргізуге және бақыланған физикалық құбылыстарды теориялық тұрғыда түсіндіруге мүмкіндік беретін ғылыми таным әдістерінің қажетті дағдыларын қалыптастыру;

2) оқушылардың санасына табиғат пен оны танып білу туралы білімнің қисынды жүйесін қалыптастыру;

3) оқушылардың шығармашылық қабілетін және ойын дамыту;

4) планеталық ауқымдағы процестерге оқушылардың қатынасы бар екенін және олардың өз іс-әрекетінің экологиялығына жеке жауапкершілігін қалыптастыру;

5) оқушыларды бүгінгі жедел қарқынмен дамып отырған технологияландырылған қоғамда өмір сүруге бейімдеу.

Физиканы оқытудың басты міндеттері негізінде типтік оқу бағдарламасында неғұрлым нақты дидактикалық міндеттер айқындалады, оның ішіндегі аса маңыздысы-оқушыларға білім алу тәсілдерін үйрету.

Физиканы оқыту мақсаттарын білім беру, тәрбиелеу және дамыту деп жүктеуге болады.

Физиканы оқытудың білімділік мақсаты:

1. Физика ғылымының негізімен, оның негізгі ұғымдарымен, заңдарымен, теориясымен таныстыру.
2. Оқушылардың санасында қоршаған әлемнің жаратылыстану-ғылыми көрінісін қалыптастыру.
3. Жаратылыстану-ғылыми зерттеулердің негізгі әдістемелерін меңгерту.
4. Политехникалық білім беру.

Физиканы оқытудың тәрбиелік мақсаты:

1. Диалектикалық-материалистік дүниетанымды қалыптастыру;
2. Оқушыларды танымдық және практикалық іс-әрекетте дұрыс методологиялық тәсіл жасауға үйрету;

3. Еңбекке, ынтылылыққа және қиындақтарды жеңуде табандылыққа тәрбиелеу.

Физиканы оқытудың дамытушылық мақсаты:

1. Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, индуктивтік, дедуктивтік, ұқсастық бойынша ой қорытуды пайдалана білу;

2. Физика ғылымының құрылымын түсінуді қалыптастыру;

3. Физикалық теориялардың, олардың элементтерінің: ұғымдардың, модельдердің, заңдардың қолдану шекаралары туралы білімді қалыптастыру;

4. Белгілі теориялық қағидаларды, математикалық аппарат-тарды, графикалық әдістерді, анықтамалық әдебиеттерді, есептеу техникасын және т.б. пайдаланып, есептер шығара білуді дамыту;

5. Физикалық құбылыстардың жұмыс принципін, құрылысын біліп, оларды пайдалана отырып, өлшеу нәтижелерін өңдеу және өлшеулердің қателіктерін анықтап, эксперименттен алынған шамалар бойынша қорытынды жасап, эксперименттер жүргізу икемдігін дамыту;

6. Қарапайым техникалық қабілеттілікті дамыту.

Оқытудың қарастырылған жалпы мақсаттары физиканы оқыту процесін құрудың негізі, іргетасы болады.

Оқыту үрдісінде білімді жинақтауға ғана емес, білімге ие болу икемділігін қалыптастыру көзделінеді. Осыған байланысты қазіргі мектепте мұғалім сабақта оқушылардың алдарында тұрған проблемалар мен проблемалық жағдайларды шешуде барлық іс-әрекеттерін өз бетінше жоспарлап, шығармашылық, танымдық қабілеттерін дамытуға бағыттау керек. Оқушылардың жұмысын осы бағытта ұйымдастыра білген мұғалім - дарынды мұғалім [3, 486.].

Физиканы оқытуда, оқушылардың тек ғылымның негізін біліп қана қоймай, ғылыми таным әдістерін, қазіргі заманғы өндірістің, техниканың, адамға тұрмыстық қызмет көрсетудің практикалық тәсілдері мен икемділіктерін игере білуі тиісті. Осыған байланысты қазіргі мектептерде оқу әдістемелерін жетілдіруге көбірек көңіл бөле бастады, оларды әлеуметтік, ғылыми-техникалық прогреске сәйкестендіру қолға алынуда.

Физика курсына әрбір тақырып бойынша міндетті меңгерулігіне тиісті білім элементтерімен қатар қосымша материалдар да бар. Олармен мұғалім таныстырып, түсіндіреді, бірақ оны оқушылардың барлығынан бірдей сұрай бермейді. Негізгі қажетті оқу материалын оқушылардың есте сақтауын талап етіп, соған жағдай жасау керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Каменецкий С.Е., Орехова В.П. Методика решения задач по физике в средней школе.- М., 1987.
